

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ

АХМЕТ

Шығармаларының
академиялық
толық жинағы

ТӨРТІНШІ ТОМ

Алматы, 2022

УДК 821.512.122
ББК 84 (5 қаз)
Б 20

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Ғылым комитеті

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған

OR11465467-OT-21 «Әдебиеттану және өнертану саласындағы қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында жаңа гуманитарлық білімді қалыптастыру және инновациялық зерттеулер жүргізу: әлемдік тәжірибе және отандық практика» атты конкурстан тыс нысаналы бағдарлама аясында әзірленді.

«Академиялық басылым» сериясының негізі 2020 жылы қаланған

Идея авторы және жоба жетекшісі:
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі,
филология ғылымдарының докторы К.І. Матыжанов.

Томның редакция алқасы: Матыжанов К. (жалпы редакциясын басқарған), Ісімақова А., Жұбай О. (жауапты редактор), Қыдыр Т., Рақыш Ж., Ақан А. (жауапты шығарушы), Сәрсек Н., Елесбай Н., Ахмет Ә., Мұстафаева К.

Пікір жазғандар:
филология ғылымдарының докторы Әнес Ғ.
филология ғылымдарының докторы, профессор Салқынбай А.

Ахмет Байтұрсынұлы. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Бестомдық. 4-том / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Матыжанов К., Ісімақова А., Жұбай О., Ақан А. – Алматы: Brand Book, 2022. – 744 б.

Т. 4 ISBN 978-601-230-108-3

Ахмет Байтұрсынұлы шығармаларының академиялық толық жинағы ғалымның 150 жылдық мерейтойына орай текстологиялық зерттеулер негізінде сараланып, мазмұндық, мәтіндік, құрылымдық тұрғыдан толықтырылып шығарылып отыр.

Жинақтың төртінші томына ғалымның «Тіл – құрал» оқулықтары, «Тіл – жұмсар » мен «Баяншы» әдістемелік құралы енгізілді.

УДК 821.512.122
ББК 84 (5 қаз)

ISBN 978-601-230-108-3

© М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2022

Жер жүзінің еңбекшілері, бірігіңдер!

БАЙТҰРСЫН ҰЛЫ АҚЫМЕТ*

ТІЛ – ҚҰРАЛ

Дыбыс жүйесі мен түрлері

I тіл танытқыш кітәб

Қазақ-қырғыз білімділерінің 1-інші тобының қаулысы бойынша өзгертіліп 6-басылыуы

А. Байтурсынов
Грамматика казакского яз. «Тиль-курал».
Часть 1-я. Фонетика. VI издание

Государственное издательство К. А. С. С. Р.
1927

* 1927 жылы жарық көрген «Тіл – құрал» кітабының мұқабасы



Сөз басы.

Тіл адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтұн қарыуының бірі. Осы дүнійедегі адамдар тілінен айрылыб, сөйлеуден қалса, қандай қыйындық күйге түсер еді, осы күнгі адамдар жазыудан айырылыб, жаза алмайтұн күйге ұшыраса, ондағы күйі де тілінен айырылғаннан жеңіл болмас еді.

Біздің заманымыз жазыу заманы: жазыу мен сөйлесіу ауыз бен сөйлесіуден артық дәражаға жеткен заман. Алыстан ауыз бен сөйлесіуге болмайды. Жазыу мен дүнійенің бір шетіндегі адам екінші шетіндегі адам мен сөйлеседі. Сондықтан сөйлей біліу қандай керек болса, жаза біліудің керектігі онан да артық, сөйлегенде сөздің жүйесін, қыйсынын келтіріб сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріб жазыу сондай керек. Сөздің жүйесін, қыйсынын келтіріб жаза біліуге сөз қандай орында қалай өзгеріліб, қалайша біріне бірі қыйындасыб жалғасатұн жүйесін біліу керек. Қалық өмірі бір жылдаб, он жылдаб, қатта жүз жылдаб да емес, мың жылдаб саналады, сондай ұзақ өмірінің ішінде әр қалықтың тұтыныб келе жатқан сөздері, ол сөздерінің біріне бірі жалғасыб тізілетүн дағдылы жолы, жүйесі, қыйсыны болады. Әр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде де сондай басқалық болады. Біздің жасынан не орысша, не ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қыйсынын нағыз қазақша

келтіріб жаза алмайды, не жазса да қыйындық бен жазады, себебі: жасынан қазақша жазыб дағдыланбағандық. Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланыб үйренген, ноғайша оқығандар ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланыб үйренген, қазақ сөздерін алыб орыс не ноғай жүйесі мен тізсе, әрійне, ол нағыз қазақша болыб шықбайды. Сондай кемшілік болмас үшін әр жұрт баласын әуелі өз тілінде оқытыб, өз тілінде жазыу-сызыу үйретіб, өз тілінің жүйесін білдіріб, жолын танытыб, балалар әбден дағдыланғаннан кейін басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталыуын тілесек, өзгелерше әуелі өз тіліміз бен оқытыб, сонан соң басқаша оқытыу тійіс. Қазақтың бастауыш мектебінде басқа білімдер мен қатар қазақ тілінің дыбыс, сөз, сөйлем жүйелерін де үйретіу керек. Бастауыш мектебтегі оқыуға шамалаб қазақ тілінің дыбыс, сөз, сөйлем жүйелері балаларға оқытыуға осы «Тіл – құрал» деген кітабшаларды шығардық.

Бастауыш мектебте балаларға тіл танытыу үш тарау болыб бөлінеді: 1) дыбыс жүйесі мен түрлері, 2) сөз жүйесі мен түрлері, 3) сөйлем жүйесі мен түрлері.

1-інші бөлімі сөйлеу мен сөйлемді, сөйлем мен сөзді, сөз бен бұуынды, бұуын мен дыбысты танытады. Дыбыс таныудан қаріб мәселесі тұуады. Дыбыс бен қаріб мәселесінен жазыу ережелері мен сөз түрлері, тұлғалары, сөз түрленіу, өзгеріулері тұуады.

Сүйтіб «Тіл – құралдың» 1-інші бөліміндегі дыбыс жүйесі мен түрлері деген тіл танытыу бөліміне осы айтылған нәрселердің бәрі де кіреді, әр қайсынан қысқаша бастауыштық даражалы білім беріледі.

«Тіл – құрал» үшке бөлінген мен әр қайсысы әр жыл оқылмайды. Бұл үшке бөліу жылдық оқыу мөлшерімен емес, тіл білімінің жүйесі бойынша үйреткен уақытта әр жүйесінен балалардың шамасына қарай әлі келерліктері алыныб үйретіледі. Қандай қай жылда үйретілетүні бастауыш мектеб пырағрамдарында көрсетілген.

Мұндағы байандалған тіл білімінің қайсысын қандай әдіс бен үйретіу жағы да толық көрсетілген жоқ. «Тіл – құрал» қазақ тілінің жүйеленген білімін байандайтын нәрсе, әр мұғалім әр түрлі әдіс бен үйретсе де, балалардың үйренетін білімі осы «Тіл – құралдағы» білім болыб шықбақ.

Қазақтың тілі түрік тілінің бір тарауы. Дүнійедегі жұрттың тілі негізінде үшке бөлінеді: 1) түбіршік тіл, 2) жалғамалы тіл, 3) қопармалы тіл. Түбіршік тіл түбкі қалыбынан өзгерілмей жұмсалады. Мәселен: қытай, жапон тілдері. Жалғамалы тіл сөздің айағына жалғау қосылыб өзгерілетін тіл. Мәселен: түрік, пійн тілдері. Қопармалы тіл сөз түбірімен қопарылыб, өзгерілетін тіл, мәселен: орыс тілі, араб тілі. Біздің қазақ тілі түркі тілдің бір тарауы болғандықтан жалғамалы тіл. Қазақ сөзінің түбірі өзгерілмей, айағына жалғау қосылыб өзгеріледі. Жалғау екі түрлі: бірі сөздің тұлғасын өзгертсе де, ішкі мағанасын өзгертбейді, екіншісі сөздің тұлғасын да, мағанасын да өзгертеді. Сондықтан бастабқысы тысқарғы, соңғысы ішкергі жалғау деб аталады.

«Құлақ» деген сөзге «тың» деген жалғау қоссақ – «құлақтың» болады. Тұлғасы өзгерді, мағанасы өзгерген жоқ. «Құлақтың» дегенде де бастың мүшесінің атын көрсетеді. Егер де «құлақ» деген сөзге «шын» деген жалғау қоссақ «құлақшын» болады. Мұнда тұлғасы да, мағанасы да өзгереді. «Құлақ» бастың мүшесін көрсетіуші еді, «құлақшын» болған соң басқа кійетін кійімнің атын көрсетіб тұр. Міні, сондықтан «тың» тысқарғы, «шын» ішкергі жалғау болады.

Екі түрлі жалғаудың тысқарғысы сөйлегенде, жазғанда сөздерді біріне бірін қыйындастырыб тізіу үшін қажет, ішкергісі бір маганалы сөзден екінші маганалы сөз шығарыб, сөзден сөз тұуғызыб, көбейтіб, тілді байытыу үшін қажет. Ішкергі жалғаудың бір сыпырасы осы бірінші жылдық «Тіл – құрал»да сөз тұлғасын сөйлеген орындарда көрсетілді, тысқарғы жалғау тұуралы екінші «Тіл – құрал»да айтылмақшы. Сөзді дұрыс тізіб сөйлеу, әсіресе дұрыс тізіб жазыу тұуралы үшінші жылдық «Тіл – құрал»да айтылмақшы.

«Тіл – құрал»да *дағдыландырыу, сынау* деген сөздер ұшырайды. «Тіл – құрал» мен балаларды оқытқанда әр ереже тұуралы аңдатыу әңгімесі болғаннан кейін, балалар әбдан түсініу үшін сөйлем – сөйлем сөздерді, мақалдарды үлгіге алыб, олардың ішінен ережеге келетүн жерлерін балаларға табтырыб, басқалардан айыртыу.

Солай бір неше ірет істеб көрсеткеннен кейін балалар керек сөздерді өздері тауыб, өздері айырыуға дағдыланады, сонан соң балалар дағдыланыб, үйреніб болды ғой дегенде нық біліб болған, болмағанын байқау керек, сынау керек, сынағанда үйренген ережелерді орнына келтіріб жаза ала ма? Жаза алмай ма? Соны сынау. Сондықтан мұғалім балалардың үйренген ережесі келетүн сөздерді ауыздан жаздырыу тійіс, йәкі кітабшадағы жорта қате жазыб қойған сөздерді дұрыстаб жаздырыу тійіс. Бір ережені балалар әбдан үйреніб, тійісті орнында жұмсай білгеннен кейін ғана келесі ережені үйретіу.

А.Б.

ТІЛ МҮШЕЛЕРІ.

Сөйлеу мен сөйлем.

1) *Жер жұтыуға тоймайды; от отынға тоймайды; құлақ естіуге тоймайды; кісі ойға тоймайды; бөрі қойға тоймайды.*

Бұл сөйлеуде 5 сөйлем бар.

2) *Еділ бойы тоғай бар; тоғай толы ноғай бар; бұурыл атта бұғау* бар; оны да кесер егеу бар; сом темірге балға бар; сұмсынғанға орда бар.*

Бұл сөйлеуде 6 сөйлем сөз бар.

Жоғарыда жазылған екі сөйлеуден көрінеді – бір сөйлеудің ішінде бір неше сөйлем болатұндығы. Алайық тағы да басқа бір сөйлеу, мәселен «Аш бала тоқ баладай ойнамайды, тоқ бала аш болам деб ойламайды» деген мақалды. Бұл сөйлеудің ішінде екі сөйлем сөз бар; оның бірі «Аш бала тоқ баладай ойнамайды», екіншісі: «Тоқ бала аш болам деб ойламайды».

Дағдыландырыу: Төменде жазылған сөйлеулердің әр қайсысының ішінде неше сөйлемнен барын айыртыб, балаларды дағдыландырыу керек.

Ақыл жастан шығады; асыл тастан шығады. Жоқтық ұйат емес; байлық мұрат емес. Мал жаным садағасы; жан арым садағасы. Жалғыз ағаш үй болмас; жалғыз жігіт бій болмас. Тұура бійде тұуған жоқ; тұуғанды бійде ыйман жоқ. Сай сайға құйады; бай байға құйады. Өзен өзенге құйады. Күн ортақ, ай ортақ, жақсы ортақ. Ашыу дұспан, ақыл дос; ақылыңа ақыл қос. Сабыр түбі сары алтын: сарғайған жетер мұратқа, асыққан қалар ұйатқа. Шалқайғанға шалқай: пайғамбардың ұлы емес; еңкейгенге еңкей: атаңнан қалған құл емес. Атаң жаман кісі еді: ат бергеннің құлы еді; енең жаман кісі еді: Мәскеудің қара күні еді. Іш қазандай қайнайды, күресіуге дәрмен жоқ; қойан қолтық алысыб, жығылсаң да арман жоқ.

* Бұғау – кісен

Сөйлем мен сөз.

Бір сөйлемнің ішінде бір неше сөз болады; мәселен, «Аш бала тоқ баладай ойнамайды» деген сөйлемнің ішінде бес сөз бар: 1) *аш,* 2) *бала,* 3) *тоқ,* 4) *баладай,* 5) *ойнамайды.*

Алайық «Тоқ бала аш болам деб ойламайды» деген сөйлемді. Мұның ішінде: 1) *тоқ,* 2) *бала,* 3) *аш,* 4) *болам,* 5) *деб,* 6) *ойламайды.*

Дағдыландырыу. Төмендегі жазылған сөйлемдердің әр бірінің ішінде неше сөзден барын айыртыу.

Үлкен бастар, кіші қостар. Қойанды қамыс өлтірер; ерді намыс өлтірер. Орақшының жаманы орақ таңдайды. Қас жорғадан жортақ тұуар, қас батырдан қорқақ тұуар; қас шеберден шорқақ тұуар. Өз ақылын шамалаған қор болмас. Өзі білмес, өзгенің тілін алмас. Тентектің ақылы түстен кейін енеді. Атадан бала тұуса ійгі; ата жолын құуса ійгі; бетіне келер ұйатын өзі біліб жұуса ійгі. Ананың көңілі балада; баланың көңілі далада. Көб баланың ішіндегі қарт бала болар; көб қарттың ішіндегі бала дана болар. Білген кісі тауыб айтады; білмеген кісі қауыб айтады. Жібекті сақтай білмеген жүн етеді; қызды сақтай білмеген күң етеді.

Сынау. Төмендегі сөйлемдердің ішінде неше сөзден бар екенін айырыб, әр сөйлемнің ішіндегі сөздерді бастан айақ нөмірлеб, жақша* ішіне нөмірлерін қойыб жазыңдар. Үлгі: 1) *Балалы үй базар.* Жазыу керек: 1) *балалы,* 2) *үй,* 3) *базар.*

Өлген келмес; өшкен жанбас. Берген алар; еккен орар. Жер таусыз болмайды; ел даусыз болмайды. Біреу тойыб секіреді; біреу тоңыб секіреді. Шам жарығы түбіне түсбес. Аузы жаман елді былғар; айағы жаман төрді былғар.

Білегі толық бірді жығар; білімі толық мыңды жығар. Екі қатын алғанның дауы үйінде; жаман қатын алғанның жауы үйінде. Қайтыб кірер есікті қатты серіббе. Төс табаны жайылған, атан жүрер жол екен. Төсегінен айырылған адам жүрер жол екен.

* Жақша деп мынаны ( ) айтады.

Сөз бен бұуындар.

Бір сөздің ішінде бір неше бұуын болады. Мәселен, «ат» деген сөзде бір ақ бұуын бар; «а-та» дегенде екі бұуын бар; «а-та-лар» дегенде үш бұуын; «а-та-лар-ға» дегенде төрт бұуын; «а-та-ла-ры-ма» дегенде бес бұуын; сөз бұуын санына қарай бір бұуынды, үш бұуынды, төрт бұуынды, онан көбі көб бұуынды сөз деб аталады.

Дағдыландырыу. Төмендегі сөздердің бұуындарын айыртыу.

Бал, бала, балалар, сау, саулық, саусақ, сауда, саудагер, тай, тайау, тайғақ, тайлақ, тайғанақ, тайсалыу, тайпалыу, тайаныу, аш, ашық, ашқыш, ашқан, ашқарақ, ашқылтым, жан, дене, самай, сақал, мойын, кеуде, алақан, шеміршек, апа, қарындас, немере, нағашы, құдаша, қаз, қарға, қара құс, қарылғаш, жапалақ, балшықшы, жағалтай, күйкентай, безгелдек, қызғаншақ, қарғаныуға, сақтаныуға, аударыуға, құлатыуға, сескеніуге, өстіріуге, солқылдауға, сандырақтауға, шашыратыуға, аударыстырыуға, ұшыратыуға.

Сынау. Төмендегі сөздерді бұуынға бөліңдер, бұуындар арасына сызықша «-» қойыңдар.

Үлгі: *сау-да, са-йақ, а-сық, тұш-қыл-тым, са-рым-сақ, сақта-ныу-ға, жал-пыл-дау-ға, а-тыс-тырыу-ға.*

Ел құлағы еліу. Бұлт ала, жер шола. Дауыл болмай жауын болмас; ійт баласы сауын болмас. Жақсы келсе құт; жаман келсе жұт. Тійсе терекке, тіймесе бұтаққа. Ер тұуған жеріне, ійт тойған жеріне. Көб қорқытады; терең батырады. Ұйада не көрсең, ұшқанда соны аларсын. Арзанның сорпасы татымас. Бақыр қазан піскені баршамызға пайдалы. Көшсе, көш қасындамыз; отырса, от басындамыз. Үйге келгенде үйдей өкпеңді айтба, ас қадырын білмесең, ашаршылық берер сазаңды; ат қадырын білмесең, жайаулық берер сазаңды. Шақырғандарға бар; шаққандардан қаш. Шақырғандарды шақырамын, шақырмағандарға қақырамын.

Бұуын мен дыбыс.

Бір бұуынның ішінде бір неше дыбыс болады; мәселен: «не?», «же!», «мә!», «ат», «аш» деген сөздердің ішінде бір бұуыннан бар, мұндағы әр бұуында екі-екі дыбыстан бар. «Не?» (бірінші дыбыс «н», екінші дыбыс «е»). «Же!» (бірінші дыбыс «ж», екінші дыбыс «е»), «ат» (бірінші дыбыс «а», екінші дыбыс «т»), «аш» (бірінші дыбыс «а», екінші дыбыс «ш»).

Қаб, бас, жел, күл, мес, сор, бай, жау деген сөздер бір бұуынды, бірақ бұлардың әр бұуынында екіден емес, үш-үштен дыбыс бар: *қ-а-б, б-а-с, ж-е-л, к-ү-л, м-е-с, с-о-р, б-а-й, ж-а-у.* Бір дыбысты бұуындар да болады; мәселен, *а-ра, а-та, а-ғыу, а-сыу, а-зыу, а-сы* деген сөздердің бірінші бұуындарында бір-бір дыбыстан, екінші бұуындарында екі-екі дыбыстан бар. Дыбыс таңбасын қаріб деб атаймыз, сондықтан *жазған сөз ішінде бәлен қаріб бар* дейміз; *айтқан сөз ішінде бәлен дыбыс бар* дейміз. Дыбыс бен қаріб екеуі екі басқа нәрсе, біріне-бірін қатыстырыб, шатыстырмасқа тійіс. Дыбыс естілетүн, көзге көрінбейтүн нәрсе, қаріб көрінетүн, естілмейтүн нәрсе.

Дағдыландырыу. Төмендегі сөздердің бұуындарында неше қарібтен бар екенін айыртыу.

Ақ, тоқа, саз, бет, құн, ай, бай, сай, тау, бау, жау, ата, ара, жала, шана, азы, аты, асы, жасы, саны, жаны, аран, ажар, ұзау, бұрау, арзан, шортан, бұршақ, тармақ, салмақ, алмалы, салмағы, тармағы, шарбағы, атбаған, жатбаған, қалмаған.

Сынау. Төмендегі сөздерді бұуынға бөліу, әр бұуындағы қарібтің санын бұуын үстіне сыйпыр мен қойыу керек.

Жарлы болсаң арлы болма; бар болсаң тасба, жоқ болсаң сасба. Бары мен базар, жоқты қайдан қазар. Пайдасыз болса, байдан без, панасыз болса, сайдан без. Бар мақтанса табылар, жоқ мақтанса шабылар. Талтаңдасаң талтаңда, ақшаң болса қалтаңда. Күлме досыңа, келер басыңа. Досқа күлкі, дұспанға таба болма. Ақшаны жолдан табсаң да, санаб ал. Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі. Ақыл жас ұланнан, жүйрік тай құнаннан. Сыйыр сыйпағанды білмес, жаман сылағанды білмес. Көше

білмес жамандар, көшсе көлік өлтірер, сөйлей білмес жамандар, сөзді өзіне келтірер.

Қазақ тіліндегі дыбыстар; олардың таңбалары.

Қазақ тілінде барлығы 24 дыбыс бар. Олардың таңбалары мынау: а, б, п, т, ж, д, р, з, с, ш, ғ, қ, к, г, ң, л, м, н, о, ұ, у, е, ы, й.

Бұлардан басқа бір көмекші белгі «дәйекші» (ء) бар.

Дыбыстар дауысты, дауыссыз болады. Соған қарай таңбалары да дауысты, дауыссыз болыб бөлінеді*. Дауысты таңбалар: а, о, ұ, ы, е.

Сынау. Төмендегі сөздерді бұуынға бөліб, бұуын ішіндегі дауысты таңбалардың астын сызыб, көрсетіңдер.

Басқа келген бәледен бастан құлақ садаға. Соқыр көргенінен жазбас. Соқырдың қолына түсбе, саңыраудың астына түсбе. Бір аштың бір тоқтығы бар. Не ексең, соны орарсын. Тас бен ұрғанды ас бен ұр. Құлақ естігенді көз көрер. Ағаш көркі жапырақ, адам көркі шүберек. Кімнің жерін жерлесең, соның жырын жырларсын. Берген жомарт емес, алған жомарт. Ат ерінді келер, ер мұрынды келер. Өгізді өрге салма, қанатың талар; жаманға жүзің салма, сағың сынар. Адасқанның артындағысы білер, жаңылғанның жанындағысы білер.

Дауыссыз таңбалар: б, п, т, ж, д, р, з, с, ш, ғ, қ, к, г, ң, л, м, н, у, й.

Сынау. Төмендегі сөздерді бұуынға бөліб, бұуын ішіндегі дауыссыз таңбалардың астын сызыб көрсетіңдер.

Басқа келген бәледен бастан құлақ садаға. Соқырдың қолына түсбе, саңыраудың астына түсбе. Бір аштың бір тоқтығы бар. Не ексең, соны орарсын. Тас бен ұрғанды ас бен ұр. Құлақ естігенді көз көрер. Ағаш көркі жапырақ, адам көркі шүберек. Кімнің жерін жерлесең, соның жырын жырларсын. Берген жомарт емес, алған жомарт. Ат ерінді келер, ер мұрынды ке-

* Дыбыстар қандай түрге бөлініб, қалай аталса, олардың таңбалары да солай бөлініб, солай аталады.

лер. Өгізді өрге салма, қанатың талар, жаманға жүзің салма, сағың сынар. Адасқанның артындағысы білер; жаңылғанның жанындағысы білер.

Дауыссыз дыбыстар түрлі қасійеттеріне қарай өз ара бірнеше түрге бөлінеді.

1) Жарты дауысты дыбыстар: **р, л, у, й.**

Дағдыландырыу. Төмендегі сөздердің ішіндегі жарты дауысты дыбыстардың таңбаларын айыртыу.

Дағдыландырыу. Төмендегі сөздердің ішіндегі жарты дауысты «у» жана «й», «р», «л»дарды айыртыу.

Бай байға құйар; сай сайға құйар. Өзі тойса да, көзі тоймайды. Айбар керек, әл керек, әлсіз айбар не керек? Аурыу қалса да, әдет қалмайды. Ден саулық зор байлық. Айналдырған аурыу алмай қоймас.

Сарт байыса там салар; қазақ байыса қатын алар. Тойға барсаң, тойыб бар; жұмысыңды қойыб бар. Ат айағын тай басар. Айыудан қорыққан тоғайға бармас. Жер таусыз болмайды, ел даусыз болмайды. Тай тұулаб үйірінен шықбас. Ішің ұудай ашыйды, еш амал жоқ етіуге.

Сынау. Төмендегі сөздердің ішіндегі жарты дауысты дыбыстардың таңбаларының астын сызыб көрсетіңдер.

Той тондынікі, ас аттынікі. Бәрің бірдей тойшы болсаң, құу боласын; бәрің бірден қойшы болсаң, құл боларсын. Ақсақ қой түстен кейін маңырайды. Май сасыса тұз себер, тұз сасыса не себер? Түйенің үлкені көпірде тайақ жейді. Бір байдың жұртына екі тышқан таласыбты. Ат аунаған жерде түк қалады. Атты қамшы мен айдама, жем мен айда. Қойшы көб болса, қой арам өлер. От бен ойнасаң, күйерсін, бала мен ойнасаң шаршарсын.

Соңғы түйенің жүгі ауыр. Тай тұулаб үйірден шықбас. Шірікке шыбын айналар. Жыртық үйге тамшы үйір, арық атқа қамшы үйір. Байтал шауыб, бәйгі алмас. Екі кеменің құйрығын ұста жетсін бұйрығың.

2) Қатаң дыбыстар: **б, п, т, с, ш, қ, к.**

Дағдыландырыу. Төмендегі сөздердің ішіндегі қатаң дыбыстардың таңбаларын айыртыу.

Соқырдың қолына түсбе, саңыраудың астына түсбе. Берсең аларсын, ексең орарсын. Ат ерінді келер, ер мұрынды келер. Базарға бар да, бағың сына. Ұлың өссе ұлықты мен ауыл бол; қызың өссе қылықты мен ауыл бол. Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер. Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келер. Бүркіт қартайса тышқан аулар. Іт жеңгенін талайды. Құуда сүт жоқ, жылқыда өт жоқ.

Сынау. Төмендегі сөздердің ішіндегі қатаң дыбыстардың таңбаларының астын сызыб көрсетіңдер.

Өлген келмес, өшкен жанбас. Жақсы келсе құт, жаман келсе жұт. Тійсе терекке, тіймесе бұтаққа. Жемісті ағаштың басы төмен. Көб тілегі көл. Ел құлағы еліу. Жеті ірет піш, бір ірет кес. Көз қорқақ, қол батыр. Жер – анасы, мал – баласы. Күлме досыңа, келер басыңа. Тамыр тартқан тарықбас. Сақтықта қорлық жоқ. Шөб біткен жерге бітер. Аспанға қарай оқ атба, өзіңнің түсер қасыңа. Аш тамағым, тыныш құлағым. Тез қасында қыйсық ағаш жатбас. Шам жарығы түбіне түсбес. Қойшы көб болса, қой арам өлер. Іт семірсе ійесін қабар. Ат аунаған жерде түк қалады. Аман болса бұл басым, тағы шығар бұл шашым.

3) Ұйаң дыбыстар: **м, н, ң.**

Дағдыландырыу. Төмендегі сөздердің ішіндегі ұйаң дыбыстардың таңбаларын айыртыу.

Талтандасаң талтаңда, ақшаң болса қалтаңда. Берсең аларсын, ексең орарсын. Базарға бар да бағың сына. Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер. Оқыу – білім азығы, білім – ырыс қазығы. Асың барда ел таны, атың барда жер таны.

Сынау. Төмендегі сөздердің ішіндегі ұйаң дыбыстардың таңбаларының астын сызыб көрсетіңдер.

Жақсыдан жаман тұуады, жүйріктен шабан тұуады. Тон жағасыз болмайды, ел ағасыз болмайды. Батыр ортақ, бай ортақ, төресі әділ бій ортақ. Қанның басын қан жұтар, қардың

басын қар жұтар. Сенікі, менікі деген көңіл тарлығы, әрі жат, бері жат деген төсек тарлығы. Тау мен тасты сұу бұзар, кісі арасын сөз бұзар. Ат ерінді келер, ер мұрынды келер. Кімнің жерін жерлесең, соның жырын жырларсын. Берген жомарт емес, алған жомарт.

4) Ымыралы дыбыстар: **ж, з.**

Дағдыландырыу. Төмендегі сөздердің ішіндегі ымыралы дыбыстардың таңбаларын айырыу.

Сан тіймеске сан тійді, табақ-табақ нан тійді. Саңырауға сәлем берсең, атаңның басы дейді. Жорға мінген жолдасынан айырылады. Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер. Көб жасаған құрдасынан айырылады. Жығылған күреске тоймас. Сайақ жүрсең, тайақ жерсін. Тыңдамасқа сөйлеген есіл сөзім, жыламасқа жылаған екі көзім. Аузы күйген үріб ішер. Жеген білмес, тұураған білер. Бұйдалаған тайлақтай, жетелеген мойнақтай. Шын жомарт жоқтығын елемес, шын жүйрік тоқтығын елемес. Түлен түртбесе, түнде қайда барасын?

5) Ымырасыз дыбыстар: **д, ғ, г.**

Дағдыландырыу. Төмендегі сөздердің ішіндегі ымырасыз дыбыстардың таңбаларын айыртыу.

Екбей егін бітбес. Тез қасында қыйсық ағаш жатбас. Жыртық тесікке күледі. Ұйалмаған өлеңші болар; ерінбеген етікші болар. Ұйқы төсек талғамайды. Күркіреген күннің жауыны аз. Жығылған сүрінгенге күледі. Жер жұтыуға тоймайды;от отынға тоймайды; көз көріуге тоймайды; құлақ естіуге тоймайды; көңіл ойға тоймайды; бөрі қойға тоймайды. Жау жағадан алғанда, ійт етектен алады. Көрген жерде бой сыйлы, көрмеген жерде тон сыйлы. Ел қыдырған сыншы болар, тоғай қыдырған үйші болар. Ұйада не көрсең, ұшқанда соны аларсын. Ер тұуған жеріне, ійт тойған жеріне. Қазаншының еркі бар қайдан құлақ шығарса. Жоғарыда орын барда төмен отырма. Ас адамның арқауы. Жаз шанаңды сайла, қыс арбаңды сайла.

СӨЗ ТҰЛҒАЛАРЫ.

1) түбір сөз.
2) тұуынды сөз.
3) қос сөз.
4) қосалқы сөз.
5) қосымшалар.

1) Түбір сөз дегеніміз бастабқы мағанасындағы, бастабқы тұлғасындағы сөз. Мәселен: *бас, тас, шаш, қол.*

2) Тұуынды сөз – дегеніміз – бастабқы тұлғасы да, бастабқы мағанасы да өзгерген сөз. Мәселен: *бастық, тастақ, шашақ, қолтық.*

3) Қос сөз дегеніміз қосарынан айтылатұн бір өңкей есімді сөздер. Қос сөз екі түрлі болады: біреуі нәрсенің көбін қамтый атайды. Екіншілері нәрселерді айыра атайды. Алдыңғысы – жалпылағыш қос сөз деб, соңғысы жалқылағыш қос сөз деб айтылады.

Жалпылағыш қос сөздер: *айақ-табақ, төсек-орын, ер-тұрман, кійім-кешек, жүн-жұрқа, бақа-шайан, құрт-құмырысқа, бұта-бұтанақ, жер-сұу, түйе-мүйе, бызау-мызау, қой-қозы* тағысын тағылар.

Жалқылағыш қос сөздер: *жел-бау, төсек-ағаш, жүк-айақ; піспек-саб, шеге-балға, қауға-шелек, Асыл-бек, Ес-құл, Төретай, ер-батыр, есен-аман, Өмір-қожа, Шекті-бай* тағысын тағылар.

4) Қосалқы сөз – дегеніміз өз алдына мағанасы кем, басқа сөздің маңайында тұрғанда ғана мағана шығатұн сөз. Мәселен: *да, ғой, ғана* (*мал да, жан да, солай ғой, осы ғана*).

5) Қосымшалар – дегеніміз сөз емес, сөзге жалғанатұн бұуындар. Бұларда өз алдына мағана жоқ, басқа сөзге жалғанбай бөлек айтылмайды да. Сондықтан бұлар қосымшалар деп аталады. Қосымшалар екі түрлі: біреулері жалғанған сөздің тұлғасын ғана өзгертіб, мағанасын өзгертбейді. Екіншілері жалғанған сөзінің тұлғасын да, мағанасын да өзгертеді. Сондықтан

бастабқы қосымшалар тысқарғы жалғаулар не тікелей жалғау деб аталады; екінші қосымшалар ішкергі жалғаулар не тікелей жұрнақ деб аталады.

Түсінікті болыу үшін мысал келтірейік. Алайық: «жылқы» деген сөзді, «шы», «ның» деген қосымшаларды. «Жылқы» деген сөзге «шы» қосымшаны да, «ның» қосымшаны да қосыб байқайық, қайсысы жұрнақ болыб шығар екен. *Жылқы – жылқышы, жылқы – жылқының*. «Жылқышы» дегенде сөздің бастабқы мағанасы да, тұлғасы да өзгерілді: «жылқышы» деген сөз енді мал табының есімін көрсетбейді, адам табының есімін көрсетеді. «Жылқының» дегенде сөздің тұлғасы өзгерілді, мағанасы өзгерген жоқ. «Жылқының» деген сөз бәрі бір мал табының есімін көрсетіб тұр. Айтылғаннан енді мәлім болды: «шы» қосымша жұрнақ екендігі; «ның» қосымша жалғау екендігі.

Ескертіу: Жалғау аз, жұрнақ көб. Жалғау түбір сөзде де, тұуынды сөзде де болады. Жұрнақ түбір сөзде жоқ, тұуынды сөзде ғана болады.

Сөз жазыуының жалпы ережелері.

1) Әр сөз түбір сөз болсын, тұуынды сөз болсын, жұрнақтары мен, жалғаулары мен бірге тұтас жазылады, үзілетүн қарібтер келген жерде үзіледі; ол үзіліу сөздің тұтастығын бұзбайды (үзілетүн қарібтер: (ه, ه, ۋ, ۇ, و, ز, ر, د, ا).

2) Жалпылағыш қос сөздердің арасы дәйім сызықша мен (-) айырылыб жазылады (*айақ-табақ, кійім-кешек, қой-қозы, түйе-мүйе, сауыт-сайман, ер-тұрман*).

3) Жалқылағыш қос сөздердің арасы сызықша мен айырылыб та, айырылмай да жазылады.

Қос сөзде екі сөз бір ыңғай болса, мәселен, екеуі бірдей жұуан йа жіңішке айтылатұн болса, онда екеуі айырылмай тұтас жазылады *(басқұр, қолқаб, Балжан, желкесер, айбалта, Алтынбай, Атанбай, Тасболат, Баймырза)*.

Қос сөзде екі сөз бір ыңғай болмаса, мәселен бірі жұуан, бірі жіңішке сөз болыб келсе, онда аралары сызықша мен айырылыб

жазылады *(жел-бау, төсек-ағаш, жүк-айақ, Тілеу-бай, Ес-құл, Төре-тай, Жан-темір, Мұрат-бек, Мал-келді, Меңді-қара, Жіті-қара).*

Ескертіу: Сөздің тұлғасы мен тұрпаты бір емес: тұлғасы бірдей сөздердің тұрпаттары басқа болыуы мүмкін. Мәселен: «*Тұрғанбай*» – «*Тұрғамбай*» деген сөздердің тұлғалары бірдей, тұрпаттары бірдей емес. Мұндай орында айтылыу дұрыс-бұрысына қаралады. Дұрысы «*Тұрғамбай* емес, *«Тұрғанбай*». Сондықтан жазғанда *«Тұрғанбай»* деб дұрыс тұрпаты мен жазамыз. Сондай ақ қос сөздерде, қосарлаб айтқан сөздерде дауыс жеделдігі мен дауыс тұтасыуынан болатұн тұрпат өзгерісіне қарамай, жеделдік, тұтастық жоқ жеке күйіндегі тұрпатымен жазамыз. Мәселен: «*жүг-айақ*» деген сөзді «*жүк-айақ*» деб, «*қара гөз*» дегенді «*қара көз*» деб, «*сыланғыз*» дегенді «*сылаң қыз*» деб жазамыз.

4) Сөз артынан жалғанатұн демеулер алдындағы сөзден сызықшасыз бөлек жазылады; ондай демеулер түбір сөз бен жалғаудың арасында айтылатұн болғанда: түбір сөзге сызықша мен жалғаныб, жалғау мен бірге жазылады. Мысал: «*жақсы ма*?»; «*жақсы ақ ба*?»; «*жақсы мысын*?»; «*жақсы-ақ-бысын*?».

5) Үндестік заңына келмейтүн «*гер*», «*дікі*», «*паз*» сықылды жұрнақтар түбір сөзге қосылыб жазылады. Ондай жұрнақ бен жазылған сөздің түбірінде дәйекші болса оның дәйекшісі жұрнақ қосылғанда да қалмай жазылады (мысал: *«тұздікі», «түздікі», «сөзіуар», «білімпаз»*).

6) Қосалқы «*ма*», «*ба*» лардан «*еді*», «*екен*» деген бөлек жазылады. *Айтар ма еді, келер ме еді, бармас ба еді. Айтқан ба екен?, Көрген бе екен?, Білді ме екен?* тағысын тағылар.

7) Жұрнақтар барша сөзге қосылыб жазылады, жұрнақ ішіндегі дыбыстар естіліу қалыбынша жазылады.

8) Жалғаулар түбір сөзге де, тұуынды сөзге де қосылыб жазылады. Жалғауда «т» мен «д» дыбыстары естілген қалыбынша жазылады. Жұрнақтар мен жалғаулар сөздің айақ дыбысының түріне қарай, тұрпатын өзгертіб жалғасады.

Жұрнақтар.

1) **«лық» жұрнақ**. Бұл жұрнақ сөздің айағы дауысты дыбыс немесе жарты дауысты дыбыс болса, осы «лық» күйінде жалғасады; мәселен: *бала = балалық, жабы = жабылық, жау = жаулық, құу = құулық, бай = байлық.*

Ескертіу: «лық» жұрнақ тұурасындағы бұл заңға айағына жарты дауысты «л» келетүн сөздер көнбейді. Оның көнбейтүн себебі – қазақ тілі «л» дыбысы қабат келіуін сүймейді. Сондықтан екі «л» қабат келген жерде, біреуін басқа дыбысқа айналдырыб айтады. Мәселен: «Алла» деген сөздегі қабат келген екі «л»дың біреуін «д»ға айналдырыб, «Алда» қылыб айтады. Сондай ақ «лық» жұрнақтағы «л» да екі «л»дың біреуі болыб келетүн жерде «д»ға айналыб кетеді. Мәселен: *сал=саллық* боларға тійіс еді, олай айтылмай, *сал=салдық* болыб айтылатұн себебі – қазақ тілінің екі *«л»* қабат келіуін сүймегендігінен.

Сөздің айағы ұйаң дыбыс болса, «лық» жұрнақ өзгеріліб, «дық» болыб жалғанады; мәселен: *қан = қандық, аң = аңдық, сұм = сұмдық.*

Түбір сөздің айағы ұйаң дыбыс болса, жұрнақ «лық» өзгеріліб, «дық» болыб жалғасады. Мәселен: *құм = құмдық, қан = қандық, аң = аңдық.*

Түбір сөздің айағы қатаң дыбыс болса, «лық» жұрнақ «тық» болыб жалғасады. Мәселен: *қаб = қабтық, жұрт = жұрттық, аш = аштық, қас = қастық, жас = жастық, сақ = сақтық.*

Жіңішке сөздерде «лық» орнына «лік», «дық» орнына «дік», «тық» орнына «тік» болыб жалғасады, мәселен: *ійне = ійнелік, жеті = жетілік, ер =ерлік, ел = елдік, тең = теңдік, ерке = еркелік, кедей = кедейлік, жетім = жетімдік, көб = көбтік.*

Дағдыландырыу. Төмендегі сөздерге «лық» жұрнағын жалғатыб, тұуынды сөз еткізіу.

Бас, қас, мұрын, ауыз, ерін, тіл, қабырға, арқа, тері, өкбе, бел, тамыр, сан, тізе, балтыр, өкше, ұлтан, ата, ел, аға, іні, апа, жійен, күйеу, бажа, құда, жігіт, қарт, шал, ас, сұу, шөб, от, ене, ат, жорға, айғыр, бұқа, қошқар, ійт, қасқыр, түлкі,

маймыл, ай, күн, жарық, қар, құйын, жел, шілде, күз, түс, түн, күміс, ала, саз, батыр, құу, жақын, зор, ійгі, жаман, тірі, нашар, қатты, семіз, жауыз, ырас, ірі, қыйсық, сұлыу, көркем, әдемі, мықты, жұуас, ұйаң, әңгі, мұнтаны, қыйын, паң, аңқау, нас, салақ, шабшаң, бос, дұрыс, тұура, соқыр, сараң, қара, тоқ, мас, сұм.

2) **«шы» жұрнақ.** Бұл жұрнақ жұуан, жіңішке сөздерге бірдей жалғаныб, бірдей жазылады. Бірақ жұуан сөзде жұуан айтылады, жіңішке сөзде жіңішке айтылады. Мәселен: *мал = малшы, ел = елші, жылқы = жылқышы, түйе = түйеші, ылау = ылаушы, егін = егінші.*

Сынау. Төмендегі түбір сөздерге «шы» жұрнағын қостырыб, тұуынды сөз еткізіу.

Аң, өлең, нан, үй, пеш, айақ, қазан, темір, көмір, қырман, орақ, ат, бійе, сыйыр, балық, ойын, жыр, домбыра, қобыз, сырнай, арба, қарауыл, отын, балшық, алтын, күміс, сыр, балта, бата, ара, етік, тігін, ой, той, өсек, өтірік, қала, базар, бас.

3) **«шыл» жұрнақ**. Бұл жұрнақ да жұуан, жіңішке сөздерге бірдей жалғаныб, бірдей жазылады. Жұуан сөздерде жұуан, жіңішке сөздерде жіңішке болыб айтылады. Мәселен: *қазақ = қазақшыл, жетек = жетекшіл, қара = қарашыл, күн = күншіл, қайғы = қайғышыл.*

Сынау. Төмендегі сөздерге «шыл» жұрнағын қостырыб, тұуынды сөз істетіу: *тер, кір, жер, қайын, төл, кел, есеб, ауыл, сұу, қымыз, жұрт, соқа, айаң, өсек, ұуайым, тәуекел, ырым, амал, қызыл, өзім, өзге, ойын, шын, басқа, ертек, бүгүн, еркін, төр, көб, тәсіл, әдіс.*

4) **«лас» жұрнақ.** Бұл жұрнақ түбір сөздің айағы дауысты, йәкій жарты дауысты дыбыс болса, осы «лас» күйінде жалғасады. Мәселен: *қора = қоралас, ау = аулас, ай = айлас, ақы = ақылас, сыр = сырлас, қол = қолдас* (*қоллас* болмайды).

Түбір сөздің айағы ұйаң дыбыс болса, «лас» орнына «дас» болыб жалғасады. Мәселен: *мұң = мұңдас, қан = қандас, ым = ымдас.*

Түбір сөздің айағы қатаң дыбыс болса, «лас» орнына «тас» болыб жалғасады. Мәселен: *от = оттас, таб = табтас, ошақ = ошақтас, қос = қостас, бұрыш = бұрыштас.*

Түбір сөздің айағы жіңішке болса, «лас» орнына «лес», «дас» орнына «дес», «тас» орнына «тес» болыб жалғасады. Мәселен: *төбе = төбелес, көл = көлдес, жер = жерлес, тілек = тілектес, шек = шектес, шөб = шөбтес.*

Сынау. Төмендегі түбір сөздерге «лас», «лес», «дас», «дес», «тас», «тес» жұрнақтарын жалғатыб, тұуынды сөз еткізіу.

Бас, бауыр, бұу, тізе, өкше, ата, қайын, құда, тоғай, сабақ, табақ, сұу, егі, түс, заман, қарын, тұқым, қара, ілік, одақ, ақыл, пайда, жарна, енші, ен, таңба, ірге, сыбай, үн, жайлау, сұуат, көңіл, бата, айақ, отан, рұу, ұйа, орыс, құрық, тек, дәм, олжа, амал, тілеу, от, шабын, қоныс, сыбаға, кіндік.

5) **«лы» жұрнақ.** Түбір сөздің айағы дауысты йа жарты дауысты дыбыс болса, осы «лы» күйінде жалғасады. Мәселен: *бала = балалы, тау = таулы, тай = тайлы, қар = қарлы, мал = малды* (*маллы* болмайды).

Түбір сөздің айағы ұйаң дыбыс болса «лы» орнына «ды» болыб жалғасады. Мәселен: *мұң = мұңды, сан = санды, шам = шамды.*

Түбір сөздің айағы қатаң дыбыс болса, «лы» орнына «ты» болыб жалғасады. Мәселен: *саб = сабты, ат = атты, тас = тасты, құлақ = құлақты, бұрыш = бұрышты.*

Түбір сөз жіңішке болса, жұрнақтар да жіңішке болыб жалғасады; мәселен: *шеге = шегелі, түйе = түйелі, тіреу = тіреулі, кегей = кегейлі, үрей = үрейлі, тек = текті, жел = желді, жер = жерлі, күш = күшті, іс = істі.*

Сынау. Төмендегі түбір сөздерге «лы» жұрнағын қостырыб, тұуынды сөз еткізіу.

Кісі, адам, дене, бас, шаш, сақал, самай, ійек, мұрт, маңдай, кеуде, жүрек, бүйір, қарын, тамыр, тізе, табан, тобық, ата, ана, аға, іні, күйеу, жаға, етек, тон, мақта, ет, қымыз, айран, сұу, шөб, тары, сұлы, жұуа, ағаш, мойыл, үй, томар, жылқы, жорға, бұталы, шағала, аң, айыу, қасқыр, балық, ақша, май,

сүмбе, құндақ, алтын, күміс, ақыл, ес, үміт, сана, саңылау, қайғы, ашыу, құла, күрең.

6) **«лау» жұрнақ**. Түбір сөздің айағы дауысты йәкій жарты дауысты дыбыс болса, осы «лау» күйінде жалғасады. Мәселен: *бала = балалау, қара = қаралау, тау = таулау, сұлыу = сұлыулау, тар = тарлау, жар = жарлау, шал = шалдау.*

Түбір сөздің айағы ұйаң дыбыс болса, «лау» орнына «дау» болыб жалғасады: *паң = паңдау, шын = шындау, құм = құмдау.*

Түбір сөздің айағы қатаң дыбыс болса, «лау» орнына «тау» болыб жалғасады. Мәселен: *ақ = ақтау, жас = жастау, аш = аштау.*

Түбір сөз жіңішке болса, жұрнақ да жіңішкереді, «лау» орнына «леу», «дау» орнына «деу», «тау» орнына «теу» болыб жалғасады. Мәселен: *көне = көнелеу, ірі = ірілеу, кір = кірлеу, семіз = семіздеу, кең = кеңдеу, кем = кемдеу, төмен = төмендеу, көк = көктеу, сійрек = сійректеу.*

Сынау. Төмендегі түбір сөздерге «лау» жұрнағын қостырыб, тұуынды сөз еткізіу.

Жаман, меңіреу, батыр, ер, қорқақ, сұр, сары, кедей, жақын, жұуық, үлкен, зор, өткір, бійік, ескі, қызық, сасық, бүкір, қалың, жұқа, ыссы, сұуық, керең, терең, жылтыр, тегіс, жақсы, қымбат, алыс, ұзын, жұқа, шолақ, көркем, жұуас, ұйаң, жеңіл, оңай, ылас, ылай, жас, ұсақ, аласа, салақ, нас, сақау.

7) **«сыз» жұрнақ.** Бұл жұрнақ түбір сөзге аман осы күйінде қосылады. Жұуан сөзге қосылса, жұуан болыб айтылады. Жіңішке сөзге қосылса, жіңішке болыб айтылады. Мәселен: *құлақ = құлақсыз, ійек = ійексіз*.

Сынау. Төмендегі түбір сөздерге «сыз» жұрнағын қостырыб, тұуынды сөз еткізіу.

Бас, айақ, қол, жол, бұл, жем, жең, тең, тек, ем, жел, көл, бет, еб, ат, қой, түйе, мал, ет, сүт, сорпа, тән, жан, ел, күн, бала, жала, қала, құла, албар, ау, бау, жота, бұта, күй, үй, мый, ой, от, құт, бақ, жақ, оқ, серік, ар, жар, тұр, түк, төл, түб, жіб, мұң, сал, тон, дақ, дәт, дәм, дәме.

8) **«ғы» жұрнақ.** Бұл жұрнақ түбір сөз жұуан болса, осы «ғы» күйінде жалғасады. Мәселен: *бұрын = бұрынғы, ар = арғы, соң = соңғы*.

Түбір сөз жіңішке болса, «ғы» жұрнақ «гі» болыб жалғасады. Мәселен: *кеше = кешегі, бүгүн = бүгүнгі, кейін = кейінгі, төмен = төменгі.*

Қатаң дыбыстардан соң, жұуан сөздерде «қы» болыб, жіңішке сөздерде «кі» болыб өзгереді. Мәселен: *арт = артқы, сырт = сыртқы, түб = түбкі, шет = шеткі.*

9) **«еке» жұрнақ.** Бұл жұрнақ түбір сөзге жалғасбай, сызық бен қосылыб жазылғаны қолайлы, «еке» «әке» деген сөзден азыб болған жұрнақ: *бій-еке, төре-еке, батыр-еке, әке-еке, аға-еке, шеше-еке.*

10) **«ыншы» жұрнақ.** Бұл жұрнақ жұуан сөзге жалғасса, жұуан болыб айтылады, жіңішке сөзге жалғасса, жіңішке болыб айтылады. Мәселен: *бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, жыйырманшы, отызыншы, қырқыншы, еліуінші, алпысыншы, жетпісінші, сексенінші, тоқсаныншы, жүзінші, мыңыншы.*

Сынау. Төмендегі «ыншы» жұрнағын қостырыб, тұуынды сөз еткізіу.

Он бір, он екі, он үш, он төрт, он бес, он алты, он жеті, он сегіз. он тоғыз, жыйырма тоғыз, отыз сегіз, қырық жеті, еліу алты, алпыс бес, жетпіс төрт, сексен үш, тоқсан екі, бір жүз он, жүз мың, жүз он, жүз жыйырма.

11) **«у» жұрнақ.** Бұл жұрнақ түбір сөздің айағы дауысты дыбыс болса, осы күйінде бір «у» болыб жалғасады. Мәселен: *қара = қарау, аса = асау, өте = өтеу.*

Түбір сөздің айағы дауыссыз дыбыс болса, «ыу» болыб жалғасады. Мәселен: *бар = барыу, кет = кетіу, бұу = бұуыу.*

Дағдыландырыу. Төмендегі түбір сөздерге «у» жұрнағын жалғатыб, тұуынды сөз еткізіу.

Ал, ор, саба, қорық, күре, адас, соз, ас, еле, төз, ауна, қайт, оқы, тоқы, сүрт, ұлы, өлше, құр, сөйле, сыз, шірі, қалғы, сау, тій, істе, тіле, жұу, бұу, құу, тұу.

12) **«ғыш» жұрнақ.** Бұл жұрнақ түбір сөздің айағы дауысты йәкій жарты дауысты дыбыс, йәкій ұйаң дыбыс болса, осы «ғыш» күйінде жалғасады; мәселен: *сана = санағыш, оқы = оқығыш, сау = сауғыш, бұу = бұуғыш, тай = тайғыш, жан = жанғыш.*

Түбір сөздің айағы қатаң дыбыс болса, «ғыш» орнына «қыш» болыб жалғасады; мәселен: *айт = айтқыш, таб = табқыш, бақ = баққыш, бас = басқыш, аш = ашқыш.*

Түбір сөз жіңішке болса, «ғыш» орнына «гіш» болыб, «қыш» орнына «кіш» болыб жалғасады; мәселен: *сөйле = сөйлегіш, ек = еккіш, бер = бергіш, шерт = шерткіш.*

Сынау. Төмендегі түбір сөздерге «ғыш» жұрнағын жалғатыб, тұуынды сөз еткізіу.

Ал, көр, күрес, сақта, мақта, таста, баста, төз, кез, қақ, жақ, кір, сүрт, сас, асық, таңда, өлше, нан, кеб, теб, қара, кейі, оқы, қый, мүжі, бар, құу, жұу, бұу, ой, қой, той, сой, же, де, тіле, кес, тес, ес, шаш, қаш, шеш, таң, жан, сал, бол, сол, құл, қал, қаз, жар, көм, ем, ен, ер, жый, тій, қый, құй, ій, тый, тұт, жұрт, қыз, аз, жыр.

13) **«ғын» жұрнақ.** Бұл жұрнақ да «ғыш» сыйақты түбір сөздің айағына және түбіріне қарай «қын», «кін», «гін» болыб жалғасады. Мәселен: *құу = құуғын, аз = азғын, қаш = қашқын, тас = тасқын, көш = көшкін, жүр = жүргін.*

Сынау. Төмендегі сөздерге «ғын» жұрнағын жалғатыб, тұуынды сөз еткізіу.

Ас, көр, төк, түр, тарт, жұт, ұр, сау, жет, күт, ор, жақ, жек, төр, жаб, қат, таб, тол, қыр, үз, бақ, бұл, соқ, сат, тай, оз, өт, сол, тұу, жырық, кес, сөз, шаш, айт, ат, ау, қой, қос, күл, тық, түс, ек, ер, ақ, бат, сүрт.

14) **«ық» жұрнақ.** Бұл жұрнақ түбір сөз жұуан болса, осы «ық» күйінде жалғанады. Жіңішке болса, «ық» орнына «ік» болыб жалғанады: *аш = ашық, тес = тесік.*

Сынау. Төмендегі түбір сөздерге «ық» жұрнақ қостырыб, тұуынды сөз еткізіу.

Ал, сал, ас, әл, тоз, көр, күр, кір, біл, сез, сыз, шірі, бұл, бер, сау, түс, жет, ой, тіле, сасы, өкіс, қада, қыс, жаб, бойа, ійт, қаз, жар, жар, үш, сүй, сын, қат, кез, тес, қол, ұза, қақыр, кекір, оз, жұл, нан, бұз, бұйыр, ес, жаз, жаб, біл, жүз, еле, түкір, төле, үз, сол, жырт, жай, кес, отыр, ау, тан, жара, жыйна, сұу, тұр, құс.

15) **«ақ» жұрнақ.** Бұл жұрнақ түбір сөз жұуан болса осы «ақ» күйінде, жіңішке болса, «ақ» орнына «ек» (ік) болыб жалғанады. Мәселен: *тұр = тұрақ, кес = кесек.*

Сынау. Төмендегі түбір сөздерге «ақ» жұрнағын жалғатыб, тұуынды сөз еткізіу.

Жат, қос, қор, сүз, жол, бөл, жет, көм, таб, ор, аш, от, құм, шаш, айт, ат, ан, шеш, күн, жүр, құш, құн, ұл, жат, қаб, жіб, көб, түб.

16) **«ыс» жұрнақ.** Бұл жұрнақ түбір сөз жұуан болса, жұуан айтылады, жіңішке болса, жіңішке айтылады. Мәселен: *бар = барыс*.

Сынау. Төмендегі түбір сөздерге «ыс» жұрнағын жалғатыб, тұуынды сөз еткізіу.

Ал, бер, жүре тұр, айт, қон, тарт, тұу, ат, шаб, сау, бұр, біл, соқ, қақ, таны, жұқ, той, жіт, шал, кір, шық, көр, таб, жұт, бөл, ұр, тій, жек, тұр, жақ, ұқ, қара, жұу, бақ, жұл, тала, жон.

17) **«м» жұрнақ.** Бұл жұрнақ түбір сөз жұуан болса, жұуан айтылады, жіңішке болса, жіңішке айтылады. Мәселен: *атта = аттам, тісте = тістем.*

Сынау. Төмендегі түбір сөздерге «м» жұрнағын жалғатыб, тұуынды сөз еткізіу.

Ат, сал, жар, кел, кет, ас, қос, қарт, сұқ, соқ, кес, арт, күт, же, жар, жыр, тіл, қала, байла, ора, іш, шайна, тұт, жұт, жай, сық, қыс, төз, қайт, қада, өлше, ал, үз, жала, тат, ақ, тоң, сау, түс.

18) **«ынды» жұрнақ.** Бұл жұрнақ да жұуан сөзге жалғанса, жұуан болыб, жіңішке сөзге жалғанса жіңішке болыб айтылады. Мәселен: *қос = қосынды, кес = кесінді.*

Сынау. Төмендегі сөздерге «ынды» жұрнағын жалғатыб, тұуынды сөз істету.

Құу, бұу, тұу, жұу, бас, ас, тас, ақ, жақ, ұр, ек, өк, жүгір, сат, қайт, сүрт, жыр, жұл, үз, мүжі, жұт, сөйле, қыр, ой, құуыр, ор, шақыр, қаз, бойа, таб, жат, түкір, жапыр, семір, түрт, шеш, байла, тала.

19) **«ма» жұрнақ.** Бұл жұрнақ түбір сөздің айағы дауысты йа жарты дауысты дыбыс болса, осы «ма» күйінде жалғасады. Мәселен: *сана = санама, таста = тастама, тұу = тұума, сау = саума, жай = жайма, қыр = қырма, сал = салма.*

Түбір сөздің айағы басқа дыбыстар болса «ма» орнына «ба», «па» болыб жалғасады; мәселен: *жаз = жазба, оң = оңба, жон = жонба, шам = шамба, бас = басба, ат = атпа, ақ = ақпа, жаб = жабпа, аш = ашпа.* Түбір сөздер жіңішке болса, «ма» орнына «ме», «ба» орнына «бе», «па» орнына «пе» болыб жалғасады. Мәселен: *кер = керме, іл = ілме, ій = ійме, кез = кезбе, көм = көмбе, кес = кеспе, ек = екпе.*

Сынау. Төмендегі түбір сөздерге ма, ме, ба, бе, па, пе жұрнақтарын жалғатыб, тұуынды сөз істетіу.

Сал, қаз, бат, жат, сөз, таста, ас, күре, қақ, қада, кір, төк, сүрт, таңда, қара, жек, қыдыр, сыз, ұр, соқ, тій, ой, құуыр, ор, жаб, ұста, тұттық, ора, сына, айнал, бойа, бас, тұура, жар, ұш, жала, құла, жыр, жүз, кеш, көтер, тай, оз, жаныш, жай, мұз, шаш, қайна, ау, қой, сық, кій, тоқы, қыс, тара, көш.

АТАУЫШ СӨЗДЕР.

І Зат-есім.

Сөздердің кей біреуі нәрсенің өзін атайды: мәселен *жер, тау, тас, сұу, ағаш, шөб, жапырақ, күн, ай, жұлдыз, бұлт, қарт, жаңбыр, жел, бұу, сағым, кісі, мал, аң, құс, бақа, шайан, шыбын, шіркей, құрт, құмырысқа, қала, үй, төсек, орын, айақ,*

табақ, кійім, қазан, ошақ, арба, шана, ер, тоқым, қамыт, доға, арқан, жіб, тамақ, сұу, мыс, қалам, сыйа, астық, жеміс, бақан, сойыл, құрық, тайақ, асық, топай, доб, қобыз, домбыра, сыбызғы, ақша, кійіз, қадақ, мылтық, найза, қылыш, қанжар, оқ.

Осындай нәрсенің өзін атайтұн сөздерді зат-есім дейміз. Зат-есім тұуралы «кім?», «не?» деб сұраймыз. «Кім?» деб адам тұуралы сұраймыз. «Не?» деб басқа заттар тұуралы сұраймыз.

Мыйсал:

1) Ат ерінді келер; ер мұрынды келер. «Кім мұрынды келер?» – «ер». «Не ерінді келер?» – «ат».

2) Аурыуда шаншыу жаман, сөзде қаңқыу жаман.

«Не жаман?» – «шаншыу».

«Не жаман?» – «қаңқыу».

3) Жылы-жылы сөйлесең, жылан іннен шығады, қатты-қатты сөйлесең, қарт та діннен шығады.

«Не іннен шығады?» – «жылан».

«Кім діннен шығады?» – «қарт».

4) Ійт тойған жеріне, ер тұуған жеріне.

«Не тойған жеріне?» – «ійт».

«Кім тұуған жеріне?» – «ер».

5) Ас адамның арқауы.

«Адамның арқауы не?» – «ас».

«Ас кімнің арқауы?» – «адамның».

6) Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада.

«Кімнің көңілі балада?» – «ананың».

«Кімнің көңілі далада?» – «баланың».

«Ананың көңілі кімде?» – «балада».

«Баланың көңілі неде?» – «далада».

Осындай кім? не? деген сұрауларға жауаб болыб айтылатұн жана нәрселердің атын көрсететүн сөздерді зат-есім дейміз.

Дағдыландырыу. Төмендегі сөйлемдердің ішіндегі зат-есім сөздерді айыртыу.

Аш кісі ұрысқақ, арық қой тырысқақ. Тас бен ұрғанды ас бен ұр. Еменнің ійілгені сынғаны, ердің ұйалғаны өлгені. Бұта қорға-

лаған торғай да қалады. Сыйыр сұудан жерійді, сұу сыйырдан жерійді. Айыудан қорыққан тоғайға бармас. Мұртына қарай іскегі, сабасына қарай піспегі. Май сасыса, тұз себер, тұз сасыса, не себер? Жел болмай шөб қозғалмас. Қыс арбаңды сайла, жаз шанаңды сайла. Пышақ берсең қыны мен, қынын берсең шыны мен. Күн ортақ, ай ортақ, жақсы ортақ. Қазыға тойса, қарта әлем сасыйды. Оқ жетпес жерден қылыш сұуырма. Үйді қозғасаң көшірерсін, отты қозғасаң өшірерсін. Шоттың басын бассаң, сабы өзіңе тійер. Айран сұрай келіб, айағыңды жасырма. Құр қасық ауыз жыртады. Тоқпағы зор болса, кійіз қазық жерге кіреді. Қалауын табса, қар жанар. Ет етке, сорпа бетке.

Сынау. Төменгі сөйлемдердің ішіндегі зат-есім сөздердің астын сызыб көрсетіңдер.

Бағың артқан шағында жапалақ салсаң қаз ілер, бағың қайтқан шағында ылашын салсаң аз ілер. Мал басқа бітер, қына тасқа бітер. Нар жолында жүк қалмас. Тайақ тайға жеткізер, тай құнанға жеткізер, құнан атқа жеткізер, ат мұратқа жеткізер. Ата даңқы мен қыз өтеді, мата даңқы мен бөз өтеді. Ағасы бардың жағасы бар, інісі бардың тынысы бар. Кісі болған кісіні кісесінен таныймын, кісі болмас кісіні мүшесінен таныймын. Бұлт ала, жер шола. Ай мен күндей, әр кімге бірдей. Бій баласы бійге ұқсар, бійік-бійік тауға ұқсар. Қан баласы қанға ұқсар, қанатын жайған қазға ұқсар. Бай баласы байға ұқсар, байланбаған тайға ұқсар. Қайырымсыз болса, қаннан без; өткелсіз болса, сұудан без; асыусыз болса, таудан без; пайдасыз болса, байдан без; панасыз болса, сайдан без. Асық ойнаған азар, доб ойнаған тозар, бәрінен де қой бағыб, қойыртбақ ішкен озар.

Үйеңкінің түбінен үйіріб алған қобызым, қарағайдың түбінен қайырыб алған қобызым.

II Сын-есім

Сөздің кей біреулері нәрсенің сынын атайды. Мәселен: *жақсы, жаман, бійік, зор, аласа, ұзын, қысқа, терең, тайыз, қатты,*

жұмсақ, қойыу, сұйық, бай, жарлы, жақын, алыс, аш, тоқ, арзан, қымбат, қалың, жұқа, зійрек, кешше, өткір, топас, семіз, арық, қараңғы, жарық, тұнық, ылай, кәрі, жас, қыйын, оңай, ауыр, жеңіл, сау, аурыу, ақылды, ақымақ, есті, есалаң, ескі, жаңа, ұсақ, ірі, таза, ылас, сақ, салақ, сұм, аңқау, құу, меңіреу, жұуан, жіңішке, ауыр, тегіс, жұуас, сараң, жомарт, мырза, жылы, сұуық, тар, кең, бұдыр, тегіс.

Осындай нәрселердің сынын көрсететүн сөздер сын есім деб аталады. Сын есімнің сұрауы **қандай?** Мәселен: *Жаман төре жан алар.* Қандай төре жан алар? – Жаман төре жан алар. *Арық атқа қамшы жүк.* Қандай атқа қамшы жүк? – Арық атқа қамшы жүк. «Жаман», «арық» деген сөздер «қандай?» деб сұраған-ға жауаб береді жана өздері нәрсенің сынын көрсетеді. Осындай «қандай?» деб сұраған-ға жауаб болатүн сөздердің бәрі де сын-есім болады.

Дағдыландырыу. Төмендегі сөздерді айыртыу: қайсысы зат-есім, қайсысы сын есім?

Жақсы кісі; жаман мал; бійік тау, аласа ағаш, ұзын арқан; қысқа жіб; терең теңіз; тайыз көл; қатты - құрт; жұмсақ нан; қойыу қатық; сұйық сүт; бай - қазақ; жарлы мұжық; жақын үй; алыс ауыл; өткір пышақ; топас кісі; семіз қой; арық ат; қараңғы қора; жарық түн; тұнық сұу; ылай қақ; кәрі түйе; жас айғыр; қыйын күй; оңай өлең; ауыр жүк, жеңіл сандық; сау жылқы; аурыу сыйыр; ақылды бала; ақымақ жігіт; ескі етік; жаңа шапан; ұсақ құм; ірі тары; таза жұрт; ылас қора; сақ ійт; салақ қатын; сұм бала; аңқау қойшы, жұуан қарағай; жіңішке тал; жылы жаз; сұуық қыс; тар шалбар; кең жаға; бұдыр жер; тегіс далаға.

Сынау. Төмендегі сөздерді көшіріб, сын-есім сөздердің астын сызыб көрсетіңдер.

Аш бала тоқ баладай ойнамайды. Қатты жерге қақ тұрар, қайратты ерге мал тұрар. Жаман сайға сұу түссе, өткел бермес кешіуге. Бай кісі балпаң келер, жарлы кісі қалтаң келер. Жақсы кеңес жарты ырыс. Ұзын көсеу қол күйдірмес. Тұура

бійде тұуған жоқ. Аурыу күлкі сүймес, жүйрік ійтті түлкі сүймес. Қысқа жіб күрмеуге келмес. Құтты қонақ келсе, қой егіз табар. Өткір пышақ қынға қас, өтірік сөз жанға қас. Арық малды асырасаң аузы, мұрның май етер.

Қараңғы үйде қабан күркірейді. Кәрі түйе ойнақтаса жұт болады. Арық атқа ауыр қамшы да жүк. Жыртық үйге тамшы ойнар. Шабан үйрек бұрын ұшар. Құрғақ қасық ауыз жыртар. Құуыс үйден құр шықпа. Аз асқа жасауыл болма, көб асқа бөгеуіл болма. Жақын жолдың алысы жаман. Тез қасында қыйсық ағаш жатбас.

III Сан-есім.

Кей сөздер нәрсенің санын атайды. Мәселен: *бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он, он бір, он екі, он үш, он төрт, он бес, он алты, он жеті, он сегіз, он тоғыз, жыйырма, отыз, қырық, еліу, алпыс, жетпіс, сексен, тоқсан, жүз, бір жүз, екі жүз, үш жүз, төрт жүз, бес жүз, алты жүз, жеті жүз, сегіз жүз, тоғыз жүз, мың, он мың, жүз мың, мыйлыйон.*

Нәрсенің санын сұрағанда *неше?* немесе *қанша?* деб сұраймыз.

Нәрсенің дәл санын біліуге сұрағанда *неше?* деб сұраймыз. Мәселен: «*Неше кісі келеді*?» – «*Үш кісі келеді*». Нәрсенің дәл санын біліуге емес, шамасын ғана біліуге сұрағанда *қанша?* деб сұраймыз. Мәселен: «*Қанша күн жүресін*?» – «*Үш, төрт күн жүремін*».

Тойда неше кісі болды? деб сұрамайды, *қанша кісі болды?* деб сұрайды. Өйткені тойда кісілердің анық санын біліуге емес, шамасын ғана біліуге сұралады. Жауаб беріуші тойдағы кісілердің анық санын айта алмай, шамасын ғана айтады. Мәселен: «Екі жүз кісі болды» демейді, «Екі жүздей кісі болды» дейді.

Жоғарғы келтірген мыйсалда: «Неше кісі?» дегенге «үш кісі деген» сөз жауаб. «Қанша кісі?» дегенге «екі жүздей кісі» деген жауаб. Басқаша айтқанда «неше?» дегенге «үш», «қанша?» дегенге «екі жүздей» деген сөздер жауаб болыб тұр. Міні, осы сы-

йақты *неше?, қанша?* деб сұрауға жауаб болатын жана нәрсенің санын көрсететүн сөздерді сан-есім дейміз.

Ескертіу. Неше? деген сұрау, нешеу? деб те айтылады.

Дағдыландырыу. Төмендегі сөздердің ішіндегі сан-есім сөздерді айыртыу.

Бір кісі, екі бет, үш омыртқа, төрт түйе, бес ат, алты бала, жеті қарға, сегіз бөдене, тоғыз үй, он балық, он бес сыйыр, жыйырма сом, жыйырма төрт тыйын, отыз тай, отыз алты асық, қырық жұлдыз, қырық үш күн.

еліу жыл, еліу тоғыз жас, алпыс ара, алпыс екі құрт, жетпіс қой, жетпіс бір ұлақ, сексен жеті құлаш, тоқсан тоғай, тоқсан тоғыз торғай, жүз топай.

Сынау. Төмендегі сөздерді көшіріб, сан-есімнің астын сызыб көрсетіңдер.

Мың қосшыға бір басшы. Екі ұрыудан бій болса, ел байсал табпас. Екі кісі қағысса, бір кісіге орын болар. Ер қарыуы бес қарыу. Бір кісі мың кісіге олжа салады. Бір күн дәм татқанға қырық күн сәлем. Үйіңде екі қатын болса, ойран болар, екі сыйыр болса, айран болар. Еліу жылда ел жаңа. Жетесі жаман жас бала, тоқсандағы шал мен тең. Тоғышардың баласы, жыйырма бесте жасбын дер; ораздының баласы он бесінде басбын дер. Жеті атасын білмеген жетімдіктің салдары. Өтірік екеу, шын төртеу. Жігіт кісіге жетпіс өнер де аз. Бір тәуекел бұзады мың қайғының қаласын, бір жақсы сөз бітірер мың көңілдің жарасын. Бас екеу болмай, мал екеу болмайды. Біреу тойыб секіреді, біреу тоңыб секіреді. Төртеу түгел болса, төбедегіні алар; алтау ала болса ауыздағы кетер. Сексен інген боталаб, сегіз келін қомдасын.

IV Есімдік.

Кей бір сөздерді зат-есімнің, сын-есімнің, сан-есімнің орнына жүргендіктен есімдік дейміз. Мәселен: «Нұрман отыр» дегеннің орнына «ол отыр» деб айтамыз. «Мұғалім» дегеннің орнына «мен» деймін, «шәкірт» дегеннің орнына «сен» деймін.

Мұндай сөздер көбіне өзге есімдер орнына жүретүн болғандықтан есімдік деп аталады.

Мәселен, есімдік сөздер: *мен, сен, ол, біз, сіз, олар, кім, не, қайсы, қандай, өзім, өзің, өзі, бұл, ол, мынау, анау, бірі, бәрі, менікі, сенікі, онікі, өзімдікі, өзінікі, өзіндікі, басқанікі.*

Сынау. Төмендегі сөздердің ішіндегі есімдік сөздерді айыртыу.

Әрі жат, бері жат демек төсек тарлығы; сенікі, менікі демек көңіл тарлығы. Өзімдікі дегенде, өгіз қара күшім бар; өзгенікі дегенде анау-мынау ісім бар. Құлан өз қағынан жерімес. Сыйыр өз тілінен қыршаңқы болады. Не ексең, соны орарсын. Кім мықты, кім нашары мәлім болар, түскенде той томаға белін бұуыб. Үйдің жылы-сұуығы қыс келгенде білінер; кімнің алыс-жұуығы іс келгенде білінер. Аттың бәрі тұлпар емес, құстың бәрі сұңқар емес. Сіз деген әдеб, біз деген көмек. Бүгүн айдың нешесі? Қара қайсы? Қан қайсы? Елді ойлаған жан қайсы? Кімнің жерін жерлесең, соның жырын жырларсын. Оны тастаб мұны алдың, бұдан тағы құр қалдың. Өзі қандай болса, сөзі сондай. Сен сұңқарсын, мен құумын. Саған дұспан, маған жау. Жылқыда тұлпар сен едің, жігітте сұңқар мен едім. Сен астымда сау тұрсаң, қыдыра жалды қыл құйрық, сенен озбас деб едім. Бұл сөздің бәрі де ырас, емес жалған.

V Етістік.

Кей сөздер нәрсенің істейтүн ісін атайды. Мәселен: *арт, тарт, ал, ұр, саба, соқ, қорық, күрес, маңыра, сөк, сүз, таста, шық, жық, ас, ал, төз, көз, қақ, қада, кір, төк, өксі, таңда, сеске, ұлы, өлше, кеб, біл, сыз, бер, бас, ұста, ұр, тій, ой, күт, тіле, тұр, ор, сақ, жаб, жек, бар, кет, қара, тара, жала, құй, таб, қой, той, сой, жой, жұу, бұу, құу, жый, тый, қый, ій, кій.* Мұндай сөздер етістік сөздер деп аталады.

Етістік сөздердің сұрауы «не етбек?», «не істемек?», «не қылмақ?», «не болмақ?». Етістіктің жалпы сұрауы «не етбек?».

Мыйсал: «*Қар жауады, кетеді*». «Қар не етеді? – «жауады?», «Қар не етеді?» – «кетеді». «*Қой маңырайды, түйе боздайды*».

«Қой не істейді?» – «маңырайды», «түйе не істейді?» – «боздайды». «*Күн күркірейді*». «Күн не қылады?» – «күркірейді». «*От сөнді, ел жатты*». «От не қылды?» – «сөнді». «*Ел не қылды?*» – «жатты». «*Жас өсер, жарлы байыр*». «Жас не қылар?» – «өсер», «жарлы не қылар» – «байыр». «Жауады», «кетеді», «маңырайды», «боздайды», «күркірейді», «жатты», «сөнді», «өсер», «байыр» деген сөздер *не етеді? не істейді? не қылады?* деб сұрағанға жана өздері істеген істерді атайтұн сөздер. Сондай *не етбек? не істемек, не қылмақ?* деген сұрауларға жауаб болатұн сөздер – бәрі де етістік болады.

Дағдыландырыу. Төменгі сөйлемдердің ішіндегі сөздерді айыртыу. Қайсысы зат-есім, қайсысы етістік?

Кісі сөйлейді; түйе боздайды; ийт үреді; қой маңырайды; қозы жамырайды; бала ойнайды; мен жүремін; сен жүресін; ол жүреді; бұл оқыб отыр; Бірман күліб отыр; Нұрлан жылаб отыр; жел соғыб тұр; бұу бұрқыраб тұр; көкті бұлт торлады; күн шықты; тұман серпілді; жұрт ойанды; төсектен тұрды; мал өрді, өріске кетті; Нұрман кійінді, жұуынды, шай ішті, кітабтарын алды, оқыуға кетті. Жаз болды, қар еріді, сұулар ақты, өзендер тасыды. Ел қыстаудан шықты. Жер көгерді; мал тойынды. Малшы мал бағады. Жыршы өлең айтады; домбырашы күй тартады. Егінші егін егеді. Қатшы қағаз жазады.

Сынау. Төмендегі сөздерді көшіріб, етістік сөздердің астын сызыб көрсетіңдер.

Құс баласы қырымға қарайды, ийт баласы жырымға қарайды. Күн жазға айналды, ет азға айналды. Сай сайға құйады, бай байға құйады. Оңқа ойын бұзар, тентек жыйын бұзар. Көб азға қылған зорлығын айтады, аз көбтен көрген қорлығын айтады. Жыртық тесікке күледі. Тез қасында қыйсық ағаш жатбайды. Шарыуа жаз жазылады, қыс қысылады. Ұйалмаған өлеңші болар, ерінбеген етікші болар. Бақ-бақ еткен текені қыс түскенде көрерміз, батырсынған жігітті іс түскенде көрерміз. Жер таусыз болмайды, ел даусыз болмайды. Үйді қозғаған көшірер, отты қозғаған өшірер. Құр қасық ауыз жыртар.

Сыйыр сұудан жерійді, сұу сыйырдан жерійді. Есек түйе болмайды, сыйыр бійе болмайды. Жақсы айғырдың үйірін ат жақтайды. Аталы сөзді арсыз қайырар. Мал көтерер өлімді, дос көтерер көңілді. Бірлік болмай, тірлік болмас. Жауға жаныңды бер, сырыңды берме. Қылыш жарасы бітер, тіл жарасы бітпес. Ел ұрыссыз болмас, тау бөрісіз болмас. Ордалы құлан ақсағын ілдірмес. Жалт-жұлт етеді, жалмаб жұтады. Қара сыйырым қараб тұр, қызыл сыйырым жалаб тұр.

ШЫЛАУ СӨЗДЕР.

I Үстеу.

Кей сөздер басқа сөздердің мағанасын толтырыу үшін үстеу болады. Мәселен: «әрең келдім» дегенде «әрең» демесем де келгенім көрініб тұр. Бірақ, «әрең»ді қосқанда келгендік үстіне қалай қелгендік көрініб тұр. «Әбдан бітірді» дегенде «әбдан» демей де, бітіргендік көрініб тұр, бірақ қалай бітіргендік көрінбейді: «Бітірді»нің үстіне «әбдан» деген сөз жамалса, қалай бітіргендігі де көрінеді, «дөб тійді» дегенде тійгендігі «дөб» деб айтбасақта көрінеді, бірақ қалай тійгендігі көрінбейді, «дөб» деген сөзді қосыб айтсақ, қалай тійгендігі де көрінеді. «Ол әрі кетті», «мен бері келдім» дегенде «әрі», «бері» деген сөздерді айтбасақта оның кеткендігі, менің келгендігім көрініб тұр. Бірақ оның қайда кеткендігі, менің қайда кеткендігім «әрі», «бері» деген сөзді айтбасақ көрінбейді. Сондай-ақ «бұрын адам аз, жер кең болған; енді адам көб, жер тар болды». «Бұрын» деген сөзді айтбасақта адам аз болғаны, жер кең болғаны көрініб тұр, бірақ адам қашан аз болғаны, жер қашан кең болғаны көрінбейді. «Бұрын» деген сөзді қосыб айтсақ, қашан аз болғандығы көрініб, сөздің мағанасы түгелденеді. «Енді» деген сөзді айтбай «адам көб, жер тар болды» десекде, адам аз, жер тар болғандығы көрінеді. Бірақ қашан солай болғандығы көрінбейді. «Енді» деген

сөзді қосыб айтсақ, адам қашан аз болғандығы, жер қашан тар болғандығы анық көрініб, сөздің мағанасы түгелденеді.

Осындай сөз үстіне қосылыб, сөздің мағанасын толықтыратұн сөздерді үстеу дейміз.

Көбінесе үстеу сөз орнына басқа сөздер, не басқа сөзден тұуынды үстеу сөздер жүреді. Нағыз таза үстеу сөздер қазақ тілінде аз. Үстеу сөз де, тұуынды үстеу сөз де, үстеу сөз орнындағы басқа сөз де бәрі сұраудан білінеді. *Қалай? қашан, қайда?* деген сөздерге жауаб болыб айтылатұн сөздердің бәрі де йа үстеу сөз, йа соның орнындағы төлеу сөз.

Сынау. Төмендегі сөздерді көшіріб, үстеу сөздердің астын сызыб көрсетіңдер.

Кеше ыстық болды, бүгүн жаңбыр болыб тұр. Былтыр қар ерте кетті, быйыл кеш кетті. Мана басым ауырыб еді, осы кезде ауырғанын қойды. Дүркін-дүркін ийт үріб жатты.

Соңыра барыб келермін. Байағыда бір бай болған екен. Ат артынан аулақ жүр. Нұрман кітабты жылдам оқыб шықты, Бірман шабан оқыйды.

Екі кісі ауыл сыртында оңаша сөйлесіб отыр екен. Ана кісі арман бара жатыр, мына кісі бермен келе жатыр. Анда-санда айтақтаған дауыс естіледі. Екеуіміз жүзбе-жүз сөйлестік. Осы сөзімді әдейі аузыма-ауыз өзіне айт. Құс кеш келді. Екеуі далаға бірге шықты. Ауылға тайау келіб, жайау жүрді. Бірге келіб, басқа кетті. «Бүгүн ойнайын, ертең оқырмын» деб жалқау бала айтады; «бүгүн оқыйын, ертең ойнармын» деб іскер бала айтады.

II Демеу.

Демеу дегеніміз екі сөздің йәкій сөйлемнің арасын жалғастырыуға демеу болатұн сөздер. Мәселен: «Мен де, сен де сонда болдық», «Ол оқыды да, жазды да».

«Да», «де» деген сөздер екі арасындағы жүйесін келтіріб, жалғастырыуға демеу болыб тұр.

«Не ол тұрар, не мен тұрармын». «Бұл жұмыс не бітер, не бітпес немесе осы күйінде қалар».

«Не», «немесе» деген сөздер басқа сөздің арасындағы жүйелерін келтіріб, жалғастырыуға демеу болыб тұр. «Мен саған ұрыстым ба? Әйтбесе сөктім бе? немесе соқтым ба?» «Балаң қазақша оқый ма? Орысша оқый ма?» Әлде тібті босқа жүр ме?» «ба», «бе», «ма», «ме», «әлде», «әйтбесе», «немесе» деген сөздер басқа сөздердің арасындағы жүйесін келтіріб, жалғастырыу үшін тұр.

Демеу сөздер қазақ тілінде аз. Оның да көбі басқа сөзден шыққан тұуынды демеулер. Мәселен: *үйткені, сүйткені, үйтсе де, бүйтсе де, сүйтсе де, әйтсе де, әйтбесе, бүйтбесе* немесе бәрі тұуынды демеулер.

Сынау. Төмендегі сөйлемдерді көшіріб, ішіндегі демеу сөздердің астын сызыб көрсетіңдер.

Ол саған әлде күйеу, әлде құда (сүймейді қой атаулы мені жүдә). Йа бөлең, йа жійенің, йа нағашың, әйтеуір саған ұқсас еді о да. Адам да, ұшқан құс та, жүрген аң да, жұмыссыз тек тұрған жоқ – іш бір жан да. Мен бүгін сабаққа бара алғаным жоқ, үйткені басым ауырған еді. Басың ауырған шығар, сүйтсе де сабақтан қалғаның жарамаған екен. Әлде мен сылаб, сыйпаб бақбадым ба? Болмаса, жемнен қысыб сақтадым ба? Әйтбесе әбзелдерің сәнді емес пе? Жібектен тізгініңді тақпадым ба? Оқымадың, қой бақтың, сүйткенде сен не табтың. Қалаға балаңды жібер, немесе өзің барыб кел. Үйтсе де, бүйтсе де іш нәрсе өнетүн емес. Береді деб ойлаймын, сүйтсе де сұраб көр. Бір мәнісі бар шығар, әйтбесе неге жазбасын. Ол саған ұрысар, әйтсе де әзір барыу керек. Ол сенің арызыңды жазыб бермес, үйткені арыз жазбайтын адам.

III Жалғаулық.

Кей сөздер жалғау орнына жүреді және жалғаулар сыйақты басқа сөздердің шылауында тұрмаса, өз алдына мағана шықбайды. Сондай сөздерді жалғаулық дейміз.

Жалғаулық сөздер қазақ тілінде тіпті аз, мәселен: *мен, үшін, арқылы, тақырыбты, тұуралы.*

«Менен» алдындағы дыбыстың түріне қарай «бенен» болыб айтылады, қысқа түрінде «мен», «бен» болыб айтылады.

Сынау. Төмендегі сөздерді көшіріб, жалғаулық сөздердің астын сызыб көрсетіңдер.

Күшті мен күресбе, бай менен тіресбе. От бен ойнама күйерсін, бала мен ойнама, шаршарсын. Бұлардың дауы жер тақырыбты, олардың дауы жесір тақырыбты. Қабарды телгірәм арқылы алдым, хатты пошта арқылы алдым. Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін, жоқ-барды, ертегіні термек үшін. Ат тұуралы сөзді қысқарталық. Қол мен істегенді мойын мен көтереді. Тас бен ұрғанды ас бен ұр.

IV Одағай сөз.

Кей сөздер басқа сөздерден оңаша, одағай айтылады. Мәселен: *Апырым ай! Шошыб кеттім ғой. Ай-қай, қай! Жаным жаңа райыс табты ғой. Ай-қай, менің өз үйім, кең сарайым, боз үйім! Әлдій-әлдій, ақ бөпем! Пай-пай! Қалай айаңдайды! Ау-қау деб дауыстаб еді, сыйыр мөңіреді. Тарс-тұрс еткен мылтықтың дауысы естіледі. Сораб-сораб деген дауыс құлағыма келді.*

Апырым-ай! ай-қай! әлдій-әлдій! пай-пай! ау-қау! тарс-тұрс, сораб-сораб! Осылай айтылатұн сөздерді одағай сөздер дейміз.

Одағай сөз қазақ тілінде көб, құуаныш, реніш, күйініш, қайғы, жан күйзелгенде, тән күйзелгенде, жан рақат табқанда, тән рақат табқанда шығатұн дыбыстар, дауыстар, айтылатұн сөздер, қайуандарға айтатұн сөздер, дауыстар, шақырыулар бәрі одағай сөз табына кіреді.

Мәселен: *Ұу! А! Ойбай-ай! Жаным-ай! Құдайым-ай! Апырым-ай! Ау-отағасы-ау! Апырым-ау! Ал! Ай-қай, қай! Е-е-е! Ой, Тәңір-ай! Көс-көс! Құр-құр! Қош-қош! Құрыу! Шөре-шөре! Ау-қау! Сораб-сораб! Шәуім-шәуім! Ка-ка! Шөк-шөк! Әукім-әукім! Өк! Мыш-мыш! Айт-айт! Тарс-тарс! Дұңк-дұңк! Сықыр-сықыр! Тырс-тырс! Сылдыр-сылдыр! Күлдір-күлдір! Тық-тық! Күмб-күмб! Сарт-сұрт! Қарық-қарық! Шық-шық! Шыр-шыр! Қаңқ-қаңқ! Пыс-пыс!*

Сынау. Төмендегі сөйлемдерді көшіріп, ішіндегі одағай сөздердің астын сызыб көрсетіңдер.

Алақай, әкем кітаб әкеб берді! Ойбай! Көзі аларыб кетті. Бұ қорлыққа қалай шыдармын, ойбай! Ұу! Жаңа адам болдым ғой. Жарықтық-ау! Не істе дейсін! Ой, Тәңірі-ай! Жоқ сөзді айтқан несі. Апырым-ау! Мына бала таласады. Ойбай-ау! Құдай-ау! Мынасы кім еді? Ійе, ійе, манағы көрген адамым сол екен ғой. Қой! Жай отыршы. Көс-көс, жаныуар! «Әукім-әукім» деб еді, сыйыр тыпырлағанын қойды. «Сораб-сораб» деген дауысты есітіб түйелер құдыққа келеді. Арбаға сыйыр сүйкеніб жатыр, «Өк!» деші. Түйе тұрыб кетер, «Шөк-шөк» деб тұрғайсын. Қамыс ішінен тарс-тұрс еткен мылтық (дауысы) шықты. Күмб-күмб! пісіб-пісіб сабадан қымыз құйды. Күлдір-күлдір! кісінетіб, күрең мінген бар ма екен? Ал келдік жаман жерге енді сақтан. Айқай, менің өз үйім!

ҚОРЫТЫУ.

Сүйтіб, сөз тұлғасына қарай беске бөлінеді:

1) түбір сөз.
2) тұуынды сөз (тұуғын сөз).
3) қос сөз.
4) қосалқы сөз.
5) қосымшалар.

Сөздер мағанасына қарай тоғыз табқа бөлінеді:

1) зат-есім
2) сын-есім
3) сан-есім
4) есімдік
5) етістік

есімдеуіш — атау сөздер

6) үстеу (үстеуіш)
7) демеу (демеуіш)
8) жалғау (жалғауыш)
9) одағай (еліктеуіш, лебтеуіш)

шылау сөздер

ТАСЫМАЛ.

Жазыб келе жатқанда жол айағында орын аз қалыб, сөз сыймайтұн болса ол сөзге тасымал керек, йағный сөзді екі бөліб, бір бөлегін сол жолда қалдырыб, екінші бөлегін келесі жолға асырыу керек. Тасымал үшін әуелі сөзді бұуынға бөліу, сыймаған бұуындарын келесі жолға асырыу. Бұл тұуралы ереже мынадай:

1. Тасымалдағанда әр бұуын бөлінбей, не тұтас қалады, не тұтас асырылады. Мәселен: жол айағында «шақырғанға» деген сөз тұтас сыймады; Не істеу керек? Сөзді дұрыстаб бұуынға бөліу керек. «Ша-қыр-ған-ға», «ша» бұуынды қалдырыб, басқаларын келесі жолға асырыуға болады. Не «шақыр» деген бұуындарын қалдырыб, «ғанғаны» асырыуға болады, немесе «шақырған» дегенге дейін қалдырыб «ға»ны асырыу керек.

«Шақ» деб бөліб, қалғанын асырсақ, «шақырға» деб бөліб «ынға»ны асырсақ, дұрыс болмайды. Неге десең, ереже бойынша бұуын бөлінбеске тійіс, мұнда бұуындар бөлініб тұр, «шақ» деб бөлгенде «қыр...» бұуыны екі бөлініб тұр, «шақырға» деб бөлгенде «ған» бұуыны екі бөлініб тұр.

2. Жалғыз қаріб бұуын бола тұрса да, қалынбайды да, асырылмайды да; мәселен: «ағалар» дегенде бас бұуын жалғыз «а», бұл «а» өз алдына бұуын бола тұрса да, қалынбайды. Мәселен, «а»ны ғана қалдырыб, басқа бұуындарын келесі жолға асырмаймыз. Сөйтіб, жолға сыймайтүн сөзді тасымалдау үшін не істеу керек?

Әуелі сөзді бұуынға дұрыс бөліу. Екінші бір бұуынды бөлмей, тұтас күйінде асырыу. Үшінші жалғыз қарібті бұуын бола тұрса да, қалдырмай келесі жолға асырыу.

Сынау. Әр түрлі сөздерді алыб тасымалдатыу.

СОҢЫ.

جاز بعزننك تلبه‌تشه‌ری برنكلمر!

بايتورسن ؤلی احمد

ءتل-قؤرال

دبس جؤيه‌سی مه‌ن تؤرله‌ری.

I ءتل تانتقش كتاب.

قازاق قرعز تلبتلرننك ءدنتی
توبننك قاؤلسی بويشا وزگه‌رتلب
6 — نشی باسلؤی.

Baytursın uly Aqmet

TIL-QURAL

Dıbıs jıyesı men turlerı

Pid redakcıe Kolse

6-nshı basılıwı

А. Байтурсунов

ГРАММАТИКА КАЗАКСКОГО ЯЗ.

„ТИЛЬ-КУРАЛ"

Часть 1-я. Фонетика

VI издание

ГОСУДАРСТВЕННОЕ ИЗДАТЕЛЬСТВО К.А.С.С.Р.
1927





Ақ мұсылмандар.

Сөйлеуге мен сөйлеймін.

[illegible]











III жалмауызды

IV ұлтанды ғаруз





Жер жүзінің еңбекшілері, бірігіңдер!

Байтұрсын ұлы Ақымет*

ТІЛ – ҚҰРАЛ

Сөздің жүйесі мен түрлері

II тіл танытқыш кітәб

Түзетілiб, толықтырылыб, жаңа емлә мен 7-інші басылыуы

А.Байтурсунов
Грамматика казакского языка
«Тиль-курал»
Кн. II. Этимология
Издание 7-ое

Государственное издательство К. А. С. С. Р.
1927

* 1927 жылы жарық көрген «Тіл – құрал» кітабының мұқабасы



СӨЗ ТАБТАРЫ.

I. ЗАТ-ЕСІМ.

§1) **Зат-есім** нәрселердің атын көрсететүн сөздер. Нәрсе деб не түрлі де болса, бар затты айтамыз. Зат тегінде екі түрлі: біреулері көзге көрінетүн, құлаққа естілетүн, мұрынға ійіскелетүн, тілге татылатұн, денеге сезілетүн – **деректі заттар**; екіншілері көзге көрінбейтүн, құлаққа естілмейтүн, мұрынға ійіскелмейтүн, тілге татылмайтұн, денеге сезілмейтүн, адам ақыл мен ғана білетүн **дерексіз заттар**.

Сол деректі, дерексіз заттардың атын көрсететүн сөздерді **зат-есім** дейміз. Деректі заттардың есімін көрсететүн сөздер, мәселен: *жер, сұу, ай, күн, дауыс, дыбыс, ән, күй, ійіс-қоңыс, дәм, ашшылық, тұшшылық, жылылық, сұуықтық* тағысын тағылар.

Дерексіз заттардың есімін көрсететүн сөздер, мәселен: *бақ, бәле, жан, өлім, ой, мінез, ұйат, реніш, құуаныш* тағысын тағылар.

1) **Дағдыландырыу.** Төмендегі сөйлемдердің ішіндегі деректі-дерексіз заттардың есімін айыртыу.

Тау мен тасты сұу бұзар, адам затты сөз бұзар. Өлген арыстаннан тірі тышқан артық. Ат аунаған жерде түк қалады. Ійт құтырса, ійесін қабар. Қойшы көб болса, қой арам өлер. Көлде жүрген қоңыр қаз көл қадірін білер ме? Шөлде жүрген дұуадақ шөл қадірін білер ме? Тәңірі асыраған тоқтыны бөрі жемес. Шортанның өзі өлсе де, тісі өлмес. Көрмес түйені көрмес. Бійтке пышақ сұуырма! Екі сұңқар таласса, бір қарғаға жем түсер. Бүркіт қартайса, тышқан аулар. Құста сүт жоқ, жылқыда өт жоқ. Ойлай берсең, ой да көб, сана да көб, ойнай берсең, ой да жоқ, сана да жоқ. Есің барда етегіңді жаб. Ашыу дұшпан, ақыл дос, ақылыңа ақыл қос. Сабыр түбі сары алтын: сарғайған жетер мұратқа, асыққан қалар ұйатқа.

§2) **Зат-есім** екі түрлі болады: біреулері нәрсенің дербес өз басына-ғана қойылған **жалқы есім**; екіншілері нәрсенің біріне емес, барлық табына қойылған **жалпы есім.**

Жалқы есімдер: *Ахмет, Атымтай, Атығай, Қызылжар, Семей, Қырым, Қытай.*

Жалпы есімдер: *кісі, еркек, қала, дала, ел, жұрт, ұлт, өлке, падшалық.*

Дағдыландырыу. Төмендегі сөйлемдердің ішіндегі жалқы һәм жалпы есімдерді айыртыу.

Сайым ұлы Қараман! Қазанға кетіб барамын. Қобыланды батыр дем алыб, алдыңғы жаққа қарады: көз ұшында бір адам шауыб өтіб барады. Боқанға келді «Ар ма?» деб, «Алдыңда кісі бар-ма?» деб. А, Жанақ! Тіймей отыр қышығыма! Найманның кім жетеді ұшығына? Жыйылыб тамам арғын тең келер-ме бір үйлі Тоқа байдай пұшығыма? Байлыққа кім тұрғанда Досан тұрған, қасында Байжан, Сыман қоса тұрған; қорадан он төрт мың қой бірден өрген, Аламан шенен шыққа Асан тұрған; шабса қылыш өтбейтүн Мұсам тұрған; маған неге сөйлейді осы ант ұрған? Еділ қатса, кім өтбес; Едіге өлсе, кім кетбес. Атаң жаман кісі еді: ат бергеннің құлы еді; анаң жаман кісі еді: Мәскеуден келген күң еді. Ыстамбұл падша болсаң-да Құддыс, Шамға, Бұхар мен хүкім етсең-де Хүндустанға, Ағылшын, Қытай, Йапон, Рұмды алыб, дін түзеб, әмір етсең де бұл жыйһанға, тұтсаң-да жеті ықылымның бәрін тегіс, кірерсін ақыр бір күн көрстанға. Есебсіз бай болсаң-да Қарымбайдай, сахый боб мал шашсаң-да Атымтайдай, падшадай Әмір Темір дін түзетіб, болсаң-да әйдік батыр Арыстандай, болсаң-да Жійреншедей тілге шешен, Ақырда жатар орның тар лақат жай.

Сұраулар.

§3) Зат тұуралы екі түрлі сұрау бар: адам тұуралы **«кім?»** деб сұраймыз, басқа заттар тұуралы **«не?»** деб сұраймыз.

Атаулар.

§ 4) Зат есімде екі атау бар: 1) жекеше, 2) көбше.

Жекеше атау нәрсенің жеке күйіндегі есімінің аты, мәсалан: *ата, дене, омырау, белбеу, ой, үй, сырнай, керней, ашыу, шыны, қаз, құнан, айақ, шелек.*

Көбше атау нәрсенің көб күйіндегі аты, мәселен: *аталар, денелер, омыраулар, белбеулер, ойлар, үйлер, сырнайлар, кернейлер, ашыулар, шынылар, қаздар, құнандар, айақтар, шелектер.*

3) **Дағдыландырыу.** Төмендегі сөздерді жекеше атаудан көбше атауға көшіртіу.

Кісі, адам, жан, тас, шаш, маңдай, мый, желке, бет, жүз, көз, кірпік, қас, мұрын, танау, ауыз, ерін, тіл, тіс, мұрт, таңдай, тамақ, өңеш, жақ, құлақ, самай, ійек, сақал, кеуде, қабырға, арқа, тері, өкпе, бел, ійін, айақ, тізе, іні, шөб, арпа, бійдай, тары, сұлы, жүгері, жұуа, шійе, қайың, жөке, ожау, айақ, табақ, қар, жаңбыр, саз, балшық, бійе, құлын, айғыр, қошқар, бызау, үйрек, торғай, үкі, ійтелгі.

Жалғаулар.

§ 5) **Зат-есім** жалғаусыз да, жалғау мен де айтылады. Жалғаусыз түрі – түбір йәкій тұуынды сөздің жалғаусыз күйіндегі тұлғасы. Мәселен, *бас, бастық, басшы, ата, аталық, мал, малшы, малшылық, малдық, қаб, қабқан, қабшық, құлақ, құлақшын, бұура, бұуыршын.*

Жалғаулы түрі сөздің жалғау қосылғандағы тұлғасы. Мәселен, *бастың, бастыққа, басшыны, атадан, аталықтан, малдар, малшылардан, малшылықтан, малдықтарды, қабтарда, қабқандардан, қабшықты, құдасы, құлақшыным, бұураң, бұуыршыны* тағысын тағылар.

§6) Жалғау екі түрлі: 1) жай жалғау (себтеу), 2) жақ жалғау (қысқаша жақтау).

I - ЖАЙ ЖАЛҒАУЛАР.

1) Себтеу жалғаулары.

§7) Себтеу бесеу: 1) ілік жалғау, 2) барыс жалғау, 3) табыс жалғау, 4) жатыс жалғау, 5) шығыс жалғау. Бұлар сөздің айақ дыбысына қарай түрленіңкіреб жалғанады. Мәселен:

1) ілік жалғау (іліктеу) **ның, дың, тың.**

2) Барыс жалғау (барыстау) **ға (қа), ге (ке).**

3) Табыс жалғау (табыстау) **ны, ды, ты.**
4) Жатыс жалғау (жатыстау) **да (де), та, те.**
5) Шығыс жалғау (шығыстау) **дан (ден), нан (нен).**

Көбтеу жалғаулары: **лар (лер), дар (дер).**

§8) Себтеу жалғау сөздің айақ дыбысына қарай, түрліше жалғанады. Мыйсал үшін түрлі-түрлі сөздерді алыб жалғаб қарайық:

1) Жұуан сөздің айағы дауысты дыбыс болса:
«Аға» деген сөз

	Жекеше:	**Көбше**
Атау	кім? *аға*	кімдер? *ағалар* кімдердің? *ағалардың* кімдерге? *ағаларға* кімдерді? *ағаларды* кімдерде? *ағаларда* кімдерден? *ағалардан*
Ілік жалғау	кімнің? *ағаның*	
Барыс жалғау	кімге? *ағаға*	
Табыс жалғау	кімді? *ағаны*	
Жатыс жалғау	кімде? *ағада*	
Шығыс жалғау	кімнен? *ағадан*	

4) **Дағдыландырыу.** *Аға, бала, ана, апа, қала, дала* һәм басқа айағы «а» болатұн сөздерді жалғаулатыу.

«Тары» деген сөз

	Жекеше:	**Көбше**
Атау	не? *тары*	нелер? *тарылар*
Ілік жалғау	ненің? *тарының*	нелердің? *тарылардың*
Барыс жалғау	неге? *тарыға*	нелерге? *тарыларға*
Табыс жалғау	нені? *тарыны*	нелерді? *тарыларды*
Жатыс жалғау	неде? *тарыда*	нелерде? *тарыларда*
Шығыс жалғау	неден? *тарыдан*	нелерден? *тарылардан*

5) **Дағдыландырыу**. *Қазы, тазы, сұлы, қылы, шыны, талқы* һәм басқа айағы «ы» болатұн сөздерді жалғаулатыу.

2) Жіңішке сөздің айағы дауысты дыбыс болса:

«Кеме» деген сөз

	Жекеше:	**Көбше**
Атау	не? *кеме*	нелер? *кемелер*
Ілік жалғау	ненің? *кеменің*	нелердің? *кемелердің*
Барыс жалғау	неге? *кемеге*	нелерге? *кемелерге*
Табыс жалғау	нені? *кемені*	нелерді? *кемелерді*
Жатыс жалғау	неде? *кемеде*	нелерде? *кемелерде*
Шығыс жалғау	неден? *кемеден*	нелерден? *кемелерден*

6) **Дағдыландырыу.** *Әке, шеше, шеге, көже, теке, тізе, төбе* жана басқа айағы «е» болатұн сөздерді жалғаулатыу.

«Кісі» деген сөз

	Жекеше:	**Көбше**
Атау	кім? *кісі*	кімдер? *кісілер*
Ілік жалғау	кімнің? *кісінің*	кімдердің? *кісілердің*
Барыс жалғау	кімге? *кісіге*	кімдерге? *кісілерге*
Табыс жалғау	кімді? *кісіні*	кімдерді? *кісілерді*
Жатыс жалғау	кімде? *кісіде*	кімдерде? *кісілерде*
Шығыс жалғау	кімнен? *кісіден*	кімдерден? *кісілерден*

7) **Дағдыландырыу.** *Түлкі, күпі, ешкі, түрпі, келі, күлкі* айағы «і» болатұн сөздерді жалғаулатыу.

3) Жұуан сөздің айақ дыбысы жарты дауысты дыбыс болса:

«Жау» деген сөз

	Жекеше:	**Көбше**
Атау	кім? *жау*	кімдер? *жаулар*
Ілік жалғау	кімнің? *жаудың*	кімдердің? *жаулардың*
Барыс жалғау	кімге? *жауға*	кімдерге? *жауларға*
Табыс жалғау	кімді? *жауды*	кімдерді? *жауларды*
Жатыс жалғау	кімде? *жауда*	кімдерде? *жауларда*
Шығыс жалғау	кімнен? *жаудан*	кімдерден? *жаулардан*

8) **Дағдыландырыу.** Мынау сөздерді жалғаулатыу: *тау, бау, отау, танау, ау, сұу, бұу, ұу.*

«Тай» деген сөз

	Жекеше:	**Көбше**
Атау	не? *тай*	нелер? *тайлар*
Ілік жалғау	ненің? *тайдың*	нелердің? *тайлардың*
Барыс жалғау	неге? *тайға*	нелерге? *тайларға*
Табыс жалғау	нені? *тайды*	нелерді? *тайларды*
Жатыс жалғау	неде? *тайда*	нелерде? *тайларда*
Шығыс жалғау	неден? *тайдан*	нелерден? *тайлардан*

9) **Дағдыландырыу.** Мынау сөздерді жалғаулатыу: *қой, бой, май, сай, сый, мый, қый.*

4) Жіңішке сөздің айағы жарты дауысты дыбыс болса:

«Күйеу» д.с.

	Жекеше:	**Көбше**
Атау	кім? *күйеу*	кімдер? *күйеулер*
Ілік жалғау	кімнің? *күйеудің*	кімдердің? *күйеулердің*
Барыс жалғау	кімге? *күйеуге*	кімдерге? *күйеулерге*
Табыс жалғау	кімді? *күйеуді*	кімдерді? *күйеулерді*
Жатыс жалғау	кімде? *күйеуде*	кімдерде? *күйеулерде*
Шығыс жалғау	кімнен? *күйеуден*	кімдерден? *күйеулерден*

10) **Дағдыландырыу.** Мынау сөздерді жалғаулатыу: *егеу, селеу, елеу, белбеу, көсеу.*

«Үй» д.с.

	Жекеше:	**Көбше**
Атау	не? *үй*	нелер? *үйлер*
Ілік жалғау	ненің? *үйдің*	нелердің? *үйлердің*
Барыс жалғау	неге? *үйге*	нелерге? *үйлерге*
Табыс жалғау	нені? *үйді*	нелерді? *үйлерді*
Жатыс жалғау	неде? *үйде*	нелерде? *үйлерде*
Шығыс жалғау	неден? *үйден*	нелерден? *үйлерден*

11) **Дағдыландырыу.** Мынау сөздерді жалғаулатыу: *күй, көмей, шій, ій, кеней, сәуегей.*

5) Жұуан сөздің айағы қатаң дыбыс болса:
«Айақ» деген сөз

	Жекеше:	**Көбше**
Атау	не? *айақ*	нелер? *айақтар*
Ілік жалғау	ненің? *айақтың*	нелердің? *айақтардың*
Барыс жалғау	неге? *айаққа*	нелерге? *айақтарға*
Табыс жалғау	нені?*айақты*	нелерді? *айақтарды*
Жатыс жалғау	неде? *айақта*	нелерде? *айақтарда*
Шығыс жалғау	неден? *айақтан*	нелерден? *айақтардан*

Ескертіу. Сөз айағы қатаң дыбыс болса, жалғау басындағы «д» дыбысы «т» сыйақты естіледі. Ондай орында «т» жазбай, «д» хәрфін жазыу тийіс.

12) **Дағдыландырыу.** *Тайлақ, ат, құс, қаб, шаш, тоб* һәм басқа айағы қатаң дыбысты сөздерді жалғаулатыу.

6) Жіңішке сөздің айағы қатаң дыбыс болса:
«Бет» д.с.

	Жекеше:	**Көбше**
Атау	не? *бет*	нелер? *беттер*
Ілік жалғау	ненің? *беттің*	нелердің? *беттердің*
Барыс жалғау	неге? *бетке*	нелерге? *беттерге*
Табыс жалғау	нені? *бетті*	нелерді? *беттерді*
Жатыс жалғау	неде? *бетте*	нелерде? *беттерде*
Шығыс жалғау	неден? *беттен*	нелерден? *беттерден*

13) **Дағдыландырыу:** *Ет, тіс, іш, жүрек, жіб, шөб* жана басқа айағы қатаң дыбысты жіңішке сөздерді жалғаулатыу.

7) Жұуан сөздің айағы ымыралы дыбыс болса:
«Қаз» д.с.

	Жекеше:	**Көбше**
Атау	не? *қаз*	нелер? *қаздар*
Ілік жалғау	ненің? *қаздың*	нелердің? *қаздардың*
Барыс жалғау	неге? *қазға*	нелерге? *қаздарға*
Табыс жалғау	нені? *қазды*	нелерді? *қаздарды*
Жатыс жалғау	неде? *қазда*	нелерде? *қаздарда*
Шығыс жалғау	неден? *қаздан*	нелерден? *қаздардан*

14) **Дағдыландырыу.** *Жаз, баж, аз, баж, қыз, тұз* жана басқа айағы ымыралы дыбысты жұуан сөздерді жалғаулатыу.

8) Жіңішке сөздің айағы ымыралы дыбыс болса:
«Көз» деген с.

	Жекеше:	**Көбше**
Атау	не? *көз*	нелер? *көздер*
Ілік жалғау	ненің? *көздің*	нелердің? *көздердің*
Барыс жалғау	неге? *көзге*	нелерге? *көздерге*
Табыс жалғау	нені? *көзді*	нелерді? *көздерді*
Жатыс жалғау	неде? *көзде*	нелерде? *көздерде*
Шығыс жалғау	неден? *көзден*	нелерден? *көздерден*

Ескертіу. Сөз айағы «р» болса, көбтік жалғау «дар», «дер» болмай, «лар», «лер» күйінде қалады.

15) **Дағдыландырыу.** *Сөз, із, күз* жана басқа айағы ымыралы дыбысты жіңішке сөздерді жалғаулатыу.

9) Жұуан сөздің айағы ұйаң дыбыс болса:
«Нан» деген сөз

	Жекеше:	**Көбше**
Атау	не? *нан*	нелер? *нандар*
Ілік жалғау	ненің? *нанның*	нелердің? *нандардың*
Барыс жалғау	неге? *нанға*	нелерге? *нандарға*
Табыс жалғау	нені? *нанды*	нелерді? *нандарды*
Жатыс жалғау	неде? *нанда*	нелерде? *нандарда*
Шығыс жалғау	неден? *наннан*	нелерден? *нандардан*

16) **Дағдыландырыу.** *Жан, аң, шам, сам, таң, шаң* тағысын тағы сондай айағы ұйаң дыбысты жұуан сөздерді жалғаулатыу.

10) Жіңішке сөздің айағы ұйаң дыбыс болса:
«Жем» деген сөз

	Жекеше:	**Көбше**
Атау	не? *жем*	нелер? *жемдер* нелердің? *жемдердің* нелерге? *жемдерге* нелерді? *жемдерді* нелерде? *жемдерде* нелерден? *жемдерден*
Ілік жалғау	ненің? *жемнің*	
Барыс жалғау	неге? *жемге*	
Табыс жалғау	нені? *жемді*	
Жатыс жалғау	неде? *жемде*	
Шығыс жалғау	неден? *жемнен*	

17) **Дағдыландырыу.** *Сең, күн, ем, көң, кілем, жүген* тағысын тағы сондай айағы ұйаң дыбысты жіңішке сөздерді жалғаулатыу.

II - ЖАҚ ЖАЛҒАУ

§9) Жақ жалғау (қысқаша жақтау) – сөз жақ бен айтылғанда жалғанатұн жалғау, жақ үшеу: **1-інші жақ** мендік, (айтыушы жағы), **2-нші жақ** сендік, (тыңдаушы жағы), **3-інші жақ** бөгделік, (айтыушы мен тыңдаушы екеуінен басқалардың жағы).

§10) Жақ жалғау екіге бөлінеді: 1) тәуелдеу, 2) жіктеу.

1) Тәуелдеу жалғаулары.

§11) Тәуелдеу бір жаққа меншіктете сөйлегенде қосылатұн жалғау.

Тәуелдеу екі түрлі: 1) оңаша тәуелдеу, 2) ортақ тәуелдеу.

Оңаша тәуелдеу:

1 інші жақ – **м (ым)**
2 нші жақ – **ң (ың)**
3 інші жақ – **ы (сы)**[**]

Ортақ тәуелдеу:

1 інші жақ – **мыз (ымыз)**
2 нші жақ – **ңыз (ыңыз)**
3 інші жақ – **ы (сы)**

§12) Тәуелдеу сөздің айақ бұуынына қарай, түрліше жалғанады. Мыйсал үшін төмендегі сөздерді алыб тәуелдеб қарайық.

Тәуелденетұн сөздер: *ата, дене, отау, егеу, сауын, ерін, жұрт, салт, тұлыб, талыс, сырық, ой, үй, сый, бій, сұу, бұу, жыйын, ійін, бұйым, тоқым, айақ, шелек, қозы, тері.*

Оңаша тәуелдеу.

Жекеше: 1-інші жақ (мендік): *атам, денем, отауым, егеуім, сауыным, ерінім, жұртым, салтым, тұлыбым, талысым, сырығым, ойым, үйім, сыйым, бійім, сұуым, бұуым, жыйыным, ійінім, бұйымым, тоқымым, айағым, шелегім, қозым, терім.*

---

* [*]Сөз айағы дауысты дыбыс болса, үшінші жақтың айағына «с» қосылады.

2-нші жақ (сендік): *атаң, денең, отауың, егеуің, сауының, ерінің, жұртың, салтың, тұлыбың, талысың, сырығың, ойың, үйің, сыйың, бійің, сұуың, бұуың, жыйының, ійінің, бұйымың, тоқымың, айағың, шелегің, қозың, терің.*

3-інші жақ (бөгделік): *атасы, денесі, отауы, егеуі, сауыны, еріні, жұрты, салты, тұлыбы, талысы, сырығы, ойы, үйі, сыйы, бійі, сұуы, бұуы, жыйыны, ійіні, бұйымы, тоқымы, айағы, шелегі, қозысы, терісі.*

Көбше: 1-інші жақ (мендік): *аталарым, денелерім, отауларым, егеулерім, сауындарым, еріндерім, жұрттарым, салттарым, тұлыбтарым, талыстарым, сырықтарым, ойларым, үйлерім, сыйларым, бійлерім, сұуларым, бұуларым, жыйындарым, ійіндерім, бұйымдарым, тоқымдарым, айақтарым, шелектерім, қозыларым, терілерім.*

2-нші жақ (сендік): *аталарың, денелерің, отауларың, егеулерің, сауындарың, еріндерің, жұрттарың, салттарың, тұлыбтарың, талыстарың, сырықтарың, ойларың, үйлерің, сыйларың, бійлерің, сұуларың, бұуларың, жыйындарың, ійіндерің, бұйымдарың, тоқымдарың, айақтарың, шелектерің, қозыларың, терілерің.*

3-інші жақ (бөгделік): *аталары, денелері, отаулары, егеулері, сауындары, еріндері, жұрттары, салттары, тұлыбтары, талыстары, сырықтары, ойлары, үйлері, сыйлары, бійлері, сұулары, бұулары, жыйындары, ійіндері, бұйымдары, тоқымдары, айақтары, шелектері, қозылары, терілері.*

18) **Дағдыландырыу.** Осы үлгі бойынша басқа зат-есім сөздерді алыб, оңаша тәуелдеу керек.

Ортақ тәуелдеу.

Жекеше: 1-інші жақ (біздік): *атамыз, денеміз, отауымыз, егеуіміз, сауынымыз, ерініміз, жұртымыз, салтымыз, тұлыбымыз, талысымыз, сырығымыз, ойымыз, бійіміз, сұуымыз, бұуымыз, жыйынымыз, ійініміз, бұйымымыз, тоқымымыз, айағымыз, шелегіміз, қозымыз, теріміз.*

2-нші жақ (сіздік): *атаңыз, денеңіз, отауыңыз, егеуіңіз, сауыныңыз, ерініңіз, жұртыңыз, салтыңыз, тұлыбыңыз, талысыңыз, сырығыңыз, ойыңыз, үйіңіз, бійіңіз, сұуыңыз, бұуыңыз, жыйыныңыз, ійініңіз, тоқымыңыз айағыңыз, шелегіңіз, қозыңыз, теріңіз.*

3-інші жақ (оларлық): *атасы, денесі, отауы, егеуі, сауыны, еріні, жұрты, салты, тұлыбы, талысы, сырығы, ойы, үйі, сыйы, бійі, сұуы, бұуы, жыйыны, ійіні, бұйымы, тоқымы, айағы, шелегі, қозысы, терісі.*

Көбше: 1-інші жақ (біздік): *аталарымыз, денелеріміз, отауларымыз, егеулеріміз, сауындарымыз, еріндеріміз, жұрттарымыз, салттарымыз, тұлыбтарымыз, талыстарымыз, сырықтарымыз, ойларымыз, үйлеріміз, сыйларымыз, бійлеріміз, сұуларымыз, бұуларымыз, жыйындарымыз, ійіндеріміз, бұйымдарымыз, тоқымдарымыз, айақтарымыз, шелектеріміз, қозыларымыз, терілеріміз.*

2-нші жақ (сіздік): *аталарыңыз, денелеріңіз, отауларыңыз, егеулеріңіз, сауындарыңыз, еріндеріңіз, жұрттарыңыз, салттарыңыз, тұлыбтарыңыз, талыстарыңыз, сырықтарыңыз, ойларыңыз, үйлеріңіз, сыйларыңыз, бійлеріңіз, сұуларыңыз, бұуларыңыз, жыйындарыңыз, ійіндеріңіз, бұйымдарыңыз, тоқымдарыңыз, айақтарыңыз, шелектеріңіз, қозыларыңыз, терілеріңіз.*

3-інші жақ (оларлық): *аталары, денелері, отаулары, егеулері, сауындары, еріндері, жұрттары, салттары, тұлыбтары, талыстары, сырықтары, ойлары, үйлері, сыйлары, бійлері, сұулары, бұулары, жыйындары, ійіндері, бұйымдары, тоқымдары, айақтары, шелектері, қозылары, терілері.*

19) **Дағдыландырыу.** Осы үлгі бойынша зат-есім сөздерді алыб ортақ тәуелдеу түріне түсіріу.

Ескертіу. Анайылық жөн мен сөйлегенде оңаша тәуелдеу түрі мен айтылады, сыпайылық жөн мен сөйлегенде ортақ тәуелдеу түрі мен айтылады. Мәселен:

Анайылық түрі:

Жекеше: **1-інші жақ** – *атам, анам, балам, атым, асым, басым;*
2-нші жақ – *атаң, анаң, балаң, атың, асың, басың;*
3-інші жақ – *атасы, анасы, баласы, аты, асы, басы;*

Көбше: **1-інші жақ** – *аталарым, аналарым, балаларым, аттарым, астарым, бастарым;*
2-нші жақ – *аталарың, аналарың, балаларың, аттарың, астарың, бастарың;*
3-інші жақ – *аталары, аналары, балалары, аттары, астары, бастары.*

Сыпайылық түрі:

Жекеше: **1-інші жақ** – *атамыз, анамыз, баламыз, атымыз, асымыз, басымыз;*
2-нші жақ – *атаңыз, анаңыз, балаңыз, атыңыз, асыңыз, басыңыз;*
3-інші жақ – анайылық түрше.

Көбше: **1-інші жақ** – *аталарымыз, аналарымыз, балаларымыз, астарымыз, бастарымыз;*
2-нші жақ – *аталарыңыз, аналарыңыз, балаларыңыз, астарыңыз, бастарыңыз;*
3-інші жақ – анайылық түрше.

20) **Дағдыландырыу.** Төмендегі сөздерді осы үлгі бойынша әуелі анайы түрге, сонан соң сыпайы түрге аударыу (жекеше, көбше, үш жақтық айтылыуы мен): *арба, көрпе, тау, егеу, тай, көмей, сый, шій, от, бет, саз, аз, таң, көң, нар, ер.*

2) Жіктеу жалғаулары:

§13) **Жіктеу** қалыбтың амалын, болмыстың жігін ашыб, жақ-жаққа айыра сөйлегенде қосылатұн жалғау, жіктеу екі түрлі: 1) анайы жіктеу, 2) сыпайы жіктеу.

Анайы жіктеу:

1-інші жақ – **мын, бын (мен*)**

2-нші жақ – **сын (сен)**

3-інші жақ – жоқ **(ды)**

§14) Жіктеу сөздің айақ дыбысына қарай түрліше жалғанады. Мыйсал үшін төмендегі сөздерді алыб, жіктеб қарайық. Жіктелетүн сөздер: *бала, бөпе, адам, жан, түйе, бақсы, кісі, тау, егеу, қанат, қонақ, жүрек, тас, күш.*

Анайы жіктеу.

Жекеше: **1-інші жақ (мендік)** – *баламын, бөпемін, адаммын, жанмын, төбемін, бақсымын, кісімін, таумын, егеумін, қанатбын, қонақбын, жүрекбін, тасбын, күшбін;*

2-нші жақ (сендік) – *баласын, бөпесін, адамсын, жансын, төбесін, бақсысын, кісісін, таусын, егеусін, қанатсын, қонақсын, жүрексін, тассын, күшсін;*

3-інші жақ (бөгделік) – *бала, бөпе, адам, жан, төбе, бақсы, кісі, тау, егеу, қанат, қонақ, жүрек, тас, күш* (ды).

Көбше: **1-інші жақ (мендік)** – жоқ.

2-нші жақ (сендік) – *балаларсын, бөпелерсін, адамдарсын, жандарсын, төбелерсін, бақсыларсын, кісілерсін, тауларсын, егеулерсін, қанаттарсын, қонақтарсын, жүректерсін, тастарсын, күштерсін.*

3-інші жақ (бөгделік) – *балалар, бөпелер, адамдар, жандар, төбелер, бақсылар, кісілер, таулар, егеулер, қанаттар, қонақтар, жүректер, тастар, күштер* (ды).

21) **Дағдыландырыу.** Осы үлгі бойынша басқа зат-есім сөздерді алыб анайы жіктеу керек.

* «мын», «бын», «сын» өзгерген «мен», «сен» болады.

Сыпайы жіктеу.

Жекеше: **1-інші жақ (біздік)** – *баламыз, бөпеміз, адамбыз, жанбыз, төбеміз, бақсымыз, кісіміз, таумыз, егеуміз, қанатбыз, қонақбыз, жүрекбіз, тасбыз, күшбіз.*

2-нші жақ (сіздік) – *баласыз, бөпесіз, адамсыз, жансыз, төбесіз, бақсысыз, кісісіз, таусыз, егеусіз, қанатсыз, қонақсыз, жүрексіз, тассыз, күшсіз.*

3-інші жақ (оларлық) – *бала, бөпе, адам, жан, төбе, бақсы, кісі, тау, егеу, қанат, қонақ, жүрек, тас, күш* (ды).

Көбше: **1-інші жақ (біздік)** – *балалармыз, бөпелерміз, адамдармыз, жандармыз, төбелерміз, бақсылармыз, кісілерміз, таулармыз, егеулерміз, қанаттармыз, қонақтармыз, жүректерміз, тастармыз, күштерміз.*

2-нші жақ (сіздік) – *балаларсыз, бөпелерсіз, адамдарсыз, жандарсыз, төбелерсіз, бақсыларсыз, кісілерсіз, тауларсыз, егеулерсіз, қанаттарсыз, қонақтарсыз, жүректерсіз, тастарсыз, күштерсіз.*

3-інші жақ (оларлық) – *балалар, бөпелер, адамдар, жандар, төбелер, бақсылар, кісілер, таулар, егеулер, қанаттар, қонақтар, жүректер, тастар, күштер* (ды).

22) **Дағдыландырыу.** Осы үлгі бойынша басқа зат-есім сөздерді алыб жіктеу керек.

Тәуелдеуді себтеу, жіктеу.

§15) Тәуелденген зат-есімге себтеу жалғаулары да, жіктеу жалғаулар да жалғанады.

Тәуелдеуді себтеу.

§16) Себтеу жалғаулары тәуелдеуге алынған сөздердің айақ дыбысына қарай түрліше жалғанады. Мыйсал үшін айағы түрлі дыбысты сөздерді тәуелдеб алыб, себтеб қарайық.

Оңаша тәуелдеуді себтеу.

1. Жұуан сөздің айағы дауысты дыбыс болса, тәуелдеуге себтеу бұлай жалғанады:

«Ата» деген сөз	1-інші жақ	2-інші жақ	3-інші жақ
Жекеше:			
Атау	атам	атаң	атасы
Ілік жалғау	атамның	атаңның	атасының
Барыс жалғау	атама	атаңа	атасына
Табыс жалғау	атамды	атаңды	атасын
Жатыс жалғау	атамда	атаңда	атасында
Шығыс жалғау	атамнан	атаңнан	атасынан
Көбше:			
Атау	аталарым	аталарың	аталары
Ілік жалғау	аталарымның	аталарыңның	аталарының
Барыс жалғау	аталарыма	аталарыңа	аталарына
Табыс жалғау	аталарымды	аталарыңды	аталарын
Жатыс жалғау	аталарымда	аталарыңда	аталарында
Шығыс жалғау	аталарымнан	аталарыңнан	аталарынан

23) **Дағдыландырыу.** *Бала, шаға, тары, шырпы, қора* жана басқа сондай сөздерді осы жоғарғы үлгі бойынша тәуелді қалыбта жалғаулатыу.

2. Жіңішке сөздің айағы дауысты дыбыс болса, тәуелдеуге себтеу бұлай жалғанады:

«Тері» д.с.	1-інші жақ	2-інші жақ	3-інші жақ
Жекеше:			
Атау	терім	терің	терісі
Ілік жалғау	терімнің	теріңнің	терісінің
Барыс жалғау	теріме	теріңе	терісіне
Табыс жалғау	терімді	теріңді	терісін
Жатыс жалғау	терімде	теріңде	терісінде
Шығыс жалғау	терімнен	теріңнен	терісінен
Көбше:			
Атау	терілерім	терілерің	терілері
Ілік жалғау	терілерімнің	терілеріңнің	терілерінің
Барыс жалғау	терілеріме	терілеріңе	терілеріне
Табыс жалғау	терілерімді	терілеріңді	терілерін
Жатыс жалғау	терілерімде	терілеріңде	терілерінде
Шығыс жалғау	терілерімнен	терілеріңнен	терілерінен

24) **Дағдыландырыу.** *Кеуде, шеге, түлкі, кірпі, күбі,* басқа сондай сөздерді осы көрсетілген үлгі бойынша тәуелді қалыбта жалғаулатыу.

3. Жұуан сөздің айағы жарты дауысты дыбыс болса, тәуелдеуге себтеу бұлай жалғанады:

«Танау» деген сөз	1-інші жақ	2-інші жақ	3-інші жақ
Жекеше:			
Атау	танауым	танауың	танауы
Ілік жалғау	танауымның	танауыңның	танауының
Барыс жалғау	танауыма	танауыңа	танауына
Табыс жалғау	танауымды	танауыңды	танауын
Жатыс жалғау	танауымда	танауыңда	танауында
Шығыс жалғау	танауымнан	танауыңнан	танауынан
Көбше:			
Атау	танауларым	танауларың	танаулары
Ілік жалғау	танауларымның	танауларыңның	танауларының
Барыс жалғау	танауларыма	танауларыңа	танауларына
Табыс жалғау	танауларымды	танауларыңды	танауларын
Жатыс жалғау	танауларымда	танауларыңда	танауларында
Шығыс жалғау	танауларымнан	танауларыңнан	танауларынан

25) **Дағдыландырыу.** *Ау, бау, тау, жау, қарыу, қылыу* жана басқа сондай сөздерді осы көрсеткен үлгі бойынша тәуелді қалыбта жалғаулатыу.

«Қой» деген сөз	1-інші жақ	2-інші жақ	3-інші жақ
Жекеше:			
Атау	қойым	қойың	қойы
Ілік жалғау	қойымның	қойыңның	қойының
Барыс жалғау	қойыма	қойыңа	қойына
Табыс жалғау	қойымды	қойыңды	қойын
Жатыс жалғау	қойымда	қойыңда	қойында
Шығыс жалғау	қойымнан	қойыңнан	қойынан
Көбше:			
Атау	қойларым	қойларың	қойлары
Ілік жалғау	қойларымның	қойларыңның	қойларының
Барыс жалғау	қойларыма	қойларыңа	қойларына
Табыс жалғау	қойларымды	қойларыңды	қойларын
Жатыс жалғау	қойларымда	қойларыңда	қойларында
Шығыс жалғау	қойларымнан	қойларыңнан	қойларынан

26) **Дағдыландырыу.** *Бай, малай, сай, той, тай, шай* жана басқа сондай сөздерді осы көрсеткен үлгі бойынша тәуелді қалыбта жалғаулатыу.

«Мый» д.с.	1-інші жақ	2-інші жақ	3-інші жақ
Жекеше:			
Атау	мыйым	мыйың	мыйы
Ілік жалғау	мыйымның	мыйыңның	мыйының
Барыс жалғау	мыйыма	мыйыңа	мыйына
Табыс жалғау	мыйымды	мыйыңды	мыйын
Жатыс жалғау	мыйымда	мыйыңда	мыйында
Шығыс жалғау	мыйымнан	мыйыңнан	мыйынан
Көбше:			
Атау	мыйларым	мыйларың	мыйлары
Ілік жалғау	мыйларымның	мыйларыңның	мыйларының
Барыс жалғау	мыйларыма	мыйларыңа	мыйларына
Табыс жалғау	мыйларымды	мыйларыңды	мыйларын
Жатыс жалғау	мыйларымда	мыйларыңда	мыйларында
Шығыс жалғау	мыйларымнан	мыйларыңнан	мыйларынан

27) **Дағдыландырыу.** *Сый, мый* жана басқа сондай сөздерді осы көрсеткен үлгі бойынша тәуелді қалыбта жалғаулатыу.

4. Жіңішке сөздің айағы жарты дауысты дыбыс болса, тәуелдеуге себтеу бұлай жалғанады:

«Егеу» д.с.	1-інші жақ	2-інші жақ	3-інші жақ
Жекеше:			
Атау	*егеуім*	*егеуің*	егеуі
Ілік жалғау	*егеуімнің*	*егеуіңнің*	егеуінің
Барыс жалғау	*егеуіме*	*егеуіңе*	егеуіне
Табыс жалғау	*егеуімді*	*егеуіңді*	егеуін
Жатыс жалғау	*егеуімде*	*егеуіңде*	егеуінде
Шығыс жалғау	*егеуімнен*	*егеуіңнен*	егеуінен
Көбше:			
Атау	*егеулерім*	*егеулерің*	егеулері
Ілік жалғау	*егеулерімнің*	*егеулеріңнің*	егеулерінің
Барыс жалғау	*егеулеріме*	*егеулеріңе*	егеулеріне
Табыс жалғау	*егеулерімді*	*егеулеріңді*	егеулерін
Жатыс жалғау	*егеулерімде*	*егеулеріңде*	егеулерінде
Шығыс жалғау	*егеулерімнен*	*егеулеріңнен*	егеулерінен

«Күй» деген сөз	1-інші жақ	2-інші жақ	3-інші жақ
Жекеше:			
Атау	күйім	күйің	күйі
Ілік жалғау	күйімнің	күйіңнің	күйінің
Барыс жалғау	күйіме	күйіңе	күйіне
Табыс жалғау	күйімді	күйіңді	күйін
Жатыс жалғау	күйімде	күйіңде	күйінде
Шығыс жалғау	күйімнен	күйіңнен	күйінен
Көбше:			
Атау	күйлерім	күйлерің	күйлері
Ілік жалғау	күйлерімнің	күйлеріңнің	күйлерінің
Барыс жалғау	күйлеріме	күйлеріңе	күйлеріне
Табыс жалғау	күйлерімді	күйлеріңді	күйлерін
Жатыс жалғау	күйлерімде	күйлеріңде	күйлерінде
Шығыс жалғау	күйлерімнен	күйлеріңнен	күйлерінен

«Бій» д.с.	1-інші жақ	2-інші жақ	3-інші жақ
Жекеше:			
Атау	бійім	бійің	бійі
Ілік жалғау	бійімнің	бійіңнің	бійінің
Барыс жалғау	бійіме	бійіңе	бійіне
Табыс жалғау	бійімді	бійіңді	бійін
Жатыс жалғау	бійімде	бійіңде	бійінде
Шығыс жалғау	бійімнен	бійіңнен	бійінен
Көбше:			
Атау	бійлерім	бійлерің	бійлері
Ілік жалғау	бійлерімнің	бійлеріңнің	бійлерінің
Барыс жалғау	бійлеріме	бійлеріңе	бійлеріне
Табыс жалғау	бійлерімді	бійлеріңді	бійлерін
Жатыс жалғау	бійлерімде	бійлеріңде	бійлерінде
Шығыс жалғау	бійлерімнен	бійлеріңнен	бійлерінен

28) **Дағдыландырыу.** Осы үлгі бойынша *үй, көмей, кеней* жана басқа айағында жарты дауысты «й» бар сөздерді жалғаулатыу.

5. Жұуан сөздің айағы дауыссыз дыбыс болса, тәуелдеуге себтеу бұлай жалғанады.

«Мал» д.с.	1-інші жақ	2-інші жақ	3-інші жақ
Жекеше:			
Атау	малым	малың	малы
Ілік жалғау	малымның	малыңның	малының
Барыс жалғау	малыма	малыңа	малына
Табыс жалғау	малымды	малыңды	малын
Жатыс жалғау	малымда	малыңда	малында
Шығыс жалғау	малымнан	малыңнан	малынан
Көбше:			
Атау	малдарым	малдарың	малдары
Ілік жалғау	малдарымның	малдарыңның	малдарының
Барыс жалғау	малдарыма	малдарыңа	малдарына
Табыс жалғау	малдарымды	малдарыңды	малдарын
Жатыс жалғау	малдарымда	малдарыңда	малдарында
Шығыс жалғау	малдарымнан	малдарыңнан	малдарынан

29) **Дағдыландырыу.** Осы үлгі бойынша *шал, қаз, қар, қаб, қан, шақ, ас* жана басқа сондай айағы дауыссыз дыбысты сөздерді тәуелді қалыбта жалғаулатыу:

6. Жіңішке сөздің айағы дауыссыз дыбыс болса, тәуелдеуде себтеу бұлай жалғанады:

«Ел» д.с.	1-інші жақ	2-інші жақ	3-інші жақ
Жекеше:			
Атау	елім	елің	елі
Ілік жалғау	елімнің	еліңнің	елінің
Барыс жалғау	еліме	еліңе	еліне
Табыс жалғау	елімді	еліңді	елін
Жатыс жалғау	елімде	еліңде	елінде
Шығыс жалғау	елімнен	еліңнен	елінен
Көбше:			
Атау	елдерім	елдерің	елдері
Ілік жалғау	елдерімнің	елдеріңнің	елдерінің
Барыс жалғау	елдеріме	елдеріңе	елдеріне
Табыс жалғау	елдерімді	елдеріңді	елдерін
Жатыс жалғау	елдерімде	елдеріңде	елдерінде
Шығыс жалғау	елдерімнен	елдеріңнен	елдерінен

30) **Дағдыландырыу.** Осы үлгі бойынша *ел, жез, бет, ийек, күш, тіс* жана басқа сондай айағы дауыссыз дыбысты жіңішке сөздерді тәуелді қалыбта жалғаулатыу.

Ортақ тәуелдеуді себтеу.

7. Жұуан сөздің айағы дауысты дыбыс болса, ортақ тәуелдеуге себтеу бұлай жалғанады.

«Апа» д.с.	1-інші жақ	2-інші жақ	3-інші жақ
Жекеше:			
Атау	апамыз	апаңыз	
Ілік жалғау	апамыздың	апаңыздың	апасы
Барыс жалғау	апамызға	апаңызға	**
Табыс жалғау	апамызды	апаңызды	
Жатыс жалғау	апамызда	апаңызда	
Шығыс жалғау	апамыздан	апаңыздан	
Көбше:			
Атау	апаларымыз	апаларыңыз	
Ілік жалғау	апаларымыздың	апаларыңыздың	
Барыс жалғау	апаларымызға	апаларыңызға	
Табыс жалғау	апаларымызды	апаларыңызды	
Жатыс жалғау	апаларымызда	апаларыңызда	
Шығыс жалғау	апаларымыздан	апаларыңыздан	

31) **Дағдыландырыу.** Осы үлгі бойынша айағында дауысты дыбыс бар жұуан сөздерді жалғаулатыу.

* Үшінші жақ оңаша тәуелдік сыйақты, ортақтығын «олардың» деген сөз көрсетеді; мәселен, «олардың апасы», «олардың апалары», «олардың үйі», «олардың үйлері».

8. Жіңішке сөздің айағы дауысты дыбыс болса, ортақ тәуелдеуге себтеу бұлай жалғанады:

«Іні» д.с.	1-інші жақ	2-інші жақ	3-інші жақ
Жекеше:			
Атау	*інім*із	*інің*із	інісі
Ілік жалғау	*інім*іздің	*інің*іздің	інісінің
Барыс жалғау	*інім*ізге	*інің*ізге	інісіне
Табыс жалғау	*інім*ізді	*інің*ізді	інісін
Жатыс жалғау	*інім*ізде	*інің*ізде	інісінде
Шығыс жалғау	*інім*ізден	*інің*ізден	інісінен
Көбше:			
Атау	*інілер*іміз	*інілер*іңіз	інілері
Ілік жалғау	*інілер*іміздің	*інілер*іңіздің	інілерінің
Барыс жалғау	*інілер*імізге	*інілер*іңізге	інілеріне
Табыс жалғау	*інілер*імізді	*інілер*іңізді	інілерін
Жатыс жалғау	*інілер*імізде	*інілер*іңізде	інілерінде
Шығыс жалғау	*інілер*іміздан	*інілер*іңізден	інілерінен

32) **Дағдыландырыу.** Осы үлгі бойынша айағы дауысты жіңішке сөздерді ортақ тәуелдік түрінде жалғаулатыу.

9. Жуан сөздің айағы дауыссыз йа жарты дауысты дыбыс болса, ортақ тәуелдеуге себтеу бұлай жалғанады:

«Бас» деген с.	1-інші жақ	2-інші жақ	3-інші жақ
Жекеше:			
Атау	басымыз	басыңыз	басы
Ілік жалғау	басымыздың	басыңыздың	басының
Барыс жалғау	басымызға	басыңызға	басына
Табыс жалғау	басымызды	басыңызды	басын
Жатыс жалғау	басымызда	басыңызда	басында
Шығыс жалғау	басымыздан	басыңыздан	басынан
Көбше:			
Атау	бастарымыз	бастарыңыз	бастары
Ілік жалғау	бастарымыздың	бастарыңыздың	бастарының
Барыс жалғау	бастарымызға	бастарыңызға	бастарына
Табыс жалғау	бастарымызды	бастарыңызды	бастарын
Жатыс жалғау	бастарымызда	бастарыңызда	бастарында
Шығыс жалғау	бастарымыздан	бастарыңыздан	бастарынан

33) **Дағдыландырыу.** Осы үлгі бойынша айағы дауыссыз жана жарты дауысты жуан сөздерді ортақ тәуелдік түрінде жалғаулатыу.

10) Жіңішке сөздің айағы дауыссыз йа жарты дауысты дыбыс болса, ортақ тәуелдеуге себтеу бұлай жалғанады:

«Күш» д.с.	1-інші жақ	2-інші жақ	3-інші жақ
Жекеше:			
Атау	*күшіміз*	*күшіңіз*	*күші*
Ілік жалғау	*күшіміздің*	*күшіңіздің*	*күшінің*
Барыс жалғау	*күшімізге*	*күшіңізге*	*күшіне*
Табыс жалғау	*күшімізді*	*күшіңізді*	*күшін*
Жатыс жалғау	*күшімізде*	*күшіңізде*	*күшінде*
Шығыс жалғау	*күшімізден*	*күшіңізден*	*күшінен*
Көбше:			
Атау	*күштеріміз*	*күштеріңіз*	*күштері*
Ілік жалғау	*күштеріміздің*	*күштеріңіздің*	*күштерінің*
Барыс жалғау	*күштерімізге*	*күштеріңізге*	*күштеріне*
Табыс жалғау	*күштерімізді*	*күштеріңізді*	*күштерін*
Жатыс жалғау	*күштерімізде*	*күштеріңізде*	*күштерінде*
Шығыс жалғау	*күштерімізден*	*күштеріңізден*	*күштерінен*

34) **Дағдыландырыу.** Осы үлгі бойынша айағы дауыссыз йа жарты дауысты жіңішке сөздерді ортақ тәуелдік түрінде жалғаулатыу.

Жай сөз бен тәуелді сөз себтеулерінің арасындағы айырықтар:

	Жай сөздің себтеулері	Тәуелді сөздің себтеулері		
Бейтараб		1-інші жақ	2-інші	3-інші жақ
Барыс жалғау	-ға, -ге	-а, -е	жақ	-на, -не
Табыс жалғау	-ды, -ны	-ды	-а, -е	-ны
Жатыс жалғау	-да, -де	-да, -де	-ды	-нда, -нде
Шығыс жалғау	-дан, -ден	-дан, -ден	-да, -де	-нан, -нен
	-нан, -нен	-нан, -нен	-дан, -ден	
			-нан, -нен	

Тәуелдеуді жіктеу.

17) Жіктеу жалғаулары тәуелдеуге қыйғаш жалғанады, йағный жіктеудің бірінші жағы тәуелдеудің екінші жағына келіб, жіктеудің екінші жағы тәуелдеудің бірінші жағына келіб жалғанады.

Мыйсал үшін төмендегі тәуелдеулі сөздерді алыб жіктеу жалғауларын қосыб қарайық!

Анам, анаң, анасы, қызым, қызың, қызы, жауым, жауың, жауы.

Оңаша тәуелдеуді анайы жіктеу.

	(менің)	(сенің)	(оның)
Жекеше:	анам	анаң	анасы
1-жақ (мен)	–	*анаңмын*	*анасымын*
2-жақ (сен)	*анамсын*	–	*анасысын*
3-жақ (ол)	*анам*	*анаң*	*анасы (ды)*
Көбше:	*аналарым*	*аналарың*	*аналары*
1-жақ (мен)	–	*аналарыңмын*	*аналарымын*
2-жақ (сен)	*аналарымсын*	–	*аналарысын*
(сендер)	*(аналарымсындар)*	–	*(аналарысындар)*
3-жақ	*аналарым*	*аналарың*	*аналары(ды)*
Жекеше:	*қызым*	*қызың*	*қызы*
1-жақ	–	*қызыңмын*	*қызымын*
2-жақ	*қызымсын*	–	*қызысын*
3-жақ	*қызым*	*қызың*	*қызы(ды)*
Көбше:	*қыздарым*	*қыздарың*	*қыздары*
1-жақ	–	*қыздарыңмын*	*қыздарымын*
2-жақ	*қыздарымсын*	–	*қыздарысын*
3-жақ	*қыздарым*	*қыздарың*	*қыздары (ды)*
Жекеше:	*жауым*	*жауың*	*жауы*
1-жақ	–	*жауыңмын*	*жауымын*
2-жақ	*жауымсын*	–	*жауысын*
3-жақ	*жауым*	*жауың*	*жауы (ды)*
Көбше:	*жауларым*	*жауларың*	*жаулары*
1-жақ	–	*жауларыңмын*	*жауларымын*
2-жақ	*жауларымсын*	–	*жауларысын*
3-жақ	*жауларым*	*жауларың*	*жаулары (ды)*

Оңаша тәуелдеуді сыпайы жіктеу.

	(менің)	(сенің)	(оның)
Жекеше:	анам	анаң	анасы
1-жақ (біз)	–	анаңбыз	анасымыз
2-жақ (сіз)	анасымыз	–	анасысыз
3-жақ (ол)	анамыз	анаңыз	анасы (ды)

	(менің)	(сенің, сендердің)	(оның, олардың)
Көбше:	аналарым	аналарың	аналары
1-жақ (біздер)	–	аналарыңбыз	аналарымыз
2-жақ (сіздер)	аналарымсыз	–	аналарысыз
3-жақ (олар)	аналарым	аналарыңыз	аналары (ды)

Жекеше:	қызым	қызың	қызы
1-жақ	–	қызыңбыз	қызымыз
2-жақ	қызымсыз	–	қызысыз
3-жақ	қызымыз	қызысыз	қызы (ды)

Көбше:	қыздарым	қыздарың	қыздары
1-жақ	–	қыздарыңбыз	қыздарымыз
2-жақ	қыздарымсыз	–	қыздарысыз
3-жақ	қыздарымыз	қыздарысыз	қыздары (ды)

Жекеше:	жауым	жауың	жауы
1-жақ	–	жауыңбыз	жауымыз
2-жақ	жауымсыз	–	жауысыз
3-жақ	жауымыз	жауыңыз	жауы (ды)

Көбше:	жауларым	жауларың	жаулары
1-жақ	–	жауларыңбыз	жауларымыз
2-жақ	жауларымсыз	–	жауларысыз
3-жақ	жауларымыз	жауларыңыз	жаулары (ды)

Ортақ тәуелдеуді анайы жіктеу.

	(біздің)	(сіздің)	(оның)
Жекеше:	анамыз	*анаңыз*	анасы
1-жақ (мен)	–	*анаңызбын*	анасымын
2-жақ (сен)	анамызсын	–	анасысын
3-жақ (ол)	анамыз	*анаңыз*	анасы (ды)
Көбше:	аналарымыз	*аналарыңыз*	аналары
1-жақ (мен)	–	*аналарыңызбын*	аналарымын
2-жақ (сен)	аналарымызсын	–	аналарысын
	(аналарымызсындар)	–	(аналарысындар)
3-жақ (олар)	аналарымыз	*аналарыңыз*	аналары (ды)
		қыз	
Жекеше:	қызымыз	*ыңыз*	қызы
1-жақ	–	*қызыңызбын*	қызымын
2-жақ	қызымсын	–	қызысын
3-жақ	қызымыз	*қызыңыз*	қызы (ды)
Көбше:	қыздарымыз	*қыздарыңыз*	қыздары
1-жақ	–	*қыздарыңызбын*	қыздарымын
2-жақ	қыздарымызсын	–	қыздарысын
3-жақ	қыздарымыз	*қыздарыңыз*	қыздары
Жекеше:	жауымыз	*жауыңыз*	жауы
1-жақ	–	*жауыңызбын*	жауымын
2-жақ	*жауымызсын*	–	жауысын
3-жақ	*жауымыз*	*жауыңыз*	жауы
Көбше:	*жауларымыз*	*жауларыңыз*	жаулары
1-жақ	–	*жауларыңызбын*	жауларымын
2-жақ	*жауларымызсын*	–	жауларысын
3-жақ	*жауларымыз*	*жауларыңыз*	жаулары

Ортақ тәуелдеуді сыпайы жіктеу.

	(біздің)	(сіздің)	(оның)
Жекеше:	анамыз	анаңыз	анасы
1-жақ (біз)	-	анаңызбыз	анасымыз
2-жақ (сіз)	анамызсыз	-	анасысыз
3-жақ (ол)	анамыз	анаңыз	анасы (ды)
Көбше:	аналарымыз	аналарыңыз	аналары
1-жақ (біздер)	-	аналарыңызбыз	аналарымыз
2-жақ (сіздер)	аналарымызсыз	-	аналарысыз
3-жақ (олар)	аналарымыз	аналарыңыз	аналары (ды)
Жекеше:	қызымыз	қызыңыз	қызы
1-жақ	-	қызыңызбыз	қызымыз
2-жақ	қызымызсыз	-	қызысыз
3-жақ	қызымыз	қызыңыз	қызы (ды)
Көбше:	қыздарымыз	қыздарыңыз	қыздары
1-жақ	-	қыздарыңызбыз	қыздарымыз
2-жақ	қыздарымызсыз	-	қыздарысыз
3-жақ	қыздарымыз	қыздарыңыз	қыздары (ды)
Жекеше:	жауымыз	жауыңыз	жауы
1-жақ	-	жауыңызбыз	жауымыз
2-жақ	жауымызсыз	-	жауысыз
3-жақ	жауымыз	жауыңыз	жауы (ды)
Көбше:	жауларымыз	жауларыңыз	жаулары
1-жақ	-	жауларыңызбыз	жауларымыз
2-жақ	жауларымыз	-	жауларысыз
3-жақ	жауларымыз	жауларыңыз	жаулары (ды)

Зат-есімнен тұуған сөздер.

§18) Түбкі зат есімдер түбкі заттың есімін көрсетеді. Түбкі затқа қатысқан екінші зат болса, ол екінші затты атау үшін түбкі заттың есіміне әр түрлі жұрнақтар жалғанады.

Мыйсалдар:

1) **«шы»** жұрнақ заттың есіміне жалғанады. Ол жалғанғанда сол затқа қатысы бар адамды атау үшін жалғанады, мәселен,

«үй» деген сөзге «ші» жұрнағын жалғаб, «үйші» дейміз (үй істейтүн адамды атау үшін); «жылқы» деген сөзге «шы» жұрнағын жалғаб, «жылқышы» дейміз (жылқы бағатұн адамды атау үшін); «балық» деген сөзге «шы» жұрнағын жалғаб, «балықшы» дейміз (балық аулайтұн адамды атау үшін); «егін» деген сөзге «ші» жұрнағын жалғаб, «егінші» дейміз (егін егіуші адамды атау үшін); «сұу» деген сөзге «шы» жұрнағын жалғаб, «сұушы» дейміз (сұу тасыйтұн адамды атау үшін).

35) **Дағдыландырыу.** «шы» жұрнағы жалғанарлық сөздерді табқызыб, жалғатыу.

2) **«лық» («-лік», «-дық», «-дік», «-тық», «-тік»)** жұрнақ зат-есімге:

1) сол есімді зат үшін жұмсалатұн затты атау үшін жалғанады, мәселен: «арқа» деген сөзге «лық» жұрнағын жалғаб «арқалық» дейміз (арқа үшін жұмсалатұн нәрсені атау үшін); «тер» деген сөзге «лік» жұрнағын жалғаб, «терлік» дейміз (тер үшін жұмсалатұн нәрсені атау үшін); «мұрын» деген сөзге «дық» жұрнағын жалғаб, «мұрындық» дейміз (мұрын үшін жұмсалатұн нәрсені атау үшін); «түн» деген сөзге «дік» жұрнағын жалғаб, «түндік» дейміз (түн үшін жұмсалатұн нәрсені атау үшін); «от» деген сөзге «тық» жұрнағын жалғаб, «оттық» дейміз (от үшін жұмсалатұн нәрсені атау үшін); «өркеш» деген сөзге «тік» жұрнағын жалғаб, «өркештік» дейміз (өркеш үшін жұмсалатұн нәрсені атау үшін).

2) Басқа нәрселерге сол зат өлшеу болатұндығын көрсетіу үшін, мәселен, «ай» деген сөзге «лық» жұрнағын жалғаб «айлық» дейміз (айдың өлшеу болатұндығын көрсетіу үшін); «түйе» деген сөзге «лік» жұрнағын жалғаб «түйелік» дейміз (түйенің басқаларға өлшеу екендігін көрсетіу үшін); «жыл» деген сөзге «дық» жұрнағын жалғаб, «жылдық» дейміз (жылдың басқаларға өлшеу болғандығын көрсетіу үшін); «күн» деген сөзге «дік» жұрнағын жалғаб «күндік» дейміз (күннің басқаларға өлшеу болғанын көрсетіу үшін); «оқ» деген сөзге «тық» жұрнағын жалғаб «оқтық» дейміз (оқтың басқаларға өлшеу болғанын көр-

сетіу үшін); «көйлек» деген сөзге «тік» жұрнағын жалғаб «көйлектік» дейміз (көйлектің басқаларға өлшеу болғанын көрсетіу үшін).

3) Сол есімді заттың қалпын көрсетіу үшін; мәселен, «аға» деген сөзге «лық» жұрнағын жалғаб «ағалық» дейміз (аға қалпын көрсетіу үшін); «іні» деген сөзге «лік» жұрнағын жалғаб «інілік» дейміз (іні қалпын көрсетіу үшін); «шал» деген сөзге «дық» жұрнағын жалғаб, «шалдық» дейміз (шал қалпын көрсетіу үшін); «ел» деген сөзге «дік» жұрнағын жалғаб, «елдік» дейміз (ел қалпын көрсетіу үшін); «жұрт» деген сөзге «тық» жұрнағын жалғаб «жұрттық» дейміз (жұрт қалпын көрсетіу үшін).

36) **Дағдыландырыу.** «лік» («лық», «тық», «тік», «дық», «дік») жұрнақ жалғанарлық сөздерді табқызыб жалғау.

3) **«шылық» (шілік)** жұрнақ зат-есімге сол есімді затқа лайық қалпын атау үшін, мәселен, «адам» деген сөзге «шылық» жұрнағын жалғаб, «адамшылық» дейміз (адамға лайық қалпын атау үшін); «жігіт» деген сөзге «шілік» жұрнағын жалғаб, «жігітшілік» дейміз (жігітке лайық қалпын атау үшін); «қазақ» деген сөзге «шылық» жұрнағын жалғаб, «қазақшылық» дейміз (қазаққа лайық қалпын атау үшін).

Ескертіу. Бұл «шылық» (шілік) жұрнағынан «егіншілік» деген сөздердегі «шылық», «шілік» жұрнақтарын айырыу тійіс, үйткені бұлардағы «шылық» екі жұрнақтан болған: «шы» жана «лық» (балықшы-лық, егінші-лік). Бұлар заттың жай ғана қалпын көрсетеді.

37) **Дағдыландырыу.** «шылық», «шілік» жұрнақтарын жалғарлық сөздерді табқызыб, жалғатыу.

4) **«шыл»** жұрнақ зат-есіміне сол есімді затты екінші зат жарататұндығын, сүйетүндігін көрсетіу үшін жалғанады. Мәселен: «ұйқы» деген сөзге «шыл» жұрнағын жалғаб «ұйқышыл» дейміз (ұйқыны сүйетүн адамды атау үшін); «ұлт» деген сөзге «шыл» жұрнағын жалғаб, «ұлтшыл» деб, ұлтты сүйетүндігін көрсетеміз; «қазақ» деген сөзге «шыл» жұрнағын жалғаб, «қазақшыл» деб, қазақты сүйетүндігін көрсетеміз.

38) **Дағдыландырыу.** «шыл» жұрнағын жалғарлық сөздерді табқызыб, жалғатыу.

5) **«шық» (шік)** жұрнақ зат-есіміне сол заттың кішкенелігін көрсетіу үшін, жалғанады. Мәселен: «қаб» деген сөзге «шық» жұрнағын жалғаб, «қабшық» деб, қабтың кішкенелігін көрсетеміз; «үй» деген сөзге «шік» жұрнағын жалғаб, «үйшік» деб, үйдің кішкенелігін көрсетеміз, тағысын тағылар.

39) **Дағдыландырыу.** «шық» (шік) жұрнағын жалғарлық сөздерді табқызыб, жалғатыу.

6) **«ша» (ше)** жұрнақ зат-есіміне сол есімді заттың кішкенелігін көрсетіу үшін жалғанады; мәселен: «құман» деген сөзге «ша» жұрнағын жалғаб, «құманша» деб, құманның кішкенелігін көрсетеміз; «көрпе» деген сөзге «ше» жұрнағын жалғаб, «көрпеше» деб, көрпенің кішкенелігін көрсетеміз тағысын тағылар.

Ескертіу. *Құнанша, дөненше, бұқаша, өгізше, інгенше, тайынша,* басқа сондай сөздерде осы жолмен болған заттың кішкене һәм сүйкімділігін көрсетіу үшін сол заттың есіміне мынау жұрнақтар жалғанады:

«шақ», «қан», «қай». Мыйсалы: *құлын – құлыншақ, бота – ботақан, бала – балақай.*

40) **Дағдыландырыу.** «ша» (ше) жұрнақ жалғанарлық сөздерді табқызыб, жалғатыу.

7) **«қой» («көй», «гөй»)** жұрнақ зат-есіміне сол есімді затты күйттеушіні атау үшін жалғанады. Мәселен: «сықақ» деген сөзге «қой» жұрнағын жалғаб, «сықаққой» деб, сықақ күйттеушіні атаймыз; «әзіл» деген сөзге «көй» жұрнағын жалғаб, «әзілкөй» деб, әзіл күйттеушіні атаймыз; «бата» деген сөзге «гөй» жұрнағын жалғаб, «батагөй» деб бата күйттеушіні айтамыз.

41) **Дағдыландырыу. «қой» («гөй», «көй»)** жұрнақ жалғанарлық сөздерді табқызыб, жалғатыу.

8) **«нікі» («дікі»)*** жұрнақ зат-есіміне нәрсенің сол есімді затқа тійісті екендігін көрсетіу үшін жалғанады. Мәселен: «кісі»

* «нікі», «дікі» жұрнақ «ның» «дың» жалғаулардан шыққан: «ніңкі», «діңкі» орнына «нікі», «дікі» болып кеткен.

деген сөзге «нікі» жұрнағын жалғаб «кісінікі» деб, оның кісіге тійісті екендігін білдіреміз. «Мал» деген сөзге «дікі» жұрнағын жалғаб, «малдікі» деб нәрсенің малға тійісті екендігін білдіреміз, тағысын тағылар солай болады.

42) **Дағдыландырыу**. «нікі» («дікі») жұрнақ жалғанарлық сөздер табқызыб, жалғатыу.

9) **«лы» («ды», «ты»)** жұрнақ зат-есіміне сол заттың екінші затта барлығын, қатта молдығын да көрсетіу үшін, жалғанады. Мәселен: «бала» деген сөзге «лы» жұрнағын жалғаб, «балалы» деб, баласы көбтігін көрсетеміз; «мал» деген сөзге «ды» жұрнағын жалғаб, «малды» деб, малының барлығын жана молдығын көрсетеміз; «ұлақ» деген сөзге «ты» жұрнағын жалғаб, «ұлақты» деб, ұлағы барлығын көрсетеміз, тағысын тағылар солай болады.

43) **Дағдыландырыу. «лы» («ды», «ты»)** жұрнақ жалғанарлық сөздер табқызыб, жалғатыу.

10) **«сыз»** жұрнақ зат-есіміне сол есімді заттың жоқтығын көрсетіу үшін, жалғанады. Мәселен, «бала» деген сөзге «сыз» жұрнағын жалғаб, «баласыз» деб, баласы жоқтығын көрсетеміз; «мал» деген сөзге «сыз» жұрнағын жалғаб, «малсыз» деб, малы жоқтығын көрсетеміз; «жан» деген сөзге «сыз» жұрнағын жалғаб, «жансыз» деб, жаны жоқтығын көрсетеміз, тағысын тағылар солай.

44) **Дағдыландырыу.** «сыз» жұрнағын жалғайтұн сөздер табқызыб, жалғатыу.

11) **«лас» («лес», «дас», «дес», «тас», «тес»)** жұрнақ зат-есіміне сол есімді затқа басқалар ортақ екендігін көрсетіу үшін жалғанады; мәселен, «ата» деген сөзге «лас» жұрнағын жалғаб, «аталас» деб, атаға ортақ екендігін көрсетеміз; «жер» деген сөзге «лес» жұрнағын жалғаб, «жерлес» деб жерге ортақ екендігін көрсетеміз.

«Жол» деген сөзге «дас» жұрнағын жалғаб, «жолдас» деб, жолға ортақ екендігін көрсетеміз; «көл» деген сөзге «дес» жұрнағын жалғаб, «көлдес» деб, көлге ортақ екендігін көрсетеміз.

«Құдық» деген сөзге «тас» жұрнағын жалғаб, «құдықтас» деб, құдыққа ортақ екендігін көрсетеміз; «шек» деген сөзге «тес» жұрнағын жалғаб, «шектес» деб, шекке ортақ екендігін көрсетеміз жана басқа сондайлар.

45) **Дағдыландырыу.** «лас» («лес», «дас», «дес», «тас», «тес») жұрнағын жалғайтұн сөздер табқызыб, жалғатыу.

12) **«еке»** жұрнақ зат-есіміне сол есімді затты зор тұтыу үшін немесе көңілін аулау үшін жалғанады; «аға» деген сөзге «еке» жұрнағын жалғаб «аға-еке» десек, ағаны зор тұтқанымыз йа көңілін аулағанымыз көрінеді. «Еке» жұрнақ жалпы есімге жай жалғанады; жалқы есімге жалғанғанда ол есім қысқартылыб айтылады. Мәселен, «Ысмағыл» деген есім жұрнақ жалғанғанда, қысқартылыб «Ыс-еке» болыб айтылады; «Ыбырайым» деген есім жұрнақ жалғанғанда, қысқарылыб «Ыб-еке» болады тағысын тағы сондай.

Ескертіу. «еке» жұрнақ көбінесе үлкен адамдарға айтылады. Кей сөздерде «еке» орнына жалғыз «й» қосылады. Мәселен: *аға – ағай, апа – апай, ата – атай*. Кішіге сөйлегенде есіміне басқа жұрнақ немесе жұрнақ орнына бүтін сөз жалғанады, мәселен: *жан, ан, ман.* Сүйткенде «Тұрмұхамбет» деген есім «Тұрман» болады, «Ермұхамбет» деген есім «Ерман» болыб, «Қосмұхамбет» деген есім «Қосан» болыб, «Жұмағалый» деген есім «Жұмаш» болыб жана басқа сондай сөздер, жұрнақтар қосылыб айтылады.

46) **Дағдыландырыу.** Жоғарыда көрсетілген «еке», «жан», «ан», «ман», «ш» жұрнақтарын жалғарлық сөздер табқызыб жалғатыу.

13) **«шаң» («шең»)** жұрнақ зат-есіміне сол есімді зат екінші затта көрнеу екендігін көрсетіу үшін жалғанады, мәселен, «шапан» деген сөзге «шаң» жұрнағын жалғаб, «шапаншаң» дейміз, (кісі үстінде шапан көрнеу екендігін көрсетіу үшін); «бөрік» деген сөзге «шең» жұрнағын жалғаб, «бөрікшең» дейміз, (кісі басындағы бөріктің көрнеу екендігін көрсетіу үшін).

Ескертіу. «шаң» («шең») жұрнақ басқа мағанада да жүреді. Зат-есіміне басқа мағана тұуғызыу үшін жалғанады, мәселен, «ашыу» деген сөзге

«шаң» жұрнағын жалғаб, «ашыушаң» деб, ашуы оңай пайда болғандығын көрсетеміз; «тер» деген сөзге «шең» жұрнағын жалғаб, «тершең» деб, тері тез шығатұндығын көрсетеміз; «кір» деген сөзге «шең» жұрнағын жалғаб, «кіршең» деб, кір оңай қонатұндығын көрсетеміз.

Сүйтіб, «шаң» («шең») жұрнақ зат-есіміне сол есімді заттың оңай пайда болғандығын көрсетіу үшін де жалғанатұн болыб шығады.

47) **Дағдыландырыу.** «шаң» («шең») жұрнақтар екі түрлі мағанасында жалғанарлық сөздер табқызыб жалғатыу.

14) **«а» («е»)** жұрнақ зат-есіміне сол затты іске айналдырыу үшін жалғанады: мәселен, «ас» деген сөзге «а» жұрнағын жалғаб, «аса» дейміз (асты іске айналдырыу үшін); «дем» деген сөзге «е» жұрнағын жалғаб, «деме» дейміз (демді іске аударыу үшін).

48) **Дағдыландырыу.** «а» («е») жұрнақ жалғанған сөздерді табқызыб, жалғатыу.

15) **«ла» («ле», «да», «де», «та», «те»)** жұрнақ зат-есіміне істі сол есімді зат бен істеу үшін жалғанады; мәселен, «таға» деген сөзге «ла» жұрнағын жалғаб, «тағала» дейміз (істі тағамен істеу үшін); «шеге» деген сөзге «ле» жұрнағын жалғаб, «шегеле» дейміз» (істі шеге мен істеу үшін). «Көз» деген сөзге «де» жұрнағын жалғаб, «көзде дейміз (істі көз бен істеу үшін); «тайақ» деген сөзге «та» жұрнағын жалғаб, «тайақта» дейміз (істі тайақ бен істеу үшін); «тіс» деген сөзге «те» жұрнағын жалғаб, «тісте» дейміз (істі тіс бен істеу үшін).

49) **Дағдыландырыу.** «ла» («ле», «да», «де», «та», «те») жұрнақтар жалғанарлық сөздерді табқызыб, жалғатыу.

16) **«ғар» («қар», «кер»)** жұрнақ зат-есіміне басқаны сол есімді затта болдырыу үшін жалғанады; мәселен, «аң» деген сөзге «ғар» жұрнағын жалғаб, «аңғар» дейміз (аңында болдырыу үшін); «бас» деген сөзге «қар» жұрнағын жалғаб «басқар» дейміз (басында болдырыу үшін); «ес» деген сөзге «кер» жұрнағын жалғаб «ескер» дейміз, (есінде болдырыу үшін).

50) **Дағдыландырыу.** «ғар» («қар», «кер») жұрнақ жалғанарлық сөздер табқызыб, жалғатыу.

17) **«сын»** жұрнақ зат-есіміне сол есімді зат сыйақтаныу үшін жалғанады, мәселен, «адам» деген сөзге «сын» жұрнағын жалғаб, «адамсын» дейміз (адам сыйақтаныу үшін); «жігіт» деген сөзге «сін» жұрнағын жалғаб, «жігітсін» дейміз (жігіт сыйақтаныу үшін).

51) **Дағдыландырыу.** «сын» жұрнағы жалғарлық сөздерді табқызыб, жалғатыу.

18) **«шыла» («шіле»)** жұрнақ зат-есіміне, сол есімді зат сыйақты істеуді көрсетіу үшін жалғанады; мәселен, «қазақ» деген сөзге «шыла» жұрнақ жалғаб, «қазақшыла» дейміз (қазақ сыйақты істеу үшін); «естек» деген сөзге «шіле» жұрнағын жалғаб, «естекшіле» дейміз (естек сыйақты істеу үшін).

52) **Дағдыландырыу.** «шыла» («шіле») жұрнағын жалғарлық сөздер табқызыб, жалғатыу.

19) **«ық» («ік»)** жұрнақ зат-есіміне сол есімді зат пайда болыуын көрсетіу үшін жалғанады, мәселен, «от» деген сөзге «ық» жұрнағын жалғаб «отық» дейміз (от пайда болыуын көрсетіу үшін); «жел» деген сөзге «ік» жұрнағын жалғаб «желік» дейміз (жел пайда болыуын көрсетіу үшін); бұл жұрнақтардың орнына кей сөздерде «ай» («ей») жұрнақ та айтылады, мәселен, «от» деген сөзге «ай» жұрнағын жалғаб «отай» дейміз (от пайда болыуын көрсетіу үшін); «ес» деген сөзге «ей» жұрнағын жалғаб «есей» дейміз (ес пайда болыуын көрсетіу үшін).

53) **Дағдыландырыу.** «қ» («к»), «ай» («ей») жұрнақтар жалғанарлық сөздер табқызыб, жалғатыу.

20) **«гер»** жұрнақ зат-есіміне сол есімді затты қолданыушыны көрсетіу үшін жалғанады, мәселен, «сауда» деген сөзге «гер» жұрнағын жалғаб, «саудагер» дейміз, (сауданы қолданыушыны көрсетіу үшін).

54) **Дағдыландырыу.** «гер» жұрнағы жалғанарлық сөздер табқызыб жалғатыу.

21) **«дай» («дей»), «тай» («тей»)** жұрнақ зат-есіміне басқа затты сол затқа балағанда жалғанады; мәселен, «ай» деген сөзге

«дай» жұрнағын жалғаб, «айдай» дейміз (бір нәрсені айға балағанда). «Күн» деген сөзге «дей» жұрнағын жалғаб, «күндей» дейміз (бір нәрсені күнге балағанда), «оқ» деген сөзге «тай» жұрнағын жалғаб, «оқтай» дейміз (оққа балағанда); «шөб» деген сөзге «тей» жұрнағын жалғаб, «шөбтей» дейміз, (шөбке балағанда).

55) **Дағдыландырыу.** дай» («дей»), «тай» («тей») жұрнақ жалғанарлық сөздер табқызыб, жалғатыу.

22) **«дағы» («дегі»)** жұрнағы зат-есіміне нәрсенің болыуы сол есімді затта екендігін көрсетіу үшін жалғанады; мәселен, «тау» деген сөзге «дағы» жұрнағын жалғаб, «таудағы» дейміз, (болыуы тауда болса). «Үй» деген сөзге «дегі» жұрнағын жалғаб, «үйдегі» дейміз, (болыуы үйде болса); «жас» деген сөзге «тағы» жұрнағын жалғаб, «жастағы» дейміз, (болыуы жас кезде болса), «түс» деген сөзге «тегі» жұрнағын жалғаб, «түстегі» дейміз, (болыуы түс кезде болса).

56) **Дағдыландырыу.** «дағы» («дегі») жұрнағын жалғарлық сөздер табқызыб, жалғатыу.

2) Сын-есім

§1) Нәрселердің сынын көрсететүн сөздерді **сын-есім** дейміз.

Сын екі түрлі: 1) тек сыны, 2) сыр сыны.

§2) Нәрсенің тегін көрсететүн сөзді **тек сыны** дейміз, мыйсалы, *ағаш айақ, күміс қасық, алтын жүзік, қағаз ақша, жез құман, кійіз қалпақ, мақта жіб, қайыс жүген* басқа сондайлар.

Іздетіу. Тек сыны сөздер табтырыу.

§3) Сыр сыны нәрсенің ішкі, тысқы сыр-сыйпатын: сырын, реңін, йағный түрін, түсін, түгін, тұлғасын, пішінін, жайын, күйін көрсетеді. Мыйсалы, *бійік, аласа, жұуан, жіңішке, толық, нәзік, арық, семіз, аш, тоқ, шебер, шорқақ, ұста, олақ, ақ, қара, қызыл, сары, көк, жасыл, торы, күрең, шабдар, бұурыл, зійрек, кешше, тентек, жұуас, шадыр, момын, құу, сұм, аңқау,* басқа сондайлар.

Ескертіу. Сын-есім табына «бар», «жоқ», «оңқа», «алшы», «тіке», «жұб», «дара» сыйақты қалып-есім сөздерде кіреді.

Іздетіу. Сыр сыны сөздер табқызыу.

Шырайлар.

§4) Сыр сынында үш шырай бар: 1) жай шырай, 2) талғаулы шырай, 3) таңдаулы шырай.

§5) **Жай шырай** артық, кем демей нәрсенің сыйқын жай көрсетеді. Мыйсалы, *жақсы атан, жаман қой, тентек бала, жұуас ат, шорқақ кісі, қызыл шүберек, бійік ағаш,* басқа сондайлар.

§6) **Талғаулы шырай** нәрсенің сыйқының бірінен бірі артық-кемдігін көрсетеді: оны көрсетіу үшін жай сындағы сөзге «рақ», «рек» деген талғау қосымшалары тіркеледі.

§7) «рақ» қосымша жұуан сөзге, «рек» қосымша жіңішке сөзге тіркеледі; мыйсалы, *жақсы – жақсырақ, жаман – жаманырақ, зійрек – зійрегірек, семіз – семізірек,* басқалары да солайша.

1) **Дағдыландырыу**. Төмендегі сөздерге талғау қосымшаларын тіркетіу.

Аласа, төмен, ақ, қызыл, сұр, қара, сары, шұбар, бай, батыр, жарлы, жақын, алыс, арзан, қымбат, қойыу, сұйық, ерке, тік, жеңіл, тегіс.

Іздетіу. Талғау қосымшаларын тіркерлік сөздер табтырыу.

§8) «рақ», «рек» қосымшаларсыз да, талғау шырай болады. Мәселен: *сыйырдан жылқы бійік; аттан атан мықты; қарағайдан қайың аласа; Асаннан Досан кіші; темірден ағаш жеңіл,* тағысын тағы сондайлар.

Талғау шырайын күшейткенде *көб* деген сөз қосылыб айтылады, мәселен: *сыйыр түйеден көб аласа, қой аттан көб арзан; талдан қарағай көб бійік; темірден ағаш көб жеңіл,* тағысын тағы сондайлар.

2) **Дағдыландырыу.** Төмендегі сөздерді талғау шыраймен күшейткізіу.

Қыстан күз жылы, күзден шілде жылы; айраннан қымыз жақсы; ағаштан темір берік; тезектен тас ауыр; түлкіден қасқыр үлкен; кесерткіден жылан ұзын; түйеден піл зор; шекбеннен күпі қалың; бүлдіргеннен шійе қызыл; жазыудан оқыу оңай; теңізден көл кіші; айдан күн жарық; тайақтан құрық

ұзын; бійдайдан тары ұсақ; кійізден шүберек жұқа; көлден теңіз терең; қатықтан қымыз сұйық.

Іздетіу. Осылар сыйақты сөздерді балаларға табтырыу.

§9) **Таңдаулы шырай** нәрсенің сыйқы өте артық екенін көрсетеді; оны көрсетіу үшін, жай шырайдағы сөздің алдына *ең, нақ, таб, тым, бек, қас* деген сөздер қосылыб айтылады. Мәселен: *ең жақсы, нақ шешен, таб зійрек, тым қорқақ, бек нәзік, қас батыр,* басқа да сондайлар.

3) **Дағдыландырыу.** Жай шырайлы сөздер табтырыб оларға таңдау қосалқы сөздерін қостыртыу.

§10) Таңдаулы шырай екінші түрлі де болады, жай шырайдағы сөз таңдаулы шырайға түсіуге бас дыбыстары йа бас бұуындары бөлек алыныб, оған «п» дыбысы жалғаныб, сол бөлектенген дыбыстар сөз алдына қойылыб айтылады. Мәселен: *а-нық =ап-анық, о-лақ =оп-олақ, шо-лақ = шоп-шолақ, қы-сқа =қып-қысқа, та-йпақ =тап-тайпақ, жа-лпақ =жап-жалпақ, се-міз = сеп-семіз, ық-шам =ып-ықшам* солайша басқалары да.

4) **Дағдыландырыу.** Жай шырайдағы сөздерді табқызыб, оларға «п» қостырыб, тандаулы шырай еткізіу.

§11) Кейде таңдау қосалқы сөздерінің орнына басқа сөздер де жүреді. Мәселен: *өте жақсы, айрықша жүйрік, аса құнтақты, тібті әдемі, артықша шебер. Өте, айрықша, артықша, тібті, аса* деген сөздер мұнда *ең, нақ, таб, тым, бек, қас* деген сөздердің орнында айтылыб тұр.

5) **Дағдыландырыу.** Жай шырайдағы сөздерді табқызыб, оларға *өте, айрықша, артықша, аса, тібті* деген сөздерді қостырыб, тандау шырай еткізіу.

Ескертіу. Есімдер заттың сынын да, істің сынын да көрсетеді; мәселен, *жақсы кісі* деб те, *жақсы еткен* деб те айтамыз; *жаман ат* деб те, *жаман жүреді* деб те айтамыз; *оңай жұмыс* деб те, *оңай істедім* деб те айтамыз; *шабшаң адам* деб те, *шабшаң сөйлейді* деб те айтамыз; *шабан ат* деб те, *шабан жүреді* деб те айтамыз тағысын тағылар. Бұлар үстеу сөздердің орнына жүргендіктен, сын-есім болмай, үстеу сімек болады.

§12) Сын-есімнің кей біреулері зат-есімнің орнына жүреді. Мәселен: «Арзан еттің сорпасы татымас» дегеннің орнына «Арзанның сорпасы татымас» деб айтылады. «Арзан еттің» деген екі сөздің орнына «арзан» деген жалғыз сөз жараб тұр. Сондықтан мұндай, зат бен сын орнына бірдей жүретүн сөздерді **затсымақ сын** дейміз. Затсымақ сынның жалғаулары да, зат-есім жалғаулары да бірдей. Жалғау жай сынның өзіне жалғанбай, соңындағы зат есімге жалғанады, затсымақ сынның өзіне жалғанады.

I. Затсымақ сын.

1) «Аласа» деген сөз

	Жекеше:	**Көбше:**
Атау	кім? *аласа*	кімдер*? аласалар*
Іліктеу	кімнің? *аласаның*	кімдердің? *аласалардың*
Барыстау	кімге? *аласаға*	кімдерге? *аласаларға*
Табыстау	кімді? *аласаны*	кімдерді? *аласаларды*
Жатыстау	кімде? *аласада*	кімдерде? *аласаларда*
Шығыстау	кімнен? *аласадан*	кімдерден? *аласалардан*

2) «Семіз» деген сөз

	Жекеше:	**Көбше:**
Атау	не? *семіз*	нелер? *семіздер*
Іліктеу	ненің? *семіздің*	нелердің?*семіздердің*
Барыстау	неге? *семізге*	нелерге? *семіздерге*
Табыстау	нені? *семізді*	нелерді? *семіздерді*
Жатыстау	неде? *семізде*	нелерде? *семіздерде*
Шығыстау	неден? *семізден*	нелерден? *семіздерден*

Қысқасы: затсымақ сынның жалғаулары зат-есімнің жалғауларындай айақ дыбысына қарайды.

§13) Затсымақ сын зат-есім сыйақты жай жалғаулары мен де айтылады.

Дағдыландырыу. Затсымақ сын сөздерді алыб жалғаулатыу. Мәселен: *арзан, қымбат, асыл, жасық, бай, кедей,* басқа сондайлар.

II. Жай сын

1) «Аласа адам» деген сөз

Жекеше:

Атау	*қандай адам?*	аласа адам
Іліктеу	*қандай адамның?*	аласа адамның
Барыстау	*қандай адамға?*	аласа адамға
Табыстау	*қандай адамды?*	аласа адамды
Жатыстау	*қандай адамда?*	аласа адамда
Шығыстау	*қандай адамнан?*	аласа адамнан

Көбше:

Атау	*қандай адамдар?*	аласа адамдар
Іліктеу	*қандай адамдардың?*	аласа адамдардың
Барыстау	*қандай адамдарға?*	аласа адамдарға
Табыстау	*қандай адамдарды?*	аласа адамдарды
Жатыстау	*қандай адамдарда?*	аласа адамдарда
Шығыстау	*қандай адамдардан?*	аласа адамдардан

2) «Семіз мал» деген сөз

Жекеше:

Атау	қандай мал?	семіз мал
Іліктеу	қандай малдың?	семіз малдың
Барыстау	қандай малға?	семіз малға
Табыстау	қандай малды?	семіз малды
Жатыстау	қандай малда?	семіз малда
Шығыстау	қандай малдан?	семіз малдан

Көбше:

Атау	қандай малдар?	семіз малдар
Іліктеу	қандай малдардың?	семіз малдардың
Барыстау	қандай малдарға?	семіз малдарға
Табыстау	қандай малдарды?	семіз малдарды
Жатыстау	қандай малдарда?	семіз малдарда
Шығыстау	қандай малдардан?	семіз малдардан

Мұнан жалғаулар сын-есімге жалғанбай соңындағы зат есімге жалғанатұндығы көрінеді:

Дағдыландырыу. Жай сынды сөздерді жалғаулатыу, мәселен: *бай қазақ, сараң кісі, қара сыйыр, торы ат, қызыл шапан, ақ көйлек, зійрек бала,* басқа сондайлар.

3) «Алтын ақша» деген сөз

Жекеше:

Атау	*қандай ақша?*	*алтын ақша*
Іліктеу	*қандай ақшаның?*	*алтын ақшаның*
Барыстау	*қандай ақшаға?*	*алтын ақшаға*
Табыстау	*қандай ақшаны?*	*алтын ақшаны*
Жатыстау	*қандай ақшада?*	*алтын ақшада*
Шығыстау	*қандай ақшадан?*	*алтын ақшадан*

Көбше:

Атау	*қандай ақшалар?*	*алтын ақшалар*
Іліктеу	*қандай ақшалардың?*	*алтын ақшалардың*
Барыстау	*қандай ақшаларға?*	*алтын ақшаларға*
Табыстау	*қандай ақшаларды?*	*алтын ақшаларды*
Жатыстау	*қандай ақшаларда?*	*алтын ақшаларда*
Шығыстау	*қандай ақшалардан?*	*алтын ақшалардан*

Ескертіу. «Қандай ақша?» деген сұраудың орнына «не ақша?» деб де сұралады. Қатта тек сынында «қандай»дан көрі «не» деб сұрау көбірек жұмсалады.

Дағдыландырыу. Тек сынын көрсететүн сөздерді жалғаулатыу, мәселен: *күміс қасық, ағаш айақ, қайыс жүген* жана басқа сондай сөздерді.

Сын-есімнен тұуған сөздер.

Түбір сын-есімдер заттың сындарын көрсетеді. Нәрсенің сыны қалыпты күйінен тысқары болса, йәкій сыннан өтетүн басқа нәрсе йа іс болса, сын-есіміне әр түрлі жұрнақтар жалғанады.

1) **«лау» («леу», «дау», «деу», «тау», «теу»)** жұрнақ сын-есіміне, анық сол сын еместігін көрсетіу үшін жалғанады, мәселен, «сары» деген сөзге «лау» жұрнағын жалғаб, «сарылау» деб, анық сары еместігін көрсетеміз; «кір» деген сөзге «леу» жұрнағын жалғаб, «кірлеу» деб, анық кір еместігін көрсетеміз; «ұзын» деген сөзге «дау» жұрнағын жалғаб, «ұзындау» деб, онша ұзын еместігін көрсетеміз; «күрең» деген сөзге «деу» жұрнағын жалғаб, «күрендеу» деб, анық күрең еместігін көрсетеміз; «ақ» де-

ген сөзге «тау» жұрнағын жалғаб «ақтау» деб, анық ақ еместігін көрсетеміз; «көк» деген сөзге «теу» жұрнағын жалғаб, «көктеу» деб анық көк еместігін көрсетеміз һәм басқа сондай.

1) **Дағдыландырыу.** «лау» («леу», «дау», «деу», «тау», «теу») жұрнақтары жалғанарлық сын-есімдер табқызыб, жалғатыу.

2) **«шыл»** жұрнақ сын-есіміне, сол сынға бейімдігін көрсетіу үшін жалғанады, мәселен: «ақ» деген сөзге «шыл» жұрнағын жалғаб, «ақшыл» деб, ақ түске бейімдігін көрсетеміз; «көк» деген сөзге «шіл» жұрнағын жалғаб, «көкшіл» деб, көк түске бейімдігін көрсетеміз.

Кей сын-есімдерге «шыл» орнына «ғыл», «ғылт» жұрнақтар жалғанады. Мәселен: «сары» – «сарғыл» йәкій «сарғылт», «сұр» – «сұрғыл» йәкій «сұрғылт», «боз» – «бозғыл» йәкій «бозғылт», «қызыл» – «қызғыл» йәкій «қызғылт», «торы» – «торғыл» жана басқа сондайлар.

Кей сын-есімдерге «ғылт» орнына «қылтым» жұрнақ жалғанады. Мәселен: «ашшы» – «ашқылтым», «тұшшы» – «тұшқылтым».

Дағдыландырыу. «шыл», «ғыл», «ғылт», «ғылтым» жұрнақтар жалғанарлық сөздер табқызыб жалғатыу.

3) **«лық» («лік», «дық», «дік», «тық», «тік»)** жұрнақ сын-есіміне, сол сыннан шыққан дерексіз заттың есімін көрсетіу үшін жалғанады, мәселен, «жақсы» деген сөзге «лық» жұрнағын жалғаб, «жақсылық» деген дерексіз заттың есімін көрсетеміз. «Ійгі» деген сөзге «лік» жұрнағын жалғаб, «ійгілік» деген дерексіз заттың есімін көрсетеміз; «араз» деген сөзге «дық» жұрнағын жалғаб, «араздық» деген дерексіз заттың есімін көрсетеміз; «теңҙ» деген сөзге «дік» жұрнағын жалғаб, «теңдік» деген дерексіз заттың есімін көрсетеміз; «тоқ» деген сөзге «тық» жұрнағын жалғаб, «тоқтық» деген дерексіз заттың есімін көрсетеміз; «зійрек» деген сөзге «тік» жұрнағын жалғаб, «зійректік» деген дерексіз заттың есімін көрсетеміз жана басқа сондайлар.

Дағдыландырыу. «лық» («лік», «дық», «дік», «тық», «тік») жұрнақтар жалғанарлық сөздер табқызыб жалғатыу.

4) **«шылық» («шілік»)** жұрнақ сын-есіміне сол күйі қалыб болғандығын көрсетіу үшін жалғанады, мәселен, «тар» деген сөзге «шылық» жұрнағын жалғаб, «таршылық» деб, тар күй, қалыб болғандығын көрсетеміз; «еркін» деген сөзге «шілік» жұрнағын жалғаб, «еркіншілік» деб еркін күй, қалыб болғандығын көрсетеміз жана басқа сондайлар.

4) **Дағдыландырыу.** «шылық» («шілік») жұрнақтарын жалғарлық сөздер табқызыб жалғатыу.

Ескертіу. «Кішкене» (азғана) деген сын-есімдер қос сөздер: *кішкене = кіші, гәнә: азғана = аз, ғана.*

5) **«ла» («ле», «да», «де», «та», «те»)** жұрнақ сын-есіміне сол түрде болдырыу үшін жалғанады, мәселен, «жақсы» деген сөзге «ла» жұрнағын жалғаб, «жақсыла» дейміз (жақсы түрде болдырыу үшін); «әдеме» деген сөзге «ле» жұрнағын жалғаб, «әдемеле» дейміз (әдеме түрде болдырыу үшін); «жаман» деген сөзге «да» жұрнағын жалғаб, «жаманда» дейміз (жаман түрде болдырыу үшін); «тең» деген сөзге «де» жұрнағын жалғаб, «теңде» дейміз (тең болдырыу үшін); «ақ» деген сөзге «та» жұрнағын жалғаб, «ақта» дейміз (ақ түрде болдырыу үшін); «тегіс» деген сөзге «те» жұрнағын жалғаб, «тегісте» дейміз (тегіс болдырыу үшін).

5) **Дағдыландырыу.** «ла» («ле», «да», «де», «та», «те») жұрнақтар жалғанарлық сөздерді табқызыб, жалғатыу.

6) **«ар» («ер»)** жұрнақ сын-есіміне сол түрде болыу үшін жалғанады, мәселен: «ақ» деген сөзге «ар» жұрнағын жалғаб, «ағар» дейміз (ақ түрде болыуы үшін); «көк» деген сөзге «ер» жұрнағын жалғаб, «көгер» дейміз (көк түрде болыу үшін).

Бұл жұрнақтар орнына «ай» («ей») жұрнағын жалғаб, «қоңырай» дейміз (қоңыр түрде болыу үшін); «көб» деген сөзге «ей» жұрнағын жалғаб, «көбей» дейміз (көб күйінде болыу үшін).

Ескертіу. «ар» («ер»), «ай» («ей») жұрнақтар айағы дауысты сөздерге «р» болыб жалғанады. Мәселен: *қысқа – қысқар, ескі – ескір*.

6) **Дағдыландырыу.** «ар» («ер»), «ай» («ей») жұрнақтар жалғанарлық сөздер табқызыб жалғатыу.

7) **«сын»** жұрнақ сын-есіміне сол сынды сыйақтаныу үшін жалғанады; мәселен, «жақсы» деген сөзге «сын» жұрнағын жалғаб, «жақсысын» дейміз (жақсы сыйақтаныу үшін); «үлкен» деген сөзге «сін» жұрнағын жалғаб, «үлкенсін» дейміз (үлкен сыйақтаныу үшін).

7) **Дағдыландырыу.** «сын» жұрнағы жалғанарлық сөздер табқызыб, жалғатыу.

3) Сан-есім.

§14) Сан-есім нәрселердің есебін, іретін көрсететүн сөздер. Есебін көрсететүн сөздер, мәселен, *бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он, жыйырма, отыз, қырық, еліу, алпыс, жетпіс, сексен, тоқсан, жүз, мың, мійлійон, түмен;* бұлар **есебтік** деб аталады.

Іретін көрсететүн сөздер; мәселен: *бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, жыйырманшы, отызыншы, қырқыншы, еліуінші, алпысыншы, жетпісінші, сексенінші, тоқсаныншы, жүзінші, мыңыншы, мыйлыйоныншы;* бұлар **іреттік** деб аталады.

Есебтік сан-есім.

§15) **Есебтік сан** екіге бөлінеді.

Бірі жоғарғы көрсетілген қалыбта айтылады; ол **жай есебтік.** Екінші зат-есімге тіркелмей сөйленетүндігінен басқарақ айтылады: *бір – біреу, екі – екеу, үш – үшеу, төрт – төртеу, бес – бесеу, алты – алтау, жеті – жетеу,* бұлайша айтылыу жетіге шейін ақ бар. Бұлар **жадағай есебтік** деб аталады.

§16) Есебтік үлкендете саналады, мәселен: «он бір» дегенде әуелі үлкенін айтыб, сонан соң кішісін айтамыз: ол «он»ның «бірден» үлкендігінен, «еліу алты» дегенде әуелі «еліуді» айтыб, сонан соң «алтыны» айтамыз: ол «еліу»дің «алтыдан» үлкендігінен. «Жүз еліу» дегенде әуелі «жүзді» айтыб, сонан соң «еліуді» айтамыз: ол «жүз»дің «еліу»ден үлкендігінен.

Іреттік сан-есім.

§17) Іреттік де үлкендете саналады; мәселен, «он бірінші» дегенде, әуелі «онды» айтыб, сонан соң «бірінші» дейміз, «еліу алтыншы» дегенде «еліу»ді айтыб, содан соң «алтыншы» дейміз; «жүз еліуінші» дегенде «жүз»ді «еліу»ден бұрын айтамыз. Іреттік бен саналғанда есебтік бен саналғандай айтылыб келіб ең ақырғы сөздің айағына іреттік жұрнағы «ыншы» жалғанады; мәселен, «мың тоғыз жүз жыйырма бесінші», «мың тоғыз жүз он төртінші» дегендей.

§18) Бұлардан басқа нәрсенің бүтіні емес, – бөлімтігінің санын көрсететүн сөздер бар; олар **бөлшек** деб аталады. Бөлшек сан: *жарты, жарым, шійрек.* Қазақтың тілінде бөлшек санның есімі тібті аз.

§19) Сан-есім жалғаулары зат-есім, сын-есім жалғаулары мен бірдей; айтылыуына қарай жалғаулар йа тікелей санға жалғанады, йа жанындағы басқа есімге жалғанады. Жадағай есебтік басқа есімге қосарланыб айтылмайтұн болғандықтан жалғаулар оларға қай кезде де өзіне жалғанады, мысалдар алыб қарайық.

Есебтік сан-есім

I. Жай жалғау

Жадағай есебтік

1) Жұуан сөздің жалғаулары:

«Алтау» деген сөз	**Жекеше:**	**Көбше:**
Атау	нешеу? *алтау*	нешеулер? *алтаулар*
Іліктеу	нешеудің? *алтаудың*	нешеулердің? *алтаулардың*
Барыстау	нешеуге? *алтауға*	нешеулерге? *алтауларға*
Табыстау	нешеуді? *алтауды*	нешеулерді? *алтауларды*
Жатыстау	нешеуде? *алтауда*	нешеулерде? *алтауларда*
Шығыстау	нешеуден? *алтаудан*	нешеулерден? *алтаулардан*

2) Жіңішке сөздің жалғаулары:

«Біреу» деген сөз	**Жекеше:**	**Көбше:**
Атау	нешеу? *біреу*	нешеулер? *біреулер*
Іліктеу	нешеудің? *біреудің*	нешеулердің? *біреулердің*
Барыстау	нешеуге? *біреуге*	нешеулерге? *біреулерге*
Табыстау	нешеуді? *біреуді*	нешеулерді? *біреулерді*
Жатыстау	нешеуде? *біреуде*	нешеулерде? *біреулерде*
Шығыстау	нешеуден? *біреуден*	нешеулерден? *біреулерден*

Дағдыландырыу. Жадағай сандағы сөздердің баршасын жалғаулатыу.

Жай есебтік

«Он кісі» деген сөз	**Жекеше:**	**Көбше:**
Атау	неше кісі? *он кісі*	Жоқ
Іліктеу	неше кісінің? *он кісінің*	–
Барыстау	неше кісіге? *он кісіге*	–
Табыстау	неше кісіні? *он кісіні*	–
Жатыстау	неше кісіде? *он кісіде*	–
Шығыстау	неше кісіден? *он кісіден*	–

Дағдыландырыу. Осы үлгі бойынша жай есебтіктердің басқаларын жалғаулатыу.

Іреттік.

«Тоғызыншы» деген сөз

	Жекеше:
Атау	нешінші? *тоғызыншы*
Іліктеу	нешіншінің? *тоғызыншының*
Барыстау	нешіншіге? *тоғызыншыға*
Табыстау	нешіншіні? *тоғызыншыны*
Жатыстау	нешіншіде? *тоғызыншыда*
Шығыстау	нешіншіден? *тоғызыншыдан*

	Көбше:
Атау	нешіншілер? *тоғызыншылар*
Іліктеу	нешіншілердің? *тоғызыншылардың*
Барыстау	нешіншілерге? *тоғызыншыларға*
Табыстау	нешіншілерді? *тоғызыншыларды*
Жатыстау	нешіншілерде? *тоғызыншыларда*
Шығыстау	нешіншілерден? *тоғызыншылардан*

II. ЖАҚ ЖАЛҒАУ.

Тәуелдеу.

Оңаша тәуелдеу.

Жекеше:

1-жақ	*жыйырмам*	*алтауың*	*алтыншым*
2-жақ	*жыйырмаң*	*алтауың*	*алтыншың*
3-жақ	*жыйырмасы*	*алтауы*	*алтыншысы*

Көбше:

1-жақ	*жыйырмаларым*	*алтауларым*	*алтыншыларым*
2-жақ	*жыйырмаларың*	*алтауларың*	*алтыншыларың*
3-жақ	*жыйырмалары*	*алтаулары*	*алтыншылары*

Ортақ тәуелдеу.

Жекеше:

1-жақ	*жыйырмамыз*	*алтауымыз*	*алтыншымыз*
2-жақ	*жыйырмаңыз*	*алтауыңыз*	*алтыншыңыз*
3-жақ	*жыйырмасы*	*алтауы*	*алтыншысы*

Көбше:

1-жақ	*жыйырмаларымыз*	*алтауларымыз*	*алтыншыларымыз*
2-жақ	*жыйырмаларыңыз*	*алтауларыңыз*	*алтыншыларыңыз*
3-жақ	*жыйырмалары*	*алтаулары*	*алтыншылары*

Жіктеу.

Анайы жіктеу.

Жекеше:

1-жақ	*алтымын*	алтаумын	алтыншымын
2-жақ	*алтысын*	алтаусын	алтыншысын
3-жақ	*алты*	алтау	алтыншы

Көбше:

1-жақ	–	–	–
2-жақ	–	–	–
3-жақ	*алтылар*	алтаулар	алтыншылар

Сыпайы жіктеу.

Жекеше:

1-жақ	*алтымыз*	*алтаумыз*	*алтыншымыз*
2-жақ	*алтысыз*	*алтаусыз*	*алтыншысыз*
3-жақ	*алты*	*алтау*	*алтыншы*

Көбше:

1-жақ	*алтылармыз*	*алтаулармыз*	*алтыншылармыз*
2-жақ	*алтыларсыз*	*алтауларсыз*	*алтыншыларсыз*
3-жақ	*алтылар*	*алтаулар*	*алтыншылар*

Тәуелдеуді себтеу.

1) Себтеу

1-Оңаша тәуелдеуді себтеу.

«Төртінші» деген сөз

Жекеше:	1-жақ	2-жақ	3-жақ
Атау	*төртіншім*	*төртіншің*	*төртіншісі*
Іліктеу	*төртіншімнің*	*төртіншіңнің*	*төртіншісінің*
Барыстау	*төртіншіме*	*төртіншіңе*	*төртіншісіне*
Табыстау	*төртіншімді*	*төртіншіңді*	*төртіншісін*
Жатыстау	*төртіншімде*	*төртіншіңде*	*төртіншісінде*
Шығыстау	*төртіншімнен*	*төртіншіңнен*	*төртіншісінен*

Көбше:

Атау	*төртіншілерім*	*төртіншілерің*	*төртіншілері*
Іліктеу	*төртіншілерімнің*	*төртіншілеріңнің*	*төртіншілерінің*
Барыстау	*төртіншілеріме*	*төртіншілеріңе*	*төртіншілеріне*
Табыстау	*төртіншілерімді*	*төртіншілеріңді*	*төртіншілерін*
Жатыстау	*төртіншілерімде*	*төртіншілеріңде*	*төртіншілерінде*
Шығыстау	*төртіншілерімнен*	*төртіншілеріңнен*	*төртіншілерінен*

Дағдыландырыу. Басқа іреттіктерді алыб, оңаша тәуелдеу түрінде себтетіу.

2- Ортақ тәуелдеуді себтеу.

«Жетеу» деген сөз

Жекеше:	1-жақ	2-жақ	3-жақ
Атау	*жетеуіміз жетеуі-*	*жетеуіңіз*	*жетеуі*
Іліктеу	*міздің*	*жетеуіңіздің*	*жетеуінің*
Барыстау	*жетеуімізге*	*жетеуіңізге*	*жетеуіне*
Табыстау	*жетеуімізді*	*жетеуіңізді*	*жетеуін*
Жатыстау	*жетеуімізде*	*жетеуіңізде*	*жетеуінде*
Шығыстау	*жетеуімізден*	*жетеуіңізден*	*жетеуінен*
Көбше:			
Атау	*жетеулеріміз*	*жетеулеріңіз*	*жетеулері*
Іліктеу	*жетеулеріміздің*	*жетеулеріңіздің*	*жетеулерінің*
Барыстау	*жетеулерімізге*	*жетеулеріңізге*	*жетеулеріне*
Табыстау	*жетеулерімізді*	*жетеулеріңізді*	*жетеулерін*
Жатыстау	*жетеулерімізде*	*жетеулеріңізде*	*жетеулерінде*
Шығыстау	*жетеулеріміздан*	*жетеулеріңізден*	*жетеулерінен*

Дағдыландырыу. Басқа жадағай есебтік сөздерді ортақ тәуелдік түрінде жалғаулатыу.

2) Жіктеу.

1- Оңаша тәуелдеуді анайы жіктеу.

Жекеше:	алтауым	алтауың	алтауы
1-жақ	–	алтауыңмын	алтауымын
2-жақ	алтауымсын	алтауыңсын	алтауысын
3-жақ	алтауым	алтауың	алтауы
Көбше:	алтауларым	алтауларың	алтаулары
1-жақ	–	алтауларыңмын	алтауларымын
2-жақ	алтауларымсын	алтауларыңсын	алтауларысын
3-жақ	алтауларым	алтауларың	алтаулары

2-Оңаша тәуелдеуді сыпайы жіктеу.

Жекеше:	алтауым	алтауың	алтауы
1-жақ	–	алтауыңыз	алтауымыз
2-жақ	алтауымсыз	алтауыңсыз	алтауысыз
3-жақ	алтауымыз	алтауыңыз	алтауы
Көбше:	алтауларым	алтауларың	алтаулары
1-жақ	–	алтауларыңыз	алтауларымыз
2-жақ	алтауларымсыз	алтауларыңсыз	алтауларысыз
3-жақ	алтауларымыз	алтауларыңыз	алтаулары

3-Ортақ тәуелдеуді анайы жіктеу.

Жекеше:	алтауымыз	алтауыңыз	алтауы
1-жақ	–	алтауыңызбын	алтауымын
2-жақ	алтауымызсын	алтауыңызсын	алтауысын
3-жақ	алтауымыз	алтауыңыз	алтауы
Көбше:	алтауларымыз	алтауларыңыз	алтаулары
1-жақ	–	алтауларыңызбын	алтауларымын
2-жақ	алтауларымызсын	алтауларыңызсын	алтауларысын
3-жақ	алтауларымыз	алтауларыңыз	алтаулары

4-Ортақ тәуелдеуді сыпайы жіктеу.

Жекеше:	алтауымыз	алтауыңыз	алтауы
1-жақ	–	алтауыңызбыз	алтауымыз
2-жақ	алтауымызсыз	алтауыңызсыз	алтауысыз
3-жақ	алтауымыз	алтауыңыз	алтауы
Көбше:	алтауларымыз	алтауларыңыз	алтаулары
1-жақ	–	алтауларыңызбыз	алтауларымыз
2-жақ	алтауларымызсыз	алтауларыңызсыз	алтауларысыз
3-жақ	алтауларымыз	алтауларыңыз	алтаулары

Сан есімнен тұуған сөздер.

Түбір сан-есімдер заттың жай санын көрсетеді. Мәселен: *бір ат, екі қой, үш сыйыр* тағысын тағы сондай. Жай санға басқа мағана кіретүн болса, онда сан есіміне әр түрлі жұрнақтар қосылады, мәсалан, нәрсенің іретін көрсетіу үшін сан-есіміне «ыншы» жұрнағын жалғаб, іреттік сан-есім етіб отырмыз. Сол сыйақты басқа жұрнақтар кірісіб, сан есіміне түб мағанасынан өзгерек әр түрлі мағана береді.

Мыйсалдар:

1) **«лық» («лік», «дық», «дік», «тық», «тік»)** жұрнақ. «лық» сан есіміне сол санға жүретүн заттың есімін атау үшін жалғанады; мәселен: «алты» деген сөзге «лық» жұрнағын жалғаб, «алтылық» деген (алтыға жүретүн заттың есімін атау үшін); «жеті» деген сөзге «лік» жұрнағын жалғаб, «жетілік» деген (жетіге жүретүн заттың есімін атау үшін); «он» деген сөзге «дық» жұрнағын жалғаб, «ондық» деген (онға жүретүн заттың есімін атау үшін); «сегіз» деген сөзге «дік» жұрнағын жалғаб, «сегіздік» деген (сегізге жүретүн заттың атын атау үшін); «алпыс» деген сөзге «тық» жұрнағын жалғаб, «алпыстық» деген (алпысқа жүретүн заттың есімін атау үшін); «жетпіс» деген сөзге «тік» жұрнағын жалғаб, «жетпістік» деген (жетпіске жүретүн затты атау үшін) жана басқа сондай сөздер.

Дағдыландырыу. Сан есіміне «лық» («лік», «дық», «дік», «тық», «тік») жұрнақтарды жалғатыу.

2) **«ла» («ле», «да», «де», «та», «те»)** жұрнақ сан есіміне ылғый сол санмен есебтеу үшін жалғанады; мәселен: «жыйырма» деген сөзге «ла» жұрнағын жалғаб, «жыйырмала» дейміз: (ылғый жыйырма мен есебтеу үшін); «екі» деген сөзге «ле» жұрнағын қосыб, «екіле» дейміз: (ылғый екі мен есебтеу үшін); «тоғыз» деген сөзге «да» жұрнағын жалғаб, «тоғызда» дейміз: (ылғый тоғыз бен есебтеу үшін); «қырық» деген сөзге «та» жұрнағын жалғаб, «қырықта» дейміз (ылғый қырық бен есебтеу үшін); «сегіз» деген сөзге «де» жұрнағын жалғаб, «сегізде» дейміз: (ылғый сегіз бен есебтеу үшін); «үш» деген сөзге «те» жұрнағын жалғаб, үште дейміз: (кілең үш бен есебтеу үшін) жана басқа сондай сөздер.

1) Ескертіу. «ла» («ле») жұрнақ жадағай сан есіміне жалғанса, сол санда болыб, іс етіуді көрсетеді, мәселен, «екеу» деген сөзге «ле» жұрнағын жалғаб, «екеуле» десек, екеу болыб істеген мағанада болады; «алтау» деген сөзге «ла» жұрнағын жалғаб, «алтаула» десек, алтау болыб істе деген мағанада.

2) Ескертіу. «ла» («ле», «да», «де», «та», «те») жұрнақ орнына «дан» («ден»), «нан» («нен») жалғауларда айтылады; мәселен: «алтыла»

дегеннің орнына «алтыдан» есебте дейміз, «жетіле» дегеннің орнына «жетеуден» есебтейміз.

4. Есімдік.

§20) **Есімдік** дегеніміз есімдердің, зат-есімнің, сын-есімнің, сан-есімнің орнына жүретүн сөздер: мәселен, «мұғалім» дегеннің орнына «мен» деймін, саған сөйлегенде атыңды атаудың орнына «сен» деймін, анау баланың атын атау орнына «ол» деймін. «Мен», «сен», «ол» деген сөздер зат-есімнің орнына жүрген себебтен есімдік болады.

§21) Есімдік қазақ тілінде бес тарау болады: ***1) жіктеу есімдігі, 2) сілтеу есімдігі, 3) сұрау есімдігі, 4) шектеу есімдігі, 5) таныктау есімдігі.***

1. Жіктеу есімдігі.

§22) **Жіктеу есімдігі** дегеніміз сөйлеген кезде сөйлеушінің, тыңдаушының жана бөгдедегінің жігін ашатүн сөздер.

Жіктеу екі түрлі болғандықтан жіктеу есімдігі де екіге бөлінеді:

1) анайы жіктеу есімдігі, 2) сыпайы жіктеу есімдігі.

Анайы жіктеу есімдіктері: *мен, сен.*

Сыпайы жіктеу есімдіктері: *біз, сіз.*

2. Сілтеу есімдігі.

§23) **Сілтеу есімдігі** дегеніміз бір нәрсені көрсеткенде айтылатүн сөздер; мәселен, жақын нәрсені көрсеткенде «осы», «бұл», «мынау» дейміз. Алыс нәрсені көрсеткенде «сол», «анау» дейміз. «Осы», «бұл», «мынау», «сол», «анау» деген сөздер **сілтеу есімдігі** болады.

Сілтеу есімдігініңде жалғыз жалғаулары ғана өзгеріліб қоймайды, өздері де өзгеріңкірейді.

3. Сұрау есімдігі.

§24) **Сұрау есімдігі** дегеніміз біреуден бір нәрсе тұуралы сұрағанда айтылатүн сөздер. Адам тұуралы сұрасақ «кім?»

дейміз; басқа заттар тұуралы сұрасақ «не?» дейміз; қай нәрсе екендігін сұрасақ, «қайсы?» дейміз; нәрсенің сыны тақырыбты сұрасақ «қандай?» дейміз; нәрсенің дәл санын сұрасақ, «нешеу?», «неше?» дейміз; нәрсенің дәл саны емес, шамасын сұрағанда «қанша?» дейміз; нәрсенің қатарда нешінші екенін сұрасақ «нешінші?» дейміз. Мезгіл тұуралы сұрасақ, «қашан?» дейміз. «Кім?», «не?», «қайсы?», «қандай?», «нешеу?», «неше?», «қанша?», «нешінші?», «қашан?» деген сөздер **сұрау есімдігі** болады.

4. Шектеу есімдігі.

§25) **Шектеу есімдігі** дегеніміз нәрсенің шегін айта сөйлегенде айтылатұн сөздер, мәселен, *бәрі, барша, өз.*

«Әр» деген сөз өзі шектеу жана басқа сөздерге де қосылыб шектеу есімдігінің орнына жүреді, мәселен, *әр кім, әр бір, әр қайсысы* жана басқа сондай сөздер.

5. Таныктау есімдігі.

§26) **Таныктау есімдігі** дегеніміз нәрсенің жоқтығын немесе анык белгілі еместігін, болмаса түгел еместігін көрсеткенде айтылатұн сөздер, мәселен, *еш кім, еш деме, дәнеме, еш бір* – бұлар жоқтыкты көрсетеді; *кей, қайсы бір* – бұлар нәрсенің түгел еместігін көрсетеді. *Біреу, әлде кім, әлде не* анык белгілі еместігін көрсетеді.

Еш кім, еш деме, дәнеме, біреу, әлде кім, әлде не деген сөздердің есімдерше жалғаулары ғана өзгереді.

Жалғаулар.

§27) Жалғаулар есімдіктердің түрлісіне түрліше жалғанады. Мәселен, жіктеу есімдігін себтеуге де, жіктеуге де болады, бірак тәуелдеуге келмейді. Жіктеу есімдігі тәуелдеуге жана тәуелді қалпында ғана себтеуге, жіктеуге келеді. Таныктау есімдігі тәуелді қалпында да тегіс келмейді. Мыйсал үшін түрлі есімдіктерді алыб жалғаулайык.

1. Жай жалғау.

Жіктеу есімдіктері.

Анайы жіктеу есімдігі.

«Мен» деген сөз.

Атау	**Жекеше:**	(*меннің* орнына)	**Көбше:**
Ілік жалғау	кім? *мен*		–
Барыс жалғау	кімнің? *менің*[*]	(*менге* орнына)	–
Табыс жалғау	кімге? *маған*	(*менді* орнына)	–
Жатыс жалғау	кімді? *мені*	(*меннен* орнына)	–
Шығыс жалғау	кімде? *менде*		–
	кімнен? *менен*		–

«Сен» деген сөз.

Атау	**Жекеше:**	(*сеннің* орнына)	**Көбше:**
Ілік жалғау	кім? *сен*	(*сенге* орнына)	кімдер? *сендер*
Барыс жалғау	кімнің? *сенің*	(*сенді* орнына)	кімдердің? *сендердің*
Табыс жалғау	кімге? *саған*	(*сеннен* орнына)	кімдерге? *сендерге*
Жатыс жалғау	кімді? *сені*		кімдерді? *сендерді*
Шығыс жалғау	кімде? *сенде*		кімдерде? *сендерде*
	кімнен? *сенен*		кімдерден? *сендерден*

Сыпайы жіктеу есімдігі.

«Біз», «сіз» деген сөздер.		1-жақ	2-жақ	3-жақ
Жекеше:				–
Атау	кім?	біз	сіз	–
Ілік жалғау	кімнің?	біздің	сіздің	–
Барыс жалғау	кімге?	бізге	сізге	–
Табыс жалғау	кімді?	бізді	сізді	–
Жатыс жалғау	кімде?	бізде	сізде	–
Шығыс жалғау	кімнен?	бізден	сізден	–
Көбше:				
Атау	кімдер?	біздер	сіздер	–
Ілік жалғау	кімдердің?	біздердің	сіздердің	–
Барыс жалғау	кімдерге?	біздерге	сіздерге	–
Табыс жалғау	кімдерді?	біздерді	сіздерді	–
Жатыс жалғау	кімдерде?	біздерде	сіздерде	–
Шығыс жалғау	кімдерден?	біздерден	сіздерден	–

[*] Жіктеу есімдіктерінің жалғаулағанда түпкі тұлғасыда өзгеріңкірейді.

Сілтеу есімдіктері:

«Ол» деген сөз.	**Жекеше:**		**Көбше:**
Атау	кім? *ол*	(*олдың* орнына)	кімдер? *олар*
Ілік жалғау	кімнің? *оның*	(*олға* орнына)	кімдердің? *олардың*
Барыс жалғау	кімге? *оған*	(*олды* орнына)	кімдерге? *оларға*
Табыс жалғау	кімді? *оны*	(*олда* орнына)	кімдерді? *оларды*
Жатыс жалғау	кімде? *онда*	(*олдан* орнына)	кімдерде? *оларда*
Шығыс жалғау	кімнен?*онан*		кімдерден? *олардан*

«Осы» деген сөз	**Жекеше:**		**Көбше:**
Атау	қайсы? *осы*	(*осыға* орнына)	*осылар*
Ілік жалғау	қайсының? *осының*	(*осыда* орнына)	*осылардың*
Барыс жалғау	қайсыға?*осыған	(йәкій *осыдан*)	*осыларға*
Табыс жалғау	қайсыны? *осыны*		*осыларды*
Жатыс жалғау	қайсыда?*осында*		*осыларда*
Шығыс жалғау	қайсыдан? *осынан*		осылардан

1) **Дағдыландырыу.** Осы үлгі бойынша «сол» деген сөзді жалғаулатыу.

«Мынау» деген сөз	**Жекеше:**	**Көбше:**
Атау	қайсы? *мынау*	*мыналар*
Ілік жалғау	қайсының? *мынаның*	*мыналардың*
Барыс жалғау	қайсыған? *мынаған* (*мынаға* орнына)	*мыналарға*
Табыс жалғау	қайсыны? *мынаны*	*мыналарды*
Жатыс жалғау	қайсыда? *мынада*	*мыналарда*
Шығыс жалғау	қайсыдан? *мынадан*	*мыналардан*

2) **Дағдыландырыу.** Осы үлгі бойынша «анау» деген сөзді жалғаулатыу.

Сұрау есімдіктері:

«Кім?», «не?» деген сөз.	**Жекеше:**	**Көбше:**
Атау	*кім? не?*	*кімдер? нелер?*
Ілік жалғау	*кімнің? ненің?*	*кімдердің? нелердің?*
Барыс жалғау	*кімге? неге?*	*кімдерге? нелерге?*
Табыс жалғау	*кімді? нені?*	*кімдерді? нелерді?*
Жатыс жалғау	*кімде? неде?*	*кімдерде? нелерде?*
Шығыс жалғау	*кімнен? неден?*	*кімдерден? нелерден?*

* «Қайсыға» аз айтылады. Көбінесе тәуелді қалыпта айтылады.

«Неше?», «нешінші?»	**Жекеше:**	**Көбше:**
Атау	*нешеу? нешінші?*	*нешеулер? нешіншілер?*
Ілік жалғау	*нешеудің?нешіншінің?*	*нешеулердің?нешіншілердің?*
Барыс жалғау	*нешеуге? нешіншіге?*	*нешеулерге?нешіншілерге?*
Табыс жалғау	*нешеуді? нешіншіні?*	*нешеулерді? нешіншілерді?*
Жатыс жалғау	*нешеуде? нешіншіде?*	*нешеулерде? нешіншілерде?*
Шығыс жалғау	*нешеуден?нешіншіден?*	*нешеулерден?нешіншілерден?*

«Қайсы?», «қандай?»	**Жекеше:**	**Көбше:**
Атау	*қайсы? қандай?*	*қайсылар? қандайлар?*
Ілік жалғау	*қайсының? қандайдың?*	*қайсылардың? қандайлардың?*
Барыс жалғау	*қайсыған? қандайға?*	*қайсыларға? қандайларға?*
Табыс жалғау	*қайсыны? қандайды?*	*қайсыларды? қандайларды?*
Жатыс жалғау	*қайсыда? қандайда?*	*қайсыларда? қандайларда?*
Шығыс жалғау	*қайсыдан? қандайдан?*	*қайсылардан? қандайлардан?*

«Қанша?», «қашан?»	**Жекеше:**	**Көбше:**
Атау	*қанша? қашан?*	жоқ жоқ
Ілік жалғау	*қаншаның?жоқ*	– –
Барыс жалғау	*қаншаға? қашанға?*	– –
Табыс жалғау	*қаншаны?жоқ*	– –
Жатыс жалғау	*қаншада? –*	– –
Шығыс жалғау	*қаншадан? қашаннан?*	– –

Сұрау есімдіктерінің «қашан?» дегенінен басқалары тәуелді қалыппен де айтылады.

3) **Дағдыландырыу.** Жоғарғы жазылған сұрау есімдіктерінің бәрін де тәуелді қалыб бен жалғаулатыу.

Шектеу есімдіктері.

§ 28) Шектеу есімдіктері тәуелді қалпында ғана себтеуге, жіктеуге келеді. Жалғыз-ақ «өз» деген шектеу есімдігінде себтеу жұқанағы байқалады, бірақ, ол жұқанақ «өз» деген сөз қалыбты мағанасынан шыққан түрлерінде ұшырайды. Мәселен «өзге», «өзді» дегенде біреуінде барыс жалғауы бар. Екіншісінде табыс жалғауы бар сыйақты, бірақ, «өзге» деген «басқа» деген мағанада, «өзді-өзі» деген «өз-ара» деген мағанада.

«Басқа» деген сөз басында барыс жалғаудан болғанымен, бұл күнде «бас» деген сөздің бастауын көрсетбейді; сол сыйақты

«өз-ара» деген сөздің орнына айтылыб тұрған «өзді-өзі» деген сөз «өз» деген есімдіктің табыстауы болмайды.

Таныктау есімдіктері

§ 29) Таныктау есімдіктері көбінесе басқа есімдіктерден жасалған есімдік. Мұнда «кей», «еш» деген сыйақтылары ғана нағыз таныктау есімдігі. Нағызда, түбі басқасы да тәуелді түрде айтылады.

II. Жақ жалғау.

Тәуелдеу.

Оңаша тәуелдеу.

Сілтеу есімдіктері: «ол», «осы», «бұл», «мынау».

Жекеше:

1-жақ	*оным*	*осым*	*мұным*	*мынауым*
2-жақ	*оның*	*осың*	*мұның*	*мынауың*
3-жақ	*онысы*	*осысы*	*мұнысы*	*мынауы*

Көбше:

1-жақ	*оларым*	*осыларым*	*бұларым*	*мынауларым*
2-жақ	*оларың*	*осыларың*	*бұларың*	*мынауларың*
3-жақ	*олары*	*осылары*	*бұлары*	*мынаулары*

Сұрау есімдіктері: «кім?», «не?», «нешеу?», «қанша?», «қандай?».

Жекеше:

1-жақ	*кімім?*	*нем?*	*нешеуім?*	*қандайым?*	*қаншам?*
2-жақ	*кімің?*	*нең?*	*нешеуің?*	*қандайың?*	*қаншаң?*
3-жақ	*кімі?*	*несі?*	*нешеуі?*	*қандайы?*	*қаншасы?*

Көбше:

1-жақ	*кімдерім?*	*нелерім?*	*нешеулерім?*	*қандайларым?*	*қаншаларым?*
2-жақ	*кімдері?*	*нелерің?*	*нешеулерің?*	*қандайларың?*	қаншаларың?
3-жақ	*кімдерің?*	*нелері?*	*нешеулері?*	*қандайлары?*	қаншалары?

Шектеу есімдіктері: «өз», «бәр», «барша».

Жекеше:

1-жақ	*өзім*	–	–
2-жақ	*өзің*	*бәрің*	*баршаң*
3-жақ	*өзі*	*бәрі*	*баршасы*

Көбше:

1-жақ	–	–	–
2-жақ	*өздерің*	–	*баршаларың*
3-жақ	*өздері*	–	*баршалары*

Танықтау есімдіктері*: «кей», «дәнеме», «еш бір».

Жекеше:

1-жақ	–	*дәнемем*	–
2-жақ	*кейің*	*дәнемең*	*еш бірің*
3-жақ	*кейі*	*дәнемесі*	*еш бірі*

Ортақ тәуелдеу.

«Ол», «осы», «бұл», «мынау».

Жекеше:

1-жақ	*онымыз*	*осымыз*	*мұнымыз*	*мынауымыз*
2-жақ	*оныңыз*	*осыңыз*	*мұныңыз*	*мынауыңыз*
3-жақ	*онысы*	*осысы*	*мұнысы*	*мынауы*

Көбше:

1-жақ	*оларымыз*	*осыларымыз*	*бұларымыз*	*мынауларымыз*
2-жақ	*оларыңыз*	*осыларыңыз*	*бұларыңыз*	*мынауларыңыз*
3-жақ	*олары*	*осылары*	*бұлары*	*мынаулары*

«Кім?», «не?», «нешеу?», «қандай?»

Жекеше:

1-жақ	*кімімізі?*	*неміз?*	*нешеуіміз?*	*қандайымыз?*	*қаншамыз?*
2-жақ	*кіміңіз?*	*неңіз?*	*нешеуіңіз?*	*қандайыңыз?*	*қаншаңыз?*
3-жақ	*кімі?*	*несі?*	*нешеуі?*	*қандайы?*	*қаншасы?*

Көбше:

1-жақ	*кімдеріміз?*	*нелеріміз?*	*нешеулеріміз?*	*қандайларымыз?*
2-жақ	*кімдеріңіз?*	*нелеріңіз?*	*нешеулеріңіз?*	*қандайларыңыз?*
3-жақ	*кімдері?*	*нелері?*	*нешелері?*	*қандайлары?*

* Танықтау есімдігінің көбі басқа сөздерден болған себебті жана ол басқа сөздердің тәуелдеуі көрсетілгендіктен мұнда олар қайтадан көрсетілмейді.

«Өз», «бәр», «барша».

Жекеше:

1-жақ	*өзіміз*	*бәріміз*	*баршамыз*
2-жақ	*өзіңіз*	*бәріңіз*	*баршаңыз*
3-жақ	*өзі*	*бәрі*	*баршасы*

Көбше:

1-жақ	*өздеріміз*	–	*баршаларымыз*
2-жақ	*өздеріңіз*	–	*баршаларыңыз*
3-жақ	*өздері*	–	*баршалары*

«Кей», «дәнеме», «еш бір».

Жекеше:

1-жақ	*кейіміз*	*дәнемеміз*	*еш біріміз*
2-жақ	*кейіңіз*	*дәнемеңіз*	*еш біріңіз*
3-жақ	*кейі*	*дәнемесі*	*еш бірі*

Көбше:

1-жақ	*кейлеріміз*	*дәнемелеріміз*	–
2-жақ	*кейлеріңіз*	*дәнемелеріңіз*	–
3-жақ	*кейлері*	*дәнемелері*	–

Жіктеу.

Анайы жіктеу.

«Мен», «сен», «ол».

Жекеше:

1-жақ	*менмін*	*сенмін*	*олмын*
2-жақ	*менсін*	*сенсін*	*олсын*
3-жақ	*мен (ді)*	*сен (ді)*	*ол (ды)*

Көбше:

1-жақ	–	*сендермін*	*олармын*
2-жақ	–	*сендерсін*	*оларсын*
3-жақ	–	*сендер (ді)*	*олар (ды)*

«Ол», «осы», «бұл», «мынау».

Жекеше:

1-жақ	*олмын*	*осымын*	*бұмын*	*мынаумын*
2-жақ	*олсын*	*осысын*	*бұсын*	*мынаусын*
3-жақ	*ол (ды)*	*осы (ды)*	*бұл (ды)*	*мынау (ды)*

Көбше:

1-жақ	*олармын*	*осылармын*	*бұлармын*	*мынаулармын*
2-жақ	*оларсын*	*осыларсын*	*бұларсын*	*мынауларсын*
3-жақ	*олар (ды)*	*осылар (ды)*	*бұлар (ды)*	*мынаулар (ды)*

«Кім?», «не?», «нешеу?», «қандай?», «қанша?».

Жекеше:

1-жақ	кіммін?	немін?	нешеумін?	қандаймын?	қаншамын?
2-жақ	кімсін?	несін?	нешеусін?	қандайсын?	қаншасын?
3-жақ	кім (ді)?	не (ді)?	нешеу(ді)?	қандай (ды)?	қанша (ды)?

Көбше:

1-жақ	кімдермін?	нелермін?	–	қандайлармын?	–
2-жақ	кімдерсін?	нелерсін?	нешеусіндер?	қандайсындар?	қаншасындар?
3-жақ	кімдер (ді)	нелер (ді)?	–	қандайлар (ды)	–

Ескертіу. Шектеу есімдіктері тәуелді күйінде ғана жіктеледі, танықтау есімдігі тәуелді қалпында да тегіс жіктелмейді.

Сыпайы жіктеу:

«Мен», «сен».

Жекеше:

1-жақ	бізбіз	сізбіз
2-жақ	бізсіз	сізсіз
3-жақ	біз(ді)	сіз (ді)

Көбше:

1-жақ	біздерміз	сіздерміз
2-жақ	біздерсіз	сіздерсіз
3-жақ	біздер (ді)	сіздер(ді)

«Ол», «осы», «бұл», «мынау».

Жекеше:

1-жақ	омыз	осымыз	бұмыз	мынаумыз
2-жақ	осыз	осысыз	бұсыз	мынаусыз
3-жақ	ол	осы	бұл	мына

Көбше:

1-жақ	олармыз	осылармыз	бұлармыз	мынаулармыз
2-жақ	оларсыз	осыларсыз	бұларсыз	мынауларсыз
3-жақ	олар	осылар	бұлар	мынаулар

«Кім?», «не?», «нешеу?», «қандай?», «қанша?».

Жекеше:

1-жақ	кімбіз?	неміз?	нешеуміз?	қандаймыз?	қаншамыз?
2-жақ	кімсіз?	несіз?	нешеусіз?	қандайсыз?	қаншасыз?
3-жақ	кім?	не?	нешеу?	қандай?	қанша?

Көбше:

1-жақ	кімдерміз?	–	–	–	–
2-жақ	кімдерсіз?	нелерсіз?	–	–	–
3-жақ	кімдер?	нелер?	нешеулер?	қандайлар?	қаншалар?

«Өз», «бәр», «барша».

Жекеше:

1-жақ	өзімізбіз	бәрімізбіз	баршамызбыз
2-жақ	өзіңізсіз	бәріңізсіз	баршаңызсыз
3-жақ	өзі	бәрі	баршасы

Көбше:

1-жақ	өздерімізбіз	–	баршаларымызбыз
2-жақ	өздеріңізсіз	–	баршаларыңызсыз
3-жақ	өздері	–	баршалары

Тәуелдеуді себтеу, жіктеу.

Себтеу.

Оңаша тәуелдеуді себтеу.

«Ол» деген сөз.

Жекеше:	1-жақ	2-жақ	3-жақ
Атау	оным	оның	онысы
Іліктеу	онымның	оныңның	онысының
Барыстау	оныма	оныңа	онысына
Табыстау	онымды	оныңды	онысын
Жатыстау	онымда	оныңда	онысында
Шығыстау	онымнан	оныңнан	онысынан
Көбше:			
Атау	оларым	оларың	олары
Іліктеу	оларымның	оларыңның	оларының
Барыстау	оларыма	оларыңа	оларына
Табыстау	оларымды	оларыңды	оларын
Жатыстау	оларымда	оларыңда	оларында
Шығыстау	оларымнан	оларыңнан	оларынан

«Осы» деген сөз.

Жекеше:	1-жақ	2-жақ	3-жақ
Атау	*осым*	*осың*	*осысы*
Іліктеу	*осымның*	*осыңның*	*осысының*
Барыстау	*осыма*	*осыңа*	*осысына*
Табыстау	*осымды*	*осыңды*	*осысын*
Жатыстау	*осымда*	*осыңда*	*осысында*
Шығыстау	*осымнан*	*осыңнан*	*осысынан*
Көбше:			
Атау	*осыларым*	*осыларың*	*осылары*
Құр көмекші етістіктер жоғарғы көрсетілген түрде жай етістіктерше жіктеледі. Құр көмекші етістік болатұндар: *бармақ, болмақ, алмақ, бермек, келмек, кетбек, көрмек, өтбек, тастамақ, қоймақ, қалмақ.*

Күй көмекші етістіктер болатұн *жүрмек, тұрмақ, отырмақ, жатбақ.* Бұлардың **күй көмекші** деб аталатұн себебі – бұлар айтылғанда ғамалдың қалыб күйін көрсетеді. Күй көмекші етістіктер жай етістіктерше де, олардан айырықша түрде де өзгереді.

Мыйсал:

Осы шақ

Болымды түрлері:

Жай етістікше				
1-жақ	жүрмек	тұрмақ	отырмақ	жатбақ
2-жақ	жүремін	тұрамын	*отырамын*	жатамын
3-жақ	жүресін	тұрасын	*отырасын*	жатасын
Айрықша түрде	жүреді	тұрады	*отырады*	жатады
1-жақ	жүрмін	тұрмын	*отырмын*	жатырмын
2-жақ	жүрсін	тұрсын	*отырсын*	жатырсын
3-жақ	жүр	тұр	*отыр*	жатыр

Ій көмекші деб жалғыз *емек* деген етістік айтылады. Мұның бұлай аталыуының мәнісі бұл етістік өзге сөздерге көмекші болыумен әбден ій болыб, етістік түрінен айырылыуға тайанған. Қазірде жалғаулық қатарлы мағанадағы сөзге айналыб кеткен. Етістікше өзгеріу түрінен қалған жұқанақтары мыналар ғана:

Өткен шақ: 1-жақ *едім*

2-жақ *едің*

3-жақ *еді*

Онан басқа қалған жұқанақтары: *емен, емес, екен.*

Көсемше.

Екі етістік қосарынан айтылғанда алдында айтылатұн қысқа түрін **көсемше** дейміз. Мыйсалы, *жаза бер, қараб тұр, жүріб келді* дегенде алдыңғы сөздер **көсемше** етістік болады. Көсемше үш түрлі: 1) үнемді, 2) үнемсіз, 3) мұратты.

Үнемді көсемше – созымды істі көрсетіу үшін айтылады. Мыйсалы, *айта бердім, айта бердің, айта берді.*

Үнемсіз көсемше – созымсыз, бірден бітетүн істі көрсетіу үшін айтылады. Мыйсалы: *айтыб бердім, айтыб бердің, айтыб берді.*

Мұратты көсемше – істеуге нійететтеніб тұрғанды көрсететүн сөз түрі; Мыйсалы, *барғалы тұрмын, барғалы тұрсын, барғалы тұр* жана басқа сондайлар.

Жоғарыда ырайлар тұурасында сөйлегенде етістіктер қосарлы күйінде, көсемше түрде айтылады деб едік. Сол қосарлы күйі көсемше түрде қалай айтылатұндығын көрсетіу үшін жоғарыдағы ырайлары мен жіктеген сөздерден айақ дыбысы дауысты бір сөз, айақ дыбысы дауыссыз йа жарты дауысты бір сөз алыб, жана көмекші етістіктерден бір нешесін алыб, қосарлы түрде өзгертіб көрейік*.

* Көсемше қосарсыз өз алдына жіктеліу қалпы үнемсіз түрінде гәна сақталған: *болыб, болыббын, болыбсын, болыбты; сөйлеб, сөйлеббін, сөйлебсін, сөйлебті,* тағысын тағылар.

Тұйық ырай.

«Жаза бермек», «сынай тұрмақ».

Бійлік ырай.

Анайы жіктеу.

Үнемді көсемше.

Болымды түрлері: *жаза бермек сынай тұрмақ*

Жекеше:

1-жақ	2-жақ	3-жақ
жаза берейін	*жаза бер*	*жаза берсін*
сынай тұрайын	*сынай тұр*	*сынай тұрсын*
Көбше:	2-жақ	3-жақ
1-жақ	*жаза беріңдер*	*жаза берсін*
–	*сынай тұрыңдар*	*сынай тұрсын*
–		

Болымсыз түрлері:

Жекеше:

1-жақ	2-жақ	3-жақ
жаза бермейін	*жаза берме*	*жаза бермесін*
сынай тұрмайын	*сынай тұрма*	*сынай тұрмасын*
Көбше:	2-жақ	3-жақ
1-жақ	*жаза бермеңдер*	*жаза бермесін*
–	*сынай тұрмаңдар*	*сынай тұрмасын*
–		

Үнемсіз көсемше.

Болымды түрлері:

Жекеше:

1-жақ	2-жақ	3-жақ
жазыб берейін	*жазыб бер*	*жазыб берсін*
сынаб тұрайын	*сынаб тұр*	*сынаб тұрсын*
Көбше:	2-жақ	3-жақ
1-жақ	*жазыб беріңдер*	*жазыб берсін*
–	*сынаб тұрыңдар*	*сынаб тұрсын*
–		

Болымсыз түрлері:

Жекеше:

1-жақ	2-жақ	3-жақ
жазыб бермейін	*жазыб берме*	*жазыб бермесін*
сынаб тұрмайын	*сынаб тұрма*	*сынаб тұрмасын*
Көбше:	2-жақ	3-жақ
1-жақ	*жазыб бермеңдер*	*жазыб бермесін*
–	*сынаб тұрмаңдар*	*сынаб тұрмасын*
–		

Дағдыландырыу. Әр етістен әр түрлі сөздер алыб, осы үлгі бойынша қосар түрде бійлік ырай мен жіктетіу.

Сыпайы жіктеу.

Үнемді көсемше.

Болымды түрлері: *жаза бермек, сынай тұрмақ*

Жекеше:

1-жақ	2-жақ	3-жақ
жаза берейік	*жаза беріңіз*	*жаза берсін*
сынай тұрайық	*сынай тұрыңыз*	*сынай тұрсын*
Көбше:	2-жақ	3-жақ
1-жақ	*жаза беріңіздер*	*жаза берсін*
жаза берелік	*сынай тұрыңыздар*	*сынай тұрсын*
сынай тұралық		

Болымсыз түрлері: *жаза бермеске сынай тұрмасқа*

Жекеше:

1-жақ	2-жақ	3-жақ
жаза бермейік	*жаза бермеңіз*	*жаза бермесін*
сынай тұрмайық	*сынай тұрмаңыз*	*сынай тұрмасын*
Көбше:	2-жақ	3-жақ
1-жақ	*жаза бермеңіздер*	*жаза бермесін*
жаза бермелік	*сынай тұрмаңыздар*	*сынай тұрмасын*
сынай тұрмалық		

Үнемсіз көсемше

Болымды түрлері: *жазыб бермек, сынаб тұрмақ*

Жекеше:

1-жақ	2-жақ	3-жақ
жазыб берейік	*жазыб беріңіз*	*жазыб берсін*
сынаб тұрайық	*сынаб тұрыңыз*	*сынаб тұрсын*
Көбше:	2-жақ	3-жақ
1-жақ	*жазыб беріңіздер*	*жазыб берсін*
жазыб берелік	*сынаб тұрыңыздар*	*сынаб тұрсын*
сынаб тұралық		

Болымсыз түрлері: *жазыб бермеске, сынаб тұрмасқа*

Ашық ырай.

Анайы жіктеу.

1) Осы шақ.

Үнемді көсемше.

Болымды түрлері: *жаза бермек сынай тұрмақ*

Жекеше:

1-жақ	2-жақ	3-жақ
жаза беремін	*жаза бересін*	*жаза береді*
сынай тұрамын	*сынай тұрасын*	*сынай тұрады*
Көбше:	2-жақ	3-жақ
1-жақ	*жаза бересіндер*	*жаза береді*
–	*сынай тұрасындар*	*сынай тұрады*
–		

Болымсыз түрлері: *жаза бермеске сынай тұрмасқа*

Жекеше:

1-жақ	2-жақ	3-жақ
жаза бермеймін	*жаза бермейсін*	*жаза бермейді*
сынай тұрмаймын	*сынай тұрмайсын*	*сынай тұрмайды*
Көбше:	2-жақ	3-жақ
1-жақ	*жаза бермейсіндер*	*жаза бермейді*
–	*сынай тұрмайсындар*	*сынай тұрмайды*
–		

Үнемсіз көсемше

Болымды түрлері: *жазыб бермек сынай тұрмақ*

Жекеше:

1-жақ	2-жақ	3-жақ
жазыб беремін	*жазыб бересін*	*жазыб береді*
сынаб тұрамын[*]	*сынаб тұрасын*	*сынаб тұрады*

Болымсыз түрлері: *жазыб бермеске сынаб тұрмасқа*

Жекеше:

1-жақ	2-жақ	3-жақ
жазыб бермеймін	*жазыб бермейсін*	*жазыб бермейді*
сынаб тұрмаймын	*сынаб тұрмайсын*	*сынаб тұрмайды*
Көбше:	2-жақ	3-жақ
1-жақ	*жазыб бермейсіндер*	*жазыб бермейді*
–	*сынаб тұрмайсындар*	*сынаб тұрмайды*
–		

Дағдыландырыу. Әр етістен әр түрлі сөздер алыб, осы үлгі бойынша қосар түрде ашық ырайдың осы шағы мен жіктетіу.

2) Өткен шақ.

Үнемді көсемше:

Болымды түрлері: *жаза бермек сынай тұрмақ*

Жекеше:

1-жақ	2-жақ	3-жақ
жаза бердім	*жаза бердің*	*жаза берді*
сынай тұрдым	*сынай тұрдың*	*сынай тұрды*
Көбше:	2-жақ	3-жақ
1-жақ	*жаза бердіңдер*	*жаза берді*
–	*сынай тұрдыңдар*	*сынай тұрды*
–		

[*] Өзгеше түрінде *сынаб тұрмын, сынаб тұрсын, сынаб тұр* болады. Өзгеше түрдегі басқа үшеуі де *жүр, отыр, жат* – осылайша жіктеледі.

Болымсыз түрлері: *жаза бермеске сынай тұрмасқа*

Жекеше:

1-жақ	2-жақ	3-жақ
жаза бермедім	*жаза бермедің*	*жаза бермеді*
сынай тұрмадым	*сынай тұрмадың*	*сынай тұрмады*
Көбше:	2-жақ	3-жақ
1-жақ	*жаза бермедіңдер*	*жаза бермеді*
–	*сынай тұрмадыңдар*	*сынай тұрмады*
–		

Үнемсіз көсемше:

Болымды түрлері: *жазыб бермек сынаб тұрмақ*

Жекеше:

1-жақ	2-жақ	3-жақ
жазыб бердім	*жазыб бердің*	*жазыб берді*
сынаб тұрдым	*сынаб тұрдың*	*сынаб тұрды*
Көбше:	2-жақ	3-жақ
1-жақ	*жазыб бердіңдер*	*жазыб берді*
–	*сынаб тұрдыңдар*	*сынаб тұрды*
–		

Болымсыз түрлері: *жазыб бермеске сынаб тұрмасқа*

Жекеше:

1-жақ	2-жақ	3-жақ
жазыб бермедім	*жазыб бермедің*	*жазыб бермеді*
сынаб тұрмадым	*сынаб тұрмадың*	*сынаб тұрмады*
Көбше:	2-жақ	3-жақ
1-жақ	*жазыб бермедіңдер*	*жазыб бермеді*
жазыб бермедік	*сынаб тұрмадыңдар*	*сынаб тұрмады*
сынаб тұрмадық		

Дағдыландырыу. Әр етістен әр түрлі сөздер алыб, осы үлгі бойынша қосар түрде ырайдың өткен шағы мен жіктетіу.

3) Келер шақ.

Үнемді көсемше.

Болымды түрлері: *жаза бермек сынай тұрмақ*

Жекеше:

1-жақ	2-жақ	3-жақ
жаза берермін	*жаза берерсін*	*жаза берер*
сынай тұрармын	*сынай тұрарсын*	*сынай тұрар*
Көбше:	2-жақ	3-жақ
1-жақ	*жаза берерсіндер*	*жаза берер*
–	*сынай тұрарсындар*	*сынай тұрар*
–		

Болымсыз түрлері: *жаза бермеске сынай тұрмасқа*

Жекеше:

1-жақ	2-жақ	3-жақ
жаза бермесбін	*жаза бермессін*	*жаза бермес*
сынай тұрмасбын	*сынай тұрмассын*	*сынай тұрмас*
Көбше:	2-жақ	3-жақ
1-жақ	*жаза бермессіндер*	*жаза бермес*
–	*сынай тұрмассындар*	*сынай тұрмас*
–		

Үнемсіз көсемше

Болымды түрлері: *жазыб бермек сынаб тұрмақ*

Жекеше:

1-жақ	2-жақ	3-жақ
жазыб берермін	*жазыб берерсін*	*жазыб берер*
сынаб тұрармын	*сынаб тұрарсын*	*сынаб тұрар*
Көбше:	2-жақ	3-жақ
1-жақ	*жазыб берерсіндер*	*жазыб берер*
–	*сынаб тұрарсындар*	*сынаб тұрар*
–		

Болымсыз түрлері: *жазыб бермеске сынаб тұрмасқа*

Жекеше:

1-жақ	2-жақ	3-жақ
жазыб бермесбін	*жазыб бермессін*	*жазыб бермес*
сынаб тұрмасбын	*сынаб тұрмассын*	*сынаб тұрмас*
Көбше:	2-жақ	3-жақ
1-жақ	*жазыб бермессіндер*	*жазыб бермес*
–	*сынаб тұрмассындар*	*сынаб тұрмас*
–		

Дағдыландырыу. Әр етістен әр түрлі сөздер алыб, осы үлгі бойынша ашық ырайдың келер шағы мен жіктетіу.

Сыпайы жіктеу.

Осы шақ.

Үнемді көсемше.

Болымды түрлері: *жаза бермек сынай тұрмақ*

Жекеше:

1-жақ	2-жақ	3-жақ
жаза береміз	*жаза бересіз*	*жаза береді*
сынай тұрамыз	*сынай тұрасыз*	*сынай тұрады*
Көбше:	2-жақ	3-жақ
1-жақ	*жаза бересіздер*	–
–	*сынай тұрасыздар*	–
–		

Үнемсіз көсемше.

Болымды түрлері: *жазыб бермек сынаб тұрмақ*

Жекеше:

1-жақ	2-жақ	3-жақ
жазыб береміз	*жазыб бересіз*	*жазыб береді*
сынаб тұрамыз	*сынаб тұрасыз*	*сынаб тұрады*
Көбше:	2-жақ	3-жақ
1-жақ	*жазыб бересіздер*	–
–	*сынаб тұрасыздар*	–
–		

Болымсыз түрлері: *жазыб бермеске сынаб тұрмасқа*

Жекеше:

1-жақ	2-жақ	3-жақ
жазыб бермейміз	*жазыб бермейсіз*	*жазыб бермейді*
сынаб тұрмаймыз	*сынаб тұрмайсыз*	*сынаб тұрмайды*
Көбше:	2-жақ	3-жақ
1-жақ	*жазыб бермейсіздер*	–
–	*сынаб тұрмайсыздар*	–
–		

Өткен шақ.

Үнемді көсемше.

Болымды түрлері: *жаза бермек сынай тұрмақ*

Жекеше:

1-жақ	2-жақ	3-жақ
жаза бердік	*жаза бердіңіз*	*жаза берді*
сынай тұрдық	*сынай тұрдыңыз*	*сынай тұрды*
Көбше:	2-жақ	3-жақ
1-жақ	*жаза бердіңіздер*	–
–	*сынай тұрдыңыздар*	–
–		

Болымсыз түрлері: *жаза бермеске сынай тұрмасқа*

Жекеше:

1-жақ	2-жақ	3-жақ
жаза бермедік	*жаза бермедіңіз*	*жаза бермеді*
сынай тұрмадық	*сынай тұрмадыңыз*	*сынай тұрмады*
Көбше:	2-жақ	3-жақ
1-жақ	*жаза бермедіңіздер*	–
–	*сынай тұрмадыңыздар*	–
–		

Үнемсіз көсемше.

Болымды түрлері: *жазыб бермек сынаб тұрмақ*

Жекеше:

1-жақ	2-жақ	3-жақ
жазыб бердік	*жазыб бердіңіз*	*жазыб берді*
сынаб тұрдық	*сынаб тұрдыңыз*	*сынаб тұрды*
Көбше:	2-жақ	3-жақ
1-жақ	*жазыб беріңіздер*	–
–	*сынаб тұрыңыздар*	–
–		

Болымсыз түрлері: *жазыб бермеске сынаб тұрмасқа*

Жекеше:

1-жақ	2-жақ	3-жақ
жазыб бермедік	*жазыб бермедіңіз*	*жазыб бермеді*
сынаб тұрмадық	*сынаб тұрмадыңыз*	*сынаб тұрмады*
Көбше:	2-жақ	3-жақ
1-жақ	*жазыб бермедіңіздер*	–
–	*сынаб тұрмадыңыздар*	–
–		

Келер шақ.

Үнемді көсемше.

Болымды түрлері: *жаза бермек сынай тұрмақ*

Жекеше:

1-жақ	2-жақ	3-жақ
жаза берерміз	*жаза берерсіз*	*жаза берер*
сынай тұрармыз	*сынай тұрарсыз*	*сынай тұрар*
Көбше:	2-жақ	3-жақ
1-жақ	*жаза берерсіздер*	–
–	*сынай тұрарсыздар*	–
–		

Болымсыз түрлері: *жаза бермеске сынай тұрмасқа*

Жекеше:

1-жақ	2-жақ	3-жақ
жаза бермесбіз	*жаза бермессіз*	*жаза бермес*
сынай тұрмасбыз	*сынай тұрмассыз*	*сынай тұрмас*
Көбше:	2-жақ	3-жақ
1-жақ	*жаза бермессіздер*	–
–	*сынай тұрмассыздар*	–
–		

Үнемсіз көсемше.

Болымды түрлері: *жазыб бермек сынаб тұрмақ*

Жекеше:

1-жақ	2-жақ	3-жақ
жазыб берерміз	*жазыб берерсіз*	*жазыб берер*
сынаб тұрармыз	*сынаб тұрарсыз*	*сынаб тұрар*
Көбше:	2-жақ	3-жақ
1-жақ	*жазыб берерсіздер*	–
–	*сынаб тұрарсыздар*	–
–		

Болымсыз түрлері: *жазыб бермеске сынаб тұрмасқа*

Жекеше:

1-жақ	2-жақ	3-жақ
жазыб бермесбіз	*жазыб бермессіз*	*жазыб бермес*
сынаб тұрмасбыз	*сынаб тұрмассыз*	*сынаб тұрмас*
Көбше:	2-жақ	3-жақ
1-жақ	*жазыб бермессіздер*	–
–	*сынаб тұрмассыздар*	–
–		

Шартты ырай.

Анайы жіктеу.

Үнемді көсемше.

Болымды түрлері: *жаза бермек сынай тұрмақ*

Жекеше:

1-жақ	2-жақ	3-жақ
жаза берсем	*жаза берсең*	*жаза берсе*
сынай тұрсам	*сынай тұрсаң*	*сынай тұрса*
Көбше:	2-жақ	3-жақ
1-жақ	*жаза берсеңдер*	*жаза берсе*
–	*сынай тұрсаңдар*	*сынай тұрса*
–		

Болымсыз түрлері: *жаза бермеске сынай тұрмасқа*

Жекеше:

1-жақ	2-жақ	3-жақ
жаза бермесем	*жаза бермесең*	*жаза бермесе*
сынай тұрмасам	*сынай тұрмасаң*	*сынай тұрмаса*
Көбше:	2-жақ	3-жақ
1-жақ	*жаза бермесеңдер*	*жаза бермесе*
–	*сынай тұрмасаңдар*	*сынай тұрмаса*
–		

Үнемсіз көсемше.

Болымды түрлері: *жазыб бермек сынаб тұрмақ*

Жекеше:

1-жақ	2-жақ	3-жақ
жазыб берсем	*жазыб берсең*	*жазыб берсе*
сынаб тұрсам	*сынаб тұрсаң*	*сынаб тұрса*
Көбше:	2-жақ	3-жақ
1-жақ	*жазыб берсеңдер*	*жазыб берсе*
–	*сынаб тұрсаңдар*	*сынаб тұрса*
–		

Болымсыз түрлері: *жазыб бермеске сынаб тұрмасқа*

Жекеше:

1-жақ	2-жақ	3-жақ
жазыб бермесем	*жазыб бермесең*	*жазыб бермесе*
сынаб тұрмасам	*сынаб тұрмасаң*	*сынаб тұрмаса*
Көбше:	2-жақ	3-жақ
1-жақ	*жазыб бермесеңдер*	*жазыб бермесе*
–	*сынаб тұрмасаңдар*	*сынаб тұрмаса*
–		

Дағдыландырыу. Әр етістен әр түрлі сөздер алыб осы үлгі бойынша қосар түрде шартты ырай мен жіктетіу.

Сыпайы жіктеу.

Үнемді көсемше:

Болымды түрлері: *жаза бермек сынай тұрмақ*

Жекеше:

1-жақ	2-жақ	3-жақ
жаза берсек	*жаза берсеңіз*	*жаза берсе*
сынай тұрсақ	*сынай тұрсаңыз*	*сынай тұрса*
Көбше:	2-жақ	3-жақ
1-жақ	*жаза берсеңіздер*	–
–	*сынай тұрсаңыздар*	–
–		

Болымсыз түрлері: *жаза бермеске сынай тұрмасқа*

Жекеше:

1-жақ	2-жақ	3-жақ
жаза бермесек	*жаза бермесеңіз*	*жаза бермесе*
сынай тұрмасақ	*сынай тұрмасаңыз*	*сынай тұрмаса*
Көбше:	2-жақ	3-жақ
1-жақ	*жаза бермесеңіздер*	–
–	*сынай тұрмасаңыздар*	–
–		

Үнемсіз көсемше.

Болымды түрлері: *жазыб бермек сынаб тұрмақ*

Жекеше:

1-жақ	2-жақ	3-жақ
жазыб берсек	*жазыб берсеңіз*	*жазыб берсе*
сынаб тұрсақ	*сынаб тұрсаңыз*	*сынаб тұрса*
Көбше:	2-жақ	3-жақ
1-жақ	*жазыб берсеңіздер*	–
–	*сынаб тұрсаңыздар*	–
–		

Болымсыз түрлері: *жазыб бермеске сынаб тұрмасқа*

Жекеше:

1-жақ	2-жақ	3-жақ
жазыб бермесек	*жазыб бермесеңіз*	*жазыб бермесе*
сынаб тұрмасақ	*сынаб тұрмасаңыз*	*сынаб тұрмаса*
Көбше:	2-жақ	3-жақ
1-жақ	*жазыб бермесеңіздер*	–
–	*сынаб тұрмасаңыздар*	–
–		

Ереуіл ырай.

Үнемді көсемше.

Болымды түрлері: *жаза бермек сынай тұрмақ*

Жекеше:

1-жақ	2-жақ	3-жақ
жаза берсемде	*жаза берсеңде*	*жаза берседе*
сынай тұрсамда	*сынай тұрсаңда*	*сынай тұрсада*
Көбше:	2-жақ	3-жақ
1-жақ	*жаза берсеңдерде*	*жаза берседе*
–	*сынай тұрсаңдарда*	*сынай тұрсада*
–		

Болымсыз түрлері: *жаза бермеске сынай тұрмасқа*

Жекеше:

1-жақ	2-жақ	3-жақ
жаза бермесемде	*жаза бермесеңде*	*жаза бермеседе*
сынай тұрмасамда	*сынай тұрмасаңда*	*сынай тұрмасада*
Көбше:	2-жақ	3-жақ
1-жақ	*жаза бермесеңдерде*	*жаза бермеседе*
–	*сынай тұрмасаңдарда*	*сынай тұрмасада*
–		

Үнемсіз көсемше.

Болымды түрлері: *жазыб бермек сынаб тұрмақ*

Жекеше:

1-жақ	2-жақ	3-жақ
жазыб берсемде	*жазыб берсеңде*	*жазыб берседе*
сынаб тұрсамда	*сынаб тұрсаңда*	*сынаб тұрсада*
Көбше:	2-жақ	3-жақ
1-жақ	*жазыб берсеңдерде*	*жазыб берседе*
–	*сынаб тұрсаңдарда*	*сынаб тұрсада*
–		

Болымсыз түрлері: *жазыб бермеске сынаб тұрмасқа*

Жекеше:

1-жақ	2-жақ	3-жақ
жазыб бермесемде	*жазыб бермесеңде*	*жазыб бермеседе*
сынаб тұрмасамда	*сынаб тұрмасаңда*	*сынаб тұрмасада*
Көбше:	2-жақ	3-жақ
1-жақ	*жазыб бермесеңдерде*	*жазыб бермеседе*
–	*сынаб тұрмасаңдарда*	*сынаб тұрмасада*
–		

Дағдыландырыу. Әр етістен әр түрлі сөздер алыб, осы үлгі бойынша қосар түрде ереуіл ырай мен жіктетіу.

Іреніш ырай.

Бұл ырай үшін де *жаза бермек, сынай тұрмақ* деген сөздерді алыб, басқа ырайлардағы көрсеткен үлгі бойынша үнемді, үнемсіз көсемшенің болымды, болымсыз түрлерінде қосар күйде айтқызыу.

Дағдыландырыу үшін әр етістен әр түрлі сөздер алыб, алдағы үлгілер бойынша іреніш ырай мен жіктетіу.

Қалау ырай, сенімді ырай, болжал ырай, мұң ырай, көніс ырай, қайрау ырай, ызалы ырай, теріс ырай – бұлар үшін де *жаза бермек, сынай тұрмақ* деген сөздерді алыб, басқа ырайларда көрсеткен үлгі бойынша үнемді, үнемсіз көсемшенің болымды, болымсыз түрлерін де қосар күйде айтқызыу.

Дағдыландырыу үшін әр етістен әр түрлі сөздер алыб, алдағы үлгілер бойынша жіктетіу.

Мұратты көсемше де үнемді көсемше сыйақты, жалғыз-ақ айырмасы сол: үнемді көсемшенің жалғауы «а» (жіңішке сөзде «е») һәм «ы», мұратты көсемшеде «ғалы» (жіңішке сөзде «гелі»).

Есімше.

Есім сыйақты айтылатұн етістіктің түрін **есімше** дейміз; мыйсалы, *айтыушы адам, шабатұн ат, жазған қат* дегенде «айтыушы», «шабатұн», «жазған» деген сөздер **есімше** болады.

Есім сыйақты дейтүніміз: зат-есімше – «кім?», «не?» деб, сын-есімше **«қандай?»** деб сұраймыз.

Есімше үш түрлі: ***1) осы шақтық, 2) өткен шақтық, 3) ұйғарынды.*** Осы шақта істеб тұрғанды көрсеткенде **осы шақтық есімше** дейміз, мыйсалы, *өлең айтыушы, бійе сауыушы, құдық қазыушы* деген сыйақты сөздер.

Бұрын істелгеністі көрсететүн сөз түрін **өткен шақтық есімше** дейміз. Мыйсалы, *өлең айтқан, бійе сауған, құдық қазған* дегендегі «айтқан», «сауған», «қазған» деген сыйақты сөздер **өткен шақтық есімше** болады.

Істеуге ұйғарылған істі көрсетіу үшін айтылатұн сөз түрін **ұйғарынды есімше** дейміз. Мыйсалы, *жазатұн қат, сөйлейтүн сөз, көретүн көз* дегендегі «жазатұн», «сөйлейтүн», «көретүн» деген сыйақты сөздер **ұйғарынды есімше** болады.

Сын есімше есімдер сыйақты себтеледі де, тәуелденеді де, жіктеледі де.

Зат, есімше түрі жіктелмейді, тек себтеледі, тәуелденеді (*болыудың, болыуға....., болыуым, болыуың, болыуы*).

Жіктелгенде де есімдерше жіктеледі. Әуелі есімдерше өзгертіб, сонан соң етістіктерше өзгертіб қарайық.

ЖАЛҒАУЛАР.

I. Жай жалғау.

Есімшелер: «барыушы», «барған», «баратұн»

Жекеше:	**осы шақтық**	**өткен шақтық**	**ұйғарынды**
Атау	*барыушы*	*барған*	*баратұн*
Іліктеу	*барыушының*	*барғанның*	*баратұнның*
Барыстау	*барыушыға*	*барғанға*	*баратұнға*
Табыстау	*барыушыны*	*барғанды*	*баратұнды*
Жатыстау	*барыушыда*	*барғанда*	*баратұнда*
Шығыстау	*барыушыдан*	*барғаннан*	*баратұннан*
Көбше:			
Атау	*барыушылар*	*барғандар*	*баратұндар*
Іліктеу	*барыушылардың*	*барғандардың*	*баратұндардың*
Барыстау	*барыушыларға*	*барғандарға*	*баратұндарға*
Табыстау	*барыушыларды*	*барғандарды*	*баратұндарды*
Жатыстау	*барыушыларда*	*барғандарда*	*баратұндарда*
Шығыстау	*барыушылардан*	*барғандардан*	*баратұндардан*

Дағдыландырыу. Ырайларда алынған басқа сөздерді де есімше түрінде алыб, осы үлгі бойынша есімдерше жай қалыбта жалғаулатыу.

II. Жақ жалғау.

1) Тәуелдеу.

1. Оңаша тәуелдеу.

Жекеше:			
1-жақ	*барыушым*	*барғаным*	баратұным
2-жақ	*барыушың*	*барғаның*	баратұның
3-жақ	*барыушысы*	*барғаны*	баратұны
Көбше:			
1-жақ	*барыушыларым*	*барғандарым*	баратұндарым
2-жақ	*барыушыларың*	*барғандарың*	баратұндарың
3-жақ	*барыушылары*	*барғандары*	баратұндары

2. Ортақ тәуелдеу.

Жекеше:			
1-жақ	*барыушымыз*	*барғанымыз*	баратұнымыз
2-жақ	*барыушыңыз*	*барғаныңыз*	баратұныңыз
3-жақ	*барыушысы*	*барғаны*	баратұны
Көбше:			
1-жақ	*барыушыларымыз*	*барғандарымыз*	баратұндарымыз
2-жақ	*барыушыларыңыз*	*барғандарыңыз*	баратұндарыңыз
3-жақ	*барыушылары*	*барғандары*	баратұндары

2) Жіктеу.

1. Анайы жіктеу.

Жекеше:			
1-жақ	*барыушымын*	*барғанмын*	*баратұнмын*
2-жақ	*барыушысын*	*барғансын*	*баратұнсын*
3-жақ	*барыушы*	*барған*	*баратұн*
Көбше:			
1-жақ	–	–	–
2-жақ	*барыушыларсын*	*барғандарсын*	баратұндарсын
3-жақ	*барыушылар*	*барғандар*	баратұндар

2. Сыпайы жіктеу

Жекеше:			
1-жақ	*барыушымыз*	*барғанбыз*	баратұнбыз
2-жақ	*барыушысыз*	*барғансыз*	баратұнсыз
3-жақ	*барыушы*	*барған*	баратұн
Көбше:			
1-жақ	*барыушылармыз*	*барғандармыз*	баратұндармыз
2-жақ	*барыушыларсыз*	*барғандарсыз*	баратұндарсыз
3-жақ	*барыушылар*	*барғандар*	баратұндар

Тәуелдеуді себтеу жана жіктеу.

1) Себтеу.

1. Оңаша тәуелдеуді себтеу.

Жекеше:

Атау:	1-жақ	2-жақ	3-жақ
Осы шақтық	барыушым	барыушың	барыушысы
Өткен шақтық	барғаным	барғаның	барғаны
Ұйғарынды	баратұным	баратұның	баратұны
Іліктеу:			
Осы шақтық	барыушымның	барыушыңның	барыушысының
Өткен шақтық	барғанымның	барғаңның	барғаның
Ұйғарынды	баратұнымның	баратұңның	баратұнының
Барыстау:			
Осы шақтық	барыушыма	барыушыңа	барыушысына
Өткен шақтық	барғаныма	барғаңа	барғанына
Ұйғарынды	баратұныма	баратұңа	баратұнына
Табыстау:			
Осы шақтық	барыушымды	барыушыңды	барыушысын
Өткен шақтық	барғанымды	барғаңды	барғанын
Ұйғарынды	баратұнымды	баратұңды	баратұнын
Жатыстау:			
Осы шақтық	барыушымда	барыушыңда	барыушысында
Өткен шақтық	барғанымда	барғаңда	барғанында
Ұйғарынды	баратұнымда	баратұңда	баратұнында
Шығыстау:			
Осы шақтық	барыушымнан	барыушыңнан	барыушысынан
Өткен шақтық	барғанымнан	барғаңнан	барғанынан
Ұйғарынды	баратұнымнан	баратұңнан	баратұнынан

Көбше:

Атау:	1-жақ	2-жақ	3-жақ
Осы шақтық	барыушыларым	барыушыларың	барыушылары
Өткен шақтық	барғандарым	барғандарың	барғандары
Ұйғарынды	баратұндарым	баратұндарың	баратұндары
Іліктеу:			
Осы шақтық	барыушыларымның	барыушыларыңның	барыушыларының
Өткен шақтық	барғандарымның	барғандарыңның	барғандарының
Ұйғарынды	баратұндарымның	баратұндарыңның	баратұныдарының
Барыстау:			
Осы шақтық	барыушыларыма	барыушыларыңа	барыушыларына
Өткен шақтық	барғандарыма	барғандарыңа	барғандарына
Ұйғарынды	баратұндарыма	баратұндарыңа	баратұндарына
Табыстау:			
Осы шақтық	барыушыларымды барғандарымды	барыушыларыңды	барыушыларын барғандарын
Өткен шақтық	баратұндарымды	барғандарыңды баратұндарыңды	баратұндарын
Ұйғарынды			
Жатыстау:			
Осы шақтық	барыушыларымда	барыушыларыңда	барыушыларында
Өткен шақтық	барғандарымда	барғандарыңда	барғандарында
Ұйғарынды	баратұндарымда	баратұндарыңда	баратұндарында
Шығыстау:			
Осы шақтық	барыушыларымнан	барыушыларыңнан	барыушыларынан
Өткен шақтық	барғандарымнан	барғандарыңнан	барғандарынан
Ұйғарынды	баратұндарымнан	баратұндарыңнан	баратұндарынан

Дағдыландырыу. Осы үлгі бойынша басқа сөздерді есімше түрінде алыб, оңаша тәуелдік қалыбта жалғаулатыу.

2. Ортақ тәуелдеуді себтеу.

Жекеше:

Атау:	1-жақ	2-жақ	3-жақ
Осы шақтық	барыушымыз	барыушыңыз	барыушысы
Өткен шақтық	барғанымыз	барғаныңыз	барғаны
Ұйғарынды	баратұнымыз	баратұныңыз	баратұны
Іліктеу:			
Осы шақтық	барыушымыздың	барыушыңыздың	барыушысының
Өткен шақтық	барғанымыздың	барғаныңыздың	барғанының
Ұйғарынды	баратұнымыздың	баратұныңыздың	баратұнының
Барыстау:			
Осы шақтық	барыушымызға	барыушыңызға	барыушысына
Өткен шақтық	барғанымызға	барғаныңызға	барғанына
Ұйғарынды	баратұнымызға	баратұныңызға	баратұнына
Табыстау:			
Осы шақтық	барыушымызды	барыушыңызды	барыушысын
Өткен шақтық	барғанымызды	барғаныңызды	барғанын
Ұйғарынды	баратұнымызды	баратұныңызды	баратұнын
Жатыстау:			
Осы шақтық	барыушымызда	барыушыңызда	барыушысында
Өткен шақтық	барғанымызда	барғаныңызда	барғанында
Ұйғарынды	баратұнымызда	баратұныңызда	баратұнында
Шығыстау:			
Осы шақтық	барыушымыздан	барыушыңыздан	барыушысынан
Өткен шақтық	барғанымыздан	барғаныңыздан	барғанынан
Ұйғарынды	*баратұнымыздан*	*баратұныңыздан*	*баратұнынан*

Көбше:

Атау:	1-жақ	2-жақ	3-жақ
Осы шақтық	барыушыларымыз	барыушыларыңыз	барыушылары
Өткен шақтық	барғандарымыз	барғандарыңыз	барғандары
Ұйғарынды	баратұндарымыз	баратұндарыңыз	баратұндары
Іліктеу:			
Осы шақтық	барыушыларымыздың	барыушыларыңыздың	барыушыларының
Өткен шақтық	барғандарымыздың	барғандарыңыздың	барғандарының
Ұйғарынды	баратұндарымыздың	баратұндарыңыздың	баратұндарының
Барыстау:			
Осы шақтық	барыушыларымызға	барыушыларыңызға	барыушыларына
Өткен шақтық	барғандарымызға	барғандарыңызға	барғандарына
Ұйғарынды	баратұндарымызға	баратұндарыңызға	баратұндарына
Табыстау:			
Осы шақтық	барыушыларымызды	барыушыларыңызды	барыушыларын
Өткен шақтық	барғандарымызды	барғандарыңызды	барғандарын
Ұйғарынды	баратұндарымызды	баратұндарыңызды	баратұндарын
Жатыстау:			
Осы шақтық	барыушыларымызда	барыушыларыңызда	барыушыларында
Өткен шақтық	барғандарымызда	барғандарыңызда	барғандарында
Ұйғарынды	баратұндарымызда	баратұндарыңызда	баратұндарында
Шығыстау:			
Осы шақтық	барыушыларымыздан	барыушыларыңыздан	барыушыларынан
Өткен шақтық	барғандарымыздан	барғандарыңыздан	барғандарынан
Ұйғарынды	*баратұндарымыздан*	*баратұндарыңыздан*	баратұндарынан

Дағдыландырыу. Басқа сөздерді алыб, осы үлгі бойынша есімше түрінде ортақ тәуелді қалыпта жалғаулатыу.

2) Жіктеу.

1. Оңаша тәуелдеуді анайы жіктеу.

	(менің)	(сенің)	(оның)
Жекеше:	барыушым	барыушың	барыушысы
1-жақ (мен)	–	*барыушыңмын*	*барыушысымын*
2-жақ (сен)	*барыушымсын*	–	*барыушысысын*
3-жақ (ол)	*барыушым*	*барыушың*	*барыушысы*
Көбше:			
1-жақ (мен)	(менің)	(сенің)	(оның)
2-жақ (сен)	барыушыларым	барыушыларың	барыушылары
(сендер)	–	барыушыларыңмын	барыушыларымын барыушыларысын (барыушыларысындар)
3-жақ	*барыушыларымсын* *(барыушыларымсындар)* *барыушыларым*	– – барыушыларың	барыушылары
Жекеше:	барғаным	барғаның	барғаны
1-жақ	–	*барғаныңмын*	*барғанымын*
2-жақ	*барғанымсын*	–	*барғанысын*
3-жақ	*барғаным*	*барғаның*	*барғаны*
Көбше:	барғандарым	барғандарың	барғандары
1-жақ	–	*барғандарыңмын*	барғандарымын
2-жақ	барғандарымсын	–	барғандарысын
3-жақ	(барғандарымсындар) барғандарым	– барғандарың	(барғандарысындар) барғандары
Жекеше:	баратұным	баратұның	баратұны
1-жақ	–	*баратұныңмын*	*баратұнымын*
2-жақ	*баратұнымсын*	–	*баратұнысын*
3-жақ	*баратұным*	*баратұның*	*баратұны*
Көбше:	баратұндарым	баратұндарың	баратұндары
1-жақ	–	*баратұндарыңмын*	баратұндарымын
2-жақ	*баратұндарымсын*	–	баратұндарысын
3-жақ	(баратұндарымсындар) баратұндарым	– баратұндарың	(баратұндарысындар) баратұндары

2 - Ортақ тәуелдеуді анайы жіктеу.

	(біздің)	(сіздің)	(оның)
Жекеше:	барыушымыз	барыушыңыз	барыушысы
1-жақ (мен)	–	*барыушыңызбын*	*барыушысымын*
2-жақ (сен)	*барыушымызсын*	–	*барыушысысын*
3-жақ (ол)	*барыушымыз*	*барыушыңыз*	*барыушысы*
Көбше:	(біздің)	(сіздің)	(оның)
1-жақ (мен)	барыушыларымыз	барыушыларыңыз	барыушылары
2-жақ (сен)	–	барыушыларыңызбын	*барыушыларымын*
(сендер)	*барыушыларымызсын*	–	*барыушыларысын*
3-жақ (ол)	*(барыушыларымыз-сындар)*	–	*(барыушыларысындар)*
	барыушыларымыз	барыушыларыңыз	*барыушылары*
Жекеше:	барғанымыз	барғаныңыз	барғаны
1-жақ	–	*барғаныңызбын*	*барғанымын*
2-жақ	*барғанымызсын*	–	*барғанысын*
3-жақ	*барғанымыз*	*барғаныңыз*	*барғаны*
Көбше:	барғандарымыз	барғандарыңыз	барғандары
1-жақ	–	*барғандарыңызбын*	*барғандарымын*
2-жақ	*барғандарымызсын*	–	*барғандарысын*
3-жақ	*(барғандарымыз-сындар)*	–	*(барғандарысындар)*
	барғандарымыз	барғандарыңыз	*барғандары*
Жекеше:	баратұнымыз	баратұныңыз	баратұны
1-жақ	–	*баратұныңызбын*	*баратұнымын*
2-жақ	*баратұнымызсын*	–	*баратұнысын*
3-жақ	*баратұнымыз*	*баратұныңыз*	*баратұны*
Көбше:	баратұндарымыз	баратұндарыңыз	баратұндары
1-жақ	–	*баратұндарыңыз-бын*	*баратұндарымын*
2-жақ	*баратұндарымыз-сын*	–	*баратұндарысын*
3-жақ	*(баратұндарымыз-сындар)*	–	*(баратұндарысындар)*
	баратұндарымыз	баратұндарыңыз	*баратұндары*

3 - Оңаша тәуелдеуді сыпайы жіктеу.

	(менің)	(сенің)	(оның)
Жекеше:	барыушым	барыушың	барыушысы
1-жақ (біз)	–	*барыушыңбыз*	*барыушысымыз*
2-жақ (сіз)	*барыушымсыз*	–	*барыушысысыз*
3-жақ (ол)	*барыушым*	*барыушың*	*барыушысы*
Көбше:	барыушыларым	барыушыларың	барыушылары
1-жақ (біз)	–	барыушыларыңбыз	барыушыларымыз
2-жақ (сіз)	*барыушыларымсыз*	–	барыушыларысыз
3-жақ (ол)	*барыушыларым*	барыушыларың	барыушылары
Жекеше:	барғаным	барғаның	барғаны
1-жақ	–	*барғаныңбыз*	*барғанымыз*
2-жақ	*барғанымызсыз*	–	*барғанысыз*
3-жақ	*барғаным*	*барғаның*	*барғаны*
Көбше:	барғандарым	барғандарың	барғандары
1-жақ	–	*барғандарыңбыз*	барғандарымыз
2-жақ	*барғандарымсыз*	–	барғандарысыз
3-жақ	*барғандарым*	барғандарың	барғандары
Жекеше:	баратұным	баратұның	баратұны
1-жақ	–	*баратұныңбыз*	*баратұнымыз*
2-жақ	*баратұнымсыз*	–	*баратұнысыз*
3-жақ	*баратұным*	*баратұның*	*баратұны*
Көбше:	баратұндарым	баратұндарың	баратұндары
1-жақ	–	*баратұндарыңбыз*	баратұндарымыз
2-жақ	*баратұндарымсыз*	–	баратұндарысыз
3-жақ	*баратұндарым*	баратұндарың	баратұндары

4 - Ортақ тәуелдеуді сыпайы жіктеу.

	(біздің)	(сіздің)	(оның)
Жекеше:	барыушымыз	барыушыңыз	барыушысы
1-жақ (біз)	–	*барыушыңызбыз*	*барыушысымыз*
2-жақ (сіз)	*барыушымызсыз*	–	*барыушысысыз*
3-жақ (ол)	*барыушымыз*	*барыушыңыз*	*барыушысы*
Көбше:	барыушыларымыз	барыушыларыңыз	барыушылары
1-жақ (біздер)	–	барыушылары-	барыушыларымыз
2-жақ (сіздер)	*барыушылары-*	ңызбыз	барыушыларысыз
3-жақ (олар)	*мызсыз*	–	барыушылары
	барыушыларымыз	барыушыларыңыз	
Жекеше:	барғанымыз	барғаныңыз	барғаны
1-жақ	–	*барғаныңызбыз*	*барғанымыз*
2-жақ	*барғанымызсыз*	–	*барғанысыз*
3-жақ	*барғанымыз*	*барғаныңыз*	*барғаны*
Көбше:	барғандарымыз	барғандарыңыз	барғандары
1-жақ	–	*барғандарыңызбыз*	барғандарымыз
2-жақ	*барғандарымызсыз*	–	барғандарысыз
3-жақ	*барғандарымыз*	барғандарыңыз	барғандары

Жекеше:	баратұнымыз	баратұныңыз	баратұны
1-жақ	–	*баратұныңызбыз*	*баратұнымыз*
2-жақ	*баратұнымызсыз*	–	*баратұнысыз*
3-жақ	*баратұнымыз*	*баратұныңыз*	*баратұны*
Көбше:	баратұндарымыз	баратұндарыңыз	баратұндары
1-жақ	–	*баратұндарыңызбыз*	баратұндарымыз
2-жақ	*баратұндарымызсыз*	–	баратұндарысыз
3-жақ	*баратұндарымыз*	баратұндарыңыз	баратұндары

Етістіктен тұуған сөздер.

Етістіктің түбкі түрі сабақты мен салт етіс. Осы екі етістің түбіріне түрлі жұрнақтар жалғаныб, түрлі сөздер тұуады. Етіс жұрнақтары:

1) бір етістен екінші етістік сөздер тұуғызады;

2) етістерден басқа есімдік сөздер тұуғызады.

Сабақты етіс бен салт етістен басқалары тұуынды етіс.

Тұуынды етістердегі жұрнақтар.

1) «с» жұрнақ (*ұр – ұрыс, күре – күрес, соқ – соғыс*).

2) «н» жұрнақ (*жұу – жұуын, тара – таран, бақ – бағын*).

3) «дыр» («тыр») жұрнақ (*қаз – қаздыр, қал – қалдыр, айт – айттыр*).

4) «қыз» («ғыз», «кіз», «гіз») жұрнақ (*жатқыз, алғыз, жеткіз, бергіз*).

5) «л» жұрнақ (*ас – асыл, жек – жегіл*).

6) «т» жұрнақ (*құла – құлат, ер – ерт, құры – құрт*).

7) «қыла» («ғыла», «кіле», «гіле») жұрнақ (*шаб – шабқыла, жұу – жұуғыла, кес – кескіле, тіл – тілгіле*).

8) «ыңқыра» («іңкіре») жұрнақ (*ал – алыңқыра, барыңқыра, беріңкіре, жүріңкіре*).

Бұлар **етіс жұрнақтары** деб аталады.

Етістіктен тұуатын басқа сөздердегі жұрнақтар:

1) **«у», «м», «с», «ш»** жұрнақтар етістік түбіріне жалғаныб, сол етістік көрсететүн ісін атайды. Мыйсалы, *сұра – сұрау, сау – сауыу, айт – айтыу, оқы –оқыу, ал – алым, біл – білім, өл – өлім,*

ас – асым, сау – сауым, бар – барыс, жүр – жүріс, құу – құуыс, қара – қарас, құуан – құуаныш.

Дағдыландырыу. *Тұр, қос, қой, саба, сана, бұу* жана басқа сондай етістік түбірлерін алыб, «у», «м», «с», «ш» жұрнақтарын жалғатыу.

2) **«мсақ» («мсек»), «аған» («еген»), «шақ» («шек»), «қақ» («ғақ»)** жұрнақтар етістік түбірлеріне жалғаныб, сол етістік көрсететүн істі істеуге заттың бойына біткен мінезін атайды; мыйсалы, *ал – алымсақ, кел – келімсек, қаш – қашаған, көр – көреген, ұрын – ұрыншақ, ерін – еріншек, ұр – ұрысқақ, сын – сынғақ.*

Дағдыландырыу. *Жара, бер, қаб, кет, теб, ұмыт, жійрен, тырыс, оң* жана басқа сондай етістік түбірлерін алыб, әлгі жұрнақтарды жалғатыу.

3) **«қыш» («ғыш», «кіш», «гіш»), «қыр» («ғыр», «кір», «гір»)** жұрнақтар етістік түбірлеріне жалғаныб, сол етістік көрсететүн істі істеуге жанды нәрсе болса, ұсталығын, ійкемділігін атайды, жансыз нәрсе болса, сол іске қолайлы жақсылығын атайды йәкій әншейін сол іске құрал нәрселігін атайды: мыйсалы, жанды нәрселер тұуралы: *айт – айтқыш, сой – сойғыш, кес – кескіш, көр – көргіш, таб – табқыр, ал – алғыр, іш – ішкір, біл – білгір;* жансыз нәрселер тұуралы: *ақ – аққыш, жан – жанғыш, өс – өскіш, сөн – сөнгіш; тұт – тұтқыр, өт – өткір; бас – басқыш, сыпыр – сыпырғыш, сүрт – сүрткіш, кер – кергіш.*

Дағдыландырыу. *Ат, сау, емес, ас, от, күл, шау, түрт, өң, күн, тес* жана басқа сондай етістік түбірлерін алыб, әлгі жұрнақтарды жалғатыу.

4) **«уыш», «ғы», «қ» («к»)** жұрнақтар етістік түбірлеріне жалғаныб, сол етістік көрсететүн іске құралдығын атайды, мыйсалы, *ора – орауыш, бұр – бұрғы, сүз – сүзгі, тара – тарақ, төсе – төсек.*

Дағдыландырыу. *Тырна, қыр, тайа, ес* жана басқа сондай етістік түбірлерін алыб, әлгі жұрнақтарды жалғатыу.

Ескертіу. «қ» («к») жұрнақ басқа мағанада да жалғанады, мыйсалы, *аш – ашық, тес – тесік, ұш – ұшық, кет – кетік* жана басқа сондай.

5) **«қын» («ғын»), «ма» («ба», «бе», «ме»), «мал», «мақыл» («бақыл», «мекіл», «бекіл»)** жұрнақтар етістік түбірлеріне жалғаныб, сол етістік көрсететүн істің түрін атайды: *тас – тасқын, қыр – қырғын, сал – салма, тарт – тартба, өр – өрме, кес – кесбе, тасы – тасымал, айны – айнымал, тастa – тастамақыл, ат – атбақыл, шерт – шертбекіл, ійір – ійірмекіл.*

Дағдыландырыу. *Қаш, шал, сана, орама, бас, тер, сөз* басқа сондай етістік түрлерін алыб, әлгі жұрнақтарды жалғатыу.

6) **«ақ» («ек»), «н»** жұрнақтар етістік түбірлеріне жалғаныб, сол етістік көрсететүн істерден өнген затты атайды. Мыйсалы, *қаш – қашақ, кес – кесек, шаб – шабын, ек – егін.*

Дағдыландырыу. *Құш, қойын, шат, бұл, ақ, жек, шық* басқа сондай түбірлерін алыб жалғатыу.

7) **«лық» («лік»)** жұрнақ етістік түріне жалғаныб, сол етістік көрсететүн істі істеуге тұрарлық күйін атайды: мыйсалы, *барар – барарлық, көрер – көрерлік.*

Дағдыландырыу. Келер шақ түрдегі етістіктерді алыб, «лық» («лік») жұрнағын жалғатыу.

8) **«уыл» («уіл»)** жұрнақ етістік түбіріне жалғаныб, сол етістік көрсететүн істі істеушіні атайды. Мыйсалы, *жаса – жасауыл, жорт – жортыуыл, бөге – бөгеуіл.*

Сол мағанада етістіктің келер шақ түріне «ман» («мен») жұрнақ жалғанады, мыйсалы, *алар – аларман, берер – берермен.*

Дағдыландырыу. Етістіктің түбірлерін, келер шақ түрлерін алыб, «уыл» («уіл») мен «ман» («мен») жұрнақтарды жалғатыу.

Үстеу.

Сын-есім, сан-есім, есімдік, етістік сөздерді толықтырыу, күшейтіу үшін айтылатұн сөздерді **үстеу** дейміз. Мыйсалы, «тым жақсы», «он есе», «таб өзі», «әрең келдім» жана басқа сондай.

«Қалай?» – «тым жақсы», «қанша?» – «он есе», «қайсысы?» – «таб өзі» «қайттің?» – «әрең келдім».

Қазақ тілінде түбкі үстеу сөздер тібті аз. Көбінесе үстеу мағанасында басқа есімдерден, есімдіктен, етістіктен шыққан сөздер жүреді. Әуелі түбкі үстеу сөздерден алыб қарайық:

Сан-есім һәм есімдікті күшейтіуші үстеулерді **жай үстеу** дейміз. Олар мынау: *әбдан, тым, тібті, қас, сірә, есе, таб, нақ, нағыз, әрең, дәл, дөб, дәйім, әрі, бері, әдейі, бұрын, енді, мана, әні, міні, ең, ылғый, таман, сайын, әлі, жорта, жорыйа.*

Дағдыландырыу. Осы үстеулерге жалғас айтарлық сан-есім, сын-есім, есімдік, етістік сөздер табқызыб айтқызыу.

Үстеу бес түрлі: ***1) нықтаулық, 2) сынаулық, 3) өлшеулік, 4) мезгілдік, 5) мекендік.***

1) Нықтаулық үстеу.

Басқа сөздердің мағанасын нығыздау үшін айтылатұн сөздерді **нықтаулық үстеу** дейміз; мыйсалы: ***ең*** *жақсы,* ***бек*** *нашар,* ***әбден*** *қанды,* ***тым*** *шабан,* ***өте*** *тығыз,* ***тібті*** *қысқа,* ***таб*** *өзі,* ***нақ*** *сол,* ***нағыз*** *арзан,* ***дәл*** *тійді,* ***дөб*** *келді,* ***дәлме-дәл*** *он кісі,* ***қас-****жаман,* ***қасақана*** *айтты,* ***әдейі*** айтбады, ***жүдә*** *шаршады,* ***тікелей*** *қойа берді,* ***әсіресе*** *мақтағаны,* ***көбінесе*** *қараб отырғаны*. Осындай ірі әріптермен харіптермен* жазылған сөздер **нықтаулық үстеу** болады. Бұлардан басқа да сөздердің мағанасын күшейтетүн, нықтайтұн сөздер нықтаулық үстеу болады.

Дағдыландырыу. Осындағы нықтаулық үстеулердің қасындағы сөздердің орнына ылайық басқа сөздерді қойғызыб айтқызыу, жазғызыу.

2) Сынаулық үстеу.

Істің сынын көрсететүн сөздерді **сынаулық үстеу** дейміз. Сынаулық үстеу болатұн зат-есім, сын-есім, есімдік, етістік сөздер. Бұлардың үстеу екен-еместігін – сұраудан айырамыз.

* Бұл кітапта – қою қаріппен – құрастырушылардан.

Сынаулық үстеу сұрауы: **қалай? қалайша?** Осы сұрауға жауаб болмаған сөз үстеу болмайды.

Жақсы оқыйды, жаман жазады, сыбай қонады, жайау жүреді дегенде ірі жазылған сөздер **қалай?** деб, сұрағанға жауаб болыб тұр (оқыйды қалай? – *жақсы*; жазады қалай? – *жаман*; қонады қалай? – *сыбай*; жүреді қалай? – *жайау*). Бұлар **үстеу орнына жүретүн сын-есімдері**.

Шалқасынан түсті; етбетінен құлады; орысша айтты; адамша сөйледі –дегенде ірі жазылған сөздер **қалай?** деб сұрағанға жауаб болыб тұр. (түсті қалай? *шалқасынан*; құлады қалай? *етбетінен*; сөйледі қалай? *адамша*). Бұлар **үстеу орнына жүретүн зат-есімдер.**

Екі-екіден бөлді, үш-үштен алды, төрт-төрттен қойды, он-оннан санады, жыйырмадан үлестірді дегенде ірі жазылған сөздер **қалай?** деб сұрағанға жауаб болыб тұр. (бөлді қалай? *екі-екіден*, алды қалай? – *үш-үштен*, қойды қалай? *төрт-төрттен,* санады қалай? – *жыйырмадан*). Бұлар **үстеу орнына жүретүн сан есімдер.**

Олай айтбады, солай сөйледі, бұлайша етбелік, сеніңше болсын, біздерше ойламайды дегенде ірі жазылған сөздер **қалай? қалайша?** деб сұрағанға жауаб болыб тұр. (Айтбады қалай? – *олай*, сөйледі қалай? – *солай*. Етбелік қалайша? *бұлайша*. Болсын қалайша? *сеніңше*. Ойламайды қалайша? – *біздерше*) Бұлар **үстеу орнына жүретүн есімдіктер.**

Саулаб жанды, жантайыб жатты, еңкейіб қарады, еңіреб жылады дегенде, ірі жазылған сөздер **қалай?** деб сұрағанға жауаб болыб тұр. (Жанды қалай? – *саулаб*. Жатты қалай? – *жантайыб*. Қарады қалай? – *еңкейіб.* Жылады қалай? – *еңіреб*.) Бұлар **үстеу орнына жүретүн етістіктің көсемше түрлері.**

Көрсетілгеннен басқа сынаулық үстеу орнына жүретүн атауыш сөздер табқызыб жаздыртыу.

3) Өлшеулік үстеу.

Сынның йа істің шамасын көрсететүн сөздерді **өлшеулік үстеу** дейміз. Өлшеулік үстеу болатұн зат-есім, сын-есім, сан-есім, есімдік, етістік сөздер.

Бұлардыңда үстеу екен-еместігін сұраудан айырамыз. Өлшеулік үстеу сұраулары: **қанша? неше есе?** Осы сұрауларға жауаб болмаған сөз өлшеулік үстеу болмайды.

Түске шейін ұйықтады; кешке дейін жатты; ауылға шейін құуды дейміз. «Түске шейін», «кешке дейін», «ауылға шейін» деген сөздер **қанша?** деб сұрағанға жауаб болады. (Ұйықтады қанша? – *түске шейін*, жатты қанша? – *кешке дейін*, құуды қанша? – *ауылға шейін*.) Бұлар **үстеу орнындағы зат-есім сөздер.**

Аз берді, көб алды дейміз. «Аз», «көб» деген сөздер **қанша?** деб сұрағанға жауаб болады. (Берді қанша? – *аз*. Алды қанша? – *көб*). Бұлар **үстеу орнындағы сын-есім сөздер.**

Екі есе артық; бес есе кем дейміз. «Екі есе», «бес есе» деген сөздер **неше есе?** деб сұрағанға жауаб болады (артық неше есе? – *екі есе*. Кем неше есе? – *бес есе*). Бұлар **үстеу орнына айтылған сан есім сөздер.**

Сонша әдемі, мұнша кешікті, онша шабшаң емес – дейміз. «Сонша», «мұнша», «онша» деген сөздер **қанша?** деб сұрағанға жауаб болады. (Қанша әдемі? – *сонша әдемі*. Кешікті қанша? – *мұнша*. Шабшаң емес қанша? – *онша.*) Бұлар **үстеу орнындағы есімдіктер.**

Тойғанша жеді; қанғанша ішті; жеткенше шабты – дейміз. «Тойғанша», «қанғанша», «жеткенше» деген сөздер **қанша?** деб сұрағанға жауаб болады. (Жеді қанша? *тойғанша*, ішті қанша? *қанғанша*, шабты қанша? *жеткенше.*) Бұлар **үстеу орнындағы етістік сөздер.**

Дағдыландырыу. Мұндағы көрсетілгеннен басқа өлшеулік үстеу орнына жүретүн сөздер табқызыб, жаздыртыу.

4) Мезгілдік үстеу.

Істің мезгілін көрсететүн сөздерді **мезгілдік үстеу** дейміз. Мезгілдік үстеу болатұн зат-есім, есімдік, етістік сөздер, бұлардың үстеу екен-емесін сұраудан айырамыз. Мезгілдік үстеу сұраулары: **қашан? қашаннан?** Бұл сұрауларға жауаб болмаған сөздер мезгілдік үстеу болмайды.

Атам заманнан солай; *күн сайын толады* дейміз. «Атам заманнан», «күн сайын» деген сөздер **қашаннан?** деб сұрағанға жауаб болады. (қашаннан солай? атам заманнан; қашан толады? күн сайын). Бұлар **үстеу орнындағы зат-есім сөздер.**

Мұнан басқа тұуынды һәм түбкі үстеулер бар. Мыйсалы: *бүгүн, кеше, ертең, быйыл, бүрсі күн, бұрнағы* күн, *бұрнағы* жыл, *алдыңғы* күн, *алдыңғы* жыл, *соңыра, қашаннан, ілезде* (бұлар тұуынды үстеу), *бұрын, мана, әлі, ылғый, дәйім, дереу* (бұлар түбкі мезгілдік үстеулер).

Дағдыландырыу. Мұндағы көрсетілгеннен басқа мезгілдік үстеу орнына жүретүн атауыш сөздер табқызыб жаздыртыу.

5) Мекендік үстеу.

Істің мекенін көрсететүн сөздерді **мекендік үстеу** дейміз. Мекендік үстеу болатұн зат-есім, сын-есім, сан-емес, есімдік, етістік сөздер. Бұлардың мекендік үстеу екен-емесін сұраудан айырамыз. Мекендік үстеу сұраулары: **қайда? қайдан?** Бұл сұрауларға жауаб болмаған сөздер мекендік үстеу болмайды.

Тыста жатыр; қалаға барды; жайлаудан қайтты дейміз. «Тыста», «қалаға», «жайлаудан» деген сөздер **қайда? қайдан?** деб сұрағанға жауаб болады. (жатыр қайда? – *тыста*; барды қайда? – *қалаға;* қайтты қайдан? –*жайлаудан*). Бұлар **үстеу орнындағы зат-есім сөздер.**

Онда бармады; мұнда келді дейміз. «Онда», «мұнда» деген сөздер **қайда? қайдан?** деб сұрағанға жауаб болады. (бармады қайда? *онда*; келді қайда? *мұнда*) Бұлар **үстеу орнындағы есімдіктер.**

Дағдыландырыу. Мұндағы көрсетілгеннен басқа мекендік үстеу орнына жүретүн атауыш сөздер табқызыб жаздыртыу.

Демеу.

Сөздің йа сөйлемдердің арасын үйлестіріуге демеу болатұн сөздерді **демеу** дейміз. Қазақ тілінде түбір демеу сөздер тібті – жоқ қасында. Мыйсалы, сұрау демеу: *ма (ба, ме, бе)* құрау-демеу: *да*; жай демеу: *ғой, ақ, әше, бәсе, әлде, та, тағы, бәлкім.* Көбінесе демеу орнына басқа сөздер жүреді. Басқа сөздер дегенде демеу орнына есімдік бен етістік екеуінің біте қайнаған сыйақты қосылған түрлері әсіресе көб жүреді.

Мыйсалы, *үйткені* (олай еткені дегеннен қысқарған), *үйтбесе* (олай етбесе), *үйткенде* (олай еткенде), *үйтбесіне* (олай етбесіне), *үйткенше* (олай еткенше), *сүйтіб* (солай етіб), *сүйтседе* (солай етседе), *сүйткен сайын* (солай еткен сайын), *сүйткенде* (солай еткенде), *қайткенде* (қалай еткенде), *қайткендеде* (қалай еткендеде), *әйтбесе* (алай етбесе), *немесе* (не емес болса), *әйтсе де* (алай етседе). Бұлардан басқа демеу орнында толық күйінде айтылатұн етістік һәм басқа сөздер де бар, мыйсалы, *олай болса, олай болғанда, солай болған соң, болмаса, қайта, неғұрлым, соғұрлым, неге десең* һәм басқа сондай сөздер. Демеу орнына «мен» («бен») жалғаулық та жүреді.

Басқа жұрнақ демеу сөздерінен қазаққа кіріб, сіңіскен сөздер: *йа, йәкій, егер, о.*

Дағдыландырыу. Төмендегі сөздердің арасындағы демеу сөздерді табқызыу.

Бара ма, бармай ма – белгісіз; *барамызғой; барған соң көремізғой; соның айтқаны-ақ болсыншы. Сен келмейді екенсін, әше мен барайын. Бәсе, солай болса керек; әлде сен оқымадың ба?*

Мен бара алмасам, бәлкім өзің келерсін. Түріне қарағанда малы жоқтай ғой. Ол кешке келетұн шығар. Үйткені жылқыны да көре қайтбақшы. Жайлауға көшетұн болдық. Үйтбесе мал тұратұн емес. Қонақ келіб шыға алмадым. Әйтбесе мана келетұн едім. Сұу өткел бермес, үйткенде не қылмақбыз? Ағын бөгетті бұза беретұн. Үйтбесіне амал табыу керек. Кеш барсақ, кеш келеді екенбіз. Үйткенше ерте барыб ерте келейік. Түлкі талай жалтарыб айлалады, сүйтседе тазы қоймады. Ол мені

көб алдағаны бар, сүйткені үшін сенбеймін. Қайткенде жақсы болар екен? Қайткенде де жақсы болмас, барар, әйтбесе сен бар. Жүре тұрсын. Немесе күте тұрсын. Әйтседе болады екен. Үйтбесіне қоймады.

Жалғаулықтар.

Жалғау орнына жүріб, жалғау сыйақты басқа сөздердің шылауында тұрмаса, өз алдына мағана шықбайтұн сөздерді **жалғаулық сөздер** дейміз. Қазақ тілінде жалғаулық аз; болғаны мынау ақ: *менен (бенен, мен, бен), үшін, шейін, дейін, таман, сайын, көрі, арқылы, тұуралы.*

Көбінесе жалғаулықтар орнына басқа сөздер жүреді. Мыйсалы: *әрі, бері, соң, бойы, бойын, бөтен, басқа, өзге, орнына, басына, қасына, жанына, маңайына, қасында* жана басқа сондай сөздер.

Ескертіу. *Шейін, дейін* жалғаулықтар барыс жалғаудан соң қойылады, *көрі* жалғаулық шығыс жалғаудан соң қойылады. Басқалары жалғаусыз түрінің соңынан қойылады, жалғаулық орнына жүретүн сөздердің: *әрі, бері, бөтен, басқа, өзге* дегендері шығыс жалғаудан соң қойылады; *бойы, бойын* дегендер табыс жалғаудан соң йа тікелей жалғаусыз түрінен соң қойылады.

Дағдыландырыу. Төмендегі сөздердің соңынан жалғаулықтарды йа жалғаулықтар орнына жүретүн сөздерді қойыб жаздырыу.

Кісі, адам, жан, дене, бас, шаш, маңдай, мый, желке, бет, жүз, көз, кірбік, құлақ, жас, қас, мұрын, желбезек, ауыз, ерін, тіл, тіс, таңдай, азыу, ійек, самай, сақал, мұрт, мыйық, езіу, мойын, кеуде, көкірек, омырау, өндіршек, ұша, төс, қабырға, омыртқа, өкбе, бауыр, шек, бүйен, ұлтабар, жүрек, қарын, жұлын, тамыр, талақ, кіндік, құрсақ, қол, айақ, арқа, жауырын, білек, ыйық, ійін, шынтақ, саусақ, шеміршек, сіңір, сүйек, жілік, жамбас, балтыр, тізе, сан, қоң, таң, борбай, бақай, өкше, тобық, тобай, асық, мойын омыртқа, арқа омыртқа, қыр омыртқа, бел омыртқа, құйымшақ, кеңірдек, көмей, жұтқыншақ, бүйрек, алақан, бармақ, тырнақ, алқым.

Одағай.

Одағайланыб оңаша айтылатұн сөздерді **одағай** дейміз. Одағай сөздер қазақ тілінде көб. Барша шабшаң болған істі көрсетіу үшін айтылатұн, барша шабыттау үшін айтылатұн, барша жекіріу, ақырыу, тыю, қайырыу, тоқтатыу, басыу, жұбатыу үшін айтылатұн, барша құуаныш, іреніш, уайым, қайғы, күйінгенде, сүйінгенде, қорыққанда, шошығанда, таңданғанда, тамсанғанда, жан йа тән күйзелгенде, қыйналғанда, рақаттанғанда айтылатұн сөздер, шығатұн дыбыстар бәрі **одағай** болады. Солай болған соң да одағай бірнеше табқа бөлінеді.

1) **Ілездік одағай**: *лаб, жалт, жылт, зыб, сыб, дік, күмб, дүрс, күрс, мырс, қалт, бырт, кірт, кілт, тырс, шақ, тақ, шық, зырқ, дүңк, саб, қылыб, бырт, кірт, кілт, тырс, шақ, тақ, дүңк, саб, қыб, жыб* жана басқа сондай сөздер (*лаб етіб, шаб етіб* дегендегі сыйақты).

2) **Еліктеу одағай**: *шыр-шыр! быр-быр! сықыр-сықыр! сылдыр-сылдыр! күлдір-күлдір! былдыр-былдыр! дыбыр-дыбыр! қарқ-қарқ! қаңқ-қаңқ! сұңк-сұңқ! шық-шық! маңқ-маңқ! күмб-күмб! дүңк-дүңк!* жана басқа сондай сөздер.

3) **Шақырыс одағай**: адамды шақырғанда *әй! аттан!* жана ұран сөздер, әр жүздің, әр рұудың, әр атаның шақыратұн өз ұрандары болғандықтан қазақ ұран сөздері басқа-басқа, бірақ қазақ біткеннің бәріне бірдей жалпы ұран «Алаш!», малды шақырғанда: түйеге *көс-көс!* жылқыға: *құрыу-құрыу!* сыйырға: *ауқау!* қойға: *пұшайт-пышау!* ешкіге: *шөре-шөре-уау!* Ійтті шақырғанда: *кә-кә! көйт-көйт!*

Құсты шақырғанда: *қайт-кел!*

Мысықты шақырғанда: *мыш-мыш!*

Сұуға шақырғанда түйеге *сораб-сораб!* жылқыға – ысқырғылайды; сыйырға – *шәуім-шәуім!* қойға жана ешкіге – *құрай-құрай!* ійтке – *куш-куш!* мысыққа – *мыш-мыш!*

Адамға жекіргенде: *тек! тәйт! қой!* түйеге *шөк! шөк!* жылқыға *құрыу! құрыу!* сыйырға *өк! өк!* қойға *шәйт! ій*тке *кет!* мысыққа *бырс!*

Мейірім мен йа жұмсақ ыраймен айтқанда: адамға: *қарағым! өкбем! сәулем! жаным! жүрегім! қалқам! қарашығым! айналайын! садағаң кетейін! құрбандығың болайын!*[*]

Мал тұурасында түйеге – *шөк, жаныуар, шөк!* жылқыға – *құр, жаныуар, құр!* сыйырға – *әукім! әукім!* қойға: *қош, жаныуар!* ийтке – *күшім! күшім!* мысыққа: *мышым! мышым!*

Күйзелгенде: *уh! аh! ай! (жаным-ай!),* құуанғанда: *алақай!* рақаттанғанда: *айқай-қай!*

Кейігенде: *ой, Тәңірі-ай! қойшы!*

Жақтырмағанда: *апырым-ау! жаным-ау! жарықтық-ау! шіркін-ау! отағасы-ау! ойбай-ау!*

Күйінгенде: *апырым-ай! Құдай-ай! ойбай-ай!*

Сыйынғанда: *А, Құдай! А, арыуақ! А, бабам пәленше!* (тілегенде де) осы сөздер айтылады.

Қорыққанда: *ойбай! Алла!*

Таңырқағанда: *пай-пай! апырым-ай! аh! шіркін-ай, аh!*

Өкінгенде: *қап! аh!*

Қайғырғанда: *уує!*

Опық жегенде: *әттегене-ай! (әттең ғана-ай!)*

Кіжінгенде: *әттең! Әттең ғана!*

Ұнатқанда: *ійе!*

Қостағанда: *ой пәлі!*

Сүйінгенде: *бәрекелде (барик Алла)! жарайды!*

Алғыс бергенде: *көб жаса! жасың ұзақ болсын!*

Әйел сәлем еткенде: *көб жаса! ұл таб!*

Қарғағанда: *Құдай ұрсын! арыуақ атсын! ант соқсын!*

Сөйлес қылғанда: *үйде кім бар-ау! сөйлеселік-ау!*

Көрмей сұрағанда: *бұ қайсың әй!*

Бала тербеткенде: *әлдій! әлдій!*

Жетелегенде: *ал! қанекей!*

---

[*] Баланы мәпелегенде, үлкенге жалынғанда осы сөздер айтылады.

Одағайдан тұуған сөздер.

Одағайдан сөз екі түрлі тұуады. Басқа сөздер одағайдан көмекші етістік бен жұрнақ арқылы тұуады. Мыйсалы, *лаб етіу, шаб етіу, жалт етіу, зыб етіу, сыб етіу, дік етіу, күмб етіу, дүрс етіу, күрс етіу, мырс етіу, қалт етіу, бырт етіу, кірт етіу, кілт етіу, тырс етіу, шақ етіу, тақ етіу, шық етіу, зырқ етіу, дүңк етіу, саб етіу, қыб етіу, жыб етіу.*

Тек жұрнақ арқылы, мыйсалы: *лапылдау, шапылдау, жалтылдау, жылтылдау, зыпылдау, сыпылдау, дікілдеу, күмпілдеу, дүрсілдеу, мырсылдау, қылтылдау, пыртылдау, кіртілдеу, кілтілдеу, тырсылдау, шақылдау, тақылдау, шықылдау, зырқылдау, дүңкілдеу, сапылдау, қыпылдау, шыпылдау.*

Еліктеу одағайдан да осылайша етістік бен жұрнақ арқылы тұуады. Етістік арқылы мыйсалы: *шыр-шыр етіу, пыр-пыр етіу, сықыр-сықыр етіу, сылдыр-сылдыр етіу, күлдір-күлдір етіу, былдыр-былдыр етіу, дыбыр-дыбыр етіу, қарқ-қарқ етіу, қаңқ-қаңқ етіу, сұңқ-сұңқ етіу, шық-шық етіу, маңқ-маңқ етіу, күмб-күмб етіу, дүңк-дүңк етіу, пыс-пыс етіу.*

Тек жұрнақ арқылы, мыйсалы: *шырылдау, пырылдау, сықырлау, сылдырлау, күлдірлеу, қаңқылдау, сұңқылдау, шықылдау, маңқылдау, күмпілдеу, дүңкілдеу, пысылдау.*

Шақырыс одағайлардан жұрнақ арқылы ғана тұуады, мыйсалы: *аттандау, алаштау, көскөстеу, құрыулау, ауқаулау, пышайттау, шөре-шөрелеу, көйткөйттеу, қайткелдеу, мышмыштау, сорабтау, шауымдау, құрайлау, күш-күштеу.*

Мұнан басқа одағайлардан тұуатұн сөздер: *апырымдау, ойбайлау, аһылау, үһілеу, әлдійлеу* тағы басқа сондайлар.

جر جۇزىنىڭ ىگىكىنىڭى بىرىنىڭىدا

بايتۇرسىن ۇلى احمد

ءتىل-قۇرال

سوزدىك جۇيەسى مەن تۇرلەرى

II ءتىل تانىتقىش كىتاب

تۇرىنشى، تولىقتىرىلىپ جاڭا ىسا مەن
7 ىنشى باسىلىۋى

A. Baytursın ulı
ʻTıL-QURAL
ʻSozdıń, juyesı men
turlerı
II -tıl tanıtqıs kıtap
7-nes basılıvı

А. Байтурсунов
ГРАММАТИКА КАЗАКСКОГО ЯЗ.
„ТИЛЬ-КУРАЛ“
Книга II-я. Этимология
VII издание

ГОСУДАРСТВЕННОЕ ИЗДАТЕЛЬСТВО К.А.С.С.Р
1927





سمن-دسمنمان تۆۆتان سوزدەر.

































Жер жүзінің еңбекшілері, бірігіңдер!

Байтұрсын ұлы Ақымет*

ТІЛ – ҚҰРАЛ

Сөйлем жүйесі мен түрлері

III-інші тіл танытқыш кітәб

Түзетілıб, толықтырылыб, жаңа емлемен 6-ыншы басылыуы

Грамматика казакского языка
«Тил-курал»
Кн. III-я. Синтаксис
Издание 6-е

Казакское Государственное Издательство
гор. Кзыл-Орда - Ташкент, 1928 г.

* 1928 жылы жарық көрген «Тіл – құрал» кітабының мұқабасы



СӨЙЛЕМ ЖҮЙЕСІ.

Сөйлем дегеніміз, сөздердің басын құрастырыб, біреу айтқан ой. Сөйлегенде, жазғанда кім де болса, ойын айтады. Ойын айтыуға тійісті сөздерді алады да, олардың басын құраб, біріне бірінің қырын келтіріб, қыйындастырады. Қыры келетүн сөздер, тұрған күйінде алса да қыйындаса қалады. Қыры келмейтүн сөздерді қыйындастырыу үшін қырларын өзгертіб, қыйыуын келтіреміз.

Қыры келетүн, келмейтүн сөздерді мыйсал мен көрсетейік: «Қыс қатты, қар қалың, күн сұуық» дегенде үш сөйлем бар. Үшеуінің де ішіндегі сөздер өзгерілместен алынған жана өзгерілмей ақ қырлары келіб қыйындасыб тұр. Енді басқа сөйлемдерді алыб қарайық:

«Елдің малы далада, біткен жаны жалада, көбі жатыр қалада». Мұнда да үш сөйлем бар. Үшеуінің де ішіндегі сөздер өзгерілмей алынған бір сөз жоқ – бәрі де өзгеріліб тұр. Қырларын келтіріб, қыйындастырыу үшін өзгертбей, тұрған-тұрған түбкілікті күйінде алсақ, қырлары жанасбайды, біріне бірі қыйындасбайды. Қырларын өзгертбей алыб қарайық, не болыб шығар екен:

«Ел, мал, дала, біткен, жан, жала, көб, жат, қала» − осы сөздерден: «Елдің малы далада, біткен жаны жалада, көбі жатыр қалада» деген ойларды ұғыуға болар ма? – Әрійне, болмайды.

Сондықтан ауыздан шыққан сөздің бәрі сөйлем бола бермейді, айтыушының ойын тыңдаушы ұғарлық даражада түсінікті болыб айтылған сөздер ғана сөйлем болады. Сондықтан сөйлемнің жаны, сөздердің басы мағаналы болыб құралыуы (қысқа айтқанда сөйлемнің мағанасы). Олай болмаса, құр сөздердің басын құраб айтқан мен сөйлем болмайды. Сөйлем ішіндегі сөздердің басын түсінікті етіб құрастырыу, сөйлемдерді түсінікті етіб жасау тұуралы сөз табыйғатынан шыққан түрлі зандар, тәртібтер бар – қысқасынан айтқанда өз алдына білерлік толыб жатқан білімдер бар.

Ол білімдер **сөйлем жүйесі** деб аталады. Сөйлем жүйесі екіге бөлінеді: бірі сөйлем ішіндегі сөздер тұурасындағы білім. Сөйлем ішіндегі сөздер **сөйлем мүшелері** деб аталады.

БІРІНШІ БӨЛІМ.

Сөйлем мүшелері.

Сөйлем мүшелері тұрлаулы-тұрлаусыз болыб, екіге бөлінеді. **Тұрлаулы мүше** болады сөйлем болған жерде қалмай айтылатұн сөздер немесе қалсада, қалғандығы сезіліб тұратұн сөздер. Мәселен: *«Асыл тастан, ақыл жастан»* жә болмаса *«Баланы жастан, қатынды бастан»* дегенде: бірінші мыйсалда *«шығады»* деген сөз, екінші мыйсалда *«үйрет»* жә *«үйретіу»* деген сөз қалыб тұрғандығы сезіліб тұр. Не болмаса, *«Жығылған күреске тоймас»* жә *«Аузы күйген үріб ішер»* деген сөйлемдердің біріншісінде де, екіншісіндеде *«адам»* деген сөз қалыб тұрғаны анық сезілді. Толықтырыб айтсақ, бұлай дер едік: *«Асыл тастан шығады, ақыл жастан шығады», «Баланы жастан үйрет, қатынды бастан үйрет», «Жығылған адам күреске тоймас», «Аузы күйген адам үріб ішер»*. Осындай сөйлем ішінде бірде болыб, бірде болмайтын сөздер, немесе керек болған жерде айтылыб, керек болмаған орында айтылмай қалыб отырған сөздер, жаната қалған жерде, қалғандығы ашық сезілмейтұн сөздер **тұрлаусыз мүше** деб аталады. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері екеу: 1) **бас мүше** 2) **байаншы мүше.**

Бас мүше дейміз – сөйлем ішіндегі сөздер байланатұн қазық сөзін, сөйлем ійесін. Ол қазық сөз болатұн қандай сөз? – Сөйлегенде бір нәрсе тұуралы сырын-сыйпатын, жайын, ғамалын, болмысын сөйлейміз. Сөйлем ішінде сол нәрсенің атын көрсететұн сөз **бас мүше** болады. Ол нәрсенің сырын-сыйпатын, жайын, ғамалын, болмысын айтыб байандайтын сөз **байаншы мүше** болады.

Бұлар бас мүше мен байаншы мүшенің ішкі белгілері. Бұлардан басқа тысқы белгілері бар.

Бас мүшенің тысқы белгілері **кім? не?** деген сұрауларға жауаб беріу. Байаншы мүшенің тысқы белгілері – негізі: **не етбек? не қылмақ? қайтбек? не болмақ? нешік? немене? қалай? кімдікі? қайсы? ненікі?** деген сұрауларға жауаб беріу.

Жеңілдік үшін бас мүше – **бастауыш** деб, байаншы мүше – **байандауыш** деб аталады. Мұнан былай жеңілдік үшін бас мүше, байаншы мүше деб жатбай, **бастауыш, байандауыш** деб қысқа түрлерін тұтынамыз.

Бір неше сөйлемдерді мыйсалға алыб, бастауыш бен байандауыш қалай табылатұнын көрейік.

§ 1. Бастауыш.

Бастауыш болатұн сөз табтары:

Әуелі – бастауыш болатұн атау тұлғасындағы зат-есім. Мыйсал: *Бала ойнайды. Ат шабады. От жанады.* Бұл сөйлемдердің ішінде бастауыш қай сөз екенін әуелі ішкі белгісі мен тауыб қарайық. Олай табыу үшін мыйсалға алынған сөйлемнің әрқайсысында не тұуралы сөйленіб тұрғанын ашыу керек.

1-сөйлем. *Бала ойнайды.* Мұнда кім тұурасынан сөйленіб тұр? − Бала тұурасынан.

2-сөйлем: *Ат шабады.* Мұнда не тұурасынан сөйленіб тұр? – Ат тұурасынан.

3-сөйлем: *От жанады.* Мұнда не тұурасынан сөйленіб тұр? – От тұурасынан.

Сүйтіб бұл сөйлемдерде *бала, ат, от* тұурасынан сөйленген болыб шықты. Олай болса, бұл сөздерде бастауыштың ішкі белгілері бар, сондықтан бұлар бастауыш болыуға тійіс.

Енді тысқы белгілері мен тауыб қарайық. Олай табыу үшін **кім? не?** деб сұрау салыу керек. Сол сұрауға қай сөз жауаб берсе, ашыб айтқанда қай сөз сұрауға жауаб болыб табылса, сол сөз бастауыш болмақ. 1-сөйлем: *Бала ойнайды.* Кім ойнайды? *Бала*. 2-сөйлем: *Ат шабады*. Не шабады? – *Ат*. 3-сөйлем: *От жанады.* Не жанады? – *От*. Сүйтіб – бұл сөйлемдерде кім? не?-деген сұрауларға жауаб берген сөздер: *бала, ат, от* болыб шықты. Олай болса, бұл сөздерде бастауыштың тысқы белгілері бар болыб табылды. Ішкі, тысқы екі белгісі де бар болған соң бұл сөздер бастауыш болады.

Бала, ат, от атау тұлғасындағы тұрған зат есімдер. Екінші бастауыш болатұн атау тұлғасындағы сын-есім. Мыйсал: *Көб қорқытады; терең батырады.* Бұл сөйлемдерде сөйленіб, сөз болыб отырған *көб* бен *терең.* Солай болған соң ішкі белгісі бойынша бастауыш *көб* бен *терең* болыуға тійіс. Тысқы белгісі мен қарағанда, кім қорқытады? – *көб.* Не батырады? – *терең.* Мұнда да **кім? не?** деген сұрауларға жауаб беріб тұрған «көб» бен «терең» деген сөздер. Ішкі-тысқы белгісі бірдей табылыб тұрған соң, бұл сөздер бастауыш болады. «Көб», «терең» деген сөздер атау тұлғасында тұрған сын-есімдер.

Үшінші – бастауыш болатұн атау тұлғалы сан-есім. Мыйсал: *Берерменге бесеу көб. Біреу тойыб секіреді.* Ішкі белгісі бойынша бастауыш *бесеу, біреу* болыуға тійіс; үйткені 1-інші сөйлемде сөз болыб отырған *бесеу,* 2-нші сөйлемде *біреу* деген сөздер.

Тысқы белгісі мен іздесек: берерменге не көб? – *бесеу;* кім тойыб секіреді? *біреу.*

Бұл бастауыштың тысқы белгілері *бесеу, біреу* деген сөздерден табылғандығын көрсетеді. Ішкі, тысқы екі белгісі де осы *бесеу, біреу* деген сөздерден табылған соң бастауыш осылар болады.

Бесеу, біреу атау тұлғасында тұрған сан-есімдер.

Төртінші – бастауыш болатұн атау тұлғалы есімдік. Мыйсал: *Мен келдім, сен кеттің. Ол терең, бұл тайыз.*

1-інші сөйлемде *мен* тұуралы, 2-нші сөйлемде *сен* тұуралы, 3-інші сөйлемде *ол* тұуралы, 4-інші сөйлемде *бұл* тұуралы сөйленіб тұр. Сондықтан *мен, сен, ол, бұл* бастауыш болады. Бұл ішкі белгісі бойынша. Енді тысқы белгісі мен қарайық: Кім келді? – *мен,* кім кетті? – *сен,* не терең? – *ол,* не тайыз? – *бұл*. **Кім? не?** деген сұрауларға жауаб беріб тұрған сөздер – *мен, сен, ол, бұл;* сондықтан бұл сөздер бастауыш болатұны даусыз.

Сүйтіб, *мен, сен, ол, бұл* деген сөздер ішкі белгісі мен де бастауыш болыб шығыб тұр.

Бұл сөздер атау тұлғасында тұрған есімдіктер.

Бесінші – бастауыш болатұн етістіктің тұйық райы мен есімшеге айналған түрлері. Мыйсал: *Алысбақ жоқ, атысбақ бар. Оқыу оңайланды. Жығылған күреске тоймас.*

Мұнда сөз болыб отырғандар: 1-інші сөйлемде *алысбақ,* 2-нші сөйлемде *атысбақ.* 3-інші сөйлемде *оқыу,* 4-інші сөйлемде *жығылған.*

Ішкі белгісінше *алысбақ, атысбақ, оқыу, жығылған* бастауыш болады. (солар тұуралы сөйлеб отырмыз). Тысқы белгісінше де бастауыш болатұн сол сөздер: не жоқ? – *алысбақ*, не бар? – *атысбақ*, не оңайланды? – *оқыу,* кім күреске тоймас? – *жығылған.*

Алысбақ, атысбақ етістіктің тұйық райындағы сөздер, *оқыу* мен *жығылған* етістіктің есімшеге айналған түріндегі сөздер.

2) Алтыншы бастауыш болатұн үстеу жана үстеу орнында жүретүн сөздер. Мыйсал: «*Әрі» алыстатады, «бері» жақындатады, «шабшаң» асықтырады, соңыра кешіктіреді.* Бұл сөйлемдерде *әрі, бері, шабшаң, соңыра* тұуралы сөйленіб тұр. Бұлар бастауыш болыу керек. Бұл ішкі белгісінше. Не алыстатады? – *әрі*. Не жақындатады? – *бері.* Не асықтырады? – *шабшаң.* Не кешіктіреді? – *соңыра*. Сұрау бойынша да, немесе тысқы белгісі бойынша дегенде де *әрі, бері, шабшаң*[*], *соңыра* деген сөздер бастауыш болады.

Бұл төрт сөздің төртеуі де не үстеулер, не үстеу орнына жүретүн сөздер.

Жетінші бастауыш болатұн демеу мен демеу орнында жүретүн сөздер. Мыйсал: *«Әлде» аз айтылады, «йә» көб айтылады, «йәкій» сійрек айтылады.* Бұл сөйлемдерде сөз болыб тұрған *«әлде», «йә», «йәкій»,* бұлар сондықтан бастауыш болыуға тійіс. Бұл ішкі белгісінше.

Не аз айтылады? – *«әлде»,* не көб айтылады? – *«йә»,* не сійрек айтылады? – «*йәкій*».

Тысқы белгісінше де *«әлде», «йә», «йәкій»* бастауыш болыб шығады. *«Әлде», «йә», «йәкій»* деген сөздер демеулер.

Сегізінші – бастауыш болатұн жалғаулық жаната жалғаулық орнына жүретүн сөздер.

Мыйсал: *«Үшін» үш айтылғанда, «арқылы» бір де айтылмайды.* Мұнда сөз болыб тұрған «*үшін*» мен «*арқылы*». Сон-

[*] Шапшаң – үстеу орнына жүретін сын есім.

дықтан бұлар бастауыш болады дейміз. Бұл ішкі белгісіне қараб айтыб тұрғанымыз.

Енді тысқы белгісіне қарайық. Не үш айтылғанда? *«үшін».* Не бір де айтылмайды? – *«арқылы».* Тысқы белгісі бойынша да бастауыш болатұн «үшін» мен «арқылы». «Үшін», «арқылы» деген сөздер жалғаулықтар.

Тоғызыншы – бастауыш болатұн одағай. Мыйсал: *«Ә, Құдай!», «О, Құдай» күйзелгеннің белгісі; «тек!», «тәйт!», «шәйт!» бұйырғанның белгісі*. Мұнда сөз болыб тұрған *«Ә, Құдай!», «О, Құдай!»*, *«тек!», «тәйт!», «шәйт!»*. Сондықтан бұл сөздер бастауыш болады. Бұл ішкі белгісі мен білгеніміз.

Енді тысқы белгісі мен қарайық. Не күйзелгеннің белгісі? – *«Ә, Құдай!», «О, Құдай!»*, не бұйырғанның белгісі? – *«тек!», «тәйт!», «шәйт!».* Тысқы белгісі мен де бұл сөздер бастауыш болыб шықты.

«Ә, Құдай!», «О, Құдай!», *«тек!», «тәйт!», «шәйт!»* деген сөздер одағайлар.

Оныншы – бастауыш болатұн бүтін сөйлем.

Мыйсал: *«Сенікі, менікі» деген көңіл тарлығы; «әрі жат», «бері жат» деген төсек тарлығы.*

Мұнда айтылыб тұр «*менікі, сенікі деген*» жана «*әрі жат, бері жат*» деген» тұуралы. Сондықтан бұл сөйлемдер ішкі белгісі бойынша бастауыш болыуға тійіс. Тысқы белгісі бойынша не болыб шығар екен.

Не көңіл тарлығы? – *«сенікі, менікі деген».* Не төсек тарлығы? – *«әрі жат, бері жат! деген»* тысқы белгісі бойынша да бұл сөйлемдер бастауыш болыб шықты. Сүйтіб, енді қорытыб айтқанымызда: бастауыш болады сөз табтарының тоғызыда:

1) зат-есім, 2) сын-есім, 3) сан-есім, 4) есімдік, 5) етістік, 6) үстеу, 7) демеу, 8) жалғаулық, 9) одағай жана бүтін сөйлемдер.

Қосарлы бастауыш. Бастауыш бір сөз бен айтылмай, бір неше сөз бен айтылса, **қосарлы** немесе **күрделі** деб айтамыз.

Мыйсалдар: 1) *Тамағы жоқтық табтырар.* Мұнда тамақ жоқтық жайынан айтылыб тұр. Не табтырар? – *тамағы жоқтық* (бастауыш екі сөз бен айтылыб тұр).

2) Асық ойнаған азар. Мұнда асық ойнаған тұуралы айтылыб тұр. Кім азар? – *асық ойнаған*

3) Жөнге тартқан жөндер. Мұнда жөнге тартқан тұуралы айтылыб тұр. Кім жөндер? – *жөнге тартқан*.

4) Сыпыра жалмаң жалмар. Мұнда сыпыра жалмаң жайынан айтылыб тұр. Кім жалмар? – *сыпыра жалмаң.*

5) Тоны жаман тоңар. Мұнда тоны жаман тұуралы айтылыб тұр. Кім тоңар? – *тоныжаман.*

6) Жеті атасын білмеген жетім. Мұнда жеті атасын білмегеннің жайынан айтылыб тұр. Кім жетім? – *жеті атасын білмеген*.

Асылында бастауыш болатұн **зат-есім**. Бастауыш болған жерде зат-есім болмай қалмайды. Бірақ бірде айтылады, бірде айтылмай ойда тұрады. Зат-есімнен басқа бастауыш болған сөздер зат-есімнің орнында, немесе арқасында бастауыш бола алады. Жоғарыда мыйсалға алынған сөйлемдерде сөйлеу бөлімдерінің бәрі бастауыш болыуға жарайтын болыб шықты. Түбін қазыб қарастыра келгенде, солардың бәрі де (зат-есімнен басқасы) бастауыш болыб тұрғандары не зат-есімнің орныңда тұрғандықтан не зат-есімнің көмегі болғандықтан. Сол бастауыштардың түбін қазыңқыраб қарастырыб көрейік, қалай бастауыш болыб тұр екен.

Зат-есімнен басқа бастауыш болыб тұрған:

әуелі – сын-есім. Мыйсалға алынған: *Көб қорқытады, терең батырады. «Көб қорқытады»* дегенде, қорқытатұн көб – шөб емес, әрійне, *адам*. «*Терең батырады*» дегенде де батыратұн *терең сұу* екені анық. Олай болса, мұндағы «*көб*» бен «*терең*» – «*көб адам*», «*терең сұу*» деген сөздердің орнында тұр. Жеңілдік үшін «*адам*» мен «*сұу*» деген сөздер айтылмаған, бірақ, ойда тұр.

Екінші – сан-есім. Мыйсалға алынған: *Берерменге бес де көб, аларманға алты да аз. Біреу тойыб секіреді.* «Бес де», «алты да» дегенде, мұнда нәрсе көңілде тұр. Құр ғана сан болса, азсыныуға да, көбсініуге де орын болмас еді: *«бесеу», «алтау»* нәрсесіз құр сан болса, берермен бесеу түгіл, мыңын көбсінбес еді, аларман алтау түгіл, бірін де азсынбас еді. Берермен көб-

сінетүні, аларман азсынатұны – берілетүн – алынатұн құр сан емес, нәрсе болғандығы. Мұндағы *«бесеу»* мен *«алтау»* сан ғана емес, нәрсені де көрсетіб тұр.

Сондай ақ: *біреу тойыб секіреді* дегенде, әрійне, сан секірмейді, олай болса, *«біреу»* деген сөз мұнда зат-есім орнында тұр.

Үшінші – есімдік. Мыйсалға алынған: *Мен келдім, сен кеттің, ол терең, бұл тайыз.*

Есімдік өзі есім орнына жүретүн сөз болған соң, бастауыш болған есімдіктер зат-есім орнында тұрғаны анық. *Мен, сен, ол, бұл* – бәрі де зат-есім орнына жүретүн есімдіктер.

Төртінші – етістік. Мыйсалға алынған: *Алысбақ жоқ, атысбақ бар. Оқыу оңайланды. Жығылған күреске тоймас. Алысбақ, атысбақ* деген сөздер бұл жерде *алысыу, атысыу, оқыу* – іс есімдерін көрсететүн етістіктен шыққан зат-есімдері. *«Жығылған күреске тоймас»* дегенде, күреске тоймайтын жығылған мал йа ағаш емес, адам екендігі анық. Солай болған соң *«жығылған»* деген сөздің бастауыш болыб тұрғаны – *«жығылған адам»* дегеннің орнында тұрғандықтан. Жеңілдік үшін *«адам»* айтылмаған, бірақ көңілде тұр.

Бесінші – үстеу. Мыйсалға алынған: «*Әрі» алыстатады, «бері» жақындатады, «шабшаң» асықтырады, «соңыра» кешіктіреді.* Жеңілдік үшін қысқартбай айтқанда, бұл сөздер бұлай айтылар еді:

«Әрі» деу алыстатады, «бері» деу жақындатады. «Шабшаң» деу асықтырады, «соңыра» деу кешіктіреді. «Деу» деген сөз бәрінде де айтылмаған. *«Деу»* – етістіктен шыққан зат-есім. *«Әрі», «бері», «шабшаң», «соңыра»* деген сөздердің бастауыш болыб тұрғандары *«әрі деу», «бері деу», «шабшаң деу», «соңыра деу»* орнында болғандықтан.

Бастауыш болған демеу, жалғаулық, одағай – бәрі де осы рет бен болыб тұр.

Сүйтіб, түбін қазыб қарастырыб келгенде, бастауыш болатұн – зат-есім. Басқа сөз табтары зат-есімнің орнында немесе арқасында ғана бастауыш бола алады.

§ 2. Байандауыш.

Байандауыш болатұн сөз табтары:

Әуелі байандауыш болады етістік. Мыйсал: *Қой үрікті. Ійт үрді. Адам айқайлады.*

Бұл сөйлемдердің ішінде байандауыш болатұн қай сөз екенін әуелі ішкі белгісі мен тауыб қарайық. Байандауыш болмақ керек қандай сөздер? – Жоғарыда айтыуымыз бойынша, байандауыш болатұн сөз бастауыш атаған нәрсенің не сыр-сыйпатын, не ғамалын, не жайын, не болмысын көрсетіу керек. Олай болса, алынған сөйлемдердің ішіндегі бастауышты тауыб, сонан соң ол бастауыш атаған нәрсенің не сыр-сыйпатын, не ғамалын, не жайын, не болмысын көрсететүн сөзді табыу керек.

1-сөйлем: *Қой үрікті.* Не үрікті? – *қой*. Бастауыш *қой* деген сөз болыб шықты.

Үрікті деген сөз ійттің не істегенін – ғамалын көрсетіб тұр.

2-сөйлем: *Ійт үрді.* Не үрді? – *ійт.* Бастауыш *ійт* деген сөз болыб шықты.

Үрді деген сөз ійттің не істегенін, – ғамалын көрсетіб тұр.

3-сөйлем: *Адам айқайлады.* Кім айқайлады? – адам. Бастауыш *адам* деген сөз болыб шықты.

Айқайлады деген сөз адамның не істегенін, ғамалын көрсетіб тұр.

Сүйтіб, бұл сөйлемдердің ішінде бастауыш атаған нәрселердің ғамалын көрсетіуші *үрікті, үрді, айқайлады* деген сөздер болыб шықты; немесе екінші сөз бен айтқанда, байандауыштың ішкі белгісі осы сөздерге келеді. Сондықтан бұл сөздер байандауыш болыуға тійіс.

Енді тысқы белгісі мен тауыб көрейік.

Байандауыштың тысқы белгісі *не етбек? не қылмақ? кәйтбек? не болмақ? нешік? немене? қалай? кімдікі? йа ненікі? қайсы?* негізді сұрауларға жауаб беріу. Сондықтан бұл негізді сұраулар **байандауыш сұраулары** деб аталады.

Алынған сөйлемдер ішінде қай сөз байандауыш сұрауларына жауаб берер екен қарайық.

1-інші сөйлем: *Қой үрікті.*

Қой не етті? – *үрікті.*

2-нші сөйлем: *Ійт үрді.*

Ійт қайтті? – *үрді.*

3-інші сөйлем: *Адам айқайлады.* Адам не қылды? – *айқайлады*.

Мұнда не етті? кәйтті? деген байандауыш сұрауларына жауаб беріб тұрған тағы сол *үрікті, үрді, айқайлады* деген сөздер. Олай болса, байандауыштың тысқы белгілері де осы сөздерге келіб тұр. Ішкі, тысқы белгісі бірдей келген соң, байандауыш болыб тұрған осы сөздер – *үрікті, үрді, айқайлады* деген сөздер – етістіктер. Етістіктің есімше мен көсемше түрлері де байандауыш болады. Етістік есімше түрінде қосар күйінде гәна байандауыш болады. Екеуіне де мыйсал келтірейік. Есімше дара күйінде байандауыш болатұнына мыйсалдар:

1) *Мен сөйлеушімін, сен – тыңдаушысын.* Мұнда *сөйлеушімін, тыңдаушысын* деген сөздер «мен», «сен» жайын байандаб тұр (бұл байандауыштың ішкі белгісі).

Мен неменемін? *сөйлеушімін.* Сен неменесің? *тыңдаушысын* (бұл байандауыштың тысқы белгісі).

2) Заман өзгерген; білім күшейген. Мұнда *өзгерген, күшейген* деген сөздер «заман» мен «білім» жайын айтыб, бірінің өзгергендігін, екіншісінің күшейгендігін байандаб тұр (бұл ішкі белгісі мен қарағандағысы). Заман не еткен? – *өзгерген*. Білім не еткен? – *күшейген* (бұл тысқы белгілері).

3) Біреу беретүн, біреу алатұн. Мұнда біреу жайынан *беретүндігі* мен *алатұндығы* сөйленіб тұр (бұл ішкі белгілері). Біреу не ететүн? – *беретүн*. Біреу не ететүн? – *алатұн* (бұл тысқы белгілері).

Есімше мен көсемше қосар күйінде байандауыш болатұнына мыйсалдар:

1) Бала жылай берген.

Кім жылай берген? – *бала* (бастауыш). Бала не қылған? – *жылай берген* (байандауыш).

2) *Оспан оқыб жүрген.*

Кім оқыб жүрген? – *Оспан* (бастауыш). Оспан не қылған? – *оқыб жүрген* (байандауыш).

3) *Асан айтқан екен.*

Кім айтқан екен? – *Асан* (бастауыш). Асан не қылған екен? – *айтқан екен* (байаңдауыш).

Көсемше байандауыш болатұнына мыйсалдар:

1) Ат тұулай берді.

Не тұулай берді? – *ат* (бастауыш). Ат не қылды? – *тұулай берді* (байандауыш).

2) Әлжан алыб берді.

Кім алыб берді? – *Әлжан* (бастауыш). Әлжан не қылды? – *алыб берді* (байандауыш).

3) *Тауық ұша алмайды.*

Не ұша алмайды? – *тауық* (бастауыш). Тауық не ете алмайды? – *ұша алмайды* (байандауыш).

4) *Ақын айта берібті.*

Кім айта берібті? – *ақын* (бастауыш). Ақын не етібті? – *айта берібті* (байандауыш).

Екінші – байандауыш болатұн сын-есім. *Қыс жақсы. Мал семіз. Ел тоқ.* Не жақсы? – *қыс.* Не семіз? – *мал.* Кім тоқ? – *ел. Қыс, мал, ел* – бастауыштар. Байандауыш болатұн сөз әуелі ішкі белгісі мен келіу үшін бастауыш атаған нәрсенің, йағный қыстың, малдың, елдің йа ғамалын, йа жайын, йа болмысын көрсетіу керек, екінші байандауыштың тысқы белгісі болған сұрауларға жауаб беріу керек. Қалай болар екен, қарайық.

1-інші сөйлем: *Қыс жақсы.* Қыс қалай? – *жақсы*.

2-нші сөйлем: *Мал семіз.* Мал қалай? – *семіз.*

3-інші сөйлем: *Ел тоқ.* Ел қалай? – *тоқ.*

Мұнда *жақсы, семіз, тоқ* деген сөздер қыстың, малдың, елдің жайын-күйін көрсетіб тұр. Жана **«қалай?»** деген байандауыш сұрауына жауаб беріб тұр.

Ол байандауыштың ішкі-тысқы белгісі бірдей осы сөздерге келгенін көрсетеді. Сондықтан бұл сөздер байандауыш болады.

Жақсы, семіз, тоқ деген сөздер сын-есімдер.

Үшінші – байандауыш болады зат-есім. Мыйсал: *Ат – көлік. Атшы кісі. Қамшы қарыу.*

Не көлік? – *ат.* Кім кісі? – *атшы*. Не қарыу? – *қамшы. Ат, атшы, қамшы* – бастауыштар. Байандауыш болатұн сөзде оның ішкі-тысқы белгілері болыу керек.

Ат немене? – *көлік.* Атшы немене? – *кісі.* Қамшы немене? – *қарыу. Көлік, кісі, қарыу* деген сөздер аттың, атшының, қамшының немене болатұн болмысын айтыб тұр. Сондықтан бұлар байандауыштың ішкі белгісіне тұура келеді.

Көлік, кісі, қарыу деген сөздер «немене?» деген байандауыштың сұрауынада жауаб беріб тұр. Бұл тысқы белгісіне тұура келгені, байандауыштың ішкі, тысқы белгісіне бірдей келген соң бұл сөздер әрійне, байандауыш болмақ.

Көлік, кісі, қарыу, зат-есімдер.

Төртінші – байандауыш болатұн сан-есім. Мыйсал: *Ер кезегі үш.* Не үш? – *ер кезегі*. *Ер кезегі* деген сөз бастауыш.

Байандауыш болатұн сөзде оның ішкі-тысқы белгілері болыу керек.

Ер кезегі немене? – *үш*. *Үш* деген сөз ер кезегінің немене болатұнын айтыб тұр. Болмысын айтыб тұрған соң, бұл сөз байандауыш болмақ (ішкі белгісі бойынша).

Үш деген сөз «немене?» деген байандауыштың сұрауына жауаб беріб тұр. Бұл тысқы белгісініңде осы сөзден табылғанын көрсетеді. Ішкі-тысқы белгісі келгені «үш» деген сөз байандауыш болғанын көрсетеді.

Үш деген сөз сан-есім.

Бесінші – байандауыш болатұн есімдік. Мыйсал: *Медеуі – мен. Омары – ол. Өтегені өзі.* Мен кім? – *Медеуі.* Ол кім? – *Омары*. Өзі кім? – *Өтегені. Медеуі, Омары, Өтегені* деген сөздер – бастауыштар. Байандауыш болатұн сөзде ішкі-тысқы байандауыш белгісі боларға тійіс.

Медеуі қайсы? – *мен.* Омары қайсы? – *ол.* Өтегені қайсы? – *өзі. Мен, ол, өзі* деген сөздер Медеуінің, Омарының, Өтегенінің кім болатұндығын айтыб тұр. Болмысын айтыб тұрған соң, бұл сөздер байандауыш болады.

Оның үстіне *мен, ол, өзі* деген сөздер **«қайсы?»** деген байандауыш сұрауына жауаб беріб тұр.

Ішкі-тысқы белгісі бірдей келген соң, бұл сөздер, әрійне, байандауыш болады.

Мен, ол, өзі деген сөздер есімдіктер.

Алтыншы – етістік бен қосыла одағай жана басқа сөздер байандауыш болады. Мыйсал: *Мылтық тарс етті. От жылт етті. Күн жаз болды. Ет аз болды. Беретүні бес екен.*

Не тарс етті? – *мылтық*. Не жылт етті? – *от*. Не жаз болды? – *күн*. Не аз болды? – *ет.* Бес несі екен? – *беретүні.*

Мылтық, от, күн, ет, беретүні деген сөздер – бастауыштар. Байандауыш болатұн сөзде ішкі-тысқы байандауыш белгісі болларға керек. Мылтық не етті? – *тарс етті.* От не етті? – *жылт етті.* Күн кәйтті? – *жаз болды*. Ет кәйтті? – *аз болды*. Беретүні не екен? – *бес екен*. *Тарс етті, жылт етті, жаз болды, аз болды, бес екен* деген сөздер мылтықтың, оттың, күннің, еттің, беретүнінің ғамалдарын, жайларын, болмыстарын айтыб отыр. Онымен тұрмай жанада байандауыш сұрауларына жауаб беріб тұр. Сондықтан ол сөздер байандауыш болады.

«*Тарс етті*» дегенде, «*тарс*» – одағай, «*етті*» – етістік. «*Жылт етті*» дегенде, «*жылт*» – одағай, «*етті*» – етістік. «*Жаз болды*» дегенде «*жаз*» – зат-есім, «*болды*» – етістік.

«Аз болды» дегенде «аз» сын-есім, «болды» етістік.

«Бес екен» дегенде «бес» сан-есім, «екен» етістік.

Мұнан көрініб тұр: бәріндеде түрлі сөздер етістікке қосылыб, байандауыш болыб шыққаны. Осындай екі сөзден, үш сөзден, әйтеуір, бір емес, бір неше сөзден, қосылыб болған байандауыш қосарлы немесе күрделі деб аталатұны жоғарыда айтылған.

Жетінші – байандауыш болады – бүтін сөйлем.

Мыйсал: *«Білемін» деген – «бүлемін» деген болады. «Білемін» деген* (бастауыш). «Білемін» деген немене? – *«бүлемін»*

деген (байандауыш). Бұл – тысқы белгісі мен табыу. Ішкі белгісі мен қарайық: мұнда не жайынан айтылыб тұр? – «білемін» дегеннің жайынан. Оның жайынан не айтылыб тұр? – оның «бүлемін» деген болатұндығы айтылыб тұр. Бұл алынған мыйсалда бастауыш та, байандауыш та бүтін сөйлемнен болған.

Байандауыш бастауышқа жақтары мен ғана жанасыб, қыйындасады. Мыйсал: *Мен кітаб оқыдым. Сен жазыу жаздың. Ол шай қайнатты.* Мұнда әр жақ өз жағы мен жанасыб, қыйындасыб тұр.

Мыйсал: *Мен кітаб оқыды, сен жазыу жазды, ол шай қайнаттым, шай қайнаттың* деб айтылмайды. Сөйлем ішіндегі сөздер қыйындасбай кетеді.

Мұндай әр жақ өз жағы мен жанасыу жалғыз етістіктен болған байандауышта емес, басқа сөз табтарынан болған байандауыштарда да бар.

Мыйсал: *мен жасбын, сен жассын, ол жас, біз жасбыз, сіз жассыз,* басқалары жана солай. Бірақ «да», «де» демеулер қосылғанда, бұл ымыра бұзылыб, «да» айтылады.

Мыйсал: *мен де жас, сен де жас, ол да жас, біз де жас, сіз де жас, олар да жас* деб айтыуға да болады.

Ескертіу: Етістіктен болған байандауыштардағы ымыра «да», «де» демеулер қосылсада, бұзылмайды.

Байандауыш жекелік, көбтік жүзіненде ымыраласады. Бірақ ол ымырасы толық емес, тұрақты емес.

Мыйсал: *мен барамын; сен барасын; ол барады. Біз барамыз; сіз барасыз* немесе *сендер барасындар. Олар барады* («барадылар» орнына «барады» болыб тұр). *Мен саумын, сен саусын, ол сау, біз саумыз, сіз саусыз* немесе *сендер саусындар, олар сау* («саулар» орнына «сау» ғана болыб тұр). Мұнан не көрініб тұр? Жекелік, көбтік жүзінен, бірінші жақтарында байандауыш бастауыш бен ымыраласыб, үшінші жаққа келгенде, көбше айтылмай, ымырадан шығыб кететүні көрініб тұр.

Сүйтіб, байандауыш бастауыш бен жеке айтылғанда, үш жағы мен ымыраласыб, көбше айтылғанда, үшінші жағы мен ымыраласбайтын болыб шығады.

Басым жақ.

Бастауыш бір жақты болса, байандауыш онымен айтылған түрде ымыраласады. Бастауыш әр жақты болса, мәселен, бастауыш біреу емес, бірнеше болса жана әрқайсысы әр жақты болса, онда байандауыш басым жағымен ымыраласады.

Бізге мәлім бірінші жақ айтыушы, екінші жақ тыңдаушы, үшінші жақ бөгделік болатұны. Бірінші, екінші, үшінші жақ қатар келгенде айтыушы сөзді өзіне орайлай сөйлегендіктен бірінші жақ екінші, үшінші жақтан басым болады. Сондықтан айтыушы мен тыңдаушы екеуінің бірдей ғамалын, жайын, болмысын көрсететүн байандауыш ода бірінші жақ бен айтылады.

Мыйсал: 1) *мен, сен – екеуміз барамыз.* 2) *мен, сен, Омар үшеуміз кетеміз.* Бірінші мыйсалда *мен, сен* екеуі де бастауыш. Екеуі екі жақ: *мен* – бірінші жақ, *сен* – екінші жақ. Бұл екеуінің бірдей ғамалын көрсетіб тұрған ортақ байандауыш «барамыз» бірінші жақ бен ғана айтылыб тұр.

Екінші мыйсалда: *мен, сен, Омар* – үшеуі де – бастауыш. Үшеуі – үш жақ. *Мен* бірінші жақ. *Сен* екінші жақ. *Омар* үшінші жақ. Бұл үшеуінің бірдей ғамалын көрсетіб тұрған ортақ байандауыш «кетеміз» бірінші жақ бен ғана айтылыб тұр.

Бірінші, екінші, үшінші жақ – үшеуі қатар келген жерде бірінші жақ басым болады деген осы.

Айтыушы жақ өзіне қосбай, тыңдаушы мен бөгделік жақты сөз қылғанда, сөзді тындаушы жағына орайлай сөйлейді. Сондықтан екінші жақ үшінші жақтан басым болады. Тыңдаушы мен бөгделік – екеуінің ғамалын, жайын, болмысын көрсететүн байандауыш екінші жақ бен айтылады.

Мыйсал: *Сен, Омар – екеуің келерсіндер.* Бұл мыйсалда «сен», «Омар» екеуі де бастауыш. Екеуі екі жақ. *Сен* екінші жақ, *Омар* үшінші жақ. Екеуінің ғамалын бірдей көрсетіб тұрған байандауыш «келерсіндер» екінші жақ бен айтылыб тұр.

Екінші, үшінші жақ екеуі қатар келген жерде, екінші жақ басым болады дегеннің мағанасы осы.

Қосарлы байандауыш.

Жоғарыда байандауыш екі немесе үш, әйтеуір бір сөз емес, бір неше сөз бен айтылған болса, «қосарлы» байандауыш болады деб айтылды.

Жай байандауыш жай етістік бен айтылады, қосарлы байандауыш көмекші етістіктер қосылыб айтылғанда болады. Бірақ етістік жүрмеген жерде – байандауыш болмайды. Етістіктен басқа сөз табтары байандауыш болса, олар етістік көмегі мен ғана бола алады. Оларға көмек болатұн көбінесе көмекші етістіктер. Көмегі үртіс көріне болмай, көрінбей болатұн да орындары бар. Бірақ түбін қазыб, қарастырыб келгенде байандауыш болған жерде етістік бар екені даусыз болыб шығады. Етістік көмегі көріне болатұн орындары мен көрінбей болатұн орындарына мыйсал келтіріб көрейік.

1) *Күн жаз болды;*2) *ет аз болды.*

Мұнда бірінші мыйсалда *күн* – бастауыш, *жаз болды* – байандауыш. Екінші мыйсалда *ет* – бастауыш, *аз болды* – байандауыш. *Жаз болды, аз болды* деген байандауыштың екеуі де екі-екі сөз бен айтылған. Екі сөз бен айтылған соң бұлар қосарлы байандауыш болады. Қосарлы байандауыш көмекші етістік қосылған жерде болады. Бұл екі байандауыш та «жаз болды», «аз болды» дегенде «болды» көмекші етістік екендігі көзге көрініб тұр.

1) *Ағаш көркі – жапырақ;* 2) *Адам – көркі шүберек.* Мұнда бірінші мыйсалда: бастауыш – *көркі,* екінші мыйсалда да бастауыш – *көркі.* Байандауыш бірінші мыйсалда – *жапырақ;* екінші мыйсалда – *шүберек.*

Жапырақ, шүберек деген сөздер етістік көмегісіз ақ байандауыш болыб тұрған сыйақты көрініб тұр. Шынында олай емес, мұндада етістіктің жасырын көмегі бар. Ол көмегі, егер жоғарыдағы мыйсалға алынған сөйлемдерді қысқартбай толық түрінде айтсақ көрінеді; мәселен: *Ағаш көркі жапырақ болады, Адам көркі шүберек* болады десек, қысқартыб айтқанда, көрінбей тұрған көмекші етістік – «болады» толықтырыб айтқанда шыға келеді.

Етістік көмегі мен байандауыш болатұн сөз табтары: 1) зат-есім, 2) сын-есім, 3) сан-есім, 4) есімдік, 5) етістік (есімше, көсемше түрінде).

Мыйсал: 1) Жаман жүрісінен *құл* болады; 2) жақсы жүрісінен *бұл* болады. 3) Жұб негізі *екі.* 4) Оспан *осы.* 5) Ол біздің *қорғаушымыз.* 6) От *жаныб тұр.* Бұл мыйсалдарда: 1) байандауыш – *құл болады. Құл* – зат-есім, *болады* – көмекші етістік. 2) Байандауыш *бұл болады. Бұл* – сын-есім, *болады* – көмекші етістік. 3) Байандауыш – *екі. Екі* – сан-есім, *болады* деген көмекші етістіктің көрінбей тұрған көмегі бар (*Жұб негізі екі болады*). 4) Байандауыш – *осы. Осы* – есімдік. Етістіктің көрінбей тұрған «болады» деген көмегі бар (*Оспан осы болады*). 5) Байандауыш – *қорғаушымыз. Қорғаушымыз* – есімше. Мұнда да етістіктің көрінбей тұрған көмегі бар (*Ол біздің қорғаушымыз болады*). 6) Байандауыш – *жаныб тұр. Жаныб* – көсемше, *тұр* – көмекші етістік.

Жалаң сөйлем мен жайылма сөйлем.

Бастауышы мен байандауышы бар, екі мүшелі ғана сөйлем **жалаң сөйлем** деб аталады. Бастауыш бен байандауыш сөйлемнің тұрлаулы мүшелері; олардан басқа сөйлемнің тұрлаусыз мүшелеріде бар деб жоғарыда айтылды. Бастауыш, байандауыштан басқа мүшелері бар сөйлем – **жайылма сөйлем** деб аталады.

Сөйлеудің асыл мағанасы біреуге білдірейін деген ойын айтыу. Айтыушының мақсаты тыңдаушыға ойын түгел түсіндіріу. Ойын түсіндіріу үшін соған керек сөздерді алыу қажет. Бір сөзді ойын анықтау үшін алса, екінші сөзді ойын толықтау үшін алады, үшінші сөзді ойын пысықтау үшін алады. Сондықтан сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері: **1) анықтауыш мүше, 2) толықтауыш мүше, 3) пысықтауыш сөздер** болыб, үшке бөлінеді.

§ 3. Анықтауыш.

Анықтауыш деб сөйлем ішінде анықтық үшін айтылатұн сөзді айтамыз, мәселен, алайық; *Қысқа жіб күрмеуге келмес* деген сөйлемді. Не күрмеуге келмес? – *жіб.* Жіб не етбес? – *күрмеуге келмес*. Мұнда *жіб* – бастауыш, *күрмеуге келмес* – байандауыш.

«Қысқа» деген сөз не болмақ? Бұл «қысқа» деген сөзді айтбай, құр «Жіб күрмеуге келмес» деб ғана қойсақ, қандай жіб күрмеуге келмейтүні белгісіз, жібтің бәрі күрмеуге келмейтүн сыйақты болыб шығады. Күрмеуге келмейтүн аты жіб болғанның бәрі емес, «қысқа жіб». «Қысқа» деген сөз қосылса, күрмеуге келмейтүн қандай жіб екені ашылыб, анықталады. Сондықтан «қысқа» деген сөз мұнда анықтық үшін алынған сөз болады. Ондай сөз сөйлемнің «анықтауыш мүшесі» деб немесе жеңілдік үшін тікелей «анықтауыш» деб аталады. Әлгі айтылған – анықтауыштың ішкі белгісі. Мұнан басқа тысқы белгілері бар. Олары **«қандай?», «не?», «неше?», «нешінші?», «кімнің?», «не етіуші?», «не еткен?»** деген сұрауларға жауаб беріу. Бұл сұраулар **анықтауыш сұраулары** деб аталады.

Сөйлем ішінде анықтауыш қай сөз екенін осы сұраулар мен жана ішкі белгісі мен табамыз.

Анықтауыш болатұн сөз табтары.

Әуелі – анықтауыш болатұн сын-есім.

1) Мыйсал: *Аш кісі ұрысқақ.* Кім ұрысқақ? – *кісі.* Аш кісі қалай? – *ұрысқақ.* Қандай кісі ұрысқақ? – *аш (кісі).* «Аш» дегенді айтбай, тек ғана «кісі ұрысқақ» дегенде, қандай кісі ұрысқақ болатұны белгісіз, кісінің бәрі ұрысқақ сыйақты болыб шығады. Дұрысында, кісінің бәрі ұрысқақ емес, аш кісі ұрысқақ келеді. «Аш» деген сөз ұрысқақ болатұн қандай кісі екенін айтыб, анықтаб тұр жана **қандай?** деген анықтауыш сұрауларына жауаб беріб тұр. Сондықтан алынған сөйлемнің ішінде «аш» деген сөз анықтауыш болады. Бұл сөз сын-есім (сыр-сыны).

2) Мыйсал: *Алтын жүзік жоғалды.* Не жоғалды? – *жүзік.* Жүзік не қылды? – *жоғалды.* Қандай жүзік жоғалды? – *алтын (жүзік).* «Алтын» дегенді айтбай, «жүзік жоғалды» деб ғана қойғанда, жоғалған қандай жүзік екені белгісіз, әйтеуір бір жүзік жоғалған болыб шығады. «Алтын» деген сөз жоғалған жүзік қандай екенін ашыб, анықтаб тұр жана **«қандай?»** деген анықтауыш сұрауына жауаб беріб тұр («қандай жүзік?» деб сұраудың орнына, «не жүзік?» деб де сұрайды). Сондықтан *алтын* деген сөз анықтауыш болады. Бұл сөз жүзіктің неден жасалған тегін көрсететүн сын-есім (тек-сыны).

Екінші – анықтауыш болатұн зат-есім (жалқы, жалпы түрінде).

1-мыйсал: *Асан ауылнай келді.* Кім келді? – *ауылнай*. Ауылнай не қылды? – *келді.*

Қай ауылнай келді? – *Асан (ауылнай).*

«Асан» демей, құр «ауылнай келді» деб ғана қойса, келген қай ауылнай екені белгісіз, әйтеуір бір ауылнай келген болыб шығады. «Асан ауылнай келді» дегенде, «Асан» деген сөз қай ауылнай келгенін ашыб, анықтаб тұр жана **«қай?»** деген анықтауыш сұрауына жауаб беріб тұр. Сондықтан бұл сөз анықтауыш болады. *Асан* – жалқы зат-есім.

2-мыйсал: *Қан Жәнібек қайғырды.* Кім қайғырды? – *Жәнібек.* Жәнібек не қылды? – *қайғырды*. Қай Жәнібек қайғырды? – *қан (Жәнібек). Қан* дегенді айтбай, тек «Жәнібек қайғырды» деб ғана қойсақ, қай Жәнібек қайғырғаны белгісіз болар еді. Үйткені Жәнібек атты адам көб. *Қан* дегенді қосыб айтқанда, қай Жәнібек екені ашылыб, анық болады. «Қан» деген сөз қай Жәнібек екенін де ашыб, анықтаб тұр, **«қай?»** деген анықтауыш сұрауынада жауаб беріб тұр. Сондықтан *қан* – анықтауыш болады. *Қан* – зат-есім.

3-мыйсал: *Арыстан, аң патсасы, ауырыбты.* Кім ауырыбты? – а*рыстан*. Арыстан кәйтібті? – *ауырыбты.* Қай арыстан ауырыбты? – *аң патсасы (арыстан).* «Аң патшасы?» дегенді айтбай, «арыстан ауырыбты» деб ғана қойсақ, ауырған аң арыс-

тан ба? Арыстан атты адам ба? Белгісіз болады. «Аң патсасы арыстан» дегенде қай арыстан ауырғаны ашылыб, анық болады. Бұл «аң патсасы» деген **«қай?»** деген анықтауыш сұрауынада жауаб беріб тұр, қай арыстан ауырғанын да анықтаб тұр, сондықтан анықтауыш болады. *Аң патсасы* – зат-есім.

4-мыйсал: *Шебердің қолы ортақ.* Шебердің несі ортақ? – *қолы.* Шебердің қолы қалай? – *ортақ.* Кімнің қолы ортақ? – *шебердің.* «Шебердің» дегенді айтбай, құр «қолы ортақ» деб қойғанда, кімнің қолы ортақ болатұны белгісіз, әйтеуір біреудің қолы ортақ болыб шығар еді. «Шебердің» деген қосылғанда, ортақ болатұн шебердің қолы екендігі ашылыб, анықталады. «Шебердің» деген сөз ортақ болатұн кімнің қолы екенін анықтаб тұрған соң жана **«кімнің?»** деген анықтауыш сұрауына жауаб беріб тұрған соң анықтауыш болады. *Шебердің* зат-есім (ілік жалғау).

Үшінші – анықтауыш болатұн сан-есім (есебтік, реттік екі түрінде де). Мыйсал:

1) *Үш жыл өтті.* 2) *Төртінші жыл жетті.* Не өтті? – *жыл.* Жыл не етті? – *өтті.* Неше жыл өтті? – *үш (жыл).* «Үшті» айтбай, тек «жыл өтті» деб қойғанда, неше жыл өткені белгісіз, *бір ғана жыл өткен* деб түсініуге болады.

Өткен бір жыл емес, үш жыл. «Үш» деген сөз өткен неше жыл екенін ашыб, анық көрсетеді жана **«неше?»** деген анықтауыш сұрауына жауаб береді. Екінші мыйсалда: «төртінші» демей, құр «жыл жетті» деб қойғанда, нешінші жыл жеткені белгісіз, әйтеуір бір жыл жеткен болады да қойады. «Төртінші» деген сөзді қосқанда, жыл анықталыб, нешінші екені ашылады. «Төртінші» деген сөз жылдың нешінші екенін анықтаб та тұр, **«нешінші?»** деген анықтауыш сұрауына жауаб та беріб тұр. «Үш», «төртінші» деген сөздер мыйсалға алынған сөйлемдердің ішінде жылдың нешеу жана нешінші екенін анықтаб тұрған соң жана **«неше?», «нешінші?»** деген анықтауыш сұрауларына жауаб беріб тұрған соң анықтауыш болады.

«Үш», «төртінші» деген сөздің біреуі есебтік сан-есім, екіншісі реттік сан-есім.

Төртінші – анықтауыш болатұн есімдік. Мыйсал: 1) *Біздің ауыл көшті.* 2) *Осы ат жүйрік.* 1) Не көшті? – *ауыл*. Біздің ауыл не етті? – *көшті*. Қай ауыл көшті? – *біздің (ауыл).* 2) Не жүйрік? – *ат*. Осы ат қалай? – *жүйрік.* Қай ат жүйрік? – *осы (ат). Біздің* дегенді айтбай, «ауыл көшті» деб ғана қойса, қай ауыл көшкені белгісіз болар еді. «Біздің» деген сөз қай ауыл көшкенін ашыб, анық көрсетіб тұр жана **«қай?»** деген анықтауыш сұрауына жауаб беріб тұр.

Екінші мыйсалда: «ат жүйрік» деб ғана қойса, қай аттың жүйріктігі айтылыб тұрғаны белгісіз, аттың бәрі жүйрік деген болыб шығады. «Осы» деген сөз қай аттың жүйрік екенін анықтайды жана **«қай?»** деген анықтауыш сұрауына жауаб береді.

Сүйтіб, «*біздің*», «*осы*» деген сөздер сөйлем ішіндегі сөздерді анықтаб, анықтауыш сұрауларына жауаб беріб тұрған соң, анықтауыш болады. Бұл сөздің екеуі де есімдік, біреуі – жіктеу есімдігі, екіншісі – сілтеу есімдігі.

Бесінші – анықтауыш болатұн етістік (көбінесе есімше түрінде). Мыйсал: 1) *Алыушы адам алданды. 2) Барған кісі келмеді.* 1) Кім алданды? – *адам.* Алыушы адам не қылды? – *алданды.* Қай адам алданды? – *алыушы (адам).* 2) Кім келмеді? – *кісі*. Барған кісі не қылды? – *келмеді.* Қай кісі келмеді? – *барған (кісі).* «Алыушы» дегенді айтбай, құр «адам алданды» деб ғана қойса, қай адам алданғаны белгісіз, әйтеуір адам алданған ғана болыб табылады. «Алыушы» деген сөз қосылса, алданған қай адам екені ашылыб, анықталады. «Алыушы» деген сөз **«қай?»** деген анықтауыш сұрауына жауаб беріб тұр. Екінші мыйсалда: «барған» деген сөзді айтбай, «кісі келмеді» деб ғана қойғанда, келмеген қай кісі екені белгісіз, тек біреу келмеген болыб шығады. «Барған» деген сөзді қосқанда, келмеген қай кісі екені анық болады. «Барған» деген сөз **«қай?»** деген анықтауыш сұрауына да жауаб беріб тұр. «Алыушы», «барған» деген сөздер анықтауыш. Бұл сөздің екеуі де есімше етістік: бірі осы шақтық, екіншісі өткен шақтық түрде айтылған.

Ескертіу: Етістік жалғыз есімше түрінде ғана анықтауыш болмайды. Басқа түрінде де болады. Мәселен: *Алмақтың бермегі бар.* Алмақтың несі бар? – *бермегі* (бастауыш), алмақтың бермегі нешік? – *бар* (байандауыш). Ненің бермегі бар? – *алмақтың* (анықтауыш).

Етістіктің басқа түрлері де осылайша.

Алтыншы – анықтауыш болатұн үстеу. Мыйсал: *«Әбдан»ның айтылыуы жіңішке.* «Әбдан»ның несі жіңішке? – *айтылыуы* (бастауыш). «Әбдан»ның айтылыуы қалай? – *жіңішке* (байандауыш). Ненің айтылыуы жіңішке? – *«әбдан»ның* (анықтауыш).

Сүйтіб, бұл мыйсалда «әбдан»ның анықтауыш болады, үйткені «әбдан» деген сөзді айтбай, тек «айтылыуы жіңішке» деб қойса, ненің айтылыуы екені белгісіз болар еді. «Әбден»ның деген сөз айтылғанда, ненің айтылыуы жіңішке екендігі анық болады.

Осылайша демеу, жалғаулық, одағай, қатта бүтін сөйлем анықтауыш болады.

Мыйсалдар:

1. *«Да» ның мағанасы екі түрлі.* «Да» ның несі екі түрлі? – *мағанасы* (бастауыш). «Да» ның мағанасы қалай? – *екі түрлі* (байандауыш). Ненің мағанасы екі түрлі? – *«да» ның* (анықтауыш).

2. «Менен»нің айтылыуы екі түрлі. «Менен»нің несі екі түрлі? – *айтылыуы* (бастауыш). «Менен» нің айтылыуы қалай? – *екі түрлі* (байандауыш). Ненің айтылыуы екі түрлі? – *«Менен»нің* (анықтауыш).

3. «Ойбай»дың айағы жылау болды. «Ойбай»дың несі жылау болды? – *айағы* (бастауыш). «Ойбай»дың айағы немене болды? – *жылау болды* (байандауыш). Ненің айағы жылау болды? – «ойбай»дың (анықтауыш).

4. «Адам болды» дегеннің алды жайлы. «Адам болды» дегеннің несі жайлы? – *алды* (бастауыш). «Адам болды» дегеннің алды қалай? – *жайлы* (байандауыш). Кімнің алды жайлы? – «адам болды» дегеннің (анықтауыш).

§ 4. Толықтауыш.

Толықтауыш деб нәрсе ғамалын, жайын, болмысын толтырыу үшін айтылатұн сөзді айтамыз. Сөйлем ішінде нәрсенің ғамалын, жайын, болмысын айтатұн сөз көбінесе байандауыш. Солай болған соң толықтауыш көбінесе байандауышты толықтау үшін айтылатұн сөйлем мүшесі болыб шығады.

Мыйсал үшін алайық: *«Мерген құс атты»* деген сөйлемді. Кім атты? – *мерген*. Мерген не қылды? – *атты*. Не атты? – *құс*. Мұнда «мерген» деген сөз бастауыш, «атты» деген сөз байандауыш. «Құс» деген сөз не болмақшы? Мұның не болатұнын біліу үшін «құс» деген сөз неге айтылыб тұрғанын ашыу керек, тегінде неменеге керек болғаннан айтылыб тұрғанын біліу керек. Оны біліу үшін «құс» деген сөзді тастаб, тібті айтбай қойа тұрыб қарау керек. Айтбағанда келетұн кемшілік бар ма екен? Жана қандай екен? *Құс* дегенді қалдырыб, «мерген атты» деб ғана қойғанда, мерген атқанын ғана білеміз, нені атқанын білмейміз. Екінші сөз бен айтқанда, мергеннің ғамалын ғана білеміз, ол ғамалын неге жұмсағанын білмейміз. «Атты» дегенде нені атқаны белгісіз болыб, сөйлемнің жетбей тұрған жері бар: ғамал неге жұмсалғанын айтбай тұр, сөйлемде кемістік бар. Сол кемістікті толықтыратұн сөз – «құс», «құс атты» дегенде мерген ғамалы неге жұмсалғаны мағлұм болады. «Құс» деген сөздің жоқтығынан «атты» деген сөзге келіб тұрған кемшілік жоғалады. «Атты» – байандауыш. «Атты» деген сөзге келіб тұрған кемшілік жоғалыб, мұның толыққаны байандауыш толыққаны болыб табылады. Сүйтіб, «құс» деген «атты» деген байандауышты толықтаушы сөз болыб шықты. Жоғарыда ондай байаңдауышты толықтау үшін айтылатұн сөз толықтауыш болады дедік. Бұл – ішкі белгісі.

Мұнан басқа толықтауыштың тысқы белгілері бар. Ол белгілері – толықтауыш сұрауларына жауаб бері. Толықтауыш сұраулары мынау: **«кімге?», «неге?», «кімді?», «нені?», «не?», «кімде?», «неде?», «кімнен?», «неден?», «не қылыуға?», «не**

етіуге?», жанада **«кім?», «не?»** деген сұрауларға **«мен» «үшін» «тұуралы» «тақырыбты»** жана басқа жалғаулықтар қосылыу мүмкін. Сөйлем ішінде толықтауышты осы сұраулар мен, жоғарыда айтылған ішкі белгісі мен табамыз.

Әуелі – толықтауыш болады зат-есім (жалғаулы-жалғаусыз жана жалғаулық қосылған күйінде). Мыйсал: 1) *Әкесі баласына кітаб сатыб алды.* 2) *Асан Үсен мен ақылдасты.* 1) Кім кітаб сатыб алды? – *әкесі*. Әкесі не қылды? – *сатыб алды.* Не сатыб алды? – *кітаб.* Кімге сатыб алды? – *баласына.* 2) Кім ақылдасты? – *Асан.* Не қылды? – *ақылдасты*. Кім мен ақылдасты? – *Үсен мен.*

1-інші мыйсалда – «кітаб», «баласына» деген сөздер «сатыб алды» деген байандауышты толықтаб тұр жана **«не?», «кімге?»** деген толықтауыш сұрауларына жауаб беріб тұр.

2-нші мыйсалда «Үсен мен» деген сөз «ақылдасты» деген байандауышты толықтаб тұр жана **«кім мен?»** деген толықтауыш сұрауына жауаб беріб тұр.

Сондықтан «кітаб», «баласына», «Үсен мен» деген сөздер толықтауыш болады. «Кітаб», «баласына», «Үсен мен» деген сөздер – зат-есім (бірінші сөз жалғаулық бен тұр). Жалғаусыз жана жалғаулықсыз толықтауыш **тұура толықтауыш** деб аталады.

Екінші – толықтауыш болатұн сын-есім. Жалғаулы күйінде.

Мыйсал: *Күштіден істі озды.* Кім озды? – *істі.* Істі не қылды? – *озды.* Кімнен озды? – *күштіден*. Мұнда «күштіден» деген сөз «озды» деген байандауышты толықтаб тұр жана **«кімнен?»** деген толықтауыш сұрауына жауаб беріб тұр. Сондықтан «күштіден» толықтауыш болады. «Күштіден» – сын-есім (жалғаулы).

Үшінші – толықтауыш болатұн сан-есім, жалғаулы күйінде. Мыйсалы. *Бала төрт бен бесті қоса алмады.* Кім қоса алмады? – *бала*. Бала не қылды? – *қоса алмады*. Нені қоса алмады? – *бесті*. Не мен қоса алмады? – *төрт бен.* Мұнда «бесті», «төрт бен» деген сөздер «қоса алмады» деген байандауышты толықтаб тұр. Жана **«нені?», «немен?»** деген толықтауыш сұрауларына жауаб беріб тұр. Сондықтан бұлар толықтауыш болады.

«Бесті», «төрт бен» деген сөздер сан-есім (жалғаулы жана жалғаулық қосылған күйінде).

Төртінші – толықтауыш болады есімдік. Мыйсал: 1) *Бізде азық жоқ;* 2) *сенде жазық жоқ.* 1) Не жоқ? – *азық*. Азық нешік? – *жоқ*. Кімде жоқ? – *бізде.* 2) Не жоқ? – *жазық*. Нешік? – *жоқ.* Кімде жоқ? – *сенде.* Мұнда «бізде», «сенде» деген сөздер «жоқ» деген байандауышты толықтаб тұр жана **«кімде?»** деген толықтауыш сұрауына жауаб беріб тұр. Сондықтан бұлар толықтауыш болады.

«Бізде», «сенде» деген сөздер есімдік (жалғаулы күйінде).

Бесінші – толықтауыш болатұн етістік. Етістік толықтауыш болады, көбінесе есімге айналған түрі мен есімше түрінде. 1) Мыйсал: *Күресіуге дәрмен жоқ.* Не жоқ? – *дәрмен*. Дәрмен нешік? – *жоқ.* Неменеге жоқ? – *күресіуге.* 2) Мыйсал: *Жұмаш жүрі үшін қайғырмады.* Кім қайғырмады? – *Жұмаш.* Жұмаш не қылды? – *қайғырмады*. Немене үшін қайғырмады? – *жүріу үшін.* 3) Мыйсал: *Қорыушыны торыушы алады.* Кім алады? – *торыушы.* Торыушы не қылады? – *алады.* Кім алады? – *қорыушыны*. 4) Мыйсал: *Жаман сыйлағанды білмес.* Кім білмес? – *жаман.* Жаман не етбес? – *білмес*. Нені білмес? – *сыйлағанды*. 1-інші мыйсалда «күресіуге» деген сөз «жоқ» деген байандауышты толықтаб тұр. 2-нші мыйсалда «жүріу үшін» деген сөз «қайғырмады» деген байандауышты толықтаб тұр. 3-інші мыйсалда «қорыушыны» деген сөз «алады» деген байандауышты толықтаб тұр. 4-інші мыйсалда «сыйлағанды» деген сөз «білмес» деген байандауышты толықтаб тұр. Жаната бұл «күресіуге», «жүріу үшін», «қорыушыны», «сыйлағанды» деген сөздер **«неменеге?», «немене үшін?», «кімді?», «нені?»** деген толықтауыш сұрауларына жауаб беріб тұр. Сондықтан бұлар толықтауыш болады («күресіуге», «жүріу үшін» етістіктің есімге айналған түрлері, «қорыушыны», «сыйлағанды» есімшенің осы шақтық, өткен шақтық түрлері).

Алтыншы – толықтауыш болатұн үстеу. Мыйсал: *«Әні» ден «міні» көб* айтылады. Не көб айтылады? – *міні.* «Міні» не ете-

ді? – *көб айтылады.* «Міні» неден көб айтылады? – *«әні» ден*. Мұнда «әні-ден» деген көб айтылады» деген байандауышты толықтаб тұр жана **«неден?»** деген толықтауыш сұрауына жауаб беріб тұр. Сондықтан бұл сөздер толықтауыш болады. «Әні» – үстеу.

Осы сыйақты демеуде, жалғаулықта, одағайда, қатта бүтін сөйлем де толықтауыш бола алады.

1) *«Әше» ден «тағы» көб жұмсалады.* Не көб жұмсалады? – *«тағы»* (бастауыш). «Тағы» не қылады? – *көб жұмсалады* (байандауыш). Неден көб жұмсалады? – «*әше» ден* (толықтауыш). *Әше, тағы* – үстеулер.

2) Мен «дейін» нен «шейін» ді көб айтамын. Кім «дейін» нен «шейін» ді көб айтады? – *мен* (бастауыш). Мен не етемін? – *көб айтамын* (байандауыш). Мен нені көб айтамын? – *«шейін» ді* (толықтауыш). Мен «шейінді» неден көп айтамын? – *«дейін» нен* (толықтауыш). «Дейін», «шейін» – жалғаулықтар.

3) «Ой, Алла»ңнан ойбайым тыныш. Не тыныш? – *ойбайым* (бастауыш). Ойбайым қалай? – *тыныш* (байандауыш). Ойбайым неден тыныш? – *«ой, Аллаңнан»* (толықтауыш). «Ой, Алла!» одағай.

4) «Бай бол» дегеннен адам байымайды. Кім байымайды? – *адам* (бастауыш). Адам не қылмайды? – *байымайды* (байандауыш). Адам неден байымайды? – «*бай бол» дегеннен* (толықтауыш). «Бай бол» – деген бүтін сөйлем.

§ 5. Пысықтауыш сөздер.

Пысықтауыш сөздер деб ғамал пысықтау үшін айтылатұн сөздерді айтамыз. Сөйлем ішінде нәрсенің ғамалын көрсететүн сөз байандауыш. Сондықтан пысықтауыш сөздер байандауышты пысықтайтын сөздер болыб шығады. Бұлар байандауышты қалай пысықтайды? – әуелі байандауыш көрсетіб тұрған ғамалдың мезгілін айтыб, екінші орнын айтыб, үшінші сынын, сыйқын айтыб, төртінші себебін айтыб, бесінші мақсатын ай-

тыб пысықтайды. Сондықтан пысықтауыш сөздердің өзі бес табқа бөлінеді. Жаната әр табы өзінің пысықтау мәнісіне қарай: **мезгіл пысықтауышы, мекен пысықтауышы, сын пысықтауышы, себеб пысықтауышы, мақсат пысықтауышы** деб аталады. Ғамалдың мезгілін, мекенін, сынын, себебін, мақсатын көрсетіу – бұл пысықтауыш сөздердің ішкі белгілері. Бұлардан басқа тысқы белгілері де бар. Әр пысықтауыш сөздің өз алдына жауаб беретүн сұраулары бар. Олар тысқы белгісі болады. Қай пысықтауыш екенін ішкі, тысқы белгілері мен тауыб аламыз.

1) Мезгіл пысықтауышы.

Мезгіл пысықтауышы ғамалдың мезгілін көрсететүн сөз болғандықтан, **«қашан?», «қай уақыт?», «қанша уақыт?»** (жалғаулы-жалғаусыз) сұрауларға жауаб береді.

Мезгіл пысықтауышы болатұн сөз табтары.

Әуелі – мезгіл пысықтауышы болатұн мезгілдік үстеу.

Мыйсал: *Мана қар жауды.* Не жауды? – *қар.* Қар не етті? – *жауды.* Қашан жауды? – *мана.*

Екінші – мезгіл пысықтауышы болатұн мезгілдік үстеуге айналған зат-есім. Мыйсал: *Ертең боран болар.* Не болар? – *боран.* Боран не етер? – *болар.* Қашан болар? – *ертең.*

Үшінші – мезгіл пысықтауышы болатұн мезгілдік үстеуінің орнына айтылған зат-есім.

Мыйсал: *Қатшы күні бойы жазды.* Кім жазды? – *қатшы.* Қатшы не қылды? – *жазды*. Қанша уақыт жазды? – *күні бойы.*

Төртінші – мезгіл пысықтауышы болатұн зат-есім жаната сан-есім мен қосылыб екеуі.

Мыйсал: *Оқыу он сағатта басталды.* Не басталды? – *оқыу*. Оқыу не қылды? – *басталды*. Қай уақытта басталды? – *он сағатта.*

1-інші мыйсалда – «мана», 2-нші мыйсалда – «ертең», 3-інші мыйсалда – «күні бойы», 4-інші мыйсалда – «он сағатта» деген сөздер болған ғамалдың мезгілін көрсетіб тұр. Жана **«қашан?», «қанша уақыт?», «қай уақытта?»** деген мезгіл пысықтауы-

шының сұрауларына жауаб беріб тұр. Сондықтан бұл сөздер мезгіл пысықтауышы болады.

«Мана» – мезгілдік үстеу, «ертең» – мезгілдік үстеуіне айналған зат-есім, «күні бойы» – мезгілдік үстеу орнына айтылған зат-есім, «он сағатта» дегеннің – *оны* сан-есім, *сағаты* – зат-есім.

2) Мекен пысықтауышы.

Мекен пысықтауышы ғамалдың орнын көрсететүн сөз болғандықтан, **«қайда?», «қайдан?», «қалай?»** деген сұрауларға жауаб береді.

Мекен пысықтауышы болатұн сөз табтары:

Әуелі – мекен пысықтауышы болатұн мекендік үстеу.

1) Мыйсал: *Атты әрман бара жатыр.* Кім бара жатыр? – *атты.* Атты нешік? – *бара жатыр*. Қайда бара жатыр? – *әрман*.

Екінші – мекен пысықтауышы болатұн мекендік үстеуге айналған зат-есім.

2) Мыйсал: *Тыста тықыр естілді.* Не естілді? – *тықыр.* Тықыр не қылды? – *естілді.* Қайда естілді? – *тыста.*

Үшінші мекен пысықтауышы болатұн зат-есім өз қалыбында.

Мыйсал: *Қапаш қалаға кетті.* Кім кетті? – *Қапаш*. Қапаш не қылды? – *кетті.* Қайда кетті? – *қалаға*.

Төртінші – мекен пысықтауышы болатұн мекен үстеуіне айналған есімдік.

Мыйсал: *Мұқан мұнда келді.* Кім келді? – *Мұқан*. Мұқан не қылды? – *келді.* Қайда келді? – *мұнда*.

Бесінші – мекен пысықтауышы болатұн үстеу орнына айтылған есімдік.

Мыйсал: *Оспан осынан аттанды.* Кім аттанды? – *Оспан.* Оспан не қылды? – *аттанды*. Қайдан аттанды? – *осынан.*

Алтыншы – мекен пысықтауышы болатұн үстеуге айналған зат-есім. Мыйсал: *Қонақ тысқа шықты.* Кім шықты? – *қонақ.* Қонақ не қылды? – *шықты*. Қайда шықты? – *тысқа.*

Жетінші – зат-есім мен үстеуге айналған көсемше қосылыб мекен пысықтауышы болады.

Мыйсал: *Қалашы елге қарай бұрылды.* Кім бұрылды? – *қалашы.* Қалашы не қылды? – *бұрылды*. Қалай қарай (қайда) бұрылды? – *елге қарай.*

1-інші мыйсалда «әрман», 2-нші мыйсалда «тыста», 3-інші мыйсалда – «қалаға», 4-інші мыйсалда – «мұнда», 5-інші мыйсалда «осынан», 6-ыншы мыйсалда – «тысқа», 7-нші мыйсалда – «елге қарай» деген сөздердің бәрі ғамал орнын көрсетіп тұр жана **«қайда?» «қайдан?», «қалай қарай?» (қайда)** деген мекен пысықтауыштың сұрауларына жауаб беріб тұр. Сондықтан бұл сөздер мекен пысықтауышы болады.

«Әрман» – мекендік үстеу, «тыста» – мекендік үстеуіне айналған зат-есім, «қалаға» – зат-есім, «мұнда» мекендік үстеуге айналған есімдік, «тысқа» үстеуге айналған зат-есім, «елге қарай», «елі» – зат-есім, «қарайы» – үстеуге айналған көсемше.

3) Сын пысықтауышы.

Сын пысықтауышы ғамалдың сынын көрсететүн сөз болғандықтан, **«қалай?» «қалайша?» «кәйтіб?»** деген сұрауларға жауаб береді.

Сын пысықтауышы болатұн сөз табтары:

Әуелі – сын пысықтауышы болатұн сынаулық үстеулер.

Мыйсал: *Тазы түлкіге әрең жетті.* Кім жетті? – *тазы*. Тазы не қылды? – *жетті*. Кімге жетті? – *түлкіге*. Қалай жетті? – *әрең.*

Екінші – сын пысықтауышы болатұн үстеу орнына айтылған зат-есім.

Мыйсал: *Құс ұшар жүйесі мен аспандағы.* Не ұшар? – *құс.* Құс не қылар? – *ұшар.* Қай құс? – *аспандағы.* Қалай ұшар? – *жүйесі мен.*

Үшінші – сын пысықтауышы болатұн үстеуге айналған зат-есім. Мыйсал: *Бала шалқасынан құлады.* Кім құлады? – *бала.* Бала не етті? – *құлады*. Қалай құлады? – *шалқасынан.*

Төртінші – сын пысықтауышы болатұн үстеу орнына айтылған зат-есім. Мыйсал: *Әскер жайау жүрді.* Кім жүрді? – *әскер*. Әскер не етті? – *жүрді.* Қалай жүрді? – *жайау.*

Бесінші – сын пысықтауышы болатұн үстеуге айналған есімдік. Мыйсал: *Омар олай ойламады.* Кім ойламады? – *Омар*. Омар не қылды? – *ойламады.* Қалай ойламады? – *олай.*

Алтыншы – сын пысықтауышы болатұн сан-есім.

Мыйсал: *Балшы ноқатын төрт-төрттен санады.* Кім санады? – *балшы.* Балшы не қылды? – *санады*. Нені санады? – *ноқатын*. Қалай санады? – *төрт-төрттен*.

Жетінші – сын пысықтауышы болады көсемше.

Мыйсал: *От саулаб жанды.* Не жанды? – *от.* От не қылды? – *жанды.* Қалай жанды? – *саулаб.*

1-інші мыйсалда – «әрең», 2-нші мыйсалда – «жүйесі мен», 3-інші мыйсалда – «шалқасынан», 4-інші мыйсалда – «жайау», 5-інші мыйсалда – «олай», 6-ыншы мыйсалда – «төрт-төрттен», 7-інші мыйсалда «саулаб» деген сөздер ғамалдың сынын көрсетіб тұр жаната **«қалай?»** деген сын пысықтаушының сұрауына жауаб беріб тұр. Сондықтан бұл сөздер сын пысықтауышы болады.

«Әрең» – сынаулық үстеу, «жүйесі мен» – үстеу орнына айтылған сын-есім, «олай» – үстеуге айналған есімдік, «төрт-төрттен» – сан-есім, «саулаб» көсемше.

4) Себеб пысықтауышы.

Себеб пысықтауышы ғамалдың себебін көрсететүн сөз болғандықтан, **«неден?», «неге?», «неліктен?», «не себебтен?»** деген сұрауларға жауаб береді.

Әуелі – себеб пысықтауышы болатұн зат-есім.

Мыйсал: *Атасы аштан өлібті.* Кім өлібті? – *атасы*. Атасы не қылыбты? – *өлібті.* Неден өлібті? – *аштан.*

Екінші – себеб пысықтауышы болады есімше.

Мыйсал: *Бала ұйалғанынан қызарды.* Кім қызарды? – *бала.* Бала не қылды? – *қызарды.* Не себебтен қызарды? – *ұйалғанынан.*

Үшінші – себеб пысықтауышы болатұн үстеуге айналған есімдік.

Мыйсал: *Сондықтан от жанбады.* Не жанбады? – *от.* От не қылды? – *жанбады*. Неліктен жанбады? – *сондықтан.*

1-інші мыйсалда – «аштан», 2-нші мыйсалда – «ұйалғанынан», 3-інші мыйсалда – «сондықтан» деген сөздер ғамалдың себебін көрсетіб тұр жаната **«неден?», «не себебтен?», «неліктен?»** деген себеб пысықтауышының сұрауларына жауаб беріб тұр. Сондықтан бұл сөздер себеб пысықтауышы болады.

«Аштан» – зат-есім, «ұйалғанынан» – есімше, «сондықтан» – үстеуге айналған есімдік.

5) Мақсат пысықтауышы.

Мақсат пысықтауышы ғамалдың мақсатын көрсететүн сөз болған соң **«неге?» «не үшін?»** деген сұрауларға жауаб береді.

Мақсат пысықтауышы болатұн сөз табтары:

Әуелі – мақсат пысықтауышы болатұн етістік.

Мыйсал: *Жұрт өлең тыңдауға жыйылды.* Кім жыйылды? – *жұрт*. Неге жыйылды? – *тыңдауға*. Не тыңдауға? – *өлең.*

Екінші – мақсат пысықтауышы болатұн етістіктен есімге айналған жаната «үшін» жалғаулық қосылған сөздер.

Мыйсал: *Жігіт қыз таңдау үшін жүрібті.* Кім жүрібті? – *жігіт.* Жігіт не қылыбты – *жүрібті.* Не үшін жүрібті? – *таңдау үшін*. Не таңдау үшін? – *қыз.*

Үшінші – мақсат пысықтауышы болатұн зат-есім.

Мыйсал: *Біреу танысына қонаққа барыбты.* Кім барыбты? – *біреу.* Біреу не қылыбты? – *барыбты*. Кімге барыбты? – *танысына.* Неге барыбты? – *қонаққа.*

1-інші мыйсалда – «тыңдауға», 2-нші мыйсалда – «таңдау» (үшін), 3-інші мыйсалда – «қонаққа» деген сөздер ғамалдың мақсатын көрсетіб тұр жана **«неге?» «не үшін?»** деген сұрауларға жауаб беріб тұр. Сондықтан бұл сөздер мақсат пысықтауышы болады.

«Тыңдауға» – етістік, «таңдау» – есімге айналған етістік, «қонаққа» – зат-есім.

§ 6. Бұратана сөздер.

Бұл айтылған сөйлем мүшелерінен басқа сөйлем маңайында жүретүн бұратана сөздер болады. Ол бұратана сөздер екі түрлі: бір түрі сөз арасына керек жерінде қыстырыла айтылатұн сөздер. Бұлар **қыстырма сөз** деб аталады. Қыстырма сөздер сөйлем ішіндегі басқа сөздері мен үйлесбейді, байласбайды. Алыб тастағанда орны ойсырай қоймайды.

Екінші түрі сөз бетін біреуге қарата, қадаб сөйлегенде айтылатұн сөз. Бұлар **қаратба сөз** деб аталады.

Бұлар да сөйлем ішіндегі басқа сөздер мен үйлесбейді, байласбайды.

а) Қыстырма сөз.

Аурыу, әрійне, жақсы нәрсе емес. Әзірге, шүкір, жаман емесбіз. Бұл сөйлемдерге қыстырылыб айтылыб тұрған қыстырма сөздер «әрійне» мен «шүкір» деген сөздер. Бұлар басқа сөздер мен үйлесіб, байласыб тұрған жоқ, құр қыстырылыб тұр. Оны алыб тастағанда да, сөйлемге келе қойатұн кемшілік жоқ. Мәселен: *аурыу жақсы нәрсе емес* десек немесе *әзір жаман емесбіз* десек, «әрійне» мен «шүкір» деген сөздердің орны үңірейіб, жоқтығы сезіліб тұрған жоқ.

б) Қаратба сөз.

Қызым, саған айтамын, келінім, сен тыңда! Сөз тыңдаңыз, әлеумет! Әй, Әлжан, қайда барасын? Құдай, оңда! Оңға баста!... Мұнда қаратба сөз болатұндар: «қызым», «келінім», «әлеумет», «Әлжан», «Құдай», үйткені сөз беті соларға қаратылыб айтылыб тұр.

Сөйлем мүшелерін айырыуға керек сөйлем мыйсалдары

Сөйлем мүшелерін айыртыу жүзінде сөйлем мыйсалдары мен үш түрлі іс істеледі: 1) өлең мен жазылған сөйлемдерді өлеңсіз түрге айналдырыу, 2) сөйлем ішіндегі мүшелерін айыр-

тыу, 3) сөйлемнің қажет болған түрлерін оқыушылардың өзіне табқызыу.

Ат арыды, тон тозды. Бұлт шықты, жел күшейді, дауыл болды, күн жауды. Күн батты, ымырт жабылды. Қасқыр шабты, қой үрікті, ийт шұулады. Егін шықты, астық арзанда-ды, ел тоғайды.

Тау тауға қосылмайды, адам адамға қосылады. Жомарт жоқтығын білмейді, жүйрік тоқтығын білмейді. Жақсы жатырқамайды. Аңқау аңдамайды, әңгі тыңдамайды. Жалқау жаратбайды. Аурыу аздырады, сұуық тоңдырады. Үлкен бастар, кіші қостар. Ескі жаңа болмас, жаман жақсы болмас. Шірік шірітеді, бұзық бүлдіреді.

Біреу екеу болмас, екеу үшеу болмас. Аларманға алтау аз. Жүзді мың жығады. Түгел төртеу ала алтауды алады. Қырықтан еліу көб. Біріншісі берді, екіншісі алды.

Мен келдім Мырзалыңның ордасына. Сен маған қарамадың. Ол саған атын бере алмайды. Өзім бара алмадым, сөзім жете алмады. Олар көшіб кетті, біздікі еріу қалды. Өзі жығылған өкінбейді. Еттің бәрі қазы болмас, Ийттің бәрі тазы болмас. Бұлар бүгін жүреді, олар ертең кетеді.

Сөздің расын айтбақ керек. Көбке ұнамақ қыйын. Ат ұстаған азабынан құтылар. Асыққан жетбес, бұйырған кетбес. Ас қадірін ашыққан білер, ат қадірін асыққан білер. Беріуші бесті қыймайды, алыушы алтыны азсынады. Ескерген ескі асынан сақтайды. Ұйалған тек тұрмас. Атқанның құсын жатқан байланар. «Тағы» жұуан айтылады, «әбдан» жіңішке айтылады. «Тібті» – нықтаулық үстеу, «адамша» – сынаулық үстеу. «Ма», «ба» сұрағанда айтылады. «Да» екі маганада айтылады. Отырғандардың құлағына «ойбай» естілді. «Айтақ» қойылды, «аттан» естілді. «Шәуім-шәуім» – одағай. «Арқылы» – жалғаулық. «Менен» – мен болған. «Таман» жақындауды көрсетеді. «Көрдім» деген көб сөз, «көрмедім» деген бір сөз.

Ашыу – кәпір, ақыл – дос, ақылыңа ақыл қос. Жақсы сөз сүйіндіреді, жаман сөз күйіндіреді. Ақымақты үйретіу – өлгенді

тірілтіу. Оқыу түбі – тоқыу, өнер алды – қызыл тіл. Тыймаған ауызда бәле бар. Тіл қылыштан өткір. Адам сөзінен жазар, сыйыр мүйізінен жазар. Жүздің көркі – сақал, сөздің көркі – мақал. Тауды, тасты жел бұзар, адам-затты сөз бұзар. Тамақ тоқ, көйлек көк, уайым жоқ. Аузы жаман елді былғар, айағы жаман төрді былғар. Жастық – мастық. Оңқа ойын бұзар, тентек жыйын бұзар. Жаман еркек той бұзар, жаман әйел үй бұзар. Елсіз көлге бақа айғыр. Біреудің өзі жақсы, біреудің көзі жақсы. «Ел біледі» деген күлер, «өзім білем» деген бүлер. Ел құлағы еліу. Алдыңғысы алты, кейінгісі жеті. Сөйлеген – мен, тындаған – сен. Берген – өзі, алған – өзі. Малың – анау, ұрың – мынау. Сан сұрауы – «неше?», сын сұрауы – «қандай?». Дәйекшілі үстеу – «әрі», дәйекшісіз үстеу – «бері». «Ол» дан тұуған олай, «бұл» дан тұуған бұлай, «сол» дан тұуған солай. «Білемін» деген «бүлемін» деген. Жомарт ер жоқтығын білмейді, жүйрік ат тоқтығын білмейді. Ийт тойған жерін іздейді. Жүк ауырын нар көтереді, қаза ауырын ер көтереді. Жақсылыққа жақсылық әр кісінің ісі ді, жамандыққа жақсылық ер кісінің ісі ді. Жаңбыр мен жер көгереді, бата мен ер көгереді. Бітісі жаман қамысты сұу ішінен өрт шалар, тұуысы жаман жігітті түйе үстінен ийт қабар. Есек семірген күні ийесін тебер. Жақсының шарапаты тійер тар жерде, жаманның кесепеті тійер әр жерде. Жақсы жүрген жеріне кент салады, жаман жүрген жеріне өрт салады. Жорға жүрісінен бұл болады, жаман жүрісінен құл болады. Жаман ерден жайдағым жақсы, жаман қатыннан бойдағым жақсы. Өзі ұры жұрттың бәрін «ұры» дейді, өзі қар жұрттың бәрін «қар» дейді. Ұры өле-өлгенше ақбын дейді. Көб жортқан түлкі терісін алдырады. Алдырған анасының қойнын ашады. Шығасыға ийесі басшы болады. Қалқы жаманның бійі азады, қатыны жаманның үйі азады. Жанын айамаған жау алады, малын айамаған дау алады. Сөз жүйесін табады, мал ийесін табады. Шоқбарды сала алмаған өзіне тійгізеді. Тау белгісі тасында, бай белгісі асында. Ақыл мен жан – мен өзім, тән менікі. Мені мен менікінің мағанасы екі. Мен өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан.

Бұл тойда табтан озған мен айтамын. Сөйлемес бөтен қазақ мен тұрғанда. Аузымда Тәңірі берген жел тұрғанда. Той қылмақ бұл дүнійенің зейнеті еді. Бір баланың зарынан жыйынтойға бармадым. Құлдан көрдім қорлықты, жалшыдан көрдім зорлықты.

Майқара Қарасайға бітер қалың. Қошалақ семіртеді арғын малын. Қарасай Қошалақты мекен еткен. Бір жылы Кене-сары ағаларым, қаңтарда Қошалақты мекен еткен. Жайлауға Торғай сұуын көктей өткен. Қарасай, Қошалақтың қара отына, Наурызбай, Кене-сары мал семірткен. Қасында төлеңгіті жүз-қаралы үй. Жігіттің айтқаны өлең, тартқаны күй. Кесібі жортыуылдан мал әкеліу. Қанына жақсы ат тартқан алады сый. Жыйылған атақты аттар талай жерден, Барлығы асқан жүйрік тайпалы елден. Бір күні бір үш жігіт атқа мінген. Тұсаулы жауыр торы оттаб тұрған. Желқом ер жерде жатыр басы сынған. Үшеуі жөнеледі елге таман. Бір жігіт, бір ат олжа, өздері аман. Үшеуі бійшараны ортаға алған. Қарасай ел жағына кейін салған. Біз сені Кене-қанға апарамыз. Тайынан бұл торымды бағыб едім. Үкіні құйрық, жалға тағыб едім. Түн қатыб үш-төрт күндей олар жүрді. Еліне қан Кененің жақын келді. Үшеуі ол жігітке жауаб берген. Қан Кене зекет алады көшкен елден. Жатбайды жігіттері қанның текке. Жолыққан жортыуылшы шығар шетке. Семізін келген малдың сойыб жеген. Олжада жетім-жесір малдан артық: келеді қалқы олардың тартыу тартыб. Халыққа Кене жатыр қорқыу салыб. Төңіректе ел қалмады бағынбаған. Бақыты Кене-қанның қабындаған. Бұл күнде күшті боб тұр Кене-сары. Кенеге бағынған ел қойдан жұуас. Қыстауға Жыланшыққа мекен салдық. Быйыл қыс қатты болды, жұтаб қалдық. Жаббаста Жылгелдінің баласы бай. Айдарға мал, артарға атаны сай. Бесінде бұл төртеуі елге келді. Алыстан ел қарасын көзі көрді. Жайлаған Қарасайды жүз қаралы үй. Бійшара тұтқын жігіт ой ойлайды. Ортада қатар тіккен үш ақ орда. Алыстан көрінеді жігіт сорға. Үй сайын байлаулы ат, қара найза. Белдеуде қыстырылған бір-бір

дорба. Далада Кене-сары жүрген екен. Төртеуін Кене-сары көзі көрді. Айтады сонда тұтқын: Алдыйар, қан! Қорқады қаһарыңнан неше мың жан. «Ерлік бен мені байлаб алдым» деген, тақсыр-ау, жігітіңнің сөзі жалған. Мен, тақсыр, ұйықтаймын деб ғапыл қалдым. Үшеуің қаңдарыңа өтірік айтба. Жерімде ұйықтаб жатқан байлаб алдың. Қапы қалдым, атыма міне алмадым. Білекке қылышымды іле алмадым. Тақсыр-ау, астымда атым жүйрік желден. Жарыста озыушы едім қалың елден. Мақтаған тұтқын жігіт осы ма атың? Әлгі желден жүйрік асыл затың? Мәстекті тайыншадан оза алмайтұн, жібермес жүйрік дейсің ердің датын. Жүйрік жоқ алты алашта торы атымдай. Байағы қолда ықтыйар тұрған күнде Атыма алмаушы едім екі жүз тай. Не пайда! Торы атыммен қаша алмаймын. Елестеб белден белге аса алмаймын. Кене қан ордасына қарай жүрді. Арқанда жатыр торы тойыб алған. Қызарыб күн батысқа күн де барған. Қызарыб таң атады шығыс жақтан. Көрсетті күнде нұрын шашыратқан. Құйынған шық сұуына шалғын мен қау. Терлеген орман ағаш, бақша мен бау. Бійік шарлаб ұшады боз торғайлар. Түндік жабық, кійіз үй іші самал. Қорада қыймылдамас бір қара мал. Бәйтөбеттер ұйқыда: дыбысы жоқ. Тәтті ұйқыда барлығы жаралғанның естілмес дыбысы шығыб жалғыз жанның. Күн сәске көтерілді сағым жүріб. Желге үйездеб тұр жылқы келіб. Түндігі Кене қанның ашылады. Халыққа қан жарлығы шашылады. Аты жүйрік талабкер құусын дейді. Кене қан бір тұтқынды қашырады. Бір шаншыб жеткен жерде жоқ қылыуға. Найзасын өткір қылыб қайраған бар. Қан үшін тұу түбіне жайған кілем. Патсайы көрпе төсеб қойған білем. Торы атқа тұтқын жігіт қамшы басты. Ілезде жауыр торы белден асты, Қырық адам бір адамды құуыб кетті. Шаңдағы шабқан аттың көкке шықты. Құуғыншы кешке жақын қайтыб келген. Жүйрігін жауыр аттың айтыб келген.

Сәске түсте кійіз үй іші салқын. Салқын қымыз қыздырар қазақ қалқын. Сыйлы-сыйлы Кененің жігіттері жыйылысқан. Ордаға ердің бәрі. Қан атасы төрде отыр. Өтетілеу босағада

тобталған нөкерлері. Осындай әурелік бен жаз өтеді. Қараңғы түндері ұзақ күз жетеді. Ауылдың жігіттері кезек-кезек Қасқырдан қойды түнде күзетеді. Арқаннан Құбақанды шешіб алдым. Қойшының желқом ерін оған салдым. Өткен қыс Жайық бойын жағаладым. Жаббасым, сөйлер сөзге кен екенсін. Еліннен шығыб жүрген ер екенсін. Арамза аңқау елге заңқой болған, Кеншім-бай деген молда сен екенсін. «Көбті сөкбе, кенді төкбе» деген қайда? Байқадым өнеріңді шен екенсін. Атаңыз есітемін қара көзді. Айтасын маған неге жаман сөзді? Жүсіб-бек, Нүреке мен асқан заңға. Жүргенде жол бермейді тірі жанға. Жақсысын сіздің елдің көріб жүрмін. Тең келер осыларға кісің бар ма? Жаббасым, сен мақтама Мырқыңызды. Әуелі Мырқы бұзған нырқыңызды. Жаббасым, мен де айтайын бас адамды. Мақтайсың қай-қайдағы нас адамды.

Ійт жаманы ійесін қабар. Қара таудың басынан көш келеді. Қара көзден мөлтілдеб жас келеді. Үш жүзге біздің қазақ бөлінеді. Осылай шежіреден көрінеді. Болмайды кемшіліксіз еш бір қалық, Бәрінен кейін қалған қазақ анық. Басқа жұрт біз секілді жалқау емес. Ғылым мен қараңғыны етер жарық. Оқыуға жұрттың бәрі емес құмар. Айырсын оқыушылар маганасын.

Сатады қызды қазақ мал орнына. Ол Кебек мықты болған жас басынан. Тоқаң да тастамайды өз қасынан. Он бесінде Кебектің аты шықты. Мың қарға залал қылмас бір сұңқарға. Әкімдер жаңа өспірім жастан болды. Басына ұрылардың бостан болды. Әуелі қор болғанның бірі бійлік. Мен көрдім неше жүйрік даналарды. Орысша жазыуларын көрді көзің. Жүректі ұйықтаб жатқан ән ойатар. Құдайа, құдіретіңе таң қаламын. Жолында бір ғашықтың зарланамын. Ішімді ғашық оты күйдіреді, Сыртыма шығарыуға арланамын. Ақ ерке, алма мойын, қалды кейін. Қолымнан жібек баулы ұшты тұйғын. «Татбір жоқ тағдырына» деген мыйсал. Дүнійеде айырылмаған кімніндосты? Канғанда Жақыб ұлы Жұсыб өткен. Жұсыпқа Зылыйқаны ғашық еткен. Ғашыққа қапа көрмек бостан тағы. Ой түсбек бір-біріне достан тағы. Мақсатын осылардың етті қа-

сыл. Әуелде тағдыр құда қосқан тағы. Ғазыйза, қат жазамын, жаным сізге. Жүрегі достыңыздың мәлім сізге. Біраз күн бара алмадым себеб бенен. Өлең мен білдірейін қалым сізге. Досыңның екі болмас айтқан серті. Түбінде терезенің «көкек!» деген: «Қам қалма – бастан дәурен өтед» деген. Қарағым, сапар шектің бөтен елге. «Қош» айтыу қыйын болды кетер жерде. Бұл жерде қатар жүрген төртеу едік. Төртеуіміз мәжілістің көркемі едік. Төртеуіміз келіуші едік күнде кешке, ақ сұңқар бала ійтелгі аршын төске. Қарағым, бөтен елге сапар шектің, досыңды бірге жүрген зар еңіреттің.

Құуаныштың ақыры болды мұндай. Алдымнан қарсы келдің қан-зада қыз! Әр өнер, еркем, сізден табылады. Құрбыңыз еске алғанда сағынады. Жамандар ақылынан жаңылады. Ішім толыб барады қайғы менен. Айырылмасбын деуші едім сүйгенімнен. Басымда тұр бар қайғы дүнійедегі, Өлең менен айтамын күйгенімнен. Ел іші өсек, ғайбат қабтаб жүрген. Жаманның етек-жеңі тар сықылды. Қабағы ашылмайтұн қар сықылды. Сүйейді жамандарды кейбір сабаз, Бүтінді аудырмайтұн нар сықылды. Сыйпаған сыйыр білмес қызметіңді. Сыйлаған жаман білмес құрметіңді. Әр қалай бір сыйапат еткен жаман. Болады атқарғандай міндетіңді. Кей біреу сөйлейтұғын от басында. Ол күні еш бір жан жоқ оған теңдес. Құр кеуде көтерген мен ұзамайды. Үйдегі түздегі мен тұура келмес. Мен жасымнан атандым Мұса Жайау. Жақсылық жамандық бен тұрсын тайау. Шорманның Мұстапасы атымды алған. Сол себебтен атандым Мұса Жайау. Кене-сары, Наурызбай – қан Абылай баласы. Әуелі мекен қонысы – Көкшетаудың панасы. Жазғы жайлау өрісі – о да соның даласы. Өңшең бұзық, қанішер, қасына ерген қарашы. Ақырында не болды? Қырғыздан жетті қазасы. Кене-сары ер болды. Ел ішінде бір болды. Асыуы қыйын бел болды. Қарсы келген адамның көзінің жасы көл болды. Алатаудың жырасы қазыулы дайын көр болды.

Күмісті садақ, алтын оқ Кене кем жауға жолықты. Асаулар үзер шідерді. Кене қан үзді күдерді. Қабағы қанның түнерді.

Қырғызға көше үдерді. Оңайлық бен қазаққа асыуын қырғыз бермеді. Қара балта Соққылық. аңғарынан шаң асты. Қырғыз, қазақ екі жар – жалғыз жолға таласты. Сол уақытта қан Кене ақылынан адасты. Ойдан атқан зеңбірек тау басына жетбеді. Ей, Бұғабай, Бұғабай! Ғамал табшы бұған ай! Былтыр өзің келгеннен, қанның алдың жарлығын. Тайғақ кешіу тар жолда. Қолдың алдың жабдығын. Бір ізіңнен жүргіздің үш алаштың барлығын. Қысылғанда әр қашан білініуші еді нарлығың. Осы сапар, Бұғабай, қырғыздың көрдім қорлығын. Қырғызға лық толыбты Басы тау мен төбенің. Салатұғын алдыма Бұғабай басшы ер дейді, Адыра қалғыр Алатау! Асыуы қыйын бел дейді. Кене қан сонда сөйлейді: Кетбесін жауға ар дейді. Қолдағы өңшең батырдың Іріктеб бәрін ал дейді. Екі-үш жүздей батыр мен Ойранды барыб сал дейді. Қыйын жерде қандарға Болады көмек қарашы. Қысылған жерде әр кімнің Болады Алла панасы. Аз кісіге жақсы ғой Алатаудың арасы. «Мақұл» деді қан Кене Наурыз байдың сөзіне. Сол уақытта Науанның Жан көрінбес көзіне. Отыз жігіт жөнелді Тамам қолдың бектері. Наурызбай кетті бектер мен тау басына барғалы. Тау басына қырғыздың қамалын бұзыб алғалы. Кене-сары бастығы Етекте тұрыб қалғалы. Талаб қылыб ұрынды, Тыңнан бір жол салғалы. Қол көрінбес шаң болды Алатаудың арасы. Қара ағаштай көб қазақ, Қанға болдың қарашы. Ойда Қоқан, қырда орыс, Әкім болды қаласы. Кімнен тайақ жегендей Біздің қазақ баласы. Алдырыб жүрген дұшбанға өз аузының аласы. Дін мұсылман баласы! Бірге міндік кемеге үш алаштың баласы. Байұзақ датқа түсінді бұл жауабтың тегіне. Қанның көңілі соғыб тұр тыңнан бір жол салыуға: Қалай да енді бет қойды. Тау басына барыуға. Ұйат шығар төреден бөлініб кейін қалыуға. Осыны айтыб Байұзақ қамшы болды нөкерге. Талаб қылды Байұзақ бір басшылық етерге. Түсе қалдық бәріміз. Жабыр-жұбыр қол қойдық жасымыз бен кәріміз. Тау басынан шұу шықты. Отыз көкжал бөрі мен Наурызбай төре сол шықты. Болжал-болжал көрінер: жау жоғары, біз төмен. Жеткен екен қамалға Наурызбай сын-

ды сұр перен. Қарқарадай астында Байұзақ берген көк дөнен. Күншығыс жаудың шетінен қамалға кірді көлденен. Ор қойандай бұлтыйған көк дөнен ат астында, Көргұлыға бергісіз отыз көкжал қасында. Наурызбайдың ерлігін, Қырғыз, қазақ сөкбеді. Төренің алдын орады жайау мерген төккелі. Алыб шықты үш жүзден айғыр менен бійесін. Бөліб берді бәріне сыбағалы тійесін. Абылай асбас асыуға Кенекем дүкен құрғаны, Кенекем келді біз үшін үш алаштың қорғаны. Айанбай бүгүн іс көрсет, Таманың батыр Құрманы. Денедегі шыбын жан әр намыстың құрбаны. Жар бола гөр біздерге, Атамыз өткен Абылай! Сендер едің қанатым Меңді-бай, Дұулат, Ағыбай! Дабылың асқан үш жігіт – Шәкір, Жәуке, Төлебай. Ұмтылыңдар, ерлерім! Екі жүз үйдің мекені – Ақ сұудың айақ саласы, Сегіз мыңдай бар еді. Соңғы қолдың шамасы. Он екі мың әскердің көбі Дұулат қалқы еді. Егескенді мұқатбақ – Кене қанның салты еді. Мерген тұтқан ұлығы Мадалы деген сарт еді. Ақауыз деген арғымақ Мадалы берген ат еді. Қара қыстау шұңгірге ығысқан қырғыз қамалды. Қазақтың қолы сыймайды Алатаудың баурына. Дұулатты қан айдады өшіккен қырғыз жауына. Түсіб жатыр ен қырғыз Кене қанның ауына. Он мың кісі ат қойды Кекіліктің тауына. Бұл сабарда жар болды қан Абылай бабасы. Қырғызға лық толыбты Алатаудың арасы. Ей, Наурызбай, ер төрем, Қарайыб жүрмін қаныма. Не жазығым бар еді Кене-сары қаныңа. Алмаған ары қалды ма қырғызда оның тағы да. Абылайдың тұсында қылған ісің жөн келген. Қыстай шабтың елімді; малымды салдың телімге. Балалы арқар баурайда; баласыз арқар маңрайды. Мейрімсіз мұнша іс қылдың: көб мұсылман зарлайды. Не себебтен қан Кене, қырғызға мұнша өшікті; Ақ қалпақты қырғыздан қазаққа берді несібті. Жақсы айтасын, Кәрі-боз, татыу едік сені мен. Сен білмейсін, Кәрі-боз, мойныңдағы жараңды. Тібті де үміт қылмаймын сендегі қатын-баладан. Жолығыбты аңсызда Ер-жан батыр аранға. Енді мұнда тақсыр қан тұрмағымыз арамды. Қолға толды Самса мен Қызыл сұудың кемері. Шығар мезгіл тайанды, Ат бен ердің өнері.

Бедер кірді майданға, Қырғыздың бір баласы. Батырлардың майданда қызбас болды ойыны. Қайғыға толды бұ сапар қазақтардың қойыны. Сегіз кісі жөнелді Наурызбайдың соңынан. Шаба алмайды қазақы ат тас бен таудың тоңынан. Бедер менен Наурызбай Жақындасыб барысты. Астарына мінген ат ауыздық бен қарысты. Ат үстінде алысты, найза менен салысты. Бір-біріне жабысты; керегедей қабысты. Бедер барыб жығылды күрең қасқа аттың сауырынан. А, құдайлаб шұулады үш алаштың баласы. Шанышқан екен Наурызбай Ер Бедерді жүректен. Науан бұ жол ағытты ерлігінің тійегін. Кене қан қақты ійегін, Бұқарбай батыр әкелді Ер Бедердің сүйегін. Олжа Болат баласы Ораз кірді майданға Ер Бедердің артынан. Байағы сөзден Ағыбай қарайған екен қанына. Әзір оңға қараб тұр Наурызбайдың жұмысы. Әзір аса біткен жоқ қан Кененің тынысы. Қара ала атты бір қырғыз Жанқараш бектің інісі жекелеб кірді майданға. Батыр екен мұнысы. Наурызбай қарсы шабады жеке шыққан батырға, Қан ійек қақты нөкерге. Алдында әскер жоқ болды. Зеңбіректің аузына Селдір сійрек дөб келді. Сегіз кісі ұшырады Селдір сійрек шетінен. Бір атты атыб ұшырды қолдың арғы бетінен. Көңілі бітті Науанның түз татырған еріне. Науан тағы жөнелді таудың төскей өріне. Жөңкіліб жүрген қырғыздың Наурызбай үстін қабтады. Жалғыз барған төрені бәрі тегіс атқаны. Лаб қойа шабты қырғыздар мергеннің атын бергелі. Алдалаб жүрген қырғыздың желі тұуды оңынан. Ай мүйізді қошқардың бөрі тартты қоңынан. Мұрттай ұшты Ақауыз бір мылтықтың оғынан. Наурызбайға лаб қойды қалың қырғыз шоғынан. Қызыл сұу мен Дауанның аңғарынан шаң асты. Төреден қазақ адасты. Қырғыз, қазақ екі жақ – Наурызбайға таласты. Қыйада жүрген Бұқарбай атына қамшы бір басты. Бұл екеуін қорғауға Ағыбай сыртын айналды. Бұқарбай мен Наурызбай мінгесіулі бір атқа, Бұлардың қолы байланды. Жалғыз өзі Ағыбай қорғауға әлі келмеді. Қолындағы жарағын оңды-солды сермеді. Атасы даңды – Абылай, Бұқарбай мен Науанға өшікті қырғыз жабылдай. Кер-

тайлақ атты жеткізді Жәуке менен Төлебай. Шұбыртбалы Ағыбай талайды шанышты жүректен. Ала бір таудың жылғасы, Бауырында ойнар құлжасы. Тар жерде жолдас болады ерлердің найза құрдасы.

Белсеніб жауға шабады жігіттің жанға мырзасы. Сүйегімнен бұл таңба өле-өлгенше қалмайды. Мен айтайын бір мыйсал. Төрелер мен қазаққа жақындады бір қысаң. Ер-жан түсті қырғызға, О да болды бір нысан. Ендігі жерде сөйлейін болған істі бастағы. Жұрттан бұрын Нысанбай жоқ сұмдықты бастады: Қобызы қалды қосшыда, түзеді бетті қашқалы, Өз басын ғана құтқармақ, Ойламады басқаны. Бұл сапарда қазақтың болмады қабыл тобасы. Рүстем мен Жұуатай – төренің нағыз баласы үндес болды қырғыз бен. Он екі мың дұулатты қашырды түнде расы. Қазақтың көбі қырылды, мойнына болсын жазасы. Сол барғаннан төрелер елге қайтыб келмеген.

Тобшысынан үзілді екі бірдей қанатым. Пайда үшін біреу жақын бүгүн таңда. Ендігі жұрттың сөзі – ұрлық-қарлық. Саналы жан көрмедім сөзді ұғарлық. Осы күнде осы елде дәнеме жоқ, Байлар да мал қызығын біле алмай жүр. Саудагер тыныштық сауда қыла алмай жүр. Естілер де ісіне құуанбай жүр. Қарындас қара жерге тыға алмай жүр. Бір күшті көб тентекті жыға алмай жүр. Жетіліб жаз жайлауға қона алмай жүр. Күз күзеуде жанжалсыз бола алмай жүр. Қыс қыстауын қыб-қызыл о бір бәле. Жасы кіші үлкенінен ұйалмай жүр.

Сұрамсақтар нәпсісін тыйа алмай жүр. Осындай сыйдаң жігіт елде мол ақ. Бәрі де шарыуаға келеді олақ. Олардың ойында жоқ малын бақбақ. Бір дәурен кемді күнге боз балалық, Жастықта бір күлгенің бір қаралық. Күлкі баққан бір көрер бійшаралық. Ат арықтар, тон тозар, кәдір кетер, уайым – ер қорғаны, есі барлық. Қыйыны бұл дүнійенің қолы тарлық, ехе-ехе-ге елірме, боз балалар! Бұл бес күндік бір майдан ер сынарлық. Алдында уайым көб шошынарлық. Ақыл керек, ес керек, мінез керек. Ері ұйалар іс қылмас қатын зерек. Өзін өзі күндейді. Мәз болады болысың арқаға ұлық қаққанға. Өзгелерді біз емес,

түсірмекші қақбанға. Білімдіден шыққан сөз талабтыға болсын кез. Нұрын, сырын көріуге көкірегінде болсын көз. Жүрегі – айна, көңілі – ойау. Сөз тыңдамас ол байау. Өз өнері тұр тайау Ұқбасына сөзді тез. Әбілет басқан елер ме, сөзге жұуық келер ме? Байлаулы емес ақыл-ой. Бай сейілді бір бейілді. Елде жақсы қалмады. Жөнді-жөнсіз сөз тыңдаусыз.

Бас бен айақ – бір есеб. Кетті бірлік, сөнді ерлік. Енді кімге біт демек. Өтті өмір, қайтты көңілім Бұл дүнійенің ісіне. Түсті мойын, толды қойын; ақты сел. Мен паң едім, Бій-қам едім. Еш нәрседен қайғысыз. Тез дерттендім; Кейде өртендім; Кейде – мұз. Заман ақыр жастары (бар). Қосылмас еш бір бастары (бар). Саудасы ар мен ыйманы, Қайрат жоқ бойын тыйғалы. Күлімдеб келер көздері. Қалжыңбас келер өздері. Қайғы шығар ілімнен, Ыза шығар білімнен, Зар шығады тілімнен, Ақыл біт-бес дәулетке. Дәулет біт-бес келбетке. Бас алқа сөз сенде жоқ. Ел қағынды; Мал сабылды, Ұрлық-өтірік гууде-гуу, Байы бас-бақ; бійі сасбақ; Әулекі асбақ, сыпыра құу. Бұрынғы түсті еске. Көрінбе ел көзіне әсте қорқақ. Жанды жан демейтұғын жан шығыб бақ. Анда-санда құтырған жаман емес. Жұрт – бала: еш нәрсесін тартыб алма. Тар жерде тайпалыудан танба әр кез. Кеудесі толған құулық ой. Бәрі де пысық езбе емес. Құмары оның айт бен той. Талай сөз бұдан бұрын көб айтқанмын. Қазақтың өзге жұрттан сөзі ұзын. Бірінің бірі шабшаң ұқбас сөзін. Көздің жасы, жүректің қаны менен ертіуге болмайды ішкі мұзын. Тәуекелсіз, талабсыз мал табылмас. Еңбек қылмас еріншек адам болмас. Мал кетер; мазаң кетер; ар бұйырмас. Асаған ұрттағанға ез жұбанар. Сенімді дәулет емес ол құуанар, Кезеген ійт тым ақ көб біздің тұста, Малға достың мұңы жоқ малдан басқа. Аларында шара жоқ алдамасқа. Өзі шошқа өзгені ійт деб ойлар. Мақтамайды еш кімді бұл күнде көб. Тұуғызан ата-ана жоқ. Тұуғызарлық бала жоқ. Толықсыб жүрер шама жоқ. Жастарға жаббас жала жоқ, қартаң шалда сана жоқ. Бір сұлыу қыз тұрыбты қан қолында. Қан да жанын қыйады қыз жолында. Күзетші, қыз – келіншек, жүр соңында. Де-

ген сөз: «Бұқа бұуға, тентек дұуға». Қан қарық боб түсіб жүр айқай шұуға. Жар тастан қыз құлабты терең сұуға. Сән, салтанат жұбатбас жас жүректі. Ебке көнер ійт жүрек сатыу емес. Есерлер жас қатынды тұтады екен. Мал өмірді жаңғыртбас, Құдай ұрғыр. Құрбыдай қош тұттым жасың мен кәріңді. Ортаға көб салдым өзім де барымды... «Ұйаламын» дегені көңіл үшін. Ұсақ құулық бір ғана өмір үшін. Жалығыу бар, шалқыу бар, іш пысыу бар. Жаңа сүйгіш адамзат «көрсе қызар». Өзің үлкен; қылығың бала-шаға. Балаша мәз боб жүрсін тамашаға. Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы. Қыйыннан қыйыстырар ер данасы. Айтыушы мен тыңдаушы – көбі надан. Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы. Қазаққа өлең деген бір қадірсіз былшырақ көрінеді. Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлаб. Тұуғанда дүнійе есігін ашады өлең. Өлең мен жер қойына кірер денең. Өмірдегі қызығың бәрі өлең мен. Өлең деген әр сөздің ұнасымы. Қарны тоқ қаса надан ұқбас сөзді. Көб тойда сөз ұғарлық кісі аз ақ. Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін; Көкірегі сезімді, тілі орамды Жаздым үлгі жастарға бермек үшін. Сөз айттым Әзірет Әлі айдағарсыз, Мұнда жоқ алтын ійек сары ала қыз. Батырдан барымташы тұуар даңғой. Көңіл құсы құйқылжыр шар тарабқа. Салған ән – көлеңкесі сол көңілдің. Ұйықтаб жатқан жүректі ән ойатар; Оның тәтті оралған мәні ойатар. Баламды медресеге біл деб бердім. Түбінде тыныш жүргенді теріс көрмедім. Келдік талай жерге енді, Кіріуге қалдық көрге енді. Күңгірт көңілім сырласар Сұрғылт тартқан бійуаққа. Жасымда албырт өстім ойдан жырақ. Ой кіргелі тіймеді ерік өзіме. Ішім толған ұу мен өрт; сыртым дүрдей. Өлең шіркін өсекші жұртқа жайар. Жүрегім менің қырық жамау. Қайғысыздың бәрі асау. Алдымызда айла жоқ. Дүнійені, көңілім, кезесін. Құлбырған жасыл жер жүзі. Айттым сәлем, қаламқас! Саған құрбан мал мен бас. Сенен артық жан тұумас. Бір өзіңнен басқаға ынтықтығым айтылмас. Асыл адам айнымас. Сізде сымбат (бар); бізде ықылас (бар).

ЕКІНШІ БӨЛІМ.

Сөйлем түрлері.

§ 1. Жалпы түрлері.

1) Болымды сөйлем.

Не жайынан да болса болдыра, бар қыла сөйлеген сөйлем **болымды** деліб аталады.

Мыйсал: *Еділ бойы тоғай бар; тоғай толған ноғай бар; Бұурыл атта бұғау бар; оны да кесер егеу бар; Сом темірге балға бар; сұмсынғанға Алла бар; Қас жорғадан жортақ тұуар; қас батырдан қорқақ тұуар;Қас шеберден шорқақ тұуар; Сай сайға құйар; Бай байға құйар. Қатты жерге қақ тұрар; Қайратты ерге мал тұрар. Көб қорқытар, терең батырар. Үлкен бастар. Кіші қостар.*

2) Болымсыз сөйлем.

Не жайынан да болса болдырмай, жоқ қыла сөйлеген сөйлем **болымсыз** деліб аталады.

Мыйсал: *Жер жұтыуға тоймайды; от отынға тоймайды, кісі ойға тоймайды, бөрі қойға тоймайды. Жалғыз ағаш үй болмас, жалғыз жігіт бій болмас. Тез қасында қыйсық ағаш жатбас. Байлық мұрат емес, жоқтық ұйат емес. Тұура бійде тұуған жоқ; тұуғанды бійде ыйман жоқ. Сыйыр сыйпағанды білмес, жаман сыйлағанды білмес. Өткен келмес, өшкен жанбас. Түбі бірге түтбейді. Шам жарығы түбіне түсбес. Соқыр көргенінен жазбас.*

3) Толымды сөйлем.

Тұрлаулы мүшелері бар сөйлем **толымды** деліб аталады.

Мыйсал: *Өлген келмес, өшкен жанбас. Берген алар. Еккен орар. Жер таусыз болмайды; ел даусыз болмайды. Көб қорқытады; терең батырады. Арзанның сорпасы татымас. Соқыр көр-*

генінен жазбас. Ағаш көркі жапырақ, адам көркі шүберек. Қойанды қамыс өлтірер. Сай сайға құйар; бай байға құйар. Тентек шоқбар жыйар. Ат аунаған жерінде түк қалар. Тау мен тасты сұу бұзар; адамзатты сөз бұзар. Асыл тастан шығар; ақыл жастан шығар. Алтын, күміс тас болар; арпа, быйдай ас болар.

4) Толымсыз сөйлем.

Тұрлаулы мүшесінің біреуі немесе екеуі де жоқ болса, сөйлем **толымсыз** деліб аталады.

Мыйсал: *Ійт тойған жеріне, ер тұуған жеріне. Барымен базар, жоқты қайдан табар. Ақыл жас ұланнан; жүйрік тай, құнаннан. Күлме досыңа, келер басыңа. Асың-асың асыңа; береке берсін басыңа. Асың барда ел таны; атың барда жер таны. Аурыу астан, дау қарындастан. Алыстан арбалағанша, жақыннан дорбала. Шалқайғанға шалқай; пайғамбардың ұлы емес, еңкейгенге еңкей, атаңнан қалған құл емес. Баланы жастан, қатынды бастан.*

5) Жалаң сөйлем.

Тұрлаулы мүшелері ғана бар сөйлем **жалаң** деліб аталады.

Мыйсал: *Ел қонды. Ат аунады. Қой маңырады. Аспан ашық. Ет жасық. Қымыз сұусын. Көб қорқытады, терең батырады. Үлкен бастар, кіші қостар. Өлген келмес, өшкен жанбас. Ат тебті, қасқыр қабты. Ат азар, тон тозар. Отын бар, от жоқ.*

6) Жайылма сөйлем.

Тұрлаулы мүшелерінен басқа тұрлаусыз мүшелері де бар сөйлем **жайылма** деліб аталады.

Мыйсал: *Ақыл жастан шығады, асыл тастан шығады. Қойанды қамыс өлтірер; ерді намыс өлтірер. Сай сайға құйады, бай байға құйады. Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада. Білегі толық бірді жығады; білімі толық мыңды жығады. Екі қатын алғанның дау үйінде; жаман қатын алғанның жау үйінде. Қатты жерге қақ тұрар. Жүйріктен шабан тұуады,*

жақсыдан жаман тұуады. Қаратаудың басынан көш келеді. Мен келдім Мырзалының ордасына; сөз айттым қасындағы молдасына. Үйіңе сөйлес қылдым кеш уақытта. Кеш мезгіл келе жатты екі кісі. Қазақтың қазақ ійісі тұрған шақта Алаштың баласына керегімсін.

§ 2. Айтылыуынша айырылатұн түрлері.

Айтылыу түрлеріне қарай сөйлем төрт түрлі болады:

1) Сұраулы сөйлем.

Сұраулы сөйлем деліб жауаб сұралғанда айтылатұн сөйлем аталады.

Мыйсал: *Сен тамақ іштің бе? Үйде кім бар? Соншама бұл быйдайдың дәні көб бе? Сұуымды неге былғаб ылайлайсың? Мүмкін бе ылайлауға осы арадан? Әкеңді алдыңдағы таныймысың? Үшеуін асырауға көб керек бе? Осындай елде уақыйға азғана ма? Бөшкенің қайсысының бұлы қымбат? Тұура жол сонан артық табамыз ба? Мысық жан, бұл жердегі жұрттар қандай? Залалдан басқа нәрсе істедің бе? Оңай ма арыстаннан алыу ақтаб? Шымшық мақтанды ма, ойнады ма? Құныңа тұрар ма сол жеген тауық? Тауық бен мен бе жалғыз ойнайтұн? Күймей ме біреу үшін біреу оққа?*

Сұрау сөйлемдерінің соңынан сұрау белгісі (?) қойылады.

2) Лебті сөйлем.

Лебті сөйлем деліб аталатұн адам көңіл күйі, жан жайы мен сөйлегенде, мәселен, жан ауырғанда, не кенелгенде, таңданғанда, сұқтанғанда, кейігенде, есіркегенде, күйінгенде, сүйінгенде, қорыққанда, құуанғанда айтылатұн сөйлемдер. Бұлар айтылғанда жай айтылмай, лебті үн мен айтылады. Сондықтан **лебті сөйлем** деб аталады.

Мыйсал: *Ұуп, Алла! Бітті қаным! Шықты жаным! Ей, шіркін, жақсылықты білмейтұғын! Жарайды, бәрекелді, сабаз ай!*

Йә, Раббым! Сол уақытта деді арыстан. Жасаған жалғыз жан ийе ай! Қайран, еркін замандарың! Дарыйға, ол заманның бәрі өтті! Алда сорлы бийшара балалар! Ай жасынан өлген екен аналары ай! Тамаша қарағанға нұрың қаңдай? Мынау көз, мынау мойын, мұрын қандай! Өлген екен, апырым ай! Құу бақсы! Өтірікші. Алжыған шал! Атымды айырыбсың босқа менен. Қаннан қан, еттен етім, бауыр жұртым! Уа, дарыйға, өттің бастан қызық жас! Әттең, дүнийе ай, қалғаным ғой айырылыб! Алақай ай, атам келді ғой!

Лебті сөйлемдердің соңынан леб белгісі (!) қойылады.

3) Тілекті сөйлем.

Нәрсенің болғанын, істің істелгенін көңіл тілеген орында айтылатұн сөйлем түрлері **тілекті** деб аталады.

Мыйсал: *Балалар, оқыуға бар, жатба қараб! Ал, келдік жаман жерге! Енді сақтан! Жолама сол жақтағы өзенге аққан. Сөйлеб қал, қызыл тілім! Көріуге жазғай еді, Қақ Тағалам! Қолда, өңшең арыуақ! Қош, сау бол. Қарқаралы, жұуылмаған. Айдай бер қалса адамың құуылмаған. Әлдий-әлдий, ақ бөпем! Жылама, бөпем, жылама! Тілің тарт!*

Көрінбей жоғал шабшаң, көзіме енді!
Әманда сақтан. Айғырсыб момындарға ақыр, інім.
Ашыб айт, бүкбей бәрін, еш қаймықба!
Не болар. Айтшы бақсым Құдай сүйген.
Достарым осындай бір іс етелік.
Жанымды бір шыбындай қый, ақсақал.
Айт балыққа: ақсүйек етсін мені.
Келіңдер, боз балалар, атты алыңдар!

Көңіл тілегі түрлі айтылады: 1) бұйрық түрде, 2) өтініш түрде, 3) үгіт (ақыл) түрде, 4) жай тілек (мұрат) түрде.

Айтылыуы түрлі болған соң, тыныс белгілері де түрлі қойылады. Әр түрдегісін алыб тыныс белгілерін қойыб қарайық:

1) Бұйрық түрдегісі.
Келіңдер, боз балалар, атты алыңдар!
Жетектеб тоғайыма аб барыңдар!
Жабыңдар жабыуына түкті кілем,
Тазалаб, жұуыб, тараб, бабтаңыздар!
Жеміне ең қалаулы сұлы алыңдар!
Бұлақтың сұуы мен әм сұуарыңдар!
Ізің мен үйге кірмей, қайт балыққа!
.....
Ақсүйек етсін мені – айт балыққа!
Көрінбей жоғал шабшаң, көзіме енді!
Кет, шық!
Бар, жүгір! Ұш!

1) Өтініш түрдегісі.
Даусыңды, тым болмаса, бір шығаршы!
Кезек бер бір азырақ сөзге, тақсыр!
Достарым, осындай бір іс етелік,
Жастарды жетім қалған кісі етелік.

Езгілер орманда да бар екенін
Осындай сауаб іс бен көрсетелік!
Айта гөр қайырымды ер бар болса...
Сала түс әлде болса, бітегене!
Не болар? Айтшы, бақсым Құдай сүйген!
Ашыб айт, бүкбей бәрін. Еш қаймықба!
Бақыл бол, серік атым, іренжіме!
Жанымды бір шыбындай қый, ақсақал!

3) ***Үгіт (ақыл) түрдегісі.***
Балалар, оқыуға бар, жатба қараб!
Жұуыныб, кійініңдер шабшаңырақ.
Айағын көріб, асын іш,
Анасын көріб, қызын ал.

Бійік таудың төбесін көріб, түбіне барма.
Жақсының атын естіб, үйіне барма.
Кісі ақылы мен бай болғанша,
Өз ақылың мен жарлы бол.
Еңкейгенге еңкей, басың жерге жеткенше,
Шалқайғанға шалқай, төбең көкке жеткенше.
Сырын білмейтүн аттың сыртынан жүрме.
Ойнаб сөйлесеңде, ойлаб сөйле.
Оқ жетбес жерден қылыш сұуырма.
Қол көтермес шоқбарды белге қыстырма.

4) ***Жай тілек түрдегісі.***
Жасаған болғай панамыз, көріуге жазғай еді.
Есен-сау келгей едің.
Қақ бендесі біздей сірә болмасын.
Біздей болса, бұ дүнійеге келмесін.
Арман менен інім шөлде өлмесін.
Қайта алмадым жорықтан; бұ дұныйада жолықбан.
Құдай қосқан қосағым ақыретте кез келсін.
Ерте менен қой өрер, жайылғанын жұрт көрер,
Жайылғаны шашыңның соған, балам, көрінсін.
Жортқанда жолың болсын, жолдасың Қыдыр болсын.

4) Жай сөйлем.

Сұраусыз, лебсіз, тілексіз айтылған сөйлемдердің бәрі **жай сөйлем** деліб аталады.

Мыйсал: *Ат ерінді келеді, ер мұрынды келеді. Өзің қойған зекетші, біздің елде Жүз-бай бар. Жана мұның жолдасы қара тамыр Дадан бар. Еріб жүрген соңында қырық-отыздай адам бар. Шоңмұрын деген молда бар. Атына жемді іліуге алты еннен қылған дорба бар.*

§ 3. Құрылыуынша айырылатұн түрлері.

Сөйлемдер арасында екі түрлі жақындық болады. Бірі ішкі, бірі тысқы. **Ішкі жақындық** мағана жүзіндегі жақындық. **Тысқы жақындық** сөйлемдерді бір біріне жанастырыу жүзіндегі жақындық. Мағана жақындығынан басқа жақындық жоқ сөйлемдер **іргелес** деліб, мағана жақындығынан басқа қыйсын жақындығы бар сөйлемдер **құрмалас** деліб аталады.

1. Іргелес сөйлемдер.

1) Күн ашық. Тоғайлар шат. Ың-жың орман.

2) Күн кеш болды. Ат болдырды, ел көрінбеді. Батыр сасайын деді.

3) Біссімілдә безгелдек! Бұлай жатсын дұуадақ! Сыбағама қоңыр қаз. Үлесіме үш үйрек. Екі сартқа бір тартар, аққуды батыр екең артар.

1-інші мыйсалға алынған сөйлемдер арасында жақсы күннің жайын сөйлеген ой іргесінің ғана біргелігі бар. 2-нші мыйсалға алынған сөйлемдер арасында кеш уақытта болған уақыйға жайын сөйлеген ой іргесінің ғана біргелігі бар. 3-інші мыйсалға алынған сөйлемдер арасында үлес іретін сөйлеген ой іргесінің ғана біргелігі бар.

Сүйтіб, үш мыйсалдың үшеуіндегі сөйлемдер біріне бірі тек ой іргесімен ғана жанасқаны болмаса, бастарын қосыб тұрған басқа еш нәрсе жоқ. Сондықтан бұлардың аралары да біріне бірі қосылмай, ашық-ашық үзіліб айтылады. Жазғанда араларына үлкен тыныс белгісі (.) қойылады. Іргелері жақын болса, ортаншы тыныс белгісі (;) қойылады.

2. Құрмалас сөйлемдер.

Сөйлемдердің құрмаласыуы екі түрлі: 1) сыйыса құрмаласыу, 2) қыйыса құрмаласыу. Сыйыса құрмаласса, сөйлем **сыйысыулы құрмалас** деліб, қыйыса құрмаласса, сөйлем **қыйысыулы құрмалас** деліб аталады.

Сыйысыулы құрмалас.

1) *Қарабай мен Сарыбай аңға шықты.*

1) Екі дос бірін бірі сүйді, құшты.

2) Қолға алды татыулықты, араздықты.

3) Далада, ойда, қырда, орман-тауда сау қалған жан болмады бұл індеттен.

Бұл сөйлемдердің әр бірі, бір неше сөйлем сыйысыб құрмаласқаннан болған сөйлемдер. Мәселен:1-інші сөйлем екі сөйлем сыйысыб, қосылғаннан болған: қосылмай бөлек тұрғандағы түрлері мынау: *Қарабай аңға шықты. Сарыбай аңға шықты.* Бұларды екі қайта айтыб жатбас үшін, екеуін сыйыстырыб қосыб, бір-ақ айтқан. 2-нші сөйлемде, екі сөйлем сыйысыб, қосылғаннан болған. Қосылмағандағысы мынау: *Екі дос бірінбірі сүйді. Екі дос бірінбірі құшты.*

3-інші сөйлемде екі сөйлем сыйысыб, қосылғанынан болған. Қосылмағандағысы мынау: *Қолға алды татыулықты. Қолға алды араздықты.*

4-інші сөйлем төрт сөйлемнің сыйысыб, қосылғанынан болған. Қосылмағандағысы мынау: *Далада сау қалған жан болмады бұл індеттен. Ойда сау қалған жан болмады бұл індеттен. Қырда сау қалған жан болмады бұл індеттен. Орман-тауда сау қалған жан болмады бұл індеттен.*

Сыйысыулы сөйлемдердің белгісі бір неше мүшелері бір өңкей болыу. Мәселен, 1-інші сөйлемде екі мүшесі бір өңкей: *Қарабай, Сарыбай* – екеуі де бастауыш. 2-нші сөйлемде де екі мүшесі бір өңкей: *сүйді, құшты* − екеуі де байандауыш. 3-інші сөйлемде де екі мүшесі бір өңкей: *татыулықты, араздықты* − екеуі де толықтауыш. 4-інші сөйлемде төрт мүшесі бір өңкей: *далада, ойда, қырда, орман-тауда* төртеуі де мекен пысықтауышы. Сыйысыулы сөйлемнің бір өңкей мүшелерінің аралары кіші тыныс бен (,) айырылады.

«Мен», «жана», «жаната» деген сөздер араларында тұрған шақта ғана кіші тыныс қойылмайды.

Сыйысыулы құрмалас екі түрлі айтылады:

1) шұбалаң түрі, 2) ықшам түрі.

Шұбалаң түрі.

Мен бүгүн ерте тұрдым, жұуындым, кійіндім, шай іштім, сабаққа бардым.

Ықшам түрі.

Мен бүгүн ерте тұрыб, жұуыныб, кійініб, шай ішіб, сабаққа бардым.

2) Қыйысыулы құрмалас.

Қыйысыулы құрмаласқа келсек, бұлар біріне бірі тең болыб да, бірінен бірі кем болыб да қыйысады. Қыйысыулы құрмаластағы сөйлемдер тең болса, **салалас құрмалас** деліб аталады. Тең болмай, бірінен бірі кем болыб қыйысса, онда **қыйысыулы құрмалас сабақтас** деб аталады.

а) Салалас сөйлем.

Салалас құрмаластың қыйысыуы 5 түрлі болады.

1) ***жыйылыңқы,*** *2)* ***қайырыңқы,*** *3)* ***айырыңқы,*** *4)* ***сұйылыңқы,*** *5)* ***қойылыңқы.***

Егерде бір неше сөйлемнің қыйысыуы бір ыңғай, бір беткей болса, **жыйылыңқы қыйысыу** болады. Мәселен: «Үлкен бастар, кіші қостар» немесе «Ел де жатты, ай да батты».

Егерде алдыңғы сөйлемге кейінгі сөйлем қарсы мағаналы болыб қыйысса, **қайырынқы қыйысыулы** болады. Мәселен: «Қылыш жарасы бітер, сөз жарасы бітбес» немесе «Мен бардым, сен үйде болмадың».

Екі ұшты мағаналы сөйлемдер қыйысқан жерде **айырыңқы қыйысыу** болады. Мәселен: «Не сен тұрарсын, не мен тұрармын». Не болмаса, «Не атың жазым болар, не ер-тұрманың шығындар».

Егерде маңызды, нығыз айтылған сөйлемді басқа сөйлемдер байандаб тұрса, ол **сұйылыңқы қыйысыу** болады. Мәселен: «Сабыр түбі сары алтын: сарғайған жетер мұратқа, асыққан қа-

лар ұйатқа» не болмаса «Шалқайғанға шалқай: пайғамбардың ұлы емес, еңкейгенге еңкей: атаңнан қалған құл емес»*.

Егерде алдыңғы сөйлемдерді кейінгі сөйлем қорытыб айтса, **қойылыңқы қыйысыу** болады. Мәселен:«Не өгіз өлер, не арба сынар − екеуінің бірі болар». Немесе «мал да керек, жан да керек, білім де керек − бәрі де керек». Не болмаса «Көк шалғын, ағаш, бұлақ бәрі жақсы»**.

Салалас сөйлемдердің аралары әуелі кіші тыныс – теріс үтір мен айырылады. Екінші ортаншы тыныс − үтірлі ноқат бен айырылады. Сұйылыңқы, қойылыңқы жалғасыу бар жерде, қойылтыушы сөйлемнің алдына ұзын сызық (−) қойылады. Сұйылтыушы сөйлемнің алдында қос ноқат (:) қойылады.

б) Сабақтас сөйлем.

Сабақтас сөйлемнің белгісі − бір неше сөйлемнің бірігіб, біріне бірі сабақталыб, байланысыб айтылыуы. Сөйлемдер сабақталыб біріккенде, бірі басыңқы болыб, екіншісі бағыныңқы болыб бірігеді.

Басыңқы сөйлем.

Басыңқы сөйлемнің бағыныңқы сөйлемнен гөрі сөйлемдік қасыйеті молырақ. Басыңқы сөйлемді өз алдына оңаша алыб айтқандада мағанасы толық, ой тыңғылықты айтылыб біткен болыб тұрады. Мәселен: «Қалыққа жағайын десең, қазаның болсын». Мұнда басыңқы сөйлем «қазаның болсын» дегенде, ой айтылыб, тыныб біткендікті көрсетеді. «Қалыққа жағайын десең» деген сөйлемді алсақ, мұнда айтылатұн ой бітбей қалады; сөйлем тыңғылықсыз болыб шығады. Сондықтан мұндай сөйлемдер екінші сөйлемге сүйеніб қана сөйлем даражасына кіреді.

---

* Мұндай сұйыңқылық алдыңғы сөздің мағанасын артқы сөздер бәшелегенде болады.

** Мұндай қойылыңқылық бөлек-бөлек сөздердің басын қосып, бір бұуған сыйақты етіп айтатын орындарда болады.

Бағыныңқы сөйлем.

Бағыныңқы сөйлем – бітбеген шала сөйлем. Басыңқы сөйлем болмаса, толық мағана оның өзінен шықбайды. Бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемнің шылауындағы ғана қосшы есебіндегі сөйлем. Басыңқы сөйлемнің қай мүшесінің шылауында болса, бағыныңқы сол мүшенің аты мен аталыб, сол мүшенің сұрауына жауаб береді. Мыйсал алыб қарайық:

а) Бастауыш бағыныңқы сөйлем.

«Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келер». Мұнда басыңқы сөйлем – «алдыңа сол келер». Енді қарайық: бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемнің қай мүшесінің шылауында екен. Оны біліу үшін басыңқы сөйлемді алыб, сұрау саламыз. Алдыңа не келер? – *атаңа не қылсаң, (сол).* «Сол» – басыңқы сөйлемнің бастауыш мүшесі. «Атаңа не қылсаң» деген бағыныңқы сөйлем мұның шылауында болыб, мұның кемтігін толтырыб тұр жана **«не?»** деген бастауыш сұрауына жауаб беріб тұр. Сондықтан бұл бағыныңқы сөйлем **бастауыш бағыныңқысы** болады.

Бағыныңқы сөйлемнің белгісі – бітбеген шалалығы.

б) Анықтауыш бағыныңқы сөйлем.

«Кімнің жерін жерлесең, соның жырын жырларсын». Мұнда басыңқы сөйлем – «соның жырын жырларсын», бағыныңқы сөйлем – «кімнің жерін жерлесең». Бұл бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемнің қай мүшесінің шылауында екендігін білейік. Оны біліу үшін басыңқы сөйлемді алыб, сұрау саламыз.

Кімнің жырын жырларсын? – *кімнің жерін жерлесең (соның).* «Соның» – басыңқы сөйлемнің анықтауыш мүшесі. «Кімнің жерін жерлесең» деген бағыныңқы сөйлем мұның шылауында болыб, кемтігін толтырыб тұр жана **«кімнің?»** деген анықтауыш сұрауына жауаб беріб тұр. Сондықтан бұл бағыныңқы сөйлем **анықтауыш бағыныңқысы** болады.

Анықтауыш сұрау жалғыз **«кімнің?»** емес, онан басқа да сұраулар бар, мәселен, **«қандай?», «қанша?», «қайсы?».** Бұл сұ-

рауларға да жауаб беріші бағыныңқы сөйлемдер болса, олар да анықтауыш бағыныңқысы болады.

Мыйсал: 1) *Түсі қандай болса, ісі сондай болды.* Ісі қандай болды? − *түсі қандай болса (сондай).* 2) *Күші қанша болса, әркім сонша көтермек.* Әркім қанша көтермек? – *күші қанша болса (сонша).* Сол сыйақты тағы басқалар.

п) Толықтауыш бағыныңқы сөйлем.

«Ұйада не көрсең, ұшқанда соны аларсын». Мұнда басыңқы сөйлем − *ұшқанда соны аларсын*, бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемнің қай мүшесінің шылауында тұрғанын білейік. Оны біліу үшін мұнда да басыңқы сөйлемді алыб, сол арқылы сұрау саламыз. Ұшқанда нені аларсын? – *ұйадан не көрсең (соны).* «Соны» – басыңқы сөйлемнің толықтауыш мүшесі. «Ұйада не көрсең» деген бағыныңқы сөйлем мұның шылауында тұр жана **«нені?»** деген толықтауыш сұрауына жауаб беріб тұр. Сондықтан бұл бағыныңқы сөйлем **толықтауыш бағыныңқысы** болады.

Толықтауыш сұрауы жалғыз **«нені?»** емес, басқа сұраулары да толыб жатыр. Мәселен, **«кімді?» «кімге?» «неге?» «кіммен?» «немен?»** тағы басқалары. Солай болған соң жалғыз **«нені?»** деген сұрауға ғана емес, толықтауыштың басқа сұрауларына да жауаб берген бағыныңқы сөйлемдер толықтауыш бағыныңқысы болады.

Мыйсал: 1) *Кім жалқау болса, жоқтық соған жолдас.* Жоқтық кімге жолдас? – *кім жалқау болса, (соған).* 2) *Кім мен ауылдас болсаң, соны мен қауымдас боларсын. − Кім мен ауылдас болсаң? − (соны мен)* осы сыйақты тағы басқалары да.

с) Мезгіл пысықтауышының бағыныңқысы.

«Қашан жер отайады, мал сонда сүтейеді».

Мұнда басыңқы сөйлем – «мал сонда сүтейеді», бағыныңқы сөйлем − «қашан жер отайады». Бұл бағыныңқы сөйлем басың-

қы сөйлемнің қай мүшесінің шылауында тұрғанын білейік. Оны біліу үшін басыңқы сөйлемді алыб, сұрау салыу керек.

Мал қашан сүтейеді? − *Қашан жер отайады (сонда).* «Сонда» − басыңқы сөйлемнің мезгіл пысықтауышы. «Қашан жер отайады» деген бағыныңқы сөйлем мұның шылауында тұр, жана **«қашан?»** деген мезгіл пысықтауышының сұрауына жауаб беріб тұр. Сондықтан бұл бағыныңқы сөйлем мезгіл пысықтауышының бағыныңқысы болады.

Мезгіл пысықтауышының сұрауы жалғыз **«қашан?»** емес, **«қашанға дейін?» «қашаннан?»** деген сұраулары да бар. Солай болған соң бұл сұрауларға да жауаб беріші бағыныңқы сөйлемдер мезгіл бағыныңқысы болады.

Мыйсал: 1) *Қашанға дейін ұйқым келмесе, соған дейін отырамын.* Қашанға дейін отырамын? − *қашанға дейін ұйқым келмесе (соған дейін).* 2) *Қашаннан өзім жүре бастадым* − сонан бері малдың өңі кіре бастады. Қашаннан малдың өңі кіре бастады? − *қашаннан өзім жүре бастадым, (сонан бері).* Солай тағы басқалар.

ж) Мекен пысықтауышының бағыныңқысы.

«Егін қайда болса, береке сонда болады».

Мұнда басыңқы сөйлем: «береке сонда болады». Бағыныңқы сөйлем: «егін қайда болса». Бұл бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемнің қай мүшесінің шылауында тұрғанын білейік. Оны біліу үшін басыңқы сөйлем арқылы сұрау саламыз. Береке қайда болады? − *егін қайда болса, (сонда).* «Сонда» − басыңқы сөйлемнің мекен пысықтауышы. «Егін қайда болса» деген бағыныңқы сөйлем мұның шылауында тұр жана **«қайда?»** деген мекен пысықтауышының сұрауына жауаб беріб тұр. Сондықтан бұл бағыныңқы сөйлем мекен пысықтауышының бағыныңқысы болады. Мекен пысықтауышының сұрауы жалғыз **«қайда?»** емес, **«қайдан?», «қалай қарай?»** деген де сұраулары бар. Сондықтан бұл сұрауларға жауаб беріші бағыныңқы сөйлемдердің бәрі мекен пысықтауышының бағыныңқысы болады.

Мыйсал: 1) *Алдыңғы арба қай жерден жүрсе, соңғы арба со жерден жүреді.* Соңғы арба қайдан жүреді?− *алдыңғы арба қай жерден жүрсе, (со жерден).*

2) *Жел қай жаққа құуса, қаңбақ солай қарай домалайды.* Қаңбақ қалай қарай домалайды? – *жел қай жаққа құуса, (солай қарай).* Басқалары тағы солай.

ш) Сын пысықтауышының бағыныңқысы.

«Қалай бақсаң, атың солай жүрмек». Мұнда басыңқы сөйлем − «атың солай жүрмек», бағыныңқы сөйлемнің қай мүшесінің шылауында тұр? Оны біліуге сұрау салайық.

Атың қалай жүрмек? − *қалай бақсаң, (солай).* «Солай» − басыңқы сөйлемнің сын пысықтауышы. «Қалай бақсаң» деген бағыныңқы сөйлем «солай» дың шылауында тұр жана **«қалай?»** деген сын пысықтауышының сұрауына жауаб беріб тұр. Сондықтан бұл бағыныңқы сөйлем сын пысықтауышының бағыныңқысы болады.

Сын пысықтауышының **«қалай»** дан басқа да сұраулары бар. Мәселен, **«қалайша?», «қанша?»** жана басқалар. Солай болған соң жалғыз **«қалай?»** сұрауға емес, сын пысықтауышының басқа сұрауларына да жауаб беріуші бағыныңқы сөйлемдер сын пысықтауышының бағыныңқылары болады.

Мыйсал: 1) *Қалайша үлгі пішілсе, солайша кійім тігілмек.* Кійім қалайша тігілмек? − *қалайша үлгі пішілсе, (солайша).*

2) *Қанша іс қыла білсе, сонша жұмыс өнбек.* Жұмыс қанша өнбек? − *Қанша жұмыс қыла білсе, (сонша).* Басқалары тағы солай.

қ) Себеб пысықтауышының бағыныңқысы.

«Олар көше алмайды, үйткені көлігі жоқ». Мұнда басыңқы сөйлем − «олар көше алмайды», бағыныңқы сөйлем − «үйткені көлігі жоқ». Бұл бағыныңқы сөйлем қандай сұрауға жауаб берер екен?

Олар неге көше алмайды? – *үйткені көлігі жоқ*. Бұл бағыныңқы сөйлем **«неге?»** деген сұрауға жауаб беріб тұр. Бұл сұрау – себеб пысықтауышының сұрауы. Сондықтан бұл себеб пысықтауышының бағыныңқысы болады.

Себеб пысықтауышының **«неге?»** ден басқа да сұраулары бар. Мәселен: **неден? неліктен? не себебтен?** Бұл сұрауларға да жауаб беріуші бағыныңқы сөйлемдер себеб пысықтауышының бағыныңқылары болады.

Мыйсал: 1) *Қар аз болған соң, сұу сонан тасымады.* Сұу неден тасымады? – *қар аз болған соң, (сонан).*

2) *Малы жұтаб қалған соң, ел сондықтан жүдеді.* Ел неліктен жүдеді? – *малы жұтаб қалған соң, (сондықтан).*

3) Не себебтен мал қырылды, сол себебтен жұрт аш болды. Не себебтен жұрт аш болды? – *не себебтен мал қырылды, (сол себебтен).* Басқаларытағы солай.

д) Мақсат пысықтауышының бағыныңқысы.

«Орақшы, шөб шабайын деб, тоғайға барды». Мұнда басыңқы сөйлем – «орақшы тоғайға барды». Бағыныңқы сөйлем – «шөб шабайын деб». Орақшы тоғайға не үшін барды? – *шөб шабайын деб*. Бұл бағыныңқы сөйлем **«не үшін?»** деген сұрауға жауаб беріб тұр. Ол **«не үшін»** деген сұрау – мақсат пысықтауышының сұрауы. Сондықтан «шөб шабайын деб» деген бағыныңқы сөйлем мақсат пысықтауышының бағыныңқысы болады.

Мақсат пысықтауышының сұрауы жалғыз **«не үшін»** емес, **«неге?»** деген сұрауы да бар. Сондықтан бұл **«неге?»** деген сұрауға да жауаб беріуші бағыныңқы сөйлем болса, о да мақсат пысықтауышының бағыныңқысы болады. Мыйсал: 1) *Өлең тыңдағысы келіб, жұрт жыйылды.* Жұрт неге жыйылды? – *өлең тыңдағысы келіб*.

2) *Бата бермекші болыб, ақсақал қолын жайды.* Ақсақал қолын неге жайды? – *бата бермекші болыб*. Мұнда елтійпат ететүн ететүн бір нәрсе мынау: **«неге?»** деген сұрау себеб пысық-

тауышындада, мақсат пысықтауышындада бар. Солай болған соң тек **«неге?»** деген сұрау бойынша себеб пысықтауышының немесе мақсат пысықтауышының бағыныңқысы екендігін біліуге болмайды. Мұнда мағанасына қарау керек. Егерде бағыныңқы сөйлем істің себебін айтыб тұрса, себеб пысықтауышының бағыныңқысы болады, егерде істің мақсатын айтыб тұрса, мақсат пысықтауышының бағынынқысы болады.

Мыйсал: 1) *Көшбекші болыб, ауыл үй жықты.*

2) *Түйе жоқ болыб, ауыл көше алмады.*

1-інші мыйсалда: Ауыл неге үй жықты? − *көшбекші болыб*. Бұл мақсат пысықтауышының бағыныңқысы болады, үйткені үйді көшіу мақсат бен жықты.

2-нші мыйсалда: Ауыл неге көше алмады? – *түйе жоқ болыб.* Бұл себеб пысықтауышының бағыныңқысы болады, үйткені көше алмаудың себебі – түйе жоқ болғаны, йағный неге көше алмады? − түйе жоқ болғаны себебті.

е) Шартты бағыныңқы.

Көсеу ұзын болса, қол күймейді. Мұнда басыңқы сөйлем: «қол күймейді», бағыныңқы сөйлем: «көсеу ұзын болса». Қалай етсе (не етсе) қол күймейді? − *көсеу ұзын болса,* қол күймеудің шарты көсеу ұзын болыуында. Ішінде шарты болғандықтан, бағыныңқы сөйлемдер **шартты бағыныңқы** деліб аталады.

Шартты сөйлемнің белгісі белгісі сұрауында емес, ішінде шарт болыуында. Сондықтан шартты бағыныңқы сұрау мен емес, шарт барлығынан табамыз.

Мыйсал: 1) *«Тоқбағы зор болса, кійіз қазық жерге кірер».* Мұнда кійіз қазық жерге кіріуіне тоқбағы зор болыу шарт (шарт тоқбақтың зор болыуында). Сондықтан «тоқбақ зор болса» деген сөйлем шартты бағыныңқы болады.

2) *Берсең, аларсын*. Мұнда алыудың шарты беріуде (*сен берсең саған басқалар да береді*).

з) Ереуіл бағыныңқы.

Тартсада бар күштерін айамай ақ, асылан жүк орнынан қозғалмады. Мұнда басыңқы сөйлем –«асылан жүк орнынан қозғалмады». Бағыныңқы сөйлем –«тартсада бар күштерін айамай ақ». Бағыныңқы сөйлем «жүкті тартты» дейді, басыңқы сөйлем «жүк қозғалмады» дейді. Сөйлем мазмұны бір-біріне қарсы, ереуіл келіб тұр. Сондықтан мұндай басыңқы сөйлемге ереуіл келетүн бағыныңқы сөйлем **ереуіл бағыныңқы** деліб аталады.

Ереуіл бағыныңқының белгісі пәлен етсе де, пәлен болса да деб ереуіл раймен айтылады.

Мыйсал: 1) *Күні бойы қараса да, таба алмады.*

2) *Қыс қатты болса да, мал аман шықты.*

Ықшамдау.

Бағыныңқы сөйлемдер екі түрде айтылады.

1) толық түрде, 2) ықшам түрде. Толық түрде айтылған бағыныңқы сөйлемдердің бәрін болмаса да, көбін ақ ықшам түрге айналдырыуға болады. **Ықшамдау** деб сол толық түрден ықшам түрге айналдырыу айтылады. Қазақ тілінде толық түрінен де ықшам түрі көбірек жүреді. Бағыныңқы сөйлемнің көбі ықшам түрге айналғанда, басыңқы сөйлемге сіңісіб, жоғалыб кетеді. Жазғанда бағыныңқы сөйлемнің толық түрі мен ықшам түрінің қай қолайлысы, көркемі алынады. Сондықтан ықшам түрінен толық түрі көркем болыб шықбайтын болса, онда сөйлемдерді ықшамдаудың қажеті жоқ. Жаната ондай сөйлемдер ықшамдалмайтын сөйлемдерге саналады. Бағыныңқы сөйлемді ықшамдауға болады. 1) зат-есім арқылы, 2) сын-есім арқылы, 3) етістіктің есімше түрі арқылы, 4) етістіктің көсемше түрі арқылы.

Мыйсал: 1) *Түсі қандай болса, ісі сондай болды.* Бұл – толық түрі. Ықшам түрінде айтқанда, «ісі түсіндей болды» дейміз (зат-есім арқылы). 2) *Ийт жүйрік болса, оны түлкі сүймес.* Мұны ықшамдаб айтқанда, «*ийт жүйрігін түлкі сүймес*» дейміз (мұнда сын-есім арқылы). 3) *Қалай пішілсе, кійім солай тігілмекші.* Мұнда ықшамдаб айтқанда, «*пішіліуінше кійім тігілмек-*

ші» дейміз (мұнда етістік зат-есімге айналған түрі арқылы). 4) *Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келер.* Мұны ықшамдаб айтқанда, «*Атаңа қылғаның алдыңа келер*» дейміз (мұнда етістіктің есімше түрі арқылы). 5) *Олар көше алмады, үйткені көлігі жоқ болды.* Мұны ықшамдаб айтқанда, «*Көлігі жоқ болыб, олар көше алмады*» дейміз (мұнда етістіктің көсемше түрі арқылы).

1-інші мыйсалда «түсі қандай болса» деген бағыныңқы сөйлем жоғалыб, «түсіндей» деген жалғыз ауыз сөз болыб, басыңқы сөйлемге сіңісіб кетіб тұр. 2-нші мыйсалда «ійт жүйрік болса» деген бағыныңқы сөйлем жоғалыб, «ійт жүйрігін» деген екі ауыз сөз болыб, басыңқы сөйлемге сіңісіб тұр. 3-інші мыйсалда «қалай пішілсе» деген бағыныңқы сөйлем жоғалыб, «пішіліуінше» деген бір ауыз сөз болыб сіңісіб тұр. 4-інші мыйсалда «атаңа не қылсаң» деген бағыныңқы сөйлем жоғалыб, «атаңа қылғаның» деген екі ауыз сөз болыб, басыңқы сөйлемге сіңісіб тұр. 5-інші мыйсалда «үйткені көлігі жоқ болды» деген бағыныңқы сөйлем ықшамдалыб, «көлігі жоқ болыб» деген бағыныңқы сөйлемге айналыб тұр. Мұнда алдыңғы сөйлемдер сыйақты бағыныңқы сөйлем жоғалыб кеткен жоқ, тек ықшамдалған. Оның себебі көсемше арқылы ықшамдалыуында. Көсемше арқылы ықшамдалған бағыныңқы сөйлемдер өз алдына сөйлемнің күйін ықшамдалған күндеде жоғалтбайды.

Толық түріндегі бағыныңқы сөйлемдер мен басыңқы сөйлемнің арасы теріс үтір мен айырылады. Ықшам түріндегі бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемге сіңісіб жоқ болыб кеткенде еш бір тыныс белгісі мен бөлінбейді. Егерде бағыныңқы сөйлем ықшамдалғанмен, басыңқы сөйлемге сіңісіб кетбей, өз алдына сөйлем күйінде қалса, онда толық түрдегідей теріс үтір мен айырылады.

3) Қыстырынды сөйлем.

Кейде бір сөйлемнің ішінде екінші сөйлем қыстырылыб айтылады. Сондай қыстырылыб айтылған сөйлемді **қыстырынды** дейміз.

Мыйсал: 1) *Бүгүн, Құдай біледі, жауын болса керек.* 2) *Әзір, Аллаға шүкір, жаман емесбіз.* 3) *Осы жолы, асылық болмасын, алыб келерміз ақ.* 1-інші мыйсалда «Бүгүн жауын болса керек» деген сөйлемнің ішінде «Құдай біледі» деген сөйлем қыстырылыб айтылыб тұр. 2-нші мыйсалда «Әзір жаман емесбіз» деген сөйлемнің ішінде «Аллаға шүкір» деген сөйлем қыстырылыб айтылыб тұр. 3-інші мыйсалда «Осы жолы алыб келерміз ақ» деген сөйлемнің ішіне «асылық болмасын» деген сөйлем қыстырылыб айтылыб тұр.

Сондықтан «Құдай біледі», «Аллаға шүкір», «асылық болмасын» деген сөйлемдер қыстырынды болады. Қыстырынды сөйлемдер қыстырыушы сөйлемдерден теріс үтір мен айырылады.

4) Келтірінді сөйлем.

Сөйлегенде йа жазғанда сөйлеуші йа жазыушы бұрынғыдан қалған мақалды немесе біреудің айтқан сөзін келтіре сөйлейді не жазады. Сондай келтіріб айтқан не жазған мақалдар, болмаса біреудің сөздері **келтірінді сөйлем** деліб аталады.

Мыйсал: 1) *Нақыл сөз: «Әлін білмес әлек» деген осындай әуре болған жаннан қабты.*

2) *Бір күні бұлбұл құсты есек көрді. Қасына сөз айтбаққа жақын келді. «Сыртыңнан сайрағыш деб жұрт мақтайды, Тыңдайын, достым, бір аз сайра» деді.* 1)-інші мыйсалда келтірінді сөйлем: «Әлін білмес әлек» деген мақал. 2-нші мыйсалда келтірінді сөйлем: «Сыртыңнан сайрағыш деб жұрт мақтайды, тыңдайын, достым, бір аз сайра» деген есектің сөзі.

Келтірінді сөйлемде мақалды, немесе біреудің айтқан сөзін айтыушы не сол айтылған күйінде өзгертбестен айтады, не өзгертіб маганасын, мазмұнын ғана айтады.

Бірінші түрде айтылса, мақал не біреудің сөзі **төл сөз** деліб аталады.

Екінші түрде айтылса, **төлеу сөз** деліб аталады.

Мыйсал: 1) *Сонда есек сөз айтады бұлбұл құсқа: «Мақтаулы бар ғой әнпаз әр бір тұста, солардың бәрі дағы әдемі*

әнге тауықтың айғырындай емес ұста». Мұнда «мақтаулы»... дегеннен бастаб, «ұстаға» дейін бәрі есектің сөзі өзгерместен алыныб айтылыб тұр. Сондықтан бұл **төл сөз** болады. 2) *Шал тұрыб орнынан есен-аман, жақындаб жұмыскерге келді таман, әумесер ақылы жоқ, ійт, доңыз деб, байғұсты балағаттаб сөкті жаман*. Мұнда «әумесер»... дегеннен бастаб, «деб» ке дейін шалдың не дегенін нақ айтқан күйінде келтірмей, жай ғана әңгіме түрінде мазмұнын ғана айтыб өткен. Мұнда шалдың төл сөзі емес, төлеуі ғана айтылған. Сондықтан бұл **төлеу сөз** болады.

Төл сөздер қабатша (« ») ішіне жазылады. Төлеу сөздерге тыныстар жай сөйлемдерше қойылады. Мәселен*: Шал айтты: «Көрмеймісін не еткеніңді? Желігіб жынданыуға жеткеніңді? Бардай ақ әкең құны сонша шаншыб. Терісін іске алғысыз еткеніңді».* Шалдың бұл сөзі төл сөз болған соң қабатша қойылыб тұр.

5) Орамды (немесе өрнекті) сөйлем.

Сөйлегенде ойды тақ-тұқ қысқа айтыб, білдіретүн орын да болады. Ойды ұзын айтыб, орағытыб келіб білдіретүн орын да болады. Ұзын айтқанда ой дәуірлеген беті мен барыб, қайтатұн түрі болады. Сөйлеудің сондай түрлері **орамды** деліб аталады. Түсінікті болыу үшін мыйсал алыб көрсетелік.

Мыйсал: 1) *Байлыққа кім тұрғанда, Досан тұрған. Қасында Байжан сымам қоса тұрған. Қорадан он төрт мың қой бірден өрген. Аламан шеннен шыққан Асан тұрған; Шабса қылыш өтбейтін Мұсам тұрған, Сөйлейді маған неге осы ант ұрған?* Мұнда басынан бастаб «Мұсам тұрған...» деб айтқан жерге келгенінше ой дәуірлеген беті мен келеді. Онан әрі «сөйлейді...» дегеннен бастаб, ойдың беті келе жатқан жөнін тастаб бұрылыб кетеді.

2) Қыйсабсыз бай болсаң да Қарынбайдай, Сақый боб мал шашсаң да Атымтайдай, Патсадай Әмір-Темір дін түзетіб. Болсаң да әйдік батыр Арыстандай. Болсаң да Жійреншедей

сөзге шешен, Ақырда жатар орның тар лақыт жай. Мұнда ойдың дәуірлеуі «шешен» деген сөзге дейін келіб, беті сонан арғы жерде бұрылады.

3) Ыстамбұл патса болсаң да Құддыс Шамға, Бұқар мен үкім етсең де Үндістанға, Ағылшын, Қытай, Мәскеу, Рұмды алыб, Дін түзеб әмір етсең де бұл жыйанға. Тұтсаң да жеті ықылымның бәрін тегіс, Кірерсің ақыр бір күн көрістанға. Мұнда ой дәуірлеуі «тегіс» деген сөзге дейін келіб, онан арғы жерде беті бұрылады.

4) Қосылыб бір неше адам ортақтасыб, Үй салыб ортасынан дүкен ашыб, Саудасы, жұғымды боб байыб әбдан, Шат болыб көңілдері сұудай тасыб, Ақшаны төбедей қыб үйіб қойыб, Үлесіб отыр еді шұуылдасыб. Үйі жаныб барады деб қабар берді, Жүгіріб келіб біреуі түсі қашыб. Мұнда ойдың дәуірлеген беті «шұуылдасыб» деген сөз бен бітіб, сонан әрман беті бұрылады.

Жазыу қосымша белгілері мен тыныс белгілерінің жалпы ережесі.

1) Кіші сызықша « - » (тіркестіріу белгісі).

Бұл белгі: 1) бір сөзді екінші сөзге тіркестіретүн орында қойылады, сөзді олай тіркестіріу екі сөзді қосақтаб, бір сөз (қос сөз) қылыб айтатұн орындарда келеді. Мәселен: *төсек-ағаш, жүк-айақ, құрт-құмырсқа, айақ-табақ;* 2) сөздің бір бөлімін екінші бөліміне тіркестіріу керек болған орындарда қойылады, ондай тіркестіріу көбінесе сөздің бөлімдері жазыб келе жатқан жолға түгелімен сыймай, сыймаған бөлімін екінші жолға шығарыу қажет болған жерде келеді. Ондай орында қойылған тіркестіріу белгісі сөздің екі жолдағы бөлімдерін тіркестіріб қосыб оқыу керектігін көрсетеді. Жаната тіркестіріу белгісі сөздің жалғауы мен екі арасына бөтен сөз келіб қыстырылған жерде, мәселен, демеу келіб қыстырылған жерде келеді. Мұндай орында қыстырыу белгісі сөзді жалғауынан айырыуға болмайтынды-

ғын, бірінен бірін айырмай тіркестіріб оқыу керектігін көрсетеді (*жақсы-ақ-бысын? жалғыз-ғана-мысын?*).

2) Үлкен сызықша « − » (жұмақтау белгісі)

Бұл белгі бытыранды ұғымдарды шоғырландырыб, жалқыланған ұғымдарды жалпыландырыб, теңелерлік нәрселерді теңеб, балаб айтатұн орындарда қойылады. Мәселен, *көк шалғын, ағаш, бұлақ − бәрі жақсы. Қасқыр − аң. Ақымақты үйретіу − өлгенді тірілтіу.*

3) Ноқат (нүкте) «. » (ұлы тыныс).

Бұл белгі 1) әбдан біткен ойлы сөйлемдерді бір-бірінен айыратұн орында қойылады; 2) мақала, кітаб басының атауларынан соң қойылады; 3) қысқартқан сөздің соңынан қойылады; 4) келте-келте қысқартылыб айтқан сөйлемдердің соңынан қойылады.

4) Үтірлі ноқат (нүкте) «;» (орта тыныс)

Бұл белгі 1) сөйлемдердің ішкі жақындығы күшті болған жерде қойылады. Сөйлемдер арасында ондай жақындық ортақ ой айтылған немесе нәрсе тұтас сүуреттелген жерде келеді *(Шақшам жақсы еді, тау текенің мүйізінен істелген тақысы еді; қырық қой, төрт ай істеген кісінің ақысы еді; сексен маржан көзі бар еді, тоғыз ат болар деген істеген кісінің сөзі бар еді);* 2) сыйысыулы құрмалас сөйлемдердің байандауыштары демеулер мен құрасбай, алды-алдына тұрған жаната қастарында тұрлаусыз сөйлем мүшелері немесе бағыныңқы сөйлем болған орында қойылады *(Берген ақыны азсыныб, істеген кісі тау жайлаймын деб наршамды алды; қалауым деб бөрте атымды алды; жау шабты деб төрт атымды алды; қайқы келген қара атымды алды; тілік құлақ сары атымды алды;).*

5) Теріс үтір «,» (кіші тыныс).

Бұл белгі: 1) бұратана сөздерді бөлек шығарыу үшін қойылады; 2) сыйысыулы сөйлемдердің бір өңкей мүшелерінің арасына

қойылады; 3) бағыныңқы сөйлемнің жігін басыңқы сөйлемнен айырыу үшін қойылады; 4) лебті сөйлемдерде одағайдан кейін қойылады; 5) бір сөз не болмаса сөйлем қайта-қайта айтылған орында қойылады.

6) Қос ноқат (қос нүкте) « : » (бәшелеу белгісі)

Бұл белгі 1) алдыңғы сөйлемдегі пікірді, кейінгі сөйлем ыдыратыб (сійретіб, ұсақтаб, сұйылтыб) сөйлейтүн орындарда қойылады. Олай сөйлеу жалпы түрдегі ұғымды жалқы түрлі ұғымға айналдырған жерлерде келеді. (*Біздің екі үйіміз бар: жаз тігетүн кійіз үй, қыс кіретүн там үй. Балта мен түрлі жұмыс істеледі: ағаш кесіледі, отын бұталады, қазық қағылады, ойық ойылады, тағысын тағылар істеледі*); 2) келтірінді сөйлем алдында қойылады *(Сонда есек сөз айтады бұлбұл құсқа: Мақтаулы бар ғой әнпаз әрбір тұста, Солардың бәрідағы әдемі әнге Тауықтың айғырындай емес ұста).*

7) Сұрау белгісі «?»

Бұл белгі жауаб сұраған сөйлемдердің соңынан қойылады.

8) Леб белгісі « ! »

Бұл белгі: 1) лебті сөйлемдерден соң қойылады; 2) тілекті сөйлемдердің бұйрық, өтініш түрлерінің соңынан қойылады: 3) тілекті сөйлемнің үгіт түріндегісінің қаратба сөзділерінің соңынан қойылады *(Бар! Жүгір! Ұш! Жанымды бір шыбындай қый, ақсақал! Айта гөр, қайырымды ер бар болса! Балалар, оқыуға бар! Жатба қараб).*

9) Көб ноқат (көб нүкте) «...» (қалдырыу, тастау белгісі)

Бұл белгі сөзді бүкбелеб жорта қалдырыб сөйлегенде немесе сөздерді тізіб тұтастыра сөйлемей, үзіб бөлек-бөлек сөйлеген орындарда қойылады.

10) Қабат үтір “ ” (қабатша қос тырнақ)

Бұл белгі*: 1) төл сөздердің жігін ашыу үшін алды-артынан қойылады *(«Бекер ме» қасқыр айтты «менің сөзім»?);* 2) кітаб, жұурнал, газет аттарына қойылады *(Қызыл Ордада «Еңбекші қазақ» газеті мен «Қызыл Қазақстан» жұурналы шығыб тұр),* 3) бір нәрсені сөз қылғанда, айырыб айқын көрсетіу үшін қойылады (леб белгісі «!» лебті сөйлемге, сұрау белгісі «?» сұраулы сөйлемге қойылады); 4) бір нәрсені теріс маганада атау үшін қойылады. Мәселен: *Жолдас емес адамды «жолдас» деб атау теріс атау болады*. Сондай орындарда «жолдас» деген сөз қабатша мен жазылады.

11) Жақша « ( ) » (қамау белгісі)

Бұл белгі 1) бір нәрсені хабарында болдыра кетейін деген орындарда қойылады. Ондай кездер айта кетейін деген ой сөйлем келе жатқан әңгіменің жүйесінен тысқары бүтіндеу болған орындарда келеді *(Сөйлейді ойланбай ақ айыу шолақ (айыулар күшке мықты, ойға олақ). Қойлардан ала түсті құтылғандай бар деймін бұған оңай жалғыз жол ақ);* 2) алдағы сөзді артқысы түсіндіре өтетүн жерлерде қойылады. Ондай кездер жат сөзді немесе жаңа сөзді оқыушы түсінбес деген орындарда болады. Мәселен, пән сөздің маганасы жат сөздің ана тіліне аударғандағы маганасы, жаңа мекеменің атауының маганасы, тағысын тағы соңдайлар жақшаға қамалады.

Сөйлем түрлерін айырыуға керек сөйлем мыйсалдары.

Сөйлем түрлерін айырыу жүзінде сөйлем мыйсалдары мен үш түрлі іс істеледі: 1) Өлең мен айтылған сөйлемдерді өлеңсіз түрге айналдырыу. 2) Сөйлем түрлерін айыртыу. 3) Сөйлемдердің керек болған түрлерін оқыушыларға табқызыу.

Бұл сөзді біреу алмас, біреу алар, құлағын біреу салмас, біреу салар. Теб-тегіс көбке оның оңай емес, кейіне жарамаса, кейіне

* Қабат үтірдің (“ ”) орнына тырнақша (« ») қойылды – ред.

жарар. Мінсіз таза меріуерт сұу түбінде жатады. Сұу түбінде жатқан зат жел толқытса, шығады. Адам да, ұшқан құс та, аң да – жұмыссыз тек тұрған жоқ еш бір жан да, кішкене қоңыз да жүр жүгін сүйреб; барады аралар да ұшыб балға. Шығады тоқылдақтың тоқ-тоқ даусы, сайрағы сарғалдақтың сыңғырлаған. Өзенде балықшылар ау қараб жүр; тоғайда орақ даусы шаң-шұң орған. Арабтың Нәбек деген жалғыз аты – сол екен болған малы, мүлкі, заты. Дайырда күндіз күлкі, түнде ұйқы жоқ. Е, жаным, мен жолаушы жолым алыс; адам жоқ бұл маңайда маған таныс. Жүк алды шайан, шортан, аққұу бір күн. Жегіліб тартты үшеуі дүркін-дүркін. Тартады аққұу көкке, шайан кейін. Бұлардың машақаты аз болмады, жұмысы орнына кеб мәз болмады. Тартса да бар күштерін айамай ақ, асылан жүк орнынан қозғалмады. Оншама ол жүк артық ауыр емес. Құр сырттан пәлен деу де тәуір емес. Жігіттер, мұнан ғыйбрат алмай болмас, әуелі бірлік керек болсақ жолдас. Біріңнің айтқаныңа бірің көнбей, істеген ынтымақсыз ісің оңбас. Түсер ме есі дұрыс күндіз торға? Кім күлмес бостығыңа сен жаманның! Мен соған қол беремін түстесіме! Амалы саған ғана мол адамның, пысықсыб көгершінім отырғанда, қалыбты өзі түсіб қыл тұзаққа. Ақылың қайда кетті, данышбаным? Табалаб мұнан бұлай күлме, жаным! Ат достым, жүгім ауыр, қалым бітті, емесбін жүре алатұн енді тібті. Зорығыб жолда өліб қалатұнмын, алмасаң ауыстырыб бір-аз жүкті. Ат оған еш бір жауаб қайтармайды. Ауырлаб жүгін, есек қайқаңдайды. Қараңдар, шара бар ма мына сорға? Айағын ат келеді басыб зорға. Өкініб өткен іске ат келеді. Мен қата еткен екем ah! деді. Күш кеміді, айбынды тұу құлады. Кеше батыр – бүгүн қорқақ ерікке ұмтылған ұшқыр жаны кісенде. Қан сұуынған; жүрек солғын соғады. Бірлік, елдік, ерлік, қайрат, бақ, ардың – жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың. Ойпырм ай! Алла ай жасаған, қысылды ғой шыбын жан! Құуат кеміб барады. Сауықшыл есіл елім ай! Сары арқа сайран жерім ай? Күмістей таза сұуы бар – айдын шалқар көлім ай! Қыйналдың ау, шыбын

жан! Тоқталсайшы ыстық қан! Қарлығаш, қайран жарым ай! Қарашығым, жаным ай! Құлағыма келеді алыстан ащы зарың ай! Түсті ғой қысым жаныма! Тұншықтым ғой қаныма! Жаралы құба жонда кім зарлаған! – Бұл – қазақ; Тәңіріге зар еткен қазақ! Қыйналыб қанды азаб шеккен қазақ! Әйтеуір қанды азабтан құтқарар деб, оқыған азаматын күткен қазақ. Кеудеде от, іште жалын, көзде жас. Күні, түні қайғы жұтқан сорлы бас. Сабан төсек, тым қараңғы жатағы, наны қара, шайы қара, қарыны аш. Әкеңді алдыңдағы таныймысын? Балам, сен байқаб қара, ашыб көзің! Кезек бер бір азырақ сөзге тақсыр! Тақсыр ай, еш жазығым жоқ ғой менің! Жәбір ғой біреу үшін күйдіргенің!

Үндеме! Жетер! Кәзір пұрсатым жоқ тұрыуға ақ, қараңды тергеб сенің! Алда, сорлы, бійшара балалар ай! Жасынан өлген екен аналары ай! Көбелек, шыбын аулаб күн көрерлік жоқ екен пақырлардың шамалары ай! Әй! Құстар, тыңдаңыздар құлақ салыб! Кезек бен жем тасыңдар ұшыб барыб. Үшеуін асырауға қанша қыйын? Етіңдер аз күн қайыр бөліб жарыб! Көкек құс, жүнің түлеб жүр ғой бекер! Азырақ жетім үшін жұлсақ нетер? Қайырдың бұл дүнійеде жетімге еткен, басқа іс сауабына бар ма жетер? Боз торғай, қараб тұрма сен де текке! Жүресін босқа шарлаб ұшыб көкте! Даладан тоғайлардан тамақ ізде! Бұлардың үшеуіне көб керек бе? Сар мойын, ер жетті ғой балаларың! Бәледен Құдай сақтар бірер жарым! Бұлардың күндіз-түні жанында бол! Жоқтатбай пақырлардың аналарын! Сандыуғаш, не қылайын сені қайраб! Қойарсын оқтын-оқтын өзің сайраб! Көңілін бір азырақ көтермекке. Зарлының жетім қалған соры қайнаб! Достарым, осындай бір іс етелік! Жастарды жетім қалған кісі етелік! Езгілер орманда да бар екенін Осындай сауаб іс бен көрсетелік! Дарыйға, мен бай болсам жұрттан асқан! Үйлерді салдырар ем қандай тастан. Бақыл бол, серік атым іренжіме! Дамыл ал! Қош, аман бол! Мені ұмытба! Айағым тіймес алтын үзеңгіге. Келіңдер, боз балалар, атты алыңдар! Жетектеб тоғайыма апарыңдар! Жабыңдар

жауабына түкті кілем! Жеміне ең қолайлы сұлы алыңдар! Бұлақтың сұуымен сұуарыңдар.

Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да. Алдамаған кім қалды тірі жанда? Алыс-жақын қазақтың бәрін көрдім. Өткірдің жүзі, кестенің бізі өрнегін сендей сала алмас. Білгенге – маржан, білмеске – арзан, надандар баға ала алмас. Қыйналма бекер, тіл мен жақ! Көңілсіз құлақ – ойға олақ. Енсаб, ұйат, терең ой, Ойлаған жан жоқ; жауыб қой! Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық Аздырар адам баласын. Өтірік, шағым толды ғой, Ойланар ұуақытың болды ғой. Кеш деб қайтар жол емес; Жол азығым мол емес. Бір кісі мыңға, Жөн кісі сұмға Әлі жетер заман жоқ. Қадірлі басым, Қайратты жасым Айғаймен кетті; амал жоқ! Қош, қорықты елің. Қорқытқан сенің өнерің қайсы? Айтыб бер! Бауырыңа тартқан, сырыңды айтқан сырласың сыртты айналар. Не ол емес, бұл емес: Менің де күнім күн емес! Ақша жүз, ал қызыл бет тіл байлайды. Сорақы ұзын да емес, қысқа да емес. Нәзік бел тал шыбықтай бұраңдайды. Жасыл шөб, бәйшешек жоқ бұрынғыдай. Жапырағынан айрылған ағаш, құурай. Ақ кійімді, денелі, ақ сақалды. Соқыр, мылқау танымас еш бір жанды. Үсті-басы ақ қырау, түсі сұуық, Басқан жері сықырлаб келіб қалды. Ол күледі, мен де есалаң күлемін. Ол жылайды, мен де жасым төгемін; әйел өлед, мен де бірге өлемін. Қыс болды, бақша да өлді, гүлдер солды. Өтер жылдар, қартайамыз, өлерміз: бірте-бірте құрыб, шамдай сөнерміз.

Ішім өлген, сыртым сау, бүгүнгі дос ертең жау. Нансаңыз ағам да жоқ, інім де жоқ. Уа ғайры нашарлықтан мінім де жоқ. Нақақтан мені тақсыр күйдіресіз: Жауыздық сізге ойлаған күнім де жоқ, Ол саған әлде күйеу, әлде құда Сүймейді қой атаулы мені, жүдә. Жә бөлең, жә жійенің, жә нағашың – әйтеуір саған ұқсас еді о да. Айттырған періштеме, йәкій жын ба – әйтеуір өзен сөзі шықты шынға. Алаштың адамының бәрі мәлім: Кім қалды таразыға тартылмаған. Дегендер мен жақсымын толыб жатыр, жақсылық өз басынан артылмаған. Тұмсығы

мен шабты да, қанның мыйын шақты да Әтеш кетті аспанға. Арбасынан қан ұшты, кеудесінен жан ұшты.

Айлаға, ашыуға да жақтым шырақ Ерте ойандым, ойландым, жете алмадым; етек басты көб көрдім елден бірақ. Өзі ермей, ерік бермей, жұрт қор етті. Ішім толған ұу мен өрт, сыртым дүрдей. Мен келмеске кетермін, түк өндірмей.

Қалыққа жағайын десең, қазаның болсын. Момынның есебін құу табады, құудың есебін Құдай табады. Жер таусыз болмайды, ел даусыз болмайды. Тай жаманы жорға болады. Адам жаманы молда болады. Жаңылмас жақ болмас, сүрінбес тұйақ болмас. Бұрынғының кісісі – бүгүнгінің кішісі. Арғымақ бірде жалды, бірде жалсыз; ер жігіт бірде малды, бірде малсыз. Ердің ерлігін білмеген Құдайдың бірлігін білмейді. Ат басбаймын деген жерін үш басады; ер көрмеймін деген жерін үш көреді. Адасбаймын деген жігітті қараңғы тұман адастырады.

Ат басына күн тұуса, ауыздық бен сұу ішер, ер басына күн тұуса, етігі мен сұу кешер. Ер өтірік айтбайды, еб өтірік айтады. Ердің атын жә аты шығарар, жә қатыны шығарар. Есебдар болмай, бай болмайды, есерсоқ болмай, ер болмайды. Алыб анадан, ат бійеден тұуады. Ұуайым түбі теңіз: батасын да кетесін; тәуекел түбі қайық: мінесін де өтесін. Арғымақ аттың құйрығы − әрі жібек, әрі қыл. Қас жақсының белгісі − әрі мырза, әрі құл. Бай болайын деген жігіт айырбасшыл келеді; адам болайын деген жігіт қарындасшыл келеді. Жаңбыр жауса, жердің ырысы, жақсы тұуса, елдің ырысы. Бійік таудың төбесін көріб, түбіне барма; жақсының атын естіб, үйіне барма. Жорғаның қадірін желгенде біледі, жақсының қадірін өлгенде біледі. Жаманның айтқаны келмейді, сандырақтағаны келеді. Ійт құтырса, ійесін қабар; торғай құтырса, бүркітке шабар. Арық малды асырасаң, ауызы-мұрныңды май етер; жаман кісіні асырасаң, ауызы-мұрныңды қан етер. Жаманның үсті сұу болса, кеббестей көрер, жаманға мал бітсе, кетбестей көрер; жаман атқа жал бітсе, жанына торсық байлатбас; жаман кісіге мал бітсе, жанына қоңсы қондырмас. Жақсыға айтсаң,

бітірер, жаманға айтсаң, жітірер. Жақсыдан жаман тұуады: бір айақ асқа алғысыз; жаманнан жақсы тұуады: адам айтса, нанғысыз. Қас жақсының белгісі – өз үйіне өзі құл; қас жаманның белгісі – өз үйіне өзі сый. Жақсыға берсең асыңды, жақсы сыйлар басыңды; жаманға берсең асыңды, ійтке тастар басыңды. Жүйрік шабан болады, мойнынан жал кетсе; жақсы жаман болады, қолынан мал кетсе. Қарға мақтаныб, сұңқар болмайды; есек мақтаныб, тұлпар болмайды. Кісі ақылы мен бай болғанша, өз ақылың мен жарлы бол. Жалғыз жүріб жол табқанша, көб кісі мен адас. Жалғыздың жағы жоғалса да, табылмайды, көбтің оғы жоғалса да, табылады. Қалыңсыз қыз болсада, кәдесіз күйеу болмайды. Орамал тойға жарамайды, жолға жарайды. Еңкейгенге еңкей, басың жерге жеткенше: шалқайғанға шалқай, төбең көкке жеткенше. Өзі біткен жанжалды жаным десең болмас ба; алты ұл табқан қатынды қаным десең болмас ба? Атадан алтау тұуғанша, жалғыз тұуса не етеді, елге тұлға болғалы; қарағайға қарсы бұтақ біткенше, еменге айыр бұтақ бітсе не етеді – құсқа тұғыр болғалы. Өзіңнен тұумай, ұл болмас, сатыб алмай, құл болмас. Жетімшілікті көб көрген, үш шақыртбай «ә» демес, ашаршылықты көб көрген өзі тоймай «мә» демес. Ақ сұңқардың баласы, алдына қоймай, жем жемес. Арғымақ аттың баласы, аз оттаб, көб жұусайды; асылдардың баласы, аз сөйлеб, көб тыңдайды. Ағайынның қадірін, жалалы болсаң, білерсін. Ата-ананың қадірін, балалы болсаң білерсін. Ағайынды жамандаб, тұуғанды қайдан табарсың; арғымақты жамандаб, бұуданды қайдан табарсың. Басқа елде сұлтан болғанша; өз еліңде ұлтан бол. Ел ағасыз болмайды, тон жағасыз болмайды. Мал бітбес деб, ерден түңілме, шөб бітбес деб, жерден түңілме. Мал таббас жігіт болмас: тұрарын айт. Бас екеу болмай, мал екеу болмас. Ат аунаған жерінде түк қалады.

Сырын білмеген аттың сыртынан жүрме. Ат айаған жерге қарар, құс айаған көкке қарар. Құтты қонақ келсе, қой егіз табады. Ешкі егіз тауыб қойдан асбас; ійт егіз тауыб, елден

асбас. Бір бійенің емшегі екі: бірі кетсе, сүті жоқ; бір түйенің өркеші екі: бірі кетсе, күші жоқ. Түйе қашыб, жүктен кете алмас. Алты күн атан болғанша, бір күн бұура бол. Ауызы қыйсық болсада, байдың ұлы сөйлесін. Бағың жүрген шағында, жапалақ салсаң қаз ілер; бағың қайтқан шағында, лашын салсаң аз ілер. Жемеседе май жақсы, бермеседе бай жақсы. Жарлылық, сені қайтейін: жандай досты жат еттің; кәрілік сені қайтейін: сөйлер сөзге мат еттің. Бай қасына көшіб бар, байымасаң, маған кел; құу қасына көшіб бар, құрымасаң, маған кел. Ұрлық қылсаң жалғыз қыл: екеу болсаң бірі айғақ; өткел өтсең, бұрын өт: арттан өтсең, жол тайғақ. Айтысқан соң дау емес бе, алысқан соң жау емес бе? Табқан құуанса да, таныған алады. Әлі келген алыб да, шалыб да жығады. Бій айтқанды құл да айтады, құл аузының дұуасы жоқ. Ақылы жоқ басқа адырайған көз бітеді, дұуасы жоқ ауызға сылдыраған сөз бітеді. Ерден елтірі даулаб алсаң да теңдік. Арлы арына қараса, арсыз «жеңдім» дейді. Қонғанша қонақ ұйалады, қонған соң қонақ ійесі ұйалады. Қонақ аз отырыб, көб сынайды. Қонақ келсе, ет пісер, ет пісбесе, бет пісер. Барыңда батыб іш; жоғында сатыб іш. Жақсы ас қалғанша, жаман құрсақ жарылсын. Кісі қандай болса, асы сондай. Жетімнің ауызы асқа тійсе, мұрны қанайды. Ақымақ, алдыңдағы астан үркіб, аштан өлібті. Жоғалыб табылған мал олжа; ауырыб жазылған жан олжа. Көзінен көріб бәрінде, Нысанбай мұны жырлаған. Тосыу көрмей еш кімнен, Қан еді мойны сынбаған. Ерегісіб қырғызға, Қан ойынды шындаған. Сол ел менен күшейіб, Төрелер жайды қанатты. Аттансын деб жан қалмай, жұртқа салды санатты. Сегіз жүз кісі іріктеб, ылғый батыр манабты; Ақ сұу деген өзеннен шабты Олжа Болатты. Тау сұуындай сарқыраб, Байұзақ келді төменнен. Көңілі бітті, айқасыб, Наурызбай – асыл берен мен. Тұс-тұсынан құралыб, Қырғыздың қолы кернеді, Бесінге дейін атысыб, Қазақтың әлі келмеді. Қырғызды түріб шыға алмай, Батырлар сонда бір састы. Үйінде еркек қалдырмай, Қырғыз шыққан айдатыб. Қыл құйрық қыб бәрін де Қарыу-жарақ сайлатыб. Қызықсын деб

Асыуға, Қазына төкті жайнатыб, «Келсең кел» деб ақырыб, Сары ала тұуын жайратыб, Қырғыздарды жөңкілтіб, Төскейде атын ойнатыб; Асыуын тастаб, көб қырғыз, Бас қамын қылыб, кетбеді. Ашыуланыб сол жерде, (Қан) алдырды, екі түйені: Шөгеріб салыб, түйеге зеңбірегін сүйеді. Тұрғызыб қойыб атса да, Күмпілдеб, тауға тійеді. Ала таудан аса алмай, Қазақтың қолы байланды. Осы бүгүн күн батбай, Көрсетші қанат жайғанды. Тау басында қырғызға Бір тійгізіб найзамды. Тау басына жете алмай, Болмай тұр ау сәніміз; Жабырқаған секілді, Көңілі ашылмай жанымыз; Көңілің соқса, Науанжан, қаннан жауаб алыңыз. Томағамды сыпырыб, Қамау тасқа салыңыз. Байұзақ аттан түскен соң, Қасына төүсті қанымыз. Қанымыз аттан түскен соң, Төгіле қалды арымыз. Бұзбасақта ол тауды, Түсе қалдық бәріміз. Сол уақытта қарасақ, Тау басынан шұу шықты. Қабтаған қара тұмандай Мұнарланыб, бұу шықты. Бұу десек мылтық түтіні (екен). Шөке атым жер бармай ақ, Айырылды қаның еркінен. Қойға тійген бөрідей Қырғызға салды кесірді. Ақ кіреуке бек сауыт, таза жүрсе, тот алмай, Мылтықтың оғын жібермес, Шығыршығы жұқармай. Жара салық дегенде, Бергендей қырғыз бар малын. Қол алдында жүргенде Қырғыздың бір данасы, Наурызбайға кез болыб, Тұра қалды жанаса. Ашыуын бұған бассын деб, Жерімді саған тастадым. Олжа қылыб қайтсын деб, Малымды саған тастадым.

Қонысты орыс алған соң, Кене кем ауған жерінен, Бауыры сұуыб ол жақта Қарашы болған елінен. Он екі кісі жіберді Жеке батыр ері мен. Бізге қоныс берсін деб, Қоқының салған көлінен. Екі ай жатты, тұтқын болыб Жанқараш, Жаттай бегіңнен. Қорған болыб халқына Әр кім шықсын табында. Айбатың асыб тұрғанда, Айтарсын төре, сөзіңді. Алтын жығаң қыйсайса, Қырғыздар ойар көзіңді. Күнім тұуса көрермін, Бұйрық болыб Құдайдан Қазам жетсе, өлермін. Ержан кеткен түн қатыб, Қан болған соң өкімді, Төрт жүз кісі бөлініб Қалың тобтың шетінде, барлаб, қараб келгелі Жау бар ма деб бетінде. Келісбестей көрінді, Наурызбайды бөлген соң, Қырғыздың қолы

көбейіб, Жақынға келіб төнген соң. Байұзақ датқа сөйлейді, Ашыуланыб, ақырыб; Қалқына қараб, сөз айтты, Оң-терісті сапырыб, Не қылыб шықбай отыр деб, Батырларын шақырыб. Дұулаттан шыққан батырдың Талайына батырыб, Шыдамады Наурызбай, Кійіміне қыналыб; Тұра келді орнынан, Шыбықтай белі бұралыб, Арасы алыс дауыстаб: «Бар ма, мұнда кел» деуге. Екінші рет атқанда, Бір керемет білінді. Ұрмай-соқбай, зеңберек Ортасынан бөлінді. Кертайлақ қолға тійген соң, Міниб алды Наурызбай. Сегіз кісі бас қосыб, Сұу бойында ұрысты. Тоқтата алмайды көб жауды, Үстіртке ойнаб шығысты.

Әл кетіб жығылыуға тайанғанда, Жалыныб атқа есек сөз айтады: Ат достым, жүгім ауыр, қалым бітті. Емесбін жүре алатұн енді тібті, Зорығыб жолда өліб қалатұнмын, Алмасаң ауыстырыб бір аз жүкті.

Бір көлдің емен айтты қамысына, Сыбайлас көбтен бергі танысына: «Жаратқан мені Құдай сонша артық, Мықты деб жер жарылад дабысыма». Өгізді сұуға тойған бақа көрді; Секіріб жолдасына жетіб келді. Боламын мен де сонау өгіздей деб, Жел тартыб, ісіб-кеуіб, қарнын керді. Сұрады жолдасынан толдым ба деб, Өгіздей анау тұрған болдым ба деб. Бұрынғы мықтылықты бұлай қойыб, Тырнаға сөз сөйлейді кішілік бен: «Шырағым, дүнійеде ұмытбайын, Құтқарсаң мені қазір осы дерттен». Сұуырыб сүйекті алыб тастаб еді, Ұуп деб, қасқыр сонда көзін ашты. Құтқарған зор бәледен тырнасына Ол бірақ көрсетбеді ықыласты. Еңбегін бер деб тырна сұраб еді, Қас екең сау күндегі әнге басты: «Не дейсін? Ойын ба осың, шын ба тырна? Қажауға мәжінүн жоқ саған мұнда. Ақы алыб өзгелерден дәндеб қабсын. Қой, тырнам, ойнаб мені әуре қылма!» Танысы мұны көріб келе жатқан, Астында өгізі бар сабан тартқан. Көзіме күні бойы көрінбеб ең, Келесін сөйле деді сен қай жақтан. Сонда бұл мұрнын көкке көтереді, Адамсыб маңызданыб жөтеледі: «Жер жыртыб күні бойын, шаршаб келем. Мазалаб сұраб саған не керегі?». Мәз болыб мақтағанға насаттаныб, Қайтбасын деб ойлайды сағы сыныб. Алыстан

арыб, ашыб іздеб келген, Байғұстың кетсін деді көңілі тыныб». Өтірік мақтағанға қарға еріб, Қарқ етті пәрменінше жағын керіб. Қаңғырған тамақ іздеб, бір аш бөрі, Қозыға жетіб келді жайнаб көзі. Жемекке кінә қойыб сол арада, Жала ғыб, міні қасқыр айтқан сөзі: «Сен, қозы, текке қараб жүре алмайсын! Соқтықба маған десем, тіл алмайсын. Мойныңды қазір жұлыб алайын ба! Сұуымды неге былғаб ылайлайсын?» Қозы айтты: «Қасқыр тақсыр, тоқта азырақ! Тергеңіз кінәм болса, әділ бірақ. Ізіңіз жатқан жерден төмен келіб, Іштім мен жүз қадамдай қашық ғырақ...». Орманға балтасы мен келді мөжік; Аралаб ағаш таңдаб жүрді кезіб. Йапырым ай, аман қалсақ жарар ед деб, жанынан көрген ағаш тұрды безіб. Мөжікке бір жас ағаш айтады сөз: «Құдайдан тілеуші едім келтір деб кез. Мың да бір алғыс саған берер едім, Осы үлкен ағаштардан құтқарсаң тез...». Ол қанша пайда табты жалғыз тұрыб, Өзгенің әлек етіб, бәрін қырыб, Ағашта құураб тұрған әл болсын ба? Кетіб дауыл соғыб, қалды сыныб. Сонда оған сыныб жатқан жылан келді. Өзіңе бәле тілеб алдың деді. Қорғауыш жанындағы ағаштардың, Кінәсіз бәріне ылаң салды деді. Панаңды желден, күннен қорғаб тұрған, Қырғызыб өзің жалғыз қалдың деді. Алданың арам бейіл сүймес құлы, Отыңа өзің жаққан жандың деді. Әмійан күндіз түні болды қолда, Ас ішіу, дамыл алыу болмады онда. Алтынды, бөлек-бөлек үйіб отыр. Өзі мен өзі кеңес құрыб сонда. Мінікей, деді енді мен де баймын: «Байлар мен жұрттан асқан сайма-саймын. Құдайым бермегенде жаттым ұйықтаб, Тұрғанда Құдай беріб неге ұйықтаймын? Шығарсам, қазыр алтын үй алатұн. Онан соң бір жүз мыңын бійе алатұн. Көшкенде жүктерімді атқа артам ба? Тағы да алтын керек түйе алатұн... Сыйыр мен мынау алтын қойға деді, Аналар қатын алсам, тойға деді. Жұмсармын мұнан соңғы алтындарды Қаражат кійім-кешек бойға деді. Ал енді өгіз тұрыб мөңірейді, Көз жасы ағыл-тегіл еңірейді; Қыйанат кісі ақына қылман деуші ем: Азғырды шайтан залым мені дейді. Барыб келсе, Ертістің сұуын татыб, Беріб келсе, бір арыз, бұтыб шатыб, Елді

алыб, Еділді алыб, елереді, Ісіб-кеуіб қабарыб, келе жатыб. Әрі-бері айналса, аты арықтаб Шығынға белшесінен әбдан батыб. Сұм-сұрқыйа, құу, білгіш атанбаққа Құдай құмар қылыбты, қалжыратыб. Шын көңіл мен сүйсе екен, кімді сүйсе; Бір сөзі мен тұрса екен, жанса, күйсе; Қырмызы, қызыл жібек боз балалар, Оңғақ болса, былғайды, бір дым тійсе. Жоқ болса қатыныңның жат өсегі, Болмаса мінезінің еш кесегі, Майысқан бейне гүлдей толықсыған, Кем емес алтын тақтан жар төсегі. Көлеңке басын ұзартыб, Алысты көзден жасырса, Күнді уақыт қызартыб. Көк жійектен асырса, Күңкіріт көңілім сырласар Сұрғылт тартқан бій уаққа. Алыстан сермеб, Жүректен тербеб, Шымырлаб бойға жайылған, Қыйуадан шауыб, Қыйсынын тауыб, Тағыны жетіб қайырған. Толғауы тоқсан қызыл тіл, Сөйлеймін десең, сөзің біл. Қайнайды қаның, Ашыйды жаның Мінездерін көргенде. Жігерлен, сілкін, Қайраттан, беркін Деб насыйқат бергенде. Ұйатсыз, арсыз салтынан Қалғыб кетер артынан. Ійт үрсе, бала тайағын ала құуады, ійт бен кектесіб; Ұрысқансыб, ой! деб, «ұйат! деб, қой! деб, Үлкендер тыйар тек! десіб; Оны білсең; мұның не? Менде ұйат іс қылдым, де. Күйдірген соң, шыдатбай, Қойа ма екен, жылатбай. Ойыуын ойыб, орындаб қойыб, тұр салғандай өрнекке, Қыйыннан қыйыб, қыйырдан жыйыб, құраб сөзді термекке, Еңбекке егіз тіл мен жақ, Ерінбесең, сөйлеб бақ! Ійменіб көбтен, шақтық қыб, Еб бен тасалама ойыңды. Ашынса етің, ашылмақ бетің: тірі көмбей бойыңды. Жүрегіңнің жарасын көрсет жұртқа қарасын. Сайраған тіл мен, зарлаған үн мен құлағы жоқ кереңді, ұқтыра алмай, сөз әуре: Тек тұра алмай, біз әуре. Жаңбыр жаумай, жауса қар, Жұрт жұтайтын түрі бар. Мұны көріб көзіміз: Бірігер деб сөзіміз, Кен болар деб, балшықты, Көл болар деб, шалшықты, Біз үміт бен қазыб ек.

Жанға көңіл қалыб тұр: Жан бұл күйге салыб тұр. Тәнге көңіл қалыб тұр: Тән шыдамай, арыб тұр. Ет бенен қымыз беріб, сөйлеб көрсең, айтқаның жұртқа балдай татыр, інім; Ақылың Апылатондай болса дағы, Қымыз бен еті жоқ құр-тақыр бі-

лім. Ағаның ақыл айтқаны мақұл: жаны ашыған жақындық, Мілләтке қызмет – жұмләге міндет; ұйқыны аш! дер ек, Надандықтан қаш! дер ек, Болмайды үндеб: дұшпан тұр күндеб: «Мілләтке қызмет – жұмлеге міндет» деб айтарсыз өзіңіз. Мілләттан безіу, әйтбесе төзіу, шын болса сол сөзіңіз. Қараңғылық бұққанда, Қызарыб күн шыққанда. Күн отынан тұуғанмын. Жүрегімді, жанымды, ыйманымды, арымды жалын менен жұуғанмын. Жүрегім де, жаным да от, Ыйманым да, арым да от. Жарқыраб от боб тұуғаннан (бері), Белімді бекем бұуғаннан (бері), Қараңғылық дұспаным Жауыздықты жамылған, Қарынға құл боб табынған, Қорсылдаған доңыздай, Көкті көрмей, көр болған, Сүйгені сасық жер болған соқыр, Сасық қоңыздай күн батысқа жүрейін, Дұғада бол, алтын Алтай, қарт анам! Алыб ата құуды жолын ер балаң, Ақ шашыңды, көкірегіңді ійіскеуге, Тәңірі жазса, сәулет бенен тез барам. Азамат; анау қазақ қаным десең, Ұжмақтың сұуын апар жаным десең. Болмаса, Ібіліс бол да ұу алыб бар, Тоқтатам, тұншықтырыб зарын десең.

جىر "جۇزىندا ءگىه‌گشىله‌رى، بىرىنگىگىنده‌ر؟

بايتۇرسىن ۇلى احمەت

ءتىل - قۇرال

سويلەم جۇيەسى مەن تۇرلەرى.

III - ىنشى ءتىل تانىتقىش كىتاب.

تۇزەتىلىپ، تولىقتىرىلىپ، جاڭا مەلەمەن
6 - ىنشى باسىلۋى.

ГРАММАТИКА КАЗАНСКОГО ЯЗЫКА
„ТИЛ - КУРАЛ".
Кн. III-я Синтаксис
Издание 6-е

A. Baitursun uly
III JYLDYQ
„TYL QURALY"

Казакское Государственное Издательство
гор. Кизил-Орда—Ташкент. 1926 г.











جالاك سويلەم مەن جايىلما سويلەم

[illegible]

سويلەمەك ئىش باشلىغى بروگە بىمەنىس مەكەن ۋەس ئىنىز. [illegible] ئەتىنىڭ بىلگىلەر — ۋەن نۇرگىل گۇسىمەنىس. ۋەن گۇسىمەنىڭ ئاۋىن سوەل گۇيىك سرىمەدى ئىز خەمەت. "بىر سۇرەي ۋەن ئىشلاق ئاۋىن ئىسلا بگىشى" سۇرەي. ۋەن نوسىلاق گۇيىز ئەدى ئۇسىمەنىس "سەدەد ۋەس بىسىلاق ئەدى ئەدى سوەلىمەك سويلەمەك ئەدەزىمز مزىمارى ۱) ئىشلۇغىر. ئەدەد (۲) نو ئىشۇىنىز مزىد. ۳) بىسىلاۋىمار سوزىم بولىب ۋىنىك بر ئەدەد.

§ 5 ئىسقىلاۋىش

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]









سویلدم مۇشەلەرىن ابىرىوما كەرەك

سویلدم مىسالارى

[illegible]















جازىق قوسىمىنا بەلگىلەرى مەن لىنىس بەلگىلەرىنىڭ چالىپ ورەجەسى -

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]





Қазағыстан оқыу кемесериетінің білім ордасы

Жер жүзінің жалшылары, бірігіңдер!

БАЙТҰРСЫН ҰЛЫ АҚЫМЕТ*

ТІЛ – ЖҰМСАР

Сөйлеу, оқыу, жазыу тілін жұмыс тәжірійбесі арқылы танытатын

1-інші кітәб

Білім ордасы 1-інші басқыш мектебте ұстауға ұйғарған.

А. Байтурсунов.
Практическая грамматика. Ч. I.

Қазағыстан жоғарғы шарыуашылық кеңесінің мемлекеттік басбақанасы.
Қызыл Орда 1928 жыл.

* 1928 жылы жарық көрген «Тіл – жұмсар » кітабының мұқабасы.



Дәйектеме.

Тіл – құрал. Құрал болғанда толыб жатқан есебсіз бөлшектері бар, ол бөлшектері түрлі жағымен қыйысатын толыб жатқан қырлы, тетіктері есебсіз көб бір өте үлкен машыйна секілді құрал.

Қандай құрал болса да, оны жұмсаушысы екі түрлі болмақ. Біреуі – құралдың ішкі-тысқы бөлшектерінің бәрін біліб, олар қалай бір-біріне үйлесіб, үйлескенінен шығатын тетіктер бір-біріне қалай жалғасыб, қалай қызмет ететіндігін біліб отырыб жұмсаушы. Екіншісі – олардың бәрін білмей ақ құралдың жұмсауға керегі бар тысқы бөлшектері мен тетіктерін көріб, жұмсау әдісін үйреніб алыб жұмсаушы. Ішкі бөлшектері мен тетіктерін бұл таныса, құралды жұмсаб жүріб, онымен көб істес болыб барыб, тәжірійбе арқылы таныйды.

Солай таныққаннан кейін ананың да, мынаның да құрал жұмсауы, оны таныуы бірдей сыйақты болыб шығады. Бірақ асылында олай болмайды. Мәселен: машыйна бөлшектері жасалған заттардың қасыйеттерін, олар үйлесіуінен шығатын тетік заңдарының жайын жақсы білетін жұмсаушының машыйна таныуы мен тек өз тәжірійбесі арқылы машыйнамен танысқан адамның машыйна таныуы – екеуі бірдей болмайды. Машыйна жүрісінде кемшілік біліне бастаса, оның неден екенін анау бірден білгенде, мынау тібті білмеуі мүмкін.

Жалпақ жұрттың құрал тұтыныуы көбінесе екінші жолды болады. Тігін машыйаналарын, пішен, егін машыйнараларын қолданыушылар солардың ішкі, сыртқы бөлшектерін, тетіктерін біліб отырыб жұмсамайды, жүргізетін, тоқтататын сыйақты жұмсауға керегі бар тек тысқы бөлшектері мен тетіктерін біліб кәна жұмсайды. Бұлардың да машыйна біліб алатындары болады, бірақ оны құрал жұмсау жүзінде көб тәжірійбе көргеннен кейін біледі.

Бұл күнде бала үйретіу табыйғый жолы – тәжірійбе арқылы білім алатын осы айтылған соңғы жол деб танылады. Жана да ел мектебі – білімді түбтеб білдіріб, мамандар шығаратын мектеб

емес. Жалпы тұрмысқа жұмсалатын жалпақ түрдегі білім беретін мектеб. Сондықтан үйретіу жүзіндегі кәзіргі жаңалықтың негізі – үйретіу, әсіресе бастауыш мектебтерде үйретіу, тәжірійбе жолы мен болыу.

Бала білімді тәжірійбе арқылы өздігінен алыу керек. Мұғалімнің қызыметі оның білімінің, шеберлігінің керек орны өздігінен алатын тәжірійбелі білімнің ұзақ жолы қысқарыу үшін, ол жолдан балалар қыйналмай оңай өтіу үшін, керек білімін кешікбей кезінде алыб отырыу үшін, балаға жұмысты әліне шағындаб беріу мен бетін белгілеген мақсатқа қарай түзеб отырыу.

Бұл «Тіл – жұмсар» деб ат қойыб отырған кітәб ана тілін жоғарыда айтылған жаңа жол мен үйретіуге ыңғайланыб шығарылған. Мұндағы білім – «Тіл – құралдағы» білім; бірақ сол білімді мұнда үйретіу жолы басқа.

«Тіл – құрал» қазақ тілі қандай құрал екендігін тұтас түрінде танытыу үшін түрлі бөлшектерін, тетіктерін ұсағын ұсағынша, ірісін ірісінше жүйелі тұрған орнында алыб көрсетіб танытады. «Тіл – жұмсар» сол үлкен құралдың бөлшектерін, тетіктерін балаға шағындаб бөлек-бөлек ойыншық сыйақты құрал жасаб, соларды танытыб, соларды жұмсатыу арқылы барыб үлкен құралды танытады.

Бұл айтылған «Тіл – құралдан» «Тіл – жұмсардың» негізгі басқалығы мұнан өзге де бала шамасына шағындағандықтан тұуған басқалықтар бар. Оларды мұнда түгендеудің қажеті жоқ, үйткені «Тіл – жұмсар» мен үйреткенде, әрқайсысы өзінің орны-орнында көрінбекші. Мұнда тек басты-бастыларын ғана көрсете өтсек болады.

1. Әріптен басқа жазыуда қолданатын белгілерге бүгүнге дейін анықтаб белгілі ат қойылған жоқ еді. Сүгіретіне қараб біреу олай, біреу былай деб атайтын еді. Мұнда соларға ат қойылды. Мұндағы ат тек сүгіретіне қарай емес, жұмсалатын орнына қарай қойылды. Мәселен: *тыныстық* **(.)**, *жабсарлық* **(,)**, *қосарлық* **(=)**, *тастарлық* **(–)**, *дәлдеулік* **(«ҿ»)**, *сұраулық* **(?)**, *лебтеулік* **(!)**.

Тыныстық (.) – дауыстың тынатын жеріне қойылатын белгі.

Жабсарлық (,) – дауыс тынбай, тек сөз арасы көбірек ашыла айтылатын жерге қойылатын белгі. Сөз арасының олай ашылыуы көбінесе сөйлемдер қосылған жабсарлық жерінде болады.

Қосарлық (-) – сөзді қосыу керек болған орында, бір сөздің екі бөлімін қосыу керек болған орында немесе біріне-бірі жедел екі сөз қосарынан айтылатын орында, не болмаса бір сөздің өзі қайта-қайта жедел айтылатын орында қойылатын белгі.

Тастарлық (–) – жазбай тасталған сөздің орнына қойылатын белгі.

Дәлдеулік (« ») – бұлжытбай дәлдеб жазыб көрсетерлік жерде қойылатын белгі.

Бұлардан басқа «Тіл – жұмсарда» екпіндік (V), еместік (X) деген белгілер бар. Олар балалар оқыуға төселгенше, сөздерді айырғанша ұуақытша қолдан тұтынатын белгі (басбада олар болмайды).

2. Сөйлем атына кірген өзгеріс бар. Мәселен: **жабсарлы сөйлем** деген ат бар. Бұл ат бен құрылыуынша айырылатын толыб жатқан сөйлем түрлерінің бәрі аталады. Тек жабсарлық қойылатын сөйлем болса, бәрі жабсарлы сөйлем деб бір-ақ атбен аталады.

3. Сөз аттарына кірген өзгеріс бар. Мәселен: 1) *«қосар сөз»* деген бар. Бұл – қос сөздерден басқа сөздердің қосарынан біріне бірі жедел айтылатындарына қойылған ат. Бұған *қатар-қатар, жалт-жұлт, шым-шытырық, бірін бірі, бір-бірден, алысыб-жұлысыб,* тағысын тағы сол сыйақты сөздердің бәрі кіреді; 2) *«қосынды» сөз* деген бар. Ол бұрынғы «жалқылауыш» қос сөз деген аттың орнына алыныб тұр (*белбеу, қарағұс, жүг-аяқ*); 3) *«үйір сөз»* деген бар. Бұл – айтқанда қосынды сөз сыйақты айтылатын, бірақ ондай бір ұғымды емес, екі ұғымды көрсететін сөздерге қойылған ат (*қара айғыр, ақ өгіз, сұр тай*).

4. Дыбыс түрлерінің атына кірген өзгеріс бар. Дыбыстар естілу қуатына қарай жіктеліб, соған қарай ат қойылыб тұр. Дыбыс естіліу жағынан төрт даражалы: 1) дауыс (немесе айқай), 2) үн, 3) сыбыс, 4) сыбыр. Дауыс бен үнді айырыу қыйын емес

(дауыстама, үндеме дегенде, екеуінің мағанасы бір емес), сыбыс бен сыбыр – екеуі бір нәрсе емес (сыбырлағанда быш-быштаған сыбыс естіліуі мүмкін, бірақ сөзі басқа адамға естілмейді).

Балаларға бұрынғыдан көрі осы түсінікті болатындықтан, дыбыстар осы негізбен жіктеліб, түрлеріне осыған қарай ат қойылды.

1) а (ا),о (و), ұ (ۇ), е (ه), ы (ى) бұрынғыша **дауысты** деб аталады.

2) р (ر), ң (ڭ), л (ل), м (م), н (ن), у (ۋ), й (ي) **үнді дыбыстар** деб аталады.

3) ж (ج), з (ز), с (س), ш (ش), ғ (ع), г (گ) **сыбысты дыбыстар** деб аталады.

4) б (ب), п (پ), т (ت), д (د), қ (ق) **сыбырлы дыбыстар** деб аталады.

«Тіл – жұмсардың» кәзір екі бөлімі гәнә шығыб тұр.

1-інші бөлімдегісі көбінесе әріптер мен әріп белгілерін түрлі орында көбірек жұмсалатын сөз бөлшектері мен сөйлем бөлшектерін жаза біліу. Дәйекшіні керек қылмайтын дыбыстардың әріптерін біліу. Сөздің жекелік, көбтік түрлерін таныу. Көбінесе айтылатын сұрау сөздермен танысыу. Жеңіл сұрауларға жауаб жаза біліу. Жеңіл бүркеулерді (. . . . .) аша біліу. Сөзге үйлесетін сөз теріб ала біліу. Оңай тұуатын сөздерді тұуғыза біліу. Сөзді сыйпырға, сыйпырды сөзге айналдыра біліу. Тасымалдау мен танысыу.

Бұл бөлімде бақылау мен мәнісін біліу жағынан тұура тұтыныу тәжірійбе жағы басым болыб отырады.

Жана бір ескеретін нәрсе – 1-інші бөлімде берілген тіл таныу білімі Әліп-бійдегі әнгімелермен байласқан. Оны сол іретше басқа кітәбтардағы әнгімелер мен байластырыуға болады. Мұнда тек байластырыу жолы, жөні осы іретше болыу тійістілігіне үлгі үшін байластырыб көрсетілген.

«Тіл – жұмсардың» 2-нші бөлімінде 1-інші бөлімдегілердің көбі қайта келеді, бірақ олар пысықтау іретінде емес, анадағы

білімдерді тереңдетіб, аудандарын кеңейтіб білдіріу іретінде келеді.

Оның үстіне жаңадан сөйлемдердің түрлерін таныу, сөздердің, дыбыстардың негізгі түрлерін таныу, орын талғайтын дыбыстармен танысыу, сыбайлас дыбыстардың бір-біріне ететін әсерлерімен танысыу, дауыс екпінін таныу кіреді.

Бұл бөлімде істеу жүзінде байқау мен алған білім жұмсау жүзінде іске асыб, бақылау мен жұмсау екеуі теңбе-тең бірдей жүріб отырады.

Адағында айтыб өтетінім – емле үйретіуге «Тіл – жұмсардың» екі бөліміндегі қолданыстық нәрсе (мәтерійәл) жеткілікті.

Соның бәрін балалар дұрыстаб, түгел қолданыб өтсе, емленің 90% шамасы біліуге дыбыс жүйелі. Оны біліу үшін бұуынды жақсы таныу, дұрыс бұуындай біліу, сөздің бұуындарын біліб отырыб жазыуға әдеттеніу гәнә керек. Оған «Әліб-бій» мен 1-інші «Тіл – жұмсар» көлеміндегі нәрсе де, мезгіл де, білім де жеткілікті.

Онан арғысын 2-нші «Тіл – жұмсар » мен толықтырыб, үшеуінің көлеміндегі нәрседен емленің 90% білімін толық алуға болады. Онан әрі қалған 10% білімін 3-інші «Тіл – жұмсар» беріуге тійіс.

Сүйтіб, бақылау мен жұмсау тәжірійбе жолы мен «Тіл – жұмсар»дың үш бөлімінің беретін білімін алғанда, балалардың сауаты емле жағынан толық жеткілікті болмақ.

Шығарыушы.

1928 жыл 6 наурыз.
Қызылорда.

§ 1. Әріптер мен белгілер

А (ا), б (ب), п (پ), т (ت), ж (ج), д (د),
р (ر), з (ز), с (س), ш (ش), ғ (ع), қ (ق),
к (ك), г (گ), ң (ڭ), л (ل), м (م), н (ن),
о (و), ұ (ۇ), у (ۋ), е (ە), ы (ى), й (ي),
(ء) - – «» ” , : ; ! ? ...
(«Әліп-бій», 76-бет).

Әріп бен дыбыс бір ме?
Қайсысы көрінеді, қайсысы естіледі?

Ұқсас дыбыстардың әріптері ұқсас бола ма?

1. жұмыс.

Жоғарыда әріптерді түрлерінің ұқсастығына қарай сұрыптап, таб-табымен бөлек жазыңдар. Нұсқа: б (ب), п (پ), т (ت) ..... (ұқсас емесін алмайсындар).

---

2. жұмыс.

Әріптерді дыбыс жақындығына қарай сұрыптаб, таб-табымен жазыңдар. Нұсқа: б (ب), п (پ), т (ت), д (د),..... (мұнда да жақындығы жоқтары алынбайды).

§ 2. Әріп белгілері.

Нүкте (. .. ۰), үтір (,).

Б (ب), п (پ), т (ت) // р (ر), з (ز) // с (س), ш (ش) // к (ك), ң (ڭ) // о (و), ұ (ۇ), у (ۋ) // ы (ى), й (ي)

Осы әріптердің бір-біріне ұқсастары бар. Бірақ ұқсас болған мен, нақ бірдей емес. Оқығанда да бірдей айтылмайды.

Бір-бірінен солар нендей белгілермен айырылыб тұр?

Төмендегі «Бекіш әнгімесі» дегенді көшіріңдер (жеңілдік үшін екі нүктені сызықша (–) түрінде жазыңдар. Үш нүктені тұмсықша түрінде, үстінгісін былай < , астыңғысын былай > жазыңдар).

Бекіш әнгімесі.

Ауыл қасында қала бар. Қалада базар бар. Базарда тауар сатылады. Ауыл базарға мал сатады. Бапам базарға бақырауық атанды сатты. Бір ғауым ақша алған. Ақшасына бір талай мата әкелді. Матадан апам маған шапан тігіб береді. Бірақ тез арада бітбейді дейді. Ертең налок салыуға бапам қалаға барады. Маған жақсы кітәб әкеб береді.

§ 3. Сөйлемдер.

Ақыш қатынан

(«Әліб-бій», 77-бет)

Қадірлі Қатыш апатай.

Мен әріптің бәрін таныймын. Қандай сөз болса да оқыймын. Жазыуым қандай екенін осы қаттан байқарсыз.

. . . .

Мен сүгіретті де тәуір саламын. Бойауым таусылыб келеді.

Бойау алыб берсеңіз екен.

Ақыш.

Осыны оқығанда дауыс неше ірет тынады? Әр тынғаны бір «сөйлем» деп аталады.

Мен тақтайға бір әнгіме жазайын. Сендер «Мұғалім әнгімесі» деп ат қойыб дәптерлеріңе көшіріңдер.

Дәмеш мектебте оқыйды. Мектебтен үйіне түрлі әнгімесі бар кітәбтар апарады. Әнгімелерін үйіндегілерге оқыйды. Оқығанын басқалар тыңдаб отырады.

Балалар түсінбегенін сұрайды. Дәмеш түсіндіріб береді.

Жазғандарыңды оқыңдар. Мұны оқығанда дауыс неше ірет тынады? Тынғанда дауыс кәйтеді? Мұнда неше сөйлем бар дейсіңдер?

---

§ 4. Сөйлем белгілері

Тыныстық (.), жабсарлық (,)

Мұғалім әнгімесінде әріп нүктесінен басқа жерге қойылған нүкте бар ма? Олар сөйлемнің қай жерінде тұр? Тынатын белгіге не деп ат қойыу? Төмендегі «Мәкеш әнгімесі» дегенді үтір біткендерін түгел қойыб көшіріңдер.

Мәкеш әнгімесі.

Күзге қараған кез. Күндіз жылы, түнде салқындау. Ай жарық.

Қораның шетіне алтыбақан құрдық. Төрт баладан кезекке бөліндік. Бір кезекке мен, Жұмаш, Тұраш, Нұраш төртеуміз кірдік. Екінші кезекке Үміт, Дәмет, Мұрат, Мықаш төртеуі кірді. Зұлқаш, Зұпынын, Ұрқыйа, Құбаш төртеуі бір кезекке кірді. Ұсақ балалар көб үстінен тебетін болды.

Екі бала тебеді, екі бала жібереді. Біреулер қатты жібергенде қорқады. Қорыққандарға күлеміз.

Осында әріп үтірлерінен басқа үтір бар ма? Олар қалай қойылған? Сөз араларының бәріне де қойылған ба? Қандай араларына қойылған?

Осы әнгімені оқығанда сөздердің үтір тұрған аралары мен үтір тұрмаған аралары қалай оқылатынын байқаңдар.

Қайсысында сөз арасының жігі көбірек ашыла оқылады. Сөз арасының алыстайтын жігін көрсететін белгіні не деб айтыу?

---

§ 5. Сөздер.

Сен тұр! Қозыңа бар. Сен тұр! Қойыңа бар. Сен тұр! Жылқыңа бар. Сен тұр! Сыйырыңа бар.

Сұрау. Осында неше сөйлем бар? Әр сөйлемнің ішінде неше сөз бар?

Ертең аулым көшеді. Ұуық бауын шешеді. Ала тайым ойнайды. Қара тоқтым қашады.

Сұрау. Мұнда неше сөйлем бар? Әр сөйлемнің ішінде неше сөз бар?

Атан түйе маң басқан.
Шудаларын шаң басқан.
Екі өркешін қом басқан.
Төрт аяғын тең басқан.
Тілін тікен тесбеген.

Сұрау. Мұнда неше сөйлем бар? Әр сөйлемнің ішінде неше сөз бар?

Қой сүйеді баласын қоңырым деб,
Іштемені білмеген момыным деб.
Ешкі сүйер баласын ұлағым деб,
Тастан тасқа секірген шұнағым деб.

Сұрау. Мұнда неше сөйлем бар? Әр сөйлемде неше сөз?

---

كوشىرىڭ قوانگىنى قايتىلماينا ٔبىز كەرەك. بىلىكىمە بىلاي ٔبي سوندا وگاي بىلمەي.
بورىدى ٔتوي بىلاي ٔتوىڭ كەرەك سوندا وگاي توىلمەي.
بورعا مايىنى قوي بىلاي قوىڭ كەرەك.

— 37 —

سوندا جاقسی قۇرىلادى،
منى بىلە، ئىي ايدان قاسىن، ئى
بولماسا جاقسى جاسىايدى،
وسى مەن تەرەزەنىڭ اشىق ـ تەسىگىن
بەتەگىمەر، بەتەلەگەن جەرى قالماسىن، سەنىڭ
بولماسا سوڭ قول جۇزۇق كەرەك،

(اقىن ـ ئىي 99 بەت)

كۇشىرىق جەتىم، اكە-شەشەسى جوق،
اپا-قارىندىسى دا جوق،
اعايىن-تۇۋىسى جانا جوق،
قۇدا-انىسى تاعى جوق،

ايتقاندىن جازۋ جەتىم، ەتكىگى جەرتىق - جەرتىق،
(وات جازۋ) تولى شۇرىق-شۇرىق
شاپانى جالىا-جالىا،
ەتەگى جىرتىم-جىرتىم،
بورىكى تەسىك تەسىك،
تولى جارا-جارا،
بەتى-اۋزى قوتىر-قوتىر،

(اقىن ـ ئىي 100 ـ بەت)

جالقاۋ، ەەرەزەنىڭ سىڭى،
جالقا جازۋ وۋ، ەەرگەن اۋىر بەرگەن وتاعىنى جالقاۋ كەرەك،



— 38 —

جاناعىنان كەيىن جانا جازۋ كەرەك،

(اقىن ـ ئىي 101 ـ بەت)

قۇرىلىستىرىق ەتكىگى ... سەپىر ... تۇرىپ ... مىسق ..
ئىيت .. جىلقى .. ادام ..
موكىرەيدى، ۇرەدى، ايقايلايدى، بوزدايدى،
وكىرەدى، كەسىپەيدى، ۇلىيدى، ۇن سالادى،
ماڭىرايدى، شىڭىرادى، باقىرادى، اقىرادى،
وسقىرادى، ىرىلدايدى، بىرىلدايدى، مىياۋ-
لايدى،

جالقاۋلار: باپا، ئىنى، ئۇىس، ەتىك، كور، جەڭىشە،

مەنىك .. ..
سەنىك .. ..
ونىك .. ..

قايسىسى قىلىق جالقاۋ: سام، سەم،

توسقا: اش ـ اشسام ـ شەش ـ شەشسەم
جات- ... ايت - ...
كەت- ... قارا - ...
ئىش- ... كەس - ...
وياۋ- ... تۇر - ...

(اقىن ـ ئىي 102 ـ بەت)

ايتقاندىن جازۋ: ەۋلىق راڭىنداعى مىسقىل مىسقىل بولعان بولعىن بولماعىن
ايتقاندىن جازۋ.

جوشىرىق: وقىز تولىستىڭ تولاقتارىنا قارىن تارتۋ.

نوسقا: تولىستىڭ تولاقتارى:

1) بىرىنشى تولاقتا

2) . . . . . .

. . . . . .

. . . . . .

(ءىلىم. ءىي 155 — بەت)

جوشىرىق كەشە سىزىقشامىز جاسادىق. مەنىڭ جاسامان سىزىقشامىزدا () جاستامى مركەك بالا مەن قىز بالا سىزىق باسىنا ءىر- ءىرمەن كەلدى.

() جاستامى. § جاستامى مركەك بالالار سىزىق باسىنا بىس - بەستەن كەلدى.

() جاستامى. § جاستامى قىز بالالار سىزىق باسىنا التى - التىدان كەلدى.

(ءىلىم - ءىي 156 — بەت)

جاۋاپ جازۋ قانداي بالانىڭ ءوستى - باسى بور- بور بولادى؟

قانداي شاكىرتتىڭ بەتى-اۋزى سىيا - سىيا بولادى؟

قانداي قاتىننىڭ ءوبى شالۋ-شالۋ بولادى.

قانداي ادامنىڭ بەتى-قولى كۇيە-كۇيە بولادى.

تاسىمالداۋ.

مىنا سوزدەر مەنىڭ سىيىمنان تۇلاي تاسىمالدالىپ جازىپ كورىڭىزدەر

كۇن - باقبامىزدى. ايىنكىندەي. ولەڭدەرىمىزدى. جالىڭدارمەن. سوگىرەتتى.

نوسقا: كۇن - باقبامىز

كۇن باۋ- بامىز

كۇن-باقبا- مىز

كۇن - باقبامىز.

كوشىرىق

(ايتىرامىزدىڭ سىزىق بەن ورىندىنان تۇق ءتۇپ نوسقاسىن ەسكەرىڭىز. سوزدەرىڭ ۇق باسىنا بۇزىلماۋىڭ سوزدەرىن ايىپىن. بوس ورىندا قالىپ. سىيماعان ءسوزدى قاسىنا تاسىمالداپ جازىڭىز.

نوسقا:

ءتۇن سوزۇب جىلى كورىپ جاسىلىپ جاتامىز تاڭەرتەڭ سوزۇبقىتان قو- رادى. دالادان كەلگەندە رىنىپ توسەكتەن تۇرىپ سوزۇبقىتان كەلمەيدى

اپامىز مەنە ءتۇلىكتەتور- عانىا بورىسىڭىزدەر تو- رادى. دالادان كەلگەندە سوزۇبقىتان شىعىپ كەتىپ كەلمەيدى. ورت جاسىپ الا-

قانسوزنفا قاقتاب، قىلمىدىس، قاتىكى جوق، دىب ايتا بىرەد
سۇيرەتىب قىس كەلەدى، ىى وت الا كەلىگەن قانىد
بالالاردىڭ جىلى كەيىمى، ىاردا سولى ايتادى.

توبەندەگى «كۇزدىم» دەگەن لەكسىن كۇشىرىڭىز. بازىلما مىنادان
ايىلما بوس ورىن تاسىرىلى بازىلىپتى.

كۇزدىم

(حضرت مىرزا 111 - ىىا)

بايدىكى كۇزدىم الاى مەسىب "جۇرەدى، بىر كۇنى
تا "گىرتەك تورىلى بايدىڭ "ويىندىڭ الدىنا قويلار
كۇگەندەۋلى تۇر. ولكەندەر بەلىمەردىنە مىكى شەكىپەن
جامان-جازمان كەيىم بايلانىپ العان بىرەۋلەرى قىرىق
شىق قايراب وتىر. بىرەۋلەرى قوي جىمىپ جاتىر.
بىرەۋلەرى قوي قىرقىپ وتىر.

بالالاردىڭ مەرەكەتەرى كۇگەندەن قوي اكەلىپ
بەرىپ "جۇر. كىشكەنتايلارى وجۇن جىبىتاپ "جۇر.
مەرەكەلىپ "جۇن جىبىتىشىم قاپ تولعان سولڭ قولىنا
سىپ كوتەرىپ ۇيگە اپارىپ توگەدى.

---

15 : عنومىر (№)

توبەندەگى سوزدەردىڭ استارلىق بەلگىسى (-) تاۋىنان جەرىنەن
بازىلىپ تاستالىپ كەتكەن ارىپتەر بار. سولار مازىلىپ كەتكەن ارىپتەردى
سالىپ وزىنا قويىپ كوشىرىڭىز.

№ 1		№ 2		№ 3	
وقۋ جاتىندا بۇ- قالماى سوزى جاتىندا بىر- قالماى.		وقۋ جاتىندا بىر- قالماى سوزى جاتىندا بىر- قالماى.		وقۋ جاتىندا بىر- قالماى سوزى جاتىندا جەر- قالماى.	
اسا-	اساۋ-	ا-	ال-	او-	ال-
ساىا-	ساىاۋ-	با-	باى-	باۋ-	با- ىر
اتا-	اتاۋ-	تا-	تاى-	او-	ا- ىر
زرا-	زرلاۋ-	جا-	جاى-	جاۋ-	جا- ىن
تۋزە-	تۋزەۋ-	سا-	سا-	ساۋ-	تا- ىر
دگە-	دگەۋ-	تۋ-	تۋى-	تاۋ-	قا- ىس
وقا-	وقىۋ-	قو-	قوى-	قوۋ-	قو- ىن
تاما-	تامىۋ-	٭و-	٭ۋى-	تۋۋ-	٭و- ىر
تامە-	تامىۋ-	قو-	قوى-	ىوۋ-	٭و- ىر
جەگە-	جەگىۋ-	سە-	سەى-	سۋۋ-	٭تو- ىن
بەگە-	بەگىۋ-	كو-	كوى-	وۋ-	وى-
٭جىمە-	٭جىمىۋ-	٭ىە-	٭ىەى-	جاۋ-	سو- ىق

مىنا ارىپتەردى وزىنا قويىپ كوشىرگەنىڭىز كەيىن وسى سوزدەردى
بازىنا ٭دۇرىس ايتىڭىز. سوىان كەيىن بازىنىڭىز بازىڭىزدار.

نۇسقا: ا - ساۋ، سا - باۋ . . . . .





— 43 —

Бет

27. «Ешқы» өлеңін қалай оқыған дұрыс . . . 56
28. Шалқыма «Ешқы» (...) шығарма қалай оқылады . . . 57–58
29. Сөзжұмбақ «Сөз іздеуші» . . . 27
30. Қазақы «Ақылды, Қызметі, Ғылымы» сөзжұмбақтарын жіктеуге
шебер жаттығулар:
31. Қазақ сөздерінің ішінен сөзжұмбақтың іздестіруі . . . 59
32. Қазақ сөзі жаттығулары . . . 60
33. Қ, ғ, ө, ү, ұ, ә, і . . . 61
34. Ж, ш, ч, ц, з, с, ф, х . . . 62
35. Сөзжұмбақтың іздестіруі . . . 63
36. Ы, и, ї, ә, ө, ү, ұ, і, ә, ө, ү, ұ, і . . . 64
37. Қазақ сөздерінің ішінен іздестіруі . . . 65
38. Ы, и, ї, ә, ө, ү, ұ, і, ә, ө, ү, ұ, і . . . 66
39. Сөзжұмбақтың іздестіруі . . . 67
40. Сөзжұмбақтың іздестіруі . . . 68
41. Сөзжұмбақтың іздестіруі . . . 69
42. Сөзжұмбақтың іздестіруі . . . 70
43. Сөзжұмбақтың іздестіруі . . . 71
44. Сөзжұмбақтың іздестіруі . . . 72
45. Сөзжұмбақтың іздестіруі . . . 73
46. Сөзжұмбақтың іздестіруі . . . 74
47. Сөзжұмбақтың іздестіруі . . . 75
48. Сөзжұмбақтың іздестіруі . . . 76
49. Сөзжұмбақтың іздестіруі . . . 77
50. Сөзжұмбақтың іздестіруі . . . 78
51. Сөзжұмбақтың іздестіруі . . . 79
52. Сөзжұмбақтың іздестіруі . . . 80
53. Сөзжұмбақтың іздестіруі . . . 81
54. Сөзжұмбақтың іздестіруі . . . 82
55. Сөзжұмбақтың іздестіруі . . . 83
56. Сөзжұмбақтың іздестіруі . . . 84
57. Сөзжұмбақтың іздестіруі . . . 85
58. Сөзжұмбақтың іздестіруі . . . 86

— 44 —

Бет

59. Сөзжұмбақтың іздестіруі . . . 87
60. Сөзжұмбақтың іздестіруі . . . 88
61. Сөзжұмбақтың іздестіруі . . . 89
62. Сөзжұмбақтың іздестіруі . . . 90
63. Сөзжұмбақтың іздестіруі . . . 91
64. Сөзжұмбақтың іздестіруі . . . 92
65. Сөзжұмбақтың іздестіруі . . . 93
66. Сөзжұмбақтың іздестіруі . . . 94
67. Сөзжұмбақтың іздестіруі . . . 95–96
68. Сөзжұмбақтың іздестіруі . . . 97–98

Қазағыстан оқыу кемесерійетінің білім ордасы

Жер жүзінің пыролетарыйаты, бірігіңдер!

БАЙТҰРСЫН ҰЛЫ АҚЫМЕТ*

ТІЛ-ЖҰМСАР

Сөйлеу, оқыу, жазыу тілін жұмыс тәжірійбесі арқылы танытатын

2нші кітәб

Білім ордасы 1-інші басқыш мектебте ұстауға ұйғарған.

Екінші ірет, өзгерілместен басылыуы.
А. Байтурсунов.
Практическая грамматика. Ч. 2.
II-стереотип. издание.
Қазағыстан жоғарғы шарыуашылық кеңесінің мемлекеттік басбақанасы.
Қызыл Орда 1929 жыл.

* 1929 жылы жарық көрген «Тіл – жұмсар » кітабының мұқабасы.



Дәйектеме.

«Тіл – жұмсардың» 1-інші кітәбындағы дәйектемеде 2-інші кітәбы тұуралы айтылғанға мұнда қосымша түрде айтатұным мынау:

Тіл заңының білімі тілдің тезі есебіндегі нәрсе: сөйлеудің, жазыудың, жазғанды оқыудың қыйсығы тіл заңының білімі арқылы түзетілмекші, жөнделмекші.

Сол тіл заңының білімінен алыб, балалар шамасына шағындаб шығарған бөлек-бөлек кітапшаларды да әлгі айтылған сөйлеу, жазыу, оқыу қыйсықтарын жөндейтін кішкентай тезше есебінде қолданыу керек.

Сөйлеу, жазыу – ойын айтыу болса, оқыу – біреудің жазғанын сол адамның өзінше айтыу, өзінше таныу болады. Өз ойын дұрыс айтыуға қанша білім керек болса, басқаның ойын соның өзінше ұғыуға, өзінше айтыуға, екінші сөзбен айтқанда: дұрыс оқыуға керек білім, онан да артық болмаса, кем болмайды.

Біреудің ойын сөйлегенде дұрыс танытатын нәрсе – сөздер, сөйлемдер, дауыс райы, шырайы; жазғанды дұрыс танытатын нәрселер – әріптер, сөздер, сөйлемдер, солардың түрлі белгілері.

Әріптер, не әріптердің белгілері дұрыс жазылмаса; сөздер, не сөздердің белгілері дұрыс жазылмаса; сөйлемдер, не сөйлемдердің белгілері дұрыс жазылмаса, ондай жазыудың дұрыс оқыуға кемшілігі болмақ; дұрыс оқыуға кемшілігі болса, онда жазыушының ойын өзі жазғанынша ұғыуға кемшілігі болмақ. Ойын дұрыс жаза біліу, дұрыс сөйлей біліуден де керегірек нәрсе. Дұрыс жаза біліу қанша керек болса, дұрыс жазғанды дұрыс оқый біліу де сонша керек.

«Тіл – жұмсардың» 1-інші кітәбында балалар әріптерді сөздерді, жеңіл сөйлемдерді, олардың белгілерін көріуінше қолданыу жағы көбірек көзделсе, 2-інші кітәбында соларды тек көріуінше қолданбай, мәнісін біле қолданыу жағы көбірек көзделеді.

Сөйлеуге, жазыуға, оқыуға жаттығыу ана тілінің сабағында да, басқа сабақтарда да болмақ. Бірақ олардың ішінде ана-тіл сабағының сыбағасына көбірек тійістілері жазыу мен оқыу.

Бұл екеуі бір-біріне байлаулы нәрсе екендігі жоғарыда айтылыб өтті. 90% сауатсыз қазақ секілді жұрттың бастауыш мектебінде төрден орын алатын білімнің бірі – жаза біліу мен оқый біліу.

Сондықтан «Тіл – жұмсардың» 2-інші кітәбында дұрыс жазыу жағы мен дұрыс оқыу жағы тең алыныб отыр. Дұрыс оқыу дегенде тек әріптерді, сөздерді, сөйлемдерді дұрыс оқыу емес, түрлі қосымша белгілермен көрсетілген дауыстың райларын, шырайларын сазына келтіріб оқыу деген мағына айтылыб отыр.

Шығарыушы 06.03.1928

§1 Сөйлеу.

Тыңдау.

Тыныу.

Мен тазалық заңын сөйлейін деб тұрмын, сендер тыңдаңдар.

Аурыу қасы – тазалық. Ауырыу досы – настық. Таза адамнан ауырыу қашады. Нас адамға ауырыу үйір болады.

Нас адам қандай болады?

Нас адам жұумаған қолы мен тамақ жейді.

Нас адам жұуылмаған ыдыстан ас ішеді.

Нас адам үстін таза ұстамайды.

Нас адам кез келген жерге түкіреді.

Нас адам кез келген жерге сіңбіреді.

Нас адам сіңбірген қолын үстіне сүртеді.

Нас адам орын талғамай отыра кетеді.

Таза адам мұның бәрін істемейді.

Мен не істедім? Сендер не істедіңдер?

Жауаб .....

Сөйлегенде тынбастан сыпыртыб бәрін бірақ айтыб шықтым ба? Тыныб-тыныб, сөйлем-сөйлем қыб сөйледім бе?

Жауаб .....

Тазалық заңын мен тақтайға жазайын, сендер көшіріңдер.

Мен тамақ жерде ылғый қолымды жұуамын. Үй ішінде түкіргіштен басқа жерге түкірмеймін. Орамалдан басқа нәрсеге сіңбірмеймін. Лас жерге отырмаймын. Кійімдерімді кірлетбеймін.

Сендер де сүйтесіндер ме?

(Балаларды сөйлетіу керек)

Мен сөйлегенде сендер не істедіңдер? Жауаб .....

Сендер сөйлегенде мен не істедім? Жауаб .....

Мен сөйлегенде тыныб-тыныб сөйлеб едім. Сендер қалай сөйледіңдер? Жауаб .....

Тынған-тынған жерде дауыс кәйтеді? Төмендей ме? Көтеріле ме?

Мен айтқанымды қайта айтайын, сендер тынған жерде дауыс кәйтетінін байқаңдар.

Мен тамақ жерде ..... (әлгісін қайта айтады).

Тынған жерлерде дауыс көтерілді ме? Төмендеді ме?

Енді мен сұрайын, сендер жауаб беріңдер. Сұрау айағында дауыс кәйтеді екен, соны байқаңдар.

Тәңертең ерте тұрасыңдар ма?

Жауаб .....

Тұрғаннан кейін жұуынасыңдар ма? Жауаб.....

Үйлеріңнен тамақ ішіб шығасыңдар ма? Жауаб.....

Ішетіндерің не тамақ? Жауаб .....

Сұрау айағында дауыс кәйтеді? Төмендей ме? Көтеріле ме?

Сөйлем айағында дауыс кәйтеді деб қорытын шығарыу?

Сөйлемде сұрау болса, дауыс кәйтеді деб қорытын шығарыу?

---

§2 Қайсысы сөйлем? Қайсысы сөйлем емес?

Жұмбақ.

Үш

Үш батыр

Үш батыр қолдарына

Үш батыр қолдарына алды

Үш батыр қолдарына алды найза

Сұу

Сұу ішіб

Сұу ішіб бір
Сұу ішіб бір шұқырдан
Сұу ішіб бір шұқырдан етті
Сұу ішіб бір шұқырдан етті қайла
Найза
Найза мен қар
Найза мен қар үстіне
Найза мен қар үстіне сұуды
Найза мен қар үстіне сұуды шашты
Адамдар
Адамдар сол
Адамдар сол сұуынан
Адамдар сол сұуынан алды
Адамдар сол сұуынан алды пайда

Осында неше сөйлем бар? Жол жолы мен оқыңдар да, сөйлем болыб тұрған жолға тыныстық қойасындар, болмай тұрғандарына қоймайсындар.

---

§3 Тыныстық қойыу неменеге керек?

Төмендегі әнгімені тыныстықты білмейтін адам жазған, сондықтан еш жерге тыныстық қоймаған. Оқыб қараңдар.

Қыс.

Декәбір жұлдызы қар қалыңдаған нағыз қыс болған күн әбден қысқарған күн көзі жылытыудан қалған сұулардың мұзы қалыңдаған мұз үстімен жүретін көбейген шөб бастары қардан қылтыйыб көрінетін болған айаздар күшейген үскірік борандар жійі соғатын болған

Орман қарайған ішінде құстар көрінбейді малдар сүмеңдеб қорадан шықбайды адамдар да үйден шарууасына амалсыз шығады балалардың беттері домбыққан құлақтары үсіген

Оқыуға қалай көрінеді? – Жауаб .....

Сендер тыныстық қайда қойылатынын білесіндер. Осы әнгімені тыныстық қойыб көшіріңдер. Содан кейін қайта оқыб қараңдар. Онда қалай болар екен?

---

§4 Тыныстықты түгел қойыудың керегі қанша?

Төмендегі әнгіменің тыныстығы түгел қойылмаған. Оқыуға қалай болар екен, оқыб қараңдар.

Күз басы.

Шілде айағы күзге айналды. Малдар ұзаб жайылатын болды, күн көзін басқан шөбтер құураған жапырақтар сарғайа бастады. Жыл құстары жылы жаққа қайтыб бара жатыр. Ел күзем алыб жатыр үйге от жағылады. Сұуға шомылыуды қойдық.

Оқыуға қалай көрінеді? Түсініуге қалай көрінеді? Сендер осы әнгімені тыныстық қоймай көшіріңдер. Көшіргеннен кейін оқыңдар да, керек жерлеріне тыныстық қойыңдар.

Тыныстық қойыб алыб оқыб қараңдар; қалай болар екен.

Тыныстық қойылған жазыу – оқыуға, түсініуге жеңіл.

Тыныстық қойылмаған жазыу – оқыуға да, түсініуге де ауыр.

Тыныстық түгел қойылмаған жазыу – оқыуға, түсініуге тыныстық қойылмаған жазыудан да ауыр.

Оқығанда тыныстық тұрған жерге тынбай оқыса, қалай болар екен? Тыныстық жоқ жерге тыныб оқыса, қалай болады?

Төмендегі әнгіменің ішіндегі сөйлемдерін айырыңдар. Әр сөйлемнің айағына тыныстық қойыб көшіріңдер.

Жолдайақ.

Бірман үйінің қара қаншығы күшіктеді күшіктер бауырын көтерген кезде жұрт үлесіб алды біз де бір күшігін алдық атын Жолдайақ қойдық Жолдайақ үлкен ійт болды өзі өте қабаған болды бір күні үйге келген кемпірді қауыб алды ертеңіне Жолдайақ селкілдеб жатыр сасқанымыздан үстіне бір шелек сұуық сұу құйдық Жолдайақ қыймылдамастан қатыб қалды кемпір ұу салған екен дедік

Қалада ійтті күндіз байлаб қойады дейді

§5 Сұрау

Жауаб.

Сұраулық (?) тастарлық (–)

Кісі мен қыйқар бала

Бала – Салау малыйкім.
Кісі – Әлійкі сәлам. Қайдан келесін?
Бала – Қалқа деген жерден келемін.
Кісі – Қалқаның қары қанша екен?
Бала – Қайырылыб қарағаным жоқ, қарыстаб шенегенім жоқ.
Кісі – Кім баласысын?
Бала – Әкем баласымын.
Кісі – Әкең аты кім?
Бала – Әкемнің құла аты бар.
Кісі – Ауылыңның үлкені кім?
Бала – Ауылымыздағы үлкен түйе.
Кісі – Ақсақалы кім деймін?
Бала – Сақалы ақ теке бар.
Кісі – Өй, бір жетбегір екенсін, ә?
Бала – Жетпесем, мінгестіресін тә.
Кісі – Саған шара жоқты.
Бала – Алдымен тостаған керек.

Кісі – Салыб кетейін бе?
Бала – Жылдам барарсын.
Кісі – Қойыб кетейін бе?
Бала – Қайтарда аларсын.

Осында сұрау қайсы, жауаб қайсы? Сұраудың соңына не қойылған? Жауабтың соңына не қойылған? Сұрау қалай, жауаб қалай оқылады? Ұзын сызық (–) не деген сөздің қалған орнында тұр?

Әріптерін, белгілерін дұрыстаб қойыб көшіріңдер.

Сұраулы сөйлем

Сұраулық (?)

Төмендегі екі қатар сатылаб жазған сөйлемдерді жол жолы мен қатарынан оқыңдар. Қайсысында сұрау бар, қайсысында жоқ, сонысын байқаңдар.

1-жол. Сабақ басталды? Сабақ басталды ма?
2-жол. Нұрмаш кетіб барады. Сен неге отырсын?
3-жол. Бүгүн кеш бардым. Бүгүн кеш бардың ба?
4-жол. Кітәбыңді табтым. Қайдан табтың?
5-жол. Мықаштар жүріб кетті. Жүріб кетті ме?
6-жол. Әлтай тайға мініб жүр. Сенің де мінгің келіб тұр ма?
7-жол. Тазы қойды құуалаб жүр. Қай тазы?
8-жол. Қапаштың қолы тіймейді. Не істеб жатыр екен?
9-жол. Қалаға барыб келдім. Мал қалай екен?
10-жол. Әбіштің айтқаны өтірік болды. Өтірігін қоймаб ба?

1-жолдағы екі сөйлемнің қайсысы сұраулы, қайсысы сұраусыз?

2-жолдағы екі сөйлемнің қайсысы сұраулы, қайсысы сұраусыз?

3-жолдағы екі сөйлемнің қайсысы сұраулы, қайсысы сұраусыз?

4 – ..... 5 – ..... 6 – ..... 7 – ..... 8 – ..... 9 – ..... 10 – .....

Сұраусыз сөйлемдердің айағында не тұр? Сұраулы сөйлемдердің айағында нендей белгі тұр?

Сұраулы сөйлемдерде болыб, сұраусыз сөйлемдерде болмаса, ол нені көрсететін белгі болғаны?

Оған не деб ат қойыуға ылайық?

Төмендегі «Бала мен бақа» деген әнгімені оқыңдар. Сонан соң сөйлемдердің сұраулысының соңына сұраулық қойыңдар, сұраусыздың соңына тыныстық қойыңдар.

Бала мен бақа

Бала:
Бақа, бақа балпақ,
Басың неге жалпақ?
Көзің неге тостақ?
Бұтың неге талтақ?

Бақа:
Темір телпек көб кійдім,
Басым сонан жалпақ.
Қарауыл көб қарадым,
Көзім сонан тостақ.
Үйімде көб көсілем,
Бұтым сонан талтақ.

Төмендегі әнгімеге өздердің ат қойыб көшіріңдер. Сұраулы сөйлемдердің айағына сұраулық қойыңдар. Сұраусызының айағына тыныстық қойыңдар.

.....

Қайдан жүрсін қаладан келемін айтарлық не хабарың бар бөтен хабарым жоқ қалаға не жұмысбен барыб едің шай-қант алыуға барыб едім шай келіб бе келген екен бағасы қалай екен түрлі екен өзің қандайын алдың 3 сомдығын алдым қант қалай екен қадағы 30 тыйын екен астық бағасын білдің бе ұнның бұты сом жарым екен бұйдай ше бійдайдың бұты 80 тыйын тары ше 50 тыйын астық арзандаған екен

Тыныс белгілерін қойыб көшіргеннен кейін осы әнгімені сөйлемдерінің сұраулы, сұраусызына қарай дауыс ырайын келтіріб оқыңдар.

---

§7 Лепес.

Лебтеулік (!) белгі.

Оқыу.
Көшіріу.

Жәкең мен Дәкен.

Салаумәлійкім! – Әлійкі сәләм.
Кітәб оқыб отырсын ба? – Ійә.
Кәні, мен де тыңдайын.
Дәкен оқыйды. Жәкең тыңдайды.
Тыңдаб отырыб, кей жерлеріне келгенде Жәкең бүйдеб қойады:

Ой, сабаз ай!

* * *

Ай, шіркін ай!

* * *

Шіркін о...й!

* * *

Құрыб қалсын!

* * *

Ой, пірім ай!

* * *

Ой-бой, байғұс ай!

* * *

Әттегене ай!

* * *

Е, байғұс!

* * *

Ой, пәлі!

* * *

Пай, пай, пай!

§8 Лепесті сөйлем.

Лебтеулік (!)

Оқыу:
Ала сыйыр сұу ішкен жоқ, бері қайыршы!
Шәуім! Шәуім!
Қарауыз қайда кеткен? Көрінбейді.
Қарауыз, Қарауыз, кә! кә!
Айтақтаб қой! Абай болсын.
А...ійт! А...ійт!

Дауыс естіле ме осы? Тыңдаңдаршы!
Атта...н! Атта...н!

Тәшенді мында жіберші!
Әй, Тәшен, жүр! Шақырыб жатыр.

Сөйлеселік-әу...! О, үйде кім бар?

Ассалаумалайкім! – Әлійкімәссалам! О, қоныс байсалды болсын!

Жолдастар, шұуламаңдар! Әр қайсың кезек бен сөз алыб сөйлесіңдер.

Сөйлесетіндерің кім? Кезекке жазылыңдар!

Осындағы сөйлемдердің айағында әр түрлі сөйлем белгілері тұр – .? , ! . Сол сөйлемдердің белгілері түрлі болғанда айтылыулары қалай? Қайсысы дауыстың қатты лебі мен не қатты болмаған мен дауыстың айырықша лебі менен айтылады.

Төмендегі сөйлемдерді оқыб қараңдар. Қайсысы қалай оқылатынына назар салыңдар.

Айтылыуына қарай қайсысына қандай белгі қойылады екен, оны да байқаңдар.

– Сабақ басталды. – Басталды ма? Қаб, басталыб қалған екен!

– Бүгүн кеш бардым. – Кеш бардың ба? Келістірген екенсін!

– Нұрмаш сабаққа кетіб барады. Сен неге отырсын? Тұр жылдам!

– Кітәбыңді табтым. – Қайдан табтың? Алақай ай! Жақсы болды ғой!

– Мықаштар кетіб қалды. – Сөйтті ме? Үуәдесіз екен ғой!

– Әлтай атқа мініб жүр. Сен де мінесін бе? – Қой, батыр!

– Тазы қойды құуды. – Қай ұуақытта? Ой, сондай неме өзі!

– Қапаш бармайтын болды. – Неге? Әй, еріншек неме ай!

– Әбіштің айтқаны өтірік болды. – Өтірігін қоймаб ба? Ұйатсыз ақ екен!

– Қалаға барыб келдім. – Мал қалай екен? Мал қымбат ақ!

Осы тұрған үш қатар сөйлемді жол-жолы мен қатарынан оқыб шыққанда, не байқалады?

Үшеуіндегі сөйлемдердің түрі бір ме?
Қайсысында сұрау бар?
Қайсысында көңіл лебі бар?
Сұрау бар сөйлемді сұраулы деб атаб едік.
Лебі бар сөйлемді не деб атау?

Төмендегі сөйлемдердің қай жеріне сұрау белгісін, қай жеріне леб белгісін (лебтеулік) қойыу?

Самалық Самалық
Көк құс көзін ашты ма
Айағын жерге басты ма

Самалық Самалық
Самарқанның көк тасы
Жібіді ме көрдің бе

Қап тауының көк құсы
Жүгірді ме көрдің бе
Самалық Самалық

Төмендегі «Қотыр торғай» деген әнгімені оқығаннан кейін тыныстық, сұраулық, лебтік қойыб көшіріңдер.

Қотыр торғай.

Қотыр торғай шеңгелге мініб отырса, қотыр аузын шеңгелдің тікені жырыб кетеді. Торғай шеңгелге – Қап бәләм сені ешкіге айтпасам

Торғай ешкіге – Ешкі ешкі ана шеңгелдің сыдырмағын неге жемейсін

Ешкі оған – Оны жемек түгіл өзім ұлақтай алмай жатырмын

Торғай ашыуланыб – Қаб бәләм сені қасқырға айтбасам

Торғай қасқырға – Қасқыр қасқыр ана ешкіні неге жемейсін

Қасқыр оған – Оны жемек түгіл байдың жабағысын жеб тауыса алмай жатырмын

Торғай ашыуланыб – Қаб бәләм сені жылқышыға айтбасам

Торғай жылқышыға – Жылқышы жылқышы ана қасқырды неге ұрыб алмайсын

Жылқышы оған – Оны ұрыб алмақ түгіл ұйықтай алмай жүрмін

Торғай ашыуланып – Қаб бәләм сені байға айтбасам

Торғай байға – Бай бай ана жылқышыңды неге ұрмайсын

Бай оған – Оны ұрмақ түгіл жентімді тауыса алмай отырмын

Торғай ашыуланыб – Қаб бәләм сені тышқанға айтбасам

Торғай тышқанға – Тышқан тышқан байдың жентін неге жемейсін

Тышқан оған – Оны жемек түгіл інімді қаза алмай жатырмын

Торғай ашыуланып – Қаб бәләм сені балаға айтбасам

Торғай балаларға – Балалар балалар ана тышқанды неге ұрыб алмайсындар

Балалар оған – Оны ұрыб алмақ түгіл асық ойнауға да қол тіймей жатыр

Төмендегі «Ешкі мен қой» айтысқанын оқыб шығыб, жайшылықты сөйлемі қайсы? Сұраулы сөйлемі қайсы? Лебті сөйлемі қайсы? Айырыңдар.

Ешкі мен қой.

Ешкі.
Сенің жегенің жантақ
Менің жегенім жантақ
Сенің құйырығың неге жалпақ

Қой.
Сенің жегенің ошаған

Менің жегенім ошаған
Сенің құйырығың неге шошайған

Ешкі.
Сенің жегенің опалаң
Менің жегенім опалаң
Саған келсін топалаң

Қой.
Сенің жегенің ебелек
Менің жегенім ебелек
Саған келсін кебенек

Осы өлеңнің тійісті сөйлем белгілерін қойыб, көшіріңдер.

Төмендегі «Мәліке тотай» ойынындағы сөздерді ойында айтылатын түріне салыб оқыңдар.

Мәліке тотай!

Мәліке Тотай!
О, кімді қалай?
Күлге аунаған түйедей,
Беті-қолы күйедей,
Қара қожалақ Қабышты қалай!

Мәліке тотай!
О, кімді қалай?
Тырнақтары тырмадай,
Құр айқайшыл тырнадай
Мақан мазаңды қалай!

Мәліке тотай!
О, кімді қалай?
Түлеб жүрген мойнақтай,
Жүндеб жүрген тайлақтай,
Далба-дұлба Дәулетті қалай!

Мәліке тотай!
О, кімді қалай?
Сорға аунаған нардай,
Үсті-басы қардай,
Борға бойалған Ботбайды қалай!

Мәліке тотай!
О, кімді қалай!
Жабағыдай шашы бар,
Дудаланған басы бар,
Дүйсен дүлейді қалай!

Мәліке тотай!
О, кімді қалай?
Мұрнынан алтын ағызған,
Оны аузына тамызған,
Собықты танау Сотанды қалай!

Мәліке тотай!
О, кімді қалай!
Мұрнында екі собығы,
Жер сүйреткен тобығы,
Қыйсық өкше Қыйтанды қалай!

Мәліке тотай!
О, кімді қалай!
Тісін қырыққан нардай,
Нардай болған дардай,
Сары тіс салақ Сабырды қалай!

Мәліке тотай!
О, кімді қалай!
Күйттегені құулық,
Көздегені сұмдық,
Сұу тезектей бықсыған Былқашты қалай!

Төмендегі «Түлкі мен құр» деген әнгімені дұрыстаб оқыңдар. Жайшылықты сөйлемді жайлаб, сұраулы сөйлемді сұраулаб, лепесті сөйлемді лебтеб оқыңдар. Сонан соң сөйлем белгілерін дұрыс қойыб көшіріңдер.

Түлкі мен құр.

Құр ағаш басында отыр. Түлкі төмен, жерде тұр.

Түлкі – Е..., амансын ба, досым?

Құр – Шүкір!

Түлкі – Не дейсін досым? Құлағым қағысы бар еді. Мынау жайқалыб жатқан шалғын үстінде рақаттаныб сөйлеселік, төмен түсші!

Құр – Жерге түсіуге қорқамын.

Түлкі – Менен қорқамысын?

Құр – Сенен басқа аңдар көб, солардан қорқамын.

Түлкі – Ой-бө ... й, байғұс ай! Әлі естіген жоқ екенсін ғой! Жер жүзіндегі жан-жаныуарлар бір-біріне тіймесін деген жақын арада жарлық шыққан.

Құр – Не дейді, жаным ау! Жақсы болған екен ғой! Ондай жарлық шықпағанда анау келе жатқан ійттер пара-параңды шығарар еді.

Ійт деген сөзді естісімен түлкі қашыуға ыңғайлана бастайды.

Құр – Ау, тоқтай тұр! Әлгі жарлық бар ғой, ійттер тіймес!

Түлкі – Кім біледі? Олар әлі жарлықты естімеген шығар (қаша жөнеледі).

§9 Жабсарлы сөйлем.

Жабсарлық (,).

Асан, Үсен әнгімесі

(Екеуі далада келе жатыр)

Асан – Анау жақта қара көрінеді.
Үсен – Не бұта болар, не адам болар.
Асан – Жанды қара көрінеді.
Үсен: – Не адам шығар, не мал шығар.
Асан – Мал сыйақты көрінеді.
Үсен – Не жылқы болар, не сыйыр болар.
Асан – Жылқы сыйақты көрінеді.
Үсен – Не қара болса керек, не торы болса керек.
Асан – Қара емес көрінеді.
Үсен – Не торы болар, не күрең болар.
Асан – Торы емес көрінеді.
Үсен – Не күрең болар, не құла болар.
Жақындағанда құла құнан болыб шықты.

Осындағы Асанның айтқан сөздерін бір бөлек – сызықтың оң жағына, Үсеннің айтқан сөздерін – сызықтың сол жағына шығарыб жазыңдар.

Нұсқа:

Анау жақтан қара көрінеді.	Не бұта болар, не адам болар. .....

Оң жақтағы сөйлемнен де, сол жақтағы сөйлемнен де бірбірден алыб салыстырыб, екі жақтағы сөйлемдерді түгел қараб

оқыңдар. Дауыс тыныуы екеуінде бірдей ме, басқа ма? Соны-сын байқаңдар.

Оң жақтағы сөйлемнің біреуін алыб айтқанда, дауыс айағына келіб бір ақ тынады. Сол жақтағы сөйлемнің біреуін алыб айтқанда, дауыс солай тына ма?

Сөйлем айағына келіб, дауыс тынбаса, ол тұтас бір сөйлем бола ма? Екеуін айырыб басқа-басқа айтыуға келе ме? Айырыб айтыуға келмесе, ол сөйлемдер қалай тұрғаны?

Екі сөйлем байласыб қыйысқан. Жабсарында не белгі тұр?

Сөйлем жабсарына қойылатын белгіге не деб ат қойыу ылайық?

Төмендегі сөйлемдердің біреулерінде жабсарлық бар, біреулерінде жабсарлық жоқ. Оқыулары қалай екен, оқыб көріңдер.

Балықшылар әнгімесінен

Таң да атты, мен де тұрдым.
Қармағым да орнында жоқ,
Қалпағым да орнында жоқ.
Олай да қарадым,
былай да қарадым.
Үйде де жоқ, түзде де жоқ.

Таң атысы мен тұрдым.
Қармағым мен қалпағым орнын-да жоқ.
Қарамаған жерім қалмады.
Еш жерде жоқ.

Екеуінің оқылыуы бірдей ме? Екі әнгіменің мазмұны бір, айтылыу түрі ғана басқа. Оқылыуында нендей басқалық бар? Жабсарлық нені көрсетіу үшін қойылатын болғаны? Жабсарлық тұрған жерде дауыс төмендей ме? Көтеріле ме? Қалпында қала ма?

Малшылар әнгімесінен

Ешкі бақтым, еңіреб бақтым.
Қой бақтым, қоңырау тақтым.
Сыйыр бақтым, сыйдаң қақтым.
Жылқы бақтым, жорғалаттым.
Түйе бақтым, түйме тақтым.
Ұлақ бақтым, жылаб бақтым.

Ешкіні еңіреб бақтым.
Қойды қоңырау тағыб бақтым.
Сыйырды сыйдаң қағыб бақтым.
Жылқыны жорғалатыб бақтым.
Түйені түйме тағыб бақтым.
Ұлақты жылаб бақтым.

Мұндағы екі малшының айтыб отырған әнгімесі бір. Екеуінің әнгімесі бір болған мен айтылыуы басқа. Біреуі әнгімені жабсарлы сөйлемдермен айтыб отыр, екіншісі әнгімені жабсарсыз сөйлемдермен айтыб отыр. Сөйткеннен бір әнгіменің айтылыуы екі басқа болыб отыр.

Олай болса, әнгіменің өзін өзгертбей, сөйлемдерін өзгертіуге бола ма? Болмай ма?

Қабыш **«Талқанбай жұмысы»** деген әнгіме жазыб әкеліб, Әбішке көрсетібті. Әбіш алыб оқыб қарабты да, сенің мылжыңдаб бес сөйлеммен жазған әнгімеңді мен бір ақ сөйлеммен жазыб берейін деб, бөлек-бөлек айтылған бес сөйлемін қосыб, жалғыз ақ жабсарлы сөйлем еткен. Төмендегі сызықтың сол жағындағы Қабыштың жазғаны, оң жағындағы Әбіштің жазғаны.

Талқанбай тары түйеді.
Талқанбай пішен тасыйды.
Талқанбай отын әкеледі.
Талқанбай қар күрейді.
Талқанбай қора тазартады.

Талқанбай тары түйеді, пішен тасыйды, отын әкеледі, қар күрейді, қора тазалайды.

Қайсысынікі дұрыс? Неге дұрыс? Талқанбайды қайта-қайта айтыудың қажеті бар ма? Оны қайта-қайта айтбағанда келетін кемшілік бар ма?

Төмендегі әнгімелерде мылжыңдық бар ма? Бар болса, ол мылжыңдық неден болыб тұр?

Бұл сөйлемдер мылжың түрде жазылған болса, мылжың қылмай қалай жазар едіңдер?

Тәңертең Әлтай ойанды. Тәңертең Әлтай тұрды. Тәңертең Әлтай кійінді. Тәңертең Әлтай жұуынды. Тәңертең Әлтай шай ішті. Тәңертең Әлтай сабағына кетті.	Тәңертең Әлтай ...
Жақаш кітәб сатыб алды. Жақаш дебтер сатыб алды. Жақаш қағаз сатыб алды. Жақаш қарындаш сатыб алды. Жақаш өшіргіш сатыб алды. Жақаш қаламбас сатыб алды. Жақаш қаламсаб сатыб алды.	Жақаш кітәб...
Нұрмаш тәртібшілдікке таласты. Дәмеш тәртібшілдікке таласты. Әбіш тәртібшілдікке таласты. Қабыш тәртібшілдікке таласты. Жұмаш тәртібшілдікке таласты. Мақаш тәртібшілдікке таласты. Ыбыраш тәртібшілдікке таласты.	Тәртібшілдікке Нұрмаш.....

Мылжың әнгімені шыйрақ әнгімеге айналдырғанда, бөлек-бөлек сөйлемдер бірігіб, бір сөйлем болады екен.

Сөйлемдер біріккенде жабсарлары кәйтеді?

Жабсарлары жоғалмаса, жабсарлық қойыла ма? Қойылмай ма?

Тағы бір күні Қабыш «Жұмаш жұмысы» деген әнгімені жазыб әкеліб, Әбішке көрсетеді. Әбіш оқыб шығады да, мен мұны былай жазар едім деб, сөйлемдеріне азырақ өзгеріс кіргізеді.

Қабыш мұның несі артық дейді.

Әбіш – мынау ықшам, анау шұбалаң дейді.

Екеуі таласыб мұғалымға барады.

Мұғалым не дер?

Әнгіме төменгі. Екеуінікі сызықтың екі жағында.

Жұмаш жұмысы

Жұмаш тәңертең тұрады, беті-қолын жұуады, тамағын ішеді, сабаққа барады.	Жұмаш тәңертең тұрыб, беті-қолын жұуыб, тамағын ішіб, сабаққа барады.
Сабақтан келеді, кійімін шешеді, қолын жұуады, тамағын ішеді.	Сабақтан келіб, кійімін шешіб, қолын жұуыб, тамағын ішеді.
Тамақтан соң аузын шайады, шапанын кійеді, далаға шығады, малға шөб салады.	Тамақтан соң аузын шайыб, шапанын кійіб, далаға шығыб, малға шөб салады.
Онан соң күректі алады, балаларды ертеді, жел жаққа шығады, қардан қалқа соғады.	Онан соң күректі алыб, балаларды ертіб, жел жаққа шығыб, қардан қалқа соғады.
Шам жаққан соң үйге кіреді, кійімін шешеді, шайын ішеді.	Шам жаққан соң үйге кіріб, кійімін шешіб, шайын ішеді.
Шайдан соң тағы аузын шайады, кітәбын алады, үй ішіндегілерге әнгіме оқыйды.	Шайдан соң тағы аузын шайыб, кітәбын алыб, үй ішіндегілерге әнгіме оқыйды.

Мұның қайсысы ықшам? Қайсысы шұбалаң?

Қайсысы Қабыштікі? Қайсысы Әбіштікі?

Оны неден білдіңдер?

Анасын, мынасын оқығанда, жабсарлық тұрған жерлерде дауыс кәйтеді? Екеуі де бірдей ме?

Төмендегі «Боран басы» деген әнгімені Әбіш сыйақты азырақ сөйлемдеріне өзгеріс кіргізіб, қалай ықшамдар едіңдер? Төменгі үлгімен жазыб көрсетіңдер.

Боран басы

Бұлт қалыңдады, қар жапалақтады, жел күшейді, қар борай бастады.	.....
Қойшы тайақты қолға алды, айқай салды, қойын жыйды, ауылға қарай айдады.	.....
Жылқышы атына мінді, құрықты қарға ілді, жылқыға барды, түбекке қарай құуды.	.....
Қатындар жылы кійінді, белдерін мықтаб бұуынды, бастарына бөкебай тартты, сұу тасый бастады.	.....
Балалар добты доғарды, тайақтарын сойылша сүйретті, үйлеріне тарады.	.....
	.....

Жазыб болғаннан кейін кітәбтағысын да, жазғандарыңдыда оқыңдар. Жабсарлыққа келгенде дауыс кәйтетінін байқаңдар.

Ескертіу: жабсарлық тұрған жерге дауыс төмендемек түгіл, кейде көтеріледі; мәселен, ықшам айтылған сөйлемдерде дауыс көтеріледі. Оқығанда жабсарлық тұрған жерге дауысты тындырмау, тек кідіртіу керек, дауысты төмендетбей не қалпында қалдырыу не көтеріңкіреу керек.

---

§10 Сөз.

Ден саулық заңы.

1. Түзіу отырыу керек.
2. Үстін таза ұстау керек.
3. Ас ішерде қол жуыу керек.
4. Ас ішкеннен кейін ауыз шайқау керек.

1-інші сөйлемде неше сөз? Жауаб .....
2-інші сөйлемде неше сөз? .....
3-інші сөйлемде неше сөз? .....
4-інші сөйлемде неше сөз? .....

Жұмыстық. Әр сөйлемнің ішіндегі сөздерді алыб, бірінің астына бірін сатылаб жазыңдар.

Нұсқау:

1-дегі, 2-дегі, 3-дегі, 4-дегі

.....

Сөйлем ішінде неше сөз болмақ? Тұрлаулы саны бола ма?

Сөздердің сөйлем ішіндегі орындарында тәртіб бар ма? Егер сөйлем сөздерінің орындарын алмастырыб айтсақ, келер кемшілік бар ма?

Денсаулық заңындағы сөздердің орындарын алмастырыб, оқыб қараңдар.

Әуелі әр сөйлемнің екінші сөзін алыб, бірінші сөз қылыб оқыңдар.

Сонан соң – 3 » » » » » »

Онан әрі – 4 » » » » » »

. . . – 5 » » » » » »
. . . – 6 » » » » » »
Алмастырғанда мағынасы кәйтеді? Түсініуге қалай?

---

§11 Сөз белгілері.

Дәйекші (ء).

Төмендегі қос-қосынан жазылған сөздерді оқыңдар. Әр қосынан жазылған сөздердің ішіндегі әріптерді бірдей айтылыуы басқа сөздердің астын сызыб көрсетіңдер.

1. Боз атты біреу келеді.
2. Шұлғаулық бөз алдым.

1. Мақан добты қатты ұрды.
2. Ійт түнде қатты үрді.

1. Қара тұздан ақ тұз ашшы.
2. Үйден түз жарық.

1. Омар онды екіге бөлді.
2. Кеше боран болды.

1. Сұр ат жұусаб тұр.
2. Сүр ет шөлдетті.

1. Төс майлы болды.
2. Кәні алақаныңды тос.

1. Біздің үйдің ұны таусылды.
2. Ашыудан үні қатты шықты.

1. Тақтайдың боры кеткен жоқ.
2. Бөрі деб қасқырды айтады.

1. Етікші мәс тікті.
2. Қымыздан мас болды.

Осындағы әріптері бірдей, айтылыуы басқа сөздер 1-інші сөйлемдерде қалай айтылады? 2-інші сөйлемдерде қалай айтылады? Қайсысына дәйекші қойылған? Дәйекші нені көрсетеді? Сол сөздер дәйекші қоймасақ, қалай оқылар еді?

Сүйтіб, дәйекші қандай сөздергі қойылатын болғаны?

Жоғарыдағы сөйлемдерді дәйекшілерін, басқа белгілерін дұрыс қойыб көшіріңдер.

---

§12 Жіңішке сөз.

Дәйекші (ء).

Мектебке түскен күнім.

Біз мектебке келсек, балалар далада екен. Бәрі шұулаб жүгіріб жүр екен. Бір бала шығыб, қоңырау сылдырлатыб еді, балалар жабырласыб мектебке кірді.

Мұғалым мені де бір орындыққа отырғызды. Бойым үйренгенше балаларды жатырқаб, үндемей жүрдім. Олар да мені мен сөйлесбей жүрді.

Мұғалым біріннің атыңды бірің сұраб біліб алыңдар деді. Балалар бірінің қасына бірі барыб, аттарын сұрасты. Сонан былай танысыб, үйір болыб кеттік.

Осы әнгіменің ішіндегі жұуан сөздерді алыб, бір бөлек жазыңдар, жіңішке сөздерді алыб, бір бөлек жазыңдар.

Сонан кейін жіңішке сөздердің дәйекші қойылғанын бір бөлек, дәйекші қойылмағанын бір бөлек жазыңдар.

Нұсқа:

Жұуан сөздер:	Жіңішке сөздер	
...	...	
	Дәйекшілісі	Дәйекшісізі
	...	...

Жұуан сөздерге дәйекші неге қойылмаған? Себебі не?

Жіңішке сөздердің біреулеріне дәйекші қойылған, біреулеріне қойылмаған. Неге бәріне бірдей қойылмаған? Мәнісі не?

Жіңішке сөздердің дәйекшілісін жұуан қылыб (дәйекшісін

алыб тастаб), айтыб көріңдер. Дәйекшісіз жіңішке сөздерді жұуан қылыб айтыб көріңдер. Қайсысы жұуан айтыуға көнеді?

Төмендегі «Жәпек тентек» деген әнгіменің ішіндегі алдыңғы іретше жұуан сөздерін бір бөлек, жіңішке сөздерін бір бөлек, жіңішкесіндегі дәйекшелісін бір бөлек, дәйекшісізін бір бөлек айырыб жазыңдар.

Жәпек тентек.

Жәпектің әжесі қолын жұуыб, жеңін түріб, нан ійлей бастады. Жәпек қараб тұрыб шамды үріб, сөндіріб тастады.

Неге үрдің деб әжесі Жәпекті ұрыб еді, Жәпек жылады. Әкесі неге ұрдың деб әжесіне ұрысты.

Әжесі Жәпекке үніңді шығарма деді.

Әкесі онсыз ақ ұныңды төкбейсің ғой, ійлей берсеңші деді.

Әжесі Жәпекке отты жағыб жібер деді.

Жәпек отты жаққанша біраз ұуақыт өтті.

Мұнда қандай сөздерге дәйекші қойылған, қандай сөздерге қойылмаған?

Дәйекші қойылыу-қойылмауы тұуралы нендей қорытын шығарыуға болады?

Қандай сөздерге дәйекші қойыу қажет дейміз? Қоймағаннан келетін кемшілік бар ма?

Осы «Жәпек тентек» деген әнгімені еш бір дәйекші қоймай көшіріб оқыб көріңдер.

Қоймағаннан келетін кемшілік бар екен, со жағын байқаңдар.

§13 Қосар сөз.

Қосарлық (-)

Мұратқа мұғалым «Әліб-бій» кітәбынан ішінде қосарынан айтылған сөздері бар сөйлемдерді теріб жаз деген екен. Сонда оның жазғандары мыналар:

Асан тайын құр-құрлаб, құуа-құуа шаршады.

Ерні жалақ-жалақ болыб Жұмаш қой бағады.

Тоғай басы ұу-шұу. Әке-шешең бар ма?
Теке мен серке сарт-сұрт сүзісті.
Әкем мен ағам қысы-жазы дамыл көрмейді.
Ел қора-қобсы түзеб жатыр. Жүк- сайманды таңды.
Үлкен-үлкен әріб жазылған үлкен қағаз әкелді.
Алысыб-жұлысыб балалар шұулаб жатыр екен.
Тақтай беті дәйім шыймай-шыймай болыб тұрады.
Мырзаш дәйім қожалақ-қожалақ болыб жүреді.
Жақайдың үсті-басы түлеген тайлақтай жалба-жалба.
Кійімі жыртық-жыртық бір жас бала жол жүріб келе жатты.
Баланың айақтары тас жырған жара-жара.
Жеңешем құрт-май салыб берді.
Қазақтар базарға қой-қозы сатады.
Базардан айна-тарақ сыйақты нәрселер алады.
Қармақты қозғаб-қозғаб қойамын.
Балықтар қармақты тартыб-тартыб қалады.
Балалар дұу-дұу күледі.

Осында қосарынан айтылыб тұрған қай сөздер? Айтқанда ондай сөздерді несінен таныймыз?

Қосарынан айтылыб тұрған сөздерді бөлек шығарыб жазыңдар.

§14 Тасымал сөз.

Қосарлық (-)

Дәмештің кешкі жұмысы.

Дәмеш мектебте оқыйды.
Мектебтен үйіне түрлі әнгіме-
сі бар кітәбтар әкеледі.
Әнгімелерін үй ішіндегі-
лерге оқыйды. Оқығанын
басқалар тыңдаб отыра-
ды. Балалар түсінбе-

генін сұрайды. Дәмеш оларға түсіндіреді. Кей бір нәрселерді үлкендер де білмей Дәмештен сұрайды. Сұрағандарын Дәмеш түсіндіріб береді.

Осында жолға сыймаған сөздерді қалай еткен? Сыймаған сөздерді бөліб, сыймағанын келесі жолға шығарғанда сөзді қандай-қандай жерлерінен бөлген? Бұуынды тұтасынан шығармай, бөліб шығарған жері бар ма? Сыймаған сөздерді қалай бөліу керек болғаны? Тасымалдағанда сөздің бөлінген жеріне басқа белгі қоймай, қосарлық белгісін қойыудың мәнісі не?

Кітәбтағы басқа әнгімелерде сыймаған сөздерді қалай тасымалдағанын қараңдар.

---

§15 Төл сөз.

Дәлдеулік (« »)

Шәкен салақ

Қабырға гәзійттен

Шәкенге бәрі қарайды. Шәкенге бәрі жарайды.
Шәкеннің үсті бор-бор.
Борын айтқан адамға –
«Жарайды; кім қарайды?»
дейді.
Шәкеннің беті салтақ-салтақ.
Салтағын айтқан адамға–
«Жарайды. Кім қарайды?»
дейді.
Шәкеннің қолы кір-кір. Кірін айтқан адамға –

«Жарайды. Кім қарайды?»
дейді.
Шәкеннің кийімі жыртық-жыртық.
Жыртығын айтқан адамға –
«Жарайды. Кім қарайды?»
дейді.
Әжесі ас ішерде қол жуыуға қосса,
Оған Шәкен –
«Жарайды, кірі менің бойыма тарайды»
дейді.

Осында айтылған төл күйінде өзгерместен жазылған қай сөздер? Оны «төл сөз» деб көрсетіу үшін нендей белгі қойылған?

---

§16 Төл атау.

Дәлдеулік (« »)

Қабырға гәзійт

Жанақ әнгімесінен

Өткен жыйылыста қабырға гәзійтін шығарыу мәселесі қаралған. Атын не деб қойамыз деб көб ойланғанбыз.

Біреулер – «Жас ұлан» қойалық деген.

Біреулер – «Жас бұуын» қойалық деген.

Біреулер – «Жас қайрат» қойалық деген.

Біреулер – «Белсен жас» қойалық деген.

Біреулер – «Еркін жас» қойалық деген.

Біреулер – «Сергек жас» қойалық деген.

Ақырында Дәмеш ұсынған «Жеткіншек» деген ат алынған.

Жақан сабаққа ылғый кешігіб келетін. Мұғалым кешіккен себебін сұраса, анау-мынау деб сылтау айтатын:

Кеше бір бала Жақанды қабырға гәзійтке жазыб қойыбты. Жақан атын атамаған, бірақ жазылған сөзге қарағанда сол екендігі көрініб тұр.

«Жалқау қалқа-ау,

Айтпа сылтау» деб бастағаннан ақ Мәкеш мынау Жақан тұурасынан шығар деді.

Кешеден бері Жақанды балалар «Жалқау қалқа ау» деб атайтын болды.

Мұнда өзгерместен төл күйінде жазылған сөздер бар ма?

Олар қай сөздер?

Сендер қандай гәзійттердің аттарын білесіңдер?

---

§17 Үйір сөздер.

Еместік (×)

Төмендегі «Шарыуамыз» деген әнгіменің ішіндегі қосыуға үйлесетін, бір-біріне үйір сөздерді қоса оқыңдар. Үйір еместерін қосбай оқыңдар. Үйір емес сөздердің арасына мынадай (×) еместік белгісі қойылған.

Шарыуамыз.

Күз ортасы × ауған еді. Бір күні × қара сұуық × жел болды. Мектебтің × ашық-тесік × жерлерінен × жел гүуледі.

Үйдің іші × азынаб кетті. Қолымыз × қатыб қалды. Қалам ұстауға × саусақтарымыз × ійлікбеді. Айағымыз да × мұздай бастады. Жауараб, бүрісіб отырдық.

Бір мезгілде × мұғалым келді. Бор мен × кендір май әкелді. Борды × майдалаб × түйдік. Оның үстіне × май құйдық. Ійлеген соң × қамыр сыйақты болды. Қамыр мен × терезенің × ашық-тесік жерінің × бәрін бітедік. Жел × азынауын × қойды. 3-4 бала × отын әкелдік. От жағыб, жылыныб алдық.

Осындағы үйлесіб, қосылыб, бір үйір болыб тұрған сөздерді бір бөлек, үйлеспей, оз алдына оңаша тұрған сөздерді бір бөлек шығарыб жазыңдар.

Нұсқа:

Үйір сөздер	*Емес сөздер*
Күз ортасы	Мектебтің
...	...
...	...

Енді сол әнгімені төменгі түрінде оқыб көріңдер.

Шарыуамыз.

Күз × ортасы ауған × еді. Бір × күні қара × сұуық жел × болды. Мектебтің ашық-тесік × жерлерінен жел × гүуледі. Үйдің × іші азынаб × кетті. Қолымыз қатыб × қалды. Қалам × ұстауға саусақтарымыз × ійлікбеді. Айағымыз да мұздай × бастады. Жауараб, бүрісіб × отырдық.

Бір × мезгілде мұғалым × келді. Бор × мен кендір май әкелді. Борды × майдалаб үйдік. Оның × үстіне май × құйдық. Ійлеген × соң қамыр × сыйақты × болды. Қамыр × мен терезенің × ашық-тесік × жерінің бәрін × бітедік. Жел азынауын × қойды. 3-4 × бала отын × әкелдік. От × жағыб, жылыныб × алдық.

Сөзді үйір-үйірі мен қосыб оқыу қалай? Үйірі мен қоспай, бөлек кез келгені мен қосыб оқыу қалай? Екеуінің қайсысы оқыған адамның өзіне де, тыңдағандарға да анық түсінікті.

Оқыу ашық, түсініуге анық болыу үшін не істеу керек екен?

Мұнан былайғы әнгімелердің бәрін де, әуелі, үйірлеб белгілемей тұрған күйінде оқыб, онан кейін үйірлеб, еместік белгісін қойыб оқыб қараңдар. Қайсысы түсінікті болыумен де тұрмай, оқыуға да жеңіл болар екен, сол жағына назар салыңдар.

Қамсамолдар мен пійәнерлер.

Пійәнерлер ұйымы қамсамолдан бөлек емес. Пійәнер басшыларын өздері сайламайды. Оларды қамсамол кәмійтеттері басқарады. Пійәнер жұмысшы қамсамол жұмысының бір бөлегі.

Пійәнерлердің жұмысын басқарыб, оларға дұрыс бағыт беріу үшін қамсамол ұйымы не істейді:

1) Пійәнерлерге жетекші береді. Мүшелерінің бір сыпыралары пійәнерлер жұмысына қосады.

2) Пійәнер арасында жұмыс қылатын қамсамолдар мен пійәнер жасақтарының істерін басқарады.

3) Пійәнер сергектерін тәрбійелеб, жұмысқа қосады.

4) Пійәнер жасақтарын қамсамол ұйымының жұмысына қатыстырады.

Біліу керек.

Ленін оқыб жүрген кезінде мектебтегі балалардың алды болған. Сабаққа ықыласты, жұмысына тыңғылықты болған екен. Кітәбты көб оқыйды екен. Өзі мен бірге болған балалардың алды болыб, мектеб бітіргенде сый алған.

Ленін балаларды үлкейген шағында да жақсы көрген. Алға сүйрейтін адамдар балалар болатынын жақсы білген.

1921-жылы бүкіл Іресейлік Көменес жастар одағының 3-сійезінде Ленін – Жастар, пійәнерлер, оқыңдар! Бай, кедей, қожа, құл болмайтын, адам баласының бәрі тең болатын көменізім заманын орнататын сендер. Көменізім орнатыу үшін көб білім керек. Ол білімді алыу үшін көб оқыу керек. Білімді жұмыскер, қара шарыуа, мұғалым, сүгіретші, ағыраном, доқтыр, әртес болыб шығыуларың керек деген.

Мұны жастар мен пійәнерлер біліулері керек. Іс жүзінде орындаулары керек деген.

---

§18 Ұйқас сөздер.

Өлең шұумағы.

Күз.
Көңілсіз түз.
Қыс.

Қысады тыс.
Жаз.
Бәрі шат мәз.
Шілде.
Жақбайды кімге?

Осыны оқыңанда, қай сөздердің айтылыуы ұқсас? Сол ұқсас сөздерді оңаша шығарыб, бірінің астына бірін жазыңдар.

Төмендегі «Мерген ақ» дегенді оқыңдар. Оның ішіндегі ұқсас естілетін сөздерді бөлек шығарыб, бірінің астына бірін жазыңдар.

Мерген ақ!

Біздің Ысқақ –
Ой, мерген ақ!
Торғайға атыб,
Шырғайға тійгізеді.
Қарғаға атыб,
Арбаға тійгізеді.
Далаға атыб,
Балаға тійгізеді.
Балаға атыб,
Далаға тійгізеді.

Айтылыуы ұқсас сөздер не деб аталады? Білесіндер ме? Қандай сөйлем «өлең сөйлем» деб аталады? Қандай әнгіме «өлең» деб аталады.

Төмендегі «Бөбектің тілегі» деген өлеңді оқыб, ішіндегі ұйқас сөздерін бөлек шығарыб, ұйқасын ұйқасының астына жазыңдар.

Бөбектің тілегі.

Тоқтышағым тоғыз таб.
Саулық қойым сегіз таб,
Сегізіңді семіз таб.
Құла бійем құлын таб,
Құлын табба, құнан таб.
Құнан табсаң, егіз таб.
*
Бөкен жүнді бөрте ешкім,
Төрт айда бол төрт ешкім.
Төртеуің де бөрте бол.
Өлмей-жітбей есен боб,
Қой алдында көсем боб,
Төртеуің де серке бол.
*
Әукем, бызауды алты таб.
Әукелері салпылдаб,
Өгіз болсын атандай.
Бақайлары майысыб,
Елемесін қайысыб,
Адам мінсе атамдай.

(Жәжеке)

Жай әнгіме менен өлеңнің жазыу тәртібі жағынан айырымы бар ма? Қайсысы шұумақ-шұумақ болыб, бөлектеніб жазылады? Қайсысы бөлектенбей тұтас жазылады.

Төмендегі «Жас пійәнер біздерміз» деген өлеңді шұумақ-шұумағымен көшіріңдер.

Жас пійәнер біздерміз.

Арыстандай айбатты,
Қажымайтын қайратты,
Жас пійәнер біздерміз.

Білім сұудай тасатын,
Надан елге шашатын,
Жас пійәнер біздерміз.

Қызыл тұу аб қолына,
Түсер көмен жолына
Жас пійәнер біздерміз.

Жұрт жұмысын тындырар,
Дұспан белін сындырар,
Жас пійәнер біздерміз.

(Үмбетжан).

* * *

Үш ауыз өлең.

Ойынды таста оқыудан қашпа өнер білім үйрен жаста ашылды мектеб ойлама тек деб ілгері ұмтыл өзің зерттеб ашық көзің қожа өзің Мәркіс, Ленін үйрен сөзін.

(Үмбетжан).

Бұл өлең шұумақталмай жазылған. Тыныс белгілері де қойылмаған. Тыныс белгілерін қойыб, шұумақтаб жазсаңдар, қалай жазар едіңдер?

Төмендегі «Оқыушы жастарға» деген өлеңде тыныс белгілері қойылған. Бірақ өлең шұумақталмай жазылған. Сендер шұумақтаб жазыңдар.

Оқыушы жастарға.

Еңбекшілді бастайтын, жауыздарды жасқайтын Кеңестің қызыл ерлері, бауырларым, сендерсін! Ескілікті жойатын, бұзықтың көзін ойатын еңбекшінің ұлдары, бауырларым, сендерсін! Ағартатын халықты, орнататын жарықты, кедей таптың шырағы, бауырларым, сендерсін! Ұлтқа, рұуға бөлмейтін, ескі ауырыуды емдейтін, қамқоршысы, доқтыры, бауырларым, сендерсін! Өзгермейтін қалыбы, бейнетқор таб алыбы, адал жүрек, ер көңіл жас өспірім ерлерсін!

(Жұма)

§19 Бұуын.

Тасымалдау.

Баласын сүйіу.

Қой сүйеді баласын қоңырым деб,
Іштемені білмеген момыным деб.
Сыйыр сүйеді баласын торпағым деб,
Қараңғыда басбаған қорқағым деб.
Түйе сүйер баласын тайлағым деб,
Жабыу жабса жарасқан жайнағым деб.
Ешкі сүйер баласын ұлағым деб,
Тастан тасқа секірген шұнағым деб.
Жылқы сүйер баласын шыбарым деб,
Жүгіріуден жазбаған құмарым деб.
Шошқа сүйер баласын торайым деб,
Қорсылдатар өзеннің тоғайын деб.
Қасқыр сүйер баласын келтегім деб,
Қой үркіткен жата қаб тентегім деб.

Осы өлеңді ән білетіндерің асықбай, жайлаб әнге салыб, мәселен, «Елім-ай» деген ән мен айтыңдар. Ән мен айтқанда дауыстың қай сөзде қанша ырғалатынын байқаңдар.

Дауыс неше ырғалса, сонша бұуын болады.

Ескертіу: дауыс әнсіз айтқанда да ырғалады, бірақ әндегідей созылыб айтылмаған соң құлақ анық шала алмайды.

Осы өлеңдегі сөздерді алыб, жай созыб айтсаңдар да дауыс ырғалыуы анық білінеді.

Осы «Баласын сүйіу» деген өлеңдегі сөздердің бұуынын айырғаннан кейін, бұуын санына қарай сұрыбтаб, сатылаб жазыңдар. Мәселен, бірінші сатыға бір бұуындыларын, екінші сатыға екі бұуындыларын, үшінші сатыға үш бұуындыларын.

Нұсқа:

1 бұуындылар	2 бұуындылар	3 бұуындылар
қой	сыйыр	сүйеді
.....	.....	.....

Сатылаб жазған сөздеріңнің ішінен ұйқас сөздерді тауыб алыб, ұйқас-ұйқасы мен бірінің астына бірін сатылаб жазыңдар.

Бұуын бір сөздікі болса, араларына қосарлық (-) қойыңдар. Бұуын бір сөздікі болмаған жерде ол қойылмайды.

Нұсқа: қо-ңы-рым ....
мо-мы-ным ....
....
....

Бұуынға бөлген сөздеріңді бәрің үн қосыб, бұуын-бұуыны мен оқыңдар.

Жазған бұуындарыңның ішінде қай бұуындар ұқсас, қай бұуындар бірдей?

Ұқсас бұуындардың үстін сызыб көрсетіңдер, бірдей бұуындардың астын сызыб көрсетіңдер.

§20 Еселеб бұуындау

Ешкі.

Ешкі қойды бастаған,
Қойды артына тастаған.
Ешкі деген жаныуар,
Сойса, саны қалақтай,
Сауса, сүті бұлақтай.

Осы өлеңнің сөздерін жол-жолы мен алыб, бұуындарын еселеб айырыңдар. Еселеб айырыу мен жай айырыудың арасындағы айырмасы сол – мұнда сөздің бұуындары бірден айырылмай, бір-бірден сатылана айырылады.

Нұсқа:

Еш-
Еш-кі
Еш-кі қой-
Еш-кі қой-ды
Еш-кі қой-ды бас-
Еш-кі қой-ды бас-та-
Еш-кі қой-ды бас-та-ған.

Әр жолын осылай еселеб айырғаннан кейін жол-жолы менен, бұуын-бұуыны менен үн қосыб жазғандарыңды оқыңдар.

1-ескертіу: еселеб айырыу үшін өлең сөз болыуы шарт емес. Өлең сөз, қара сөз – бәрі оған бірдей. Өлеңде сөздер жол-жолы мен алынады, қара сөзде сөздер сөйлем-сөйлемі мен алынады.

2-ескертіу: сөзді дұрыс жазыуды үйреніу үшін сөздің бұуынын дұрыс айырыуды үйреніу шарт. Дұрыс айырыу сөзді не әнге салыб айтқанда не әнге салғандай созыб айтқанда оңайланады. Сондықтан бастабқы кезде бұуыны айырылған сөздерді, онан әрі бұуыны айырылмаған сөздерді бұуын-бұуынымен үн қосыб оқыулары қажет.

Сырғанақ.

Бәкен әнгімесі

Ауылдың жанында өзен бар. Боран көбінесе со жақтан болады. Боран көб болған жылы арғы жағасын қар басыб қалады. Жағасына біткен талдардың қардан басы ғана қылтыйыб көрінетін болады. Күртіктің шеті өзен ортасына дейін келеді. Быйыл боран көб. Күртік шеті өзеннің ортасынан да асыб кетті. Жұмаш, Әуеш, Мұрат, мен – төртеуіміз күнде күртікте сырғанақ тебеміз.

Жұмаштың әкесі істеб берген ійт шанасы бар. Өзгемізде ійт шана жоқ. Әуеш, Мұрат үшеуіміз отын тасыйтын шананы апарыб, соны мен тебеміз. Күн жылыда көб тебеміз, күн сұуықта аз тебеміз. Кеше күн жылымық болды, жаңбыр да сіркіреді, сырғанақты көб тебтік. Үстіміз сұу болыб қалған екен, оны үйге қайтарда ғана білдік. Үйге келісі мен кійімдерімізді, етіктерімізді шешіб, жайыб қойдық. Түні мен кеуіб қалыбты.

Дептеріннің бетін жоғарыдан төмен тартқан сызық бен қақ бөлесіндер де осы әнгімені оң жағына бір рет, сол жағына бір рет көшіресіндер. Оң жағына көшіргенде сыймаған сөздерді тұтасымен екінші жағына шығарасыңдар. Сол жағына көшіргенде сыймаған сөздерді сыймайтын жеріне дейін жазыб барыб, сыймайтын бұуындарын ғана екінші жолға шығарасыңдар. Сөз бөлінсе де бұуын бөлінбей, тұтас шығыуы керек.

Нұсқа:

Ауылдың жанында өзен бар. Боран көбінесе со жақтан болады.	Ауылдың жанында өзен бар. Боран көбінесе со жақтан болады. .....

Қайсысында бос орын көб қалай? Бос орын көб қалмас үшін не істеу керек екен?

§21 Дыбыстар.

Әріптер.

Бұ қай кезде болады?

Күн ұзарыб,
Қар еріб,
Сұу сайларға толады.
Бұ қай кезде болады?
Күндер ысыб,
Шөб пісіб,
Ел пішенін орады.
Бұ қай кезде болады?
Жауыб жаңбыр,
Жер сабыр,
Шөб, жапырақ солады.
Бұ қай кезде болады?
Сұуда мұз бар,
Жерде қар.
Боран бораб соғады.
Бұ қай кезде болады?

Осының ішіндегі сөздерді бұуын санына қарай сұрыптаб, бір бұуындысын 1-інші сатыға, екі бұуындысын 2-інші сатыға, үш бұуындысын 3-інші сатыға жазыңдар. Бірақ бір рет жазған сөздерді қайта жазбайсындар.

Нұсқа:

Бір бұуын-дылар	Екі бұуын-дылар	Үш бұуын-дылар
.....	.....	.....

Бір бұуынды сөздердің ішінде әріптердің санын үстіне жазыңдар.

Пійәнер ұйымының ұсынысы.

Балалар, шекілдеуік шағыуды тастаңдар. Оны шағыудан зыйан көб. Шекілдеуік деген лас нәрсе. Оның жұуысатын нәрселерінің бәрі – жұуылмайтын нәрселер. Оған жұғатын нәрселердің бәрі таза нәрселер емес. Шекілдеуіктің өзі де жұуылмайтын нәрсе. Шекілдеуік шаққанда қабығына жұққан нәрсенің бәрін жалайсындар. Пійәнер ұйымы соны жаламау үшін шақпау керек дейді.

Осының ішіндегі әріптерді теріб шығарыб жазыңдар. Бір шығарыб жазған әріптеріңді екінші рет жазбайсыңдар.

Бөлек шығарған әріптеріңді әліб-бій іретімен тізіб жазыңдар.

Ескертіу: әліб-бій іретімен жазыу – қысқаша әліб-бійше тізіб жазыңдар.

Төмендегі сөздерді бас әрпіне қарай әліп-бійше тізіб жазыңдар.

Ұуық, шаңырақ, кереге, есік, босаға, тайаныш, маңдайша, сықырлауық, үзік, дөдеге, ірге, ықтырма, арқан, жүген, ауыздық, тізгін, шылбыр, өмілдірік, құйысқан, тартпа, айыл, таралғы, үзеңгі, ноқта, қанжыға, жырым, құман, шылапшын, леген, ошақ, тұтқыш, ожау, шөміш, тостаған, қасық.

Малдың аттарын әліп-бійше тізіб жазыңдар.

Білетін шөптеріңнің аттарын әліб-бійше тізіб жазыңдар.

Мектебтегі балалардың аттарын әліб-бійше тізіб жазыңдар.

Ауыл адамының аттарын әліб-бійше тізіб жазыңдар.

---

§22 Дауысты дыбыстар.

Олардың әріптері.

Төмендегі «Кел, балалар, оқылық!» деген өлеңнің әр жолын алыб, бұуындарын еселеб айырыңдар. Сонан кейін әр бұуындағы әріб санына назар салыңдар.

Кел, балалар, оқылық!

Кел, балалар, оқылық!
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық.
Оқыу білген адамнан
Жұмыс қорқыб ығысқан.
Оқымаған адамдар
Жауыр болар жұмыстан.
Адам болар есті ұлан,
Оқыу десе тырысқан.
Жарымес ұлан есерсоқ,
Оқы десе ұрысқан.

А, о, ұ, е, ы әріптері жағынан не байқалады?

Олардан басқа бір өзі бір бұуын болыб тұрған әріптер бар ма?

Сірә, а, о, ұ, е, ы кіріспеген бұуын бар ма?

А, о, ұ, е, ы әріптерінен басқа жалғыз тұрыб та, бірігіб те бұуын жасаған жері болмаса, бұуын жасайтын қай дыбыстардың әрпі болғаны?

Осы а, о, ұ, е, ы әріптерін айтыб қараңдар, басқаларын айтыб қараңдар. Қайсысы қатты дауыстаб айтыуға келеді екен.

Дауыстаб айтыуға келетіндеріне не деб ат қойар едіңдер?

Әріб пен дыбыс екеуі бір нәрсе ме? Дыбысты дауысты әріб деген дұрыс па? Дауысты дыбыстың әрпі деген дұрыс па?

---

§23 Талғауық дауысшылар.

О (و), ұ (ُو)

Жазғы кеш.

Жақаш әнгімесі

Қазақ тілінің негізгі ерекшелігін, тілдегі жүйені балаларға түсіндірудегі ғалымның негізгі мақсаты – балаларды ойға сәйкес келетін сөздерді таңдап ала білуге, сол сөздерді сөйлем ішіне орын-орнына дұрыстап қоя білуге, тілді дұрыс қолдана білуге үйрету. Яғни ғалым коммуникативтік ұстанымды басшылыққа алады. Осы ойын сабақтастыра келіп, «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде шығарма сөзінің өңді, ұнамды болуы үшін сөз дұрыстығы, тіл тазалығы, тіл (лұғат) анықтығы, тіл дәлдігі, тіл көрнектілігі сияқты шарттардың ескерілуі қажеттігін айтады. Сөз дұрыстығы үшін:

«1) сөздердің тұлғасын, мағынасын өзгертетін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулық сияқты нәрселерді жақсы біліп, әрқайсысын өз орнына тұтыну;

2) сөйлем ішіндегі сөзді дұрыс септеп, дұрыс көптеп, дұрыс ымыраластыру;

3) сөйлемдерді бір-біріне дұрыс орайластырып, дұрыс құрмаластырып, дұрыс орналастыру» керектігін көрсетеді.

«Тіл – құрал» 1914-1928 жылдар аралығында бірнеше рет (қолда бары – 34) басылған. Алайда кітап сол күйі басылып отырмаған, сол кездегі оқулықтарға қойылған талаптарға сәйкес толықтырылып, жетілдірілген. Әсіресе, 1924 жылы Орынборда өткен Қазақ білімпаздарының съезінен кейін дыбыстарды (ұяң дауыссыз, мұрын шығысты, жарты дауысты, ымыралы, ымырасыз т.с.с.) тануға қатысты ұстанымдар оқулықтарға енгізіліп отырған. Сондай-ақ жаңа емлеге сәйкес өзгертілген.

Жинаққа «Тіл – құрал. Дыбыс жүйесі мен түрлері» атты I тіл танытқыш кітаптың 1927 жылы жарық көрген 7-басылымы енгізіліп отыр. Кітап Семейдің губерниялық баспасынан 15 000 таралыммен шыққан. Еңбек Қазақ-қырғыз білімділерінің 1-тобының қаулысы бойынша өзгертілген. Сол себепті 1914-1924 жылдар аралығындағы басылымдардан елеулі өзгерістері бар. А.Байтұрсынұлының кейін жарияланған жинақтарының ешқайсысына енбеген, алғаш жарияланып отыр. Ескерте кететін бір жайт, кітапта сөздердің жазылуында, бірге, бөлек таңбалануын беруде, тыныс белгілердің қойылуында сол кездегі нормалар сақталды.

«Тіл – құрал. Дыбыс жүйесі мен түрлері» атты 1927 жылы жарық көрген еңбектің 7-басылымы сол уақытқа дейін жарық көрген тіл танытқыш кітаптардың түпнұсқаларымен (Тіл-құрал (қазақ тілінің сарфы). Бірінші жылдық. Орынбор, 1914. 53 б.; Тіл-құрал (қазақ тілінің сарфы). Бірінші жылдық. Ташкент, 1918. 32 б.; Тіл-құрал. Дыбыс жүйесі һәм түрлері. Бірінші тіл танытқыш кітап. Үшінші басылуы. Орынбор, 1923. 46 б.; Тіл-құрал. Дыбыс жүйесі һәм түрлері. Бірінші тіл танытқыш кітап. Төртінші басылуы. Орынбор, 1924. 48 б.; Тіл-құрал. Дыбыс жүйесі һәм түрлері. Бірінші тіл танытқыш кітап. Бесінші басылуы. Орынбор, 1924. 48 б.; Тіл-құрал. Дыбыс жүйесі мен түрлері. Бірінші тіл танытқыш кітап. Бесінші басылуы. Қызылорда, 1925. 39 б.; Тіл-құрал. Дыбыс жүйесі мен түрлері. Бірінші тіл танытқыш кітап. Өзгертпей бесінші басылуы. Қызылорда, 1926. 39 б.; Тіл-құрал. Дыбыс жүйесі мен түрлері. Бірінші тіл таныт-

қыш кітап. Өзгертіліп алтыншы басылуы. Қызылорда, 1927. 39 б.; т.б.), ол басылымдардың 1991 жылы (Тіл тағылымы. Алматы: Ана тілі, 1991. 141-173-б.); 2003 жылы (3-том); 2013 жылы (3-том, 23-101-б.), 2013 жылы (Қазақ тіл білімінің мәселелері. Алматы, 2013. 11-51-б.), 2017 жылы (Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы. Астана: Алашорда, 2017. 14-561-б.), 2022 жылы (Таңдамалы шығармалары. Алматы: Қазақ университеті, 2022. 11-85-б.) қайта жарық көрген жинақтардағы мәтіндермен салыстырылып, 7-басылымның ерекшелігі, ұқсастығы мен айырмашылығы көрсетілді.

1914-1924 жылдар аралығындағы «Тіл – құралда» араб тілінен енген сөздер көбірек қолданылып, түпнұсқаға жақын таңбаланса, 1927 жылғы «Тіл – құралда» ол атаулардың қазақ тіліндегі баламасы, қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарына бейімделген нұсқалары көбірек қолданылған. Мысалы, 1924 жылғы басылымда *дүнійа* түрінде түпнұсқаға жақын берілген сөз 1927 жылғы кітапта қазақ тіліндегі үндестік заңына бейімделіп, *дүнійе* түрінде берілген.

1924 жылғы басылымда *Қазақтың бастауыш мектебінде басқа білімдер мен қатар қазақ тілінің наху, сарфы-да үйретілерге керек* түрінде берілген сөйлем 1927 жылғы басылымда *Қазақтың бастауыш мектебінде басқа білімдер мен қатар қазақ тілінің дыбыс, сөз, сөйлем жүйелерін де үйретіу керек* (1-бет) түрінде берілген. Яғни араб тіліндегі атаулардың (*наху, сарфы)* орнына қазақ тіліндегі атаулар (*қазақ тілінің дыбыс, сөз, сөйлем жүйелерін*) қолданылған. Сонымен қатар сөйлем *үйретілерге керек* түріндегі көне форманың орнына қазақтың тіліне бейімделген нұсқа (*үйретіу керек*) қолданылған. Яғни 1924 жылғы «Тіл – құралда» араб тілінен енген сөздер көбірек қолданылып, түпнұсқаға жақын таңбаланса, 1927 жылғы «Тіл – құралда» ол атаулардың қазақ тіліндегі баламасы, қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарына бейімделген нұсқалары көбірек қолданылған.

Бұрынғы басылымдардағы *hәм* жалғаулығының орнына 1927 жылғы басылымда *мен, де, және* сияқты жалғаулықтар қолда-

нылған немесе үтір қойылған: *Әр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде* ***де*** *сондай басқалық болады* (1-бет). *Түбіршік тіл түпкі қалпынан өзгерілмей жұмсалады, мәсәлән, қытай hәм жапон тілдері* (Тіл – құрал, 1924, 1-бет) – *Түбіршік тіл түбкі қалыбынан өзгерілмей жұмсалады. Мәселен: қытай, жапон тілдері* (Тіл – құрал, 1924, 2-бет). *Сөйлеу* ***мен*** *сөйлем* (7-бет). *Сөйлем* ***мен*** *сөз* (8-бет). *Сөз* ***бен*** *буындар* (9-бет). *Бұуын* ***мен*** *дыбыс* (9-бет). *Қазақ тіліндегі дыбыстар****,*** *олардың таңбалары* (10-бет). *Міні, осы сыйақты неше?, қанша? деб сұрауға жауаб болатын* ***және*** *нәрсенің санын көрсететін сөздерді сан-есім дейміз* (31-бет).

Бұрынғы басылымдардағы *йә* жалғаулығының орнына 1927 жылғы басылымда *не* жалғаулығы қолданылған: *Біздің жасынан* ***не*** *орысша,* ***не*** *ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қыйсынын нағыз қазақша келтіріб жаза алмайды,* ***не*** *жазса да қыйындық бен жазады*, себебі: жасынан қазақша жазыб дағдыланбағандық (1-бет).

Бұрынғы басылымдарда түпнұсқаға жақын етіп, **х** әрпімен берілген сөздер 1927 жылғы 7-басылымда **қ** әрпімен жазылған: ***қ****алық өмірі,* ***қ****атта,* ***қ****алықтың тұтыны****б*** *келе жатқан сөздері* (1-бет).

1924 жылғы басылымдағы *хата* сөзі 1927 жылғы басылымда қазақ тілінің дыбыс жүйесіне сәйкестендіріліп, қате түрінде берілген: *Сондықтан мұғалім балалардың үйренген ережесі келетүн сөздерді ауыздан жаздыру тійіс, йәкій кітабшадағы жорта* ***қате*** *жазыб қойған сөздерді дұрыстаб жаздыру тійіс* (3-бет).

Бұрынғы басылымдарда сол кездегі қағида-ұстанымдарға сәйкес бітеу буында **ы, і** әріптері жазылмаған (*тл*). 1924 жылғы Қазақ білімпаздарының сійезінің қаулысы бойынша бұл ереже бұзылып, бітеу буында **ы, і** әріптері түсірілмей жазылатын болған. 1927 жылғы басылымда осы заңдылық толық сақталған: «Тіл адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтұн қаруының бірі». Осыған байланысты *тіл, қарыу, айырылыб, нөмір* сөзде-

ріндегі **ы, і** әріптері түпнұсқадағы қалпы сақталып, түсірілмей берілді. Түпнұсқаның 1-бетінде *айырылыб* сөзі екі түрлі берілгені байқалады: *айырылыб, айрылыб.*

Сол сияқты бұрынғы басылымдарда сөз басындағы **е(ه)** дыбысы **ае (ه‌ا), о (و)** дыбысы **ао (و‌ا)** т.с.с. түрде қосар әріптермен берілген. 1927 жылғы басылымда сөздер Ахмет Байтұрсынұлының реформалаған әліпбійіне сәйкес берілген.

Бұрынғы басылымдар мен 1927 жылғы басылымның бірқатар ұқсастықтары да бар. Мәселен, бүгінгі таңда **-атын/-етін, -йтын/-йтін** түрінде берілетін есімше тұлғалары **-атұн/-етүн, -йтұн/-йтүн** түрінде таңбаланған: *жұмсайтұн, жалғасатұн, тізілетүн... Осындай нәрсенің өзін **атайтұн** сөздерді зат-есім дейміз* (27-бет).

Сол сияқты сөздің, буынның соңындағы, болымсыздық қосымшасындағы **п** дыбысының орнына көбінесе **б** әрпі жазылған: *Сондықтан сөйлей біліу қандай керек болса, жаза біліудің керектігі онан да артық, сөйлегенде сөздің жүйесін, қыйсынын келтіріб сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріб жазыу сондай керек* (1-бет). *Сөздің жүйесін, қыйсынын келтіріб жаза біліуге сөз қандай орында қалай өзгерілиб, қалайша біріне бірі қыйындасыб жалғасатұн жүйесін біліу керек* (1-бет). *Қалық өмірі бір жылдаб, он жылдаб, қатта жүз жылдаб да емес, мың жылдаб саналады, сондай ұзақ өмірінің ішінде әр қалықтың тұтыныб келе жатқан сөздері, ол сөздерінің біріне бірі жалғасыб тізілетүн дағдылы жолы, жүйесі, қыйсыны болады* (1-бет). *Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланыб үйренген, ноғайша оқығандар ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланыб үйренген, қазақ сөздерін алыб орыс не ноғай жүйесі мен тізсе, әрійне, ол нағыз қазақша болыб шықбайды* (1-бет). *Жарлы болсаң арлы болма; бар болсаң **тасба**, жоқ болсаң **сасба*** (10-бет).

Әсіресе *мектеп, кітап* сияқты сөздер түпнұсқаға жақындатылып, **б** әрпімен таңбаланған: *Бастауыш **мектебтегі** оқыуға шамалаб қазақ тілінің дыбыс, сөз, сөйлем жүйелері балаларға*

оқытыуға осы «Тіл – құрал» деген ***кітабшаларды*** *шығардық* (1-бет). *Бастауыш* ***мектебте*** *балаларға тіл танытыу үш тарау болыб бөлінеді* (1-бет).

«Тіл – құралдың» барлық басылымында да бірінші буында **у** дыбысы келген жағдайда алдына үндестік заңына сәйкес **ұ, ү** әріптері жазылған: *Сөз бен* ***бұуындар.*** *Бір сөздің ішінде бір неше* ***бұуын*** *болады. Мәселен, «ат» деген сөзде бір ақ* ***бұуын*** *бар; «а-та» дегенде екі* ***бұуын*** *бар; «а-та-лар» дегенде үш* ***бұуын****; «а-та-лар-ға» дегенде төрт* ***бұуын****; «а-та-ла-ры-ма» дегенде бес* ***бұуын****; сөз* ***бұуын*** *санына қарай бір* ***бұуынды****, үш* ***бұуынды****, төрт* ***бұуынды****, онан көбі көб* ***бұуынды*** *сөз деб аталады* (9-бет). ***Құу, бұу, тұу, жұу...*** (26-бет). Төмендегі түбір сөздерге «ма, ме, ба, бе, па, пе» жұрнақтарын жалғатыб, **тұуынды** сөз істетіу. *Сал, қаз, бат, жат, сөз, таста, ас, күре, қақ, қада, кір, төк, сүрт, таңда, қара, жек, қыдыр, сыз, ұр, соқ, тій, ой,* ***құуыр****, ор, жаб, ұста, тұттық, ора, сына, айнал, бойа, бас,* ***тұура****, жар, ұш, жала, құла, жыр, жүз, кеш, көтер, тай, оз, жаныш, жай, мұз, шаш, қайна, ау, қой, сық, кій, тоқы, қыс, тара, көш* (26-бет).

Сол сияқты дауыссыз **й** әрпінің алдында дауысты **ы, і** әріптері жазылған: ***Сыйыр сыйпағанды*** *білмес, жаман* ***сыйлағанды*** *білмес* (10-бет). Жіңішке сөздерде «лық» орнына «лік», «дық» орнына «дік», «тық» орнына «тік» болыб жалғасады, мәселен: ***ійне = ійнелік****, жеті = жетілік, ер =ерлік, ел = елдік, тең = теңдік, ерке = еркелік, кедей = кедейлік, жетім = жетімдік, көб = көбтік* (19-бет)*; ій = ійме* (26-бет)*; кій* (26-бет).

1924 жылғы басылымда **й** дыбысынан кейін **ы** әрпі жазылмаған. ХХ ғасырдың басында қолданылған бітеу буын ережесі бойынша, бітеу буында **ы, і** әріптері жазылмаған. Алайда Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде бұл ереженің қате екені дәлелденіп, сөздің тұрпатын сақтау мақсатымен барлық буында да **ы, і** әріптері түсірілмей жазылатын болған. Сол себепті 1927 жылғы басылымда *сы-йыр* сөзінің екінші, бітеу буынындағы **ы** әрпі таңбаланбаған. 1924 жылғы басылымда **й** дыбысынан кейін **ы** әрпі жазылмаған, тіпті сөз басындағы ашық буында да

жазылмаған. ***Сыйр сипағанды*** *білмес, жаман* ***силағанды*** *білмес* түрінде жазылған мақал 1927 жылғы 7-басылымда ***Сыйыр сыйпағанды*** *білмес, жаман* ***сыйлағанды*** *білмес* (10-бет).

Бүгінгі таңда бірге жазылып жүрген белгісіздік, болымсыздық есімдіктері «Тіл – құралда» түбірлердің арасына бос аралық қалдырылып, бөлек таңбаланған: *Солай* ***бір неше*** *ірет істеб көрсеткеннен кейін балалар керек сөздерді өздері тауыб, өздері айыруға дағдыланады* (3-бет). *Төмендегі жазылған сөйлемдердің* ***әр бірінің*** *ішінде неше сөзден барын айыртыу* (8-бет). *Бір сөздің ішінде* ***бір неше*** *бұуын болады* (9-бет). *Бір бұуынның ішінде* ***бір неше*** *дыбыс болады* (9-бет). ***Кей бір*** *сөздерді затесімнің, сын-есімнің, сан-есімнің орнына жүргендіктен есімдік дейміз* (31-бет). ***Әр түрлі*** *сөздерді алыб тасымалдатыу* (39-бет). Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Бүгінгі таңда *дұшпан* түрінде таңбаланып жүрген сөз «Тіл – құралдың» барлық басылымында *дұспан* түрінде жазылған: *Досқа күлкі, дұспанға таба болма* (10-бет).

«Тіл – құралдың» бұрынғы басылымдарында бітеу буын ережесіне сәйкес *жазу, сөйлесу* түрінде **ы, і** әріптері түсіріліп жазылған, 1927 жылғы 7-басылымда **у** мен **й** дыбыстары дыбыс жүйесінше жазылған: *Біздің заманымыз жазыу заманы:* ***жазыу*** *мен* ***сөйлесіу*** *ауыз бен сөйлесіуден артық дәражаға жеткен заман* (1-бет). ***Жазыу*** *мен* ***дүнійенің*** *бір шетіндегі адам екінші шетіндегі адам мен сөйлеседі* (1-бет). *Сондықтан сөйлей* ***біліу*** *қандай керек болса, жаза* ***біліудің*** *керектігі онан да артық, сөйлегенде сөздің жүйесін,* ***қыйсынын*** *келтіріб сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріб* ***жазыу*** *сондай керек* (1-бет). ***Алыстан ауыз*** *бен* ***сөйлесіуге*** *болмайды* (1-бет). *Сөздің жүйесін,* ***қыйсынын*** *келтіріб жаза* ***біліуге*** *сөз қандай орында қалай өзгеріліб, қалайша біріне бірі* ***қыйындасыб*** *жалғасатұн жүйесін* ***біліу*** *керек* (1-бет).

1924 жылғы басылымда біздің сөзі *бзң* (ءبزڭ), *бздң* (ءبزدڭ) түрінде дауысты дыбыстарсыз таңбаланған. Сөз басына дәйекші қойылғанмен, бітеу буын ережесіне сәйкес дауысты дыбыстар

мүлде таңбаланбаған. Ал 1927 жылғы басылымда қазіргі жазылып жүрген қалпында берілген.

Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінде көмектес септік жалғаулық ретінде танылған. Сондықтан бұрынғы басылымдарда да, кейінгі басылымдарда да алдыңғы сөзден бөлек жазылған: *... жазыу мен сөйлесіу ауыз бен сөйлесіуден артық дәражаға жеткен заман* (1-бет). *Жазыу мен дүнійенің бір шетіндегі адам екінші шетіндегі адам мен сөйлеседі* (1-бет). *Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланыб үйренген, ноғайша оқығандар ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланыб үйренген, қазақ сөздерін алыб орыс не ноғай* ***жүйесі мен*** *тізсе, әрійне, ол нағыз қазақша болыб шықбайды* (1-бет). *Біз де тіліміз бұзылмай сақталыуын тілесек, өзгелерше әуелі* ***өз тіліміз бен*** оқытыб, *сонан соң басқаша оқытыу тійіс* (1-бет). *Бары* ***мен*** *базар, жоқты қайдан қазар* (10-бет). *Ұлың өссе ұлықты мен ауыл бол, қызың өссе қылықты мен ауыл бол* (13-бет).

Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінде II жақ тұлғасындағы етістік көбінесе **-сын/-сін** түрінде келген: *Не ексең, соны* ***орарсын*** (12-бет). *Кімнің жерін жерлесең, соның жырын* ***жырларсын*** (12-бет). *От бен ойнасаң, күйерсін, бала мен ойнасаң* ***шаршарсын*** (13-бет). *Берсең* ***аларсын****, ексең* ***орарсын*** (13-бет). *Сайақ жүрсең, тайақ жерсін* (14-бет). *Түлен түртбесе, түнде қайда барасын?* (14-бет). *Ұйада не көрсең, ұшқанда соны аларсын* (14-бет). Ғалым жіктік жалғаулары жіктеу есімдіктерінен шыққанын дәлелдейді (*білген-мін, білгенсін; келген-мін, келген-сін,* т.с.с.). Бұл тұжырымын Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде де айтады. Сөздің түп-төркінін сақтау мақсатымен қосымшаның соңында **ң** әрпі емес, **н** әрпі болуы керек екенін айтып, оқулықтарында сол ұстанымды басшылыққа алады.

Бүгінгі таңда *дәреже* түрінде беріліп жүрген бұрынғы басылымдарда да, кейінгі (7-інші) басылымда да *дәража* түрінде берілген.

Байтұрсынұлы еңбектерінде жалғаулықтар сөзден бөлек жазылған әрі көбінесе бір ғана нұсқада берілген: *жылдаб* ***да*** *емес*

(1-бет); *Біздің жасынан не орысша, не ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қыйсынын нағыз қазақша келтіріб жаза алмайды, не жазса да қыйындық* ***бен*** *жазады* (1-бет). *Мұндағы байандалған тіл білімінің қайсысын қандай әдіс* ***бен*** *үйретіу жағы да толық көрсетілген жоқ* (1-бет).

Да жалғаулығы да, **бен** жалғаулығы да (ғалым бүгінде септіктер қатарында танылып жүрген **бен**-ді жалғаулық ретінде сипаттайды) бір ғана нұсқада (ұяң дыбыстан басталған күйінде) берілген: *Тас* ***бен*** *ұрғанды ас* ***бен*** *ұр* (12-бет). *Соқырдың қолына* ***түсбе****, саңыраудың астына* ***түсбе*** (12-бет).

Сондай-ақ 1924 жылғы «Тіл – құралда» жай сөйлем ретінде берілген құрылымдар 1927 жылғы басылымда құрмалас сөйлеммен берілген.

Бүгінгі таңда *әрине* түрінде таңбаланып жүрген сөз дыбыс жүйесінше таңбаланған: *Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланыб үйренген, ноғайша оқығандар ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланыб үйренген, қазақ сөздерін алыб орыс не ноғай жүйесі мен тізсе,* ***әрійне****, ол нағыз қазақша болыб шықбайды* (1-бет).

Қазіргі кезде *тиіс* түрінде таңбаланып жүрген сөз дыбыс жүйесінше берілген: *Біз де тіліміз бұзылмай сақталыуын тілесек, өзгелерше әуелі өз тіліміз бен* оқытыб, *сонан соң басқаша оқытыу* ***тійіс*** (1-бет). *Сондықтан мұғалім балалардың үйренген ережесі келетүн сөздерді ауыздан жаздыру* ***тійіс****, йәкій кітабшадағы жорта қате жазыб қойған сөздерді дұрыстаб жаздыру* ***тійіс*** (3-бет). *Бір ережені балалар әбдан үйреніб,* ***тійісті*** *орнында жұмсай білгеннен кейін ғана келесі ережені үйретіу* (3-бет).

1924 жылғы «Тіл – құралдың» алғы сөзінде ғалым еңбектің мақсатымен, ерекшелігімен таныстырады: «Тіл – құрал» деген аты қандай жат көрінсе, ішкі мазмұны-да әуелгі кезде сондай жат көрінер, үйткені бұл қазақта бұрын болмаған жаңа зат. Халықта бұрын болмаған нәрсе жаңа шыққан кезінде жат көрініп, бірте-бірте бойы үйренген соң қалатын. Арабша һәм орысша

наху, сарф үйренгендерге жат көрінгенімен, түсініксіз болмас: араб һәм орыс наху сарфларында оқылатын заттар мұнда да оқылады. Айырмасы сол ғана: онда арабша я орысша айтылған есімдер мұнда қазақша айтылады. Олай болғанда оқылатын заты бір, аты ғана басқа». Ал 1927 жылғы басылымда мұндай түсініктеме жоқ.

1924 жылғы басылымда «Тіл – құрал» үш жылға бөлінгенде, бірінші жылда оқытуға ұйғарғанымыз: сөйлеу мен сөйлемді айыру, сөз бен сөздің буынын айыру, буын мен буындағы дыбысты айыру. Қазақ тіліндегі дыбыстар һәм оларға арналған харіфтер, қазақ сөзіне жазылатын харіфтер турасындағы ережелер, қазақ тіліндегі сөздердің тұлғалары. Бірінші жылда үйретуге осы жеткілікті болар; үйткені «Тіл – құралдағы» заттар қазақша һәм арабша алифбалардағы харіфтерді балалар үйреніп болғаннан кейін үйретіледі. Балаларға көп үйретем деп, асығып шала-шарпы үйретуден аз да болса, анықтап нық үйрету абзал. Әсіресе бірінші жыл оқылатын «Тіл – құралы» тіл білімінің негізі болғандықтан нық үйретілерге керек» түрінде берілген бөлік 1927 жылғы 7-басылымда: «Бастауыш мектебте балаларға тіл танытыу үш тарау болыб бөлінеді: **1) дыбыс жүйесі мен түрлері, 2) сөз жүйесі мен түрлері, 3) сөйлем жүйесі мен түрлері.** 1-бөлімі сөйлеу мен сөйлемді, сөйлем мен сөзді, сөз бен бұуынды, бұуын мен дыбысты танытады. Дыбыс таныудан қаріб мәселесі тұуады. Дыбыс бен қаріб мәселесінен жазыу ережелері мен сөз түрлері, тұлғалары, сөз түрленіу, өзгерулері тұуады.

Сүйтіб «Тіл – құралдың» 1-інші бөліміндегі дыбыс жүйесі мен түрлері деген тіл танытыу бөліміне осы айтылған нәрселердің бәрі де кіреді, әр қайсынан қысқаша бастауыштық даражалы білім беріледі.

«Тіл – құрал» үшке бөлінген мен әр қайсысы әр жыл оқылмайды. Бұл үшке бөліу жылдық оқыу мөлшерімен емес, тіл білімінің жүйесі бойынша үйреткен ұуақытта әр жүйесінен балалардың шамасына қарай әлі келерліктері алыныб үйреті-

леді. Қандай қай жылда үйретілетүіні бастауыш мектеб пырағрамдарында көрсетілген. Мұндағы байандалған тіл білімінің қайсысын қандай әдіс бен үйрету жағы да толық көрсетілген жоқ. «Тіл – құрал» қазақ тілінің жүйеленген білімін байандайтын нәрсе, әр мұғалім әр түрлі әдіс бен үйретсе де, балалардың үйренетүн білімі осы «Тіл– құралдағы» білім болыб шықбақ» болып берілген. 1927 жылғы нұсқада орыс тілінен енген сөз (*программа*) *пырағырам* түрінде қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкестендіріліп берілген.

1924 жылғы басылымдағы *мәсәлан* сөзі 1927 жылғы басылымда қазақ тілінің дыбыс жүйесіне сәйкестендіріліп, *мәселен* түрінде берілген: *Жалғамалы тіл сөздің айағына жалғау қосылыб өзгерілетін тіл.* ***Мәселен****: түрік, пійн тілдері. Қопармалы тіл сөз түбірімен қопарылыб, өзгерілетін тіл,* ***мәселен****: орыс тілі, араб тілі* (2-бет). *Алайық тағы да басқа бір сөйлеу,* ***мәселен*** *«Аш бала тоқ баладай ойнамайды, тоқ бала аш болам деб ойламайды» деген мақалды* (7-бет).

1924 жылғы басылымдағы *мағна* сөзі 1927 жылғы басылымда қазақ тілінің дыбыс жүйесіне сәйкестендіріліп, *мағана* түрінде берілген: *Екі түрлі жалғаудың тысқарғысы сөйлегенде, жазғанда сөздерді біріне бірін қыйындастырыб тізіу үшін қажет, ішкергісі бір маганалы сөзден екінші маганалы сөз шығарыб, сөзден сөз тұуғызыб, көбейтіб, тілді байытыу үшін қажет* (3-бет).

1924 жылғы басылымдарда сол кездегі нормаға сәйкес жалғаулықтар, демеуліктер дефис арқылы берілген. Сол себепті *Жаза* ***ала-ма****? Жаза* ***алмай-ма****?* ***оны-да*** *кесер егеу бар* түрінде берілген. Ал 1927 жылғы басылымда жағаулық, демеуліктердің алдына дефис қойылмаған: *Солай бір неше ірет істеб көрсеткеннен кейін балалар керек сөздерді өздері тауыб, өздері айыруға дағдыланады, сонан соң балалар дағдыланыб, үйреніб болды ғой дегенде нық біліб болған, болмағанын байқау керек, сынау керек, сынағанда үйренген ережелерді орнына келтіріб* ***жаза ала ма? Жаза алмай ма?*** *Соны сынау* (3-бет). *Бір ережені ба-*

лалар әбдан үйреніб, ***тійісті*** *орнында жұмсай білгеннен кейін ғана келесі ережені үйретіу* (3-бет). *Ақшаны жолдан* ***тапсаң да****, санап ал* (10-бет). *Өзі тойса да, көзі тоймайды* (12-бет). *Аурыу қалса да, әдет қалмайды* (12-бет). *Базарға бар да бағың сына* (13-бет).

1927 жылғы басылымда терминдер тұрақтанып, қалыптанып қалғанын байқаймыз. 1924 жылғы басылымда «Бір қағида я ережені балалар әбден үйреніп, тиісті орнында жұмсай білгеннен кейін-ғана келесі қағида, я ережені үйрету» түрінде беріліп, қағида, ереже сөздері жарыса қолданылса, 1927 жылғы басылымда бір ғана нұсқасы (ереже) қолданылған: *Бір ережені балалар әбдан үйреніб,* ***тійісті*** *орнында жұмсай білгеннен кейін ғана келесі ережені үйретіу* (3-бет).

Бұрынғы басылымдарда *рет* түрінде берілген сөз 1927 жылғы басылымда *ірет* түрінде жазылған: Солай бір неше *ірет* істеб көрсеткеннен кейін балалар керек сөздерді өздері тауыб, өздері айыруға дағдыланады (3-бет). *Жеті ірет піш, бір ірет кес* (13-бет).

1924 жылғы басылым түпнұсқасының 2-бетінде *Жер жұтуға тоймайды; от отнға тоймайды; құлақ естуге тоймайды; кісі ойға тоймайды; бөрі қойға тоймайды* түрінде берілген мысалда *отнға, жұтуға, естуге* сөздері 1927 жылғы басылымда дыбыс жүйесіне негізделіп, *отынға, жұтыуға, естіуге* түрінде берілген. Яғни Қазақ білімпаздарының съезінде қабылданған қаулыға сәйкес таңбаланған.

1924 жылғы басылымда *сұмсынғанға* ***Алла*** *бар* түрінде берілген сөйлемдегі *Алла* сөзінің орнына 1927 жылғы басылымда *орда* сөзі қолданылған. Сол кездегі талапқа сәйкес діни сөздер мен араб-парсы тілдерінен енген сөздерге шектеу қойылып, кейінгі басылым өзгертілген: *Еділ бойы тоғай бар; тоғай толы ноғай бар; бұурыл атта бұғау бар; оны да кесер егеу бар; сом темірге балға бар; сұмсынғанға* ***орда*** *бар* (7-бет).

1927 жылғы басылымда *бұғау* сөзіне *кісен* деген түсінік берілген. Ал бұрынғы басылымдарда ондай түсінік жоқ.

А.Байтұрсынұлының төте жазуында сөз басындағы, сөз ортасындағы, сөз соңындағы әріптердің тұрпатында бірқатар ерекшеліктер бар. Ғалым жалғаулықтарды жазуда алдыңғы сөздің соңына сөз соңындағы таңбаны қойып, жалғаулықты біріктіре жазған (تاعى دا). Яғни бір интонациямен айтылатын, бір мәнді сөздерді таңбалауда ғалым төте жазудың осы мүмкіндігін шебер пайдаланған: *Алайық* ***тағы да*** *басқа бір сөйлеу* (7-бет). Орыс, латын жазуларымен бергенде бұл сөздер бірге жазылып тұрғандай көрініп, мағынаға нұқсан келетіндіктен, өзге жазумен бұлай беру мүмкін болмағандықтан, келтірілген сөздер бөлек жазылды.

Бүгінде *Аш бала тоқ* ***баламен*** *ойнамайды, тоқ бала аш болам деп ойламайды* түрінде қолданылып жүрген мақал «Тіл – құралдың» барлық нұсқасында *Аш бала тоқ* ***баладай*** *ойнамайды, тоқ бала аш болам деб ойламайды* деп берілген. Яғни кеңестік идеологияға сәйкес бай мен кедейді қарсы қою мақсатында мақалдың құрамындағы **-дай** қосымшасының орнына көмектес септік қосымшасы жазылу арқылы тұтас мақалдың мағынасы өзгеріп кеткенін байқаймыз.

1927 жылғы «Тіл – құралда» жай сөйлем ретінде *Атадан бала туса ійгі еді; ата жолын қуса ійгі; бетіне келер ұйатын өзі біліп жуса ійгі* түрінде берілген құрылым 1924 жылғы басылымда мүлде берілмеген.

1927 жылғы басылымда *же* буынының құрамындағы дыбыстарды ажыратуда түпнұсқада (бірінші дыбыс «м», екінші дыбыс «а») деп берілген. Баспа тарапынан кеткен қате жөнделді: «Же!» (бірінші дыбыс «ж», екінші дыбыс «е»).

Сол сияқты осы басылымда *аш* сөзінің орнына *ақыш* сөзі жазылып, дыбыстық құрамы бірінші дыбыс «а», екінші дыбыс «ш» түрінде талданған. Баспа тарапынан кеткен қате жөнделді: «аш» (бірінші дыбыс «а», екінші дыбыс «ш»).

1924 жылғы басылымда ғалым *қаб, бас, жел, күл, мес, сор, бай, жау* деген сөздерді келтіріп, олар бір буынды болғанмен, үш дыбыстан тұратынын айтады. Алайда 1927 жылғы 5, 6, 7-басылымдарында *сор* сөзі берілмеген. Алайда дыбыс құрамында

талданған. Сол себепті бір буынды сөздердің қатарына *сор* сөзі де қосылып жазылды.

1924 жылғы басылымда құрамында **ф** дыбысы бар сөздер 1927 жылғы басылымда **п** әрпімен таңбаланған: *Төмендегі сөздерді бұуынға бөліу, әр бұуындағы* ***қаріптің*** *санын бұуын үстіне сый**п**ыр мен қою керек* (10-бет). *Сыйпыр* (цифра) сөзі 1924 жылғы нұсқада *сыфр* (سفر) түрінде таңбаланса, 1927 жылғы басылымда қазақ тілінің дыбыстық заңдылығына сәйкестендіріліп, *сыйпыр* түрінде таңбаланған.

1924 жылғы басылымдағы *харіф* сөзі 1927 жылғы басылымда қазақ тілінің дыбыс жүйесіне сәйкестендіріліп, *қаріп* түрінде берілген. Яғни 1924 жылғы «Тіл – құралда» араб тілінен енген сөздер көбірек қолданылып, түпнұсқаға жақын таңбаланса, 1927 жылғы «Тіл – құралда» ол атаулардың қазақ тіліндегі баламасы, қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарына бейімделген нұсқалары көбірек қолданылған: *Дыбыс таңбасын* ***қаріб*** *деб атаймыз, сондықтан жазған сөз ішінде бәлен* ***қаріб*** *бар дейміз; айтқан сөз ішінде бәлен дыбыс бар дейміз. Дыбыс бен* ***қаріб*** *екеуі екі басқа нәрсе, біріне бірін қатыстырыб, шатыстырмасқа тійіс. Дыбыс естілетін, көзге көрінбейтін нәрсе,* ***қаріб*** *көрінетін, естілмейтін нәрсе* (10-бет).

Кейде *харіф* сөзінің орнына *таңба* деп те қолданылған: *Қазақ сөздеріндегі дыбыстар һәм олардың* ***харіфтері*** *– Қазақ тіліндегі дыбыстар,* ***олардың таңбалары*** (10-бет); *Қазақ тілінде 24 дыбыс бар. Олардың* ***харіфтері*** *мынау – Қазақ тілінде 24 дыбыс бар. Олардың* ***таңбалары*** *мынау* (11-бет). Дауысты **харіфтер**: *а* **(ا)**, *о* **(و)**, *ұ* **(ۇ)**, *ы* **(ى)**, *е (ه).* – Дауысты **таңбалар**: ***а*** *(ا), о (و), ұ (ۇ), ы (ى), е (ه)* (11-бет). *Төмендегі сөздерді буынға бөліп, буын ішіндегі дауысты* ***харіфтердің*** *астын сызып көрсетіңдер. – Төмендегі сөздерді бұуынға бөліб, бұуын ішіндегі дауысты* ***таңбалардың*** *астын сызыб, көрсетіңдер* (11-бет); Дауыссыз харіфтер: б *(ب), п (پ), т (ت), ж (ج), ш (چ), х (خ), д (د), р (ر), з (ز), с (س), ч (ش), ғ (غ), қ (ق), ф (ف), к (ك), г (گ), ң (ڭ), л (ل), м (م), н (ن), h (ھ).* – Дауыссыз таңбалар: б *(ب), п (پ), т (ت), ж (ج), ш (ش), ғ (ع), д (د), р (ر), з (ز), с (س), г (گ), қ (ق), к (ك), г (گ), ң (ڭ), л (ل), м (م), н (ن), у (ۋ),* й (ي) (11-бет).

1924 жылғы басылымдағы *харіф* сөзінің орнына 1927 жылғы басылымда *дыбыс* деп те қолданады: *жарты дауысты* ***харіфтер:*** *у(ۇ), й(ي) – жарты дауысты* ***дыбыстар***: **р (ر), л(ل), у(ۇ), й(ي).** Бұлайша қолдануының себебін ғалым: «Дыбыстар дауысты, дауыссыз болады. Соған қарай таңбалары да дауысты, дауыссыз болыб бөлінеді», – деп түсіндіреді. Ғалым жарты дауысты дыбыс, ұяң дыбыстарды, т.б. жіктеуде ұстанымдарын өзгертіп отырған. Әсіресе 1924 жылғы Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезіндегі қаулыға сәйкес бұрынғы ұстанымдарын өзгерткен. Сол себепті 1924 жылғы басылымда жарты дауысты дыбыс ретінде **у** мен **й**-ді ғана атаса, 1927 жылғы басылымда **р, л** дыбыстарын да атайды.

1924 жылғы басылымда ғалым араб, парсы тілдерінен енген әріптерді, сүйеу таяқ пен дәйекшені қосып есептеп, 30 таңбаны көрсетсе (*Басқа тілдерден кірген сөздерде ұшырайтын х (ح), ч (ش), ф (ف), h (ه) дыбыстардың харіфтері мен бәрі 28. Жанада сүйеу таяқ (ا), дәйекші (ء) деген екі көмекші белгі мен бәрі 30*), 1927 жылғы басылымда 24 әріпті атап, одан бөлек дәйекшіні атайды: Бұлардан басқа бір көмекші белгі дәйекші (ء) бар (11-бет). Яғни бұл кезде араб, парсы тіліне тән әріптер қолданыстан шығарылғанын, соның есебінен таңбалардың азайғанын байқаймыз. Сол сияқты *және (және де)* сөзі 1924 жылғы басылымда жуан нұсқада (*жана да*) түрінде таңбаланған.

1924 жылғы басылымда қазақ тіліндегі дыбыстар дауысты, дауыссыз, жарты (шолақ) дауысты түрінде үшке бөлінсе (Дыбыстар **дауысты, дауыссыз,** hәм **жарты дауысты** болады. Соған қарай харіфтері-де дауысты, дауыссыз hәм жарты дауыстыға бөлінеді), 1927 жылғы басылымда екіге (дауысты, дауыссыз) бөлінеді де дауыссыздар өз ішінен жіктеледі: Дауыссыз дыбыстар түрлі қасиеттеріне қарай өзара бірнеше түрге бөлінеді. Жарты дауысты дыбыстар: *р, л, у, й.* Қатаң дыбыстар: *б, п, т, с, ш, қ, к.* Ұяң дыбыстар: *м, н, ң.* Яғни жарты (шолақ) дыбыстарды жеке топтастырмай, дауыссыздардың қатарында сипаттаған.

А.Байтұрсынұлы жазуды реформалаған соң сүйеу таяқ ережесі жойылғандықтан, бұрынғы басылымдардағы ««а» (ا) дан

басқа дауысты дыбыстар – *о (و), ұ (ۇ), е (ە), ы (ى)* – сөздің басында келсе, бұлардың харіфтерінің алдына сүйеу таяқ «ا» қойылып жазылады. Мисал: он *(اون)*, ұр *(اۇر)*, ес *(اەس)*, ырыс *(ايرىس)*» деген ереже 1927 жылғы басылымда сүйеу таяққа қатысты қағида берілмеген.

1924 жылғы «Тіл – құрал» мен 1927 жылғы «Тіл – құралдағы» *айыу* сөзінің жазылуында алшақтық байқалады. Яғни алдыңғы, 1924 жылғы басылымда **й** дыбысынан кейін **ы** әрпі жазылмаған. ХХ ғасырдың басында қолданылған ережесі бойынша, бітеу буында **ы, і** әріптері жазылмаған. Алайда Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде бұл ереженің қате екені дәлелденіп, сөздің тұрпатын сақтау мақсатымен барлық буында да **ы, і** әріптері түсірілмей жазылатын болған: *Айыудан қорыққан тоғайға бармас* (12-бет). Сол себепті 1927 жылғы басылымда *а-йыу* сөзінің екінші, бітеу буынындағы **ы** әрпі таңбаланбаған.

1924 жылғы басылымда *Ішің удай ашиды, һеш амал жоқ етерге* (10-бет) түрінде берілген сөйлем 1927 жылғы басылымда *Ішің удай ашыйды, еш амал жоқ етіуге* (12-бет) түрінде берілген. Яғни 1924 жылғы «Тіл – құралда» араб тілінен енген сөздер көбірек қолданылып, түпнұсқаға жақын таңбаланса, 1927 жылғы «Тіл – құралда» ол атаулардың қазақ тіліндегі баламасы, қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарына бейімделген нұсқалары көбірек қолданылған.

1924 жылғы «Тіл – құралда» дауыссыз дыбыстар *қатаң, ұяң* түрінде жіктелсе (Дауыссыз дыбыстардың кейі қатаң, кейі ұяң болады. Соған қарай харіфтері-де **қатаң** һәм **ұяң** деп аталады), 1927 жылғы «Тіл – құралда» *қатаң, ұяң, ымыралы, ымырасыз* түрінде бөлінген.

Түпнұсқаның 12-бетінде қатаң дыбыстар: *б (ب) , п (پ), т (ت), ш (ش) , с (س), қ (ق) , к (ك)* деп көрсетілген. Бұрынғы басылымдарда араб тілінен енген сөздер көбірек қолданылып, түпнұсқаға жақын таңбаланса, 1927 жылғы «Тіл – құралда» ол атаулардың қазақ тіліндегі баламасы, қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарына бейімделген нұсқалары көбірек қолданылған. Осы-

ған байланысты 1924 жылғы басылымдағы *харіфтер* сөзінің орнына 1927 жылғы басылымда *дыбыстар* сөзі қолданылған. Дағдыландыруда да осылай қолданылған: *Төмендегі сөздердің ішіндегі қатаң дыбыстардың таңбаларын айыртыу*.

Түпнұсқаның 13-бетінде ұяң дыбыстар: *м (م), н (ن), ң (ڭ)* деп көрсетілген. Ғалым жарты дауысты дыбыс, ұяң дыбыстарды, т.б. жіктеуде ұстанымдарын өзгертіп отырған. Әсіресе 1924 жылғы Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезіндегі қаулыға сәйкес А.Байтұрсынұлы бұрынғы ұстанымдарын өзгерткен. Сол себепті 1924 жылғы басылымда **ж, з, м, н, ң, р, л, h** дыбыстарын ұяң харіф ретінде атаса, 1927 жылғы басылымда ұяң дыбыс ретінде **м, н, ң** дыбыстарын ғана атайды. Сонымен қатар 1924 жылғы «Тіл – құралда» араб тілінен енген сөздер көбірек қолданылып, түпнұсқаға жақын таңбаланса, 1927 жылғы «Тіл – құралда» ол атаулардың қазақ тіліндегі баламасы, қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарына бейімделген нұсқалары көбірек қолданылған. Осыған байланысты 1924 жылғы басылымдағы *харіфтер* сөзінің орнына 1927 жылғы басылымда *дыбыстар* деген сөз қолданылған.

Түпнұсқаның 13-бетінде *Талтандасаң талтаңда, ақшаң болса қалтаңда* деген мысал келтірілген. 1924 жылғы «Тіл – құрал» мен 1927 жылғы «Тіл – құралдағы» тыныс белгілердің қойылуында да алшақтықтар байқалады. 1924 жылғы басылымда *Талтандасаң, талтаңда!* деген тіркестен кейін леп белгісі қойылса, 1927 жылғы басылымда үтір қойылған.

Түпнұсқаның 13-бетінде *Бүркіт қартайса тышқан аулар. Ійт жеңгенін талайды; Ійт семірсе ійесін қабар* сияқты мысалдар келтірілген. Яғни ит сөзінің жазылуында ерекшелік бар. Бұрынғы басылымдарда бітеу буын ережесіне сәйкес ит түрінде берілген сөз Қазақ біліпмаздарының съезіндегі өзгерістерге сәйкес 1927 жылы *ійт* түрінде таңбаланып, дауыссыз **й** әрпінің алдында дауысты **ы, і** әріптері жазылған.

Түпнұсқаның 13-бетінде *Құуда сүт жоқ, жылқыда өт жоқ* деген мысал келтірілген. «Тіл – құралдың» барлық басылымын-

да да бірінші буында **у** дыбысы келген жағдайда алдына үндестік заңына сәйкес **ұ, ү** әріптері жазылған.

1924 жылғы «Тіл – құрал» мен 1927 жылғы «Тіл – құралдағы» мысалдардың берілуінде де алшақтық байқалады. 1924 жылғы басылымда берілген *Көне садақты деме, атқанын көрерсін, көне етікті деме, атасын білерсін* деген мысал 1927 жылғы басылымда кездеспейді.

Түпнұсқаның 14-бетіндегі *Жер жұтыуға тоймайды, от отынға тоймайды; Көз көруге тоймайды, құлақ естіуге тоймайды; Көңіл ойға тоймайды, бөрі қойға тоймайды; Жау жағадан алғанда, ийт етектен алады* деген мысалдар алдыңғы басылымдарда кездеспейді.

1924 жылғы басылымда *Жорға мінген жолдасынан айрылады, көп жасаған құрдасынан айрылады* түрінде берілген мақал 1927 жылғы басылымда өзгертіліп, қате берілген. Яғни мақалдың бірінші сөйлемі (*Жорға мінген жолдасынан айырылады)* мен екінші сөйлемінің (*Көп жасаған құрдасынан айырылады*) арасына *Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер* деген мақал түсіп кеткен. Бұл техникалық ақаудан болса керек.

Түпнұсқаның 14-бетінде ымырасыз дыбыстар: *д* (د), *ғ* (ع), *г* (گ).

Дағдыландыру. Төмендегі сөздердің ішіндегі ымырасыз дыбыстардың таңбаларын айырту.

Екпей егін бітпес. Тез қасында қыйсық ағаш жатпас. Жыртық тесікке күледі. Ұйалмаған өлеңші болар, ерінбеген етікші болар. Ұйқы төсек талғамайды. Күркіреген күннің жауыны аз. Жығылған сүрінгенге күледі. Жер жұтыуға тоймайды, от отынға тоймайды; Көз көріуге тоймайды, құлақ естіуге тоймайды; Көңіл ойға тоймайды, бөрі қойға тоймайды; Жау жағадан алғанда, ийт етектен алады; Көрген жерде бой сыйлы, көрмеген жерде тон сыйлы; Ел қыдырған сыншы болар, тоғай қыдырған үйші болар; Ұйада не көрсең, ұшқанда соны аларсын; Ер туған жеріне, ийт тойған жеріне; Қазаншының еркі бар қай-

дан құлақ шығарса; Жоғарыда орын барда төмен отырма; Ас адамның арқауы; Жаз шанаңды сайла, қыс арбаңды сайла түрінде берілген бөлік бұрынғы басылымдарда мүлде кездеспейді. Себебі 1924 жылғы басылымда **ж, з, м, н, ң, р, л, h** дыбыстары ұяң ретінде көрсетіліп, өзі ішінен ымыралы, ымырасыз болып жіктелсе, 1927 жылғы басылымда ұяң дыбыс ретінде **м, н, ң** дыбыстарын ғана атайды да, ымыралы, ымырасыз дыбыстарды жеке топтастырады. Ғалымның ымыралы, ымырасыз дыбыстарды жіктеуінен де алшақтық байқалады. 1927 жылғы басылымда сөздің соңында келе алатын дыбыстарды *ымыралы* деп, сөз соңында келе алмайтын дыбыстарды *ымырасыз* деп атаған. Осыған байланысты 1924 жылғы басылымда ымырасыз дыбыстардың таңбаларын айыртуға арналған тапсырма берілмеген.

Бұрынғы басылымдарда «Жазу қағидалары» деп аталатын тақырып (бөлім) берілген:

Жазу қағидалары.

«А» (І) дыбысының харфі сөз басында мәт (~) белгісі мен жазылады, басқа орындарда мәтсіз жазылады.

Сынау. Төмендегі сөздердің «~» пен жазылатындарына «~» қойып, жазылмайтындарына қоймай жаздырту.

(1)Ауру астан, дау қарындастан. Отпен ойнама, күйерсін, баламен ойнама, шаршарсын. Ұлың өссе, ұлықты мен ауыл бол; қызың өссе, қылықты мен ауыл бол. Ел ерге қарайды, ер жерге қарайды. Аузың қисық болсаң, айнаға өкпе жоқ. Иесін сыйлағанның итіне сүйек таста. Ер қапталы батқанын иесі білмес, ат білер; ағайынның азғанын ағайын білмес, жат білер. Арпа, бұйдай ас болар, алтын, күміс тас болар. Алыстан арбалағанша, жақыннан дорбала.*

Ескерту. Сөз басында «а» (І) дыбысы жоқ жерде «І» харфі тұрса, ол басқа дауысты дыбысқа сүйеу үшін қойылған таяқ есебінде қойылсада, айтылмайды.

* Бұлар жорта хате жазылған, түзетіп жаздыру үшін.

2нші ереже

«ى» харфі бітеу* буында-ғана жазылмайды. Ашық буында** – басында болсын, басқа жерінде болсын – қалмай жазылады.

Мисалдар: 1) млтқ «ملتق» екі буынды сөз мл-тқ – مل- تق Мұ-ның екеуі-де бітеу буын болғандықтан ы (ى) жазылмайды.

2) «مىسق» – бұ-да екі буынды сөз – مى-سق.

Мұның бірінші буыны ашық буын болғандықтан «ى» жазылады; екінші буын бітеу болғандықтан «ى» жазылмайды. Егерде млтқ «ملتق», мысқ «مىسق» деген сөздердің бітеу буындарын ашып млтығы «ملتىعى», мысығы «مىسىعى» деп айтсақ, ашық буындардың бәріне тиісті болғандықтан бұл сөздер былайша жазылады: млтығы «ملتىعى», мысығы «مىسىعى».

Сынау. *Алтын алма, алғыс ал, алғыс алтын емес-пе? Асыңасыңа, береке берсін басыңа! Сабасына қарай піспегі, мұртына қарай іскегі. Жақын жолдың алысы жаман. Құлды құл десең өлгісі келер, биді құл десең күлкісі келер. Жақсының жақсысын айт: нұры тассын, жаманның жамандығын айт: құты ашсын. Жаманнан жақсы туады, адам айтса нанғысыз, жақсыдан жаман туады, бір айақ асқа алғысыз. Дәм тұзын тат, расыңды айт. Өтірік деген дұспан бар, отқа сүйреп салады. Арамзаның құйрығы тұтам. Жарлының байлығы, денінің саулығы. Ерте тұрғанның ырысы артық. Төсегіңе қарап айағыңды көсіл. Жарлылықтан жақсы жоқ: жатып ішер ас болса. Қанағат қарын тойғызар, қанағатсыздық жалғызын сойғызар. Барлық не дегізбейді, жоқтық не жегізбейді. Шөбі жоқ деп жерден түңілме, малы жоқ деп ерден түңілме.*

3-інші ереже.

А(ا), о(و), ұ(ۇ), ы(ى) дыбыстар жіңішке естілетін сөздердің алдына дәйекші (ء) қойылады. Бұл дыбыстар жіңішке естілсе-де, дәйекші қойылмайтын: *к(ك), г(گ), е(ه)* ішінде бар сөздер.

Сынау. Төмендегі сөздерді көшіріп, қоярлық сөздердің алдына дәйекші қойындар.

---

* Буынның бас харфы-да, аяқ харфы-да дауыссыз болса, бітеу буын деп аталады.

** Буынның бас харфы я аяқ харфы дауысты болса, ашық буын деп аталады.

Өзімдікі дегенде, өгіз қара күшім бар, кісінікі дегенде, қол тимейтін ісім бар. Иесі семіз, аты арық: түз жұтынан сақтасын, қатыны семіз, ері арық: үй жұтынан сақтасын. Баланың сөзі батпандай, келіннің сөзі кетпендей. Аганы көріп іні өсер, апаны көріп сіңлі өсер. Атасы басқа, аттан түс, аталасым, атқа мін. Түбі бірге түтпейді. Көрдім деген көп сөз, көрмедім деген бір сөз. Өзі білмес, білгеннің тілін алмас. Бір көрген біліс, екі көрген таныс. Түсі қара болса-да, іші сара. Ит жеңгенін талайды. Шортанның өзі өлсе-де, тісі өлмес, адамның өзі өлсе-де, ісі өлмес. Білімсізбен алыспа, текке өмір тауыспа. Құста сүт жоқ, жылқыда өт жоқ. Оқу білім азығы, білім ырыс қазығы. Жібек асырай алмаса, жүн болады, қыз асырай алмаса, күң болады. Бала, баланың ісі шала. Інісі бардың тынысы бар. Сенікі, менікі деген көңіл тарлығы; әрі жат, бері жат деген төсек тарлығы (жорта дәйекше қойылмай жазылған).

Ескерту: «қ» (ق), «ғ» (ع) сияқты жіңішкертуге көнбейтін дыбыстар, «к» (ك), «г» (گ), «е» (ه) сияқты жуандатуға көнбейтін дыбыстар **тоң дыбыстар** деп аталады.

4-інші ереже.

Сөздің бітеу буындары мен ашық буындарын айырғанда, сүйеу таяқ (а) дыбыссыз харіфке саналады. Мәсәлән: ынтық (انتق), ықтын (اقتن), ысқын (اسقن), ырғыз (ارعز), ылғит(العي) деген сөздердің бас буындары бітеу буындар.

Ескертулер.

1) «қ» (ق) һәм «ғ» (ع) дыбыстары туралы.

Кей орында «қ» **(ق)** дыбысы «ғ» **(غ)** болып өзгереді. Ондай орында айтылуынша «ғ» **(غ)** харфін жазу тиіс.

Мисал: 1) *ақ – ағы, бақ – бағы, сақ – сағы. Істің ағы білмес, жігіттің бағы білер. Иттің сағы жақсы.*

2) *аяқ – аяғынан, таяқ – таяғынан. (Келіннің аяғынан, қойшының таяғынан).*

2) «к» (ك) һәм «г» (گ) дыбыстары туралы.

Кей орында «к» (ك) дыбысы «г» (گ) болып кетеді. Ондай орында естілуінше «к» (گ) харфін жазу тиіс.

Мисал: *Етік – етігі. (Етігі жаман төрге шықпас). Өнбек – өнбегі, Еңбек – еңбегі. (Еңбегі аздан өнбегі-де аз).*

3) «ұ» (ۇ) hәм «ы» (ى) дыбыстары туралы.

«ұ» (ۇ) мен «ы» (ى) дыбыстары «у» (ۋ) дыбысының алдында келгенде ашық буындарда анық естіледі. Бітеу буындарда дүдәмал естіледі. Сондықтан дүдәмал болған жерде бітеу буынды ашып ашық буынға айналдыру керек.

Мысалдар: 1) *сұу, бұу, тұу* деп жазу-ма, йәки *су, бу, ту* деп жазу-ма, дүдәмал, яғни «у» (ۋ)дың алдындағы дыбыс «ұ» (ۇ)-ма, «ы» (ى)-ма, анық естілмейді. Егерде «у» (ۋ) дың алдындағы дыбыс «ұ» (ۇ) болса, «сұу», «бұу», «тұу» деп жазу тиіс. Егерде «у» (ۋ)дың алдындағы дыбыс «ы» (ى) болса, бұл сөздер «ы» (ى) харфі бітеу буында жазылмауы себепті, «су», «бу», «ту» деп жазылуы тиіс. «У» (ۋ) алдындағы қай дыбыс екені бітеу буынды ашқанда мәлім болады. «У» (ۋ) дың алдына «ұ» (ۇ) харфін қойып-та, «ы» (ى) харфін қойып-та ашып қарайық: *сұу=сұуы, бұу=бұуы, тұу=тұуы; су=сы-уы, бу=бы-уы, ту=ты-уы.* Әрине *сұуы, бұуы, тұуы* деп айту, *сыуы, быуы, тыуы* деп айтудан дұрыс екендігі қандай даусыз болса, *сұу, бұу, тұу* деп жазу hәм сондай даусыз болып шығады.

2) *Оқу, жору, тану* деп жазу-ма, йәки *оқұу, жорұу, танұу* деп жазу-ма? дүдәмал, яғни «у» (ۋ) алдындағы дыбыс «ы» (ى)-ма, «у» (ۋ)-ма? белгісіз. Егерде «ы»(ى) болса, бітеу буын болғандықтан, «ы» (ى)харфін тастап *оқу, жору, тану* деп жазуымыз тиіс.

Егерде «у» (ۋ) дыбысының алдында «ұ» дыбысы болса, «ұ» (ۇ) харфі hеш жерде қалмай жазылатындығы себепті, *оқұу, жорұу, танұу* деп жазуымыз тиіс. Буынды ашып қарайық: *оқу=оқы-уы, жору=жорыуы, тану=та-ны-уы; оқұу=о-құ-уы, жорұу=жо-рұ-уы, танұу=та-нұ-уы.* Әрине мұнда *оқыуы, жорыуы, таныуы* деу *оқұуы, жорұуы, танұуы* дегеннен дұрысырақ, өйткені «оқу» деген сөздің түбірі «оқы», соған «у» (ۋ) қосылып, «оқыу» болған. «ы» (ى) бітеу буында жазылмаған соң «оқу» болып тұр. «Жору»-да сол сияқты түбірі «жоры», «у» (ۋ) қосылып «жору»

болып тұр; «тану» деген сөзге келсек, бұл сөз екі мағанада айтылады. 1) біреуді тану (білу) мағанада, 2) уағдадан тану (айну) мағнада; бірінің түбірі «таны», екіншісінің түбірі «тан» (таныма́к, танбақ) бірақ «тану» дегенде екеуінің-де айтылуы бірдей, айтылуы бірдей болған соң, жазылуы-да бірдей болмақ. «Таны-у» деген сөз бітеу буында «ы»(ى) жазылмайтын болғандықтан «тану» болып жазылады. Бітеу буынын ашсақ, *таны-уы* болады. *Жану, қабу, жору* сияқты екі мағналы сөздердің бәрі-де осы мәністермен «ұ»сыз жалғыз «у» мен-ғана жазылады: *жану=жа-ны-уы, қабу=қа-бы-уы, жару=жа-ры-уы.*

3) *Алу, бару, асу* деген сөздер, «тан» түбірінен «тану», «жан» түбірінен «жану», «қаб» түбірінен «қабу», «жар» түбірінен «жару» сияқты «ал» түбірінен «алу», «бар» түбірінен «бару», «ас» түбірінен «асу» болған себепті «ұ»сыз жазылады. Олай жазудың дұрыстығы бітеу буынды ашқанда көзге анық көрініп тұр: *алу=алы-уы, бару=бары-уы, асу=асы-уы.*

4) *Саур, жаун, аул* деген сөздерде «ур», «ун», «ул» буындарында жазылмағанмен, «ы» (ى) харфінің барлығы буын ашылғанда мәлім болғаны сияқты *сауу, жауу, ауу* деген сөздердегі «уу» буындарындағы жазылмаған «ы» буынды ашқанда шынға келеді: *сауу=са-уы-уы, жауу=жа-уы-уы, ауу=а-уы-уы.*

Осы сияқты *құуу, тұуу, бұуу* деген сөздердегі «уу» буындарындағы жазылмаған «ы» буынды ашсақ, шынға келеді: *құуу=құ-уы-уы, тұуу=тұ-уы-уы, бұуу=бұ-уы-уы.*

5) *Қыйу, жыйу, тыйу* сияқты сөздердегі «йу» буындарындағы жазылмай тұрған «ы» буынды ашсақ, шынға келеді: *қыйу=қы-йы-уы, жыйу=жы-йы-уы, тыйу=ты-йы-уы.*

Бұл қағидалар 1927 жылғы басылымда мүлде берілмеген. Себебі онда келтірілген қағидалар қолданыстан шығып қалған. А.Байтұрсынұлы жазуды реформалаған соң сүйеу таяқ ережесі жойылғандықтан, 1927 жылы басылымда сүйеу таяққа қатысты қағида жоқ. Сол сияқты бітеу буынға қатысты ереже де кейінгі басылымдарда берілмеген. ХХ ғасырдың басында қолданылған бітеу буын ережесі бойынша, бітеу буында **ы, і** әріптері

жазылмаған. Алайда Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде бұл ереженің қате екені дәлелденіп, сөздің тұрпатын сақтау мақсатымен барлық буында да **ы, і** әріптері түсірілмей жазылатын болған. Қағида өзгергендіктен, сол ережені меңгеруге, дағдыландыруға арналған жаттығу жұмыстары, сынау жұмыстары да берілмеген.

Бұрынғы басылымдарда **Қосалқы сөз** – дегеніміз өз алдына мағанасы кем, басқа сөздің маңайында тұрғанда мағана шығатын сөз. Мәсәлән: *да, ғой, ғана* (*мал-да, жан-да, солай-ғой, осы-ғана*) түрінде берілген ереже 1927 жылғы басылымда **«Қосалқы сөз** – дегеніміз өз алдына мағанасы кем, басқа сөздің маңайында тұрғанда ғана мағана шығатын сөз. Мәселен: *да, ғой, ғана* (*мал да, жан да, солай ғой, осы ғана*)» түрінде берілген. 1924 жылғы «Тіл – құралда» араб тілінен енген сөздер көбірек қолданылып, түпнұсқаға жақын таңбаланса, 1927 жылғы «Тіл – құралда» ол атаулардың қазақ тіліндегі баламасы, қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарына бейімделген нұсқалары көбірек қолданылған. Осыған байланысты 1924 жылғы басылымдағы *мәсәлан* сөзі 1927 жылғы басылымда қазақ тілінің дыбыс жүйесіне сәйкестендіріліп, *мәселен* түрінде берілген. 1924 жылғы басылымдарда сол кездегі нормаға сәйкес жалғаулықтар дефис арқылы берілген. 1927 жылғы басылымдарда ол сөздердің дефисі түсіріліп жазылған.

Түпнұсқаның 16-бетінде «Қосымшалар – дегеніміз сөз емес сөзге жалғанатын бұуындар. Бұларда өз алдына мағана жоқ, басқа сөзге жалғанбай бөлек айтылмайды да. Сондықтан бұлар қосымшалар деп аталады. Қосымшалар екі түрлі: біреулері жалғанған сөздің тұлғасын ғана өзгертіб мағанасын өзгертбейді. Екіншілері жалғанған сөзінің тұлғасын да, мағанасын да өзгертеді. Сондықтан бастабқы қосымшалар тысқарғы жалғаулар не тікелей жалғау деб аталады; екінші қосымшалар ішкергі жалғаулар не тікелей жұрнақ деб аталады» деген ереже берілген. Мұндағы *тұлғасын-ғана, ішкі мағанасын-да* сияқты сөздер бұрынғы басылымдарда сол кездегі нормаға сәйкес дефис арқылы

жазылған. 1927 жылғы басылымдарда ол сөздердің дефисі түсіріліп жазылған.

Түпнұсқаның 16-бетінде «Жылқышы» дегенде сөздің бастабқы мағанасы да, тұлғасы да өзгерілді: «жылқышы» деген сөз енді мал табының есімін көрсетбейді, адам табының есімін көрсетеді» деп берілген сөйлем бұрынғы басылымдарда «Жылқышы» дегенде сөздің басқы мағанасы-да, тұлғасы-да өзгерілді, яғни «жылқышы» деген сөз енді малдың есімін көрсетпейді, адамның есімін көрсетеді» деп берілген. Яғни терминнің тұрақтану, қалыптану сипаты көрінеді. Бұрынғы басылымдарда *басқы мағынасы* деп берілген атау 1927 жылғы басылымда *бастабқы (бастапқы)* түріне ауысқан. Қазіргі қолданыста осы соңғы нұсқа қалыптанған (кодификацияланған). Сонымен қатар 1924 жылғы басылымдарда сол кездегі нормаға сәйкес жалғаулықтар дефис арқылы берілген. 1927 жылғы басылымдарда ол сөздердің дефисі түсіріліп жазылған.

Түпнұсқаның 16-бетінде «**Ескерту:** Жалғау аз, жұрнақ көп. Жалғау түбір сөзде де, туынды сөзде де болады. Жұрнақ түбір сөзде жоқ, туынды сөзде ғана болады» деген ескерту берілген. Ал бұрынғы басылымдарда бұл ескерту қосымшалардың сипаттамасында берілген.

Түпнұсқаның 17-бетінде «Әр сөз түбір сөз болсын, тұуынды сөз болсын, жұрнақтары мен, жалғаулары мен бірге тұтас жазылады, үзілетін қарібтер келген жерде үзіледі; ол үзіліу сөздің тұтастығын бұзбайды (үзілетін қарібтер: (یه) ، ر ، د ، ا ، و ، ۇ ، ۋ ، ه ، ز)» делінген. 1924 жылғы басылымдағы *hәм* сөзі 1927 жылғы басылымда кездеспейді. 1924 жылғы басылымда *Әр бір түбір сөз hәм туынды сөз* түрінде берілген тіркес 1927 жылғы басылымда *Әр сөз түбір сөз болсын, туынды сөз болсын* түрінде берілген. 1924 жылғы басылымда есімдіктердің тіркесі бөлек таңбаланған. Осыған байланысты *әр бір* сөзі бөлек жазылған. 1927 жылғы нұсқада ол есімдік *әр* түрінде ғана берілген. 1924 жылғы басылымда бітеу буын ережесі бойынша *үзілу* түрінде берілген етістік 1927 жылғы нұсқада дыбыс жүйесіне сәйкес *үзіліу* түрінде таңбаланған.

Түпнұсқаның 17-бетінде «Жалпылағыш қос сөздердің арасы дәйім сызықша мен (-) айырылыб жазылады (*айақ-табақ, кійім-кешек, қой-қозы, түйе-мүйе, сауыт-сайман, ер-тұрман*)» делінген. Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінде көмектес септік жалғаулық ретінде танылғандықтан, сөзден бөлек жазылған. Бүгінгі таңда «қосарлама қос сөз» деп аталып жүрген күрделі сөз Байтұрсынұлы еңбектерінде (екі нұсқада да) жалпылама қос сөз түрінде берілген.

Түпнұсқаның 17-бетінде «Жалқылағыш қос сөздердің арасы сызықша мен айырылыб та, айырылмай да жазылады» деп берілген ережедегі жалғаулықтар бұрынғы басылымдарда сол кездегі нормаға сәйкес дефис арқылы берілген (*айрылб-да, айырлмай-да*). Сонымен қатар сол кездегі бітеу буын ережесі алынып тасталуына байланысты 1927 жылғы басылымда айырылыб да, айырылмай да сөздері дыбыс жүйесі бойынша таңбаланған.

Түпнұсқаның 17-бетінде «Қос сөзде екі сөз бір ыңғай болса, мәселен, екеуі бірдей жуан йа жіңішке айтылатұн болса, онда екеуі айырылмай тұтас жазылады *(басқұр, қолқаб, Балжан, желкесер, айбалта, Алтынбай, Атанбай, Тасболат, Баймырза)*» деп берілген ережедегі сөздер 1924 жылғы басылымда фонетикалық ұстаным басшылыққа алынып, *қолғап, желгесер* түрінде берілген сөздер 1927 жылғы нұсқада морфологиялық ұстаным бойынша *қолқап (қолқаб), желкесер* түрінде берілген.

Түпнұсқаның 17-бетінде «Қос сөзде екі сөз бір ыңғай болмаса, мәселен бірі жуан, бірі жіңішке сөз болыб келсе, онда аралары сызықша мен айырылыб жазылады *(жел-бау, төсек-ағаш, жүк-айақ, Тілеу-бай, Ес-құл, Төре-тай, Жан-темір, Мұрат-бек, Мал-келді, Меңді-қара, Жіті-қара)*» деген ереже берілген. А.Байтұрсынұлы қос сөз ретінде екі не одан көп сөзден құралған күрделі сөздерді таныған. Яғни термин мағынасы бүгінгі таңда біршама тарылғанын байқаймыз. Қазақ тілінің негізгі заңы – дыбыс үндестігін бұзбау үшін екі сөздің бірігуінен жасалған, алайда бір буыны жуан, екіншісі жіңішке буыннан (аралас буын) құралған жалқылағыш қос сөздер дефис арқылы

бөлініп жазылған. 1927 жылғы нұсқада *Мал-келді, Меңді-қара, Жіті-қара* сөздері қосылған.

Түпнұсқаның 17-бетінде «Ескертіу: Сөздің тұлғасы мен тұрпаты бір емес. Тұлғасы бірдей сөздердің тұрпаттары басқа болыуы мүмкін. Мәселен: «*Тұрғанбай*» – «*Тұрғамбай*» деген сөздердің тұлғалары бірдей, тұрпаттары бірдей емес. Мұндай орында айтылыу дұрыс-бұрысына қаралады. Дұрысы «*Тұрғамбай* емес, *«Тұрғанбай*». Сондықтан жазғанда «*Тұрғанбай*» деб дұрыс тұрпаты мен жазамыз. Сондай ақ қос сөздерде, қосарлаб айтқан сөздерде дауыс жеделдігі мен дауыс тұтасыуынан болатын тұрпат өзгерісіне қарамай, жеделдік, тұтастық жоқ жеке күйіндегі тұрпатымен жазамыз. Мәселен: «*жүг-айақ*» деген сөзді «*жүк-айақ*» деб, «*Қара гөз*» дегенді «*Қара көз*» деб, «*Сылаңғыз*» дегенді «*Сылаң қыз*» деб жазамыз» түріндегі ескерту берілген. 1924 жылғы басылымда фонетикалық ұстаным басшылыққа алынса, 1927 жылғы нұсқада морфологиялық ұстаным да ескерілген. Соған байланысты күрделі (қос) сөздердің жазылуы мен айтылуын сипаттай келіп, жазуда морфологиялық ұстаным негізге алынатынын ескертеді. Мұндай ескерту бұрынғы басылымдарда берілмеген.

«Тіл – құралдың» 1924 жылғы басылымында «Қосалқы сөздер сызықша мен айрылады (*солай-ғой, біледі-ау, жалғыз-ақ, осы-ғана, мал-да, жан-да, бар-ма?, келе-ме?, тұра-мысын?, жүре-місін?* тағысын тағылар)» түрінде берілген ереже Қазақ білімпаздарының съезіндегі қаулыға сәйкес емледегі өзгерістерге байланысты 1927 жылғы басылымда берілмеген. 1924 жылғы басылымда сол кездегі нормаға сәйкес жалғаулықтар (шылаулар) дефис арқылы берілген. Жалғаулықтар түбірге кірігіп кетсе де, арасына дефис қойылған (21-бет). Ал 1927 жылғы басылымда «Сөз артынан жалғанатын демеулер алдындағы сөзден сызықшасыз бөлек жазылады; ондай демеулер түбір сөз бен жалғаудың арасында айтылатын болғанда: түбір сөзге сызықша мен жалғаныб, жалғау мен бірге жазылады. Мысал: «*жақсы ма*?»; «*жақсы ақ ба*?»; «*жақсы мысын*?»; «*жақсы-ақ-бысын*?» деген

ереже берілуіне байланысты демеу, жалғаулықтардың алдынан дефис қойылмаған.

«Үндестік заңына келмейтін «*гер*», «*дікі*», «*паз*» сықылды жұрнақтар түбір сөзге қосылыб жазылады. Ондай жұрнақ бен жазылған сөздің түбірінде дәйекші болса оның дәйекшісі жұрнақ қосылғанда да қалмай жазылады (мысал: *«тұздікі», «тұздікі», «сөзіуар», «білімпаз»*)» (18-бет) түріндегі ереже бұрынғы басылымдарда мүлде берілмеген.

«Қосалқы «*ма*», «*ба*»-лардан «*еді*», «*екен*» деген бөлек жазылады. *Айтар ма еді, келер ме еді, бармас ба еді. Айтқан ба екен? Көрген бе екен? Білді ме екен?* тағысы тағылар» деп берілген ереже бұрынғы басылымдарда «Қосалқы «ма», «ба»-лардан *еді, екен* деген бөлек жазылады. *Айтар-ма еді? Келер-ме еді? Бармас-па еді? Айтқан-ба екен? Көрген-бе екен? Білді-ме екен?* тағысы тағылар» түрінде берілген (18-бет). 1924 жылғы басылымда сол кездегі нормаға сәйкес сұраулық демеуліктер (шылаулар) дефис арқылы берілген. 1927 жылғы басылымда емледегі өзгерістерге байланысты ол дефиссіз, бөлек жазылған.

Түпнұсқаның 18-бетінде «Жұрнақтар барша сөзге қосылыб жазылады, жұрнақ ішіндегі дыбыстар естіліу қалыбынша жазылады» деген ереже берілген. 1924 жылғы *жұрнақ ішіндегі дүдәмәл естілген дыбыстар* түрінде берілген тіркес 1927 жылғы басылымда *жұрнақ ішіндегі дыбыстар түрінде* жазылған.

1924 жылғы басылымның 21-бетінде «Жалғаулар түбір сөзге де, туынды сөзге-де қосылып жазылады. Жалғауда «т» (ت) мен «д» (د) дыбыстары дүдәмал болса, «т» (ت) жазылмай «д» (د) жазылады» деп берілген ереже 1927 жылғы басылымда «Жалғаулар түбір сөзге де, тұуынды сөзге де қосылыб жазылады. Жалғауда «т» мен «д» дыбыстары естілген қалыбынша жазылады. Жұрнақтар мен жалғаулар сөздің айақ дыбысының түріне қарай, тұрпатын өзгертіб жалғасады» деп берілген. Яғни 1924 жылғы басылымда жалғауларды таңбалауда морфологиялық ұстаным басшылыққа алынған. Сондықтан «т» дыбысы естілсе де, «д» әрпі жазылған. Ал 1927 жылғы нұсқада фонетикалық ұстаным

басшылыққа алынған. 1924 жылғы басылымда сол кездегі нормаға сәйкес жалғаулықтар дефис арқылы берілген. 1927 жылғы басылымда дефис қойылмаған.

1924 жылғы басылымның 21-бетінде «Жұрнақтар түбір сөздің, жалғаулар түбір һәм туынды сөздің аяқ дыбысының түріне қарай өзгеріңкіреп жалғасады» деп келетін ереже 1927 жылғы басылымда «Жұрнақтар мен жалғаулар сөздің айақ дыбысының түріне қарай, тұрпатын өзгертіб жалғасады» деп берілген. 1924 жылғы басылымда жұрнақтардың түбір сөзге жалғанатыны, жалғаулардың түбір сөзге де, туынды сөзге де жалғана беретіні негізге алынған. Ал 1927 жылғы басылымда жұрнақтар мен жалғаулардың ерекшеліктері ескерілмей, тұтас алынған. Себебі қазақ тілі жалғамалы тіл болғандықтан, жалғаулар ғана емес, жұрнақтар да туынды сөзге жалғана береді. Яғни кейінгі басылымда қазақ тілінің ерекшелігі нақтылана түскені байқалады. 1927 жылғы басылымда ғалым «тұрпат», «тұлға» атауларының мәнін түсіндіргендіктен, бірізділікті сақтай отырып, тұрпаттың өзгеретіні туралы мәлімет береді. Ал 1924 жылғы басылымда ондай мәлімет берілмеген.

Түпнұсқаның 19-бетінде «*лық*» жұрнағына қатысты: Бұл жұрнақ сөздің айағы дауысты дыбыс немесе жарты дауысты дыбыс болса, осы «лық» күйінде жалғасады; мәселен: *бала = балалық, жабы = жабылық, жау = жаулық, құу = құулық, бай = байлық*» деген ереже берілген. 1924 жылғы басылымда бұл ереже: «**Жұрнақ «лық».** Бұл жұрнақ түбір сөздің аяғы дауысты я жарты дауысты дыбыс болса, йәки «р» болса, осы «лық» күйінде жалғасады; мәсәлән: *бала = балалық, жау = жаулық, қу = қулық, жабы = жабылық, бай = байлық*» түрінде берілген. Ғалым 1924 жылғы басылымда жарты дауысты дыбыс ретінде *у (ۆ), й (ي)* дыбыстарын атаса, 1927 жылғы басылымда **р (ر), л (ل), у (ۆ), й (ي)** дыбыстарын келтіреді. Соған байланысты 1924 жылғы кітапта «р» дыбысын бөлек атаса, 1927 жылғы басылымда Қазақ білімпаздарының съезіндегі қаулыға сәйкес «р» дыбысы жарты дауыстылардың қатарында аталғандықтан, жеке атамайды.

Түпнұсқаның 19-бетінде «Түбір сөздің айағы ұйаң дыбыс болса, жұрнақ «лық» өзгеріліб, «дық» болыб жалғасады. Мәселен: *құм = құмдық, қан = қандық, аң = аңдық*» деген ереже берілген. 1924 жылғы басылымда бұл ереже «Түбір сөздің аяғы ұяң дыбыс болса, жұрнақ «лық» өзгеріліп, «дық» болып жалғасады. Мәсәлән: *қымыз = қымыздық, хаж = хаждық, сал = салдық, қом = қомдық, хан = хандық, аң = аңдық*» деген ереже берілген. А.Байтұрсынұлы 1924 жылғы басылымда ***ж (ج), р (ر), з (ز), л (ل), м (م), н (ن), ң (ڭ), h (ھ)*** ұяң дыбыстар ретінде атаса, 1927 жылғы басылымда съез қаулысына сәйкес ***м (م), н (ن), ң (ڭ)*** дыбыстарын ғана атайды. Соған байланысты 1924 жылғы басылымда *қымыз = қымыздық, хаж = хаждық, сал = салдық* сөздерін де мысалға келтірсе, 1927 жылғы басылымда ұяң дыбыстардың саны азайғандықтан, ол сөздер аталмайды.

Түпнұсқаның 19-бетінде «Түбір сөздің айағы қатаң дыбыс *болса,* «лық» жұрнақ «тық» болыб жалғасады. Мәселен: *қаб = қабтық; жұрт = жұрттық, аш = аштық, қас = қастық, жас = жастық, сақ = сақтық*» түрінде берілген ереже 1924 жылғы басылымда «Түбір сөздің аяғы қатаң дыбыс болса, «лық» жұрнақ «тық» болып жалғасады. Мәсәлән: *қап = қаптық, жұрт = жұрттық, аш = аштық, жас = жастық, сақ = сақтық*» түрінде берілген. 1924 жылғы «Тіл – құралда» араб тілінен енген сөздер көбірек қолданылып, түпнұсқаға жақын таңбаланса, 1927 жылғы «Тіл – құралда» ол атаулардың қазақ тіліндегі баламасы, қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарына бейімделген нұсқалары көбірек қолданылған. Осыған байланысты 1924 жылғы басылымдағы *мәсәлан* сөзі 1927 жылғы басылымда қазақ тілінің дыбыс жүйесіне сәйкестендіріліп, *мәселен* түрінде берілген. Осы ұстаным жіңішке сөздерге қатысты ережеде де сақталған: «Жіңішке сөздерде «лық» орнына «лік», «дық» орнына «дік», «тық» орнына «тік» болыб жалғасады, мәселен: *ійне = ійнелік, жеті = жетілік, ер =ерлік, ел = елдік, тең = теңдік, ерке = еркелік, кедей = кедейлік, жетім = жетімдік, көб = көбтік»* (19-бет). Бұрынғы басылымдарда мысалда *ійне = ійнелік, жеті = жетілік* сөздері берілмеген.

Түпнұсқаның 19-бетінде «Ескертіу: «лық» жұрнақ тұурасындағы бұл заңға айағына жарты дауысты «л» келетін сөздер көнбейді. Оның көнбейтін себебі – қазақ тілі «л» дыбысы қабат келіуін сүймейді. Сондықтан екі «л» қабат келген жерде, біреуін басқа дыбысқа айналдырыб айтады. Мәселен: «Алла» деген сөздегі қабат келген екі «л»-дың біреуін «д»-ға айналдырыб, «Алда» қылыб айтады. Сондай ақ «лық» жұрнақтағы «л» да екі «л»-дың біреуі болыб келетін жерде «д»-ға айналыб кетеді. Мәселен: *сал=саллық* боларға тійіс еді, олай айтылмай*, сал=салдық* болыб айтылатын себебі – қазақ тілінің екі *«л»* қабат келіуін сүймегендігінен» түрінде берілген. «Тіл – құралдың» бұрынғы басылымдарында берілмеген.

Түпнұсқаның 20-бетінде *«шы» жұрнақ.* Бұл жұрнақ жуан, жіңішке сөздерге бірдей жалғаныб, бірдей жазылады. Бірақ жуан сөзде жуан айтылады, жіңішке сөзде жіңішке айтылады. Мәселен: *мал = малшы, ел = елші, жылқы = жылқышы, түйе = түйеші, ылау = ылаушы, егін = егінші*» деген ереже берілген. Бұл ереже 1924 жылғы басылымда «Жұрнақ «шы». Бұл жұрнақ жуан, жіңішке сөздерге бірдей жалғанып, бірдей жазылады; бір-ақ жуан сөзде жуан айтылады, жіңішке сөзде жіңішке айтылады; мәсәлән: *мал = малшы, ел = елші, жылқы = жылқышы, түйе = түйеші, ылау = ылаушы, егін = егінші*» деп берілген. Ғалым «шы» жұрнағының жуан сөзге де, жіңішке сөзге де бірдей жалғанатынын айтады. Бұл орайда ол үндестік заңын басшылыққа алған. Жуан және жіңішке дауыстыларды дәйекші арқылы ажыратып, қазақ тілінде 5 дауысты бар екенін айтады. Сыңарлы (а-ә, о-ө, ұ-ү, ы-і) дауыстыларды бір дауысты ретінде есептеп, сыңарсыз е дыбысын жеке алады. Ғалымның «шы» жұрнағы жуан сөзге де, жіңішке сөзге де бірдей жалғанатыны туралы тұжырымы осыған байланысты. 1924 жылғы ережеге сәйкес «қосалқы сөздер сызықшамен айырылып» жазылған. Алайда 1927 жылы бұл ереже қолданыстан шығып қалуына байланысты бұл сөз дефиссіз, бірге жазылған.

Түпнұсқаның 20-бетінде *«шыл» жұрнақ.* Бұл жұрнақ да жуан, жіңішке сөздерге бірдей жалғаныб, бірдей жазылады. Жуан сөз-

дерде жуан, жіңішке сөздерде жіңішке болыб айтылады. Мәселен: *қазақ = қазақшыл, жетек = жетекшіл, қара = қарашыл, күн = күншіл, қайғы = қайғышыл*» деген ереже берілген. Бұл ереже 1924 жылғы басылымда «Жұрнақ «шыл». Бұл жұрнақта жуан, жіңішке сөздерге бірдей жалғанып, бірдей жазылады. Жуан сөздерде жуан болып айтылады. Жіңішке сөздерде жіңішке болып айтылады: мәсәлән, *қазақ = қазақшыл, жетек = жетекшіл, қара = қарашыл, күн = күншіл, қайғы = қайғышыл*» деп берілген. 1924 жылғы басылымда сол кездегі нормаға сәйкес жалғаулықтар дефис арқылы берілген. 1927 жылғы басылымда «та» шылауы «да» түрінде берілген. Яғни морфологиялық ұстаным басшылыққа алынған.

Түпнұсқаның 20-бетінде *«лас» жұрнақ.* Бұл жұрнақ түбір сөздің айағы дауысты, йәкій жарты дауысты дыбыс болса, осы «лас» күйінде жалғасады. Мәселен: *қора = қоралас, ау = аулас, ай = айлас, ақы = ақылас, сыр = сырлас, қол = қолдас* (*қоллас* болмайды)» деген ереже берілген. Бұл ереже 1924 жылғы басылымда «Жұрнақ «лас». Бұл жұрнақ түбір сөздің аяғы дауысты я жарты дауысты дыбыс болса, йәки «р» болса, осы «лас» күйінде жалғасады. Мәсәлән: *қора = қоралас, ау = аулас, ай = айлас, ақы = ақылас, сыр = сырлас*» деп берілген.

Түпнұсқаның 20, 21-беттерінде «Түбір сөздің айағы ұйаң дыбыс болса, «лас» орнына «дас» болыб жалғасады. Мәселен: *мұң = мұңдас, қан = қандас, ым = ымдас*» деген ереже берілген. Бұл ереже 1924 жылғы басылымда «Түбір сөздің аяғы ұяң дыбыс болса, «лас» орнына «дас» болып жалғасады; мәсәлән: *жол = жолдас, мұң = мұңдас, қан = қандас, ым = ымдас, тұз = тұздас*» деп берілген. Ғалым 1924 жылғы басылымда жарты дауысты дыбыс ретінде *у (ۆ), й (ي)* дыбыстарын атаса, 1927 жылғы басылымда р (ر), л (ل), у (ۆ), й (ي) дыбыстарын келтіреді. Соған байланысты 1924 жылғы кітапта «р» дыбысын бөлек атаса, 1927 жылғы басылымда съез қаулысына сәйкес «р» дыбысы жарты дауыстылардың қатарында аталғандықтан, жеке атамайды. Сол себепті 1927 жылғы басылымда сөзі *тұз = тұздас* берілмеген.

Түпнұсқаның 21-бетінде «Түбір сөздің айағы қатаң дыбыс болса, «лас» орнына «тас» болыб жалғасады. Мәселен: *от = оттас, таб = табтас, ошақ = ошақтас, қос = қостас, бұрыш = бұрыштас*» деген ереже берілген.

Түпнұсқаның 21-бетінде «Түбір сөздің айағы жіңішке болса, «лас» орнына «лес», «дас» орнына «дес», «тас» орнына «тес» болыб жалғасады. Мәселен: *түбе = төбелес, көл = көлдес, жер = жерлес, тілек = тілектес, шек = шектес, шөб = шөбтес*» деген ереже берілген. Бұл ереже 1924 жылғы басылымда «Түбір сөз жіңішке болса, «лас» орнына «лес», «дас» орнына «дес», «тас» орнына «тес» болып жалғасады, мәсәлән: *төбе = төбелес, көл = көлдес, жер = жерлес, тілек = тілектес, шек = шектес, шөп = шөптес*» деп берілген.

Түпнұсқаның 21-бетінде *«лы» жұрнақ.* Түбір сөздің айағы дауысты йа жарты дауысты дыбыс болса, осы «лы» күйінде жалғасады. Мәселен: *бала = балалы, тау = таулы, тай = тайлы, қар = қарлы, мал = малды* (*маллы* болмайды)» деген ереже берілген. Бұл ереже 1924 жылғы басылымда «Жұрнақ «лы». Түбір сөздің аяғы дауысты йа жарты дауысты дыбыс болса, йәки «р» болса, осы «лы» күйінде жалғасады; мәсәлән: *бала = балалы, тау = таулы, тай = тайлы, қар = қарлы*» деп берілген. Байтұрсынұлы жұрнақтардың жуан нұсқасын ғана атап, жуан сөздерді мысалға келтіреді. Сол арқылы «лы» жұрнағы жуан сөзге де, жіңішке сөзге де бірдей жалғанатынын көрсетеді. Бұл орайда ғалым үндестік заңын басшылыққа алған.

Түпнұсқаның 21-бетінде «Түбір сөздің айағы ұйаң дыбыс болса «лы» орнына «ды» болыб жалғасады. Мәселен: *мұң = мұңды, сан = санды, шам = шамды*» деп берілген ереже 1924 жылғы басылымда «Түбір сөздің аяғы ұяң дыбыс болса, «лы» орнына «ды» болып жалғасады; мәсәлән: *мал = малды, саз = сазды, мұң = мұңды, сан = санды*» түрінде берілген. Ғалым **«лы»** жұрнағының жуан сөзге де, жіңішке сөзге де бірдей жалғанатынын айтады. Бұл орайда ғалым үндестік заңын басшылыққа алған.

Түпнұсқаның 22-бетінде *«лау» жұрнақ.* Түбір сөздің айағы дауысты йәкій жарты дауысты дыбыс болса, осы «лау» күйінде жалғасады. Мәселен: *бала = балалау, қара = қаралау, тау = таулау, сұлыу = сұлыулау, тар = тарлау, жар = жарлау, шал = шалдау*» деп берілген ереже 1924 жылғы басылымда «Жұрнақ «лау». Түбір сөздің аяғы дауысты я дыбыс болса, йәки «р» болса, осы «лау» күйінде жалғасады. Мәсәлән: *бала = балалау, қара = қаралау, тау = таулау, сұлу = сұлулау, тар = тарлау, жар = жарлау*» түрінде берілген.

Түпнұсқаның 22-бетінде «Түбір сөздің айағы ұйаң дыбыс болса, «лау» орнына «дау» болыб жалғасады: *паң = паңдау, шын = шындау, құм = құмдау*» деп берілген ереже 1924 жылғы басылымда «Түбір сөздің аяғы «ұяң» дыбыс болса, «лау» орнына «дау» болып жалғасады. Мәсәлән: *шал = шалдау, паң = паңдау, аз = аздау, шын = шыңдау*» түрінде берілген.

Түпнұсқаның 22-бетінде «Түбір сөз жіңішке болса, жұрнақ да жіңішкереді, «лау» орнына «леу», «дау» орнына «деу», «тау» орнына «теу» болыб жалғасады. Мәселен: *көне = көнелеу, ірі = ірілеу, кір = кірлеу, семіз = семіздеу, кең = кеңдеу, кем = кемдеу, төмен = төмендеу, көк = көктеу, сійрек = сійректеу»* деп берілген ереже 1924 жылғы басылымда «Түбір сөз жіңішке болса, жұрнақ-та жіңішкереді: «лау» орнына «леу», «дау» орнына «деу», «тау» орнына «теу» болып жалғасады; мәсәлән: *көне = көнелеу, ірі = ірілеу, кір = кірлеу, семіз = семіздеу, кең = кеңдеу, кем = кемдеу, төмен = төмендеу, көк = көктеу, сирек = сиректеу*» түрінде берілген. 1924 жылғы басылымда сол кездегі нормаға сәйкес жалғаулықтар дефис арқылы берілген. 1927 жылғы басылымда «та» шылауы «да» түрінде берілген. Яғни морфологиялық ұстаным басшылыққа алынған.

Түпнұсқаның 22-бетінде *«сыз» жұрнақ.* Бұл жұрнақ түбір сөзге аман осы күйінде қосылады. Жуан сөзге қосылса, жуан болыб айтылады. Жіңішке сөзге қосылса, жіңішке болыб айтылады. Мәселен: *құлақ = құлақсыз, ійек = ійексіз»* түрінде берілген ереже 1924 жылғы басылымда «Жұрнақ «сыз». Бұл жұрнақ

түбір сөзге һәман осы күйінде қосылады. Жуан сөзге қосылса жуан болып айтылады. Жіңішке сөзге қосылса, жіңішке болып айтылады. Мәсәлән: *құлақ = құлақсыз, йек = йексіз*» түрінде берілген. 1924 жылғы басылымдағы *мәсәлан, һәман* сөзі 1927 жылғы басылымда қазақ тілінің дыбыс жүйесіне сәйкестендіріліп, *мәселен, аман* түрінде берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 23-бетінде *«еке» жұрнақ.* Бұл жұрнақ түбір сөзге жалғасбай, сызық бен қосылыб жазылғаны қолайлы, «еке», «әке» деген сөзден азыб болған жұрнақ: *бій-еке, төре-еке, батыр-еке, әке-еке, аға-еке, шеше-еке»* түрінде берілген ереже 1924 жылғы басылымда «Жұрнақ «еке». Бұл жұрнақ түбір сөзге жалғаспай, сызықпен бөлініп жазылғаны қолайлы: «еке» деген жұрнақ *әке* деген сөзден азып болған сөз: *би-еке, төре-еке, батыр-еке, нұр-еке, әке-еке, аға-еке, шеше-еке»* деп берілген. А.Байтұрсынұлы жұрнақтарды атауда анықтауышы мен анықталушысының орындарын алмастырып қолдана берген. 1924 жылғы басылымда жұрнақ сөзі бұрын келсе, 1927 жылғы басылымда кейін келген.

Түпнұсқаның 23-бетінде *«ыншы» жұрнақ.* Бұл жұрнақ жуан сөзге жалғасса, жуан болыб айтылады, жіңішке сөзге жалғасса, жіңішке болыб айтылады. Мәселен: *бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, жыйырманшы, отызыншы, қырқыншы, еліуінші, алпысыншы, жетпісінші, сексенінші, тоқсаныншы, жүзінші, мыңыншы»* түрінде берілген ереже 1924 жылғы басылымда «Жұрнақ «ншы». Бұл жұрнақ жуан сөзге жалғасса, жуан айтылады, жіңішке сөзге жалғасса, жіңішке болып айтылады. Мәсәлән: *бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, жыйырманшы, отызыншы, қырқыншы, елуінші, алпысыншы, жетпісінші, сексенінші, тоқсаныншы, жүзінші, мыңыншы»* деп берілген. Ғалым екі басылымда да, барлық еңбегінде «жыйырма» реттік сан есімді «жыйырманшы» түрінде берген. Жұрнақ 1924 жылғы басылымда

-ншы түрінде берілсе, 1927 жылғы басылымда **-ыншы** түрінде таңбаланған.

Түпнұсқаның 23-бетінде *«у» жұрнақ.* Бұл жұрнақ түбір сөздің айағы дауысты дыбыс болса, осы күйінде бір «у» болыб жалғасады. Мәселен: *қара = қарау, аса = асау, өте = өтеу.* Түбір сөздің айағы дауыссыз дыбыс болса, «ыу» болыб жалғасады. Мәселен: *бар = барыу, кет = кетіу, бұу = бұуыу»* түрінде берілген ереже 1924 жылғы басылымда «Жұрнақ «у». Бұл жұрнақ түбір сөздің аяғы дауысты дыбыс болса, осы күйінде бір «у» болып жалғасады. Мәсәлән, *қара = қарау, аса = асау, өте = өтеу, бу = бұуу»* деп берілген. 1927 жылғы басылымда ғалым түбір сөздің аяғы дауысты дыбыс болса, жұрнақ бір «у» түрінде жалғанатынын айтқанмен, *бу = бұуу* сияқты сөзді де көрсетеді. Ал 1927 жылғы басылымда түбір сөздің аяғы дауыссыз дыбыс болса, «ыу» түрінде жалғанатынын айтып, *бар = барыу, кет = кетіу, бу = буыу* сөздерін мысалға келтіреді. ХХ ғасырдың басында қолданылған ереже бойынша, бітеу буында **ы, і** әріптері жазылмаған (*бу = бұуу*). Алайда Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде бұл ереженің қате екені дәлелденіп, сөздің тұрпатын сақтау мақсатымен барлық буында да **ы, і** әріптері түсірілмей жазылатын болған. 1927 жылғы басылымда қосымшаның «ыу» түрінде жалғану себебі осыған байланысты.

Түпнұсқаның 23-бетінде *«ғыш» жұрнақ.* Бұл жұрнақ түбір сөздің айағы дауысты йәкій жарты дауысты дыбыс, йәкій ұйаң дыбыс болса, осы «ғыш» күйінде жалғасады; мәселен: *сана = санағыш, оқы = оқығыш, сау = сауғыш, бұу = бұуғыш, тай = тайғыш, жан = жанғыш»* түрінде берілген ереже 1924 жылғы басылымда «Жұрнақ «ғыш». Бұл жұрнақ түбір сөздің аяғы дауысты йа жарты дауысты дыбыс, йәки ұяң дыбыс болса, осы «ғыш» күйінде жалғасады. Мәсәлән: *сана = санағыш, оқы = оқығыш, сау = сауғыш, бу = буғыш, тай = тайғыш, ал = алғыш»* деп берілген. ХХ ғасырдың басында қолданылған ереже бойынша, бітеу буында **ы, і** әріптері жазылмаған (**-ғш**). Алайда Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінен кейін, сөздің тұрпатын сақ-

тау мақсатымен барлық буында да **ы, і** әріптері түсірілмей жазылатын болған. 1927 жылғы басылымда қосымшаның «ғыш» түрінде жалғану себебі осыған байланысты. 1924 жылғы басылымдағы *ал = алғыш* сөзінің орнына 1927 жылғы басылымда *жан = жанғыш* сөзі берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 23-бетінде «Түбір сөздің айағы қатаң дыбыс болса, «ғыш» орнына «қыш» болыб жалғасады. Мәселен: *айт = айтқыш, таб = табқыш, бақ = баққыш, бас = басқыш, аш = ашқыш»* деген ереже берілген. Бұрынғы басылымдарында да ғалым қосымшаның бір ғана түрін (ұяң түрін) атайды. Қосымша жалғауда ғалым морфологиялық ұстанымды басшылыққа алатындықтан жұрнақтың ұяң дыбыстан басталатын нұсқасын негізгі нұсқа (инвариант) ретінде сипаттайды.

Түпнұсқаның 23-бетінде «Түбір сөз жіңішке болса, «ғыш» орнына «гіш» болыб, «қыш» орнына «кіш» болыб жалғасады; мәселен: *сөйле = сөйлегіш, ек = еккіш, бер = бергіш, шерт = шерткіш»* түрінде берілген ереже 1924 жылғы басылымда «Түбір сөз жіңішке болса, «ғыш» орнына «гіш» болып, «қыш» орнына «кіш» болып жалғасады. Мәсәлән: *сөйле = сөйлегіш, ек = еккіш, бер = бергіш, сүрт = сүрткіш» »* деп берілген. Қосымша жалғауда ғалым морфологиялық ұстанымды басшылыққа алатындықтан әрі көне форманы негіз еткендіктен, жұрнақтың жіңішке нұсқасын жуан түрінің варианты ретінде сипаттайды. 1924 жылғы басылымдағы *сүрт = сүрткіш* сөзінің орнына 1927 жылғы басылымда *шерт = шерткіш* сөзі берілген.

Түпнұсқаның 23-бетінде *«ғын» жұрнақ. «*Бұл жұрнақ да «ғыш» сыйақты түбір сөздің айағына және түбіріне қарай «қын», «кін», «гін» болыб жалғасады. Мәселен: *құу = құуғын, аз = азғын, қаш = қашқын, тас = тасқын, көш = көшкін, жүр = жүргін»* түрінде берілген ереже 1924 жылғы басылымда «Жұрнақ «ғн». Бұл жұрнақ-да «ғш» сиақты түбір сөздің аяғына hәм түбіріне қарай «қн», «кн», «гн» болып жалғасады. Мәсәлән: *құу =құуғн, аз = азғн, қаш = қашқн, тас = тасқн, көш = көшкн, жүр = жүрген»* деп берілген. XX ғасырдың басында қолданыл-

ған ереже бойынша, бітеу буында **ы, і** әріптері жазылмаған (**-ғн,** *құуғн, азғн, қашқн, тасқн, көшкн, жүргн*).

Түпнұсқаның 24, 25-беттерінде *«ық» жұрнақ. «*Бұл жұрнақ түбір сөз жуан болса, осы «ық» күйінде жалғанады. Жіңішке болса, «ық» орнына «ік» болыб жалғанады: *аш = ашық, тес = тесік»* түрінде берілген ереже 1924 жылғы басылымда «Жұрнақ «қ». Бұл жұрнақ түбір сөз жуан болса, осы «қ» күйінде жалғанады; жіңішке болса, «қ» орнына «к» болып жалғанады. Мәсәлән: *аш = ашқ, тес = теск»* деп берілген. 1924 жылғы басылымда ғалым жұрнақты «қ» түрінде көрсетсе, 1927 жылғы басылымда «ық» түрінде атайды. Бұлай беруде ғалым бітеу буын ережесінің қолданыстан шығып қалғанын ескерген. Қосымша жалғауда ғалым морфологиялық ұстанымды басшылыққа алатындықтан әрі көне форманы негіз еткендіктен, жұрнақтың жіңішке нұсқасын жуан түрінің варианты ретінде сипаттайды.

«Ақ» жұрнақ. Бұл жұрнақ түбір сөз жуан болса осы «ақ» күйінде, жіңішке болса, «ақ» орнына «ек» (ік) болыб жалғанады. Мәселен: *тұр = тұрақ, кес = кесек* (25-бет). *«Ыс» жұрнақ.* Бұл жұрнақ түбір сөз жуан болса, жуан айтылады, жіңішке болса, жіңішке айтылады. Мәселен: *бар = барыс* (25-бет). *«М» жұрнақ.* Бұл жұрнақ түбір сөз жуан болса, жуан айтылады, жіңішке болса, жіңішке айтылады. Мәселен: *атта = аттам, тісте = тістем* (25-бет). *«Ма» жұрнақ.* Бұл жұрнақ түбір сөздің айағы дауысты йа жарты дауысты дыбыс болса, осы «ма» күйінде жалғасады. Мәселен: *сана = санама, таста = тастама, тұу = тұума, сау = саума, жай = жайма, қыр = қырма, сал = салма* (26-бет). Түбір сөздің айағы басқа дыбыстар болса «ма» орнына «ба», «па» болыб жалғасады. Мәселен: *жаз = жазба, оң = оңба, жон = жонба, шам = шамба, бас = басба, ат = атпа, ақ = ақпа, жаб = жабпа, аш = ашпа.* Түбір сөздер жіңішке болса, «ма» орнына «ме», «ба» орнына «бе», «па» орнына «пе» болыб жалғасады. Мәселен: *кер = керме, іл = ілме, ій = ійме, кез = кезбе, көм = көмбе, кес = кеспе, ек = екпе* (26-бет).

Түпнұсқаның 26-бетінде *«ынды» жұрнақ. «*Бұл жұрнақ да жуан сөзге жалғанса, жуан болыб, жіңішке сөзге жалғанса жіңішке болыб айтылады. Мәселен: *қос = қосынды, кес = кесінді»,* – деп берілген. Жұрнақ 1924 жылғы басылымда **-ншы** түрінде берілсе, 1927 жылғы басылымда **-ыншы** түрінде таңбаланған.

Түпнұсқаның 26-бетінде «Осындай нәрсенің өзін атайтұн сөздерді зат-есім дейміз. Зат-есім тұуралы «кім?», «не?» деб сұраймыз. «Кім?» деб адам тұуралы сұраймыз. «Не?» деб басқа заттар тұуралы сұраймыз» деген ереже берілген. А.Байтұрсынұлы еңбектерінде күрделі сөздер «қос сөз» деп аталған. Қазақ тілінің негізгі заңы – дыбыс үндестігін бұзбау үшін екі сөздің тіркесуінен (бірігуінен) жасалған, алайда бір буыны жуан, екіншісі жіңішке буыннан (аралас буын) құралған жалқылағыш қос сөздер дефис арқылы бөлініп жазылған. «Зат-есім» атауының дефис қойылып жазылуы осыған байланысты: *Төмендегі сөйлемдердің ішіндегі **зат-есім** сөздерді айыртыу* (28-бет). *Осындай кім? не? деген сұрауларға жауаб болыб айтылатұн және нәрселердің атын көрсететүн сөздерді **зат-есім** дейміз* (28-бет). Бұрынғы басылымдарында да «зат-есім» дефиспен жазылған. Сол сияқты «Тіл – құралдың» барлық басылымында да бірінші буында **у** дыбысы келген жағдайда алдына үндестік заңына сәйкес **ұ, ү** әріптері жазылған: *Сыйыр **сұудан** жерійді, **сұу** сыйырдан жерійді* (28-бет). ***Құуыс** үйден құр шықпа* (30-бет). *Тұуралы* сөзінің жазылуына қатысты да осыны айтуға болады. Сол сияқты дауыссыз **й** әрпінің алдында дауысты **ы, і** әріптері жазылған: ***Сыйыр сыйпағанды** білмес, жаман **сыйлағанды** білмес* (10-бет). ***Сыйыр** сұудан жерійді, сұу **сыйырдан** жерійді* (28-бет). ***Сыйыр** өз тілінен қыршаңқы болады* (31-бет). *Тез қасында **қыйсық** ағаш жатбас* (29-бет). *Нұрман **кійінді,** жуынды, шай ішті, кітабтарын алды, оқыуға кетті* (33-бет). *Қара **сыйырым** қараб тұр, қызыл **сыйырым** жалаб тұр* (33-бет).

Бүгінгі таңда **-атын/-етін, -йтын/-йтін** түрінде берілетін есімше тұлғалары бұрынғы басылымдарда да, 1927 жылғы

басылымда да **-атұн/-етүн, -йтұн/-йтүн** түрінде таңбаланған: *Осындай нәрсенің өзін* ***атайтұн*** *сөздерді зат-есім дейміз* (27-бет). *Осындай кім? не? деген сұрауларға жауаб болыб* ***айтылатұн*** *және нәрселердің атын* ***көрсететүн*** *сөздерді зат-есім дейміз* (28-бет).

Түпнұсқаның 27-бетінде «*Осындай нәрселердің сынын көрсететін сөздер* ***сын есім*** *деб аталады.* ***Сын есімнің*** *сұрауы* қандай?.. *Осындай «қандай?» деб сұрағанға жауаб болатын сөздердің бәрі де* ***сын-есім*** *болады*» деп берілген. А.Байтұрсынұлы «Сын-есім» атауына үнемі дефис қоя бермеген. Оны келтірілген үзіндіден де байқауға болады: *Төмендегі сөздерді айыртыу: қайсысы зат-есім, қайсысы сын есім? Төмендегі сөздерді көшіріб, сын-есім сөздердің астын сызыб көрсетіңдер* (28-бет).

Түпнұсқаның 30-бетінде «Нәрсенің санын сұрағанда *неше?* немесе *қанша?* деб сұраймыз» түрінде берілген ереже 1924 жылғы басылымда «*Нәрсенің санын сұрағанда* неше? деп *йәки* қанша? *деп сұраймыз*» деп жазылған. 1924 жылғы басылымдағы *йәки* сөзінің орнына 1927 жылғы басылымда қазақ тіліндегі баламасы (*немесе*) берілген.

Түпнұсқаның 30-бетінде «Нәрсенің дәл санын біліуге сұрағанда *неше?* деб сұраймыз. Мәселен: «*Неше кісі келеді*?» – «*Үш кісі келеді*». Нәрсенің дәл санын біліуге емес, шамасын ғана біліуге сұрағанда *қанша?* деб сұраймыз. Мәселен: «*Қанша күн жүресін*?» – «*Үш, төрт күн жүремін*».

Тойда неше кісі болды? деб сұрамайды, *қанша кісі болды?* деб сұрайды. Өйткені тойда кісілердің анық санын біліуге емес, шамасын ғана біліуге сұралады. Жауаб беруші тойдағы кісілердің анық санын айта алмай, шамасын ғана айтады. Мәселен: «Екі жүз кісі болды» демейді, «Екі жүздей кісі болды» дейді. Жоғарғы келтірген мысалда: «Неше кісі?» дегенге «үш кісі деген» сөз жауаб. «Қанша кісі?» дегенге «екі жүздей кісі» деген жауаб. Басқаша айтқанда «неше?» дегенге «үш», «қанша?» дегенге «екі жүздей» деген сөздер жауаб болыб тұр» түрінде берілген ереже 1924 жылғы басылымда «*Неше?* деп сұраймыз нәрсенің дәл са-

нын білуге. Мәсәлән: «*неше кісі келеді?*» – «*үш кісі келеді». Қанша?* деп сұраймыз нәрсенің дәл санын білуге емес, шамасын-ғана білуге; мәсәлән: «*қанша күн жүресін?*» – «*үш, төрт күн жүремін». Тойда неше кісі болды?* деп сұрамайды, *қанша кісі болды?* деп сұрайды; үйткені тойдағы кісілердің анық санын білуге емес, шамасын-ғана білуге сұралады. Жауап беруші тойдағы кісілердің анық санын айталмай, шамасын ғана айтады; мәсәлән: «екі жүз кісі болды» демейді, «екі жүздей кісі болды» дейді. Жоғарғы келтірілген мисалда: «неше кісі?» дегенге «үш кісі» деген сөз жауап; «қанша кісі?» дегенге «екі жүздей кісі» деген жауап» деп берілген. Байқап отырғанымыздай, 1927 жылғы басылымның сөйлем құрылымы қазақ тілінің сөйлем жүйесіне лайықталған, жатық. 1927 жылғы басылымдағы *айта алмай* тіркесі 1924 жылғы басылымда *айталмай* түрінде, қосылып жазылған.

Алдыңғы басылымдарда да, 1927 жылғы басылымда да II жақ тұлғасындағы етістік **-сын/-сін** түрінде келген: *Қанша күн жүресін*? Ғалым жіктік жалғаулары жіктеу есімдіктерінен шыққанын дәлелдейді (*білген-мін, білгенсін; келген-мін, келген-сін,* т.с.с.). Бұл тұжырымын Қазақ тілімпаздарының тұңғыш съезінде де айтады. Сөздің түп-төркінін сақтау мақсатымен қосымшаның соңында **ң** әрпі емес, **н** әрпі болуы керек екенін айтып, оқулықтарында сол ұстанымды басшылыққа алады: *Кімнің жерін жерлесең, соның жырын* ***жырларсын*** (32-бет). *Сен* ***сұңқарсын,*** *мен құумын* (32-бет). *Мен жүремін; сен* ***жүресін;*** *ол жүреді* (33-бет). *Түйе тұрып кетер, «шөк-шөк!» деп* ***тұрғайсын*** (37-бет). *Не істе* ***дейсін*** (37-бет).

Зат есім, сын есім атаулары сияқты сан есім атауы да дефис арқылы жазылған: *Міне, осы сыйақты неше?, қанша? деб сұрауға жауаб болатын және нәрсенің санын көрсететін сөздерді* ***сан-есім*** *дейміз* (30-бет). *Төмендегі сөздердің ішіндегі* ***сан-есім*** *сөздерді айыртыу* (30-бет). *Төмендегі сөздерді көшіріб,* ***сан-есімнің*** *астын сызыб көрсетіңдер* (30-бет).

1924 жылғы басылымдағы *hәм* сөзінің орнына 1927 жылғы басылымда қазақ тіліндегі баламасы (*және), мисал* сөзі қазақ

тілінің дыбыстық ерекшелігіне сәйкес *мысал, мыйсал* түрінде қолданылған, *мәсәлән* сөзі *мәселен* түрінде қолданылған: *Міні, осы сыйақты неше? қанша? деб сұрауға жауаб болатын және нәрсенің санын көрсететін сөздерді сан-есім дейміз* (30-бет). ***Мыйсал:*** «*Қар жауады, кетеді*» (33-бет).

Түпнұсқаның 34-бетінде үстеуді сипаттауда ғалым *айтбасақта, десекде, оқыйдыда, жазадыда* сияқты сөздерді келтіріп, жалғаулықтарды бос аралықсыз жазады. Бұл сөздер алдыңғы басылымдарда дефис арқылы (*айтбасақ-да, десек-де*) берілген.

1924 жылғы басылымда *Адам да, ұшқан құс та, жүрген аң да, жұмыссыз тек тұрған жоқ hіш бір жан да* түрінде келетін өлең жолдары 1927 жылғы басылымда *Адам да, ұшқан құс та, жүрген аң да, жұмыссыз тек тұрған – іш бір жан да* түрінде берілген. Яғни кейінгі басылымда *жоқ* сөзі түсіп қалған. Алдыңғы басылымдарда да, ақынның өлеңдерінде де *жоқ* сөзі берілетіндіктен, баспа тарапынан кеткен қате жөнделді.

Түпнұсқаның 34-бетінде «Не ол тұрар, не мен тұрармын». «Бұл жұмыс не бітер, не бітпес немесе осы күйінде қалар». «Не», «немесе» деген сөздер басқа сөздің арасындағы жүйелерін келтіріб, жалғастыруға демеу болыб тұр» түрінде берілген бөлік бұрынғы басылымдарда *«Йа ол тұрар, йа мен тұрармын». «Бұл жұмыс йа бітер, йа бітпес, йәкій осы күйінде қалар».* «Йа», «йәкій» деген сөздер басқа сөздің арасындағы жүйелерін келтіріп, жалғастыруға демеу болып тұр» деп берілген.

Түпнұсқаның 34-бетінде «Мен саған ұрыстым ба? Әйтбесе сөктім бе немесе соқтым ба?» «Балаң қазақша оқый ма? Орысша оқый ма? Әлде тібті босқа жүр ме?» түріндегі сөйлем бұрынғы басылымдарда *«Мен саған ұрыстым-ба? Әйтпесе сөктім-бе? Немесе соқтым-ба?». «Балаң қазақша оқи-ма? орысша оқи-ма? Әлде тіпті босқа жүр-ме?»* түрінде берілген. Бұрынғы басылымдарда сол кездегі нормаға сәйкес жалғаулықтар, демеуліктер дефис арқылы берілген. Ал 1927 жылғы басылымда жалғаулық, демеуліктердің алдына дефис қойылмаған. Мұндай мысал өте көп: *Әлде мен сылаб, сыйпаб бақбадым ба? Болмаса,*

жемнен қысыб сақтадым ба? Әйтбесе, әбзелдерің сәнді емес пе? Жібектен тізгініңді тақпадым ба?

Түпнұсқаның 36-бетінде «Кей сөздер жалғау орнына жүреді және жалғаулар сыйақты басқа сөздердің шылауында тұрмаса, өз алдына мағана шықбайды» түріндегі сөйлем бұрынғы басылымдарда «Кей сөздер жалғау орнына жүреді һәм жалғаулар сияқты, басқа сөздердің шылауында тұрмаса, өз алдына мағана шықпайды» деп берілген. 1924 жылғы басылымдағы *һәм* сөзінің орнына 1927 жылғы басылымда *және* сөзі қолданылған.

Түпнұсқаның 37-бетіндегі «Қабарды телгірәм арқылы алдым, хатты пошта арқылы алдым» деген сөйлем алдыңғы басылымдарда «Хабарды телеграф арқылы алдым, хатты пошта арқылы алдым» түрінде берілген. 1924 жылғы басылымдағы *хабар* сөзі 1927 жылғы басылымда *қабар* түрінде берілген, *телеграф* сөзінің орнына *телгірәм* сөзі қолданылған. Яғни алдыңғы басылымдарда шет тілден (араб тілінен, орыс тілінен) енген сөз түпнұсқа күйінде жазылса, 1927 жылғы басылымда қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктеріне сәйкес бейімделген.

Түпнұсқаның 37-бетіндегі «Одағай сөз қазақ тілінде көб, құуаныш, реніш, күйініш, қайғы, жан күйзелгенде, тән күйзелгенде, жан рақат табқанда, тән рақат табқанда шығатын дыбыстар, дауыстар, айтылатын сөздер, қайуандарға айтатын сөздер, дауыстар, шақырулар бәрі одағай сөз табына кіреді» түрінде берілген сөйлем алдыңғы басылымдарда «Одағай сөз қазақ тілінде көп. Қуаныш, реніш, күйініш, уайым, қайғы, жан күйзелгенде, тән күйзелгенде, жан рахат тапқанда, тән рахат тапқанда шығатын дыбыстар, дауыстар, айтылатын сөздер, жанды һәм жансыз заттардың дыбысын, даусына еліктеп айтатын сөздер, хайуандарға айтатын сөздер, дауыстар, шақырулар бәрі одағай сөз табына кіреді» түрінде берілген. Кейінгі басылымда хайуан сөзі қайуан түрінде берілген. 1927 жылғы басылымда «жанды һәм жансыз заттардың дыбысын, даусына еліктеп айтатын сөздер» деген тіркес түсіріліп, сөйлем құрылымы біршама ықшамдалған.

Түпнұсқаның 37-бетіндегі сөйлем «Қамыс ішінен тарс-тұрс еткен мылтық шықты» түрінде берілген. Ғалымның одағайға берген анықтамасын негізге ала отырып, сөйлем «Қамыс ішінен тарс-тұрс еткен мылтық дауысы шықты» түрінде өзгертілді.

Түпнұсқаның 37-бетіндегі «Тасымалдағанда әр бұуын бөлінбей, не тұтас қалады, не тұтас асырылады. Мәселен: жол айағында «шақырғанға» деген сөз тұтас сыймады; Не істеу керек? Сөзді дұрыстаб бұуынға бөліу керек» түрінде берілген сөйлем алдыңғы басылымдарда «Тасымалдағанда hәр буын бөлінбей, йа тұтас қалады, йа тұтас асырылады, мәсәлән: жол аяғында «шақырғанға» деген сөз тұтас сыймады, не істемек керек; сөзді дұрыстап буынға бөлу керек болады» деп берілген. 1924 жылғы басылымдағы *hәр* сөзі 1927 жылғы басылымда қазақ тілінің дыбыстық ерекшелігіне сәйкес әр түрінде берілген; йа шылауының орнына не шылауы қолданылған.

Бұрынғы басылымдардағы *йа, йәкій, яғни, егерде* жалғаулықтарының орнына 1927 жылғы басылымда *не, немесе* сияқты жалғаулықтар қолданылған немесе үтір қойылған.

Алдыңғы басылымдардағы *харіф, мәсәлән* сөздері 1927 жылғы басылымда қазақ тілінің дыбыс жүйесіне сәйкестендіріліп, *қаріп, мәселен* түрінде берілген. Яғни 1924 жылғы «Тіл – құралда» араб тілінен енген сөздер көбірек қолданылып, түпнұсқаға жақын таңбаланса, 1927 жылғы «Тіл – құралда» ол атаулардың қазақ тіліндегі баламасы, қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарына бейімделген нұсқалары көбірек қолданылған: *Жалғыз харіфбуын бола тұрса-да – қалынбайдыда, асырылмайдыда; мәсәлән: «а-ға-лар» дегенде бас буын жалғыз «а». Ереже бойынша бұл «а» өз алдына буын бола тұрсада, қалынбайды, яғни «а»ны ғана қалдырып, басқа буындарын келесі жолға асырмайсыз. – Жалғыз қаріб бұуын бола тұрса да, қалынбайды да, асырылмайды да; мәселен: «ағалар» дегенде бас бұуын жалғыз «а», бұл «а» өз алдына бұуын бола тұрса да, қалынбайды. Мәселен, «а»ны ғана қалдырыб, басқа бұуындарын келесі жолға асырмаймыз* (43-бет). *Әуелі сөзді буынға дұрыс бөлу; екінші бір*

буынды бөлмей, тұтас күйінде асыру, үшінші жалғыз харіфті буын бола тұрсада, қалдырмай келесі жолға асыру. – Әуелі сөзді бұуынға дұрыс бөліу. Екінші бір бұуынды бөлмей, тұтас күйінде асыру. Үшінші жалғыз қарібті бұуын бола тұрса да, қалдырмай келесі жолға асыру (43-бет).

«Тіл – құрал. Дыбыс жүйесі мен түрлері» атты кітаптың алдыңғы басылымдарында «Мұғалімдер үшін баяндама» берілген. Алайда ол 1927 жылғы 7-басылымға енбеген. Себебі 1924 жылы Орынборда өткен Қазақ білімпаздарының съезінің қаулысына сәйкес кітапқа бірқатар өзгерістер енгізілуіне байланысты ол баяндаманы қажетсіз деп тапқан сыңайлы.

О. Жұбай

Тіл – құрал. Сөздің жүйесі мен түрлері

Жинаққа «Тіл – құрал. Сөздің жүйесі мен түрлері» атты кітаптың 1927 жылы жарық көрген 6-басылымы енгізілді. II тіл танытқыш кітап А.Байтұрсынұлының кейін жарияланған жинақтарының ешқайсысына енбеген, алғаш жарияланып отыр. Академиялық басылымда еңбек сол уақытқа дейін жарық көрген тіл танытқыш кітаптардың түпнұсқаларымен (Тіл-құрал. (қазақ тілінің сарфы). Екінші жылдық. Орынбор, 1914 (Сыртқы мұқаба – 1915). 120 б.; Тіл-құрал. (қазақ тілінің сарфы). Екінші жылдық. Қазан, 1920. 104 б.; Тіл-құрал. Сөз жүйесі hәм түрлері. Екінші тіл танытқыш кітап. Үшінші басылуы. Орынбор, 1923. 128 б.; Тіл-құрал. Сөз жүйесі hәм түрлері. Екінші тіл танытқыш кітап. Төртінші басылуы. Орынбор, 1924. 128 б.; Тіл-құрал. Сөздің жүйесі мен түрлері. Екінші тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емілемен бесінші басылуы. Қызылорда, 1925. 122 б.; Тіл-құрал. Сөздің жүйесі мен түрлері. Екінші тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емілемен жетінші басылуы. Қызылорда, 1927. 122 б.; т.б.), ол басылымдардың 1991 жылы (Тіл тағылымы. Алматы: Ана тілі, 1991. 199-263-б.); 2013 жылы (3-том, 101-203-б.), 2013 жылы (Қазақ тіл білімінің мәселелері. Алматы, 2013. 51-155-б.); 2017 жылы

(Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы. Астана: Алашорда, 2017. 14-561-б.), 2022 жылы (Таңдамалы шығармалары. Алматы: Қазақ университеті, 2022. 85-343-б.) қайта жарық көрген жинақтардағы мәтіндермен салыстырылып, 6-басылымның ерекшелігі, ұқсастығы мен айырмашылығы көрсетілді.

Еңбек 1924 жылы Орынбор қаласында өткен Қазақ білімпаздарының съезінің қаулысына сәйкес түзетіліп, жаңа емлемен бастырылған. Сол себепті 1914-1928 жылдар аралығындағы жарық көрген басылымдардан елеулі өзгешеліктері бар. Академиялық басылымда түпнұсқаны негізге ала отырып, сөздердің жазылуында, бірге, бөлек таңбалануын беруде, тыныс белгілердің қойылуында сол кездегі нормаларды сақтауға тырыстық.

Кітап сөз таптарын, зат есімді таныстырудан басталған. Ғалым еңбектерінің барлық басылымында да *зат есім, сын есім, сан есім* сияқты сөз таптары көбінесе дефиспен жазылған: ***Зат-есім*** *нәрселердің атын көрсететүн сөздер* (3-бет). ***Зат-есім*** *екі түрлі болады* (3-бет). ***Зат-есім*** *жалғаусызда, жалғау мен де айтылады* (5-бет). Алайда кітаптың бірқатар жерлерінде дефиссіз де берілген: ***Зат есімде*** *екі атау бар: 1) жекеше, 2) көпше* (4-бет).

Бүгінгі таңда **-атын/-етін, -йтын/-йтін** түрінде берілетін есімше тұлғалары барлық басылымда **-атұн/-етүн, -йтұн/-йтүн** түрінде таңбаланған: *Зат тегінде екі түрлі: біреулері көзге* ***көрінетүн****, құлаққа* ***естілетүн****, мұрынға* ***ийіскелетүн****, тілге* ***татылатұн****, денеге* ***сезілетүн*** *– деректі заттар; екіншілері көзге* ***көрінбейтүн****, құлаққа* ***естілмейтүн****, мұрынға* ***ийіскелмейтүн****, тілге* ***татылмайтұн****, денеге* ***сезілмейтүн****, адам ақыл мен ғана* ***білетүн*** *дерексіз заттар* (3-бет).

Бұрынғы басылымдарда да, 1927 жылғы басылымда да қазіргі кезде *ащылық, тұщылық* түрінде жазылып жүрген сөздер ол кездегі әліпбиде **щ** кірме әрпі болмауына байланысты *ашшылық, тұшшылық түрінде жазылған: Деректі заттардың есімін көрсететүн сөздер, мәселен: жер, сұу, ай, күн, дауыс, дыбыс, ән, күй, ийіс-қоңыс, дәм,* ***ашшылық, тұшшылық****, жылылық, сұуықтық тағысын тағылар* (3-бет).

«Тіл – құралдың» барлық басылымында да бірінші буында **у** дыбысы келген жағдайда алдына үндестік заңына сәйкес **ұ, үі** әріптері жазылған: *Деректі заттардың есімін көрсететүн сөздер, мәселен: жер,* ***сұу****, ай, күн, дауыс, дыбыс, ән, күй, ійісқоңыс, дәм, ашшылық, тұшшылық, жылылық,* ***сұуықтық*** *тағысын тағылар* (3-бет). *Дерексіз заттардың есімін көрсететүн сөздер, мәселен: бақ, бәле, жан, өлім, ой, мінез, ұйат, реніш,* ***құуаныш*** *тағысын тағылар* (3-бет). ***Жұуан*** *сөздің аяқ дыбысы жарты дауысты дыбыс болса* (7-бет). Мынау сөздерді жалғаулатыу: *тау, бау, отау, танау, ау, сұу, бұу, ұу* (7-бет).

Бұрынғы басылымдарда да, 1927 жылғы басылымда да қазіргі кезде бірге жазылып жүрген сөздер бос аралықсыз (бірге) берілген: *Тау мен тасты сұу бұзар,* ***адам затты*** *сөз бұзар* (3-бет).

Түпнұсқаның 3-бетінде «Ашыу **дұшпан**, ақыл дос, ақылыңа ақыл қос» түрінде берілген сөйлем бұрынғы басылымдарда «Ашыу **дұспан**, ақыл дос, ақылыңа ақыл қос» деп берілген.

Түпнұсқаның 3-бетінде «Ойлай берсең, ой да көп, сана да көп, ойнай берсең, ой да жоқ, сана да жоқ» түрінде берілген сөйлем бұрынғы басылымдарда «Ойлай берсең, ой-да көп, сана-да көп, ойнай берсең, ой-да жоқ, сана-да жоқ» деп берілген. Яғни 1927 жылғы басылымда жалғаулықтардың алдындағы дефистер қойылмай, *да, де* шылаулары алдыңғы сөзбен тұтаса жазылған. Алайда ол үнемі сақтала бермеген. Бірқатар тұстарында алдыңғы басылымдардағыдай дефиспен де жазылған: *Есепсіз бай* ***болсаң-да*** *Қарымбайдай, сахи боп мал шашсаң-да Атымтайдай, падшадай Әмір Темір дін түзетіп,* ***болсаң-да*** *әйдік батыр Арыстандай,* ***болсаң-да*** *Жиреншедей тілге шешен, Ақырда жатар орның тар лақат жай* (4-бет). *Ыстамбұл падша* ***болсаң-да*** *Құддыс, Шамға, Бұхар мен хүкім* ***етсең-де*** *Хүндүстанға, Ағылшын, Қытай, Йапон, Рұмды алып, дін түзеп, әмір етсең де бұл жиһанға,* ***тұтсаң-да*** *жеті ықылымның бәрін тегіс, кірерсін ақыр бір күн көрстанға* (4-бет).

«Тіл – құрал. Дыбыс жүйесі мен түрлері» атты еңбектің 1927 жылғы басылымында жалғаулық, демеуліктердің алдына

дефис қойылмаған. Алайда «Тіл – құрал. Сөздің жүйесі мен түрлері» атты еңбекте дефиспен келген тұстары кездеседі: *Зат-есім екі түрлі болады: біреулері нәрсенің дербес өз* ***басына-ғана*** *қойылған жалқы есім; екіншілері нәрсенің біріне емес, барлық табына қойылған жалпы есім* (4-бет). *Ыстамбұл падша болсаң-да Құддыс, Шамға, Бұхар мен хүкім етсең-де Хүндүстанға, Ағылшын, Қытай, Йапон, Рұмды алып, дін түзеп, әмір етсең де бұл жиһанға, тұтсаң-да жеті ықылымның бәрін тегіс, кірерсін ақыр бір күн көрстанға* (4-бет). *Боқанға келді «Ар ма?» деп, «Алдыңда кісі бар-ма?» деб* (4-бет). *Жиылып тамам арғын тең келер-ме бір үйлі Тоқа байдай пұшығыма?* (4-бет).

Бұл жағынан алғанда, жалғаулық, демеуліктер бұрынғы емле тәртібі бойынша жазылған. Сол сияқты *падшалық* сөзінің таңбалануында да бұрынғы емле сақталған: *Жалпы есімдер: кісі, еркек, қала, дала, ел, жұрт, ұлт, өлке,* ***падшалық*** (4-бет). Әсіресе кітаптың алғашқы беттерінде сүйеу таяқ, парсы цифрлары қолданылып, бітеу буын ережесі сақталған (яғни бітеу буындарда **ы, і** әріптері жазылмаған):

سایم اولی قارامان! قازانغا که تب بارامن. قوبلاندی باتر ده م آلب، آلدگغی جاققا قارادی: کوز اوچنده بر آدام چاوب اوتب بارادی. بو قانغا که لدی ”آرما؟“ ده ب ”آلدگا کسگ بارما؟“ ده ب. آ، جاناق! تیمه ی اوتر قئچعئما!

Бұл жағынан алғанда, 1927 жылғы басылымның бұрынғы басылымдарға біршама ұқсас. Қазіргі оқырмандарға қиындық тудыратындықтан, қолданыстағы жазуға түсіруде бұл ерекшелік ескерілмеді.

«Тіл – құрал. Дыбыс жүйесі мен түрлері» атты еңбектің 1927 жылғы басылымында бұрынғы басылымдардағы *һәм* жалғаулығының орнына *мен, де, және* сияқты жалғаулықтар қолданылған немесе үтір қойылған. Алайда осы жылғы «Тіл – құрал. Сөздің жүйесі мен түрлері» атты еңбекте *һәм* жалғаулығы қолданылған: *Төмендегі сөйлемдердің ішіндегі жалқы* ***һәм*** *жалпы есімдерді айыртыу* (4-бет). *Аға, бала, ана, апа, қала, дала* һәм басқа аяғы «а» болатұн сөздерді жалғаулатыу (6-бет). *Қазы, тазы,*

сұлы, қылы, шыны, талқы һәм басқа аяғы «ы» болатұн сөздерді жалғаулатыу (6-бет).

Сонымен қатар *жана* нұсқасы да жиі қолданылады: *Әке, шеше, шеге, көже, теке, тізе, төбе* жана басқа аяғы «е» болатұн сөздерді жалғаулатыу (6-бет). **Шақырыс одағай**: адамды шақырғанда *әй! аттан!* жана ұран сөздер (120-бет). Қойға **жана** ешкіге – *құрай-құрай!* ийтке – *күш-күш!* мысыққа – *мышмыш!* (120-бет).

Мұндай ерекшелік шет сөздерді таңбалауда да белең алған. «Тіл – құрал. Дыбыс жүйесі мен түрлері» атты еңбектің 1927 жылғы басылымында шет тілден енген сөздер қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктеріне сәйкес бейімделсе, «Тіл – құрал. Сөздің жүйесі мен түрлері» атты еңбекте алдыңғы басылымдардағыдай шет тілден (араб тілінен, орыс тілінен) енген сөздер түпнұсқа күйінде (немесе жақын етіп) жазылған: *Ыстамбұл* ***падша*** *болсаң-да Құддыс, Шамға,* ***Бұхар*** *мен* ***хүкім*** *етсең-де* ***Хүндустанға****, Ағылшын, Қытай,* ***Йапон, Рұмды*** *алып, дін түзеп, әмір етсең де бұл* ***жиһанға****, тұтсаң-да жеті ықылымның бәрін тегіс, кірерсін ақыр бір күн көрстанға* (4-бет).

1914-1924 жылдар аралығындағы «Тіл – құралда» араб, парсы, орыс тілдерінен енген сөздер қолданылып, түпнұсқаға жақын таңбаланса, 1927 жылғы «Тіл – құрал. Дыбыс жүйесі мен түрлері» атты еңбекте ол атаулардың қазақ тіліндегі баламасы, қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарына бейімделген нұсқалары көбірек қолданылған. Алайда «Тіл – құрал. Сөздің жүйесі мен түрлері» атты еңбекке өзгерістер толығымен енбей қалған. Сол себепті кітаптың алғашқы беттеріндегі мәтіндер алдыңғы басылымдардағыдай түрде берілген, Қазақ білімпаздарының съезіндегі қаулыға сәйкес емледегі өзгерістер толық енбеген. Бұл, әсіресе, алғашқы беттерінде анық көрінеді. Кітап жаңа емлеге сәйкес толық сәйкестендіріліп үлгермегенін бір сөздің түрліше жазылуынан да байқауға болады. *Мәселен* сөзі кітаптың 4-бетінде түпнұсқаға жақын түрінде (*мәсалан*) жазылса, 5-бетте қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарына сәйкес *мәселен* түр-

рінде жазылған: *Жекеше атау нәрсенің жеке күйіндегі есімінің аты,* ***мәсалан****: ата, ... Көпше атау нәрсенің көп күйіндегі аты,* ***мәселен****: аталар, денелер, омыраулар, белбеулер, ойлар, үйлер, сырнайлар, кернейлер, ашыулар, шынылар, қаздар, құнандар, айақтар, шелектер* (4-бет). Сол сияқты *мысал* сөзі де әртүрлі жазылған: §8) Себтеу жалғау сөздің аяқ дыбысына қарай, түрліше жалғанады. *Мисал* үшін түрлі-түрлі сөздерді алыб жалғаб қарайық (6-бет). Себтеу жалғаулары тәуелдеуге алынған сөздердің айақ дыбысына қарай түрліше жалғанады. *Мыйсал* үшін айағы түрлі дыбысты сөздерді тәуелдеб алыб, себтеб қарайық (15-бет). Сабақты етіс дейміз – еткен іске бір нәрсе сабақтаулы болса, *мыйсалы: қат жаздым; шөб шабтым; қармақ салдым* дегенде: *жаздым, шабтым, салдым* – істер (67-бет).

Түпнұсқаның 4-бетінде «*А, Жанақ! Тіймей отыр қышығыма! Найманның кім жетеді ұшығына?*» деп берілген жыр жолдары 1991 жылы (Тіл тағылымы. Алматы: Ана тілі, 1991. 141-173-б.); 2003 жылы (3-том); 2013 жылы (3-том, 23-101-б.); 2017 жылы (Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы. Астана: Алашорда, 2017. 14-561-б.), 2022 жылы (Таңдамалы шығармалары. Алматы: Қазақ университеті, 2022. 85-343-б.) жарық көрген жинақтарда «*А, Жанақ! Тіймей отыр қытығыма! Найманның кім жетеді ұшығына?*» түрінде берілген. Жыр жолдары алдыңғы (мысалы, 1923 жылғы) басылымдарда да қышығыма болып берілген. *Қышығыма* сөзі *ұшығыма* сөзімен ұйқас түзіп тұр. Сондықтан бұл сөз түпнұсқадағы қалпында берілді.

Түпнұсқаның 4-5-беттерінде «Жекеше атау нәрсенің жеке күйіндегі есімінің аты, мәсалан: *ата,*

Көпше атау нәрсенің көп күйіндегі аты, мәселен: *аталар, денелер, омыраулар, белбеулер, ойлар, үйлер, сырнайлар, кернейлер, ашыулар, шынылар, қаздар, құнандар, айақтар, шелектер»* деген жолдар кездеседі. Байқап отырғанымыздай, жекеше атауға қатысты бір ғана мысал (ата) келтірілген. Ол сөзден кейін үтір қойылғандықтан, басқа да мысал берілгені түсінікті. Алайда ол түсіп қалған. Бұрынғы басылымдармен салыстыру

барысында *дене, омырау, белбеу, ой, үй, сырнай, керней, ашыу, шыны, қаз, құнан, айақ, шелек* сөздерінің түсіп қалғаны анықталды (1923 жылы Орынборда жарық көрген «Тіл – құрал. Сөздің жүйесі hәм түрлері», т.с.с.).

Түпнұсқаның 5-бетінен бастап жаңа емлеге сәйкес түзетулер біршама толық енгізіліп, қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкес таңбаланғанын көреміз. Оны сол беттегі мысалдардан да аңғаруға болады: *Кісі, адам, жан, тас, шаш, маңдай, мый, желке, бет, жүз, көз, кірпік, қас, мұрын, танау, ауыз, ерін, тіл, тіс, мұрт, таңдай, тамақ, өңеш, жақ, құлақ, самай, ійек, сақал, кеуде, қабырға, арқа, тері, өкпе, бел, ійін, айақ, тізе, іні, шөп, арпа, быйдай, тары, сұлы, жүгері, жұуа, шійе, қайың, жөке, ожау, айақ, табақ, қар, жаңбыр, саз, балшық, бійе, құлын, айғыр, қошқар, бызау, үйрек, торғай, үкі, ійтелгі.*

Осы бетте бірінші буында **у** дыбысы келген сөздер үндестік заңына сәйкес **ұ, ү** әріптерімен жазылған. Бұл «Тіл – құралдың» бұрынғы басылымындарында да, 1927 жылғы басылымда да сақталған: *жұуа, бұура, бұуыршын, бұураң, бұуыршыны* (5-бет). Сол сияқты дауыссыз **й** әрпінің алдында үндестік заңына сәйкес дауысты **ы, і** әріптері жазылған: *мый, ійек, ійін, бійдай, шійе, бійе, ійтелгі* (5-бет). Мынау сөздерді жалғаулатыу: *қой, бой, май, сай, сый, мый, қый* (7-бет). Мынау сөздерді жалғаулатыу: *күй, көмей, шій, ій, кеней, сәуегей* (8-бет).

Сөздің, буынның соңындағы, болымсыздық қосымшасындағы **п** дыбысының орнына көбінесе **б** әрпі жазылған: **Зат-есім** жалғаусызда, жалғау мен де айтылады. Жалғаусыз түрі – түбір йәкій тұуынды сөздің жалғаусыз күйіндегі тұлғасы. Мәселен, *бас, бастық, басшы, ата, аталық, мал, малшы, малшылық, малдық,* ***қаб, қабқан, қабшық****, құлақ, құлақшын, бұура, бұуыршын* (5-бет). ***Себтеу*** *бесеу: 1) ілік жалғау, 2) барыс жалғау, 3) табыс жалғау, 4) жатыс жалғау, 5) шығыс жалғау. Бұлар сөздің айақ дыбысына қарай* ***түрленіңкіреб*** *жалғанады* (5-бет).

Түпнұсқаның 7-бетінде «*Түлкі, күпі, ешкі, түрпі, келі, күлкі* аяғы «і» болатұн сөздерді жалғаулатыу» деп берілген дағдылан-

дыру тапсырмасы алдыңғы басылымдарда «*Түлкі, ешкі, түрпі, келі, күлкі* аяғы «і» болатұн сөздерді жалғаулатыу» түрінде берілген. Яғни 1927 жылғы басылымда күпі сөзі түсірілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 8-бетінен бастап *деген сөз* тіркесі *д.с.* түрінде қысқарған: «Күйеу» д.с. (8-бет); «Үй» д.с. (8-бет); «Бет» д.с. (9-бет); «Қаз» д.с. (9-бет). Кейінгі беттерде де осындай қысқартулар бар: «Мый» д.с. (17-бет); «Егеу» д.с. (17-бет); «Бій» д.с. (18-бет); «Мал» д.с. (19-бет); «Ел» д.с. (19-бет); «Апа» д.с. (20-бет); «Іні» д.с. (20-бет); «Бас» деген с. (21-бет); «Күш» д.с. (21-бет); (20-бет). Алдыңғы басылымдарда да осылай қысқартылған. 1923 жылғы басылымда «Қаз» сөзінің орнына «Мал» берілген (9-бет). Қалғандары бірдей.

Түпнұсқаның 9-бетінде де *және* мағынасында *һәм*, *жана* сөздері қолданылған: «*Тайлақ, ат, құс, қаб, шаш, тоб* һәм басқа аяғы қатаң дыбысты сөздерді жалғаулатыу» (9-бет). *Ет, тіс, іш, жүрек, жіб, шөб* жана басқа аяғы қатаң дыбысты жіңішке сөздерді жалғаулатыу (9-бет). *Жаз, баж, аз, баж, қыз, тұз* жана басқа аяғы ымыралы дыбысты жұуан сөздерді жалғаулатыу (9-бет). Алдыңғы басылымдарда да осылай берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 9-бетіндегі ескертуде «Сөз аяғы қатаң дыбыс болса, жалғау басындағы «д» дыбысы «т» сыйақты естіледі. Ондай орында «т» жазбай, «д» хәрфін жазыу тійіс», – делінген. Яғни қаріп сөзінің орнына *харф* сөзі қолданылып, араб сөзі қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарына бейімделмеген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 10-бетінде «Жақ жалғау (қысқаша жақтау) – сөз жақ бен айтылғанда жалғанатұн жалғау, жақ үшеу» деп беріліп, көмектес септігі алдыңғы сөзден бөлек жазылған. Себебі Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінде көмектес септік жалғаулық ретінде танылған. Сондықтан бұрынғы басылымдарда да, кейінгі басылымдарда да алдыңғы сөзден бөлек жазылған әрі көбінесе бір ғана нұсқада берілген.

Түпнұсқаның 11-бетінде бірінші буында **у** дыбысының алдынан үндестік заңына сәйкес **ұ, ү** әріптері, дауыссыз **й** әрпінің алдында дауысты **ы, і** әріптері жазылған: *атам, денем, отауым, егеуім, сауыным, ерінім, жұртым, салтым, тұлыбым, талысым, сырығым, ойым, үйім, сыйым, бійім, сұуым, бұуым, жыйыным, ійінім, бұйымым, тоқымым, айағым, шелегім, қозым, терім,* т.с.с. Мұндай қолданыс кітапта жиі кездеседі: «Мый» деген сөз (17-бет). Бұл «шылық» (шілік) жұрнағынан «егіншілік» деген сөздердегі «шылық», «шілік» жұрнақтарын айырыу **тійіс** (27-бет). **«нікі» («дікі»)** жұрнақ зат-есіміне нәрсенің сол есімді затқа тійісті екендігін көрсетіу үшін жалғанады (29-бет). Яғни қазақ тіліндегі **й, у** дыбыстары дауыссыз болғандықтан, олар дауысты дыбыстан кейін келе алмайтыны ескеріліп, дыбыс жүйесінше, дұрыс жазылған.

Түпнұсқаның 13-бетіндегі ескертуде: «Анайылық жөн мен сөйлегенде оңаша тәуелдеу түрі мен айтылады, сыпайылық жөн мен сөйлегенде ортақ тәуелдеу түрі мен айтылады», – делініп, көмектес септік қосымшасы сөзден бөлек жазылған. Осы беттегі дағдыландыру тапсырмаларында «Төмендегі сөздерді осы үлгі бойынша әуелі анайы түрге, сонан соң сыпайы түрге аударыу (жекеше, көбше, үш жақтық айтылыуы мен): *арба, көрпе, тау, егеу, тай, көмей, сый, шій, от, бет, саз, аз, таң, көң, нар, ер»* деп көмектес септік қосымшалары бос аралықпен таңбаланған. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 13-бетінде «Жіктеу сөздің аяқ дыбысына қарай түрліше жалғанады. Мыйсал үшін төмендегі сөздерді алыб, жіктеб қарайық. Жіктелетүн сөздер: *бала, бөпе, адам, жан, түйе, бақсы, кісі, тау, егеу, қанат, қонақ, жүрек, тас, күш*» деп жіктелетін сөздердің қатарында түйе сөзі берілгенмен, кейінгі анайы, сыпайы жіктеуінде төбе сөзі берілген. Алдыңғы басылымдарда да төбе сөзі берілген. Сондықтан түпнұсқадағы қате жөнделді.

Түпнұсқаның 13-бетінде «Төмендегі сөздерді осы үлгі бойынша әуелі анайы түрге, сонан соң сыпайы түрге аударыу (жекеше,

көбше, үш жақтық айтылыуы мен): *арба, көрпе, тау, егеу, тай, көмей, сый, шій, от, бет, саз, аз, таң, көң, нар, ер»* деген тапсырмада берілген сөздерде дауыссыз **й, у** дыбыс жүйесінше жазылған. Сондай-ақ көмектес септігі сөзден бөлек таңбаланған.

Түпнұсқаның 13-бетінде анайы түрде көпше жіктеуге берілген сөздер «**2-нші жақ (сендік)** – *балаларсын, бөпелерсін, , кісілерсін, тауларсын, егеулерсін, қанаттарсын, қонақтарсын, жүректерсін, тастарсын, күштерсін*» түрінде берілген. Ал 3-жақта ол «**3-інші жақ (бөгделік)** – *балалар, бөпелер, адамдар, жандар, төбелер, бақсылар, кісілер, таулар, егеулер, қанаттар, қонақтар, жүректер, тастар, күштер* (ды)» деп берілген. Яғни 2-жақ жіктеуде *адамдарсын, жандарсын, төбелерсін, бақсыларсын* сөздері түсіп қалған. Анайы жіктеудің жекеше түрінде де (*баласын, бөпесін, адамсын, жансын, төбесін, бақсысын, кісісін, таусын, егеусін, қанатсын, қонақсын, жүрексін, тассын, күшсін)*, бұрынғы басылымдарда да (*балаларсын, бөпелерсін, адамдарсын, жандарсын, төбелерсін, бақсыларсын, кісілерсін, тауларсын, егеулерсін, қанаттарсын, қонақтарсын, жүректерсін, тастарсын, күштерсін*) ол сөздер толық берілген. Сондықтан түсіп қалған сөздер толықтырылды.

Байқап отырғанымыздай, II жақта жіктегенде жекеше түрде де, көпше түрде де сөздің соңында **ң** емес, **н** әрпі жазылған. Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінде II жақ тұлғасындағы етістік көбінесе **-сын/-сін** түрінде келеді. Ғалым жіктік жалғаулары жіктеу есімдіктерінен шыққанын дәлелдейді (*білген-мін, білгенсін; келген-мін, келген-сін,* т.с.с.). Бұл тұжырымын Қазақ тілімпаздарының тұңғыш съезінде де айтады. Сөздің түп-төркінін сақтау мақсатымен қосымшаның соңында **ң** әрпі емес, **н** әрпі болуы керек екенін айтып, оқулықтарында сол ұстанымды басшылыққа алады.

Түпнұсқаның 15-бетінде алдыңғы басылымдарда «Тәуелдеуді себтеу һәм жіктеу» түрінде берілген тақырыпша «Тәуелдеуді себтеу, жіктеу» деп берілген. Яғни бұрынғы басылымдардағы һәм жалғаулығы түсіріліп, орнына үтір қойылған.

Түпнұсқаның 15-бетінде «Себтеу жалғаулары тәуелдеуге алынған сөздердің айақ дыбысына қарай түрліше жалғанады. Мыйсал үшін айағы түрлі дыбысты сөздерді тәуелдеб алыб, себтеб қарайық» делінген. Бұл сөйлем 1923 жылғы басылымда да берілген. Алайда онда *мыйсал* сөзі *мисал* түрінде ы әрпінсіз жазылған. Яғни 1927 жылғы басылымда қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтары ескеріліп, тіл жүйесіне бейімделген.

Түпнұсқаның 15-бетінде *және* мағынасында *жана* сөзі қолданылған: «*Бала, шаға, тары, шырпы, қора* жана басқа сондай сөздерді осы жоғарғы үлгі бойынша тәуелді қалыбта жалғаулатыу». Мұндай қолданыс басқа беттерде де кездеседі: *Бай, малай, сай, той, тай, шай* жана басқа сондай сөздерді осы көрсеткен үлгі бойынша тәуелді қалыбта жалғаулатыу (17-бет). Бұрынғы басылымдарда да осылай берілген. Кітаптың өн бойында түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 16-бетіндегі дағдыландыру «*Ау, бау, тау, жау,* ***қарыу, қылыу*** жана басқа сондай сөздерді осы көрсеткен үлгі бойынша тәуелді қалыбта жалғаулатыу» деп берілген. Яғни кейінгі (бірінші емес) буындардағы **у** дауыссыз дыбысының алдынан үндестік заңына сәйкес дауысты **ы, і** әріптері жазылған. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

«Тіл – құрал. Дыбыс жүйесі мен түрлері» атты еңбектің 1927 жылғы басылымында бұрынғы басылымдардағы *йа* жалғаулығының орнына *не, немесе* сияқты жалғаулықтар қолданылған. Алайда осы жылғы «Тіл – құрал. Сөздің жүйесі мен түрлері» атты еңбекте *йа* жалғаулығы жиі қолданылған: «Осы үлгі бойынша айағы дауыссыз йа жарты дауысты жіңішке сөздерді ортақ тәуелдік түрінде жалғаулатыу» (22-бет). Бұл жағынан алғанда бұрынғы басылымдармен ұқсастығы байқалады. Яғни жаңа емлеге сәйкестендіруде бірқатар олқылықтар орын алған. Кітаптың өн бойында түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 22-25-беттеріндегі тәуелдеулі жіктеуде 2-жақтың жекеше түрінде де, көпше түрінде де сөздің соңында **ң** емес, **н** әрпі жазылған:

2-жақ (сен)	*анамсын*	–	*анасысын*
2-жақ (сен)	*аналарымсын*	–	*аналарысын*
(сендер)	*(аналарымсындар)*	–	*(аналарысындар)*
2-жақ	*қызымсын*	–	*қызысын*
2-жақ	*қыздарымсын*	–	*қыздарысын*
2-жақ	*жауымсын*	–	*жауысын*
2-жақ	*жауларымсын*	–	*жауларысын,* т.с.с.

Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінде II жақ тұлғасындағы етістік көбінесе **-сын/-сін** түрінде келеді. Ғалым жіктік жалғаулары жіктеу есімдіктерінен шыққанын дәлелдейді (*білген-мін, білгенсін; келген-мін, келген-сін,* т.с.с.). Бұл тұжырымын Қазақ тілімпаздарының тұңғыш съезінде де айтады. Сөздің түп-төркінін сақтау мақсатымен қосымшаның соңында **ң** әрпі емес, **н** әрпі болуы керек екенін айтып, оқулықтарында сол ұстанымды басшылыққа алады. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

«Тіл – құрал. Дыбыс жүйесі мен түрлері» атты еңбектің 1927 жылғы басылымында бұрынғы басылымдардағы *қатта* жалғаулығының орнына *әрі, және* сияқты жалғаулықтар қолданылған. Алайда осы жылғы «Тіл – құрал. Сөздің жүйесі мен түрлері» атты еңбекте *қатта* жалғаулығы қолданылған: **«лы» («ды», «ты»)** жұрнақ зат-есіміне сол заттың екінші затта барлығын, қатта молдығын да көрсетіу үшін, жалғанады» (29-бет). «Қатта тек сынында «қандай»-дан көрі «не» деб сұрау көбірек жұмсалады» (37-бет). Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Бұл жағынан алғанда бұрынғы басылымдармен ұқсастығы байқалады. 1923 жылғы басылымда ол сөз хатта түрінде берілген. Яғни жаңа емлеге сәйкестендіруде бірқатар олқылықтар орын алған.

Сонымен қатар осы бетте *және* мағынасында *жана* сөзі қолданылған: «Мәселен: «бала» деген сөзге «лы» жұрнағын жалғаб, «балалы» деб, баласы көбтігін көрсетеміз; «мал» деген сөзге «ды» жұрнағын жалғаб, «малды» деб, малының барлығын жана молдығын көрсетеміз» (29-бет). Алдыңғы басылымдарда да осылай берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 29-бетінде **«лы» («ды», «ты»)** жұрнақ зат-есіміне сол заттың екінші затта барлығын, қатта молдығын да көрсетіу үшін, жалғанады. Мәселен: ... «ұлақ» деген сөзге «ты» жұрнағын жалғаб, «ұлақты» деб, ұлағы барлығын көрсетеміз, тағысын тағылар солай болады» деген ереже берілген. Мұндағы *ұлақ* сөзі қазіргі кезде *лақ* түрінде жазылып жүр. «Тіл – құралдың» бұрынғы басылымдарында да ол сөз ұлақ түрінде берілген.

Түпнұсқаның 29-бетінде **«лас» («лес», «дас», «дес», «тас», «тес»)** жұрнақ зат-есіміне сол есімді затқа басқалар ортақ екендігін көрсетіу үшін; мәселен, «ата» деген сөзге «лас» жұрнағын жалғаб, «аталас» деб, атаға ортақ екендігін көрсетеміз; «жер» деген сөзге «лес» жұрнағын жалғаб, «жерлес» деб жерге ортақ екендігін көрсетеміз» деген сөйлем берілген. 1923 жылғы басылымда да сөйлем **«лас» («лес», «дас», «дес», «тас», «тес»)** жұрнақ зат-есіміне жалғанады сол есімді затқа басқалар ортақ екендігін көрсетіу үшін» деп берілген. Мұнда *жалғанады* сөзі *зат-есіміне* дегеннен кейін берілген. 1927 жылғы басылымда бұрынғы басылымдардағы сөйлемдердің құрылымы біршама өзгертіліп, қазақ тілінің жүйесіне келтірілген. Соған сәйкес *жалғанады* сөзі *көрсетіу үшін* дегеннен кейін, сөйлемнің соңына қарай қойылғанын аңғарамыз. Осы тарауда берілген басқа ережелердің құрылымын негізге ала отырып (**«лы» («ды», «ты»)** жұрнақ зат-есіміне сол заттың екінші затта барлығын, қатта молдығын да көрсетіу үшін, жалғанады; **«сыз»** жұрнақ зат-есіміне сол есімді заттың жоқтығын көрсетіу үшін, жалғанады) сөйлем толықтырылды: **«лас» («лес», «дас», «дес», «тас», «тес»)** жұрнақ зат-есіміне сол есімді затқа басқалар ортақ екендігін көрсетіу үшін жалғанады.

Түпнұсқаның 30-бетінде **«еке»** жұрнақ зат-есіміне сол есімді затты зор тұтыу үшін немесе көңілін аулау үшін; «аға» деген сөзге «еке» жұрнағын жалғаб «аға-еке» десек, ағаны зор тұтқанымыз йа көңілін аулағанымыз көрінеді» деген сөйлемде де *жалғанады* сөзі түсіп қалған. 1923 жылғы басылымда бұл сөй-

лем **«еке»** жұрнақ зат-есіміне жалғанады сол затты зор тұтыу үшін йа көңілін аулау үшін; «аға» деген сөзге «еке» жұрнақ жалғаб «аға-еке» десек, ағаны зор тұтқанымыз йа көңілін аулағанымыз көрінеді» деп берілген. Яғни алдыңғы сөйлемдегідей *жалғанады* сөзі *зат-есіміне* дегеннен кейін берілген. Осы тараудағы сөйлемдердің құрылымын негізге ала отырып, сөйлем **«еке»** жұрнақ зат-есіміне сол есімді затты зор тұтыу үшін немесе көңілін аулау үшін жалғанады; «аға» деген сөзге «еке» жұрнағын жалғаб «аға-еке» десек, ағаны зор тұтқанымыз йа көңілін аулағанымыз көрінеді» түрінде толықтырылды.

Осы сөйлемде бұрынғы басылымдардағы *йа* жалғаулығының орнына *немесе* жалғаулығы қолданылған. Яғни 1927 жылғы «Тіл – құралда» араб, парсы тілдерінен енген жалғаулықтардың қазақ тіліндегі баламасы, қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарына бейімделген нұсқалары да қолданылған.

Түпнұсқаның 30-бетінде берілген ескертуде: «еке» жұрнақ көбінесе үлкен адамдарға айтылады. Кей сөздерде «еке» орнына жалғыз «й» қосылады. Мәселен: *ағай, апа – апай, ата – атай*. Кісіге сөйлегенде есіміне басқа жұрнақ немесе жұрнақ орнына бүтін сөз жалғанады, мәселен: *жан, ан, ман*», – делінген. Бұл сөйлем бұрынғы басылымдарда: «еке» жұрнақ көбінесе үлкен адамдарға айтылады. Кей сөздерде «еке» орнына жалғыз «й» қосылады. Мәселен: *аға – ағай, апа – апай, ата – атай*. Кішіге сөйлегенде есіміне басқа жұрнақ немесе жұрнақ орнына бүтін сөз жалғанады, мәселен: *жан, ан, ман»* түрінде берілген. Яғни 1927 жылғы басылымда *аға* сөзі түсіп қалған, *кіші* сөзі *кісі* болып өзгеріп кеткен. Ескертудің құрылымы мен мазмұнын негізге ала отырып, бұрынғы басылым негізінде толықтырылды.

Түпнұсқаның 30-бетіндегі дағдыландыруда «а» («е») жұрнақ сөздерді табқызыб, жалғатыу» деген тапсырма берілген. 1923 жылғы басылымда сөйлем осылай берілген. Яғни сөйлемде *жалғанған* сөзі түсіп қалғаны байқалады. Тапсырманың құрылымы мен мазмұны негізге алынып, сөйлем негізінде толықтырылды.

Түпнұсқаның 33-бетінде «Сыр сыны нәрсенің ішкі, тысқы сыр-сыйпатын: түрін, түсін, түгін, тұлғасын, пішінін, жайын, күйін көрсетеді» деп берілген сөйлем алдыңғы басылымдарда «Сыр сыны нәрсенің ішкі, тысқы сыр-сыйпатын: сырын, реңін, йағный түрін, түсін, түгін, тұлғасын, пішінін, жайын, күйін көрсетеді» түрінде берілген (34-бет). Яғни кейінгі басылымда *сырын, реңін, йағный* деген сөздер түсіп қалған. 1927 жылғы басылымда бірқатар олқылықтар орын алғанын, бірқатар сөздердің түсіп қалғанын ескере отырып, сөйлемді алдыңғы басылымдар бойынша толықтырдық.

Түпнұсқаның 33-бетінде «Сын-есім табына «бар», «жоқ», «оңқа», «алшы», «тіке», «жұб», «дара» сыйақты қалып-есім сөздер де кіреді» түрінде берілген ескерту алдыңғы басылымдарда жоқ. 1927 жылғы басылымның түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Ахмет Байтұрсынұлы «Тіл – құрал. Дыбыс жүйесі мен түрлері» атты еңбегінде ереже сайын *дағдыландыру, сынау* тапсырмаларын беріп отырса, «Тіл – құрал. Сөздің жүйесі мен түрлері» атты еңбекте сынау тапсырмаларын *іздету* деп атаған: **Іздетіу.** Тек сыны сөздер табтырыу (33-бет). **Іздетіу.** Сыр сыны сөздер табқызыу (34-бет). **Іздетіу.** Талғау қосымшаларын тіркерлік сөздер табтырыу (34-бет). **Іздетіу.** Осылар сыйақты сөздерді балаларға табтырыу (34-бет), т.с.с.

Түпнұсқаның 33-бетінде шырайлар туралы мәліметке арнайы тақырып берілсе, бұрынғы басылымдарда тақырып берілмей, сын есімнің ішінде сипатталған.

Түпнұсқаның 34-бетінде 9-параграфтан кейін 3 саны түсіп кеткен: «§9) 3 **Таңдаулы шырай** нәрсенің сыйқы өте артық екенін көрсетеді; оны көрсетіу үшін, жай шырайдағы сөздің алдына *ең, нақ, таб, тым, бек, қас* деген сөздер қосылыб айтылады. Мәселен: *ең жақсы, нақ шешен, таб зійрек, тым қорқақ, бек нәзік, қас батыр,* басқа да сондайлар». Бұл олқылық бұрынғы басылымдарда да кездеседі. Баспа тарапынан жіберілген ақау алынып тасталды.

Бүгінгі таңда бірге жазылып жүрген белгісіздік, болымсыздық есімдіктері «Тіл – құралда» түбірлердің арасына бос аралық қалдырылып, бөлек таңбаланған: Сын-есімнің кей біреулері зат-есімнің орнына жүреді (35-бет). Басқа ырайлардың әр қайсысын өз орнына тұтынамыз; сондықтан әр ырайдың жалғаулары өзінше басқа-басқа болады (70-бет). Әр етістен әр түрлі сөздер алыб, осы үлгі бойынша қосар түрде бійлік ырай мен жіктетіу (94-бет). Әр етістен әр түрлі сөздер алыб, осы үлгі бойынша қосар түрде ашық ырайдың осы шағы мен жіктетіу (96-бет). Әр етістен әр түрлі сөздер алыб, осы үлгі бойынша қосар түрде ырайдың өткен шағы мен жіктетіу (96-бет). Әр етістен әр түрлі сөздер алыб, осы үлгі бойынша ашық ырайдың келер шағы мен жіктетіу (97-бет). Әр етістен әр түрлі сөздер алыб осы үлгі бойынша қосар түрде шартты ырай мен жіктетіу (100-бет). Әр етістен әр түрлі сөздер алыб, осы үлгі бойынша қосар түрде ереуіл ырай мен жіктетіу (100-бет), т.с.с. Кітаптың өн бойында түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 36-бетінде «Затсымақ сын зат-есім сыйақты жай жалғаулары менде, айтылады» түрінде берілген сөйлемде *де* шылауы алдыңғы сөзбен тұтаса жазылған. Бұрынғы басылымдарда да осылай жазылған. Түпнұсқаның 37-бетіндегі «Қандай ақша?» деген сұраудың орнына «не ақша?» деб де сұралады» деген сөйлемде де жалғаулық алдыңғы сөзімен бірге жазылғандай көрінеді. Ғалым жалғаулықтарды жазуда алдыңғы сөздің соңына сөз соңындағы таңбаны қойып, жалғаулықты біріктіре жазған. Бұл басылымда келтірілген сөздер бөлек жазылды.

Түпнұсқаның 39-бетінде «Кішкене» (азғана) деген сын-есімдер қос сөздер: *кішкене = кіші, гәнә: азғана = аз, ғана*» деген ескерту берілген. Бұл ескерту алдыңғы басылымдарда да берілген. А.Байтұрсынұлы екі не одан көп сөзден құралған (тіркескен, біріккен, қосарланған) күрделі сөздердің бәрін «қос сөз» деп атаған. Яғни терминнің мағынасы бүгінгі таңда біршама тарылғанын байқаймыз. Сондықтан «қос сөз» атауын «күрделі сөз» деп түсіну қажет.

Түпнұсқаның 39-бетінде **«ла» («ле», «да», «де», «та», «те»)** жұрнақ сын-есіміне сол түрде болдырыу үшін жалғанады, мәселен, «жақсы» деген сөзге «ла» жұрнағын жалғаб, «жақсыла» дейміз (жақсы түрде болдырыу үшін); «әдеме» деген сөзге «ле» жұрнағын жалғаб, «әдемеле» дейміз (әдеме түрде болдырыу үшін)» деген сөйлем берілген. Бұрынғы басылымдарда да сөйлем осы қалпында берілген. Сөйлемдегі *әдеме* сөзі бүгінгі таңда *әдемі* түрінде қолданылып жүр. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 40-бетінде «Сан-есім нәрселердің есебін, іретін көрсететүн сөздер» түрінде берілген сөйлем бұрынғы басылымдарда «Сан-есім нәрселердің есебін, ретін көрсететүн сөздер» түрінде берілген. Яғни бүгінгі таңда *рет* түрінде жазылып жүрген сөз алдыңғы басылымдарда *рет,* 1927 жылғы басылымда *ірет* түрінде таңбаланған. Осы сөздің қатысуымен жасалған сөздердің бәрінде де түбірі *ірет* түрінде жазылған.

Осы бетте «Іретін көрсететүн сөздер; мәселен: *бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, жыйырманшы, отызыншы, қырқыншы, еліуінші, алпысыншы, жетпісінші, сексенінші, тоқсаныншы, жүзінші, мыңыншы, мыйлыйоныншы;* бұлар **іреттік** деб аталады» деген ереже берілген. Бүгінгі таңда *жиырмасыншы, жиырманшы* деп жарыса қолданылып жүрген сан есім А.Байтұрсынұлы еңбектерінде «жыйырманшы» түрінде ғана берілген.

Түпнұсқаның 40-бетінде «Екіншісі зат-есімге тіркелмей сөйленетүндігінен басқарақ айтылады: *бір – біреу, екі – екеу, үш – үшеу, төрт – төртеу, бес – бесеу, алты – алтау, жеті – жетеу,* бұлайша айтылыу жетіге шейін ақ бар» деген сөйлем берілген. Мұнда *ақ* демеулігі дефиссіз таңбаланған. Ал бұрынғы басылымдарда «Екіншісі зат-есімге тіркелмей сөйленетүндігінен басқарақ айтылады: *бір – біреу, екі – екеу, үш – үшеу, төрт – төртеу, бес – бесеу, алты – алтау, жеті – жетеу,* бұлайша айтылыу жетіге шейін-ақ бар» түрінде берілген (Тіл – құрал, 1923, 42-бет). Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 41-бетінде «Іреттік де үлкендете саналады» деп берілген сөйлем бұрынғы басылымдарда «Реттік-де үлкендете саналады» түрінде берілген. Яғни бұрынғы басылымдарда сол кездегі ережеге сәйкес жалғаулықтар дефис арқылы жазылса, Қазақ білімпаздарының бірінші съезінен кейін дефис қойылмайтын болды. Байтұрсынұлы еңбектерінде жалғаулықтар морфологиялық ұстанымға сәйкес көбінесе бір ғана нұсқада (ұяң) жазылған.

Түпнұсқаның 41-бетінде: «Іреттік бен саналғаңда есебтікбен саналғандай айтылыб келіб ең ақырғы сөздің айағына іреттік жұрнағы «ыншы» жалғанады», – делінген. Жұрнақ 1923 жылғы басылымда **-ншы** түрінде берілсе, 1927 жылғы басылымда **-ыншы** түрінде таңбаланған. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 41-бетінде: «Бұлардан басқа нәрсенің бүтіні емес, – бөлімтігінің санын көрсететүн сөздер бар; олар **бөлшек** деб аталады. Бөлшек сан: *жарты, жарым, шійрек.* Қазақтың тілінде бөлшек санның есімі тібті аз» деп берілген сөйлем 1923 жылғы басылымда «Бұлардан басқа нәрсенің бүтіні емес, – бөлімтігінің санын көрсететүн сөздер бар; олар **жарнақ** деб аталады. Жарнақ сан: *жарты, жарым, шійрек.* Қазақтың тілінде жарнақ санның есімі тібті аз» түрінде жазылған. Ал 1920 жылғы «Тіл – құралда» *телімдік* деп аталған: «Бұлардан басқа нәрсенің бүтіні емес, бөлімтігінің санын көрсететін сөздер бар; олар *телімдік* деп аталады. Телімдік сан: *жарты, жарым, ширек*. Қазақтың тілінде *телімдік* санның есімі тіпті аз». Яғни бірнеше атаудың қолданылуынан терминдердің қалыптану сипатын көреміз. Жинақта 1927 жылғы басылымдағы нұсқа берілді.

Осы бетте ғалым «Сан-есім жалғаулары зат-есім, сын-есім жалғаулары мен бірдей; айтылыуына қарай жалғаулар йа тікелей санға жалғанады, йа жанындағы басқа есімге жалғанады. Жадағай есебтік басқа есімге қосарланыб айтылмайтұн болғандықтан жалғаулар оларға қай кезде де өзіне жалғанады, мысалдар алыб қарайық» деген сөйлемдерді келтіреді. Сан есімнің атаулары әртүрлі болғанмен, үш басылымда да (1920, 1923,

1927) *жалғау* сөзі қолданылған. Бұл орайда А.Байтұрсынұлының жалғауларды өз ішінен *ішкергі жалғау, тысқарғы жалғау* деп жіктейтінін, сөз тудыратын жұрнақтарды *ішкергі жалғау*, сөз тұлғасын өзгерткенмен, мағынасын өзгертепейтін қосымшаны *тысқарғы жалғау* деп атағанын ескеру қажет. Яғни бүгінгі таңда *жалғау* сөзінің мағынасы тарылып, нақтыланған. Кітапта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 47-бетінде «Түбір сан-есімдер заттың жай санын көрсетеді. Мәселен: *бір ат, екі қой, үш сыйыр* тағысын тағы сондай. Жай санға басқа мағана кіретүн болса, онда сан есіміне әр түрлі жұрнақтар қосылады, мәсалан, нәрсенің іретін көрсетіу үшін сан-есіміне «ыншы» жұрнағын жалғаб, іреттік сан-есім етіб отырмыз» деген сөйлемде мәселен екі түрлі таңбаланған: біресе қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарына сәйкес *мәселен* түрінде жазылса, енді бірде түпнұсқаға жақын түрінде (*мәсалан*) жазылған. Бір сөздің түрліше жазылуынан кітаптың жаңа емлеге сәйкес толық сәйкестендіріліп үлгермегенін байқауға болады. Бұрынғы басылымдарда түпнұсқаға жақындатып, *мәсалан* түрінде таңбаланған. Жинақта 1927 жылғы басылымдағы нұсқа берілді.

Түпнұсқаның 49-бетінде «Шектеу есімдігі дегеніміз нәрсенің шегін айта сөйлегенде айтылатұн сөздер, мәселен, *бәрі, барша, өз.* «Әр» деген сөз өзі шектеу жана басқа сөздерге де қосылыб шектеу есімдігінің орнына жүреді, мәселен, *әр кім, әр бір, әр қайсысы* жана басқа сондай сөздер» деп берілген сөйлем 1991 жылғы (Тіл тағылымы. Алматы: Ана тілі, 1991. 228-б.); 2003 жылғы (3-том); 2013 жылы (3-том, 149-б.), 2013 жылғы (Қазақ тіл білімінің мәселелері. Алматы, 2013. 100-б.) сияқты кейінгі басылымдарда *жіктеу есімдігі* түрінде берілген. 2017 жылы (Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы. Астана: Алашорда, 2017. 14-561-б.), 2022 жылы (Таңдамалы шығармалары. Алматы: Қазақ университеті, 2022. 85-343-б.) жарық көрген жинақтарда шектеу есімдігі түпнұсқаға сәйкес берілген. «Шектеу есімдігін» «жіктеу есімдігі» деп қате берілген (қате оқығандық-

тан, «жіктеу есімдігі» деген атау екі рет берілген) жинақтарда ол есімдіктің анықтамасы «Жіктеу есімдігі дегеніміз – нәрсенің жігін айта сөйлегенде айтылатын сөздер, мәселен, *бәрі, барша*» деп берілген. 3-томда құрастырушылар тарапынан «Жалпылау есімдігі деп түсінген жөн» деген түсінік берілген (149-бет). Дұрысында, шектеу есімдіктері жалпылау есімдіктері ғана емес. Одан әлдеқайда ауқымды. Бұл орайда ғалым функционалды грамматиканың ұстанымдарын түсінгені, есімдіктерді топтастыруда функционалды лингвистиканың ұстанымдарын басшылыққа алғаны байқалады. Ғалымның шектеу есімдіктері анықтық категориясын білдіру үшін қолданылатын есімдіктер де танықтау есімдігі танықтық категориясын білдіру үшін қолданылатын есімдіктер. Яғни А.Байтұрсынұлы қазіргі кезде оқулықтарда өздік есімдігі, жалпылау есімдігі ретінде танылып жүрген есімдіктерді шектеу есімдігі деп, болымсыздық, белгісіздік есімдіктері ретінде беріліп жүрген есімдіктерді танықтық есімдіктері деп біріктірген. Яғни, анықтық/танықтық мәндерін негізге ала отырып, аталған есімдіктердің басын біріктірген. Функционалды грамматика ұстанымдары бойынша, анықтылық/танықтылық функционалды-семантикалық категориясы сөз болып отырған нәрсенің, адамның т.с.с. сөйлеуші мен тыңдаушыға қаншалық анық /танық, белгілі/белгісіз болуына, таныс/бейтаныс болуына негізделеді. Бұл жерде А.Байтұрсынұлы есімдіктерді жіктеуде осы ерекшелікке ерекше мән берген. Ғалымның шектеу және танықтық есімдіктерін анықтық/танықтық мәндерін білдіруіне байланысты өзіндік оппозиция құрай алатынын ескергені байқалады. А.Байтұрсынұлы еңбектерінде, яғни XX ғасырдың басында ұлттық тіл білімі қалыптаса бастаған кездің өзінде-ақ ғалымның функционалды грамматиканың көптеген мәселелерін терең зерделеп, түсінгені байқалады. А.Байтұрсынұлы функционалды грамматикаға қатысты қазіргі кезде қолданылып жүрген атауларды қолданбағанымен, негізгі ұстанымдарды, функционалды-семантикалық категория, өріс, семантикалық инвариант, ұғымдық категориялардың өзіндік ерекшеліктерін терең түсінген.

Түпнұсқаның 49-бетіндегі «**Таныктау есімдігі** дегеніміз нәрсенің жоқтығын немесе анық белгілі еместігін, болмаса түгел еместігін көрсеткенде айтылатын сөздер, мәселен, *еш кім, еш деме, дәнеме, еш бір* – бұлар жоқтықты көрсетеді; *кей, қайсы бір* – бұлар нәрсенің түгел еместігін көрсетеді. *Біреу, әлде кім, әлде не* анық белгілі еместігін көрсетеді» бүгінгі таңда бірге жазылып жүрген есімдіктер бөлек таңбаланған. Кітапта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 53-бетінде «Шектеу есімдіктері тәуелді қалпында ғана себтеуге, жіктеуге келеді. Жалғыз-ақ «өз» деген шектеу есімдігінде себтеу жұқанағы байқалады, бірақ, ол жұқанақ «өз» деген сөз қалыбты мағанасынан шыққан түрлерінде ұшырайды. Мәселен «өзге», «өзді-өзі» дегенде біреуінде барыс жалғауы бар. Екіншісінде табыс жалғауы бар сыйақты, бір ақ, «өзге» деген «басқа» деген мағанада, «өзді-өзі» деген «өз-ара» деген мағанада. «Басқа» деген сөз басында барыс жалғаудан болғанымен, бұл күнде «бас» деген сөздің бастауын көрсетбейді; сол сыйақты «өз-ара» деген сөздің орнына айтылыб тұрған «өзді-өзі» деген сөз «өз» деген есімдіктің табыстауы болмайды» түрінде берілген бөлік 1923 жылғы басылымда «Шектеу есімдіктері тәуелді қалпында ғана себтеуге, жіктеуге келеді. Жалғыз-ақ «өз» деген шектеу есімдігінде себтеу жұқанағы байқалады, бірақ, ол жұқанақ «өз» деген сөз қалыбты мағанасынан шыққан түрлерінде ұшырайды. Мәселен «өзге», «өзді-өзі» дегенде біреуінде барыс жалғауы бар. Екіншісінде табыс жалғауы бар сыйақты, бір ақ, «өзге» деген «басқа» деген мағанада, «өзді-өзі» деген «өз-ара» деген мағанада. «Басқа» деген сөз басында барыс жалғаудан болғанымен, бұл күнде «бас» деген сөздің бастауын көрсетбейді; сол сыйақты «өз-ара» деген сөздің орнына айтылыб тұрған «өзді-өзі» деген сөз «өз» деген есімдіктің табыстауы болмайды» түрінде берілген. 1927 жылғы басылымда *өзді* сөзі түсіп қалған. Соның салдарынан сөйлем түсініксіз болып шыққан. «Мәселен «өзге», «өзі» дегенде біреуінде барыс жалғауы бар. Екіншісінде табыс жалғауы бар сыйақты»

деген мәнмәтіннен табыс септік тұлғалы сөздің түсіп қалғаны байқалады. Яғни «өзді өзі» сөзінің алғашқы сыңары (өзді) түсіп қалған. Кейінгі бөлімде ол сөз толық қолданылады: ««өзді-өзі» деген «өз-ара» деген мағанада»; «өзді-өзі» деген сөз «өз» деген есімдіктің табыстауы болмайды» деген үзінділерден қай сөздің түсіп қалғаны аңғарылып тұр. 1923 жылғы басылымда ол сөз түсіп қалмаған, сол себепті айтылған ой да түсінікті. Осыған байланысты үзіндідегі түсіп қалған сөздер қалпына келтіріліп, толықтырылды.

«Тіл – құралдың» бұрынғы басылымдарында да, 1927 жылғы басылымында да тәуелденетін сөздерді беруде бірізділік сақталмаған: біресе сөздер тырнақшаға алынып берілген, енді бірде тырнақшасыз берілген. Баспа тарапынан жіберілген қате жөнделіп, сөздердің бәрі тырнақшаға алынды.

Түпнұсқаның 58-бетінде оңаша тәуелдеуді себтеу берілген. Онда өз сөзінің септелуі былайша көрсетілген:

Жекеше:	1-жақ	2-жақ	3-жақ
Атау	*өзім*	*өзің*	*өзі*
Іліктеу	*өзімнің*	*өзіңнің*	*өзінің*
Барыстау	*өзіме*	*өзіңе*	*өзіне*
Табыстау	*өзімді*	*өзіңді*	*өзін*
Жатыстау	*өзімде*	*өзіңде*	*өзінде*
Шығыстау	*өзімнен*	*өзіңнен*	*өзінен*
Көбше:			
Атау	*өздерім*	*өздерің*	*өздері*
Іліктеу	*өздерімнің*	*өздеріңнің*	*өздерінің*
Барыстау	*өздеріме*	*өздеріңе*	*өздеріне*
Табыстау	*өздерімді*	*өздеріңді*	*өздерін*
Жатыстау	*өздерімде*	*өздеріңде*	*өздерінде*
Шығыстау	*өздерімнен*	*өздеріңнен*	*өздерінен*

Осы септеу үлгісі 1923 жылғы басылымда да осы қалпында берілген.

Ал 1920 жылы Қазанда жарық көрген «Тіл – құрал» (қазақ тілінің сарфында (2-басылуы) *өз* есімдігінің анайы түрдегі көпше түрінің І жағы болмайтыны анық көрсетілген:

I. Анайы қалып

«*Өз*» деген сөз	1-жақ	2-жақ	3-жақ
Жекеше:			
Атау	*өзім*	*өзің*	*өзі*
Ілік жалғау	*өзімнің*	*өзіңнің*	*өзінің*
Барыс жалғау	*өзіме*	*өзіңе*	*өзіне*
Табыс жалғау	*өзімді*	*өзіңді*	*өзін*
Жатыс жалғау	*өзімде*	*өзіңде*	*өзінде*
Шығыс жалғау	*өзімнен*	*өзіңнен*	*өзінен*
Көпше:	жоқ		
Атау		*өздерің*	*өздері*
Ілік жалғау		*өздеріңнің*	*өздерінің*
Барыс жалғау		*өздеріңе*	*өздеріне*
Табыс жалғау		*өздерінді*	*өздерін*
Жатыс жалғау		*өздеріңде*	*өздерінде*
Шығыс жалғау		*өздеріңнен*	*өздерінен*

II. Сыпайы қалып

Жекеше:			
Атау	*өзіміз*	*өзіңіз*	жоқ
Ілік жалғау	*өзіміздің*	*өзіңіздің*	–
Барыс жалғау	*өзімізге*	*өзіңізге*	–
Табыс жалғау	*өзімізді*	*өзіңізді*	–
Жатыс жалғау	*өзімізде*	*өзіңізде*	–
Шығыс жалғау	*өзімізден*	*өзіңізден*	–
Көпше:			
Атау	*өздеріміз*	*өздеріңіз*	–
Ілік жалғау	*өздеріміздің*	*өздеріңіздің*	–
Барыс жалғау	*өздерімізге*	*өздеріңізге*	–
Табыс жалғау	*өздерімізді*	*өздеріңізді*	–
Жатыс жалғау	*өздерімізде*	*өздеріңізде*	–
Шығыс жалғау	*өздерімізден*	*өздеріңізден*	–

1927 жылғы басылымда шектеу есімдіктерін оңаша тәуелдеуде *өз* есімдігінің анайы түрінің I жақ көпшесі болмайтыны көрсетілген:

Шектеу есімдіктері: «өз», «бәр», «барша».

Жекеше:

1-жақ	*өзім*	–	–
2-жақ	*өзің*	*бәрің*	*баршаң*
3-жақ	*өзі*	*бәрі*	*баршасы*

Көбше:

1-жақ	–	–	–
2-жақ	*өздерің*	–	*баршаларың*
3-жақ	*өздері*	–	*баршалары*

Ол 1923 жылғы басылымда да берілген.

«Еңбекші қазақ» газетінің 1925 жылғы 410-санында жарияланған Нәзір Төреқұловтың «Қашан болады?» деген мақаласына (бұл мақаланы Нәзір Төреқұлов Мәскеуде 1925 жылдың 15 қазанында жазған) жауап ретінде жазған А.Байтұрсынұлының «Жоқшыға дерек» атты мақаласында («Еңбекші қазақ» газетінің 1925 жылғы 14 желтоқсандағы санында басылған) ғалым: «Кәзіргі жасалған машиналардың қарпіндегі жалғыз айып – сұлу еместігі. Онысы араб қарпі мен машина жасауға болмайтындығын көрсетпейді, қазақта зауыт түгіл, шеге басын тойтара білетін шебер жоқтығын көрсетеді. Біз машина қаріптерін араб қарпі түсіне енбеген орыстың шелек жасайтын шеберлеріне істетіп отырмыз», – дейді. Сол себепті «маман жетіспеушілігіне байланысты ғалымның қолжазбасын теру барысында баспа тарапынан ақау болуы мүмкін әрі уақыттың қауырт болуына байланысты түзетулер толық енгізілмей қалуы ықтимал» деген де ой бар. А.Байтұрсынұлы жазбаларының қолжазбасы табылса, ғалымның ұстанымын айқындауға болар еді. Сондықтан бұл мәселе ғалымдар тарапынан жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

Түпнұсқаның 66-бетінде «Етістік болған-болмаған істі көрсетуіне қарай, 1) болымды істі, 2) болымсыз істі етістік болыб екі айырылады.

Онан кейін өзгеріу түрлеріне қарай, 1) **жай түрлі**, 2) **көсемше түрлі**, 3) **есімше түрлі** етістік болыб, үш айрылады» делінген.

Осы шағын үзіндіде *айырылады* сөзінің екі түрлі жазылғаны аңғарылады. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Осы бетте «Етістіктің жай түрі: *сөйле, кел, оқы*.

Етістіктің көсемше түрлері: *сөйлей, сөйлеб, сөйлегелі; келсе, келіб, келгелі; оқый, оқыб, оқығалы.*

Етістіктің есімше түрлері: 1) зат-есімше түрі: *сөйлеу, келіу, оқыу*; 2) сын-есімше түрі: *сөйлеуші, сөйлеген, сөйлейтүн; келіуші, келген, келетүн; оқыушы, оқыған, оқыйтұн»* деп берілген сөйлем бұрынғы басылымдарда кездеспейді: «Етістік болған-болмаған екі түрлі істі көрсеткендіктен екіге бөлінеді: 1) болымды, 2) болымсыз. Мұнан басқа етістіктің өзгеше екі түрі бар: 1) көсемше, 2) есімше» (68-бет).

1927 жылғы нұсқада етістіктің көсемше түрі ретінде *келсе* сөзі берілген. Ғалым көсемше тұлғалары ретінде **-а/-е/-й** (үнемді көсемше); **-ып/-іп** (үнемсіз көсемше); **-ғалы/-гелі** (мұратты көсемше) атайды. Ал **-са/-се** көсемше көрсеткіші ретінде берілмеген. Әрі көсемше тұлғалы етістіктердің тұлғасынан да (*сөйлей, сөйлеб, сөйлегелі; оқый, оқыб, оқығалы*) А.Байтұрсынұлының **-са/-се** жұрнағын көсемше ретінде танымғаны байқалады. Сол себепті бұл қатардағы *келсе* сөзі *келе* болып өзгертілді: келе, *келіб, келгелі.*

Түпнұсқаның 66-бетінде ғалым қазақ тіліндегі 10 етісті көрсетеді: 1) сабақты етіс, 2) салт етіс, 3) ортақ етіс, 4) өздік етіс, 5) өзгелік етіс, 6) беделді етіс, 7) ырықсыз етіс, 8) шағыс етіс, 9) дүркінді етіс, 10) өсіңкі етіс. Осы етістер бұрынғы басылымдарда да берілген. Алайда 1991 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта «шағыс етіс» «шығыс етіс» ретінде берілген. 2013 жылғы (3-том, 157-б.), 2013 жылғы (Қазақ тіл білімінің мәселелері. Алматы, 2013. 107-б.); 2017 жылғы (Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы. Астана: Алашорда, 2017. 14-561-б.), 2022 жылғы (Таңдамалы шығармалары. Алматы: Қазақ университеті, 2022. 85-343-б.) жинақтарда *шағыс етіс* деп берілген. Кітаптың 69-бетінде ғалым шағыс етісті былайша сипаттайды: «**Шағыс етіс** дейміз – ортақ істі істеуге себебкер

болыуды. Мыйсалы: *балаларды күрестірдім, елді табыстырдым, екі жағын соғыстырдым.* «Күрестірдім» дегенде күресіулеріне мен себебкер болғанмын; «табыстырдым» дегенде табысыуларына мен себебкер болғанмын; «соғыстырдым» дегенде соғысыуларына мен себебкер болғанмын. «Күрестірдім», «табыстырдым», «соғыстырдым» деген сыйақты сөздерді **шағыс етіс** дейміз». Яғни шағыс етіс ортақ іске біреудің себепші болуын көрсетеді. Ендеше, *шығыс* атауынан гөрі *шағыс* атауы дәл келеді әрі бұрынғы басылымдарда да, 1927 жылғы басылымда да етістің бұл түрі *шағыс етіс* деп берілген. Сондықтан түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 67-бетінде **дағдыландыру тапсырмасы** «Қыйрағат кітәбіндегі мақаланың бірін алыб, соның ішіндегі сабақты етістерді көрсеткізіу» түрінде берілген. Ғалым еңбектерінде бүгінде *кітап* түрінде қолданылып жүрген сөз үндестік заңына сәйкес *кітеб, кітәб* түрінде берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 70-бетінде қазақ тіліндегі рай категориясын сипаттап, «Етіс түрлі ырай мен сөйленеді. Ол ырайлардың көбінесе жұмсалатұн түрлері мыналар: 1) тұйық ырай, 2) бійлік ырай, 3) ашық ырай, 4) шартты ырай, 5) ереуіл ырай, 6) іреніш ырай, 7) қалау ырай, 8) сенімді ырай, 9) сенімсіз ырай, 10) мұң ырай, 11) көніс ырай, 12) қайрау ырай, 13) ызалы ырай, 14) теріс ырай, 15) болжал ырай», – дейді. Байқап отырғанымыздай, бүгінгі таңда *рай, реніш* түрінде жазылып жүрген сөз *ырай, іреніш* деп берілген. 1927 жылғы 7-басылымда да (Тіл – құрал. 1927, 7-басылуы, 70-бет), алдыңғы басылымдарда (1923 жылғы басылымда да) да *рай, реніш* деп берілген. Яғни 1927 жылғы 6, 7-басылымдарда *ырай* сөзі Қазақ білімпаздарының съезіндегі қаулыға сәйкес таңбаланған. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

А.Байтұрсынұлының барлық басылымдарында *ызалы рай* түрінде берілген рай 1991 жылы (Тіл тағылымы. Алматы: Ана тілі, 1991. 141173-б.); 2003 жылы (3-том); 2013 жылы (3-том, 23-101-б.); 2013 жылы (Қазақ тіл білімінің мәселелері. Алматы,

2013. 51-155-б.) қайта жарық көрген жинақтарда *азалы рай* деп берілген. 2017 жылы (Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы. Астана: Алашорда, 2017. 14-561-б.), 2022 жылы (Таңдамалы шығармалары. Алматы: Қазақ университеті, 2022. 85-343-б.) жинақтарда *ызалы рай* түрінде берілген. *Азалы рай* түрінде берген жинақ құрастырушылар **ы** әрпінің алдындағы сүйеу таяқты **а** деп қате оқыған: ازالى راي Қайта жариялау барысында кеткен қате жөнделіп, жинаққа түпнұсқадағы қалпы берілді.

А. Байтұрсынұлы билік райды анайы қалыпта жіктеуде қазақ тілінде мендер деген есімдіктің болмауына байланысты I жақ көпше түрінің де болмайтынын көрсетеді:

Анайы жіктеу

Болымды түрлері:

Жекеше:	1-жақ (*мен*)	2-жақ (*сен*)	3-жақ (*ол*)
жаз	*жазайын*	*жаз*	*жазсын*
жыла	*жылайын*	*жыла*	*жыласын*
күрес	*күресейін*	*күрес*	*күрессін*
жұуын	*жұуынайын*	*жұуын*	*жұуынсын*
қаздыр	*қаздырайын*	*қаздыр*	*қаздырсын*
жатқыз	*жатқызайын*	*жатқыз*	*жатқызсын*
жегіл	*жегілейін*	*жегіл*	*жегілсін*
атыстыр	*атыстырайын*	*атыстыр*	*атыстырсын*
шабқыла	*шабқылайын*	*шабқыла*	*шабқыласын*
алыңқыра	*алыңқырайын*	*алыңқыра*	*алыңқырасын*
Көбше:	(мендер айтылмайды)	(сендер)	(олар)
жаз	–	*жазыңдар*	*жазсын*
жыла	–	*жыланңдар*	*жыласын*
күрес	–	*күресіңдер*	*күрессін*
жұуын	–	*жұуыныңдар*	*жұуынсын*
қаздыр	–	*қаздырыңдар*	*қаздырсын*
жатқыз	–	*жатқызыңдар*	*жатқызсын*
жегіл	–	*жегіліңдер*	*жегілсін*
атыстыр	–	*атыстырыңдар*	*атыстырсын*
шабқыла	–	*шабқыланңдар*	*шабқыласын*
алыңқыра	–	*алыңқыраңдар*	*алыңқырасын*

Сол сияқты болымсыз тұлғада да осы заңдылық сақталатынын көрсетеді:

Болымсыз түрлері:			
Жекеше:			
жазба	*жазбайын*	*жазба*	*жазбасын*
жылама	*жыламайын*	*жылама*	*жыламасын*
күресбе	*күресбейін*	*күресбе*	*күресбесін*
жұуынба	*жұуынбайын*	*жұуынба*	*жұуынбасын*
қаздырма	*қаздырмайын*	*қаздырма*	*қаздырмасын*
жатқызба	*жатқызбайын*	*жатқызба*	*жатқызбасын*
жегілме	*жегілмейін*	*жегілме*	*жегілмесін*
атыстырма	*атыстырмайын*	*атыстырма*	*атыстырмасын*
шабқылама	*шабқыламайын*	*шабқылама*	*шабқыламасын*
алыңқырама	*алыңқырамайын*	*алыңқырама*	*алыңқырамасын*
Көбше:			
жазба	–	*жазбаңдар*	*жазбасын*
жылама	–	*жыламаңдар*	*жыламасын*
күресбе	–	*күресбеңдер*	*күресбесін*
жұуынба	–	*жұуынбаңдар*	*жұуынбасын*
қаздырма	–	*қаздырмаңдар*	*қаздырмасын*
жатқызба	–	*жатқызбаңдар*	*жатқызбасын*
жегілме	–	*жегілмеңдер*	*жегілмесін*
атыстырма	–	*атыстырмаңдар*	*атыстырмасын*
шабқылама	–	*шабқыламаңдар*	*шабқыламасын*
алыңқырама	–	*алыңқырамаңдар*	*алыңқырамасын*

Ал сыпайы жіктеудің жекеше, көпше түрі бар екенін көрсетіп, парадигмасын келтіреді. Ғалым еңбектерінде сыпайы түрі бүгінгі таңда беріліп жүргендей II жақпен ғана шектелмейді. Қазіргі кезде анайы түрінің көпше I жағы ретінде беріліп жүрген тұлғалар ғалымның еңбектерінде сыпайы түрінің жекешесі ретінде берілген. Қолданыста болғанмен, парадигмада көрсетілмей жүрген **-лық/-лік** тұлғасы сыпайы түрінің жекешесі ретінде берілген:

Сыпайы жіктеу

Болымды түрлері:			
Жекеше:	1-жақ	2-жақ	3-жақ
жаз	*жазайық*	*жазыңыз*	*жазсын*
жыла	*жылайық*	*жылаңыз*	*жыласын*
күрес	*күресейік*	*күресіңіз*	*күрессін*
жұуын	*жұуынайық*	*жұуыныңыз*	*жұуынсын*
қаздыр	*қаздырайық*	*қаздырыңыз*	*қаздырсын*
жатқыз	*жатқызайық*	*жатқызыңыз*	*жатқызсын*
жегіл	*жегілейік*	*жегіліңіз*	*жегілсін*
атыстыр	*атыстырайық*	*атыстырыңыз*	*атыстырсын*
шабқыла	*шабқылайық*	*шабқылаңыз*	*шабқыласын*
алыңқыра	*алыңқырайық*	*алыңқыраңыз*	*алыңқырасын*
Көбше:			
жаз	*жазалық*	*жазыңыздар*	*жазсын*
жыла	*жылалық*	*жылаңыздар*	*жыласын*
күрес	*күреселік*	*күресіңіздер*	*күрессін*
жұуын	*жұуыналық*	*жұуыныңыздар*	*жұуынсын*
қаздыр	*қаздыралық*	*қаздырыңыздар*	*қаздырсын*
жатқыз	*жатқызалық*	*жатқызыңыздар*	*жатқызсын*
жегіл	*жегілелік*	*жегіліңіздер*	*жегілсін*
атыстыр	*атыстыралық*	*атыстырыңыздар*	*атыстырсын*
шабқыла	*шабқылалық*	*шабқылаңыздар*	*шабқыласын*
алыңқыра	*алыңқыралық*	*алыңқыраңыздар*	*алыңқырасын*

Ғалым еңбектеріндегі парадигма кітаптың өн бойында түпнұсқадағы қалпында берілді.

Рай тұлғалы етістіктерді анайы қалыпта жіктеуде II жақ тұлғасындағы етістік көбінесе **-сын/-сін** түрінде келеді:

Анайы жіктеу

Осы шақ

Болымды түрлері:

Жекеше:	1-жақ	2-жақ	3-жақ
жаз	*жазамын*[*]	*жазасын*	*жазады*
жыла	*жылаймын*	*жылайсын*	*жылайды*
күрес	*күресемін*	*күресесін*	*күреседі*
жұуын	*жұуынамын*	*жұуынасын*	*жұуынады*
қаздыр	*қаздырамын*	*қаздырасын*	*қаздырады*
жатқыз	*жатқызамын*	*жатқызасын*	*жатқызады*
жегіл	*жегілемін*	*жегілесін*	*жегіледі*
атыстыр	*атыстырамын*	*атыстырасын*	*атыстырады*
шабқыла	*шабқылаймын*	*шабқылайсын*	*шабқылайды*
алыңқыра	*алыңқыраймын*	*алыңқырайсын*	*алыңқырайды*

Көбше:			
жаз	–	*жазасындар*	*жазады*
жыла	–	*жылайсындар*	*жылайды*
күрес	–	*күресесіндер*	*күреседі*
жұуын	–	*жұуынасындар*	*жұуынады*
қаздыр	–	*қаздырасындар*	*қаздырады*
жатқыз	–	*жатқызасындар*	*жатқызады*
жегіл	–	*жегілесіндер*	*жегіледі*
атыстыр	–	*атыстырасындар*	*атыстырады*
шабқыла	–	*шабқылайсындар*	*шабқылайды*
алыңқыра	–	*алыңқырайсындар*	*алыңқырайды*

Болымсыз түрлері:

[*] Асылында «жазамын», «жазасын», «жазады» деген көмекші түр. Бұл күнде көмекші мағанасынан айрылып, жай етістің мағанасына түсіп кеткен. Немесе, көсемше түр бұрын жоқ болып, соңынан айрықша түрге айналған болады. Жазыу ерте кіріскен түркі тілдерде көсемше түр бұрын жай етістік болғандығы көрініп тұр. Мәселен: татарлар – *мен барамын, сен барасын, ол бара* дейді.

Мұнан *жұп, тақ, одақ, дара* деген сөздердей етістік нәрсенің ісін, қалпын көрсететүн сөз болып есімдерше жіктелгені көрінеді (*мен жұббын, дақбын, дарамын; сен жұбсын, тақсын, одақсын, дарасын; ол жұб, тақ, одақ, дара* деген сыйақты).

Жекеше:

жазба	*жазбаймын*	*жазбайсын*	жазбайды
жылама	*жылаймын*	*жыламайсын*	жыламайды
күресбе	*күресбеймін*	*күресбейсін*	күресбейді
жұуынба	*жұуынбаймын*	*жұуынбайсын*	жұуынбайды
қаздырма	*қаздырмаймын*	*қаздырмайсын*	қаздырмайды
жатқызба	*жатқызбаймын*	*жатқызбайсын*	жатқызбайды
жегілме	*жегілмеймін*	*жегілмейсін*	жегілмейді
атыстырма	*атыстырмаймын*	*атыстырмайсын*	атыстырмайды
шабқылама	*шабқыламаймын*	*шабқыламайсын*	шабқыламайды
алыңқырама	*алыңқырамаймын*	*алыңқырамайсын*	алыңқырамайды

Көбше:

жазба	–	*жазбайсындар*	жазбайды
жылама	–	*жыламайсындар*	жыламайды
күресбе	–	*күресбейсіндер*	күресбейді
жұуынба	–	*жұуынбайсындар*	жұуынбайды
қаздырма	–	*қаздырмайсындар*	қаздырмайды
жатқызба	–	*жатқызбайсындар*	жатқызбайды
жегілме	–	*жегілмейсіндер*	жегілмейді
атыстырма	–	*атыстырмайсындар*	атыстырмайды
шабқылама	–	*шабқыламайсындар*	шабқыламайды
алыңқырама	–	*алыңқырамайсындар*	алыңқырамайды

Келер шақ

Болымды түрлері:

Жекеше:	1-жақ	2-жақ	3-жақ
жаз	*жазармын*	*жазарсын*	*жазар*
жыла	*жылармын*	*жыларсын*	*жылар*
күрес	*күресермін*	*күресерсін*	*күресер*
жұуын	*жұуынармын*	*жұуынарсын*	*жұуынар*
қаздыр	*қаздырармын*	*қаздырарсын*	*қаздырар*
жатқыз	*жатқызармын*	*жатқызарсын*	*жатқызар*
жегіл	*жегілермін*	*жегілерсін*	*жегілер*
атыстыр	*атыстырармын*	*атыстырарсын*	*атыстырар*
шабқыла	*шабқылармын*	*шабқыларсын*	*шабқылар*
алыңқыра	*алыңқырармын*	*алыңқырарсын*	*алыңқырар*

Көбше:			
жаз	–	*жазарсындар*	*жазар*
жыла	–	*жыларсындар*	*жылар*
күрес	–	*күресерсіндер*	*күресер*
жұуын	–	*жұуынарсындар*	*жұуынар*
қаздыр	–	*қаздырарсындар*	*қаздырар*
жатқыз	–	*жатқызарсындар*	*жатқызар*
жегіл	–	*жегілерсіндер*	*жегілер*
атыстыр	–	*атыстырарсындар*	*атыстырар*
шабқыла	–	*шабқыларсындар*	*шабқылар*
алыңқыра	–	*алыңқырарсындар*	*алыңқырар*

Болымсыз түрлері:

Жекеше:

жазба	*жазбасбын*[*]	*жазбассын*	жазбас
жылама	*жыламасбын*	*жыламассын*	жыламас
күресбе	*күресбесбін*	*күресбессін*	күресбес
жұуынба	*жұуынбасбын*	*жұуынбассын*	жұуынбас
қаздырма	*қаздырмасбын*	*қаздырмассын*	қаздырмас
жатқызба	*жатқызбасбын*	*жатқызбассын*	жатқызбас
жегілме	*жегілмесбін*	*жегілмессін*	жегілмес
атыстырма	*атыстырмасбын*	*атыстырмассын*	атыстырмас
шабқылама	*шабқыламасбын*	*шабқыламассын*	шабқыламас
алыңқырама	*алыңқырамасбын*	*алыңқырамассын*	алыңқырамас

Көбше:

жазба	–	*жазбассындар*	жазбас
жылама	–	*жыламассындар*	жыламас
күресбе	–	*күресбессіндер*	күресбес
жұуынба	–	*жұуынбассындар*	жұуынбас
қаздырма	–	*қаздырмассындар*	қаздырмас
жатқызба	–	*жатқызбассындар*	жатқызбас
жегілме	–	*жегілмессіндер*	жегілмес
атыстырма	–	*атыстырмассындар*	атыстырмас
шабқылама	–	*шабқыламассындар*	шабқыламас
алыңқырама	–	*алыңқырамассындар*	алыңқырамас

Түпнұсқаның 74-78-беттеріндегі жіктеу парадигмалары түпнұсқа қалпында берілді.

Түпнұсқаның 81-бетінде «Істің істеліуіне шарт көрсететүн сөздің түрін **шартты ырай** дейміз. Мыйсалы: «Берсең аларсын, ексең орасын» деген сөйлем келтірілген. Ондай мысал еңбекте өте көп: «Істің істеліу-істелмеуіне көңіл сеніб сөйлегенде айтылатұн сөз түрін **сенімді ырай** дейміз. Мыйсалы, *алғаймын, алмағаймын, тұрғайсын, тұрмағайсын, болғай, болмағай* деген сыйақты сөздер **сенімді ырай** болады» (89-бет). Яғни мұнда да II жақ тұлғасындағы етістікке жіктік жалғаулары **-сын/-сін** түрінде жалғанған.

[*] Күшейтіу үшін «жазбаспын» орнына «жазбан», «жыламаспын» орнына «жыламан» деліп айтылады.

Түпнұсқаның 84-бетінде «Істейтүн істің мақсатына болымы қарсы, ереуіл болғанда айтылатұн сөз түрін **ереуіл ырай** дейміз. Мыйсалы, «сұрасаңда бермеймін; сүйресеңде ермеймін» деген сөздерде «сұрасаңда», «сүйресеңде» деген ереуіл ырай болады. Сұрағанда алыу мақсат, сүйрегенде ертіу мақсат еді» деген сөйлем келтірілген.

Бұрынғы басылымдарда жалғаулықтар алдыңғы сөзбен дефис арқылы ажыратылатын. 1927 жылғы басылымдарда жалғаулықтардың алдындағы дефистер қойылмай, *да, де* шылаулары алдыңғы сөзбен тұтаса жазылған. Ғалым жалғаулықтарды жазуда алдыңғы сөздің соңына сөз соңындағы таңбаны қойып, жалғаулықты біріктіре жазған.

Түпнұсқаның 86-бетінде «Жалғыз ақ 2-нші жағы ғана бұлай айтылады: *жазсаңыздарда, жыласаңыздарда, күрессеңіздерде, жұуынсаңыздарда, қаздырсаңыздарда, жатқызсаңыздарда, жегілсеңіздерде, атыстырсаңыздарда, шабқыласаңыздарда, алыңқырасаңыздарда*» деген сөйлем берілген. Мұнда *ақ* демеулігі дефиссіз таңбаланған. Ал бұрынғы басылымдарда «Жалғызақ 2-нші жағы ғана бұлай айтылады: *жазсаңыздарда, жыласаңыздарда, күрессеңіздерде, жұуынсаңыздарда, қаздырсаңыздарда, жатқызсаңыздарда, жегілсеңіздерде, атыстырсаңыздарда, шабқыласаңыздарда, алыңқырасаңыздарда*» түрінде берілген (Тіл – құрал, 1923. 88-бет). Сол кездегі ережелер, үндестік заңын сақтауға қатысты қағидаларды, алдыңғы басылымдарды негізге ала отырып, *ақ* демеулігі мен алдыңғы сөздің арасына дефис қойылып жазылды.

Түпнұсқаның 90-бетінде райдың атауы *мұң рай* түрінде берілген. Алайда ереже, сипаттамалардың бәрінде *мұң ырай* түрінде жазылған: «Істерлік іске мұң болғанда айтылатұн сөздің түрін **мұң ырай** дейміз. Мыйсалы: *айтар ма едім; айтбас ба едім; жүрер ме едің; жүрмес бе едің* деген сыйақты сөздер **мұң ырай** болады». 1927 жылғы 7-басылымда да осылай берілген. Басқа райлар *ырай* түрінде беріліп, 70-бетте барлық райды атаған кезде де мұң ырай түрінде берілгені, мұң райдың ереже, си-

паттамаларында да мұң ырай тұлғасы сақталғандықтан, тақырып атауы *мұң ырай* болып өзгертілді.

Түпнұсқаның 90-бетінде көніс рай сипатталып, мысалдар келтірілген: «Іске көнгенде, мойындағанда айтылатұн сөз түрін **көніс ырай** дейміз. Мыйсалы: *кетемін та, кетбеймін та, барасын та, бармайсын та, көреді та, көрмейді та».* Бұл ереже алдыңғы басылымдарда «Іске көнгенде, мойындағанда айтылатұн сөз түрін **көніс ырай** дейміз. Мыйсалы: *кетемін-та, кетбеймін-та, барасын-та, бармайсын-та, көреді-та, көрмейді-та»* түрінде беріліп, жалғаулықтың алдына дефис қойылған. 1927 жылғы 6, 7-басылымдарда жалғаулықтар сөзден бөлек жазылып, алдыңғы сөздің жуан-жіңішкелігіне, сөз соңында қандай дыбыс келгеніне қарамастан, бір ғана нұсқада берілген. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 92-бетінде көмекші етістіктер сипатталған:

Көмекші етістік түрлері:

Көмекші етістіктер үш түрлі болады:

1) құр көмекші; 2) күй көмекші; 3) ій көмекші.

Құр көмекші етістіктер жоғарғы көрсетілген түрде жай етістіктерше жіктеледі. Құр көмекші етістік болатұндар: *бармақ, болмақ, алмақ, бермек, келмек, кетбек, көрмек, өтбек, тастамақ, қоймақ, қалмақ.*

Күй көмекші етістіктер болатұн *жүрмек, тұрмақ, отырмақ, жатбақ.* Бұлардың **күй көмекші** деб аталатұн себебі – бұлар айтылғанда ғамалдың қалыб күйін көрсетеді. Күй көмекші етістіктер жай етістіктерше де, олардан айырықша түрде де өзгереді.

Мыйсал:

Осы шақ

Болымды түрлері:

Жай етістікше	жүрмек	тұрмақ	отырмақ	жатбақ
1-жақ	жүремін	тұрамын	*отырамын*	жатамын
2-жақ	жүресін	тұрасын	*отырасын*	жатасын
3-жақ	жүреді	тұрады	*отырады*	жатады
Айрықша түрде				
1-жақ	жүрмін	тұрмын	*отырмын*	жатырмын
2-жақ	жүрсін	тұрсын	*отырсын*	жатырсын
3-жақ	жүр	тұр	*отыр*	жатыр

Ій көмекші деб жалғыз *емек* деген етістік айтылады. Мұның бұлай аталыуының мәнісі бұл етістік өзге сөздерге көмекші болыумен әбден ій болыб, етістік түрінен айырылыуға тайанған. Қазірде жалғаулық қатарлы мағанадағы сөзге айналыб кеткен. Етістікше өзгеріу түрінен қалған жұқанақтары мыналар ғана:

Өткен шақ: 1-жақ *едім*
2-жақ *едің*
3-жақ *еді*

Онан басқа қалған жұқанақтары: *емен, емес, екен».*

1923 жылғы, 1927 жылдың 6, 7-басылымдардағы бұл сипаттама бұрынғы басылымдарда берілмеген. Жинақта кітаптың түпнұсқасы негізге алынды. 1991 жылы (Тіл тағылымы. Алматы: Ана тілі, 1991. 141-173-б.); 2003 жылы (3-том); 2013 жылы (3-том, 23-101-б.) қайта жарияланған басылымдарда 1915 жылғы нұсқа берілгендіктен, «Көмекші етістік түрлері» берілмеген. Жинақта 1927 жылғы 6-басылымның түпнұсқа қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 93-бетінде қазақ тіліндегі көсемше сипатталады: «Екі етістік қосарынан айтылғанда алдында айтылатұн қысқа түрін **көсемше** дейміз. Мыйсалы, *жаза бер, қараб тұр, жүріб келді* дегенде алдыңғы сөздер **көсемше** етістік болады. Көсемше үш түрлі: 1) үнемді, 2) үнемсіз, 3) мұратты.

Үнемді көсемше – созымды істі көрсетіу үшін айтылады. Мыйсалы, *айта бердім, айта бердің, айта берді.*

Үнемсіз көсемше – созымсыз, бірден бітетүн істі көрсетіу үшін айтылады. Мыйсалы: *айтыб бердім, айтыб бердің, айтыб берді.*

Мұратты көсемше – істеуге нійететтеніб тұрғанды көрсететүн сөз түрі; Мыйсалы, *барғалы тұрмын, барғалы тұрсын, барғалы тұр* жана басқа сондайлар».

1914-1920 жылдардағы «Тіл – құралда» мұратты көсемше ниетті көсемше деп берілген:

Көсемше дейміз – екі етістік қосарынан сөйленгенде, алдында айтылатын етістіктің қысқа түрін. Мысалы: *жаза бер, қарап тұр, жүріп келді* дегенде алдынғы сөздер көсемше етістік болады.

Көсемше үш түрлі: 1) үнемді, 2) үнемсіз, 3) ниетті.

Үнемді көсемше – созымды істі көрсету үшін айтылады. Мәселен: *айта бердім, айта бердің, айта берді.*

Үнемсіз көсемше – созымсыз, бірден бітетін істі көрсету үшін айтылады. Мысалы: *айтып бердім, айтып бердің, айтып берді.*

Ниетті көсемше – істеуге ниеттеніп тұрғанды көрсететін сөз түрі. Мысалы: *барғалы тұрмын, барғалы тұрсың, барғалы тұр* уа ғайри солай (Тіл – құрал, 1920).

2017 жылы жарық көрген «Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы» атты кітапта ғалымның тілге қатысты материалы жинақталып берілгендіктен, түрлі жылдардағы түрлі басылымдардағы көсемше түрлері толық көрсетілген. 2022 жылы жарық көрген «Ақымет Байтұрсынұлы Таңдамалы шығармалары» атты жинақта «Тіл – құрал. Сөз жүйесі мен түрлерінің 1927 жылғы 7-басылымы берілгендіктен, түпнұсқаға сәйкес үнемді, үнемсіз, мұратты көсемше келтірілген. 1991 жылы (Тіл тағылымы); 2003, 2013 жылы қайта жарияланған басылымдарда 1915 жылғы нұсқа берілгендіктен, ол жинақтарда үнемді, үнемсіз, ниетті көсемше түрінде берілген. 2013 жылғы жинақтарда кө-

семше үш түрлі болатыны аталғанмен, үнемсіз көсемше мүлде берілмей қалған.

Түпнұсқаның 113-бетінде ««**уыш», «ғы» («к»)** жұрнақтар етістік түбірлеріне жалғаныб, сол етістік көрсететүн іске құралдығын атайды, мыйсалы, *ора – орауыш, бұр – бұрғы, сүз – сүзгі, тара – тарақ, төсе – төсек»* деп берілген сөйлем 1920, 1923 жылдардағы басылымдарда ««**уыш», «гі», «қ» (к) жұрнақтар** етістік түбірлеріне жалғанып, сол етістік көрсететін іске құралдығын атайды. Мәселен: *ора – орауыш, бұр – бұрғы, сүз – сүзгі, тара – тарақ, төсе – төсек»* түрінде берілген. Яғни 1927 жылғы 6, 7-басылымдарда **қ** қосымшасы түсіп қалған. Бұрынғы басылымдарымен салыстырып әрі берілген мысалдардарды (*тара – тарақ*) негізге ала отырып, түпнұсқа толықтырылды.

Түпнұсқаның 115-бетінде «Осындай ірі әріптер мен жазылған сөздер **нықтаулық үстеу** болады» деген сөйлем 1915-1923 жылдардағы басылымдарда «Осындай ірі харіфтер мен жазылған сөздер **нықтаулық үстеу** болады» түрінде берілген. Яғни алдыңғы басылымдардағы *харіф* сөзі 1927 жылғы басылымдарда қазақ тілінің дыбыс жүйесіне сәйкестендіріліп, *әріп* түрінде берілген.

Түпнұсқаның 115-бетінде «*Жақсы оқыйды, жаман жазады, сыбай қонады, жайау жүреді* дегенде ірі жазылған сөздер **қалай?** деб, сұраганға жауаб болыб тұр (оқыйды қалай? – *жақсы*; жазады қалай? – *жаман*; қонады қалай? – *сыбай*; жүреді қалай? – *жайау*). Бұлар үстеу орнына жүретүн сын-есімдері» деген сөйлем келтірілген. Мұнда *сын-есімдер* сөзіне тәуелдік қосымшасы жалғанған. Кітаптың бұрынғы басылымдарында да, 1927 жылғы басылымдарында да, қайта жарияланған нұсқаларында да бұл ерекшелік сақталған.

Кітаптың кейінгі беттерінде мұндай құрылым тәуелдік жалғауынсыз берілген: «Бұлар үстеу орнына жүретүн зат-есімдер» (115-бет). Бұлар үстеу орнына жүретүн сан есімдер (115-бет). Бұлар үстеу орнына жүретүн есімдіктер (116-бет). Бұлар үстеу орнындағы зат-есім сөздер (116-бет). Бұлар үстеу орнындағы сын-есім сөздер (116-бет). Бұлар үстеу орнына айтылған сан есім сөздер (116-бет), т.с.с. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 118-бетінде «*Бара ма, бармай ма – белгісіз*; *барамызғой; барған соң көремізғой; соның айтқаны-ақ болсыншы. Сен келмейді екенсін, әше мен барайын. Бәсе, солай болса керек; әлде сен оқымадың ба?»* деген сөйлемдер берілген. 1915-1923 жылдардағы басылымдарда ғой сөзі мен алдыңғы сөздің арасына дефис қойылса, 1927 жылғы басылымда жалғаулықтардың алдындағы дефис қойылмай, алдыңғы сөзбен тұтаса жазылған: بارامزعوي كورەمزعوي

Түпнұсқаның 119-бетінде «Жалғау орнына жүріб, жалғау сыйақты басқа сөздердің шылауында тұрмаса, өз алдына мағана шықбайтұн сөздерді **жалғаулық сөздер** дейміз» деп берілген ереже 1915-1923 жылдардағы басылымдарда «**Жалғаулық** дейміз – жалғау орнына жүріп, жалғау сияқты басқа сөздердің шылауында тұрмаса, өз алдына мағына шықпайтын сөздерді» түрінде берілген. Бұрынғы басылымдардағы сөйлемдермен салыстырғанда 1927 жылғы 6, 7-басылымдардағы сөйлем құрылымы қазақ тілінің сөйлем жүйесіне лайықталған.

Осы бетте «Қазақ тілінде жалғаулық аз; болғаны мынау ақ: *менен (бенен, мен, бен), үшін, шейін, дейін, таман, сайын, көрі, арқылы, тұуралы*» деген сөйлем берілген. Мұнда *ақ* демеулігі дефиссіз таңбаланған. Ал бұрынғы басылымдарда «Жалғаулық сөздер қазақ тілінде аз. Болғаны мынау-ақ: *менен* (бенен, мен, бен), *үшін, шейін, дейін, таман, сайын, гөрі, арқылы, тақырыпты, туралы»* түрінде ақ шылауының алдына дефис қойылған (Тіл – құрал, 1923, 122-бет). Сол кездегі ережелер, үндестік заңын сақтауға қатысты қағидаларды, алдыңғы басылымдарды негізге ала отырып, *ақ* демеулігі мен алдыңғы сөздің арасына дефис қойылып жазылды.

Түпнұсқаның 121-бетінде «Сөйлес қылғанда: *Үйде кім бар-ау! сөйлеселік-ау!*» деген сөйлем берілген. Яғни бүгінгі таңда алдына дефис қойылатын демеуліктер дефиссіз жазылған. Ал бұрынғы басылымдарда арасына дефис қойылған: «Сөйлес қылғанда: *Үйде кім бар-ау! Сөйлеселік-ау!*» (Тіл – құрал. 1923, 125-бет).

О. Жұбай

Тіл – құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері

Жинаққа «Тіл – құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері» атты кітаптың 1928 жылы жарық көрген 6-басылымы енгізіліп отыр. III тіл танытқыш кітап 2017 жылы жарық көрген «Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы», 2022 жылы жарық көрген «Ахмет Байтұрсынұлы. Таңдамалы шығармалары» атты жинақтарға енген. Академиялық басылымда еңбек сол уақытқа дейін жарық көрген тіл танытқыш кітаптардың түпнұсқаларымен (Тіл-құрал (қазақ тілінің сарфы). Бірінші жылдық. Орынбор, 1914. 53 б.; Тіл-құрал (қазақ тілінің сарфы). Бірінші жылдық. Ташкент, 1918. 32 б.; Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі һәм түрлері. Бірінші тіл танытқыш кітап. Үшінші басылуы. Орынбор, 1923. 46 б.; Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі һәм түрлері. Бірінші тіл танытқыш кітап. Төртінші басылуы. Орынбор, 1924. 48 б.; Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі һәм түрлері. Бірінші тіл танытқыш кітап. Бесінші басылуы. Орынбор, 1924. 48 б.; Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. Бірінші тіл танытқыш кітап. Бесінші басылуы. Қызылорда, 1925. 39 б.; Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. Бірінші тіл танытқыш кітап. Өзгертпей бесінші басылуы. Қызылорда, 1926. 39 б.; Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. Бірінші тіл танытқыш кітап. Өзгертіліп алтыншы басылуы. Қызылорда, 1927. 39 б.; т.б.), ол басылымдардың 1991 жылы (Тіл тағылымы. Алматы: Ана тілі, 1991. 263-321-б.); 2003 жылы (3-том); 2013 жылы (3-том, 23-101-б.), 2013 жылы (Қазақ тіл білімінің мәселелері. Алматы, 2013. 155-235-б.), 2017 жылы (Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы. Астана: Алашорда, 2017. 14-561-б.), 2022 жылы (Таңдамалы шығармалары. Алматы: Қазақ университеті, 2022. 11-85-б.) қайта жарық көрген жинақтардағы мәтіндермен салыстырылып, 6-басылымның ерекшелігі, ұқсастығы мен айырмашылығы көрсетілді.

Еңбек 1924 жылы Орынбор қаласында өткен Қазақ білімпаздарының съезінің қаулысына сәйкес түзетіліп, жаңа емлемен бастырылған. Сол себепті 1914-1928 жылдар аралығындағы

жарық көрген басылымдардан елеулі өзгешеліктері бар. Академиялық басылымда түпнұсқаны негізге ала отырып, сөздердің жазылуында, бірге, бөлек таңбалануын беруде, тыныс белгілердің қойылуында сол кездегі нормалар сақталды.

Кітап сөз таптарын, сөйлем жүйесімен таныстырудан басталған. Бүгінгі таңда **-атын/-етін, -йтын/-йтін** түрінде берілетін есімше тұлғалары барлық басылымда **-атұн/-етүн, -йтұн/-йтүн** түрінде таңбаланған: *Қыры келетүн сөздер, тұрған күйінде алса да қыйындаса қалады* (3-бет). *Қыры келмейтүн сөздерді қыйындастырыу үшін қырларын өзгертіб, қыйыуын келтіреміз* (3-бет). *Қыры келетүн, келмейтүн сөздерді мыйсал мен көрсетейік* (3-бет). Кітапта мұндай қолданыс өте көп: *Тұрлаулы мүше болады сөйлем болған жерде қалмай* ***айтылатұн*** *сөздер немесе қалсада, қалғандығы сезіліб тұратұн сөздер* (4-бет). Кітаптың өн бойында түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Сөздің, буынның соңындағы, болымсыздық қосымшасындағы **п** дыбысының орнына көбінесе **б** әрпі жазылған: *Сөйлем дегеніміз, сөздердің басын құрастырыб, біреу айтқан ой (3-бет). Қырларын келтіріб, қыйындастырыу үшін өзгертбей, тұрғантұрған түбкілікті күйінде алсақ, қырлары жанасбайды, біріне бірі қыйындасбайды (3-бет).* Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 3-бетінде «Сөйлегенде, жазғанда кім де болса, ойын айтады. Ойын айтыуға тійісті сөздерді алады да, олардың басын құраб, біріне бірінің қырын келтіріб, қыйындастырады. Мұнда да үш сөйлем бар (3-бет). Үшеуінің де ішіндегі сөздер өзгерілмей алынған бір сөз жоқ – бәрі де өзгеріліб тұр (3-бет)» деп берілген. Кітапта мұндай қолданыс өте көп: *Сұрау бойынша да, немесе тысқы белгісі бойынша* ***дегенде де*** әрі, бері, шабшаң, соңыра *деген сөздер бастауыш болады* (5-бет). *Бұл төрт сөздің төртеуі* ***де*** *не үстеулер, не үстеу орнына жүретүн сөздер* (5-бет). Мыйсал: *«Үшін» үш айтылғанда, «арқылы»* ***бір де*** *айтылмайды* (7-бет). *Сүйтіб, енді қорытыб айтқанымызда: бастауыш болады сөз табтарының* ***тоғызы да*** (8-бет). Жалғаулықтар морфологиялық ұстанымға сәйкес бір ғана тұлғада

(ұяң дыбыспен басталып) жазылған: *Берерменге* ***бес де*** *көб, аларманға алты да аз. Біреу тойыб секіреді.* «**Бес де**», «алты да» дегенде, мұнда нәрсе көңілде тұр (9-бет).

Яғни 1928 жылғы басылымда жалғаулықтардың алдындағы дефистер қойылмай, *да, де* шылаулары алдыңғы сөзбен тұтаса жазылған.

Түпнұсқаның 3-бетінде *және* мағынасында *жана* сөзі қолданылған: «Үшеуінің де ішіндегі сөздер өзгерілместен алынған **жана** өзгерілмей ақ қырлары келіб қыйындасыб тұр». Алдыңғы басылымдардағы *һәм* сөзі *жана* сөзімен алмастырылғанын көреміз. Мұндай қолданыс кітапта өте көп.

Сонымен қатар *жаната* сөзі де жиі қолданылған: *Осындай сөйлем ішінде бірде болыб, бірде болмайтын сөздер, немесе керек болған жерде айтылыб, керек болмаған орында айтылмай қалыб отырған сөздер,* ***жаната*** *қалған жерде, қалғандығы ашық сезілмейтүн сөздер тұрлаусыз мүше деб аталады* (4-бет). *Сегізінші – бастауыш болатұн жалғаулық* ***жаната*** *жалғаулық орнына жүретүн сөздер* (7-бет). Бұл сөз кейде *жанада* тұлғасында да берілген: *Онымен тұрмай* ***жанада*** *байандауыш сұраулары-на жауаб беріб тұр* (15-бет). Яғни 1928 жылғы «Тіл – құралда» араб, парсы тілдерінен енген жалғаулықтардың қазақ тіліндегі баламасы, қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарына бейімделген нұсқалары қолданылған. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Осы сөйлемде *ақ* демеулігі алдыңғы сөзден бөлек әрі дефиссіз таңбаланған. Ал бұрынғы басылымдарда «Үшеуінің де ішіндегі сөздер өзгерілместен алынған һәм өзгерілмей-ақ қырлары келіб қыйындасыб тұр (Тіл – құрал. Сөйлем жүйесі һәм түрлері 1925, 3-бет). Сол сияқты 1925 жылғы басылымдағы «Ел, мал, дала, біткен, жан, жала, көб, жат, қала» − осы сөздерден: «Елдің малы далада, біткен жаны жалада, көбі жатыр қалада» деген ойларды ұғыуға болар-ма?» деген сөйлемдегі *ма* демеулігі де дефиссіз жазылған. Яғни 1928 жылғы басылымда емледегі өзгерістерге байланысты жалғаулық, демеуліктер сөзден бөлек әрі дефиссіз жазылған. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 3-бетінде «Сондықтан ауыздан шыққан сөздің бәрі сөйлем бола бермейді, айтыушының ойын тыңдаушы ұғарлық *даражада* түсінікті болыб айтылған сөздер ғана сөйлем болады» деген сөйлем берілген. Мұндағы даража сөзі бұрынғы басылымдарда аралас буынды (дәража) болып жазылса, 1928 жылғы басылымда үндестік заңы толық сақталып, бірыңғай жуан дыбыстармен жазылғанын көреміз. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Сол сияқты бұрынғы басылымдарда *маґна* түрінде таңбаланған сөз қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктеріне сәйкес мағана түрінде жазылған: «Сондықтан сөйлемнің жаны, сөздердің басы *маґаналы* болыб құралыуы (қысқа айтқанда сөйлемнің мағанасы) (3-бет). Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 3-бетінде «Олай болмаса, құр сөздердің басын құраб айтқан мен сөйлем болмайды» деп беріліп, көмектес септігі алдыңғы сөзден бөлек жазылған. Себебі Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінде көмектес септік жалғаулық ретінде танылған. Сондықтан бұрынғы басылымдарда да, кейінгі басылымдарда да алдыңғы сөзден бөлек жазылған әрі көбінесе бір ғана нұсқада берілген. Кітапта мұндай қолданыс жиі кездеседі. Бұл жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 3-бетінде бірінші буында **у** дыбысының алдынан үндестік заңына сәйкес **ұ, ү** әріптері, дауыссыз **й** әрпінің алдында және **у** әрпі кейінгі буындарда келген жағдайда алдынан дауысты **ы, і** әріптері жазылған, яғни қазақ тіліндегі **й, у** дыбыстары дауыссыз болғандықтан, олар дауысты дыбыстан кейін келе алмайтыны ескеріліп, дыбыс жүйесінше, дұрыс жазылған. Кітаптың өн бойында түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Бүгінгі таңда дауысты **и** әрпінен басталып жүрген сөздеріміз **і** әрпінен басталып жазылған: *Бас мүше дейміз – сөйлем ішіндегі сөздер байланатұн қазық сөзін, сөйлем* ***ійесін*** (4-бет). Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 4-бетінде «***Мәселен****: «Асыл тастан, ақыл жастан»* ***жә болмаса*** *«Баланы жастан, қатынды бастан»*

дегенде: бірінші мыйсалда «шығады» деген сөз, екінші мыйсалда «үйрет» ***жә*** *«үйретіу» деген сөз қалыб тұрғандығы сезіліб тұр.* ***Не болмаса****, «Жығылған күреске тоймас»* ***жә*** *«Аузы күйген үріб ішер» деген сөйлемдердің біріншісінде де, екіншісіндеде «адам» деген сөз қалыб тұрғаны анық сезілді. Осындай сөйлем ішінде бірде болыб, бірде болмайтын сөздер,* ***немесе*** *керек болған жерде айтылыб, керек болмаған орында айтылмай қалыб отырған сөздер,* ***жаната*** *қалған жерде, қалғандығы ашық сезілмейтүн сөздер тұрлаусыз мүше деб аталады»* деген сөйлемдер берілген. Мұндағы *мәселен, мыйсалы, жә, жә болмаса, не болмаса, немесе* сияқты сөздердің жазылуынан сол кезеңдегі емледегі жаңалықтарды, автордың ұстанымын байқауға болады. Ахмет Байтұрсынұлы «Тіл – құрал. Дыбыс жүйесі мен түрлері» атты тілтанытқыш еңбегінің алғы сөзінде бастауыш мектепте балаларды «өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу-сызу үйрету, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын таныту» өте маңызды екенін ескерте келіп, араб, орыс тілдеріндегі бұрынғы тілтанытқыш құралдардағы шет тілдік атаулардың орнына «Тіл – құралда» қазақша баламасы берілгенін, сондықтан аты басқа болғанмен, «оқылатын заты бір» екенін айтады. Ғалым жыл сайын еңбектерін жетілдіріп, қазақ сөзін көбейтіп отырған. Ол сол кездегі бірнеше рет басылып, өзгертіліп, толықтырылып отырған басылымдарынан анық көрінеді. 1914-1928 жылдар аралығындағы «Тіл – құралда» араб, парсы, орыс тілдерінен енген сөздер қолданылып, түпнұсқаға жақын таңбаланса, 1928 жылғы басылымда ол атаулардың қазақ тіліндегі баламасы, қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарына бейімделген нұсқалары көбірек қолданылған. Қазақ білімпаздарының съезіндегі қаулыға сәйкес емледегі өзгерістерді енгізген.

Түпнұсқаның 4-бетіндегі «*Бас мүше дейміз – сөйлем ішіндегі сөздер байланатұн қазық сөзін, сөйлем ійесін. Ол қазық сөз болатұн қандай сөз? – Сөйлегенде бір нәрсе тұуралы сырын-сыйпатын, жайын,* ***ғамалын****, болмысын сөйлейміз. Сөйлем ішінде сол нәрсенің атын көрсететүн сөз бас мүше болады. Ол нәрсе-*

нің сырын-сыйпатын, жайын, ***ғамалын****, болмысын айтыб байандайтын сөз байаншы мүше болады*» деген сөйлемде бүгінде амал түрінде жазылып жүрген сөз *ғамал* нұсқасында берілген. Яғни сөз араб тіліндегі нұсқасына жақын етіп берілген.

Бүгінгі таңда бірге жазылып жүрген белгісіздік, болымсыздық есімдіктері «Тіл – құралда» түбірлердің арасына бос аралық қалдырылып, бөлек таңбаланған: *Бір неше сөйлемдерді мыйсалға алыб, бастауыш бен байандауыш қалай табылатұнын көрейік* (4-бет). *Болмайды кемшіліксіз еш бір қалық* (38-бет). *Әр қалай бір сыйапат еткен жаман* (38-бет). *Кей біреу сөйлейтұғын от басында* (38-бет). *Қысылған жерде әр кімнің Болады Алла панасы* (39-бет). *Мақтамайды еш кімді бұл күнде көб* (39-бет).

Түпнұсқаның 5-бетінде «Әуелі – бастауыш болатұн атау тұлғасындағы зат-есім» деген сөйлем берілген. Бұрынғы басылымдардағы сөйлемдермен салыстырғанда 1928 жылғы басылымдағы сөйлем құрылымы қазақ тілінің сөйлем жүйесіне біршама лайықталған. Сол себепті етістікті тіркестерді сөйлемнің соңына келтіру немесе жіктік жалғауының орнына есімше тұлғасын пайдалану сияқты сөйлем құрылымын өзгерткен.

Түпнұсқаның 5-бетінде «*Алысбақ, атысбақ* етістіктің **тұйық райындағы** сөздер, *оқыу* мен *жығылған* етістіктің есімшеге айналған түріндегі сөздер» деген сөйлем берілген. Бүгінгі таңда *тұйық етістік* ретінде аталып жүрген етістіктің түрін ғалым *тұйық рай* деп атайды. А.Байтұрсынұлы қазақ тілінде 15 рай бар екенін атап, тұйық етістікті де райдың құрамында сипаттаған болатын. Ғалымның ұстанымын сол қалпында келтіру мақсатымен қолданған атаулары түпнұсқа қалпында берілді.

Түпнұсқаның 7-бетінде ғалым үстеу мен үстеу орнында жүретін сөздер бастауыш болатынын айта келіп: «*Әрі алыстатады, бері жақындатады, шабшаң асықтырады, соңыра кешіктіреді.* Бұл сөйлемдерде *әрі, бері, шабшаң, соңыра* тұуралы сөйленіб тұр. Бұлар бастауыш болыу керек. Бұл ішкі белгісінше. Не алыстатады? – *әрі*. Не жақындатады? – *бері.* Не асықтырады? – *шабшаң.* Не кешіктіреді? – *соңыра*. Сұрау бойынша да, немесе

тысқы белгісі бойынша дегенде де *әрі, бері, шабшаң, соңыра* деген сөздер бастауыш болады», – дейді. Бұл жерде *әрі, бері, шабшаң, соңыра* сөздер тырнақшаға алынған күйінде берілуі тиіс. Осы бетте ғалым: «Жетінші бастауыш болатұн демеу мен демеу орнында жүретүн сөздер. Мыйсал: *«Әлде» аз айтылады, «йә» көб айтылады, «йәкій» сійрек айтылады.* Бұл сөйлемдерде сөз болыб тұрған *«әлде», «йә», «йәкій»,* бұлар сондықтан бастауыш болыуға тійіс. Бұл ішкі белгісінше». «Сегізінші – бастауыш болатұн жалғаулық жаната жалғаулық орнына жүретүн сөздер. Мыйсал: *«Үшін» үш айтылғанда, «арқылы» бір де айтылмайды.* Мұнда сөз болыб тұрған «*үшін*» мен «*арқылы*». «Тоғызыншы – бастауыш болатұн одағай. Мыйсал: *«Ә, Құдай!», «О, Құдай» күйзелгеннің белгісі; «тек!», «тәйт!», «шәйт!» бұйырғанның белгісі*. Мұнда сөз болыб тұрған *«Ә, Құдай!», «О, Құдай!»*, *«тек!», «тәйт!», «шәйт!»*. Сондықтан бұл сөздер бастауыш болады... Не күйзелгеннің белгісі? – *«Ә, Құдай!», «О, Құдай!»*, не бұйырғанның белгісі? – *«тек!», «тәйт!», «шәйт!»... «Ә, Құдай!», «О, Құдай!»*, *«тек!», «тәйт!», «шәйт!»* деген сөздер одағайлар. «Оныншы – бастауыш болатұн бүтін сөйлем. Мыйсал: *«Сенікі, менікі» деген көңіл тарлығы; «әрі жат», «бері жат» деген төсек тарлығы.* Мұнда айтылыб тұр «*менікі, сенікі деген*» жана «*әрі жат, бері жат*» деген» тұуралы. Сондықтан бұл сөйлемдер ішкі белгісі бойынша бастауыш болыуға тійіс», – деп, бастауыш болатын демеуліктерді тырнақшамен берген. Яғни тырнақшасыз берілуі баспа тарапынан кеткен қателік болса керек. Сол себепті ғалымның ұстаным, тұжырымдарын дұрыс жеткізу мақсатында басқа сөздердің берілуін негізге ала отырып, тырнақша, курсивтерді пайдалана отырып бердік.

Түпнұсқаның 8-бетінде «Сүйтіб, енді қорытыб айтқанымызда: бастауыш болады сөз табтарының тоғызы да» деген сөйлем берілген. Бұрынғы басылымдардағы сөйлемдермен салыстырғанда 1928 жылғы басылымдағы сөйлем құрылымы қазақ тілінің сөйлем жүйесіне біршама лайықталған. Сол себепті етістікті тіркестерді сөйлемнің соңына келтіру немесе жіктік жалғауы-

ның орнына есімше тұлғасын пайдалану сияқты сөйлем құрылымын өзгерткен. Алайда бұл бетте сөйлем өзгертілмей қалған. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 9-бетіндегі «Сондай ақ: *біреу тойыб секіреді* дегенде әрійне сан секірмейді, олай болса, *«біреу»* деген сөз мұнда зат-есім орнында тұр» деген сөйлемде *ақ* демеулігі алдыңғы сөзден бөлек әрі дефиссіз таңбаланған. Ал бұрынғы басылымдарда «Сондай-ақ: *біреу тойыб секіреді* дегенде, әрійне, сан секірмейді, олай болса, *«біреу»* деген сөз мұнда зат-есім орнында тұр» деп берілген (Тіл – құрал. Сөйлем жүйесі һәм түрлері 1925, 9-бет). Яғни 1928 жылғы басылымда емледегі өзгерістерге байланысты жалғаулық, демеуліктер сөзден бөлек әрі дефиссіз жазылған. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 10-бетінде «Мыйсалға алынған: *Әрі алыстатады, бері жақындатады, шабшаң асықтырады, соңыра кешіктіреді.* Жеңілдік үшін қысқартбай айтқанда, бұл сөздер бұлай айтылар еді: *Әрі деу алыстатады, бері деу жақындатады. Шабшаң деу асықтырады, соңыра деу кешіктіреді*» деген сөйлем берілген. Бұл жерде *әрі, бері, шабшаң, соңыра* сөздер тырнақшаға алынған күйінде берілуі тиіс. Осы бетте ғалым: «*Деу»* деген сөз бәрінде де айтылмаған. *«Әрі», «бері», «шабшаң», «соңыра»* деген сөздердің бастауыш болыб тұрғандары *«әрі деу», «бері деу», «шабшаң деу», «соңыра деу»* орнында болғандықтан», – деп аталған сөздерді тырнақшамен береді. Яғни тырнақшасыз берілуі баспа тарапынан кеткен қателік болса керек. Сол себепті ғалымның ұстаным, тұжырымдарын дұрыс жеткізу мақсатында басқа сөздердің берілуін негізге ала отырып, тырнақша, курсивтерді пайдалана отырып бердік.

Түпнұсқаның 10-бетінде «Әуелі байандауыш болады етістік» деген сөйлем берілген. Бұрынғы басылымдардағы сөйлемдермен салыстырғанда 1928 жылғы басылымдағы сөйлем құрылымы қазақ тілінің сөйлем жүйесіне біршама лайықталған. Сол себепті етістікті тіркестерді сөйлемнің соңына келтіру немесе жіктік жалғауының орнына есімше тұлғасын пайдалану сияқты

сөйлем құрылымын өзгерткен. Алайда бұл бетте сөйлем өзгертілмей қалған. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Осы бетте «2-сөйлем: *Іит үрді.* Не үрді? – *іит.* Бастауыш *іит* деген сөз болыб шықты» деген сөйлемде *ит* сөзі бүгінгі тұлғасынан өзгеше, алдына **і** әрпі қосылып жазылған. Себебі қазақ тілінде дауысты **и** дыбысы жоқ. Орыс тілінде **у** мен **и** сияқты дауысты дыбыстар болғанмен, қазақ тіліндегі **й** мен **у** дауыссыз. Ал сөз тек дауыссыз дыбыстардан құрала алмайды. Сондықтан А.Байтұрсынұлының еңбектерінде сөздер дыбыс жүйесін негізге алып, дұрыс жазылған. Кітаптың өн бойында түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 10, 11-беттеріндегі *Жоғарыда айтыуымыз бойынша, байандауыш болатұн сөз бастауыш атаған нәрсенің не сыр-сыйпатын, не* ***ғамалын****, не жайын, не болмысын көрсетіу керек. Олай болса, алынған сөйлемдердің ішіндегі бастауышты тауыб, сонан соң ол бастауыш атаған нәрсенің не сыр-сыйпатын, не* ***ғамалын****, не жайын, не болмысын көрсететүн сөзді табыу керек.* Айқайлады *деген сөз адамның не істегенін,* ***ғамалын*** *көрсетіб тұр. Сүйтіб, бұл сөйлемдердің ішінде бастауыш атаған нәрселердің* ***ғамалын*** *көрсетіуші* үрікті, үрді, айқайлады *деген сөздер болыб шықты; немесе екінші сөз бен айтқанда, байандауыштың ішкі белгісі осы сөздерге келеді* деген сөйлемде бүгінде *амал* түрінде жазылып жүрген сөз *ғамал* нұсқасында берілген. Яғни сөз араб тіліндегі нұсқасына жақын етіп берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 11-бетінде «Байандауыштың тысқы белгісі *не етбек? не қылмақ? кәйтбек? не болмақ? нешік? немене? қалай? кімдікі? йа ненікі? қайсы?* негізді сұрауларға жауаб беріу» деп, баяндауыш сұрақтарының қатарында *кәйтбек? нешік?* сөздерін де атайды. Бүгінгі таңда *кәйтбек* сөзі *қайтпек* түрінде қолданылса, *нешік* сөзі мүлде қолданыстан шығып қалған. Ғалымның ұстанымдарына нұқсан келтірмеу мақсатында түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 12-бетінде *Ат тұулай берді* деген сөйлем берілген. Бүгінгі таңда *тулай* түрінде жазылып жүрген сөз *тұулай*

түрінде берілген. себебі ғалым еңбектерінде фонетикалық ұстанымға сәйкес бірінші буында **у** дыбысының алдынан үндестік заңына сәйкес **ұ, ү** әріптері жазылған. Кітаптың өн бойында мұндай қолданыс жиі кездеседі: «Сондықтан бұлар байандауыштың ішкі белгісіне тұура келеді. *Көлік, кісі, қарыу* деген сөздер «немене?» деген байандауыштың сұрауынада жауаб беріб тұр. Бұл тысқы белгісіне тұура келгені (14-бет).

Осы беттегі «Байандауыш болатұн сөз әуелі ішкі белгісі мен келіу үшін бастауыш атаған нәрсенің, **йағный** қыстың, малдың, елдің йа ғамалын, йа жайын, йа болмысын көрсетіу керек» деген сөйлемдегі *йағный* сөзі де фонетикалық ұстанымға сәйкес ы әрпінен кейін берілген. Яғни қазақ тіліндегі **й, у** дыбыстары дауыссыз болғандықтан, олар дауысты дыбыстан кейін келе алмайтыны ескеріліп, дыбыс жүйесінше, дұрыс жазылған.

Түпнұсқаның 13-бетінде «Үшінші – байандауыш болады зат-есім. Мыйсал: *Ат – көлік. Атшы кісі. Қамшы қарыу*» деген сөйлем берілген. Бұрынғы басылымдардағы сөйлемдермен салыстырғанда 1928 жылғы басылымдағы сөйлем құрылымы қазақ тілінің сөйлем жүйесіне біршама лайықталған. Сол себепті етістікті тіркестерді сөйлемнің соңына келтіру немесе жіктік жалғауының орнына есімше тұлғасын пайдалану сияқты сөйлем құрылымын өзгерткен. Алайда бұл бетте сөйлем өзгертілмей қалған. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 14-бетінде «Ер кезегі немене? – *үш... Үш* деген сөз «немене?» деген байандауыштың сұрауына жауаб беріб тұр» деген сөйлемдер берілген. Бүгінгі таңда *не?* түрінде қойылып жүрген сұрақтың орнына кітапты *немене?* деген сұрақ қолданылған. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 15-бетінде «Күн кәйтті? – *жаз болды*. Ет кәйтті? – *аз болды»* деген мысалдар берілген. Бүгінгі таңда *қайтпек* түрінде қолданылып жүрген сұрақ *кәйтбек* түрінде берілген. Яғни сөз тұтасымен үндестік заңына бағындырылған. Ғалымның ұстанымдарына нұқсан келтірмеу мақсатында түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 15-бетінде «*Тарс етті, жылт етті, жаз болды, аз болды, бес екен* деген сөздер мылтықтың, оттың, күннің, еттің, беретүнінің ғамалдарын, жайларын, болмыстарын айтыб отыр» деген сөйлем берілген. Яғни бүгінде *амал* түрінде жазылып жүрген сөз *ғамал* болып, яғни сөз араб тіліндегі нұсқасына жақын етіп берілген.

Осы бетте «Жетінші – байандауыш болады – бүтін сөйлем» деген сөйлем келтірілген. Бұрынғы басылымдардағы сөйлемдермен салыстырғанда 1928 жылғы басылымдағы сөйлем құрылымы қазақ тілінің сөйлем жүйесіне біршама лайықталған. Сол себепті етістікті тіркестерді сөйлемнің соңына келтіру немесе жіктік жалғауының орнына есімше тұлғасын пайдалану сияқты сөйлем құрылымын өзгерткен. Алайда бұл бетте сөйлем өзгертілмей қалған. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 15-бетінде «Байандауыш бастауышқа жақтары мен ғана жанасыб, қыйындасады» деп берілген сөйлем бұрынғы басылымдарда «Байандауыш бастауышқа жақтары мен-ғана жанасыб, қыйындасады» түрінде жазылған. Яғни бұрынғы басылымдарда сол кездегі ережеге сәйкес жалғаулықтар дефис арқылы жазылса, Қазақ білімпаздарының бірінші съезінен кейін дефис қойылмайтын болды. 1928 жылы жарық көрген кітапта емледегі осы өзгерістер ескерілген.

Түпнұсқаның 16-бетіндегі «Мыйсал: *мен де жас, сен де жас, ол да жас, біз де жас, сіз де жас, олар да жас* деб айтыуға да болады». «Етістіктен болған байандауыштардағы ымыра «да», «де» демеулер қосылса да, бұзылмайды». «Байандауыш жекелік, көбтік жүзінен де ымыраласады» деген сөйлемдердегі *да, де* жалғаулықтары бұрынғы басылымдарда дефис арқылы жазылған. Ал 1928 жылғы басылымда жалғаулықтардың алдындағы дефистер қойылмай, *да, де* шылаулары алдыңғы сөзбен тұтаса жазылған.

Түпнұсқаның 16, 17-беттерінде «Мыйсал: *мен жасбын, сен* ***жассын****, ол жас, біз жасбыз, сіз жассыз,* басқалары жана солай». «Мыйсал: *мен барамын; сен барасын; ол барады. Біз барамыз; сіз барасыз* немесе *сендер барасындар. Олар барады*

(«барадылар» орнына «барады» болыб тұр). *Мен саумын, сен саусын, ол сау, біз саумыз, сіз саусыз* немесе *сендер саусындар, олар сау* («саулар» орнына «сау» ғана болыб тұр). Мыйсал: *Сен, Омар – екеуің* ***келерсіндер***. Екеуінің ғамалын бірдей көрсетіб тұрған байандауыш «**келерсіндер**» екінші жақ бен айтылыб тұр» деген сөйлемдер берілген. II жақта жіктегенде жекеше түрде де, көпше түрде де сөздің соңында **ң** емес, **н** әрпі жазылған. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 17-бетінде «Көмегі үртіс көріне болмай, көрінбей болатұн да орындары бар» деген сөйлем келтірілген. Сөйлем бұрынғы басылымдарында да осылай берілген. Мұндағы «үртіс көріне болмай» тіркесі «әрдайым (үнемі) анық көрінбей» деген мағынада қолданылған. Осы бетте «Етістік көмегі көріне болатұн орындары мен көрінбей болатұн орындарына мыйсал келтіріб көрейік» деген де сөйлем бар. Мұндағы көріне болатын тіркесі «анық көрінетін» деген мағынада қолданылған.

Түпнұсқаның 19-21-беттерінде «Бұл «қысқа» деген сөзді айтбай, құр «Жіб күрмеуге келмес» **деб ғана** қойсақ, қандай жіб күрмеуге келмейтүні белгісіз, жібтің бәрі күрмеуге келмейтүн сыйақты болыб шығады. «Аш» дегенді айтбай, **тек ғана** «кісі ұрысқақ» дегенде, қандай кісі ұрысқақ болатұны белгісіз, кісінің бәрі ұрысқақ сыйақты болыб шығады. «Алтын» деген сөз жоғалған жүзік қандай екенін ашыб, анықтаб тұр жана **«қандай?»** деген анықтауыш сұрауына жауаб беріб тұр («қандай жүзік?» деб сұраудың орнына, «не жүзік?» **деб де** сұрайды). «Асан» демей, құр «ауылнай келді» **деб ғана** қойса, келген қай ауылнай екені белгісіз, әйтеуір бір ауылнай келген болыб шығады. «Аң патшасы?» дегенді айтбай, «арыстан ауырыбты» **деб ғана** қойсақ, ауырған аң арыстан ба? Екінші мыйсалда: «ат жүйрік» **деб ғана** қойса, қай аттың жүйріктігі айтылыб тұрғаны белгісіз, аттың бәрі жүйрік деген болыб шығады» деген сөйлемдер келтірілген. Бұл сөйлемдердегі *деб ғана, тек ғана, деб де* сияқты бірліктер бұрынғы басылымдарда дефис арқылы жазылған. Ал 1928 жылғы басылымда бөлек жазылған. Яғни бұрынғы басылымдарда сол кездегі ережеге сәйкес жалғаулықтар дефис ар-

қылы жазылса, Қазақ білімпаздарының бірінші съезінен кейін дефис қойылмайтын болды. Байтұрсынұлы еңбектерінде жалғаулықтар морфологиялық ұстанымға сәйкес көбінесе бір ғана нұсқада (ұяң) жазылған.

Түпнұсқаның 20-бетіндегі «Сондықтан *алтын* деген сөз анықтауыш болады. Бұл сөз жүзіктің неден жасалған тегін көрсететүн сын-есім (тек-сыны). Сондықтан алынған сөйлемнің ішінде «аш» деген сөз анықтауыш болады. Бұл сөз сын-есім (сыр-сыны)» деген сөйлемдердегі тек сыны, сыр сыны тіркестері дефис арқылы жазылған.

Түпнұсқаның 20-21-беттерінде «2-мыйсал: *Қан Жәнібек қайғырды.* Кім қайғырды? – *Жәнібек.* Жәнібек не қылды? – *қайғырды*. Қай Жәнібек қайғырды? – *қан (Жәнібек). Қан* дегенді айтбай, тек «Жәнібек қайғырды» деб ғана қойсақ, қай Жәнібек қайғырғаны белгісіз болар еді...» деген сөйлемдер келтірілген.

Бұрынғы басылымдарда *қан* сөзі *хан* түрінде жазылған. Емледегі өзгерістерге байланысты **х** әрпі қолданыстан шығып қалғандықтан, 1928 жылғы басылымда *хан* сөзі *қан* түрінде жазылған. Мұндай мысал жиі кездеседі. Кітаптың өн бойында түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Сондай-ақ кітаптың 23, 26-беттеріндегі «Осылайша демеу, жалғаулық, одағай, қатта бүтін сөйлем анықтауыш болады» (23-бет). «Осы сыйақты демеуде, жалғаулықта, одағайда, **қатта** бүтін сөйлем де толықтауыш бола алады» (26-бет) деген сөйлемдегі *қатта* сөзі 1924 жылғы басылымда *хатта* түрінде берілген. Яғни 1928 жылғы басылымда Қазақ білімпаздарының съезіндегі өзгерістер енгізілген.

Түпнұсқаның 26-бетінде «Дәрмен нешік? – *жоқ.* Неменеге жоқ? – *күресіуге.* 2) Мыйсал: *Жұмаш жүрі үшін қайғырмады.* Кім қайғырмады? – *Жұмаш.* Жұмаш не қылды? – *қайғырмады*. Немене үшін қайғырмады? – *жүріу үшін*» деп, толықтауыш сұрақтарының қатарында *неменеге? немене? нешік?* сөздерін де атайды. Бүгінгі таңда *немене, неменеге* дегеннің орнына сөзі *не, неге* есімдіктері қолданылса, *нешік* сөзі мүлде қолданыстан шы-

ғып қалған. Ғалымның ұстанымдарына нұқсан келтірмеу мақсатында түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 29-бетінде «Сын пысықтауышы ғамалдың сынын көрсететүн сөз болғандықтан, «қалай?» «қалайша?» **«кәйтіб?»** деген сұрауларға жауаб береді» деген сөйлем келтірілген. Бүгінгі таңда *қайтіп* түрінде қолданылып жүрген сұрақ *кәйтіб* түрінде берілген. Яғни сөз тұтасымен үндестік заңына бағындырылған. Түпнұсқа қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 33-бетіндегі сөйлем мүшелерін айыруға берілген мысалдардың ішіндегі ***«Тауды,*** *тасты жел бұзар, адам-затты сөз бұзар»* деген сөйлем осы жылғы «Тіл – құрал. Сөз жүйесі мен түрлерінде» *Тау мен тасты сұу бұзар,* ***адам затты*** *сөз бұзар* (3-бет) түрінде берілсе, 1924 жылғы басылымда ***Тауды,*** *тасды жел бұзар, адам-затты сөз бұзар* (33-бет) түрінде берілген. Яғни екі кітапта да мақалдың екінші бөлігі бірдей болғанмен, бірінші сыңары әртүрлі болып шыққан. «Тіл – құрал. Сөз жүйесі мен түрлерінде» тау мен тасты су бұзатыны туралы айтылса, «Тіл – құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлерінің» екі басылымында да тауды, тасты түрінде мен жалғаулығы түсірілген. Су сөзінің орнына жел деп берілген. «Тіл – құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлерінің» 1924 жылғы басылымында *тауды, тасды, адам-затды* түрінде табыс септігі морфологиялық ұстанымға сәйкес жазылса, 1928 жылғы нұсқада фонетикалық заңдылыққа сәйкес үндестік заңын негізге ала отырып берілген; *тауды, тасты, адам-затты*. Яғни қатаң дауыссыздардан кейін келетін қосымша ұяңнан емес, қатаңнан басталған. Адамзат сөзі басылымдарда әртүрлі жазылған: бірінде екі сөздің арасына дефис қойылса, бірінде бірге, бірінде бөлек жазылған. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 33-бетіндегі «*Қалқы жаманның бійі азады, қатыны жаманның үйі азады»* деген сөйлем 1924 жылғы басылымда «*Халқы жаманның бійі азады, қатыны жаманның үйі азады»* түрінде берілген. Яғни бұрынғы басылымда *қалқы* сөзі *халқы* түрінде жазылған. Кітапта мұндай мысал жиі кезігеді: *Салқын қымыз қыздырар қазақ қалқын* (36-бет). *Болмайды кемшіліксіз еш бір қалық* (36-бет). Емледегі өзгерістерге байланысты **х** әрпі қол-

даныстан шығып қалғандықтан, 1928 жылғы басылымда *халқы* сөзі *қалқы* түрінде жазылған. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 35-37-беттерінде «*Бір жылы Кене-сары ағаларым, қаңтарда Қошалақты мекен еткен. Қарасай, Қошалақтың қара отына, Наурызбай, Кене-сары мал семірткен. Біз сені Кене-қанға апарамыз. Бұл күнде күшті боб тұр Кене-сары. Далада Кене-сары жүрген екен. Төртеуін Кене-сары көзі көрді*» деген сөйлемдер келтірілген. А.Байтұрсынұлы еңбектерінде күрделі сөздер «қос сөз» деп аталған. Қазақ тілінің негізгі заңы – дыбыс үндестігін бұзбау үшін екі сөздің тіркесуінен (бірігуінен) жасалған, алайда бір буыны жуан, екіншісі жіңішке буыннан (аралас буын) құралған жалқылағыш қос сөздер дефис арқылы бөлініп жазылған. «*Кене-сары*» сөзінің дефис қойылып жазылуы осыған байланысты. Мұндай қолданыстар кітапта жиі кездеседі: *Арамза аңқау елге заңқой болған, Кеншім-бай деген молда сен екенсін* (36-бет). *Қасында төленгіті жүз-қаралы үй* (37-бет). *Жақсы айтасын,* ***Кәрі-боз,*** *татыу едік сені мен* (38-бет). *Сен білмейсін,* ***Кәрі-боз,*** *мойныңдағы жараңды* (38-бет). *Тібті де үміт қылмаймын сендегі қатын-баладан. Жолығыбты аңсызда* ***Ер-жан*** *батыр аранға* (38-бет). Кітаптың өн бойында түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 38-бетінде *Ей, Бұғабай, Бұғабай! Ғамал табшы бұған ай!* деген сөйлем берілген. Мұнда *ай* демеулігі алдыңғы сөзден бөлек әрі дефиссіз таңбаланған. Ал бұрынғы басылымдарда *Ей, Бұғабай, Бұғабай! Амал табшы бұған-ай!* (Тіл – құрал. Сөйлем жүйесі һәм түрлері 1925, 37-бет). Яғни 1928 жылғы басылымда емледегі өзгерістерге байланысты жалғаулық, демеуліктер сөзден бөлек әрі дефиссіз жазылған. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 40-бетінде «*Алдалаб жүрген қырғыздың желі тұуды оңынан*» деген сөйлем берілген. Бұл сөйлем 1924 жылғы басылымда да осылай берілген. Мұнда *Алла* сөзі қазақ тілінің дыбыстық ерекшелігіне сай, фонетикалық ұстанымға негізделіп берілген. 1928 жылғы басылымда араб-парсы сөздері қазақ тілі-

нің дыбыс жүйесіне бейімделіп берілгені байқалады: *Біссімілдə безгелдек!* (49-бет). *Алданың арам бейіл сүймес құлы* (71-бет). Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Алла сөзі кітапта екі түрлі берілген. 44-бетте «*Сом темірге балға бар; сұмсынғанға Алла бар»* деген сөйлем берілген. 1924 жылғы басылымда да сөйлем осылай берілген. «Тіл – құрал. Дыбыс жүйесі мен түрлерінде» де *сұмсынғанға* ***Алла*** *бар* түрінде берілгенмен, 1927 жылғы басылымда *сұмсынғанға* ***орда*** *бар* (7-бет) деп беріліп, *Алла* сөзінің орнына *орда* сөзі қолданылған. Бұлайша қолдану сол кездегі талапқа сәйкес діни сөздер мен араб-парсы тілдерінен енген сөздерге шектеу қойылуына байланысты болса керек. Алайда 1928 жылғы басылымда *Алла* сөзімен берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 45-46-беттерінде сұраулы сөйлемге мысал ретінде «*Сен тамақ іштің бе? Үйде кім бар? Соншама бұл быйдайдың дəні көб бе? Сұуымды неге былғаб ылайлайсың? Мүмкін бе ылайлауға осы арадан? Əкеңді алдыңдағы таныймысың? Үшеуін асырауға көб керек бе? Осындай елде уақыйға азғана ма? Бөшкенің қайсысының бұлы қымбат? Тұура жол сонан артық табамыз ба? Мысық жан, бұл жердегі жұрттар қандай? Залалдан басқа нəрсе істедің бе? Оңай ма арыстаннан алыу ақтаб? Шымшық мақтанды ма, ойнады ма? Құныңа тұрар ма сол жеген тауық? Тауық бен мен бе жалғыз ойнайтұн? Күймей ме біреу үшін біреу оққа?»* деген сөйлемдер берілген. Бұл мысал 1924 жылғы басылымда ««*Сен тамақ іштің-бе? Үйде кім бар? Соншама бұл быйдайдың дəні көб-бе? Сұуымды неге былғаб ылайлайсың? Мүмкін-бе ылайлауға осы арадан? Əкеңді алдыңдағы таныймысың? Үшеуін асырауға көб керек-бе? Осындай елде уақыйға азғана-ма? Бөшкенің қайсысының бұлы қымбат? Тұура жол сонан артық табамыз-ба? Мысық-жан, бұл жердегі жұрттар қандай? Залалдан басқа нəрсе істедің-бе? Оңай-ма арыстаннан алыу ақтаб? Шымшық мақтанды-ма, ойнады-ма? Құныңа тұрар-ма сол жеген тауық? Тауық бен мен-бе жалғыз ойнайтұн? Күймей-ме біреу үшін біреу оққа?»* деп берілген. Яғни бұрынғы басылымдарда сол кездегі ережеге

сәйкес жалғаулықтар дефис арқылы жазылса, Қазақ білімпаздарының бірінші съезінен кейін дефис қойылмайтын болды.

Сол сияқты түпнұсқаның 47-бетінде берілген мысалдарда да (*Жарайды, бәрекелді, сабаз ай! Йә, Раббым! Сол уақытта деді арыстан. Жасаған жалғыз жан ійе ай! Ай жасынан өлген екен аналары ай! Өлген екен, апырым ай! Әттең, дүнійе ай, қалғаным ғой айырылыб! Алақай ай, атам келді ғой!)* демеуліктер мен жалғаулықтар алдыңғы сөзден бөлек жазылған. Ал 1924 жылғы басылымда демеулік, жалғаулықтардың алдына дефис қойылған (45, 46-беттер).

Түпнұсқаның 46, 47-беттерінде «*Қолда, өңшең арыуақ! Қош, сау бол. Қарқаралы, жұуылмаған. Айдай бер қалса адамың құуылмаған. Әлдій-әлдій, ақ бөпем! Жанымды бір шыбындай қый, ақсақал»* деген мысалдар келтірілген. Мұнда бірінші буындағы **у** дыбысының алдынан үндестік заңына сәйкес **ұ, ү** әріптері, кейінгі буындарда келген жағдайда және дауыссыз **й** әрпінің алдынан дауысты **ы, і** әріптері жазылған. Кітапта мұндай мысал көп: *Ашыйды жаның Мінездерін көргенде. Жігерлен, сілкін, Қайраттан, беркін Деб насыйқат бергенде. Ұйатсыз, арсыз салтынан Қалғыб кетер артынан. Ійт үрсе, бала тайағын ала құуады, ійт бен кектесіб* (71-бет). *Ійменіб көбтен, шақтық қыб, Еб бен тасалама ойыңды* (72-бет). *Күн отынан тұуғанмын. Жүрегімді, жанымды, ыйманымды, арымды жалын менен жұуғанмын. Жүрегім де, жаным да от, Ыйманым да, арым да от* (72-бет). Яғни қазақ тіліндегі **й, у** дыбыстары дауыссыз болғандықтан, олар дауысты дыбыстан кейін келе алмайтыны ескеріліп, дыбыс жүйесінше, дұрыс жазылған.

Бүгінгі таңда *қи* түрінде жазылып жүрген сөз түпнұсқада *қый* деп берілген. Себебі қазақ тілінде дауысты **и** дыбысы жоқ.

Қазіргі кезде бірге жазылып жүрген күрделі сөздердің көбі түпнұсқада бөлек жазылған: *Әкімдер жаңа өспірім жастан болды* (38-бет). *Бійік шарлаб ұшады боз торғайлар* (38-бет). *Келіңдер, боз балалар, атты алыңдар!* (47-бет). *Шақшам жақсы еді, тау текенің мүйізінен істелген тақысы еді* (62-бет).

О. Жұбай

Тіл – жұмсар

Сөйлеу, оқу, жазу тілін жұмыс тәжірибесі арқылы танытатын **1-кітап** 1-басқыш мектепке арналған. 1928 жылы Қызылорда қаласында 30 000 таралыммен шыққан. Кітаптың дәйектемесінде А. Байтұрсынұлы: «Адағында айтыб өтетінім – емле үйретіуге «Тіл – жұмсардың» екі бөліміндегі қолданыстық нәрсе (матерійәл) жеткілікті. Соның бәрін балалар дұрыстаб жұмсаб, түгел қолданыб өтсе, емленің 90% шамасын біліуге болады, қазақ емлесінің 75-80 %-дейі дыбыс жүйелі. Оны біліу үшін бұуынды жақсы таныу, дұрыс бұуындай біліу, сөздің бұуындарын біліб отырыб жазыуға әдеттеніу гәнә керек. Оған «Әліббій» мен 1-інші «Тіл – жұмсар » көлеміндегі нәрсе де, мезгіл де, білім де жеткілікті. Онан арғысын 2-нші «Тіл – жұмсар »мен толықтырыб, үшеуінің көлеміндегі нәрседен емленің 90% білімін толық алуға болады. Онан әрі қалған 10% білімін 3-інші «Тіл – жұмсар» беруге тійіс. Сүйтіб, бақылау мен жұмсау тәжірійбе жолымен «Тіл – жұмсар»дың үш бөлімінің беретін білімін алғанда, балалардың сауаты емле жағынан толық жеткілікті болмақ», – дейді. Яғни ғалым балалар сауатты болуы үшін сөйлеу, оқу, жазу тілін толыққанды меңгертудің әдіс-тәсілін нақты көрсеткен. Қазақ емлесі дыбыс жүйелі болуы керектігін де ескертіп (бүгінгі таңда ғалымның бұл тұжырымына назар аудару керекақ!), әр кітапта берілетін білім шамасын да көрсетеді. Ғалым «Тіл – жұмсар»-дың үшінші кітабын да жоспарлағаны байқалады. Әзірге ол кітаптың шыққан-шықпағаны белгісіз. Кітапхана қорларында ол кітап жоқ. 1-кітаптың қазіргі қолданыстағы жазуға түсірілген нұсқасы 1991 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинаққа, 2003 жылы жарық көрген бестомдық және 2013 жылы шыққан алтытомдық шығармалар жинағына, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері», 2022 жылғы «Ақымет Байтұрсынұлы. Таңдамалы шығармалары» атты жинаққа енген.

Кітаптың мұқабасындағы «Қазағыстан оқыу кемесеретінің білім ордасы» деген тіркес 1991, 2003, 2013 жылғы басылым-

дарда қазіргі кездегі нормаға сәйкес «Қазақстан оқу комиссариатының білім ордасы» түрінде берілген. Жинақта ХХ ғасырдың басындағы емледегі өзгешеліктер мен ерекшеліктерді нақты көрсету мақсатымен 1928 жылғы басылымның түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Сол сияқты сөздің, буынның соңындағы, болымсыздық қосымшасындағы **п** дыбысының орнына көбінесе **б** әрпі жазылған: *Құрал болғанда толы**б** жатқан есе**б**сіз бөлшектері бар, ол бөлшектері түрлі жағы мен қыйысатын толы**б** жатқан қырлы, тетіктері есе**б**сіз көб бір өте үлкен машыйна секілді құрал* (3-бет). *Біреуі – құралдың ішкі-тысқы бөлшектерінің бәрін білі**б**, олар қалай бір-біріне үйлесі**б**, үйлескенінен шығатын тетіктер бір-біріне қалай жалғасы**б**, қалай қызмет ететіндігін білі**б** отыры**б** жұмсаушы* (3-бет), Сөздің жекелік, көбтік түрлерін таныу (6-бет), т.с.с. Жинақтың өн бойында түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Дауыссыз **й, у** әріптерінің алдында дауысты **ы, і** әріптері жазылған: қыйысатын (3-бет), машыйна (3-бет), таныйды (3-бет), таныуы (3-бет), сыйақты (3-бет), қасыйеттерін (3-бет), үйлесіуінен (3-бет), тәжірійбе (4-бет), табыйғый (4-бет), танысыу (6-бет), біліу (6-бет), сыйпыр (6-бет), т.с.с. 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда бұл сөздердің бәрі де жалаң **у** немесе жалаң **и** әрпімен берілген. Кітаптың өн бойында **у** мен **й** әріптері бар сөздерді жазуда түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 3-бетіндегі «Тігін машыйналарын, пішен, егін машыйналарын қолданыушылар солардың ішкі-сыртқы бөлшектерін, тетіктерін біліб отырыб жұмсамайды, жүргізетін, тоқтататын сыйақты жұмсауға керегі бар тек тысқы бөлшектері мен тетіктерін біліб кәнə жұмсайды» деген сөйлемдегі *кәнə* шылауы 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда *кәне* түрінде берілген. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінде көмектес септік жалғаулық ретінде танылған. Сондықтан бұрынғы басылымдарда да, кейінгі басылымдарда да алдыңғы сөзден бөлек жазылған: Сон-

дықтан үйретіу жүзіндегі кәзіргі жаңалықтың негізі – үйретіу, әсіресе бастауыш мектебтерде үйретіу, тәжірійбе жолы мен болыу (4-бет), Бұл «Тіл – жұмсар» деб ат қойыб отырған кітәб ана тілін жоғарыда айтылған жаңа жол мен үйретіуге ыңғайланыб шығарылған (4-бет). 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда көмектес септігі сөзге қосылып жазылған. Кітаптың өн бойында түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 4-бетіндегі «мұғалымның қызыметі» деген тіркес 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда «мұғалымнің қызметі» түрінде берілген. ХХ ғасырдың басындағы емледегі өзгешеліктер мен ерекшеліктерді нақты көрсету мақсатымен жинақта 1928 жылғы басылымның түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Кітаптың өн бойында «Тіл – жұмсар» сөзі түрліше берілген: біресе тіркес түрінде жазылса, енді бірде арасына дефис қойылған. Ол қос сөз емес, тіркес болғандықтан, арасына дефис қойылмағаны дұрыс болатыны ескеріліп, барлық жерде дефиссіз берілді.

Түпнұсқаның 4-бетіндегі «Бұл айтылған «Тіл – құралдан» «Тіл – жұмсардың» негізгі басқалығы. Мұнан өзге де бала шамасына шағындағандықтан тұуған басқалықтар бар» деген сөйлем 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда «Бұл айтылған «Тіл – құралдан» «Тіл – жұмсар дың» негізгі басқалығы мұнан өзге де бала шамасына шағындағандықтан тұуған басқалықтар бар» түрінде бір сөйлем ретінде берілген. Соның салдарынан сөйлем шұбалаңқы әрі түсініксіз болып шыққан. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 4-бетіндегі «Оларды мұнда түгендеудің қажеті жоқ, үйткені «Тіл – жұмсар »мен үйреткенде әр қайсысы өзінің орны-орнында көрінбекші» деген сөйлемдегі әр қайсысы түрінде бөлек берілген есімдік 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда бірге жазылған. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 4-бетіндегі «Әріптен басқа жазыуда қолданатын белгілерге *бүгүнге* дейін анықтаб белгілі ат қойылған жоқ еді» деген сөйлемдегі *бүгүнге* сөзі 1991, 2003, 2013 жылғы ба-

сылымдарда бүгінге (**ү** әрпінің орнына і әрпі жазылған) түрінде берілген. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 5-бетіндегі «**Тыныстық (.)** дауыстың тынатын жеріне қойылатын белгі.

Жабсарлық (,) дауыс тынбай, тек сөз арасы көбірек ашыла айтылатын жерге қойылатын белгі. Сөз арасының олай ашылыуы көбінесе сөйлемдер қосылған жабсарлық жерінде болады.

Қосарлық (-) сөзді қосыу керек болған орында, бір сөздің екі бөлімін қосыу керек болған орында немесе біріне-бірі жедел екі сөз қосарынан айтылатын орында, не болмаса бір сөздің өзі қайта-қайта жедел айтылатын орында қойылатын белгі.

Тастарлық (–) жазбай тасталған сөздің орнына қойылатын белгі.

Дәлдеулік (« ») бұлжытбай дәлдеб жазыб көрсетерлік жерде қойылатын белгі» деген сөйлемдерде *тыныстық (.); жабсарлық (,); қосарлық (-); тастарлық (–); дәлдеулік (« »)* атауларынан кейін сызықша қойылмаған. Ал 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда сызықша қойылып жазылған. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 5-бетіндегі «Бұл **ат бен** құрылыуынша айырылатын толыб жатқан сөйлем түрлерінің бәрі аталады. Тек жабсарлық қойылатын сөйлем болса, бәрі жабсарлы сөйлем деб бір ақ **ат бен** аталады»; «Дауыс **бен** үнді айырыу қыйын емес» деген сөйлемдерде көмектес септігі алдыңғы сөзден бөлек жазылып, морфологиялық ұстанымға сәйкес бір ғана нұсқада берілген. 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда көмектес септігі сөзге қосылып, фонетикалық ұстанымға сәйкес өзгерген: *атпен*. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқада *ақ* демеулігі әрдайым дефиссіз, бөлек жазылған: Тек жабсарлық қойылатын сөйлем болса, бәрі жабсарлы сөйлем деб бір **ақ** ат бен аталады. Кейінгі, 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда ол дефис арқылы жазылған. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 5-бетіндегі «Сөз аттарына кірген өзгеріс бар. Мәселен – 1) *«қосар сөз»* деген бар» деген сөйлемде мәселен

сөзінен кейін сызықша қойылған. Ал 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда қос нүкте қойылған. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 5-бетінде *«қосар» сөз* деген, *«қосынды» сөз* деген, «жалқылауыш» қос сөз деген, *«үйір» сөз* деген сияқты тіркестерде *қосар, қосынды,* жалқылауыш, *үйір* сөздері тырнақшаға алынса, 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда «сөз» атауы бірде тырнақшаның ішінде (*«қосар сөз», «қосынды сөз», «үйір сөз»),* бірде тырнақшаның сыртында таңбаланған («жалқылауыш» қос сөз). Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 5-бетінде А.Байтұрсынұлы қосынды сөзге мысал ретінде *белбеу, қарағұс, жүг-айақ* сөздерін атайды. Мұнда ғалым тұрпаты өзгерген (азған) сөздерді сол қалпында бергенін байқаймыз: *белбау* емес, *белбеу*, *қарақұс* емес, *қарағұс, жүк-аяқ* емес, *жүг-аяқ*. Алайда 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда *жүг-аяқ* сөзі *жүк-аяқ* түрінде берілген. Яғни тұрпаты өзгертіліп, фонетикалық ұстанымға сәйкес берілген сөз морфологиялық ұстаным бойынша жазылған. Бұлайша беру ғалымның ойына қайшы келетіндіктен, түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 5-бетіндегі «Бұл айтқанда қосынды сөз сыйақты айтылатын, бірақ ондай бір ұғымды емес, екі ұғымды көрсететін сөздерге қойылған ат (*қара айғыр, ақ өгіз, сұр тай*)» деген сөйлем 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда «Бұл – айтқанда қосынды сөз сыйақты айтылатын, бірақ ондай бір ұғымды емес, екі ұғымды көрсететін сөздерге қойылған ат (*қара айғыр, ақ өгіз, сұр тай*)» деп берілген. Яғни кейінгі басылымдарда *бұл* сөзінен кейін сызықша қойылған. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 6-бетіндегі «1) а (ا), о (و), ұ (ۇ), е (ه), ы (ى) бұрынғыша **дауысты** деб аталды.

2) р (ر), ң (ڭ), л (ل), м (م), н (ن), у (ۋ), й (ي) **үнді дыбыстар** деб аталды.

3) ж (ج), з (ز), с (س), ш (ش), ғ (ع), г (گ) **сыбысты дыбыстар** деб аталды.

4) б (ب), п (پ), т (ت), д (د), қ (ق) **сыбырлы дыбыстар** деб аталды» деген сөйлемдердегі *аталды* етістігі 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда *аталады* түрінде берілген. 1991 жылғы «Тіл тағылымы» атты жинақта бірінші сөйлемде ғана аталды, қалған сөйлемдерде аталады деп берілген. А.Байтұрсынұлы «Тіл – құралда» берілген дыбыстардың «Тіл – жұмсарда» басқаша аталғанын айтқан. Сол себепті «аталды» деген етістікті мақсатты түрде қолданып отыр. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 6-бетінде а (ا), о (و), ұ (ۇ), е (ه), ы (ى) дауысты дыбыстар берілген. Мұнда ғалым дауыстылардың жуан-жіңішкелігін ескеріп, бір таңбамен берген (олар дәйекші арқылы ажыратылған). Ал 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда оларды қолданыстағы жазумен беруде жуан, жіңішке әріптер жеке таңбаланған. Алайда онда да бірізділік сақталмаған. Мәселен, ۇ әрпі жақша ішінде **ұ, ү** түрінде берілсе, қалған әріптер жалаң таңбаланған: ى әрпінің жуан, жіңішкелігі берілмей, ол **и** ретінде таңбаланған. Байтұрсынұлы оқулықтарында қазақ тілінде дауысты **и** жоқ екені анық айтылады. Қазақ білімпаздарының съезінде сөйлеген сөзінде де ғалым осылайша тұжырымдайды. Ал дауыссыз **й** дыбысын Байтұрсынұлы үнді дауыссыздар қатарында атаған. Кейінгі басылымдардағы бұл қателік ғалымның ұстанымын, тұжырымдарын жаңсақ түсінуге апарары сөзсіз. Сол себепті жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 6-бетіндегі «1-інші бөлімдегісі көбінесе әріптер мен әріп белгілерін, түрлі орында көбірек жұмсалатын сөз белгілері мен сөйлем белгілерін жаза біліу»; «Жана бір ескеретін нәрсе – 1-інші бөлімде берілетін тіл таныу білімі әліп-бійдегі әнгімелер мен байласқан» деген сөйлемдердегі «1-інші» сөзі 1991 жылғы «Тіл тағылымы» атты жинақта «1-нші» түрінде (1-ден кейін **і** әрпі жазылмай қалған) берілсе, 2003, 2013 жылғы басылымдарда 1, 2 сандары рим цифрымен беріліп, одан кейін **-інші** қосымшасы жалғанған: *I-нші, II-нші* (дұрысында, рим цифрымен берілген саннан кейін **-інші** қосымшасы жалғанбауы

тиіс). Жинақта ол басылымдардағы қателік жөнделіп, түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқада *әнгіме* түрінде берілген сөз 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда *әңгіме* болып, *кітәп* сөзі *кітап* түрінде берілген (сөз ішінде **к, г, е** дыбыстары болса, дәйекші қойылмағанмен, сөз жіңішке оқылады). Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 6-бетіндегі «Оны сол іретше басқа кітәбтардағы әнгімелер мен байластырыуға болады» деген сөйлемегі *іретше* сөзі 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда «ретте» болып таңбаланған. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 6-7-беттеріндегі «Мұнда тек байластырыу жолы, жөні осы іретше болыу тійістілігіне үлгі үшін байластырыб көрсетілген. «Тіл – жұмсардың» 2-нші бөлімінде 1-інші бөлімдегілердің көбі қайта келеді, бірақ олар пысықтау іретінде емес, анадағы білімдерді тереңдетіб, аудандарын кеңейтіб білдіріу іретінде келеді», т.с.с. сөйлемдердегі *ірет* түбірі 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда *рет* болып берілген. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 7-бетіндегі «Тіл – жұмсардың» 2-нші бөлімінде 1-інші бөлімдегілердің көбі қайта келеді, бірақ олар пысықтау іретінде емес, анадағы білімдерді тереңдетіб, аудандарын кеңейтіб білдіріу іретінде келеді» деген сөйлемдегі *анадағы* сөзі 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда *андағы* түрінде берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқада ғалым жаңа тұжырым, жаңа ой айтылған тұстарда *** белгісін қойып отырған. Алайда ол 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда сақтала бермеген. Жинақтың өн бойында түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 7-бетіндегі «Адағында айтыб өтетінім – емле үйретіуге «Тіл – жұмсардың» екі бөліміндегі қолданыстық нәрсе (мәтерійәл) жеткілікті» деп берілген сөйлемдегі *адағында* сөзі 2003, 2013 жылғы басылымдарда *алдағыда* түрінде таңбаланған. Бұл жерде Байтұрсынұлы *адағында* сөзін «дәйектеменің соңында, аяғында» деген мағынада, сөзін қорыту үшін

қолданған. Ғалымның ойын жаңсақ түсінуге жол бермеу үшін түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 7-бетіндегі келтірілген сөйлемдегі «мәтерійәл» сөзі 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда «материал» түрінде берілген. А.Байтұрсынұлы сөз ішінде **к, г, е** дыбыстары болса, дәйекші қойылмағанмен, сөз жіңішке оқылатынын ескерткен болатын. Сондықтан бұл сөйлемдердегі дыбыстар жіңішке оқылуы тиіс. «Р» әрпінен кейін жалаң **и** емес, **ій** жазылған. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 7-бетіндегі «Соның бәрін балалар дұрыстаб жұмсаб, түгел қолданыб өтсе, емленің 90% шамасы біліуге болады, қазақ емлесінің 75-80%-дейі дыбыс жүйелі» деген сөйлем 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда «Соның бәрін балалар дұрыстап, түгел қолданып өтсе, емленің 90% шамасы білуге дыбыс жүйелі» түрінде беріліп, сөйлемдегі бірнеше сөз түсіп қалған да сөйлемдегі ой түсініксіз болып шыққан. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 8-бетіндегі «§ 1. Әріптер мен белгілер.

А (ا), б (ب), п (پ), т (ت), ж (ج), д (د), р (ر), з (ز), с (س), ш (ش), ғ (ع), қ (ق), к (ك), г (گ), ң (ڭ), л (ل), м (م), н (ن), о (و), ұ (ۇ), у (ۋ), е (ە), ы (ى), й (ي), (ء) — «» ” , : ; !? ...

(Әліп-бій 76-бет)

Әріп бен дыбыс бір ме?

Қайсысы көрінеді, қайсысы естіледі?

* * *

Ұқсас дыбыстардың әріптері де ұқсас бола ма?

* * *

1. жұмыс

Жоғарыда әріптерді түрлерінің ұқсастығына қарай сұрыптаб, тап-табы мен бөлек жазыңдар. Нұсқа: б (ب), п (پ), т (ت), ... (ұқсас емесін алмайсындар).

2. жұмыс

Әріптерді дыбыс жақындығына қарай сұрыптаб, тап-табы мен жазыңдар. Нұсқа: б (ب), п (پ) , т (ت), д (د), ... (мұнда да дыбыс жақындығы жоқтары алынбайды)» түрінде берілген материал 1991 жылғы «Тіл тағылымы» атты жинақта мүлде берілмей, түсіп қалған. Ал 2003, 2013 жылғы басылымдарда әріптер мен белгілер ғана беріліп, қалған сөйлемдер берілмеген. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Бұл басылымдарда әріптер дұрыс оқылмағаны байқалады:

ا /а/ ب /б/ پ /п/ ت /т/ ج /ж/ د /д/
ر /р/ ز /з/ س /с/ ش /ш/ ع /ғ/ ق /қ/
ك /к/ گ /г/ ڭ /ң/ ل /л/ م /м/ پ /п/
و /о/ ۇ /ұ/ ۋ /ү/ ه /е/ ي і/ ى /й/
ـً «» : ; ! ? ...

Соның салдарынан «п» дыбысы екі рет берілген. Дұрысында, «б» әрпінен кейін «п», «м» әрпінен кейін «н» әрпі берілген. Сонымен қатар ۇ таңбасының **ұ, ү** дыбыстарын таңбалайтыны ескерілмей, ۋ әрпі **ү** ретінде берілген. Дұрысында ол «у» болып оқылуы тиіс еді. ي таңбасының «і» болып оқылуы да қате. Бұл – дауыссыз «й» дыбысы. Ал «й» болып оқылған (таңбаланған) ى – дұрысында, «ы» болып оқылуы тиіс еді. Ғалым қазақ тіліндегі синармонизм заңдылығын негізге ала отырып, жуан-жіңішке жұп құрайтын дыбыстарды бір әріппен таңбалаған да дәйекші арқылы ажыратқан. 2003, 2013 жылғы басылымдарда белгілерді беруде де жаңсақтықтар орын алған. Түпнұсқада дефис, тире түрінде берілген белгілер (- –) аталған жинақтарда екі рет тире түрінде берілген. Сондай-ақ ‘‘ ” « » белгілерін таңбалауда да қателіктер орын алған. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 9-бетінде б (ب), п (پ), т (ت) / р (ر), з (ز) / с (س), ш (ش) / к (ك), ң (ڭ) / о (و), ұ (ۇ), у (ۋ) / ы (ى), й (ي) әріптері берілген. Бұл әріптерді оқып, таңбалауда кейінгі басылымдарда жаңсақтықтар орын алған. 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда ى

әрпі «і» болып оқылған; 2003, 2013 жылғы басылымдарда و әрпі біресе «о», біресе «у» болып оқылған (таңбаланған):

ب (б), پ (п), ت (т), ر (р), ز (з), س (с), ش (ш), ك (к), ڭ (ң) و (о), ۇ (ұ) ۋ (у), ى (і), ي (й)

Түпнұсқаның өн бойында әріптер мен белгілер, мысалға алынған сөйлемдер үлкенірек шрифпен беріліп, тапсырмалар мен жаттығулар кішірек шрифпен берілген. Балаларға да, мұғалімдерге де ыңғайлы болып, көзге бірден көріну үшін осы тәсіл кітаптың өн бойында сақталған. Алайда бұл ерекшелік 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда көрсетілмеген. Кітаптың рәсімделуіндегі ерекшелікті көрсету мақсатымен жинақта әріптер мен белгілер, мысалға алынған сөйлемдер үлкенірек шрифпен беріліп, тапсырмалар мен жаттығулар кішірек шрифпен беріліп отырды.

Түпнұсқаның 9-бетінде «Ертең *нәлөк* салыуға бапам қалаға барады» деген сөйлемдегі *нәлөк* сөзі 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда *налог* түрінде таңбаланған. Бұл сөйлемдердегі дыбыстар жіңішке оқылуы тиіс.

Түпнұсқаның 10-бетіндегі хат «Қадырлы Қатыш апатай» деп басталып, соңына нүкте қойылса, 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда леп белгісі қойылған. Түпнұсқадағы *қадырлы* сөзі *қадірлі* түрінде берілген. Қазақ тіліндегі үндестік (сингармонизм) заңына сәйкес *қа* буынымен басталатын сөздің кейінгі буындары да жуан болуы тиіс. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 10-бетінде «Қандай сөз болса да оқыймын» деген сөйлем берілген.

Түпнұсқаның 10-бетіндегі «Сендер «Мұғалым әнгімесі» деб ат қойыб дәптерлеріңе көшіріңдер» деген сөйлемдегі *мұғалым* сөзі 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда *мұғалім* түрінде берілген. Қазақ тіліндегі үндестік (сингармонизм) заңына сәйкес *мұға* буынымен басталатын сөздің кейінгі буыны да жуан болуы тиіс. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқада тақырып атауынан кейін көбінесе нүкте қойылып отырған: § 4. Сөйлем белгілері. Тыныстық (.), жабсарлық

(,).§ 5. Сөздер. 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда бұл ерекшелік сақталмаған. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 11-бетіндегі «Қораның шетіне алты бақан құрдық» деген сөйлемдегі бөлек жазылған *алты бақан* сөзі 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда бірге жазылған. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 11-бетіндегі «Екінші кезекке Үміт, Дәмет, Мұрат, Мықаш төртеуі кірді» деген сөйлемдегі *Мықаш* есімі 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда *Мұқаш* түрінде берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 12-бетіндегі «Ертең аулым көшеді. Ұуық бауын шешеді. Ала тайым ойнайды. Қара тоқтым қашады» деген сөйлемдер 2003, 2013 жылғы басылымдарда өлең жолдары ретінде берілген. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды. Осы сөйлемдегі *ұуық* сөзі 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда *уық* түрінде берілген. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 13-бетінде берілген таңбалардағы ы (ى) әрпі 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда «і» түрінде қате таңбаланып, ғалымның сингармонизмге қатысты ұстанымдары ескерілмеген. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 13-бетіндегі «Кітәбтан қараб табасындар» деген сөйлем 1991 жылғы «Тіл тағылымы» атты жинақта «Кітаптан қарап тапсаңдар» түрінде берілсе, 2003, 2013 жылғы басылымдарда «Кітаптан қарап табасыңдар» деп берілген. А.Байтұрсынұлы еңбектерінде II жақ тұлғасындағы етістік көбінесе **-сын/-сін** түрінде берілген. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 13-бетіндегі «Айтыңдар, жана жазыб көрсетіңдер» деген сөйлем 1991 жылғы «Тіл тағылымы» атты жинақта «Айтыңдар жаңа жазыб көрсетіңдер» деп берілсе, 2003, 2013 жылғы басылымдарда «Айтыңдар және жазыб көрсетіңдер» деп берілген. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 13-бетінде дәйекшінің қызметін, жуан-жіңішке сөздерді өзара салыстыру, сөздердің тіркесімділігін аңғарту

үшін берілген мысалдарда *ет, байтал* сөздеріне қатысты *сұр* берілген. 2003, 2013 жылғы басылымдарда ет пен сұр сөздерінің орындары алмасып кеткен: Сол сияқты аш, ақ сөздеріне тіркестіру үшін берілген боры сөзінің орны да ауысып кеткен: Соның салдарынан ғалымның ұстанымын, ойын түсіну қиын көрінеді. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 13-бетіндегі «ашшы» сөзі 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда «ашты» түрінде берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 14-бетінде буыншы әріптер ретінде а (ا), о (و), ұ (ۇ), е (ه), ы (ى) келтірілген. 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда ى әрпі «и» ретінде таңбаланған. Тілімізде дауысты дыбыстар ғана буын құрай алатындықтан, ғалым буыншы әріптер ретінде дауыстыларды ғана келтірген. Қазақ тілінде **у, й** дыбыстары әрдайым дауыссыз болғандықтан, А.Байтұрсынұлы оларды дауыстылардың қатарында атамайды. Ғалымның ұстанымтұжырымдарына нұқсан келтірмеу мақсатымен жинақта 1928 жылғы басылымның түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 14-бетінде «Бөлек шығарғаннан кейін, кітәбтарыңда кез келген сөздерді бұуындаб қараңдар – әлгілерден басқа жалғыз өзі бұуын болатын басқа әріптер бар ма екен»; «Сонан кейін басқа бұуындарды қараңдар. Кез келген сөздерді бұуындаб қараңдар – әлгі әріптер кірісбейтін сірә бұуын бола ма екен» деген сөйлемдердің соңынан нүкте қойылған. 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда нүктенің орнына сұрақ белгісі қойылған. Келтірілген сөйлемдер сұраулы сөйлем болуына байланысты баспа тарапынан кеткен қате жөнделіп, сөйлемдердің соңына сұрақ белгісі қойылды.

Түпнұсқаның 14-бетіндегі «Жалғыз өзі бұуын болатын әлгі әріптер болса, олар кірісбеген сірә бұуын жоқ болса, бұуын жасайтын әріптердің қайсысы болғаны?» деген сөйлемдегі *болғаны* сөзі 2003, 2013 жылғы басылымдарда *боғаны* түрінде берілген. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 15-бетінде «Бөлгеннен кейін бұуыншы әріптер

басына келген бұуындарды бір бөлек шығарыб жазыңдар; ортасына келген бұуындарды бір бөлек шығарыб жазыңдар; айағына келген бұуындарды бір бөлек шығарыб жазыңдар» деген тұтас сөйлем беріліп, араларына нүктелі үтір қойылған. 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда бұл сөйлем жай сөйлемдерге айналдырылып, арасына нүкте қойылған. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 16-бетінде «Бұуыншы «ы» (ى)» түрінде берілген тақырыпаттағы ى әрпі 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда «и» ретінде таңбаланған. Осы тараушада «Қандай бұуында «ы» (ى) әрпінің дыбысы анық естілмейді?», «Дыбысы анық естілмегенімен ол бұуынға «ы» (ى) әрпі жазыла ма?» деген тапсырмалар берілген. 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда «ы» әрпінің орнына «и» әрпі жазылған. Алайда келтірілген мысалдар «и» әрпіне емес, ы/і әріптеріне арналғаны байқалады:

Сүтін пісіріб едім.
Көбелек келіб күрп етіб,
Көбігін ішіб ол кетті.
Жапалақ келіб жарп етіб,
Жармысын ішіб ол кетті.
Қарға келіб қарқ етіб,
Қалғанын ішіб ол кетті.
Сауысқан келіб сақ етіб,
Сарқыб ішіб ол кетті.

Себебі онда «и» әрпімен келетін бір де бір сөз жоқ. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 16-бетіндегі «Осында екі жақтағы сөзде де бұуыншы әріптерге қарасаңдар, жазылыуы бірдей. Айтылыуы бірдей ме?» деген сөйлем 2003, 2013 жылғы басылымдарда тұтас бір сөйлем ретінде беріліп, арасына үтір қойылған. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 17-бетіндегі «Айтылыуы қалай?» деген сөйлем 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда «Айтылыуы қандай?» болып берілген. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 17-бетіндегі «Енді бір жағындағысына дәйекші қойыб, бір жағындағысына қоймай оқыб қараңдар. Айтылыуы өзгере ме? Жоқ ба? Айтылыуы өзгергенде, солардың мағанасы өзгере ме? Жоқ ба?» деген сөйлемдердегі *ба* сұраулық демеулігі 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда *па* түрінде берілген. ХХ ғасырдың басында жалғаулықтар көбінесе үндестік заңына бағындырылмай, бір ғана тұлғада берілген. Сол кездегі емледегі өзгешеліктер мен ерекшеліктерді нақты көрсету мақсатымен жинақта 1928 жылғы басылымның түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 18-бетінде «§ 11. е (ه) қ (ق) к (ك) әріптері» деп аталатын тақырып 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда «§ 11. Қ, К әріптері» деп берілген де е әрпі жазылмай қалған. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 18-бетінде дәйекшіні айыра білу үшін берілген тапсырмада жуан, жіңішке әріптердің арасына сызықша қойылған:

ا -و ،اٴ -ۇ ،ءو -ى ،ۇٴ -ه ،ىٴ - هٴ

Ал 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда сызықша қойылмаған. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 18-бетіндегі «Осында дәйекші қойса да, қоймаса да айтылыуы өзгермейтіні бар ма?» деген сөйлемдегі «өзгермейтіні» сөзі 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда «өзгермейтін» деп берілген. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 18-бетінде дәйекшінің ерекшелігін көрсету үшін

қол_____көл
құн_____күн
қон_____көн
құт_____күт
қары _____кәрі

сияқты мысалдар келтірілген. 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда қары _____кәрі сөздері берілмеген. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 19-бетінде көшіру үшін

	апа	қат	қалам
Ақыштың	апатайы	қаты	қаламы
менің	апатайым	қатым	қаламым
сенің	апатайың	қатың	қаламың

* * *

	қағаз	**бойау**	**сүгірет**
Ақыштың	қағазы	бойауы	сүгіреті
менің	қағазым	бойауым	сүгіретім
сенің	қағазың	бойауың	сүгіретің

сияқты мысалдар берілген. 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда *апатайы, қаты, қаламы*, т.с.с. тәуелдеулі тұлғадағы сөздер бас әріппен жазылған. Төте жазуда бас әріп пен кіші әріптің айырмашылығы болмағанмен, алдыңғы сөздермен (*Ақыштың, менің, сенің*) тіркескенде ол сөздер (*апатайы, қаты, қаламы*) кіші әріппен берілуі керек екені ескерілді.

Түпнұсқада мысалға алынған сөздердің суреттері берілген. Ал 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда сурет берілмей, ненің суреті екені сипатталып жазылған: қаламның суреті, конверттің суреті, қазақ киімін киген қыздың суреті, т.с.с. 2022 жылғы «Ақымет Байтұрсынұлы. Таңдамалы шығармалары» атты жинақта ғана суреттер берілген. Жинақта түпнұсқадағы суреттер көшіріліп басылды.

Түпнұсқаның 20-бетінде «**йы, ыйы** жазыуы» түрінде берілген тақырып 1991 жылғы «Тіл тағылымы» атты жинақта «йе, йі жазуы» деп берілсе, 2003, 2013 жылғы басылымдарда «ыйы, йі жазуы» деп берілген. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 20-бетінде берілген жұмыста «Мақандардың тақтайы, біздің тақтайымыз» тіркестері үлгі ретінде беріліп, «Бой. Үй. Сөз. Жыйылыс. Нәрсе. Қаулы» сөздері жаңа жолдан берілген. Сол сөздерді пайдаланып, балалар сөздерге тәуелдік жалғауларын қосулары керек: «Мақандардың бойы, үйі, сөзі,

жыйылысы, нәрсесі, қаулысы». 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда «Мақандардың тақтайы, біздің тақтайымыз. Бой. Үй. Сөз. Жыйылыс. Нәрсе. Қаулы» бір жолда берілгендіктен, тапсырманың шарты түсініксіз болып қалған. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 21-бетінде «Сұрау сөздер. Не? Кім?» деп берілген сөйлем 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда

Сұрау.

Сөздер.

Не? Кім?

түрінде берілгендіктен, түсініксіз болып шыққан. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 21-бетіндегі «Сұрау. Күн қалай? Ай қалай? Жақсы қалай?» дегендегі «Жақсы қалай?» деген сөйлем 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда «Жақан қалай?» деп берілген. Сұрақтың жауабы: «Күн ортақ, ай ортақ, жақсы ортақ». Сондықтан дұрысы – Жақан емес, жақсы екені анық байқалып тұр. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 21-бетіндегі «ы, й, ый, ыйы» 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда «и, й, ій, ійі» түрінде берілген. Қазақ тілінде дауысты «и» жоқ.

Мысалда дауысты «и» әрпімен келетін бір де бір сөз жоқ:

Сен оқы, мен тыңдайын.

Мен оқыйын, сен тыңда.

Мен көрсетейін, сен таны.

Сен көрсет, мен таныйын.

Сен құй, мен жұуайын.

Мен құйайын, сен жұу.

Мен қашайын, сен құу.

Сен қаш, мен құуайын.

Мысалдар сингармонизм заңдылығын басшылыққа алып, дауыссыз «й» әрпінің жазылуын пысықтау үшін берілгені ескеріліп, жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 22-бетінде көшіру үшін мысалдар берілген.

қара _____ қарау
жаз _____ жазыу
оқы _____ оқыу
айт _____ айтыу
тыңда _____ тыңдау
көрсет _____ көрсетіу
таны _____ таныу
құй _____ құйыу
сұра _____ сұрау
жұу _____ жұуыу

Келтірілген мысалдар түбірден соң **у, ыу, іу** қосымшаларын қойып, дағдыландыруға арналған. Түбір нұсқасы мен қосымшалы нұсқаның арасына сызық қойылған. 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда түбір мен қосымшалы тұлғалардың араларына сызық қойылмаған:

Қара	Қарау	Жаз	Жазу
Оқы	Оқу	Айт	Айту
Тыңда	Тыңдау	Көрсет	Көрсету
Таны	Тану	Қой	Қойу (қою)
Жұу			

Жұу (жу) – жұу (жуу)

Мысалдар бүгінгі нормаға сәйкес берілгендіктен, қосымшалы нұсқада **ыу, іу** тұлғалары қай кезде жалғанатыны түсініксіз болып қалған. Соның салдарынан А.Байтұрсынұлының ұстаным-тұжырымы да көрінбеген. Жұу сөзі ғана түпнұсқа қалпында берілгенмен, қосымшалы нұсқасы қате берілген. Кейінгі басылымдарда сұра – сұрау етістіктері мүлде берілмеген. Құй – құйыу етістіктері қой, қойу (қою) түрінде қате таңбаланған. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 22-23-беттерінде

Қардың түсі қандай? .....
Ұнның түсі қандай? .....
Сүттің түсі қандай? .....

Қанның түсі қандай? .....
Күйенің түсі қандай? .....
Көмір түсі қандай? .....
Құрақ түсі қандай? .....
Қамыс түсі қандай? .....

деген мысалдар берілген. Оқушылар сұрақтарға жауап беруі үшін сұрақтардан соң арнайы орын берілген. 2003, 2013 жылғы басылымдарда жауап беру үшін арнайы орын берілмеген. 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда «Көмір түсі қандай?» деген сөйлем «Көмір[дің] түсі қандай?» түрінде өзгертілген. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 23-бетінде көшіру үшін берілген мысалдардың жоғары жағына *Қайталамас белгі («)* деп тақырып қойылған. Алайда 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда ол тақырып мүлде берілмеген.

Түпнұсқада қайталамас белгіге мысалдар беріліп, қайталамас белгі қай жерде қолданылатынын түсіну үшін көшіріп жазу тапсырма ретінде берілген:

Мұраттікінің шарұуасы. Біздікінің шарұуасы. Сіздікінің шарұуасы.

« отыны	« отыны	« отыны
« малдары	« малдары	« малдары
« аттары	« аттары	« аттары
« сыйырлары	« сыйырлары	« сыйырлары

1991 жылғы «Тіл тағылымы» атты жинақта тақырыпта, мысалдардың алдына қайталамас белгі де қойылмағандықтан, тапсырма түсініксіз болып шыққан:

Көшіріу.

Мұраттікінің шарұуасы. Біздікінің шарұуасы. Сіздікінің шарұуасы.

отыны	отыны	отыны
малдары	малдары	малдары

аттары	аттары	аттары
сиырлары	сырлары	сиырлары

«Тіл тағылымында» екінші бағандағы *сыйырлары* сөзі *сырлары* болып, қате берілген. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 23-бетінде «Қарға қарқылдайды» деп берілген сөйлем 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда «Қарға қаңқылдайды» болып берілген. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 23-бетінде «Сауысқан қайтеді?» деген сөйлем 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда «Сауысқан кәйтеді?» болып берілген. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 25-бетінде «Жалт-жұлт етеді; жалмай жұтады» деген жұмбақтың шешуі ретінде бірінші әріп (о...) көрсетілген. Алайда 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда «о» әрпінің орнына «у» әрпі жазылған. Жұмбақтың шешуі – от, сондықтан кейінгі басылымдардағы «у» әрпінің берілуі қате. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Осы беттегі «Шым-шытыр, шійедей қотыр» деген жұмбақтың шешуі ретінде алғашқы буыны (жұл...) көрсетілген. 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда «ұ» әрпі «о» ретінде оқылып, алғашқы буын «жол...» түрінде берілген. Жұмбақтың шешуі – жұлдыз, сондықтан кейінгі басылымдарда «жол...» деп берілуі қате. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 25-бетінде «Қатар-қатар тас қойдым, жійрен атты бос қойдым» деген жұмбақтың шешуі (т... т...) болып берілген. 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда ол (т... т) түрінде берілген. Яғни екінші «т» әрпінен кейін көп нүкте қойылмаған. Жұмбақтың шешуі – тіс пен тіл. Сол себепті түпнұсқада екі «т» әрпінен кейін көп нүкте қойылған. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 26-бетіндегі «Тәртіб, тәртібші, жыйын, шүбірек деген сөздердің жазыуы» деген тіркестегі *шүбірек* сөзі 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда *шүберек* түрінде берілген. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 26-бетіндегі «Сабақты неге білмейсін?» деген сөйлемдегі *білмейсін* етістігі 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда *білмейсің* түрінде жазылған. Сөздің түп-төркінін сақтау мақсатымен қосымшаның соңында **ң** әрпі емес, **н** әрпі болуы керек екенін айтып, оқулықтарында сол ұстанымды басшылыққа алады.

Түпнұсқаның 29-бетіндегі «Жұмаштың ойы сайлауы үйі, сайланыуы мінезі» деген тіркестегі «Жұмаштың» сөзі 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда «жұмыстың» түрінде берілген де «жұмыстың» сөзінен кейін үтір қойылған. Дұрысында, бұл жерге үтірдің қажеті жоқ. Себебі тапсырма у, ыуы қосымшаларының жалғануын бекіту үшін берілген. *Ой. Сайлау. Үй. Сайланыу. Мінез* сөздері берілген де сол сөздерге тәуелдік жалғауларын қосу үшін алдына ілік септік тұлғасындағы сөздер (*Жұмаштың, менің, сенің*) келтірілген. Арасына үтір қойылған жағдайда ол бірыңғай мүше ретінде танылады да тапсырма түсініксіз болып шығады. Дұрысында, бұл – матаса байланысқан сөздер. Сондықтан ол жерге үтір қоюдың қажеті жоқ. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 29-бетіндегі көшіру үшін берілген тапсырмадағы «**ұу, ұуа, ұуы»** тұлғалары 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда «ұу, үу, ұуы» түрінде берілген. Көшіріп жазу үшін берілген мысалдардың ішінде «үу» тіркесімен келетін бір де бір сөз жоқ:

Ұу. Дұу. Сұу. Бұу. Құу. Жұу.

Ұуат. Сұуат. Бұуаз. Құуат. Жұуан.

Ұуық. Сұуық. Бұуын. Құуық. Жұуық.

Мұндағы сөздер «**ұу, ұуа, ұуы»** дыбыс тіркестерінің емлесін пысықтау үшін берілген. Сол себепті түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Келтірілген мысалдардағы «жұуан» сөзі 1991 жылғы «Тіл тағылымы» атты жинақта «жұуап» түрінде берілген. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 30-бетіндегі «Сұуыб, бұуыб, құуыб, жұуыб, тұуыб, сұуыр, бұуылдық, құуырдақ» сөздерінің арасына үтір қойылып, жаңа жолдан басталса, 1991, 2003, 2013 жылғы басы-

лымдарда ол алдыңғы мысалдағы сөздермен бірге, араларына нүкте қойылып берілген. Түпнұсқада алдыңғы мысалдардың арасына нүкте қойылғанмен, кейінгі мысалдардың арасына үтір қойылған. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 30-бетінде *сабақтас, жолдас, құрдас* сөздеріне тәуелдік жалғауын қосып, сөйлем құрауға арналған тапсырма берілген:

сабақтас, жолдас, құрдас.
Мырзаш менің .....
« сенің .....
« Әліштің .....

Сабақтас, жолдас, құрдас сөздерінің астына көп нүкте қалдырылған. 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда көп нүкте *құрдас* сөзінің астына қойылған, *сабақтас, жолдас* сөздері дұрыс орналаспаған:

Жұмыс.	Сабақтас.	Жолдас.	Құрдас
	Мырзаш	менің	.....
	«	сенің	.....
	«	Әліштің	.....

Сол себепті тапсырманың шарты түсініксіз болып шыққан. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 30-бетінде көп нүктенің орнына тәуелденген сөзді қоюға арналған тапсырма берілген:

Менің жұмбақ жолдасым бар. Мырзаш жаман ұйалды.
Сенің жұмбақ ..... бар. Мен жаман .....
Әліштің жұмбақ ..... бар. Сен жаман .....
Біздің жұмбақ ..... бар. Біз жаман .....
Сіздің жұмбақ ..... бар. Сіз жаман .....
Мықандардың жұмбақ бар. Мықандар жаман .....

Сол кездегі баспа тарапынан кеткен қатеге байланысты жұмбақ сөзінен кейін көп нүкте қойылмаған. 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда көп нүктенің орнына бір ғана нүкте қойылған. Жинақта баспа тарапынан кеткен қателік жөнделді.

Түпнұсқаның 30-бетінде сөздерді буынға бөлуге арналған тапсырма беріліп, «Шешіндіріп. Кійімдерді. Тәніміздегі. Зыйанды» сөздері келтірілген. 1991 жылғы «Тіл тағылымы» атты жинақта бұл тапсырма мұлде түсіп қалған. 2003, 2013 жылғы басылымдарда тапсырманың шарты берілгенмен, мысалдары көрсетілмеген. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 31-бетіндегі *мұғалым* сөзі 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда *мұғалім* түрінде берілген. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Осы бетте *дәргер* түрінде жазылған сөз 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда *дәрігер* түрінде берілген. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 31-бетіндегі *бұуындау* сөзі 2003, 2013 жылғы басылымдарда *бұуындасу* түрінде берілген. Сөздерді буынға бөлуге арналған тапсырмаларының бәрі де *буындау* деп берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 31-бетінде көшіріп жазу үшін бірнеше сөз берілген де араларына үтір қойылған:

Алысыб-жұлысыб, айтысыб-тартысыб,
тістесіб-тебісіб, ұрысыб-керісіб,
шөб-шалам, жүн-жұрқа, тері-терсек,
бау-шұу, қыл-қыбыр, жаман-жұман, жаман-жәутік.

1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда *ұрысыб-керісіб* сөзінен кейін нүкте қойылған да одан кейінгі *шөб-шалам* сөзі бас әріппен жазылған. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 32-33-беттерінде сан сөздерді цифрға айналдыруға арналған тапсырма берілген де, цифрмен жазу үшін арнайы орын берілген:

Неше ірет?	Нешінші ірет?
бір ірет	бірінші ірет .....
екі ірет	екінші ірет .....
үш ірет	үшінші ірет .....
төрт ірет	төртінші ірет .....
бес ірет	бесінші ірет .....

алты ірет	алтыншы ірет .....
жеті ірет	жетінші ірет .....
сегіз ірет	сегізінші ірет .....
тоғыз ірет	тоғызыншы ірет .....
он ірет	онынншы ірет .....

1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда есептік сан есімдерге арнайы орын берілгенмен, реттік сан есімдерге орын қалдырылмаған. Жинақта түпнұсқа қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 32-33-беттеріндегі «сыйпыр» сөзі 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда *сипыр (цифр)* түрінде берілген. А.Байтұрсынұлы шет тілден енген сөздерді қазақ тілінің дыбыс заңдылықтарына бейімдеу керек екенін айтады. Оқулықтарында да шеттен енген сөздер қазақ тілінің жүйесіне бағындырылған. Қазақ тілінде дауысты «и» дыбысы болмауына байланысты оны «ый» түрінде берген. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 33-бетінде ай аттарын көшіріп жазуға арналған тапсырма берілген де «ай аттары» тіркесі жақшада көрсетілген. 2003, 2013 жылғы басылымдарда «Ай аттары» тіркесі жақшасыз берілсе, 1991 жылғы «Тіл тағылымы» атты жинақта ол тіркес мүлде түсіп қалған. Ай аттарын таңбалауда түпнұсқада *ғыныуар, пыйбырал, ағұс* түрінде берілген сөздер 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда *ғынуар, пебірал, ағус* деп берілген. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 34-бетінде сөз тудыруға арналған тапсырма берілген:

Ұзын – ұзайыу	Қысқа – қысқарыу
Аз –	Көб – .....
Сұуық –	Жылы – .....
Ашық –	Жабық – .....
Алыс –	Жақын – .....
Бійік –	Аласа – .....
Жоғары –	Төмен – .....
Түзіу –	Қыйсық – .....

1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда *ұзайыу* сөзі *ұзаю* түрінде, *қысқарыу* сөзі *қысқару* түрінде, берілген. Байтұрсынұлы еңбектерінде **я, ю** әріптері қолданылмағанын ескеріп әрі үлгі ретінде берілген *ұзайыу, қысқарыу* сөздері **ыу** дыбыс тіркесін пысықтауға арналғанын негізге алып, түпнұсқадағы қалпын сақтадық.

Түпнұсқаның 36-бетіндегі «Сұу сұуыуы сүнбіледен басталады» деген сөйлемдегі *сүнбіле* сөзі 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда *сүмбіле* түрінде берілген. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 36-бетінде «Отауда жүк-сайманын бұуыу керек» деген сөйлем берілген. 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда *отауда* сөзіндегі жатыс септік қосымшасы сөзден бөлек жазылуына байланысты шылау сияқты болып кеткен. Соның салдарынан сөйлем түсініксіз болып шыққан. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 36-бетінде «Қолыңды қайта-қайта ійіу керек. Ійлікбесе былай ій. Сонда оңай ійіледі. Борды түй. Былай түйіу керек. Сонда оңай түйіледі» деген сөйлемдер берілген. Мұндағы сонда деп басталатын сөйлемдер 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда алдыңғы сөйлемнің жалғасы ретінде, үтір арқылы берілген. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 37-бетінде «Енді ійле. Ійі әбден қансын. Ій болмаса жақсы жабысбайды» деп берілген сөйлемдердегі *ій* сөзі 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда *и* түрінде берілген. Сондай-ақ осы беттегі *ійлікбесе* сөзі *илікбесе* деп берілген. *Ійіу* сөзі *ійю* деп берілген. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 37-бетінде айтқаннан жазуға берілген тапсырма жақша ішінде *жат жазыу* деп берілген. 2003, 2013 жылғы басылымдарда жат сөзі хат түрінде таңбаланған. Дұрысында, бұл жерде хат жазу турасында сөз болмайды, тапсырма естіген нәрсені жаттап, жатқа жазуға арналған. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 37-бетінде

Етігі жыртық-жыртық.
Тоны шұрық-тесік.
Шапаны жалба-жалба.
Етегі жырым-жырым.
Бөркі тесік-тесік.
Қолы жара-жара.
Бет-ауызы қотыр-қотыр

деген мысал берілген. 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда «Тоны шұрық-тесік» деген сөйлем түсіп қалған. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 38-бетіндегі тапсырмадағы *ійт* сөзі 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда *ит* түрінде берілген. Қазақ тілінде дауысты «и» дыбысы жоқ. Сөз бірыңғай дауыссыз дыбыстардан құрала алмайды. Сол себепті дұрысы – *ійт.* Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 38-бетінде *ұлыйды* сөзі 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда *өледі* түрінде берілген. Сол сияқты *бырылдайды* сөзі *қырылдайды* болып берілген. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 39-бетінде оқу бөлмесіндегі құлаққаттардың аттарын жазуға арналған тапсырма берілген де нұсқа ретінде «Пійәнер заңы» тіркесі келтірілген. 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда ол тіркес *пионер заңы* түрінде тырнақшасы, кіші әріппен берілген. Төте жазуда бас әріп пен кіші әріптің айырмашылығы болмағанмен, қазіргі емле бойынша жалқы атаулар бас әріппен жазылатындықтан, осы ұстаным сақталды.

Түпнұсқаның 39-бетіндегі «Менің жасаған сызықшамамда 10 жастағы еркек бала мен қыз бала сызық басына бір-бірден келді» деген сөйлемдегі *сызықшамамда* сөзі 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда *сызықшамда* түрінде берілген. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 39-бетіндегі «Қандай шәкірттің бет-ауызы сыйа-сыйа болады?» деген сөйлемдегі *сыйа-сыйа* сөзі 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда *сия-сия* түрінде берілген. Байтұр-

сынұлы еңбектерінде **я, ю** әріптері қолданылмағаны ескеріліп, түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 39-бетінде «Айдікіндей» сөзі 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда «Әйдігіндей» болып берілген. Төте жазуда сөз ішінде к, г, е дыбыстары келсе, дәйекші қойылмайтыны белгілі. Сол себепті «а» дыбысы «ә» түрінде оқылуы мүмкін. Алайда -дікі қосымшасы үндестік заңына бағынбайтындықтан, ол қосымшадағы, одан кейінгі буындардағы **к, е** дыбыстары ескерілмейді. Сондықтан «а» жуан қалпында оқылады. Түпнұсқада «г» емес, «к» әрпі берілген. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 40-бетінде тасымалдауға арналған тапсырма берілген де, дұрыс нұсқасы келтірілген:

Нұсқа:
күн-
бақбамыз
күн бақ-
бамыз
күн-бақба-
мыз
күн-бақпамыз

1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда ең соңғы *күн-бақпамыз* сөзі түсіп қалған. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 41-бетіндегі «Үлкендер белдеріне ескі шекбен, жаман-жұман кійім байланыб алған» деген сөйлемдегі *кійім* сөзі 2003, 2013 жылғы басылымдарда *кійіп* деп берілген де сөйлем түсініксіз болып шыққан. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 40, 41-беттерінде *апам да, мен де* дегенде жалғаулықтар алдыңғы сөзбен қатар, бос аралықсыз жазылған.

Түпнұсқаның 41-бетіндегі кестедегі «Оң жағында «у» қалған, сол жағында «ы» қалған» деген сөйлем 1991 жылғы «Тіл

тағылымы» атты жинақта «Сол жағында «у» қалған, оң жағында «ы» қалған» түрінде; «Оң жағында «й» қалған, сол жағында «ы» қалған» деген сөйлем «Сол жағында «й» қалған, оң жағында «ы» қалған»; «Оң жағында «ы» қалған, сол жағында «й» қалған» деген сөйлем «Сол жағында «ы» қалған, оң жағында «й» қалған» деп берілген (355-бет). Төте жазу оңнан солға қарай бағытталғандықтан, орыс жазуына түсіргенде оң жақтағы дүние сол жаққа, сол жақтағы дүние оң жаққа ауысатындықтан, құрастырушылар оқырманға түсінікті болу үшін мақсатты түрде осылай берген болуы керек. Алайда 43-беттегі кестеде бұл ескерілмей, «Оң жағында «р» қалған, сол жағында «у» қалған», «Оң жағында «ы» қалған, сол жағында «й» қалған», «Оң жағында «й» қалған, сол жағында «ы» қалған» түрінде, түпнұсқадағы қалпында берілген. Жинақта Байтұрсынұлының 1928 жылғы нұсқасы жарияланып отырғандықтан, түпнұсқадағы қалпы сақталды.

1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда **у, й, ы, і** дыбыстарының дұрыс таңбалануына қатысты тапсырманың талаптары толық сақтала бермеген. Мысалы, *оқы_, таны_, тасы_, жекі_, бекі_, жібі_* сияқты сөздерге «у» қосылатыны анық көрсетілгенмен, *оқу_, тану_, тасу_ , жеку_, беку_, жібу_* сияқты сөздерде «у» әрпінің алдындағы ы, і әріптері берілмеген. *Тұу_с, бұу_ н, сұу_қ, ұу_қ* сөздері фонетикалық ұстанымға сәйкес берілгенмен, *қу_с* сөзінің берілуінде ол ескерілмеген. *І_* әрпі *и_* деп оқылған. *Ій* сөзі *йі* деп оқылған. *Ій* сөзіне «і» қосу арқылы «ійі» сөзі шығуы керек. Алайда 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдардағы берілуі бойынша ол мүмкін емес. Түпнұсқадағы *құ_ын* сөзі *құ_ып* түрінде қате оқылған. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Ғалым дауыстылардың жуан-жіңішкелігін ескеріп, бір таңбамен берген (олар дәйекші арқылы ажыратылған). Түпнұсқада ى әрпі таңбаланған тұста 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдардың құрастырушылары **ы, і** әріптерін саралап көрсеткен. А.Байтұрсынұлының 5 дауыстыны ғана атайтынын, тіліміздегі үндестік

заңын негізге ала отырып, 1928 жылғы басылымның түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 41-бетіндегі кестедегі бұ_ екі рет жазылған. 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда ол бү_, бұ_ түрінде (жуан, жіңішке нұсқада) берілген. Сөздің алдына дәйекші қойылмағандықтан, бұл сөздер жіңішке оқуға келмейді. Сол себепті жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқада *а_ыу, жа_ ыу, құ_ыу, бұ_ ыу, тұ_ ыу, са_ ыу* түрінде берілген сөздер 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарда *а-у, жа-у, құ-у, бұ-у, тұ-у, са-у* түрінде таңбаланған. *І_* әрпі *и_* деп, *ій_н* сөзі *йі-н* түрінде таңбаланған. Соның салдарынан Байтұрсынұлының ұстанымдарына кереғар, түсініксіз сөздер пайда болған. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның соңында кітаптың мазмұны берілген. Алайда ол 1991, 2003, 2013 жылғы басылымдарға енбей қалған. 2022 жылғы «Ақымет Байтұрсынұлы. Таңдамалы шығармалары» атты жинақта мазмұны берілген.

Тіл-жұмсар. Сөйлеу, оқыу, жазу тілін жұмыс тәжірибесі арқылы танытатын **2-кітап** 1-басқыш мектепке арналған. Кітаптың өзгертілмей басылған нұсқасы 1929 жылы Қызылода қаласында 20 000 таралыммен шыққан. Дәйектемеде ғалым: «Тіл – жұмсардың» 1-кітабында балалар әріптерді сөздерді, жеңіл сөйлемдерді, олардың белгілерін көруінше қолдану жағы көбірек көзделсе, 2-кітабында соларды тек көруінше қолданбай, мәнісін біле қолдану жағы көбірек көзделеді», – дей келіп, 2-кітапта дұрыс жазу, дұрыс оқу жағы тең алынып отырғанын, балалар әріптерді, сөздерді, сөйлемдерді дұрыс оқумен қатар түрлі қосымша белгілермен көрсетілген дауыстың райларын, шырайларын сазына келтіріп оқуға дағдыланатынын ескертеді. «Тіл – жұмсардың» 2-кітабы алғаш рет 2022 жылы «Қазақ университеті» баспасынан шыққан «Ақымет Байтұрсынұлы. Таңдамалы шығармалары» атты жинақтың 3-томында жарияланған.

Кітаптың өн бойында «Тіл – жұмсар» сөзі түрліше берілген: біресе тіркес түрінде жазылса, енді бірде арасына дефис қойылған.

Ол қос сөз емес, тіркес болғандықтан, арасына дефис қойылмағаны дұрыс болатыны ескеріліп, барлық жерде дефиссіз берілді.

Түпнұсқаның 3-бетіндегі «Тіл – жұмсардың» 1-інші кітәбындағы дәйектемеде 2-нші кітәбы тұуралы айтылғанға мұнда қосымша түрде айтатұным мынау» деген сөйлемдегі *айтатұным* сөзі 2022 жылғы басылымда *айтатыным* түрінде берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 8-бетінде «Жол жолы мен оқыңдар да, сөйлем болыб тұрған жолға тыныстық қойасындар, болмай тұрғандарына қоймайсындар» деген сөйлем берілген. Сол сияқты 14-бетте «Кітәб оқыб отырсын ба?», 15-бетте «Сен неге отырсын?», «Сен де мінесін бе?», 17-бетте «Қасқыр, қасқыр, ана ешкіні неге жемейсін», «Жылқышы, жылқышы, ана қасқырды неге ұрыб алмайсын», «Тышқан, тышқан, байдың жентін неге жемейсін» деген сөйлемдер берілген. Яғни жіктік жалғауының соңында «ң» емес, «н» әрпі жазылған. Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінде II жақ тұлғасындағы етістік көбінесе -сын/-сін түрінде келген. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Төмендегі әнгімені тыныстықты білмейтін адам жазған, сондықтан еш жерге тыныстық қоймаған», «Осы әнгімені тыныстық қойыб көшіріңдер», «Төмендегі әнгіменің тыныстығы түгел қойылмаған», «Сендер осы әнгімені тыныстық қоймай көшіріңдер» деген сөйлемдер берілген. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқада тақырыптардан соң әрдайым нүкте қойылған. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 12-бетіндегі «Бүгүн кеш бардым. Бүгүн кеш бардың ба?», 16-бетіндегі «Бүгүн кеш бардым» деген сөйлемдерде *бүгүн* сөзінің таңбалануы бүгінгі таңдағы нормаға сәйкес келмейді. Алайда XX ғасырдың басындағы емледегі өзгешеліктер мен ерекшеліктерді нақты көрсету мақсатымен жинақта 1928 жылғы басылымның түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінде көмектес септік жалғаулық ретінде танылған. Сондықтан ол алдыңғы сөзден бөлек жа-

зылған: Жол жолы мен оқыңдар да, сөйлем болыб тұрған жолға тыныстық қойасындар, болмай тұрғандарына қоймайсындар» (8-бет), «Төмендегі екі қатар сатылаб жазған сөйлемдерді жол жолы мен қатарынан оқыңдар» (12-бет), Қайсысы дауыстың қатты лебі мен не қатты болмаған мен дауыстың айырықша лебі менен айтылады (15-бет), т.с.с. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 13-бетіндегі «Тыныс белгілерін қойыб көшіргеннен кейін осы әнгімені сөйлемдерінің сұраулы, сұраусызына қарай дауыс ырайын келтіріб оқыңдар» деген сөйлемдегі ырай сөзінің таңбалануы қазіргі нормаға сәйкес келмейді. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 14-бетіндегі «Кітәб оқыб отырсын ба?» деген сөйлемдегі «отырсын ба» бос аралықсыз жазылған. Алайда кітаптың өн бойында сұраулық демеуліктер алдыңғы сөзден бөлек таңбаланған:

Ійнелікке жүк артыб, ерте көшкен керек пе?
Сары майдан шүйкелеб, арқан ескен керек пе?
Шегірткенің мұртына ат арқандаб оттатыб,
Өлдім-талдым дегенде әрең шешкен керек пе? (83-бет).

Бұлар жаман ертек бе?
Мына бала тентек бе? (83-бет).

Наныуға ма, нанбауға?
Бұ немене, алдау ма? (83-бет).

* * *

Шыбын теуіб өлтірген бөлтірікті айтам ба?
Сілейтсең де май беріб, өтірікті айтам ба?..
Бұған қалай нанбасқа?
Нанбаса да жазбас ба?! (83-бет).

Баспа тарапынан жіберілген қате жөнделіп, «Кітәб оқыб отырсын ба?» деген сөйлемдегі «ба» шылауы алдыңғы сөзден бөлек таңбаланды.

Түпнұсқаның 14-бетіндегі «Ой, сабаз ай!», «Ай, шіркін ай!», «Шіркін о...й!», «Құрыб қалсын!», «Ой, пірім ай!», «Ой-бой, байғұс ай!», 16-бетіндегі «Әй, еріншек неме ай!», «Ұйатсыз ақ екен!», «Мал қымбат ақ!», 82-бетіндегі «Мұзда жатыб тоңыпты ау. Мұздан жауаб сұрыбты ау», т.с.с. сөйлемдерде демеуліктер сөзден бөлек әрі дефиссіз жазылған. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқада бірінші буында **у** дыбысы келген жағдайда алдына үндестік заңына сәйкес **ұ, ү** әріптері жазылған: Үуәдесіз екен ғой! (16-бет); Қай ұуақытта? (16-бет), Ырақым – Ұуақытым жоқ. Ырысты – Ұуақытың қайда кетті. Ырақым – Ұуақытым айға кетті (58-бет), Далада сұу мен құмырша тұр екен. Сұу толық емес екен (76-бет), «Дауыстың екпіні нығыз айтылған бұуында бола ма? Бос айтылған бұуында бола ма?» (77-бет), «Құуыр, құуыр, құуырмаш. Балаларға бұйдай шаш», (79-бет), т.с.с. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 16, 17-беттерінде «Лебі бар сөйлемді не деб атау?», «Төмендегі сөйлемдердің қай жеріне сұрау белгісін, қай жеріне леб белгісін (лебтеулік) қойыу?», т.с.с. сөйлемдер берілген. Қазіргі кездегі норма бойынша, бұл сөйлемнің соңына «керек», «қажет» сөздерін қосуға болар еді. ХХ ғасырдың басындағы сөйлем құрылысындағы ерекшеліктерді нақты көрсету мақсатымен жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.Түпнұсқаның 17-бетіндегі «Оны жемек түгіл өзім ұлақтай алмай жатырмын», 24-бетіндегі «Ұлақ бақтым, жылаб бақтым», 47-беттегі «Ешкі сүйер баласын ұлағым деб, Тастан тасқа секірген шұнағым деб», 78-бетіндегі «Қасына ұлақ келгенде, Сүзіб кейін жасқаған» деген сөйлемдердегі ұлақ сөзінің жазылуы бүгінгі нормаға сәйкес келмейді. Алайда ХХ ғасырдың басындағы емледегі өзгешеліктер мен ерекшеліктерді нақты көрсету мақсатымен жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 23-бетіндегі «Сөйлем жабсарына қойылатын белгіге не деб ат қойыу ылайық?» деген сөйлемдегі *ылайық* сөзінің, 64-беттегі «Шәкен шамға мұқтаж. Ол істемек не ылаж? Жақан жаққа мұқтаж. Ол істемек не ылаж? Әлжан әліп-бійге мұқтаж. Ол істемек не ылаж? Сабыр қаламсапқа мұқтаж. Ол істемек не ылаж?» деген сөйлемдегі *ылаж* сөзінің жазылуы бүгінгі нормаға сәйкес келмейді. Мұнда да сол кездегі норманы көрсету мақсатымен түпнұсқадағы қалып сақталды.

Түпнұсқаның 23-бетіндегі «Жақаш кітәб сатыб алды», «Жақаш дебтер сатыб алды», 51-беттегі «Дептеріннің бетін жоғарыдан төмен тартқан сызық бен қақ бөлесіңдер де осы әнгімені оң жағына бір рет, сол жағына бір рет көшіресіңдер» деген сөйлемдердегі *кітәб, дептер* сөздерінің жазылуы бүгінгі нормаға сай келмейді. Төте жазудағы заңдылық бойынша, сөз ішінде **к, г, е** дыбыстары болса, дәйекші қойылмағанмен, сөз жіңішке оқылады. Сондықтан *кітәп* сөзі тұтастай үндестік заңына бағындырылып, жіңішке түрде жазылды. ХХ ғасырдың басындағы емледегі өзгешеліктер мен ерекшеліктерді нақты көрсету мақсатымен жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 27-бетіндегі «Екеуі таласыб мұғалымға барады» деген сөйлемде мұғалым сөзі тұтасымен жуан түрде берілген, барыс септік қосымшасы жалғанғанда да жуан қалпы сақталған. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 29-бетінде *Ден саулық* сөзі бос аралықпен жазылған. Бұлайша жазу қазіргі нормаға қайшы болғанмен, түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Бүгінгі таңда бірге жазылып жүрген белгісіздік, болымсыздық есімдіктері «Тіл – жұмсарда» түбірлердің арасына бос аралық қалдырылып, бөлек таңбаланған: «Осы «Жәпек тентек» деген әнгімені еш бір дәйекші қоймай көшіріб оқыб көріңдер» (29-бет); «Кей бір нәрселерді үлкендер де білмей Дәмештен сұрайды (34-бет); «Мүшелерінің бір сыпыраларын пійәнерлер жұмысына қосады» (41-бет) т.с.с.

А.Байтұрсынұлы шет тілден енген сөздерді қазақ тілінің дыбыс заңдылықтарына бейімдеу керек екенін айтады. «Тіл – жұмсарда» да шеттен енген сөздер қазақ тілінің жүйесіне бағындырылған: «Пійәнерлер ұйымы қамсамолдан бөлек емес» (41-бет); «Пійәнер басшыларын өздері сайламайды» (41-бет); «Оларды қамсамол кәмійтеттері басқарады» (41-бет); «Пійәнер жұмысшы қамсамол жұмысының бір бөлегі» (41-бет); Пійәнерлердің жұмысын басқарыб, оларға дұрыс бағыт беріу үшін қамсамол ұйымы не істейді? (41-бет); «Көменізім орнатыу үшін көб білім керек»; «Ол білімді алыу үшін көб оқыу керек» (42-бет); «Білімді жұмыскер, қара шарыуа, мұғалым, сүгіретші, ағыраном, доқтыр, әртес болыб шығыуларың керек» деген» (42-бет); «Түсер көмен жолына Жас пійәнер біздерміз (45-бет); «Біздің ауылда кәперетіб бар» (87-бет), т.с.с. ХХ ғасырдың басындағы шет сөздерді қазақ тілінің заңдылықтарына сәйкес бейімдеудегі ұстанымдарды нақты көрсету мақсатымен жинақта 1928 жылғы басылымның түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқада сөздің, буынның соңындағы, болымсыздық қосымшасындағы **п** дыбысының орнына көбінесе **б** әрпі жазылған: «Онан әрі айақ бұуынын нығыздаб айтыб, басқа бұуындарын бос айтыңдар» (77-бет); «Сүйтіб, қалыбты айтқанда, сөздің қай бұуыны нығыз айтылады?» (77-бет); «Осы нұсқамен төмендегі «Торпақ» деген өлеңдегі сөздерді бұуынға бөліб көшіріб, екпінді бұуындардың үстіне екпіндік белгісін қойыңдар» (78-бет); т.с.с. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

О. Жұбай

Оқуу құралы. Усул сотие жолы мен тәртіп етілген қазақша алыфбаға баяншы

Қазақ мұғалімдеріне арналған еңбекті Түркістан республикасының халық ағарту комиссариаты бастырған. Кітап 1921 жылы Ташкенттен 10 000 таралыммен шыққан. Ғалым 14 жыл бала оқытқан тәжірибесіне сүйене отырып құрастырған еңбегі усул сотие жолымен таныс емес оқытушыларға арналған. Кітап 2022 жылы жарық көрген «Ақымет Байтұрсынұлы. Таңдамалы шығармалары» (Алматы: Қазақ университеті, 2022) атты жинаққа енген. 1920 жылы «Баяншы» деген атпен жарық көрген кітаптың қазіргі жазуға түсірілген нұсқасы 1991 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинаққа (323-335-бб.), 2003 жылы жарық көрген бестомдық (3-том, 269-283-бб.) және 2013 жылы шыққан алтытомдық шығармалар жинағына (3-том, 279-293-бб.), 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» (477-493-бб.) атты жинаққа енген. Ұсынылып отырған «Оқуу құралы. Усол сотие жолымен тәртіп етілген қазақша аліфбаға баяншы» атты кітап сол жинақтармен салыстырылып, басылымның ерекшелігі, ұқсастығы мен айырмашылығы көрсетілді.

1920 жылғы басылым Қазанда 8600 дана болып шықса, 1921 жылы басылым Ташкенттен 10 000 таралыммен шыққан. 1920 жылғы басылымы мен қайта басылған «Тіл тағылымы» атты жинаққа (323-335-бб.), 2003 жылы жарық көрген бестомдық (3-том, 269-283-бб.) және 2013 жылы шыққан алтытомдық шығармалар жинағына (3-том, 279-293-бб.), 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» (477-493-бб.) атты жинақтарда кітаптың аты «Баяншы» деп қана берілсе, 1921 жылы жинақтың түпнұсқасы мен 2022 жылы жарық көрген «Ақымет Байтұрсынұлы. Таңдамалы шығармалары» (Алматы: Қазақ университеті, 2022) атты жинақта «Оқуу құралы. Усул сотие жолымен тәртіп етілген қазақша аліфбаға баяншы» деп берілген.

Түпнұсқаның мұқабасында А. Байтұрсынұлының

Балалар! Бұ жол басы даналыққа.
Келіңдер, түсіп, байқап қаралық та!
Бұ жолмен бара жатқан өзіңдей көп,
Соларды көре тұра қалалық па?
Даналық өшпес жарық, кетпес байлық,
Жүріңдер, іздеп тауып алалық та!

деген өлең жолдары берілген. Ал 1920 жылғы басылымда да, кейінгі басылымдарда да ол берілмеген. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның «Сөз басында» «Араб сөздерін оқытқанда менің ойымның көшесіне түсінген үйретуші қиналмас һәм балаларды да қинамас. Менің ойым араб сөзінің оқуын қазақ оқу ойына түйіншексіз жалғау. Екі оқуды жалғау түйіншексіз болу үшін, араб оқуындағы белгілерді бұлай айтып ұқтыру керек. Араб сөзінде дауысты дыбыстар жазылмайды. Олардың орнына һәр түрлі белгілер қойылады. Мысалы, жіңішке «ә» орнына «ـَ» белгісі, «ы» орнына«ـِ» белгісі, «о» орнына « ـُ» белгісі, «а» (ا) созылатын орнында « ا» белгісі, «ы» созылатын орнында «ـِ» белгі деп һәр белгіні оқытардың алдында түсіндірсе, араб сөздерін оқу қазақ сөздерін оқудан артық қиын болмас. Неге десек, «ـَ», «ـِ», « ـُ», «ـْ» белгілердің орнына тиісті дыбыстар балаларға жат дыбыстар емес. Араб сөздерінен алған сөздерім қазақ арасында көп айтылып құлақтарына сіңген таныс сөздер» түрінде берілген абзац 1920 жылғы басылымда да, қазіргі жазуға түсірілген нұсқаларда да жоқ. Яғни ғалым 1921 жылы басылымды толықтырғаны байқалады. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 3-бетінде «Усул сотие жолымен таныс емес оқытушылар төмендегі «Қазақ дыбыстары һәм олардың жазу белгілері» деген һәм «Дыбыс пен жаттығу» деген екі сөзді оқып, әліппе қалай тәртіп етілгенін көріп, оқу бастауы абзал. Бұл екі сөз оқушылар емес, оқытушылар үшін жазылған» деген сөйлем 1920 басылымда «Жаңа оқу жолымен таныс емес оқытушылар төмендегі «Дыбыспен жаттығу» деген екі сөзді оқып, әліппе қалай тәртіп етілгенін көріп, оқу бастауы артық. Бұл екі

сөз оқушылар емес, оқытушылар үшін жазылған» түрінде берілген. Яғни 1920 жылғы басылымда «жаңа оқу жолымен» деп берілген тіркес 1921 жылғы басылымда «усул сотие жолымен» деп нақтыланған. Сондай-ақ 1920 жылғы басылымда «Дыбыс пен жаттығу» деген атпен берілген материалды оқу керектігін айтса, 1921 жылғы басылымда одан бөлек «Қазақ дыбыстары hәм олардың жазу белгілері» деп аталатын материалды да ұсынып, оқытушының сонымен танысуы керек екенін ескертеді. Яғни 1921 жылғы басылым бұрынғы басылыммен салыстырғанда біршама толықтырылып, мазмұны жаңарғаны аңғарылады. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 4-бетінде «Егер де бұл 19 дыбыстың жуан айтылуы, үшін бір белгі, жіңішке айтылуы үшін бір белгі керек десек, мысалы: ط – т (ت) , ص – с (س) сықылды, онда 19 дыбысқа 38 белгі керек болар еді» деп берілген сөйлемдегі жуан дауыссыздар «Тіл тағылымы» атты жинаққа (323-335-бб.), 2003 жылы жарық көрген бестомдық (3-том, 269-283-бб.) және 2013 жылы шыққан алтытомдық шығармалар жинағында (3-том, 279-293-бб.) берілмей, редактор тарапынан «Араб тіліндегі жуан с, т таңбалары қатар тұруы керек еді, көрсете алмадық» деген ескерту берілсе, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» (477-493-бб.) атты жинақта, 2022 жылы жарық көрген «Ақымет Байтұрсынұлы Таңдамалы шығармалары» (Алматы: Қазақ университеті, 2022) атты жинақта жуан дауыссыздар түпнұсқадағы қалпында берілген. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 5-бетінде «А (ا) сөздің басында «~»-бен тұрса, (а) болып оқылады, «~» жоқ (ا) сөз басында басқа дауысты дыбыстардың харпіне сүйеу үшін жазылып, «а» болып оқылмайды. Мысалы: «اوت» (от), «أرت» (өрт), « اريم» (ырым), «اير» (ер) дегендей орындарда.

«آ» сөздің ортасында йә ақырында «~» жоқ болса да, «آ» (а) болып оқылады: (قازاق) қазақ, (قالماق) қалмақ , (قالقا) қалқа, (قارا) қара» түрінде берілген абзац 2013 жылы шыққан алтытомдық шығармалар жинағында (3-том, 282-б.) «ا» (а) түрінде берілген

де «Тырнақша ішіндегі бос орында әліптің үстінде ирек сызықшада бар деп оқу керек» деген ескерту берілген. Осындай ескерту «Тіл тағылымы» атты жинақта да берілген (325-б.). Алтытомдық шығармалар жинағында «малда» түрінде берілген сөз (араб тіліндегі таңбаның атауы) «Тіл тағылымы», «Қазақ тіл білімінің мәселелері» (480-481-бб.) атты жинақтарда «мадда» түрінде берілген. Яғни «Тіл тағылымы», «Қазақ тіл білімінің мәселелері» (480-481-бб.) атты жинақтарда түпнұсқаға жақын берілсе, алтытомдық шығармалар жинағында шартты белгінің атауы қате («малда») берілгені аңғарылады. 2022 жылы жарық көрген «Ақымет Байтұрсынұлы. Таңдамалы шығармалары» атты жинақта 1921 жылғы түпнұсқа сақталып, шартты белгілер толық қойылған. Ұсынылып отырған жинақта да түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 6-бетінде «ۇ» (ұ) *алу, бару, қалу* деген сөздерде **л**-ның, **р**-ның, **н**-ның соңынан қандай дыбыс естіледі, сол дыбыстың белгісі. Бұл дыбыстың hарфін «о» -дан айыру үшін үстіне «,» қоямыз. «ұ» -ды оқығанда hәм оқытқанда сол естілген қалпында айтарға тиіс. «ұ» сөз басында көмескілеу, шолақтау айтылады. Мысалы, *құрғақ, құлақ* деген сөздердің ішіндегідей. Сөздің аяғында анық айтылады. Мысалы: *ағу, ату, асу, ауу* дегендей» деп берілген абзац «Тіл тағылымы» атты жинаққа (328-б.), 2003 жылы жарық көрген бестомдық (3-том, 269-283-бб.) және 2013 жылы шыққан алтытомдық шығармалар жинағында (3-том, -283-бб.) «ۇ» (ұ) تۇر (тұр) جۇرت (жұрт), قۇم (құм) деген сөздерде т-ның, ж-ның, қ-ның соңынан қандай дыбыс естіледі, сол дыбыстың белгісі. Бұл дыбыстың харіпін «و» (о)-дан айыру үшін, үстіне « ۇ » қоямыз. « و » (ұ)-ны оқығанда hәм оқытқанда, сол естілген қалыпта айтарға тиіс» деп берілген. Жинақта 1921 жылғы түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 6-7-беттерінде «Ұ» сөз басында йә ортасында анық hәм ұзын естілсе, ол екі дыбыстың қатар келгенінен. Мысалы: Мысалы: «تۇۋرا» (тура), «تۇۋىس» (туыс) деген сөздер ішіндегідей. Сондай сөз ортасында йә басында анық hәм ұзын

естілетін жерлерде екі «ۇ» (ұ) жазуға тиіс. Басқа түркі тілінде екінші «ۇ» (ұ) орнына «ع» (ғ) келеді. Мысалы: «تۇغرا» (туғра), «تۇغـچ» (туғыш). «о» (و) мен «ۇ» (ұ) екеуіне зор ілтипат керек. Бұлардың жазылуы ұқсас болғанмен, айтылуы ұқсас емес. *Қой* (мал) деген сөзбен *құй (шай құй)* деген сөздердің мағыналары қандай басқа болса, айтылуы hәм сондай басқа, «ۇ» (ұ) көмескі айтылса да, қалдырмай жазу керек. «ۇ» (ұ) жазылған сөздің алдында дәйекші «ء» тұрса, «ۇ» (ұ) жіңішке айтылады. Мысалы:» «اۇر » (ұр) – «ءاۇر» (үр), « ۇر » (тұр) -«ءتۇر» (түр), «بۇر» (бұр) - «ءبۇر» (бүр)» түрінде берілген абзац «Тіл тағылымы» атты жинаққа (328-б.), 2003 жылы жарық көрген бестомдық (3-том, 269-283-бб.) және 2013 жылы шыққан алтытомдық шығармалар жинағында (3-том, 283-б.) «Сөз ортасында я басында анық hәм ұзын естілетін жерлерде екі « ۇ » (ұ) жазуға тиіс. Мысалы: تۇۇرا (тура), تۇۇس (туыс) деген сөздерде. Басқа түркі тілінде екінші «ۇ» (ү) орнына «غ » (ғ) келеді. Мысалы: تۇغرا (туғра), تۇغـج (туғыш). « و » (о) мен « ۇ » (ұ) екеуіне зор ілтипат керек. Бұлардың жазылуы ұқсас болғанмен, айтылуы ұқсас емес. Қой (мал) деген сөзбен құй (шай құй) деген сөздердің мағыналары қандай басқа болса, айтылуы hәм сондай басқа, « ۇ » (ұ) көмескі айтылса да, қалдырмай жазу керек. « ۇ » (ұ) жазылған сөздің алдында дәйекші «ء » тұрса, « ۇ » (ұ) жіңішке айтылады. Мысалы: – ءاور اۇر (ұр) – (үр), ءتور (түр) – تۇر (тұр). بۇر – ءبور (бұр) – (бүр)» деп берілген. Жинақта 1921 жылғы түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 7-бетінде «Сөз басында «ى» (ы)-ның өзі жазылмаса да, сүйеніш харпі «ا» жазылады. Мысалы: «اقتن» (ықтын), «انتـق» (ынтық), «ارعاق» (ырғақ), «اچقنۇۇ» (ышқыну), «اسقرۇۇ» (ысқыру), «ازعرق» (ызғырық)» түрінде берілсе, «Тіл тағылымы» атты жинақта (328-б.), 2003 жылы жарық көрген бестомдық (3-том, 269-283-бб.) және 2013 жылы шыққан алтытомдық шығармалар жинағында (3-том, 283-б.) «Сөз басында ى (ы)-ның өзі жазылмаса да, сүйеніш харпі « ا» жазылады. Мысалы:اقتن (ықтын), انتـق (ынтық), ارعاق (ырғақ), اجقنۇۇ (ышқыну), اسقرۇۇ(ысқыру, (ызғырық) (ازع түрінде беріліп, соңғы үш

мысалдағы сөздердің орындары ауысқан. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 8-бетінде «ط» -ның орнына «ت» (т) жуан айтылатын болған соң, «ص»-ның орнына «س» (с) жуан айтылатын болған соң, «ط» мен «ص»-лардың бізге керегі жоқ. Олар жазу емлесіне оралғы болады. Қай жерде «ص» қай жерде «ت» (т) жазуды білмей осы күнде де шатасамыз» деп берілген сөйлемдердегі жуан дауыссыздар («ط», «ص») «Тіл тағылымы» атты жинаққа (328-б.), 2003 жылы жарық көрген бестомдық (3-том, 269-283-бб.) және 2013 жылы шыққан алтытомдық шығармалар жинағында (3-том, 283-б.) таңбаланбай, тырнақшаның ішінде бос орын қалдырылған да редакция тарапынан «Тырнақша ішіндегі ашық жерлерде араб тілінің жуан **т, с** таңбалары бар деп оқу керек» деген ескерту берілген. Алтытомдық шығармалар жинағында (3-том, 285-б.) жуан «ط» әрпінің орнына «ت» таңбасы берілген:

Бұл орайда оқырманды шатастырмау үшін айтылуы екі түрлі дыбысты түпнұсқадағы қалпында берген жөн. Жинақта 1921 жылғы түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 8-бетінде «ش» (ш) -ны алмай «چ» (ч)-ны алғанның мәнісі – қазақ тілінде жазылған кітаптар, журналдарды қарасақ, «ش» (ш) жазылған сөздер тіпті аз, жоқ есебінде. Көбіне «ش» орнына «چ» жазылыпты. Басқа түркі тілдерін қарасақ, қазақтың «ش» (ш) келетін жеріне оларда «چ» келеді «اقشا – اقچا» (ақша – ақча), « قانشا – قانچا» (қанша – қанча), « كيش – كيچ» (кеш – кеч).

Жана да «ش» (ш) дыбысы «س» (с)-тан гөрі «چ» (ч)-ға жақын, олай болғанда хәріпінің түрі де «چ»-ға жақын болғаны ұнамдырақ көрінеді. Осы айтылған оймен қазақ тіліне «ش» хәріпі алынбай, «چ» хәріпі алынды. Мұны алғаннан кемшілік аз, ұнамы көп. Мысалы: *екінші, үшінші, бесінші* hәм басқа сондай «ش» (ш) келетін сөздердіبيسنشى، اوشونشى، ايكنشى деп жазсақ, бастапқылары ұнамдырақ көрінеді. Себебі менің ойымша мынау боларға: «ش» (ш) араб тілінде «س» (с)-ға жақын дыбыс боларға керек,

сондықтан басқа түркі тілінде біздің «س» (с) орнына жұмсалады» деген бөлікті қазіргі жазумен беруде бірқатар ағаттықтар кездеседі.

«Тіл тағылымы» атты жинаққа (328-б.), 2003 жылы жарық көрген бестомдық (3-том, 269-283-бб.) және 2013 жылы шыққан алтытомдық шығармалар жинағында (3-том, 283-б.) «ش» (ш) -ны алмай «چ» (ч) алғанның мәнісі» деген тіркес «Ш-ны алмай Y (ге) алғанның мәнісі» деп берілген. Бұл жердегі «Y (ге)» түпнұсқада دی -چ түрінде берілген. 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» (484-б.) атты жинақта, 2022 жылы жарық көрген «Ақымет Байтұрсынұлы. Таңдамалы шығармалары» атты жинақта (249-б.) түпнұсқаға сәйкес, дұрыс берілген. Басылымдардың бәрінде де «ش», «چ», «ج» таңбаларының қазіргі нұсқасын беруде бірқатар кемшіліктер орын алған. Жинақта 1921 жылғы түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 8-бетінде «Балалар дыбыспен оқып жүрген уақытта, оларға хәріптердің сүгіреттерін жаздырып үйрету керек. Мысалы: . (ноқат), .. (қатар ноқат), : (қабат ноқат), :.(үш ноқат), (жоғарғы)˙, (төмендегі)., ~ (мәд), ا(таяқ), ب (тұтқа), ف(ілгекті тұтқа), ل (қармақ), ن(шеңбер), ق (ілгекті шеңбер), د(тұяқ), ر (шана бас), و(шақша), م (шоқпар), س(ирек), ح(құстұмсық), ع(таға), ء(ашық ауыз), ى(шәйнек мойын), ک (ожау), ه(шығыршық), бұларды хәріп деп жаздыру емес, жазылған әрқайсысының атымен жаздыру яғни сүгіретін салдыру. Мысалы: ноқат, қармақ, тұтқа уа ғайри» түрінде берілген сөйлемдердегі ноқат сөзі 2022 жылғы басылымда *нұқат* түрінде берілген, басқа басылымдарда *ноқат* деп берілген. Ұсынылып отырған жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталып, *ноқат* деп берілді. 2022 жылғы басылымда түпнұсқаға сәйкес уа ғайри («тағысын тағы», «тағы сол сияқты» деген мәнде) сөзі басқа басылымдарда «басқа да» деп берілген. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

О. Жұбай

ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

Абылай (1751-1781) – аса көрнекті мемлекет қайраткері, қолбасшы, дипломат, қазақ халқының ханы. 1771-1781 жылдар аралығында қазақ хандығын билеген. Төле би «Сабалақ» деп ат берген. Шын аты – Әбілмансұр. Жауға шапқанда «Абылай» деп ұрандатқандықтан, Абылай атанған. Арғы тегі Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы ханнан тарайды. Ел тұтастығы үшін аянбай күрес жүргізіп, сыртқы басқыншыларға тойтарыс беріп, көрші елдермен дипломатиялық қарым-қатынас орнатқан. Арыс өзені жағасында қайтыс болады. Сүйегі Түркістан қаласындағы атақты Қожа Ахмет Йасауи кесенесінде жерленген.

Ағыбай (1802-1885) – қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күрескен әйгілі батыр, қолбасшы. Ресей отаршылығына қарсы шайқасқан Кенесары Қасымұлының көтеріліс басшыларының бірі.

Апылатон, Платон (б.д.д. 427-347) – ежелгі грек [иунан] философы, идеализмнің негізін салушы. 407 жылы Сократпен танысып, оның ең сүйікті шәкіртінің бірі болды. Өмірінің соңғы жылдарын Афинада өткізіп, көптеген еңбектер жазып, лекция оқыған. Платон жөнінде оның өз шәкірттері мен Аристотельдің атақты шәкірті Аристоксен көп жазған.

Қазақтар оны көбінесе «Аплатон» деп атаған.

Атымтай, Атымтай Жомарт (Хатымтай) – шығыс халықтары фольклорының қиял-ғажайып, тұрмыс-салт ертегілері хикаяттарында кездесетін кейіпкер, қайырымдылық пен жомарттықтың үлгісі. Ғалымдардың пікірі бойынша, Хатымтай ислам дініне дейінгі дәуірде V ғасырдың аяғы – VI ғасырдың басында өмір сүрген батыр, өте бай әрі мырза, жомарттығымен даңқы шыққан ақын деген жорамал айтылады. Аңыздардың шығу төркінін Арабтардың Тай тайпасынан шыққан Хатим ибн Абдаллах (Хатим Тай) ақынмен байланыстыратын Атымтай Жомарт туралы Қ.Шахморонұлының «Қисса и Хатымтай-Жомарт», Ш.Жәңгіровтың ертегісі бар. Ы.Алтынсариннің 1899 жылы жарық көрген хрестоматиясында Атымтай Жомарт туралы аңыз

енгізілген. Жомарттықтың, қолы ашық, жанашырлықтың, ақпейілділіктің үлгі-өнегесі тұрғысында шешендердің бата-тілек, арнау үлгілерінде айтылады. Хатымтай жомарт бейнесін далалықтар рухани жақын көріп жылы қабылдады.

Әзірет Әлі – Оспаннан кейін билікке келген төртінші халифа (656-661 жылдары билік құрған). Мұхаммед пайғамбардың немере інісі әрі күйеу баласы. Әли ибн Әбу Талиб 661 жылы қарсыластарының қолынан қаза болғаннан кейін, исламда оның бейнесі киелі бейнеге айналған.

Әмір Темір (1336-1405) – Темір әулеті империясының негізін қалаушы. Бектердің бегі болып, Шағатай ұрпақтарынан тәуелсіз мемлекет құрған. Бірақ Шыңғысханның тікелей ұрпағы болмағандықтан, өзінің лауазымы «хан» емес, «әмір» атағын иеленген. Ол Алтын Орданың құлауына себепкер болған. Әмір Темір 1370 – 1390 жылдары Тоқтамыс хан мен Едігенің арасындағы алауыздықты пайдаланып, Дешті Қыпшақ, Ақ Орда мен

\Моғолстанға 10-нан астам жойқын шабуылдар жасады.

Байұзақ датқа Мәмбетұлы (1789-1864) – Кенесаарының сенімді серігі болған, Қоқан және Ресей отаршыларына қарсы күрескен батыр**.**

Бұғабай, Бұғыбай (туған жылы белгісіз – 1847) – батыр, қолбасшы. Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық күреске белсенді түрде қатысып, ерлігімен көзге түскен. 1847 жылы қырғыздарға жорық кезінде ерлікпен қаза тапқан.

Бұқарбай (1822-1898) – батыр, шешен. Кенесарының атақты батырларының бірі. Ол 1838 жылы Ақмола бекінісін алуға атсалысып, 1850 жылы Қазалы, Арал, Қосқорған бекіністеріне шабуыл жасаған.

Едіге – XIV ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген тарихи тұлға. Ерекше шешендігімен қоса, батыр әрі қолбасшы болған. Ол Алтын Орда мемлекетінің бірнеше хандары тұсында тәуелсіз билік құрумен бірге ел басқару істеріне белсене араласты. Қара халық арасынан шығып, көшпелі ноғай-қыпшақ ұлыстарының намысын қорғағандықтан қазақ халқының тарихи

жадында «Ел қамын жеген Едіге» деген атпен қалған оның бейнесі мен есімі бірқатар қазақ эпостарына арқау болды. Кейбір деректер бойынша, Едіге мырзаның бейіті қазақ жерінде – Ұлытауда жатыр.

Жақыб ұлы Жұсыб – Жақып пайғамбардың кіші ұлы, пайғамбар, Құранда оған үлкен сүре арналған. Сүреде оның тарихы толық қамтылған. Інжілде ол Сұлу Жүсіп (Иосиф Прекрасный) деп аталған.

Жүсіп пайғамбар туралы аңыз-әңгімелерді негізге ала отырып, Фердауси Тусиден бастап көптеген шығыс ақындары жүзден астам дастан, жыр, поэма жазған. Қазақтарда да осы тақырыпқа арналған XIX ғасырда баспа бетін көрген дастан бар.

Жиренше (туған-өлген жылы белгісіз) – Қазақ хандығын құрған Жәнібек хан (XV–XVI ғасырлар) тұсында өмір сүрген атақты шешен. Жиренше шешен есімі ақыл, парасаттың үлгісі ретінде қазақ ауыз әдебиетінен берік орын алған. Халық аңыздары бойынша, Жиренше шешен кедей адам болған. Ол дербес Қазақ хандығын құруда ханға көмектескен, оған пайдалы кеңестер айтып, бұқараның атынан сөйлеген. Оның атынан айтылып, халық жадында сақталған аңыз-әңгімелер мен шешендік сөздер көп. Олардың көпшілігі XV–XVI ғасырлардан басталатын халық шығармасына немесе әлденеше адамның, бірнеше буынның өңдеп, өзгертуінен өткен ортақ мұраға айналып кеткен. Жиренше шешен туралы аңыздарда оның әйелі Қарашаш та ақылды әрі тапқыр жан ретінде суреттеледі. Жиренше шешен туралы аңыз-әңгімелер түркі тектес басқа халықтарда да кездеседі. Мысалы, қарақалпақта Жиренше шешен, қырғыздарда Жээренче чээчэн, түркіменде ақылды да, тапқыр ийкренче туралы аңыздар бар.

Зылыйқа – шығыс халықтарының «Жүсіп – Зылиха» атты әдеби-фольклорлық туындының кейіпкері, махаббат пен сұлулық символы.

Кене-сары, Кенесары Қасымұлы (1802-1847) – қазақтың ірі мемлекет қайраткері, әскери қолбасшы. Қазақ халқының 1837-

1847 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының көсемі. Қазақ хандығының соңғы ханы. Шыңғыс ханның 27-інші ұрпағы, Абылай ханның немересі, Қасым сұлтанның баласы. 1841 жылы қыркүйекте Кенесары үш жүздің өкілдерінің жиынында қазақ халқының ханы болып сайланады. Кенесары әскерінің ең көлемді әрекеті 1838 жылы Ақмола бекінісін өртеуден басталады. 1844 жылы 21 шілдеде Кенесары қолы Ахмет Жантөреұлының әскерін тасталқан етеді. 1847 жылғы Қырғызстандағы шайқаста Кенасары ұсталып, үш ай тұтқында болады. Осы жерде өлтіру туралы шешіп қабылданып, басын алуға бұйрық беріледі. Кенесарының басы Батыс Сібір генерал-губернаторы Горчаковқа сыйланады.

Көрұғлы – қазақ арасына да ертеден мәлім, халық сүйіп тыңдаған «Көрұғлы» эпосының бас қаhарманы. Кезінде бұл ғажайып фольклор туындысын маңғыстаулық Абыл жырау бастаған бір шоғыр талантты жыршы-ақындар қазақша жаңғыртып, сахара тыңдаушыларының құлақ құрышын қандырған. Сондайақ, Жиенбай, Оңғар, Баспан, Жәмет, Әбілда, Рахмет сынды таланттардың орындауындағы эпостың мәтінмен нотаға түсірілген жыр мақамы біздің заманымызға жетті. Ал атақты Майкөт, Жамбыл, Құлмамбет сынды Жетісу жырау-жыршыларының да талай түндер бойы айтқаны туралы деректер бар.

Қарымбай – қазақ фольклорындағы көзі тоймайтын тойымсыз, сараң, қарау байдың бейнесі. Ол Құрандағы жетім-жесірге қайыр-садақасы жоқ, қолда бар байлығын нысап етпейтін Харун туралы аңызға байланысты қалыптасқан. Қазақ аңыздарында Харун есімі Қарынбай болып өзгерген.

Қобыланды (XV ғ.) – тарихта аты қалған батыр, қайраткер. Халық арасында сақталған көптеген жырларда, әңгімелерде, шежірелерде оны «Қара Қыпшақ Қобыланды» деп атайды. Жошы ханның баласы, көшпелі өзбек мемлекетінің негізін қалаушы Әбілхайыр ханның бас батыры, белгі қолбасшысы болған. Қазақ шежіресінде Қобыландыны Қарақыпшақтан тарайтын Тоқтарбайдың ұлы делінеді. Қобыландыдан Беркімбай, Беркімбайдан бес таңбалы Қыпшақ ұрпақтары өрбиді. Ел аузында сақ-

талған аңыздардың бірінде Қобыланды батырдың қақтығыстар кезінде Арғын тайпасының билеушісі Қотан бидің ұлы Дайыр-қожа батырды (Ақжол) өлтіргені айтылады. Осы оқиға жөнінде Қотан бидің «Қарақыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным» деген жоқтауы сақталып қалған. Қазақ әдебиетінде Қобыланды батырдың жорықтары мен қызылбастар мен қалмақтарға қарсы соғысы туралы «Қобыланды батыр» эпосы тараған.

Қыдыр – кейбір шығыс халықтарының, сондай-ақ қазақтардың мифтерінде, фольклорында жиі кездесетін, аты аңызға айналған архаикалық образ.

Мұса Жайау (1835-1929) – әнші-сазгер, ақын. Жас кезінде жазықсыз жалаға ұшырап, Тобылға жер аударылған. Түрмеде жатып, өз еркімен сұранып, патша әскерінің қатарына сұранған. Әскер қатарында Польша, Литва елдерінде болып, кейіннен Қоқан хандығына қарсы полковник М.Черняев қолының құрамында Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде ұрыстарға қатысқан.

Наурызбай Қасымұлы (1822-1847) – батыр, Кенесары ханның туған інісі. 1837–1847 жылдардағы Кенесары Қасымұлы бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысында ерекше ерлігімен көзге түскен. Наурызбай Кенесарының тапсырмасымен көтеріліске қарсы жергілікті басшыларды бағындыру, салық жинау, барлау, әскерді қару-жарақ және азық-түлікпен қамтамасыз ету сияқты істермен айналысқан. Ресей отаршылары мен Қоқан ханының озбырлықтарына қарсы соғыстардың барлығына қатысқан. 1841 жылы Кенесары хан болып сайланғанда хан кеңесінің мүшесі болған. Наурызбай 1847 жылы тұтқынға түскен ағасы Кенесарының қасына өз еркімен барып, қырғыз манаптарының қолынан қаза табады.

Нысанбай (1822-1883) – ақын, жырау. Кенесары бастаған ұлт-азаттық көтерілістің жыршысы. Тарихи тақырыптағы «Кенесары – Наурызбай» дастанын жазған. Нысанбай жырау көтеріліске бастан-аяқ қатысып, көрген-білгенін жырға қосқан.

Ібіліс – діни ұғымда көктен қуылып, адамдарды Алланың ақ жолынан тайдыратын, күнәға ұшырататын перінің есімі. Ібілісті

басқаша – шайтан, «Алланың жауы» немесе жай ғана «дұшпан» деп атайды.

Құран Кәрім бойынша Ібіліс Алланың тілін алмаған, Адам атаның алдында тізе бүгуден бас тартып, «мен одан артықпын; сен мені оттан, оны топырақтан жаратқансың» деп қарсы шыққан. Міне, осы әрекеті үшін ол көктен қуылып, тозақ отына түсуге ұйғарылды. Алайда, Ібіліс Алладан жазасын қиямет қайымға дейін кешіктіруін жалбарынып сұрады және ол өзіне іштей Аллаға жерде қастық істеуге және адамдарды теріс жолға азғыруға уәде берді.

А. Ақан

ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

Алатау – Жетісу және Іле Алатауының халық ұғымындағы жалпылама атауы. Орталық Азия мемлекеттері мен Ресей Федерациясының Сібірдегі тау жоталарының жалпы атауы. Оларға Күнгей Алатауы, Талас Алатауы, Қырғыз Алатауы, Жетісу Алатауы, Іле Алатауы, т.б. жатады. Алыстан қарағанда мұндай таулардың төбесінен етегіне қарай мұздықтар мен көп жылдық қар жапқан ақтаңдақтары тау жоталарына ала түс береді. Атауы соған байланысты айтылған. Жетісу Алатауы, Жоңғар Алатауы Қазақстандағы ірі әрі құрылымы жағынан күрделі тау жүйелерінің бірі.

Бұхар – XVI ғасырдың басы мен 1920 жыл аралығында Орталық Азиядағы мемлекет. Негізін қалаған – Мұхаммед Шайбани хан.

Еділ (ежелгі атауы Ра, орта ғасырларда Итил) – Еуропадағы ең үлкен өзен. Бастауын Валдай қыратынан алып, Каспий теңізіне құяды. Сағасы теңіз деңгейінен 28 м төмен жатыр. Еділге екі жүзден астам салалар құяды. Орта ағысында Ока, Кама, Сура, Ветлуга және Свияга салалары құйғаннан кейін, Еділ суы мол ірі өзенге айналады.

Йапон, Жапония – Тынық мұхит аралдарында Шығыс Азия жағалауларына жақын маңда орналасқан мемлекет. Бейресми атауы «Күншығыс елі».

Мәскеу – Ресей Федерациясының астанасы. Москва өзенінің жағалауына орналасқан.

Көкшетау – Қазақстанның солтүстігінде орналасқан тарихи-географиялық аймақ. Қазіргі Ақмола облысының солтүстік бөлігі мен оған шектесіп жатқан Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау, Тайынша, Ғ.Мүсірепов, Ақжар, Ш.Уәлиханов аудандарын қамтиды. Орталық бөлігінде Көкшетау қыраты орналасқан.

Қазан – Ресей Федерациясы құрамындағы Татарстан Автономиялық Республикасының орталығы, Еділдің сол жағасында орналасқан қала.

Құддыс – Қазіргі Израил мемлекетінің астанасы Иерусалимнің ежелгі аты. Бұл шаһар әлемдік діндердің шығу тарихымен бай-

ланысты зор құрметке ие болған. Онда иудей, христиан және Ислам діндерінің қатар табынатын қадірлі діни ескерткіштері баршылық. Осы арада мұсылмандардың қасиетті орындарының бірі – «Әл-Ақса» (Бәйтул Мұқаддас) мешіті бар. Құран Кәрімдегі «Миғраж» сүресінде және басқа да діни аңыздарда Мұхаммед (ә.с) пайғамбардың «Көкке көтерілу» (Алла Тағаламен дидарласу, яки оның хұзырында болу) сапары осынау мешіттен бастау алады.

Қызылжар – Петропавл қаласының кең қолданылып жүрген қазақша атауы. Солтүстік Қазақстан облысының қаласы, облыс орталығы (1936 жылдан бері). Қаланың негізі Есіл өзенінің оң жағалауында 1752 жылы қаланған. Қаланың іргесі 1752 жылы патшалық Ресейдің қазақ жерін отарлау саясатында әскери бекініс ретінде қаланған. Алғашында әскери форпост, кейіннен сібір татарларының (түркілердің) қаласы атанып, Ресейдің Солтүстік және Орталық Қазақстанды отарлау кезіндегі негізгі тірек пунктіне айналды.

Қырым (Қырым таулары) – Қырым түбегінің оңтүстік бөлігіндегі тау. Қара теңіз жағасын бойлай жатқан Бас қырқа – Яйладан және Куэста түбегіндегі орта, солтүстік қырқалардан тұрады. Қырым тауларын адамзат палеолит дәуірінен бастап қоныстана бастаған. Мұнда ежелгі дәуірлер мен орта ғасырларда өткен ірі тарихи оқиғалар Еуразиядағы саяси, мәдени үдерістерге өз әсерін тигізді. Қырым жерінде Қырым хандығы құрылған, қазірде Қырым татарлары тұрады.

Қытай – Тынық мұхитының батыс жағалауында орналасқан ірі социалистік мемлекет. Қытайдың жер көлемі 9,6 миллион шаршы метр. Он төрт мемлекетпен, соның ішінде Қазақстанмен шектеседі.

Қоқан – Орталық Азия тарихында аты қалған мемлекет. Негізін салушы Шахрух-би шамамен 1710 ж. Бұхара әмірлігінен тәуелсіз шағын иелік құрған. Орталығы – Қоқан қаласы болған.

Рұм – шығыс халықтары орта ғасырда Византияны осылай атаған. Сол халықтардың фольклоры мен әдебиетінде Рұм атауы өте алыс, ғажайып өлкенің символы ретінде қолданылған.

Семей – Ертіс өзенінің жағасында орналасқан қала. Іргесі XVI ғасырда қаланған қаланың алғашқы атауы Доржынкент.

Торғай – тарихи қала. Алғашында патшалық Ресей қазақ халқының XIX ғасырдың 40-жылдарындағы ұлт-азаттық қозғалысын басу үшін бекініс пункті ретінде салынған. Кейін Торғай облысының құрылуына байланысты 1868 жылы қала атанды. Қазақ халқының тарихы мен мәдениетінде ерекше рөлі болды.

Хүндүстан, Үндістан – Оңтүстік Азияда Үндістан түбегінде орналасқан мемлекет. Үндістан – өзінің аса бай мәдениетімен және ежелгі өркениетімен әйгілі ел. Ол – терең тамырлы философияның, мол өзіндік ізгі рухани мұраның, сыры да, сыны да сақталған әдет-ғұрыптар мен дәстүрдің, жер-жаһанға әйгілі махаббат күмбезі Тәж Махал, Лотосхрам сынды сәулеттік жауһарлардың, терең қайнарлы би мен саздың, ғажайып үнді киносы мен жұпар иісті үнді шайының елі.

Шам – Сирияны арабтар осылай атаған. Теңеу ретінде «шариф» сөзі қосылып, көбінесе «Шам шариф» делінеді. «Шариф» – арабша құрметті, қадірлі, ұлы мәртебелі деген мағынаны береді. Кейде Дамаск [Димишк] қаласының атауы ретінде қолданылады.

Ыстамбұл (Стамбул) – Түркия мемлекетінің бұрынғы астанасы. Орта ғасырға дейін Константинопол деп аталған және ежелгі Византияның орталық шаһары болған.

А. Ақан

СӨЗДІК

Жаһад /а/ – ниет
Жүмле /а/ – бәрі, баршасы; көпшілік
Мілләт /а/ – ұлт
Наху /а/ – синтаксис, тіл білімінің саласы
Сарф /а/ – морфология
Уа ғайры /а/ – және басқа
Усул сотие /а/ – дыбыстық әдіс
Һәммә /а/ – бәрі, баршасы
Ыспат /а/ – дәлел, айғақ

А. Ақан

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Тіл-құрал. (қазақ тілінің сарфы). Бірінші жылдық. – Орынбор, 1914. 53 б.
2. Тіл-құрал. (қазақ тілінің сарфы). Екінші жылдық. – Орынбор, 1914 (Сыртқы мұқаба – 1915). 120 б.
3. Тіл-құрал. (қазақ тілінің сарфы). Бірінші жылдық. – Ташкент, 1918. 32 б.
4. Тіл-құрал. (қазақ тілінің сарфы). Екінші жылдық. – Ташкент, 1920. 96 б.
5. Тіл-құрал. (қазақ тілінің сарфы). Екінші жылдық. – Қазан, 1920. 104 б.
6. Тіл-құрал. (қазақ тілінің сарфы). Бірінші жылдық. – Ташкент, 1922. 90 б.
7. Тіл-құрал. (қазақ тілінің сарфы). Екінші жылдық. Екінші рет басылуы. – Ташкент, 1922. 96 б.
8. Тіл-құрал. Сөз жүйесі hәм түрлері. Екінші тіл танытқыш кітап. Үшінші басылуы. – Орынбор, 1923. 128 б.
9. Тіл-құрал. Дыбыс жүйесі hәм түрлері. Бірінші тіл танытқыш кітап. Үшінші басылуы. – Орынбор, 1923. 46 б.
10. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі hәм түрлері. Үшінші тіл танытқыш кітап. Бірінші басылуы. – Орынбор, 1923. 68 б.
11. Тіл-құрал. Дыбыс жүйесі hәм түрлері. Бірінші тіл танытқыш кітап. Төртінші басылуы. – Орынбор, 1924. 48 б.
12. Тіл-құрал. Сөз жүйесі hәм түрлері. Екінші тіл танытқыш кітап. Төртінші басылуы. – Орынбор, 1924. 128 б.
13. Тіл-құрал. Дыбыс жүйесі hәм түрлері. Бірінші тіл танытқыш кітап. Бесінші басылуы. – Орынбор, 1924. 48 б.
14. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі hәм түрлері. Үшінші тіл танытқыш кітап. Екінші басылуы. – Орынбор, 1924. 67 б.
15. Тіл-құрал. Дыбыс жүйесі мен түрлері. Бірінші тіл танытқыш кітап. Бесінші басылуы. – Қызылорда, 1925. 39 б.
16. Тіл-құрал. Сөздің жүйесі мен түрлері. Екінші тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емілемен бесінші басылуы. – Қызылорда, 1925. 122 б.
17. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. Үшінші тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емілемен үшінші басылуы. – Қызылорда, 1925. 73 б.
18. Тіл-құрал. Дыбыс жүйесі мен түрлері. Бірінші тіл танытқыш кітап. Өзгертпей бесінші басылуы. – Қызылорда, 1926. 39 б.
19. Тіл-құрал. Дыбыс жүйесі мен түрлері. Бірінші тіл танытқыш кітап. Өзгертіліп алтыншы басылуы. – Қызылорда, 1927. 39 б.

20. Тіл-құрал. Дыбыс жүйесі мен түрлері. Бірінші тіл танытқыш кітап. Өзгертіліп жетінші басылуы. – Қызылорда, 1927. 39 б.
21. Тіл-құрал. Сөздің жүйесі мен түрлері. Екінші тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емілемен алтыншы басылуы. – Қызылорда, 1927. 122 б.
22. Тіл-құрал. Сөздің жүйесі мен түрлері. Екінші тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емілемен жетінші басылуы. – Қызылорда, 1927. 122 б.
23. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. Үшінші тіл танытқыш кітап. Төртінші басылуы. – Қызылорда, 1927. 73 б.
24. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. Үшінші тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емілемен бесінші басылуы. – Қызылорда, 1927. 73 б.
25. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 448 бет.
26. Байтұрсынұлы А. Бестомдық шығармалар жинағы. – Алматы: Алаш, 2003-2006.
27. Байтұрсынұлы А. Алтытомдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел шежіре, 2013-2006.
28. Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы. – Астана: Алашорда, 2017. – 740 б.
29. Ақымет Байтұрсынұлы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Қазақ университеті, 2022. 1-том. – 694 б., 2-том. – 676 б., 3-том. – 766 б.

ТҮЙІНДЕМЕ

А.Байтұрсынұлы шығармаларының академиялық толық жинағының төртінші томына «Тіл – құрал. Дыбыс жүйесі мен түрлері» (Семей, 1927), «Тіл – құрал. Сөздің жүйесі мен түрлері» (1927), «Тіл – құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері» (1928), «Тілжұмсар» (Қызылорда, 1929), «Оқуу құралы» (Ташкент, 1921) атты оқулықтары топтастырылды.

Жинаққа «Тіл – құрал. Дыбыс жүйесі мен түрлері» атты I тіл танытқыш кітаптың 1927 жылы жарық көрген 7-басылымы енгізілді. Еңбек Қазақ-қырғыз білімділерінің 1-інші тобының қаулысы бойынша өзгертілген. Сол себепті 1914-1924 жылдар аралығындағы басылымдардан елеулі өзгерістері бар. 7-басылым сол уақытқа дейін жарық көрген тіл танытқыш кітаптардың түпнұсқаларымен, тәуелсіздік жылдары бірнеше жинақта жарық көрген мәтіндерімен салыстырылды. А.Байтұрсынұлының кейін жарияланған жинақтарына енбеген, алғаш жарияланып отыр.

1927 жылы «Тіл – құрал. Сөздің жүйесі мен түрлері» атты II тіл танытқыш кітаптың 6-басылымы жарық көрді. Еңбек 1924 жылы Орынбор қаласында өткен Қазақ білімпаздарының съезінің қаулысына сәйкес түзетіліп, жаңа емлемен басылғандықтан 1914-1928 жылдар аралығындағы жарық көрген басылымдардан өзгешеліктері бар. А.Байтұрсынұлының кейін жарияланған жинақтарына енбеген, осы жинақта алғаш жарияланып отыр.

Жинаққа «Тіл – құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері» атты III тіл танытқыш кітаптың 1928 жылы жарық көрген 6-басылымы енгізілді. III тіл танытқыш кітап Ахмет Байтұрсынұлының 2017 жылғы «Тілтанымдық мұрасы», 2022 жылғы «Таңдамалы шығармалары» атты жинақтарға енген. Академиялық басылымда еңбек 1928 жылға дейін жарық көрген тіл танытқыш кітаптардың түпнұсқаларымен, тәуелсіздік жылдары жарияланған жинақтардағы мәтіндермен салыстырылды.

Қазақ мұғалімдеріне арналған «Оқуу құралы» атты еңбекті Түркістан Республикасының халық ағарту комиссариаты 1921 жылы Ташкентте бастырған. Кітап Ақымет Байтұрсынұлының 2022 жылғы «Таңдамалы шығармалары» атты жинаққа енген. 1920 жылы «Баяншы» деген атпен жарық көрген кітаптың қазіргі жазуға түсірілген нұсқасы 1991 жылғы «Тіл тағылымы» атты жинаққа (323-335-б.), 2003 жылғы бестомдық (3-том, 269-283-б.) және 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағына (3-том, 279-293-б.), 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» (477-493-б.) атты жинақтарға енген мәтінмен салыстырылып, ғылыми түсінікте мәтіндегі айырмашылықтар көрсетілді.

«Тіл – жұмсар». Сөйлеу, оқу, жазу тілін жұмыс тәжірибесі арқылы танытатын 1-бастауыш мектепке арналған 2-кітап 1929 жылы Қызылода қаласында шыққан. Дәйектемеде ғалым: «Тіл – жұмсардың» 1-кітабында балалар әріптерді сөздерді, жеңіл сөйлемдерді, олардың белгілерін көруінше қолдану жағы көбірек көзделсе, 2-кітабында соларды тек көруінше қолданбай, мәнісін біле қолдану жағы көбірек көзделеді», – дей келіп, 2-кітапта дұрыс жазу, дұрыс оқу жағы тең алынып отырғанын, балалар әріптерді, сөздерді, сөйлемдерді дұрыс оқумен қатар түрлі қосымша белгілермен көрсетілген дауыстың райларын, шырайларын сазына келтіріп оқуға дағдыланатынын ескертеді. «Тіл – жұмсардың» 2-кітабы бұрынғы басылымдарда жарияланбаған. Бұл жинақта қазіргі қолданыстағы жазуға түсіріліп, алғаш рет беріліп отыр.

Жинақ оқулықтарда кездесетін жер-су атаулары туралы деректер, есімдер көрсеткіші, сөздіктер, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, орыс және ағылшын тіліндегі түйін сияқты қосымшалармен жасақталды.

РЕЗЮМЕ

В четвертый том академического полного собрания сочинений А. Байтурсынова были сгруппированы учебники «Тіл – құрал. Дыбыс жүйесі мен түрлері» (Семей, 1927), «Тіл – құрал. Сөздің жүйесі мен түрлері» (1927), «Тіл – құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері» (1928), «Тіл – жұмсар» (Кызылорда, 1929), «Оқуу құралы» (Ташкент, 1921).

В сборник вошло 7-е издание первого учебного пособия по казахскому языку «Тіл – құрал. Дыбыс жүйесі мен түрлері», изданной в 1927 году. Труд был изменен по постановлению 1-й группы казахско-кыргызских образованных лиц. Поэтому в отличие от публикаций, изданных в период с 1914 по 1924 годы, в этом сборнике имеются существенные изменения. 7-е издание сравнивалось с оригиналами учебных пособий по казахскому языку, изданными до того времени, с текстами, опубликованными в нескольких сборниках в годы независимости. Труд не вошел в более поздние изданные сборники А. Байтурсынова, впервые публикуется.

В 1927 году вышло 6-е издание 2-ого учебного пособия по казахскому языку «Тіл – құрал. Сөздің жүйесі мен түрлері». Труд был исправлен в соответствии с постановлением съезда казахских знатоков, состоявшегося в 1924 году в г. Оренбурге и отличался от публикаций, изданных в период с 1914 по 1928 годы, так как печатался в соответствии с новой орфографией.

В сборник вошло 6-е издание 3-й хрестоматии казахского языка «Тіл – құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері», изданное в 1928 году. 3-я хрестоматия казахского языка вошла в сборники Ахмета Байтурсынова «Тілтанымдық мұра», вышедшие в 2017 году, «Избранные произведения», вышедшие в 2022 году. В академическом издании труд сравнивался с оригиналами учебных пособии по казахскому языку, изданных до 1928 года, с текстами из сборников, изданных в годы независимости.

В 1921 году Народный комиссариат просвещения Туркестанской Республики издал в Ташкенте труд «Оқуу құралы» для казахских учителей. Книга вошла в сборник «Избранные произведения» Ахмета Байтурсынова, изданный в 2022 году. Кириллическая версия книги, изданной в 1920 году под названием «Баянши», сопоставлена с текстом, включенным в сборник «Тіл тағылымы» 1991 года (стр. 323-335), пятитомном (том 3, стр. 269-283) 2003 года и шеститомном собрании сочинений 2013 года (том 3, стр. 279-293), «Қазақ тіл білімінің мәселелері» (Проблемы казахского языкознания) 2013 года (стр. 477-493) и были показаны различия в тексте в научном понимании.

«Тіл – жұмсар». В 1929 году в Кызылорде была издана 2-я книга для начальной школы, обучающая навыкам разговорной и письменной речи, чтению. Ученый отмечает, что в 1-ой книге «Тіл–жұмсар» больше предусмотрена употребление детьми букв, слов, простых предложений, их знаков, а во 2-й книге предусмотрена употребление букв, слов, простых предложений, их знаков не только по зрительному восприятию, но и по их смыслу», и предупреждает, что правильное написание и правильное чтение – одно и то же, дети учатся читать буквы, слова, предложения, а также произносить звуки, обозначаемые различными дополнительными знаками. 2-я книга «Тіл – жұмсар» в предыдущих изданиях не публиковалась. В этом сборнике книга впервые представлена в кириллической графике.

Сборник содержит такие приложения, как данные о топонимах, встречающихся в учебниках, указатель имен, словари, список использованной литературы, аннотацию на русском и английском языках.

ABSTRACT

In the fourth volume of the academic complete works of A. Baitursynov, the textbooks “Til - qural. Dybys zhuyesi men turleri” (Semey, 1927), “Til – qural. Sozdin zhuyesi men turleri” (1927), “Til – qural. Soylem zhuyesi men turleri” (1928), “Til-zhumsar” (Qyzylorda, 1929), “Oqu quraly” (Tashkent, 1921) have been grouped.

The collection includes the 7th edition of the first textbook on the Kazakh language “Til - qural. Dybys zhuyesi men turleri”, published in 1927. The work has been changed by the decision of the 1st group of Kazakh-Kyrgyz educated persons. Therefore, unlike the publications which were published in the period from 1914 to 1924, there are significant changes in this collection. The 7th edition was compared with the original Kazakh language textbooks published before that time, with texts published in several collections during the independence period. The work was not included in the later published collections of A. Baitursynov, and it is published for the first time.

In 1927, the 6th edition of the 2nd training manual on the Kazakh language “Til - qural. Sozdin zhuyesi men turleri”. The work was corrected in accordance with the decision of the congress of Kazakh experts, held in 1924 in the city of Orenburg, and differed from publications published in the period from 1914 to 1928, as it was printed in accordance with the new spelling.

The collection includes the 6th edition of the 3rd chrestomathy of the Kazakh language “Til - qural. Soylem zhuyesi men turleri”, published in 1928. The 3rd chrestomathy of the Kazakh language was included in the collections of Akhmet Baitursynov “Tiltanymdyk mura”, published in 2017, “Selected Works”, published in 2022. In the academic edition, the work was compared with the original textbooks in the Kazakh language, published before 1928, with the texts from collections published during the independence period.

In 1921, the People's Commissariat of Education of the Turkestan Republic published in Tashkent the work "Oqu quraly" for Kazakh teachers. The book was included in the collection "Selected Works" by Akhmet Baitursynov, which was published in 2022. The Cyrillic version of the book, published in 1920 under the title "Bayanshi", was compared with the text included in the collection "Til tagylymy" in 1991 (pp. 323-335) , five-volume (volume 3, pp. 269-283) of 2003 and a six-volume collected works of 2013 (volume 3, pp. 279-293), "Kazakh til biliminin maseleleri" (Problems of Kazakh linguistics) 2013 (pp. 477-493) and differences in the texts in scientific understanding were shown.

"Til-zhumsar". In 1929, the 2nd book for elementary school was published in Qyzylorda, which was teaching the skills of speaking and writing, reading. The scientist notes that the 1st book "Til-zhumsar" provides the use of letters, and words, simple sentences, their sign by children, and the 2nd book provides the use of letters, words, simple sentences, their signs not only in visual perception, but also in their meaning ", and warns that correct spelling and correct reading are the same thing, children learn to read letters, words, sentences, as well as pronounce sounds indicated by various additional signs. The 2nd book "Til-zhumsar" was not published in previous editions. In this collection, the book is for the first time presented in Cyrillic graphics.

The collection contains such appendices as data on toponyms found in textbooks, index of names, dictionaries, a list of references, annotations in Russian and English.

Мазмұны

ТІЛ – ҚҰРАЛ (ДЫБЫС ЖҮЙЕСІ МЕН ТҮРЛЕРІ) 5
Факсимилесі 43

ТІЛ – ҚҰРАЛ (СӨЗ ЖҮЙЕСІ МЕН ТҮРЛЕРІ) 63
Факсимилесі 199

ТІЛ – ҚҰРАЛ (СӨЙЛЕМ ЖҮЙЕСІ МЕН ТҮРЛЕРІ) 261
Факсимилесі 342

ТІЛ – ЖҰМСАР (1) 379
Факсимилесі 417

ТІЛ – ЖҰМСАР (2) 441
Факсимилесі 512

ОҚҰУ ҚҰРАЛЫ (БАЯНШЫ) 557
Факсимилесі 573

ҒЫЛЫМИ ТҮСІНІКТЕР 581
Есімдер көрсеткіші 725
Жер-су атаулары 731
Сөздік 734
Пайдаланылған әдебиеттер 735
Түйіндеме 737
Резюме 739
Abstract 741

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ

АХМЕТ

Шығармаларының академиялық толық жинағы

ТӨРТІНШІ ТОМ

Дизайнер Б. Серікбай
Беттеген А. Жұмағалиев

Басуға 18.10.2022 ж. қол қойылды.
Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «Times New Roman».
Пішімі 60x90 $^{1}/_{16}$. Баспа табағы 46,5.

ЖШС «Brand Book» баспаханасында басылды